

65 0 (5 Қаз) 873  
1956



Д.П. Қожамжарова



АЛАШ  
ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ  
ОҚУЛЫҚ



Тараз - 2014

03.01.2014  
К, 56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТАРАЗ МЕМЛКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Д.П. Қожамжарова

# АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ

ОҚУЛЫҚ

70185(н) 0



АҚПАРАТТЫҚ  
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ  
СЕКТОРЫ



УДК 94(574) (075.8)

ББК 63.3(5 Каз)я 73

Қ 56

*Пікір жазғандар:*

*Қойгелдиев М.Қ.* – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

*Байтілен С.А.* – тарих ғылымдарының докторы, профессор.

**Қ 56 Қожамжарова Д.П.** Алаш қозғалысының тарихы: Оқулық. – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, 2014. – 332 бет.

ISBN 978-601-7452-14-8

Бұл оқулық қазақ халқының азаттық үшін күрескен оның тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін қалыптастыруда зор роль атқарған Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтері туралы жазылған.

Бұл оқулық студенттер мен магистранттарға және оқытушыларға арналған.

УДК 94(574) (075.8)

ББК 63.3(5 Каз)я 73

Баспаға Тараз мемлекеттік педагогикалық институттың әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілген.

(№9 -хағтама) 28.01.2014 ж.

ISBN 978-601-7452-14-8

© Қожамжарова Д.П.

© Тараз, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының ұлт-азаттық күрес тарихында жеке тұлғалар мен қоғам қайраткерлердің орны мен рөлі ерекше. Өкінішке орай, осы қайраткерлердің ұлттың азаттығы жолындағы күресі мен еңбегін кешегі кеңестік империя тұсында барынша бұрмаланып, ел жадынан ұмыттыруға тырысты. Дегенмен тәуелсіздік алған жылдардан бастап ХХ-ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде елеулі рөл атқарған Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы және Алашорда үкіметі тарихын зерттеуді жан-жақты, әрі терең ғылыми тұрғыда жалғастыру міндеті Отандық тарихшыларының еншісіне тиіп, өз заманында халқымыз қастерлі де қадірлі ұғымға айналған Алаш немесе Алашорда қозғалысының іс-әрекеті сол шақтағы бүкіл қазақ қоғамының шыңына шыққан тарихи құбылыс ретінде танылып, бүгінгі күні дербес тарихи мәселе тұрғысында қарастыруда.

Яғни, аты аңызға айналған сол тарихи тұлғаларға бүгіндері ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беріп, олардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тарихымыздың ақтандақ беттерін аша түсудеміз. Алаш қозғалысы ақиқатын білуге деген еліміздегі жаппай құлшыныс, бұл қозғалыстың алдына қойған мақсатының өміршендігінен және бүгінгі күннің тәуелсіздік идеяларымен үндесіп жатуынан туған еді. Сондықтан қазіргі таңда Алаш қайраткерлеріне және олардың еңбегіне объективті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін де керек. Бұл бағытта бірқатар елеулі істер тындырылғаны да белгілі. Алашордаға қатысты тарихи шындық тұрғысындағы тұжырымды ойлар А.Байтұрсыновтың атақты «Революция және қазақтар» деген мақаласында айтылды. Бұл мақала Алашорданың нағыз халықтық сипатын көрсете отырып, болашақта құрылар Кеңестік Қазақ мемлекетінде де ұлттың өзін-өзі басқаруы мәселесі және Орталықтағы биліктің өз кезегінде аймақтағы билікпен санасуы қажеттілігін көрсеткен. Бұдан кейін С.Сейфуллин «Қазақ интеллигенциясы» деген мақаласында Алаш қозғалысының 1905 жылдан бергі тарихына шолу жасайды. Алаш қайраткерлерін контрреволюцияшыл, реакцияшыл деп айыптап келе, олардың қазақ қоғамын жандандыруға ізденістерін де жоққа шығармаған. Алашорда қозғалысы тарихы таптық және партиялық тұрғыдан «зерттеу» науқаны Ф.Голощекиннің Қазақстанның партия ұйымын басқаруға келген 1925 жылдан кейін үдей түсті. Осы кезден бастап Алашорда қозғалысы жетекшілері мен қарапайым мүшелеріне қарсы саяси науқан басталып, идеологиялық тұрғыда күрес Қазақстан бойынша жаппай жүргізіле бастады. Партиялық тапсырыспен сол кездегі республикалық мемлекеттік баспаның директоры А.К.Бочагов 1927 жылы Алашорда туралы «Краткий исторический очерк национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг.» деген атпен кітапша шығарады. Бұл еңбек идеологиялық сұраныс тұрғысынан жазылғандықтан, Алашорданы қаралаудан аса алмай, Алашорда қызметіне тарихи негізде объективті талдау жасалынбады. Алайда Ф.Голощекин басқарып



отырған Қазақстан партия ұйымы А.К.Бочаговтың еңбегіне қанағаттанбай, тағы да партиялық тапсырыспен Алашорданы қаралау мақсатында 1929 жылы Қызылордада Н.Мартыненкоға «Алашорда: сборник документов» құжаттар жинағын», 1935 жылы С.Браинин мен Ш.Шафироға «Очерки по истории Алаш-Орды» деген атпен кітаптар шығартады. Алайда кейін бұл кітаптар Қазақ Өлкелік партия ұйымының ұйғаруымен пайдаланудан алынып тасталынды. Бұл еңбектерге тағылған айып: оларда Алашорда қозғалысының тарихын жан-жақты талқылау негіз болатын құжаттардың беріліп кетуі және оны авторлар Алаш идеологиясын насихаттау сипатында қосты делінді. Осыдан кейін 30-жылдары Қазақстанда үстемдік алған жаппай қуғын-сүргін саясатының шеңгеліне Алаш қозғалысының қайраткерлері ілінгендіктен тікелей Алаш немесе Алашорда қозғалысына арналған зерттеулер жүргізуге 80-жылдардың соңына дейін мүмкіндік берілмеді.

Қазақстанда Алаштану мәселесін алғашқылар болып зерттеуді К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова және Т.Омарбековтер бастап, олардың еңбектері Алаштану мәселесін ғылыми тұрғыда жана негізде тереңдетіп зерттеуге жол ашты. Мәселен, зерттеуші К.Нұрпейісов Алаш қозғалысы, Алаш партиясы және Алашорда үкіметі тарихына арналған қомақты еңбегін 1995 жылы жарияласа, дәл осы жылы зерттеуші М.Қойгелдиевтің Алаш қозғалысы мен қазақ зиялылары қоғам-саяси өмірдегі қызметтері жөніндегі еңбегі жарық көрді. Зерттеуші К.Нұрпейісовтың еңбегінде алғаш рет дербес тарихи мәселе Алаш немесе Алашорда қозғалысы біртұтас саяси феномен ретінде ғылыми тұрғыда зерттелінді. Зерттеуші М.Қойгелдиев еңбегінің маңыздылығы, оның зерттеу арнасында қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси өмірінің жарқын беттерін нақты ғылыми дәлелдермен көрсетілді. Д.Аманжолова еңбектерінің құндылығы сонда ол Ресей мұрағаттарындағы Алаш қозғалысына қатысты құжаттарды ғылыми айналысқа қосты. Алаш зиялыларының 1920-30 жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметіне, олардың қуғын-сүргін кезеңіндегі қасіреті мен тағдыр-тәлкегінен құнды мәліметтер Т.Омарбеков еңбегінде жан-жақты талданады. Аталған авторлар Алаштану мәселесінің негізгі бағыттарын айқындап, зерттеу нысандарын жіктеп берді. Жоғарыда есімдері аталған зерттеушілер 90-жылдардағы Алаштану мәселесін жан-жақты қарастыруға зор серпіліс әкелді. Нәтижесінде бұл бағыттар бойынша Алаш қозғалысын өр қырынан зерттеуге арналған диссертациялық жұмыстарда қорғалды. Олардың ішінде Алаш пен Алашорда тарихының тарихнамасына арналған Р.Нұрмағамбетова мен Алашорда үкіметінің шығыс және бөлімін зерттеген Е.Сайлаубай мен Д.Сүлейменованың еңбектері Алаш қозғалысының қыры мен сыры таңып білуде өте маңызды. Сонымен бірге Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне, Ақпан және Қазан төңкерістері азамат соғысы жылдарындағы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің саяси, шаруа-шылық, мәдени іс-шараларының әр қырына арналған А.Махаева, С.Рүстемов, К.Ілиясова, С.Иманбаева, Н.Шаяхметов, Б.Рысқалиева, Х.Тұрсын сияқты т.б. ғалымдардың ғылыми жұмыстары да мәселенің жан-жақты ашылуына мүмкіндік береді.



Алайда, Алаш қозғалысына қатысты зерттеушілердің осындай жетістіктеріне қарамастан Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтерін жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттелеген еңбектерін жүйеге келтіріп, оның негізгі тұжырымдарын талдауға алған қомақты оқулықтар жоқ десе де болады. Міне осы олқылықтардың орнын толтыруда автор елеулі еңбек жасап, Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтерін қатысты құжаттық деректер мен тарихнамалық еңбектерді саралап, тұжырымдар мен қорытындылар негізінде осы оқулықты ұсынып отыр. Бұл оқулықта ғасырлар бойы кіріптарлық күйге түскен қазақтың ауыр халі мен жағдайын көріп, оны отарлық езгіден құтқару жолында көзі ашық оқыған қазақтың азаматтарының 1905 жылғы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының ықпалымен нақты әрекетке көшкенін және сол тұста тарих сахнасына қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Жақып Ақбаевтар көтерілгені баяндалған. Сондай-ақ еңбекте ұлт зиялыларының сол кезде қалыптасқан жағдайға байланысты I және II жалпықазақ съездерін өткізу мен Алашорда үкіметінің құрылу себептері 1917 жылғы екі революция аралығындағы Алаштың басқа партиялармен өзара қатынасы және олардың Қазақстан мен Сібірдегі антикөшпенді күштермен байланысы, Алашорданың Кеңес өкіметімен келіссөз жүргізуі, Алашорда үкіметінің жетекшілері қабылдаған саяси шешімдері, атқарған қызметі, Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті кешенді ғылыми-танымдық тұрғыдан және қолданбалы бағыты бойынша жазып отыр. Жалпы алғанда оқулық жекелеген тарауларға бөлінген бес бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімде 1905-1907 жылдардағы орыс революциясының Алаш қозғалысына тигізген ықпалы қарастырылса, екінші бөлімде Патшалық реакция жылдарындағы Алаш қозғалысына арналады. Үшінші және төртінші бөлімдерде Ресейдегі қос төңкеріс және Азамат соғысы тұсындағы Алаш қозғалысы қамтылса, бесінші бөлімде Кеңестік билік кезіндегі Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі мен тағдыры кеңінен зерделенеді. Алаш қозғалысының тарихын оқыту барысында бұл оқулықты қолдану, студенттерге білімдерін игеруге және өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыруға, Отандық және әлемдік тарих пен мәдениетке қызуғышылық пен күрметтеу сезімін дамыту, дағдыларын қалыптастыруға және теориялық білімдерін тәрбиеде жүзеге асыра алуына көмегін тигізеді деп ойлаймыз. Авторлық ұжым ұсыныстар мен ескертулерді ризашылықпен келесі мекен-жай бойынша қабылдайды: Тараз қаласы, Төле би көшесі, 62. Тараз мемлекеттік педагогикалық институты.



## 1-БӨЛІМ

### **1905-1907 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ**

#### БІРІНШІ ТАРАУ

### **XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

#### **§1. Патша өкіметінің қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясаты және ұлттық езгінің күшеюі**

XIX ғасырдың II жартысында Ресей империясының өз қарамағына Оңтүстік Қазақстанды қосып алуы оның қазақ даласын толық жаулап алуының аяқталғанын көрсетті. Нәтижесінде патша өкіметі отаршылдық саяси мүдделерін басшылыққа ала отырып, қазақтардың тәуелсіздігін аяусыз жаныштап, өздерінің отаршылдық-әкімшілік жүйесін орнатуға кіріседі. Қазақ халқы империяның құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне күштеу жолымен тартылып, өлкедегі дәстүрлі қалыптасқан қатынастарынан және оның одан әрі ұлттық негізде қалыптасу мүмкіндігінен айрылды. Жаңа қатынастарды құқықтық рәсімдеуде патша өкіметі «метрополия-отар» немесе «орталық-шет аймақ» қағидасына негізделген билік институттары мен басқару жүйесін құру арқылы табыстарға жетті. Өзінің қазақ даласындағы иеліктерін басқаруды ұйымдастыруға патша өкіметі жаулап алудың бастапқы сатысында-ақ көңіл бөліп, 1867 жылы 11 шілде айында Ресей патшасы II Александр империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығын құру жөнінде жарлыққа қол қояды. Осымен бір мезгілде 1867 жылы 11 шілдеде – «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы ереже», 1868 жылы қазанда - «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді. Осы реформалардың барысында қазақ жерін әкімшілік басқару құрылымы түбірімен өзгертіліп үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: 1. Орынбор генерал губернаторлығы (Орынбор, Торғай), 2. Батыс Сібір генерал губернаторлығы (Ақмола Семей облысы), 3. Түркістан генерал губернаторлығы (Жетісу, Сырдария облысы). Облыстар уездерге бөлінсе, ал өз кезегінде уездер болыстардан құралды. Болыстар ауылдар және шаңырақтардан тұрды. Реформаның ең басты және негізгі міндеті – қазақ даласын Ресейдің басқа бөліктерімен бірте-бірте қосып жіберу үшін Ресейге бағынышты халықтарды бір басқару жүйесінің құрамына біріктіру және патша үкіметінің қазақ даласының табиғат байлықтарын еркін пайдалану үшін орыс капиталына анағұрлым тиімді жағдай қалыптастыру әрекетінен туған еді. 1867-1868 реформа әскери сипатта болып Қазақстанда күшті әскери-бюрократиялық аппарат құруды мақсат етті. Ол аппарат әр түрлі жеңілдіктерге: анағұрлым жоғары еңбекақы, екі есе төлем, қызметтен босаған кездегі жоғарғы



зейнетақыға қызығатын чиновниктерден құралды. Реформа арқылы патшалық қазақ тұрғындарының орталықтарын әдейі бөлшектеді, барлық басқару жүйесін бөлшектеу арқылы қазақ халқының мәдени дамуын тежеп, халықты қараңғылықта ұстауды көздеді. Патша өкіметінің қазақ даласының басқаруы әскери және азаматтық билікті біріктіруге негізделді, сондай-ақ әкімшілік, сот, шаруашылық және басқа да функциялары бір ғана мекемеге шоғырландырылды. Реформа бойынша сот ісін басқару үш сатыға бөлініп: 1. Әскери сот комиссиялары, 2. Уездік сот, 3. Билер мен қазылар сотынан тұрды. Сот ісінде үшінші сатыдағы билер мен қазылардың қолында ауыл арасындағы барымта ұсақ-түйек қылмыс, қалың мал, рулық әдет ғұрыптардың сақталуы т.б., мәселелер ғана қалдырылды. Сот мекемелері патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізу құралы болды. Әскери губернатор бекіткен билер мен қазылар соты-отаршылдық сот жүйесінің төменгі буыны болды. 1867-1868 жылғы реформа екі жылға жоспарланғанымен жиырма жылға созылып патша үкіметінің отаршылдық езгісі күшейді. Салықтар көбейтіліп, қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайын қиындатып жіберді. Түгін салығы халықтан бірдей мөлшерде алынып, тіпті жертөлелер мен қамыс лашықтарға да салынған. 1867 жылғы «Уақытша Ереже» бойынша жаңа салық жүйесі енгізіліп, көшпенділер үшін бірыңғай әр үйден 2 сом 75 тиыннан жиналса, отырықшы халық жер салығын төлеп, оның мөлшері егіннің 1/10 бөлігіне теңестірілді, сондай-ақ, саудадан салық (зекет), суару каналдарын, көпірлерді, жолдарды, базарларды ұстап тұру үшін салықтар алынды. Салықтың көп бөлігі қарапайым халықтың үлесіне тиіп, патша әкімшілігіне қызмет жасаған болыс басқарушылары мен салық жинаушылар салық төлеуден босатылды. Жалпы алғанда патша әкімшілігінің өлкеде жүргізген орыстандыру саясатының негізінде жергілікті халықтың тұрмысы мен өмірі бақылауға алынды. Генерал-губернатор өзінің қол астындағы халықты қалай билесе де ерікті болды. Ол жекелеген адамдарды саяси жағдайларға байланысты өлкеден бес жылға дейінгі мерзімге жер аударуға және оларды билікке қарсылық көрсеткен жағдайда әскери сотқа беруге құқық алып, халықтан жиналатын салық мөлшерін белгіледі, шетелдіктерге орыс бодандығын берді, сондай-ақ несие бөлу мәселесін де шешті, қазылар мен билердің өлім жазасын белгілеген үкімдерін қайта қарады. Бір сөзбен айтқанда, генерал-губернатор өлкеде заңды түрде ешқандай шектеу қойылмаған билік жүргізді және басқарды. Мәселен, генерал-губернатор К.П.Кауфман «Түркістанның қарапайым халықтарының көз алдында «жарты патшаға» айналды. Қазақ даласындағы билік генерал-губернатордан кейін облыстық әскери губернатордың қолына жинақталды, оған үш бөліктің бастықтары тікелей бағынып, өздерінің қарамағындағы қазақтарды басқарудағы полициялық және шаруашылық істері жөнінде есеп берді. Өз кезегінде оларға жергілікті жерлердегі әкімшілік басқармасы қарады. Уезд әкімшілігінің басшысына уезде орналасқан әскерлер де бағынды. Уезд бастықтарын қызметке облыс әскери губернаторларының ұсынысы бойынша генерал-губернатор тағайындап, орындарынан алды. Уезд бастығы исправник, полиция, земство бастығы, қала басшысы, жер қатынастарының төрағасы



қызметін қоса атқарды. Уезд әкімшілігі жергілікті жердегі барлық жұмысты жоспарлап, үйлестіріп отырды. Жүйенің бұл сатысына қазына жинау жөніндегі істерді ұйымдастыру, салық салу, тәртіпті қадағалау, су мен жер туралы дауларды шешу, болыстар мен ауыл әкімшіліктерінің қызметіне бақылау жасау жөніндегі күнделікті жұмыстарды жүзеге асырды. Уездердің күнделікті өміріндегі әкімшілік құрылыста маңызды рөлді уездік шенеуніктер атқарды. Өз әрекеттерімен уезд бастықтарына олардың көмекшілері мен учаскелік приставтар ұқсас еді. Ал, ұқсас емес жерлері қызмет барысында тез сәйкестікке келтірілетін. Учаскелік басқармалар отарлау билігінің негізін құрап, күнделікті «қара» жұмысты атқарып, өздері мен бастықтарына «нан» тауып беретін. Өз учаскелерінде биліктің жалғыз орындаушылары бола отырып, приставтар алым-салықтың түсуіне, жергілікті халық үшін тыйым салулар жүйесінің орындалуына бақылау жасап, анықтау жүргізді және соттады. Барлық заңсыз әрекеттердің көпшілігі солардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылатын және кеңсе мен облыстық басқармалар паракорлық, қазына ұрлаушылық, өз лауазымын жеке бас пайдасына асыра пайдаланушылық дамыған отарлық бюрократиялық аппарат болды. Сонымен қатар, әрбір уездегі көшпенді халық болыстарға, ал отырықшылар ауылдарға бөлінді. Әкімшілік және полиция билігі болыс басшылары мен ауыл старшиндарының қолында болып, олар үш жылға сайланды және лауазымға әскери губернатор бекітті. Сұлтаннар мен рубасылардың билігін жою үшін болыстар мен ауылдар рулық ерекшелігіне емес, аумақтық ерекшелігіне байланысты құрылды. Ауылдар 200 шаңырақтан аспайтын болса, болыстарға – 1 мыңнан 2 мыңға дейін үй кірді. Облыстағы басқарудың төменгі буыны көшпелі қазақтарды басқаратын аға және кіші билер мен отырықшы тұрғындарды басқаратын ақсақалдардан тұрды. Олар өз жерлерінде тәртіпті қадағалап, салықтың уақытында жиналуын қамтамасыз етті. Патшалық Ресей реформалар арқылы қазақ елінің тәуелсіздігін жойып, ішкі губернияларындағы шаруаларды қазақ жеріне қоныс аударуды мақсат етті. Орыс украин шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару XIX ғ 60 ж. басталып, 70-80ж. жаппайқоныстандыру жүзеге асырылды. 1868жылы Жетісу губернаторы Г.А.Колпаковский бастамасымен Жетісуға шаруалардың қоныс аударуы туралы «Уақытша ереже» әзірленді. «Уақытша ереже» бойынша орыс қоныс аударушыларына (ерлерге) 30 десятина жер беру, 15 жылға алым-салық және түрлі міндеткерліктерден босату, 100 сом мөлшерінде көмек беру және басқа жеңілдіктер анықталып, көрсетілді. Қоныс аударған шаруалар жағдайына қатысты оларға жасалатын жеңілдіктер туралы жаңа ережелер XIX ғасырдың – 80 жылдарынан дайындалды. Оларға да жаңа келіп қоныс тебушілер үшін берілетін жеңілдіктер сақталды, тек жер мөлшері аздап төмендеді. 1886 жылғы дайындалған: «Түркістан генерал-губернаторын басқару туралы Ереже» бойынша 10 десятина (ерлерге) жер беру қоныс аударушыларды алым-салық және міндеткерліктен 5 жылға дейін босату, кейінгі жылдары алымды тек жартылай төлеу жеңілдіктері сақталды. Патшалық үкіметтің жедел қарқынды жүргізген қоныс аудару саясаты нәтижесінде келімсек орыс, украин шаруаларына ең шұрайлы жайылымдық, егістік, су көздеріне бай, орманды



жерлер берілді. Тұрғылықты қазақтар боса, сусыз, малға тиімсіз аймақтарға зорлықпен, түрлі амал-айламен көшірілді. Қоныстандыру саясатының түпкі мақсаттары қазақ халқын егін егуге жарамды жерлерінен айыру, орыстандыру, шоқындыру саясаттары жүйелі түрде жүргізу көзделді. 1891 жылы 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару туралы ереже» сол тұстағы Қазақстан аумағындағы жерді пайдалану және жер иелену туралы барлық заңдарды бір ізге түсіріп, басын біріктірді. Жер және ормандар мемлекеттік меншігі деп танылды (119-бап). Қоныс аударушылар Ресейдің Еуропалық бөлігінен ғана емес, сондай-ақ басқа облыстардан да келді. Өйткені, қазақ даласы ұлан-ғайыр кеңдігімен, кең-байпақ жерде егін шаруашылығына да мал шаруашылығына да жарамдылығымен қызықтырды. Мәселен, 1900 жылғы халық санағы бойынша тек Қазақстанның бес облысында (Ақмола, Орал, Торғай, Семей, Жетісу) ғана 3463598 адам болса, оның ішінде Еуропалық Ресейден келгендер 247 мыңдай адам, Сібірден - 42119, Орта Азиядан - 23530, Польшадан - 1191, Кавказдан - 1672, Финляндиядан - 72, басқа жерлерден 3557 адам келді. Сөйтіп 1900 жылы 5 облыс бойынша сырттан келушілер өлкенің барлық халқының 10,5 процентін қамтыды. Оларға 44 миллион гектар жер таратылды. Патша өкіметі Қазақстанның кең даласындағы кең байлықты өзінің шикізат қоймасына, елді өндіріс тауарларын сататын сауда аймағына айналдырды. Мал, жүн, теріні су тегінге сатып алып, өте қымбат бағаға өндіріс тауарларын сатып, қазақ халқын аяусыз қанады. Сонымен бірге отаршыл әкімшілік бұрыннан қалыптасқан қазақтың отырықшылық ұяларын бұзып, жергілікті тұрғындарды шөл және шөлейт аудандарға күшпен көшіру фактілері жиіленді. Бір ғана Жетісуда 30 мыңнан астам отырықшылық ошағы талқандалынды. Осындай зорлық-зомбылық барлық жерде орын алды. Патша өкіметінің отарлау саясатының салдарынан Қазақстанның ауылшаруашылығы дамудың орнына дағдарысқа ұшырады. Жерді тартып алу отырықшылық ошақтарын талқандау, жергілікті халықты шөл және шөлейт далаларға қуалау қазақтың егін шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығына қолайсыз жағдайлар туғызды. Күйзеліске ұшыраған қазақ кедейлерінің едәуір бөлігі орыс кулактарына, қазақтарға және ауқатты шаруаларға жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болды.

1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы және одан туындаған ішкі қайшылықтардың шиеленісуі Ресейді 1905 жылғы буржуазиялық революцияға алып келді, оған жерсіз, жағдайы төмен шаруалардың белсене араласуы патша өкіметін қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын іздестіруге мәжбүрледі. Нәтижесінде, патша өкіметі орталық Ресейдегі шаруалардың қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеріп, орыс шаруаларына қазақ даласындағы құнарлы, егінге ыңғайлы жерлерді үлестеру арқылы аграрлық реформа жүргізуге ұмтылады. Осылайша, патша өкіметі шаруаларды империяның шет аймақтарына қоныстандыра отырып, орталықтағы революциялық қозғалысты бәсеңдетуге тырысты. Осыған байланысты, патша өкіметі 1905 жылдың мамыр айында қоныс аудару саясатына жаңа тұрғыдан қарауға мәжбүр болып, қоныс аударуды ішкі әлеуметтік қайшылықты «жұмсартатын» құрал ретінде көріп,



1895 жылы құрылған қоныс аудару басқармасын Екіншілік және мемлекеттік меншік бас басқармасы қарамағына береді. Бұл министрлік болса, қазақ даласына бірнеше экспедициялар ұйымдастырып, 1904-1905 жылдары қоныс аударушылар үшін Қазақстан аумағын бес ауданға – Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандарына бөледі де, сол жылы бұл облыстарда аудандық қоныстандыру мекемелері құрылады. Ал, аудандық қоныстандыру мекемелері уездік деңгейде кіші аудандық болып бөлініп, қазақ даласында қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелерінің жүйесі қаланды. Бұл мекемелердің негізгі міндетіне жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» тауып, оны қоныс аударушыларға учаске ретінде бөліп беру және оларға мемлекет тарапына тиесілі түрлі көмектің уақытылы берілуін қадағалау, сондай-ақ жергілікті халық пен келімсектер арасында туындаған дауларды реттеп отыру кірді. Дегенмен, бұл мекемелердің алдында бір ғана мақсат жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» неғұрлым көбірек тауып, ол жерге ішкі Ресейден өз бетімен немесе рұқсат алып, жолдамамен келген орыс қоныс аударушыларын орналастырып, оларға қамқорлық жасау кірді. Өздеріне жүктелген міндетті жүзеге асыруға кіріскен патша әкімшілігі, кең көлемді қарқынмен қазақ жерін қоныс аударушыларға үлестіріп беруге көшеді. Мәселен, 1905 жылға дейін бір ғана Жетісу облысында 36 орыс шаруаларының селолары пайда болса, 1905-1910 жылдар аралығында оның саны 54-ке, ал 1910-1915 жылдары орыс шаруашылықтарының саны жүзден асып түседі. Жалпы алғанда патша өкіметінің аграрлық реформасына сәйкес, 1906-1910 жылдары ішкі Ресей губернияларынан Орал тауын асқан орыс шаруаларының саны 2516075 адамнан асқан. Қазақ халқынан «артық» деген желеумен тартылып алынған жерлер ең шұрайлы, егістікке ыңғайлы, суы мол аудандар еді. Патша өкіметінің қазақтың даласын отарлау саясаты орыс шаруаларын қоныстандырумен қатар бір мезгілде оны рухани отарлау, сондай-ақ басқару жүйесін империя мүддесіне қызмет еткізу сияқты саясатта қоса жүргізілді. Яғни, патша өкіметі толық жаулап алғаннан кейін, отар аймаққа айналған қазақ даласындағы жергілікті халықты өз ана тілінен, ғасырлар бойы ұстанған дінінен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен айырып, рухани жағынан құлдық санада, мәңгүрттікте ұстау сияқты мақсаттарды көздеп, оны шоқындыру патша шенеуніктері мен шіркеу миссионерлерінің негізгі мақсатына айналды. Отаршыл биліктің орыстандыру саясатын жүргізген миссионерлер: «...орыстану ұғымы: орыс тілі, орыстық әдет-ғұрып, орыстық сот және де басқа орыстық құндылықтар, дін бірінші кезекте, бір сөзбен айтқанда орыс рухы» - деген. Сондай мақсаттардың бірі оңтүстік өңірді жаулап алған кезден бастап-ақ, жергілікті халықты өздерінің исламдық діни сенімдерінен ажыратып, христиан дініне енгізу бағытында тұрып, оны жүзеге асыруда патша әкімшілігі бірнеше айла-тәсілдерге де көшеді, мұсылман халықтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін зерттеуді қолға алады. Патша өкіметі бұл мәселені ең күрделі істердің қатарына жатқызып, әрқашан өздерінің тікелей бақылауында ұстаған. Алғашқы кезде қазақтар мен Орталық Азияның түрік халықтары қолданатын алфавитті



ауыстырудың қажеттілігін бірінші кезекке шығарған Н.И.Ильминский мен Н.П.Остроумов секілді миссионерлер: «Алфавит әрдайым дінмен бірге қабылданады. Мысалы, Батыс Еуропа латын алфавитын латын шіркеуі, орыстар кирилл алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылдаса, татарлар, қазақтар мен басқа да түрік халықтары, мұсылман елдері сияқты араб тілін ислам діні арқылы қабылдады. Араб тілі түрік халықтарын мұсылмандыққа жақындастырған ең маңызды жағдай болып табылады. Сол себепті түрік халықтары жазуының күшін жойып, орнына кирилл алфавитін әкелсек, олар әрі христандықты қабылдайды, әрі мұсылмандықтан алыстайды», – деп өз пікірлерін білдіреді. Яғни, түркі-мұсылман халықтарының бірлігі мен достығына соққы беру мақсатын көздеген Н.И.Ильминский, мұсылман халқының қолданыстағы төте жазуын орыс жазуымен ауыстырып, түркі халықтарының түпкі мәдениетінен ажырату қажет деп білген. Оның негізгі ұстанымы мұсылман халқын ислам дінінен айырып, православие дініне көшіру болды. Қазақ даласында христиан дінін тарағуды көздеген патша әкімшілігі алғашқы кезде уездерде құрылған әрбір село мен поселкеде приходтық орындарды кеңінен ашады. Приходтық орындар жаңадан шоқынған жергілікті ұлт өкілдеріне православиялық діни білімін тереңдететін орталық қызметтерін атқарып, он шақты оқушыға арналған шіркеулік мектептер жұмыс істейді. Алайда шіркеулік приходтық мектептердің саны артқанымен онда оқитын балалар саны аз еді. Дегенмен, патша әкімшілігінің бұл әрекеттері, яғни христиан миссионерлері жүргізген шоқындыру саясаты бірте-бірте өз «жемісін» бере бастағанын көрсетті. Алайда, шоқынған қазақтар негізінен әлеуметтік-экономикалық мұқтаждықтан, мәжбүрліктен осындай әрекеттерге барған. 1914 жылы «Қазақ» газеті жарияланған «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» атты мақалада: «Алтай һәм қазақ миссиясының есебінде, ... христиан дінін оңай қабыл еткіштер – жарлылар» деп келтірілуі оған дәлел бола алады. Қ. Кеменгерұлы да «Қазақ тарихы» атты еңбегінде шоқынған қазақтарға тоқтап кетеді: «Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмағандардан бірен-саран шоқынғандар болды». Патша өкіметінің жергілікті халықты шоқындырмақ болған саясатына 1919 жылы құрылған «Ерік» партиясы төмендегідей баға береді: «Түркістанды жаулап алушы ұлт, ол – орыстар. Ал орыстардың отаршыл саясаты, Индияны отарлаған ағылшындардың саясатынан ерекшелігі мынада, отарлау саясатының басты ойы мен мақсаты өлкені толықтай әрі біржолата орыстандыру мен христиандандыру». Алайда, патша әкімшілігінің қазақ даласында жүргізген миссионерлік саясаты мен соның негізінде жергілікті халықты ислам дінінен ажыратып, оларды православ дініне өткізудегі жоспары жүзеге аспай қалды. Қазақ даласындағы патша әкімшілігінің миссионерлік саясатының табысты болмағанын Түркістандағы патша шенеуніктері де мойындайды. Оны 1916 жылы Түркістан генерал-



губернаторы Куропаткинның патша үкіметіне жіберген мәліметінен байқаймыз: «Өлкедегі жарты ғасыр уақыт ішінде «бұратаналарды» орыс императорының шынайы берілген құлдарына, орыс мемлекетінің нағыз азаматтарына айналдыра алған жоқпыз. Сонымен бірге, біртұтас мүдде, яғни олардың күш-қуатын орыс халқының еркі үшін пайдалана алмадық», - дей келе, мынадай қорытындыға келеді: « ... менің пікірім бойынша, бұның негізгі себептері, Түркістан өлкесін басқару Ережесінің жаңа уақыт талабына сай келмеуі, басқару жүйесі мен басшылар қызметінің о бастан дұрыс ретке қойылмауы және жергілікті халықтың өмірі мен тұрмысын жаңаша қалыптастыру мақсатында жүргізілген іс-шаралардың кәте ұйымдастырылуынан». Осылайша, патша әкімшілігінің өлкеде жүргізген миссионерлік саясаты, яғни жергілікті халықты ертеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам дінінен айыру жоспары орталық өкімет күткендей жоғары нәтижелерге жеткізген жоқ. Оған негізгі себеп қазақ халқының сыртқы жаулаушыларға деген ішкі қарсылығының пайда болуы, ал ол өз кезегінде әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген мұсылмандық жүйеге сүйенген еді.

## **§2. XX ғасыр басындағы азаттық қозғалыстың алғышарттары**

Патша өкіметінің XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясаты ұлттық езгіге түскен халқымыздың қарсылығына ұшырамай қоймады. Патша өкіметі халық наразылығын басуда бар күш-жігерін аямай жұмсап, наразылықтарды ауыздықтауда түрлі айла-әрекеттер қолдануға тырысып бақты. Алайда отаршылдардың қарулы көтерілістерді қаншалықты басып тастап отырғанымен халықтың еркіндікке деген ұмтылысын, азаттық жолындағы күресін тұншықтыра алмай, қайта керісінше қазақтардың отаршылдық езгіге деген наразылығын одан әрі өршіте түсіп, қазақ қоғамында отаршылдарға мойынсынбау, елдік пен ерлікті, азаттықты насихаттау кең өріс алды. Бұл наразылықтың түрі М.Әуезов «қоныс пен өрістің жоқшысы болды» деп бағалаған, зар заман ақындары атанған Дулат Бабатайұлының (1802-1871), Шортанбай Қанайұлының (1818-1881), Мұрат Мөңкесұлының (1843-1906), Әбубәкір Кердері Шоканұлының (1853-1903) есімдерімен ерекше байланысты болды. Тарих сахнасына XIX ғасырдың II жартысында көтерілген зар заман ақындары отаршылдық дәуірде ел мінезінің бұзылғанына, береке-бірліктен айрылғанына күйініп, жердің орысқа қарап, жайлаудың тарылғанына шағынумен, өткен заманды көксеумен ғана шектеліп қана қоймай, тарихи жеңіліске ұшыраған ұлттық көңіл-күйдің күйзелісті жағдайын терең де дәл ұғынуға мензей отырып, сапалы, азаттыққа бастайтын жаңа рухани серпіліске жол ашты. Яғни, олардың туындыларындағы философиялық дүниетаным мен ойлары қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына, кейінгі ұрпақты гуманистік, патриоттық, ұлтжанды рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізіп, халықтың оянуына өзіндік ықпал жасады. Олар білекпен емес, біліммен күресті.



Сондықтан Алаш идеясын тудырған ұлт зиялылары да өзінің алдындағы қазақ халқына ойы азық, сөзі темірқазық болған данышпандарың ұлы қайнарынан сусындады. Әсіресе қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевты үлгі тұтқан Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов Абай мектебінің өкілдері Шәкәрім Құдайбердиев, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Кәкітай Ысқақұлы сияқты сұңғылалардың айналасына топтасып, Абайдың рухани ұстазы болған «Зар заман» әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Бабағайұлының жырларына өнеге алды. Мұхтар Әуезов 1942 жылы жарық көрген «Абай жолы» романының алғашқы нұсқасында Дулатты Абайдың ұстазы ретінде суреттеп, кейін кейін амалсыз өзгертуге мәжбүр болғандығын «Менің кателерім» атты мақаласында атап көрсетті. Дулаттың уытты толғаулары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды ақындардың өлеңдеріне әсері аз болған жоқ. Әсіресе XX ғасырдың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев поэзиясына ықпалы ерекше болды. Дулат өлеңдеріндегі:

Мынау азған заманда,  
 Қарасы – аңқор, ханы – арам,  
 Батыры көксер басы аман,  
 Бәйбіше – тантық, бай – сараң,  
 Бозбаласы – бошалаң,  
 Қырсыға туды қыз балаң.  
 Нары – жалқау кертабан,  
 Құсы – күйшіл, ат – шабан,  
 Жырғалаң жоқ, жобалаң.  
 Ебі кеткен ел болды,  
 Енді қайда мен барам?! –

деген түйыққа тірелген өлеңінің шешімі бір ғасырдан соң сұрқы соған ұқсас заманда күн кешкен Мағжан өлеңінде былайша шешімін табады:

Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,  
 Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?  
 Түн басталды не болмақ алда күнің,  
 Бос жүрсең еш панасыз, үйсіз, тамсыз  
 Сандаңдың: алдың – боран, артың – тұман,  
 Түк көрмей сәуле берер шырақ-шамсыз.  
 Білімсіз ит надандық жеңгені ме?  
 Буының қалтырайды болып әлсіз.

Дулат өлеңіндегі барар жер, басар тау жоқтай түнілу Мағжанда ұлттың бейғамдығы мен надандығына деген өкініш пен налысқа көшкен. Ол шығар жолдың даңғайыр даңғылы шамшырақтай жанған білім скендігін айтады. Екі ақынның да шығармашылығында қай заманның болсын өзекті мәселесіне айналған жер туралы ойлары да бір арнаға тоғысады. Мәселен, Дулаттың:

Айтуға ауыз келе ме,  
 Аяғөз кімнің жері еді?  
 «Жер сауырын – жайлауды



Ел сауыры» дер еді.  
«Жер кімдікі» – дегенде,  
Аға сұлтан, қазылар  
Не деп жауап береді? –

деген терең толғанысы Мағжанда:

Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,  
Құл болдың қара табан енді малсыз.  
Ортаға қамап алып қырып жатыр  
Қара жүрек «надандық» қолмен арсыз, –

деген сипатта беріледі. Шұрайлы жерлердің жат қолына түсуін Дулат ел басқарған, сатқын, «Жатып ішер жалмауыз, борсық тұмсық қандауыз» қазақ ұлықтарынан көрсе, Мағжан оны жекелеген адамдардың ашкөздігінен емес, жалпы халықтың надандығының, бейғамдығының кесірі дейді. Бұл идея Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» туындысы мен Ахмет Байтұрсыновтың «Жиган терген» өлеңінде де көрініс тапты. Мысалы, Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың «Жиган-терген» өлеңіндегі:

Қазағым елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып,  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді оянып.  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?! –

немесе, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ, көтер басты» деп басталатын толғауларындағы барлық идеялардың түйінді шешімі қазақты оқытуға, рухтандыруға, өнер үйренуге жұмылдыру. Бұл азаматтар осы жолда елдің көзін ашу үшін өле-өлгенше қызмет етті.

Дулат Бабатайұлы шығармаларының Мағжан Жұмабаев поэзиясымен тоғысатын тағы бір тұсы «Күнбатыс» идеясы. Дулаттың:

Күнбатысқа көз салмай,  
Күншығысты еске алмай,  
Бізді алатын жау жоқ деп,  
Бізден мықты дәу жоқ деп  
Алды-артыңды байқамай,  
Маған не бар дескенсің, –

деген өлеңі Мағжанда былайша жалғасын табады:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақтаған.  
Білген емес иман деген не нәрсе,  
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған, –

деп келетін шумақтардан Дулат толғауларындағы сияқты «Күнбатыстан» сақтану емес, керісінше «Күншығыстың» өркендеп келе жатқанын ескертіп, сес көрсетудің белгісін көреміз. Мағжандағы «Күншығыс» идеясы Алаш елінің,



түркі халықтарының символы деп түсінеміз. Ал Дулат керісінше «Күншығыс» деп іргеміздегі алып Қытай империясы мен Хиуа, Қоқан хандықтарының қазақ еліне жасаған қысымшылықтарын ескертіп отыр. Дулаттың бұдан да басқа идеялары мен көркем тіркестері, образды ойлау жүйесі мен жазу машығы ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің ақыл-ойына, тұнық поэзиясына әсер еткендігі даусыз. Оның шығармалары тек қана Абай өлеңдеріне ғана әсер етіп қойған жоқ, сонымен қатар Абай поэзиясын жалғастырушы барлық қалам ұстаған ақындарға ықпал тигендігін атап айтуымыз керек. Дулат шығармаларындағы өз кезеңінен әлдеқайда биік тұрған көркемдік ерекшеліктер көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген адамның түйсігіне әсер етпей қоймасы анық. Осылайша ХІХ ғасырдың соңына қарай отаршылдыққа қарсы наразылық қайтадан күшейе түседі. «1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этникалық жанжалдар даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды» деп Т.Рысқұлов өте дұрыс жазғандай қазақтардың қоныс аударушылармен қақтығыстары жиілене түскені соншалықты патша өкіметі Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында әскери жағдайлар енгізіп тұрған. Алайда қазақ даласына патша өкіметінің тұрақтылық сақтау бағытындағы әрекеті нәтижелі бола қоймады. Әсіресе, 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін Түркістан өлкесінде отаршылдық саясатқа қарсы әрекеттер тоқтай қоймады. Өлкенің түрлі өңірлерінде, соның ішінде Сырдария облысы мен Жетісу облысында да отарлық саясатқа наразылық танытуға үндеушілер бой көрсетіп жатты. Мәселен, Верный уезінің Ш. Мустафин деген тұрғыны 1898 жылы қараша айында жергілікті халық арасында Әндіжан көтерілісін насихаттап, отарлық билікке қарсы шығуға үндеген. Бұл хабар билік орындарына жеткен бойда Ш. Мустафин тұтқынға алынып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Жетісу облысында Ш. Мустафиннен кейін, 1899 жылы Жаңғараш Медетбеков, Демеу Есіркепов және Әлдембай Игіліков деген азаматтар да халық арасында отарлық билікке қарсы насихат жұмысын жүргізген және олар халық мүддесін бірлесе қорғайтын ұйым құруға талпынған. Олар осы әрекеті үшін билік орындары тарапынан тұтқынға алынды. Тура осындай әрекетті Әулиеата уезінде А. Тұрдықұлов деген азamat жүргізген және ол өзінің бұл әрекеті барысында Самарқан қаласының Т. Даубаев деген азаматымен байланыста болған. Патша өкіметінің орыстандыру, шоқындыру бағытындағы саясатына қарсы шығуда қазақ халқы ислам дініне бейімделе түседі. Мәселен, қазақтар мешіт салу үшін жергілікті билік орындарынан рұқсат алу керектігіне карамастан, жасырын түрде ешқандай рұқсатсыз мешіттер ашып отырған. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына наразы болған молдалар, қазақтың сауатты, зиялы азаматтары ашық бас көтеру қауіпті болғандықтан жасырын түрде әлсін-әлсін бас қосып, құпия мәжілістер өткізіп, астыртын ұйымдарға топтасқан. Мәселен, 1903 жылдың басында Қызылжарда сегіз кісіден тұратын астыртын ұйым құрылып, оған қаланың бас молдасы Мұхамеджан Бекишев етсе, кейін осы ұйымға Мемлекеттік Дума депутаты болған мұғалім-молда Шәймерден Қосшығұлов, Петербург университетінің заң факультетінде оқыған Айдархан Тұрлыбаев кірген. Бұл ұйым мүшелері тек дінді қорғаумен



шектелмей, отаршылдардың елді тонап-талауына, халықты қанауына, оған жасаған зорлық-зомбылығына, жерді жүгенсіздікпен тартып алуына, қазақты орыстандыруына қарсылықтарын білдіріп, өздерінің тілек-талаптарын ұсынған. Сондай талаптардың төңірегінде ұйымның белсенді мүшесі Смағұл Балжанов сегіз үндеу-хат (прокламациялар) жазып, халыққа таратады. Аталмыш хаттарда патшалық биліктің отарлық езу саясаты, әсіресе, қазақтарды орыстандыру мен шоқындыру қатты сыналып әшкерленеді және ұйым мүшелері халықтың көзін ашып, жолданған хаттардың мазмұнын түсіндіру үшін өз үгітшілерін жібереді. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында М.Бекишев пен М.Елубаев Ақмола уезіне барып, халық арасында көптеген бас қосулар мен жиындар өткізсе, Мұқаш Қадыров, Сексенбай Төленкин, Әбутәлі Бакшин Көкшетау уезінде патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы үгіт жұмысын жүргізген. Алайда олардың іс-әрекетінен күдік алған полиция орындары сондарынан тыңшыларын салып, үнемі бақылау орнатып, емін еркін насихат жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермеген. Дегенмен осындай тосқауылдарға карамастан ұйым мүшелері үгіт хаттарын көбейтіп, жан-жаққа таратып, елдің беделді деген азаматтарына жіберген. Сондай хаттардың бірін Павлодар уезінің Қызылтау ауылының болысы Ақылбеков карамағындағы қазақтарға оқып берген және оны халық арасында әулие деп саналған Абдулла хазірет Мамаевқа апарып берген. Осындай хаттарды 1903 жылдың ақпан айында Сәдуақас Шорманов, Кенжин, Абай Құнанбаев, Ғабдулла Исабеков, Жәңгір Құдаймендин сияқты сол кезеңдегі қазақтың ең беделді адамдары алған. Өкінішке орай, ұйым мүшелерін бақылауда ұстаған отарлық әкімшілік орындары халыққа жіберген хаттарының ізіне түсіп, оларды тартып алып отырған. Патша өкіметінің халық-ағарту саласындағы реакциялық саясатына, мұсылмандық мектептер мен медреселердің дамуына, олардың санының артуына тежеу салу халық арасында ашық қарсылықтар бой көрсетіп жатты. Оны мұсылмандық оқу орындарының басшыларының мектептер мен медреселерде император портретінің ілініп тұруына наразылық танытуынан көруге болатын еді. Император портретінің мектептер мен медреселерді ілініп тұруын мұсылман халықтары өздерінің дініне қол сұғушылық ретінде бағаланды. Сондықтан кейін мектептер мен медреселерде император портреті ілінбеді. Алайда патша өкіметі мұндай наразылық танытушыларға қарсы қуғындауды күшейте берді. Мәселен, губернатор Сухотин Көкшетау қаласындағы шіркеудің маңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың молдаларын жинап алып, оларға «Осы күннен бастап шариятпен емес, орыс заңымен өмір сүресіңдер», - деп айтқаннан кейін, оған бағынғысы келмеген Көкшетау молдалары Науан хазірет (Наурызбай Таласов) пен Ш.Қосшығұловты Сібірге жер аударған. Отаршылдық саясаттың ауыр тауқыметін тартқан Ресей империясындағы түрік тілдес мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының оянуына ықпал еткен орасан зор күштің бірі ХІХ ғасырдың соңына қарай Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтары арасында екпін алған И.Гапринскийдің идеясы негізінде жәдидтік қозғалыс өріс алды. Бұл қозғалыстың негізін мұсылман халықтарын өркениетке тартып, оларға еуропалық білім мен алдыңғы қатардың озық







келген татарлар көшпелілер арасында пайғамбардың өсігін насихаттайтын әрі оларға Мәскеуден алынған тауарларды сататын. Қазіргі кезде олар мұны қойып, көшпелілерді орыс билігіне қарсы үгіттеуге кіріскен секілді. Татарлар қырғыздардың өшпенділігін қоздыруда. Қырғыздардың пікірінде өзгерістер жүруде. Олар фаеатизмге бет бұрған сияқты. ... Татарлардың көшпелілер арасына келіп балаларды оқытуын қалайда тоқтату қажет». Яғни, ХХ ғасырдың басында Ресейдің басқа өңірлеріндегі секілді қазақ даласында жәдидтік мектептер ашылып бастады және алғашқы жәдидтік мектептер 1903 жылы Қазалы пен Перовскіде бой көтерсе, 1905 жылы Түркістанда олардың саны 35-ке жетті. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған жәдидтердің ағартушылық қызметіне мамандарды Уфа, Орынбор және Қазандағы медреселер дайындады. Онда оқитын басқа да мұсылман халықтарының балаларымен бірге қазақ жастарының да саны жыл өткен сайын арта түсті. Жәдидтік қозғалыстың екпін алуынан қорыққан патша өкіметі қазақ жерінде мектептер ашқан татар мұғалімдері қазақ жастарын патша өкіметіне қарсы тәрбилеп отыр деген желеумен елден қуа бастады. Дегенмен патша өкіметі жәдидтік бағыттағы мектептер ашқан адамдарды қуып таратуға бірден кірісе қоймады. Билік орындары мұндай әрекетке бару жергілікті халықтың наразылығын туғызып, халықты көтеріліске шығарып жібереме деп сескенді де. Оның үстіне патша өкіметі сол тұста шеткері аймақтарда тұрақтылықты сақтауды көздеп, осы бағытта жұмыс жүргізуге кіріскен еді.

Алайда, патша өкіметі ұлттық сана-сезімінің оянуын барынша тұмшалауға тырысып, жәдидтік қозғалысқа қарсы күресте өзінің барлық күшін жұмылдырғанымен одан елеулі нәтиже шығара алмайды. Оның көрінісін ХХ ғасыр басында қазақ даласында ашыла бастаған «Жамиғати мағариф» сияқты жәдидтік ұйымның қызметінен көре аламыз. Аталмыш ұйымның Оралда, Перовскіде, Верныйда және Семейде бөлімшелері ашылып, қазақ жастарына жәрдем ұйымдастырып, түрлі кітаптар шығарып, оны таратумен айналысқан. Осы тәріздес ұйымдар Ресейдің астанасы Петербургта ашылған. 1901 жылы ашылған «Шығыстану» және «Мұсылмандар» деп аталатын қоғамды Соғыс министрлігінде қызмет еткен Уәлиханов құрып, оған Петербургта оқып жүрген қазақ жастары мен онда қызмет етуші қазақтар мүшелігіне енген. Қоғамдардың жұмысына Петербургте әр түрлі себептермен елден келіп-кетіп жүрген қазақтар да араласқан. Петербургтегі бұл қоғамдар қайырымдылық жасау және мәдени шаралар өткізумен қатар саяси істерге де араласқан. Мәселен, «Мұсылмандар» қоғамы татар халқынан шыққан саяси қайраткер Әбдірашит Ибрагимовтың 1895 жылы Түркияда жүріп шығарған «Шолпан жұлдызы» атты кітабын қазақтардың арасында таратуға қатысады. Ресей империясындағы ұлттық-саяси мәселелерді көтерген бұл кітап патша тыншыларының аңдығанына қарамастан қолдан-қолға өтіп, мұсылман халықтарының саяси белсенділігін арттыруға өз септігін тигізді. Кейін «Мұсылмандар» қоғамының араласуымен түрмеден босап шыққан Ә.Ибрагимов 1905 жылға дейін қазақ даласында саяси тақырыпта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Ол Петропавл (Қызылжар) қаласында болған кезінде сол өңірдің беделді деген қазақ, татар өкілдерін



жинап, мәжіліс өткізеді. Осы жиылыста олардың талап-тілектерін тұжырымдаған ол Министрлер Кеңесінің төрағасы граф Виттеге өтініш хат жіберуін ұйымдастырады. Сонымен қатар, ол бірінші орыс революция тұсында «Автономия» атты кітапша шығарады. Ол өз кітабында отарлық езгідегі халықтардың басты міндеті автономия алу мәселесі болу қажеттігін атап көрсетеді. Ә.Ибрагимовтың осы кітабының шығуына Ғалиасқар Сыртланов пен Сәлімгерей Жантөрин секілді қазақтың қайраткерлері өзіндік көмектерін көрсетеді. Сонымен XIX ғасырдың II жартысынан бастап, анығырақ айтқанда патшалық биліктің әкімшілік реформаларынан кейінгі уақытта қазақ қоғамындағы азаттық қозғалыс жана мазмұндағы сипатта дамыды. Осы мезгілге дейін ол негізінен қарулы қарсылық түрінде көрінсе, ендігі кезекте ол дін қызметкерлері ұлт зиялылары бастаған рухани қарсылыққа ұласып, кейін жалпыресейлік мұсылмандық және түрікшілдік қозғалыстармен ұштасты. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы Түркістан халықтарының наразылықтары XX ғасырдың бас кезінде одан ары өрістей түсті. 1904 жылы басталған орыс-жапон соғысы кезінде олардың отаршылыққа қарсылық көрсетуі жиілей түскен және олардың арасында «Азия – азияттықтар үшін» деген жапондықтардың ұраны да кең етек алған. Қалыптасқан осындай ахуал жағдайында Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары жергілікті халықтың көңіл-күйіне жіті бақылау орнатуды күшейтіп, Жапониямен соғыстың барысы қазақтарға, қырғыздарға, өзбектерге және түрікмендерге қалайша ықпал етіп жатқаны жайлы мәліметтер жинауға кірісті. Мұны жүзеге асыруды әрбір уез бастықтары өзінің басты міндетінің бірі ретінде санады.

Татарстандық зерттеуші Р.Б. Гайнетдиновтың келтірген мәліметтеріне қарағанда, Жапония патшалық Ресеймен соғысқа кірісер алдында түркі-мұсылман халықтарының орыс үстемдігіне қарсы екенін ескерусіз қалдырмай, оны өз мүддесіне сай пайдалануға 1902 жылдан бастап кірісіп, бірқатар татар буржуазиясы өкілдерімен байланыс орнатып, солар арқылы ұлттық езгідегі халықтар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге тырысқан және мұсылмандардың ілтипатына бөлену үшін Токио қаласында мұсылман мешітін тұрғызып, бұл шараны түрлі басылымдар арқылы кеңінен жарнамалаған. Орыс-жапон соғысы барысында патша үкіметі жапондық жансыздардың Түркістан өлкесіне еніп кетуінен қатаң сақтанып, бұл жөнінде өлкелік әкімшілікке арнайы нұсқау жөнелтті. 1904 жылы қыркүйекте жіберілген бұл нұсқауда орыс әскерлерінің соғыс майданында тауып жатқан жеңілістері жайынан Жетісу өңіріндегі қазақтар мен қырғыздардың қалайша хабардар болып жатқанын тексеру керектігі де аталып көрсетілді. Патша үкіметі Жетісудың жергілікті халқының орыс әскерлерінің майдандағы сәтсіздіктерін жылы қабылдауын өңірге Шығыс Түркістаннан енген жапондық жансыздардың әрекетімен байланыстырып, оларды іздестірумен әлекке түсті. Патшалық Ресейдің Құлжадағы консулдығы Шығыс Түркістанда жапондық жансыздар орналасуы ықтимал екенін ескеріп, Қытай жеріне Түркістан өлкесінен келген қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр халықтарының өкілдеріне бақылау орнатып, олардың соңынан өз тыңшыларын қояды. Сол тыңшылар арқылы алынған мәліметтерді



консулдық қызметкерлері тиесілі Ресей билік орындарына жөнелтіп жатты. Осындай мәліметтердің бірінде консулдың Ферғана өңіріндегі Ош, Әндіжан және Қокан қалаларында орыс билігіне қарсы «бүлік» әзірленіп жатқанын, сондай-ақ бұл «бүлікке» өңірдің қырғыз, өзбек, қазақ тұрғындарын тегіс тарту жолында бір иманның жұмыс жүргізіп жатқанын анықтағаны айтылады.

Шығыс Түркістандағы консулдықтан келіп түскен мәліметке орай Әділет министрлігінің тапсырмасы бойынша Түркістан өлкесіндегі билік орны Ферғана өңіріне арнайы тексеру жұмысын жүргізу үшін Ташкент сот палатасының прокурорын жібереді. Ол өңірге келгеннен соң жергілікті халық арасында 1898 жылы Әндіжанда болған оқиға секілді «бүлік» ұйымдастырылып жатыр, мұндай «бүлік» Ресейдің Жапониямен соғысып жатқан кезінде сәтті болмақ деген қауесеттің кең тарағанына көз жеткізгенін және тыңшылар арқылы Әндіжан уезіндегі Базар-Қорған елді мекеніне таяу жерде орналасқан қырғыздардың мундуз руының өкілі Мәулен Сағынбаев деген адамның 8 мыңнан астам қырғыз бен қазақты көтеріліске бастап шығуы мүмкін деген мәлімет алғанын жеделхат арқылы Әділет министрлігіне хабарлайды.

Алайда отарлық билік орындары күткендей Түркістан өлкесіндегі қырғыздар мен қазақтар ашық көтеріліске шыға қоймады. Бірақ та олар өздерін ұлттық езгіге түсірген Ресейге Жапониямен соғыста қолдау көрсетуге қарсы екенін ашық танытты және отаршылдық саясатты өршіте түскен патша өкіметінің Жапониямен соғыста жеңіліс табуын жақтады. Мұны қырғыз қайраткері Б. Солтоноевтың орыс-жапон соғысы кезіндегі халықтың көңіл-күйі жайлы былай деп жазғанынан да аңғаруға болады: «Орыс-жапон соғысы тұсында отаршылдардың жәбір-жапасына шыдай алмаған халық отарлаушылардың жеңілісін тілеп отырды. Кейбір кісілер жапондықтар құрметіне жаңа дүниеге келген сәбилеріне Жапония деген есім де берді». Жергілікті әкімшілік орындары орыс-жапон соғысы кезінде өздерін отаншыл рухта көрсетіп қалуға тырысады, майданда жараланғандарға жәрдем ретінде жергілікті халықтан ақша жинады. «Орыстандыру саясатының тәжірибесіне қаныққан қазақтар, – деп жазды Ә. Бөкейханов, – жақсының бәрі исламнан тыс болуы мүмкін емес деп ұғынып, жапондықтар мұсылман екен, олармен қазақтардың туыстық байланысы бар екен деген лақапқа сенді». Орыс-жапон соғысы барысында Түркістан өлкесінде «орыс қаруының күшіне» күмән келтірушілік ахуал орын алды. Мұны билік орындары: «Орыс-жапон соғысындағы сәтсіздік қырғыздардың алдында орыс билігі қадірінің төмендеуіне алып келді. Қырғыздар бұрын ойлағанымыздай орыстар соншалықты күшті емес екен деген пікірде», – деп мойындады. Осы мәліметтің өзі патшалық Ресейдің жапондықтармен соғыста жеңіліс табуы шет аймақтардағы отарлық жүйесінің беделіне өзіндік нұқсанын тигізгендігін көрсетеді және көрнекті татар қайраткері Г.Исхакидің «жапондықтардың тамаша жеңісі мен орыс қаруының моральдық, әрі күші жағынан жеңіліс табуынан Ресей түркілері ұлттық-саяси мәселені шеше алатын мүмкіндігін аңғарды» деген пікірін нақтылай түседі. Міне, осындай сәтте отаршылдыққа қарсы күреске 1905 жылы басталған орыс революциясы жаңа серпін берген-ді.



## ЕКІНШІ ТАРАУ

### 1905 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙДЕГІ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### **§1. Наразылықты арыз-тілек (петиция) арқылы білдіру науқаны**

Ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы сан жағынан көп болған жоқ. Оның себебі қазақ даласында бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары ашылған емес. Түрлі мекемелерде, әкімшілік орындарда қызмет жасаған, қазақ мамандары негізінен Ресейлік оқу орындарында білім алды. Өйткені отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтаж қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губериаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қазақ мамандарын даярлауда Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналды. Мәселен, Қазан университетінде XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап 1916 жылға дейінгі аралықта 26 қазақ жастары оқыған. Олардың 16-сы заң қалғандары дәрігерлік факультетінде білім алса, ал университетті 14 қазақ түлегі аяқтаған. Қазан университетін осы мезгілде аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов сияқты қайраткерлер болды. Қазандағы қазақ жастары білім алған жоғары оқу орындарының бірі Қазан малдәрігерлік институты. Мұнда 1877-1917 жылдар аралығында 13 қазақ студенттері оқып, олардың 11 аяқтап шыққан. Институттың түлегі Есенғұлов Түбек 1916 жылғы Жетісудағы оқиғалар кезінде өзінің белсенді қоғамдық қызметімен көзге түсті. Қазақ жастары жиі есігін ашқан оқу орындарының бірі Казан мұғалімдер семинариясы еді. Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 17 қазақ студент оқып, олардың 13-і дипломға ие болған. Семинарияны аяқтығандардың арасында С.Мендешев, М.Тұнғачин, Н.Залиев сияқты кейінгі уақытта қоғамдық белсенділігімен танылған адамдар бар еді. XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде Қазақ жастары білім алған ірі орталық, әрине, Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889-1894 жылдары орман шаруашылығы институтында Ә.Бөкейханов, 1900-1905 жылдары темір жол транспорты институтында М.Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін, әсіресе нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа



мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орнында өткен ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде (17 жылға дейін) 20 жуық қазақ студенті оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарында Бакытжан Қаратаев, Бакыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, йдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқаев, Жакып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург медицина академиясын аяқтағандығы туралы. Дипломды Санжар Асфендиаров, Сәдуақас Шәлімбеков, Халел Досмұхамедов және басқа бір топ қазақ иемденді. Сондай-ақ біраз қазақ жастары Ресейден тыс, шетелдік шығыс жоғары оқу орындарында да оқыған. Мәселен, бір ғана Стамбул университетінде 1917 жылға дейін Ә.Ғайсин, С.Шанов, Д.Көлбаев, М.Тұрғанбаев жән Ә. Машаев сияқты қазақстандықтар білім алған. Сонымен Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 120 жуық қазақ жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы дипломды иеленген. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігін гимназия мен прогимназиялардың, медициналық училищелер мен курстардың, мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектері құрды. Интеллигенция тарихын зерттеуші маман профессор В. К.Григорьевтің есебі бойынша, бұл топтағы ұлттық интеллигенцияның саны 1000-нан асады екен. Бұл топтың қатарында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулагов, Елдес Омаров, Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Сейдәзім Қадырбаев, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашев, Сағындық Досжанов, Отыншы Әлжанов сияқты көптеген белгілі қайраткерлер қазақ тарихында өз іздерін қалдырған. Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады. Саяси өмірге енді ғана араласа бастаған қазақ жастарын бұл тарихи кезеңде ең алдымен ұлттық мәселе, оның шешілу жолдары толғантқаны даусыз. Саяси қызметке араласу тек ірі қалаларда оқитын студенттерге ғана тиесілі көрініс емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға ден қою, түрлі үйірмелер жұмысына араласу Омбы, Семей, Орал сияқты жергілікті орталықтарда орта білім беретін оқу орындарында оқыл жүрген жастарға да тән әрекет болатын. Мәскеу университетіне түскенге дейін Семей гимназиясында білім алған Х. Ғаббасов өзінің гимназияда Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, гимназистерге 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен Бекметов, соңынан Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жакып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін қафтаңға айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандарын



жазады. Дегенмен ұлттық зиялыларының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Өйткені отаршылдық тауқыметін, ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан қазақ халқының пісіп жетілген наразылықтарының сыртқа шығуына, азаттық қозғалысының қарқын алуына 1905 жылы басталған орыс революциясы өзінің әсерін тигізбей қоймады. Петербургтегі 1905 жылғы «қанды жексенбі» оқиғасынан кейін бүкіл империя революцияның жалынына оранады. Бұл жалынның ұшқыны қазақ даласына да жетіп, патша өкіметінің 9 қаңтардағы халықтың бейбіт шеруін жауыздықпен атуы кешірілмес күнә ретінде айыпталды. Бүкіл империяда қалыптасқан бұл жағдай патша мен оның үкіметін абыржытқаны соншалықты, орыс патшасы II Николай басталған революцияны әлсірету мақсатында 18 ақпанда «халықтан сайланған» адамдарды заңдық жобаларды дайындауға және талқылауға қатыстыру туралы рескрипке қол қояды. Ресейдегі либералды топтар бұл рескрипті «аржағынан жарқын болашақтың көюжиегі көрініп тұр» деп мәлімдеп, оны зор қуанышпен қарсы алады. Осы құжатпен қатар сол күні жеке адамдар мен ұжымдарды мемлекет қызметі мен халықтың әл-ауқатын жетілдіре түсуге байланысты өз ұсыныстарын орталық билікке жеткізуге үндейтін құжаттар да өмірге келеді. Мұның артынша 17 сәуірде дін еркіндігі жөнінде патшаның жарлығы шығады. Аталмыш құжаттар халықтың көңіл-күйін көтеріп, олардың саяси өмірге құлшына араласуына жол ашады. Осылайша Ресей империясында 1905 жылы қалыптасқан саяси ахуал ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан халықтардың азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді. Бұл жайлы Ә.Бөкейханов «Қазақтар» атты мақаласында былай деп жазған еді: «Халық сеніміне ие болған адамдарды жинауға және халық мұқтаждығын білдіретін петицияларды беруге рұқсат еткен 18 ақпан рескриптің дала үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық күшін қозғалыс тасқынының аясына енгізді. Қазақ халқының мұқтаждықтары жөнінде хат арқылы пікір алмасу басталып кетті. 17 сәуірдегі дін сыйластығына қатысты қаулы көңіл-күйді одан бетер көтере түсті». Қазақтар арасында 18 ақпандағы патша рескриптінен кейін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу кең етек алғанын жергілікті патшалық әкімшілік жіті қадалаған. Олардың жоғары жаққа тапсырған мәлімдемелерінің мазмұнына қарағанда қазақтар арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізушілердің қатарында көршілес уездер мен облыстардан ғана емес, шалғайдағы өңірлерден де келген. 1905 жылдың көктемінен бастап қазақ даласының барлық аймақтарында қазақтардың үлкенді-кішілі жиналыстары өткізіліп, отарлық билік орындарына петициялар тапсыруға әзірлік жұмыстары жүргізілген. Мәселен, 1905 жылы 4 сәуірде Ақмола уезінің басқармасына 7 адам – Қорғалжын болыстығынан Жарылқасын Сатыбалдин, Нұра болыстығынан Оспан Белгібаев пен Ысқақ Доғалаков, Спасск болыстығынан Тұрысбек Тайшықов, Саран болыстығынан Жантай Тоқшылықов, Еремен болыстығынан Керенбай Тайжанов, Қоржынкөл болыстығынан Құрмет Өтебаев келіп орталық билікке тапсыратын петиция мәтінін жазып, талқылау үшін уездегі қадірменді қазақтардың жиналысын өткізуге рұқсат сұрайды. Алайда жергілікті патша әкімшіліктері қазақтардың



петиция тапсыру үшін өздерінің талап-тілектерін тұжырымдап алатын жиналысты өткізуіне рұқсат бермегені былай тұрсын, қайта керісінше жиналыстардың өткізілуіне барынша тосқауыл қоюға тырысады. Мұндай кедергілерге мойымаған қазақтар жергілікті әкімшілік орындардан рұқсат алмай-ақ өз жиналыстарын жасырын түрде өткізе береді. Мәселен, жиналыс өткізуге рұқсат алмаған жоғарыда аталған Ақмола уезінде тілмаштық қызмет атқарған Кенжебаев, Серкебаев, Сатыбалдин секілді азаматтар басқарған қазақтар 2 сәуір күні кешке саудагер Халфиннің үйінде жасырын бас қосса, сол жылы 4 мамырда Петропавл еуезінің Преснов, Станов, Анастай, Петропавл болыстықтарының белсенді қазақтары жиналыс өткізіп, онда петицияның мәтінін және оны патшаға тапсыратын депутацияның құрамын бекітеді. Сондай-ақ осы аталған жиналыстарда депутацияның жол қаракатын, олардың патшаның қабылдауына баратын кезде киетін киімін қамтамасыз ету үшін халықтан ақша жинау керектігі жайлы шешім қабылдайды. Ал Петропавл уезінің Полуденский және Тайыншы болыстығының қазақтары да жиналып, Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Ю.Вигтеге өз талап-тілектерін білдірген петиция әзірлеп, оны жеделхат арқылы жіберген. Жеделхат арқылы өз петицияларын Ақмола қаласы және оның маңайындағы Қызылтопар, Моншақ, Еремен, Қоржынкөл болыстықтарының қазақтары да жөнелткен. Қазақтардың патшаға петиция жіберуі Торғай облысында да белең алып, 1905 жылы мамыр айында Қостанай уезінің Ж.Сейдалининің, Торғай уезінде Ә.Бірімжанов пен Д.Токтабаевтың, молда М.Мендіқұловтың ұйымдастыруымен өтіп, онда да петицияның мәтіні дайындалып, онда қазақтардың Орынбор мүфтилігіне қарату; халық соттарын жою, мировой судьялардың институтын енгізу, қазақ даласында крестьяндар начальнигі институтын жою қажеттігі жайлы талап-тілектер мәселе ретінде қойылады. Осындай мазмұндағы петициялар Орал облысының Ілбішін, Гурьев уездерінде жазылып, жеделхаттар арқылы патша үкіметінің басшыларына жіберіледі. 1905 жылы билік орындарына петициялар тапсыруда үлкен белсенділік танытқан далалық облыстардың қазақтары еді. Бұл саяси науқан жөнінде кезінде М.Тынышпаев өлкеден 25 мың адамның қатысқанын айтып «Енді генерал Сухотинге барлық қазақ жұртын Сібірге жер аударып, елсіз далала жеке өзіне патшалық құрудан басқа ештеме қалған жоқ», - деп мысқылдаған болатын. 1905 жылы 22 маусымда Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қазақтары Қоянды жәрмеңкесінде жиналып 16000 адам қол қойған Қарқаралы петициясы шын мәнінде қазақ жерінің басқа өңірлерінен жіберілген петициялардан анағұрлым жоғары тұрды. Өйткені патша өкіметі қазақтардың бұл акциясына саны аз болғанымен, саяси күрес аренасында тез ысыла бастаған қазақ зиялыларының, оқыған, көзі ашық азаматтарының атсалысуынан секем алды. Өйткені құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес-тін. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда,



Қарқаралы петициясын дайындауда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұв, Ж. Ақбаев және басқа сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері жетекшілік рөл атқарған. Сондай-ақ бұл іске дін қызметкерлері де өз үлесін қосқан және олардың ықпалы аз болмаса керек. Ә. Бөкейханов бұл арыз-тілекті жазуға, бір жағынан, «орыс әдебиетінде тәрбиеленген, еуропалық мәдениетке сеніммен қарайтын, отанының бақытын батыс мәдениеті жетістіктерін тура қабылдай білумен байланыстырып, ал дін мәселелеріне екінші кезектегі іс деп қарайтын интеллигенттер қатысса, екінші жағынан, «шығыстық ортодоксия мен ұлттық-діни ерекшелік рухында тәрбиеленген интеллигенция» ат салысқандығын айтып, «соңғылары дінді негізгі мәселе есебінде қойып, мұсылман схоластикасына ешкім, ешуақытта аса алмайтын ғылым ретінде қарап, қырғыз халқын, жалпы Мұхаммед дініндегілерді басқа халықтардан жоғары санап, ақ ниетпен және саналы түрде діни тұтастық пен ұлттық тұтастық арасындағы айырмашылықты келтіретіндері келмеді», - деп жазды. Орыс интеллигенциясымен салыстыра қарағанда, оның пікірі бойынша, алғашқы ағымдағыларды батысшылар, ал соңғы ағымдағыларды түркішілдер деп атауға болатын еді. Ә. Бөкейханов петиция текстінде дінге байланысты талаптардың бірінші кезекте тұрғандығын діншіл, түркішіл интеллигенцияның халық арасындағы ықпалының басым түсіп жатқандығымен байланыстырды.

Қарқаралы петициясы сияқты талап-тілектерден қазақ даласының басқа да өңірлерінде орын алды. Мәселен, 1905 жылдың жазында Торғай мен Орал облысындағы қазақтардың патша өкіметіне арнап жазған петициясының басты ерекшелігі екі облыс қазақтарының бірігіп жазуында жағты. Бұл петицияны дайындауда басты рөлді Б.Қаратаев атқарған және оған 44 адам қол қойып, патша аларған делегацияның құрамында Б.Қаратаев, М.Қайдаров, С.Кийкин, Ж.Мусин, Ғұбайдолла хазірет Ешмұхамедов, М.Меңдіқұлов, Ә.Бірімжанов, Д.Токтабаев, Ж.Сейдалиев болған. Орал және Торғай облыстары қазақтарының петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ халқының мүддесіне сай өзгерістер енгізу, қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату, Дала Ережесін жаңа заңмен ауыстыру секілді мәселелер көтерілген. Петербургте Б.Қаратаев бастап барған делегация петицияны тиісті орындарға тапсырғаннан кейін, Б.Қаратаев генерал Ғ.Жәңгірхановтың араласуымен II Николайдың қабылдауында болып, оған өз талап-тілектерін жеткізеді.

Патша үкіметіне петициялар тапсыру Түркістан өлкесінде де орын алады. 1905 жылы тамыз айында 1000 адам қол қойған Жетісу облысы, Лепсі уезінде, 50 адам қол қойған Сырдария облысындағы Әулиеата уезінде және Қазалы уезінің қазақтарының петицияларының орны ерекше. Лепсі уезінің өзінен 1000 қазақ қол қойған петиция туралы айта кетіп Тынышбаев мұның өзі үкіметтің барлық пасық саясаты халықтың төзімін тауысуынан деп түсіндіреді. Автор петициялардағы талаптарға да көңіл бөлді. Мәселен 6 тамызға дейінге талап – тілектер де мынадай мәселелер қамтылды: кең түрде толықтай өзін-өзі басқару, ерекше заңдар мен әкімшілік бұйрықтардың күшін тоқтату, генерал-губернаторлықты шаруашылық басшылары мен урядниктерді жою, әскери



басқаруды азаматтық басқарумен алмастыру, қазақтар жөніндегі заңдарды олардың өкілдерін қатыстыра отырып қайта қарау, осы мақсаттар үшін орыс сотын қайта құру және халық сотын юстиция министріне бағындыру, жеке басқа, тұрғын үйге, ар-ожданға, сөзге тиіспеу, одақ және жиындарға қатысу негізіндегі азаматтық бостандық, газет, брошюра, кітап және т.б болу үшін типография ашудың барлығына бірдей тәртібі, жалпыға бірдей дауыс беруге негізделген сайлау. Қазақтардың иелігінде жерледі олардың меншігі ретінде мойындау және т.б. Отаршылдық билікті әшкерелеген баяндаманың нәтижесі-автордың Жетісу облысына келуіне тиым салынуына әкелді.Тіпті оқуын бітіргеннен кейін Тынышбаев саяси күдіктілер қатарында қалды. Ал баяндама басылған Ташкент қаласынан шығатын «Русский Түркістан» газеті тәркіленіп, әкімшілік айыпқа тартылды. Тарихқа «Шабдан Жантаевтың петициясы» деген атпен енген Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының атынан Министрлер комитетінің төрағасы, граф М.Ю. Виттеге жіберіледі. 11 тармақтан тұратын бұл петицияның алғашқы 6 тармағы дін мәселесіне арналды. Дін мәселесіне орай петицияда Түркістан өлкесі қырғыздары мен Жетісу облысы қазақтарына өз алдына бөлек діни басқарма (мүфтилік) ашу, мүфти мен имамдардың мұсылмандар тарапынан сайлануы, өңірдегі мұсылмандардың некесі мен отбасына қатысты істер Шарият бойынша шешілуі, мұсылмандар білім алатын мектептер мен медреселердің мүфтилік қарамағында болуы, мүфтилікке вакуфтық иеліктің берілуі және оның земстволық салық есебінен қаржыландырылуы қажет деп көрсетілді. Петицияның 7-тармағында 1905 жылы 18-ақпандағы император жарлығына сәйкес заң жобаларын талқылау, оны қабылдайтын жиынға, яғни Мемлекеттік думаға қазақтар мен қырғыздарға өз өкілдерін сайлауға тосқауыл қоймау мәселесі талап етілді. Қазақ және қырғыз тілдерінде газет-журналдардың, кітаптардың шығарылуына рұқсат берілуі керектігі петицияның 8-тармағында көтеріліп, бұл мәселенің рухани дамудағы орны баса ескертілді. Қазақтар мен қырғыздардың жылжымайтын мүлік алуына және таңдаған мамандығы бойынша қызмет етуіне билік орындары тарапынан кедергілер қойылуына наразылық петицияның 9-тармағында көтерілді. Осы тармақта қазақтар мен қырғыздарға бұл мәселе бойынша қойылатын шектеушіліктердің алынып тасталуы талап етілді. Петицияның 10-тармағында үкімет тарапынан ашылған оқу орындарында, атап айтқанда, гимназияларда білім алып жатқан қырғыз және қазақ жастарына христиандық ілім негіздері оқытылмай, оның орнына мұсылмандық ілімнен дәріс оқытылуы керектігі сұралды. Жер мәселесі петицияның соңғы 11-тармағында көтеріліп, орыс шаруаларының қоныс аударылуы доғарылсын деген талап қойылды. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының петициясында дін мәселесінің бірінші кезекке қойылуы өлкедегі мұсылмандардың діни істерінің діни басқармаға қаратылмай, оның отаршылдық әкімшіліктің қарамағында болуына байланысты туындаған еді. 1905 жылы көктемде Министрлер комитеті жанында құрылған Ерекше комиссияға Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың діни басқармасын, мүфтилігін құру туралы заң жобасын әзірлеу тапсырылған-ды. Бұл өз кезегінде



өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың аталмыш заң жобасының тез арада әзірленіп, қабылдануына ықпал етсек деген ниетін күшейте түсті. Петицияда қазақтар мен қырғыздарға алдағы уақытта құрылуы тиіс Мемлекеттік думаға депутат сайлауға және депутат ретінде сайлануға шектеу қойылмауын талап етудің өзіндік себебі бар еді. Ондай себептің қатарына отарлық билік орындарының Түркістан өлкесінің жергілікті халықтарын Мемлекеттік думаға сайлауға қатысуына құлықсыздық танытуын жатқызуға болады. Тіпті, Мемлекеттік думаға сайлау ережесін дайындау үшін Министрлер комитеті жанынан құрылған Ерекше комиссияның мүшелері арасында Түркістан өлкесінің жергілікті тұрғындарын Мемлекеттік думаға қатыстырудың қажеті де жоқ, өйткені олардың даму деңгейі төмен, әлі заң шығару ісіне даяр емес деген пікір орын алған-ды. Петициядан осындай пікірдің күш алып, қазақтар мен қырғыздар Мемлекеттік дума жұмысынан тыс қалуы мүмкін деген алаңдаушылықтың болғаны аңғарылады. Петицияда бүркемеленген орыстандыру саясатына, отарлық билік орындарының түрлі тәсілдер арқылы қазақтар мен қырғыздарды болыстық деңгейден жоғары лауазымға тартпауына және орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы патша өкіметінің жергілікті халыққа жерсіз қалу қаупін төндіргеніне қарсылық таныту халқымыздың ұлттық еркіндікке талпынысының көрінісі еді. Министрлер комитетінің төрағасы М.Ю. Витте атына қазақтардың жазған петициясы тек Жетісу өңірінен ғана емес, Сырдария облысының Әулиеата уезінен де жолданды. Бұл петицияны жолдауды Әулиеата уездік басқармасында хатшы болған Әзімхан Кенесарин ұйымдастырған. «Русский Туркестан» газеті Әулиеата уезі қазақтары мен қырғыздарының петициясында дін, халық ағарту ісі мәселелерімен бірге жер мәселесі де көтерілгенін көрсете отырып, былай деп жазады: «Петицияның екінші тармағы қырғыз даласын орыс элементтері арқылы отарлауға тікелей байланысты. Себебі, қоныс аударушылардың поселкелері үшін учаскелер әзірлеу жұмысының үздіксіз жүруінен қырғыздар өздерінің болашақта жер тапшылығын тартатынын сезінуде. Жер тапшылығын қазірдің өзінде қазақтар тығыз қоныстанған аудандар тартуда». Мұндай петиция Қазалы уезі қазақтары атынан да жолданды. Мәліметтердің көрсетуінше, Түркістан өлкесі мұсылмандары атынан да патшаға арналып петиция жазылған. Бұл петицияны әзірлеуге өзбек халқының көрнекті қайраткері Мұнауар қари Абдурашидханов және сол тарихи кезеңдегі көрнекті қазақ зиялыларының бірі Сералы Лапин жетекшілік еткен. Сырдария облысының қазақтары жіберген петицияларда да қазақтар өлкеде жеке діни басқарма құру, бастауыш мектептерде ана тілінде білім алуға кедергі жасамауға, жергілікті халықтардың газеттері болуға, қоныс аудару саясатын доғару секілді талаптар беріліп, оны жазуға басшылықты С.Лапин, И.Әбуов, Ж.Оразаев сияқты сол кездегі қазақ халқының көзі ашық, оқыған зиялы азаматтары атқарады. Алайда қазақ халқының жоғарғы билікке жолданған петицияларындағы талап-тілектерін патша үкіметі қанағаттандыруға құлық танытпай, ендігі жерде қазақ халқының саяси күресінің жарқын үлгісінің бірі мұндай петициялардың жазылуына барынша кедергі жасауға, онымен күресуге



тырысып бақты. Ал бұл жағдай өз кезегінде халықтың патша деген сенімінен айырды, қазақ зиялыларын азаттық қозғалыстағы саяси күрестің жаңа тәсілдерін меңгеруге итермеледі. Осы тұста ұлттық-либералдық қазақ зиялылары өзін қоғамның саяси өмірінде өкімет пен жергілікті халық бұқарасын байланыстыратын күш ретінде көрсетуге ұмтылды. Сондықтан да қазақ зиялылары ұйымдастырған 1905 жылғы петициялар қазақ халқының азаттық қозғалысында елеулі рөл атқарды.

## **§2. Қазақ саяси элитасының саяси партия құру әрекеті**

Ресей империясындағы 1905 жылғы революцияның өрлеу барысындағы патшаның 17 қазанда қол қойған манифесі тек метрополия тұрғындарына ғана емес, сонымен бірге шеткері ұлттық аймақтарға да өзіндік ықпалын тигізді. «Бостандық манифесі» деп аталып кеткен бұл құжатта жеке адамның құқығына қол сұқпау, ар-ұждан бостандығы сияқтымызғымас қағидалар негізінде халыққа азаматтық бостандықты сыйлау, кешіктірмей мемлекеттік Думаға сайлау өткізу жөнінде жазылды және ол жарияланысымен барлық мекендерге таратылған соң Ресей империясының басқа жерлеріндегідей Дала өлкесі мен Түркістан аймағында да саяси күштердің белсенділігін арттырды. Қазақ зиялылары бұл құжатты халықтың саяси белсенділігін арттыру, саяси сауатын көтеру үшін пайдалануға тырысты. Манифест жарық көрген бетте қазақ тіліне аударылып вице-губернатордың қолдауымен Ақмола баспахансында көбейтіліп, бүкіл қазақ даласына таратылады. Ә. Бөкейханов ол жөнінде: «Қалада тұратын қазақтар манифесттің қысқаша мазмұны баяндалған телеграммаларды алып, шексіз қуанышқа батты. Далада және дала облыстары қалаларында ең алғашқы жария митингілер өтіп жатты. Қалаларда қазақтар тек теңдік, ұждан бостандығы, халық билігі жөнінде сөйлтесен мәз-мейрам интеллигенцияға қосылды. Орыстардың аузынан мұндай сөздерді қазақтардың алғаш рет естуі еді, сөйтіп екі халықтың болашақтағы өзара жақындасуының негізі қаланған болатын. Қазақтар орыстардың бәрі бірдей емес екендігін, олардың арасында ғасырлар бойы қазақ даласында орыс халқының атын былғап келген өздерінің ескі таныстарына ұқсамайтындары да бар екендігіне көздері жетті» деп жазды. Өз ретінде Ж. Ақбаев кейінірек (1911 ж.) Түркістан өлкесін тексере келген граф Паленге жолдаған арыз хатында «Мен адам ретінде және Ресей Империясының азаматы ретінде 17 қазан Манифесінің тез арада іске асуын жақтаймын, сондай-ақ жоғарыда баяндалған мерездерден тек осы Манифесті өмірге енгізу арқылы құтылуға болатындығына әбден сенемін» деді. Осыған байланысты революция жылдары қазақ жеріндегі орыс тұрғындары арасында қанат жая бастаған социал-демократиялық ұйымдар қазақ қоғамын да өз ықпалына тартуға ұмтылды. Оған дәлел ретінде Ә.Бөкейхановтың орман шаруашылығы институтының студенті болған кезінде марксистік бағыпты ұстанғаны, бірінші революцияның алғашқы кезінде М.Тынышпаевтың бірде



түркістандық эсерлерге жақын болса, бірде большевик М.Морозов редакциялаған «Русский Туркестан» газетіне патшаның отарлық саясатын ашкерлеген мақалаларын жариялап байланысқа түсуін келтіруге болады. Жалпы алғанда қазақ зиялыларының эсерлер партиясына іш тартуын М.Тынышпаевтың әрекетінен ғана емес, Воронеж қаласында фельдшерлер мектебінде оқып жүрген Сақыпкерей Арғыншиевтың 1905 жылы эсерлер партиясының мүшесі ретінде Воронеж губернаторы Бибииковты өлтіруді ұйымдастырушылардың қатарында жүргенінен аңғара аламыз. Дегенмен 17 қазан манифесінен кейін Ресей империясында басқа да жаңадан құрылған түрлі саяси ұйымдар өз қызметтерін атқара бастаған кезде, қазақ зиялылары да оларды қолдай бастайды. Мәселен, 1905 жылы Петербуріте құрылған «Автономияшыл-федерацияшылдар одағы» ұлттық езгідегі халықтардың саяси күресін бір арнаға түсіруді алдарына мақсат етіп қойғандықтан, М.Тынышпаев пен С.Жантөрин осы партияның жұмысына белсене араласса, Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Ж.Сейдалиев, Е.Тұрмұхамедов сияқты қазақ зиялылары сенімді түрде либералистік ағымды жақтайтын кадеттер партиясына қарай бағыт ұстайды. Осы тарих кезеңде қазақ саяси элитасының арасында кадеттер партиясына қарай ойысушылықтың байқалуы патша өкіметіне қарсы қуатты оппозициялық күшке айналған осы партияның қолдауына сүйеніп, қазақ халқының мүддесін қорғаудан туындаған еді. Өйткені кадеттер мемлекеттік құрылыстың унитарлық үлгісін жақтай отырып, халықтарға ұлттық-мәдени автономия берілуін және барлық Ресей азаматтарын нәсіліне, ұлтына, дініне және жынысына қарамай заң алдында тең құқықты болуын қолдады. Осындай мақсаттарды алдына қойған кадеттер партиясына өлкедегі азаттық қозғалысты басқаруға талпынған қазақ саяси элитасының ден қоюшылығы 1905 жылдың соңына қарай, яғни мемлекеттік Думаға сайлау науқаны таяп қалған шақта біршама артта түседі. Өйткені осы сәтте қазақ саяси элитасы мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына қызу араласу үшін қазақ қоғамында белгілі бір айқындама негізінде үгіт-насихат жүргізетін саяси ұйымның болмауына байланысты туындайтын қиыншылықтарға кезігетіндіктерін айқын сезінеді. Осыған орай қазақ зиялылары қазақ халқының мүддесін қорғауда кадеттер партиясының қолдауына сүйенетін, кадеттер үлгісіндегі жалпыұлттық саяси партия құруды көздеп, 1905 жылы қараша айында Орал қаласында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құрады. Бұл партияның негізін Орал қаласындағы Ғ.Бердиев, Х.Досмұхамедов, М.Бақтыгереев, Б.Қаратаев, И.Токбердиев, Н.Айтмұхамбетов, Ғ.Рақымбердиев, М.Мұқанов, Ү.Дүйсембин, Избасаров және тағы басқа да жергілікті қазақ зиялылары ұйымдастырады. Бұл турада 1906 жылдың 15 қаңтарынан бастап Оралда шығып тұрған «Әл-ғаср-әл жәдид» журналында мақала жарияланады. Қазақ зиялылары Бақытжан Қаратаев, Ғабдолла Бердиев, Мірәлі Бақтыгереев, Ихсан Токберидиев, Халел Досмұхамедов, Нұрғали Ипмағамбетов, Мұхамедәлі Мұқанов, Ғабдолкәрім Рақымбердиев, Избасаров, Үмітәлі Дүйсембиндердің қол қоюымен жазылған конституциялық-демократиялық партия бағдарламасы да басылады. Бағдарламада азаматтардың негізгі еркіндіктері, патшалық қалпы, халықтың



өзін-өзі билеуі, сот, дін, жер, алым-салықтар, жұмысшылар, мектептер, партия жарғысы турасында мәселе қозғалып, партияның құрылғандығы, оның бірнеше мәжіліс өткізгендігі турасында ашық жазылды. «11 ақпанда Қоспа базарында Орал казактарының Конституциялық демократиялық партиясының мәжілісі болды. Бұл мәжіліске Қарасу, Құрайлы, Шалқар, Жымпиты, Сабынкөл, Қызылжар, Соналы, Қаракөл, Индер және Жетікөл болысының ишандары мен молдалары, беделді адамдары және партия мүшелері шақырылады. Мәжілісте Мемлекеттік Думаға депутат сайлау төңірегінде кеңесу өткізілмекші», - деп келтірілді мақалада. Осы мақалада көрсетілгендей аталмыш партияның негізгі бағдарламасы 44 тармағы бар «Азаматтардың негізгі еркіндіктері», «Патшалықтың қалпы», «Халықтың өзін-өзі билеуі», «Сот», «Дән», «Жер мәселесі», «Алым-салықтар», «Жұмысшылар», «Мектептер» деп аталатын тоғыз тараудан тұрды. Бағдарламаның «Азаматтардың негізгі еркіндіктері» деп аталатын тарауында «Ресей патшалығының барлық азаматтары жынысына, дініне, нәсіліне қарамай бәрі заң алдында тең болсын; Азаматтарға бай не кедей немесе шенеунік, ақсүйек яки қарасүйек нәсілі деп артықшылықтар мен шектеушіліктер жасалмасын; Орыс болмағаны үшін қазақ, татар, башқұрт, поляк секілді тағы басқа халықтардың шекесіне тиіп келе жатқан таршылықтар мен кемшітушіліктер түбірімен жойылсын; Әрбір азаматтың діни сеніміне кеңшіліктер берілсін; Кез-келген азамат өзінің діни бойынша ғадат қылып, оны насихаттауға кеңшілік алсын, мұсылман дініне, сондай-ақ, православие дініне және басқа да діндерге үкімет араласпасын; Әрбір азаматқа тілмен һәм хатпен көңілін білдіріп, газеттер жазуға немесе басқа да жолдармен халыққа мәлім етуге ерік, кеңшілік берілсін. Осыған кедергі келтіретін цензура жойылсын; Ресей империясындағы барлық азаматтарға далада немесе ғимарат ішінде болсын бірігіп жиналыс жасауға, кеңесуге ерік берілсін; соттың үкімі болмайынша ешкім тұтқындамалсын, ешкім жерінен қуылмасын. Егер бір кісі орынсыз, әрі дәлелсіз тұтқындалса, оның шығынын тұтқын қылушы лауазым иесі төлейтін болсын. Осы айтылған еркіндіктер мен кеңшіліктер Ресей империясының негізгі заңында жазылсын; ресей империясының барлық мұсылмандары соның ішінде қазақ пен татар халықтары және басқа діндегі халықтар өз жиналыстары мен мәжілістерінде өз ана тілінде сөйлеуге ерікті екендігі негізгі заңда көрсетілсін. Сондай-ақ негізгі заң бойынша халықтарға өз ана тілінде газет-журнал, кітап шығаруға ерік берілсін» деген мәселелерден «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» кадеттерге қарағанда ұлттық мәселелерді бірінші кезекке қойып, біршама солшылдық танытқан. Ал партия бағдарламасындағы пікірлер патша үкіметіне жолданған петициялармен үндесіп жатқанын аңғарамыз. Мәселен, «Сот» деп аталатын тарауында «Қазақтар арасында «народный сот» болмасын. «Мировой судьяларды халық сайласын. «Мировой судьялар» император Александр екінші хузіретінің 1864 жылғы 20 қарашадағы «Судебный уставтары негізінде әрекет етсін. 17 қазандағы патша манифесі бойынша берілетін еркіндік, теңдік кеңшіліктерге сәйкес азаматтық құқықтарды белгілеген және қылмыстық істерді қарайтын заңдар шығарылсын делінсе, «Дін» деп аталатын тарауда «Империядағы



діндердің ешбіріне де таршылық, кеңшілік жасалынбасын. Сол себепті мүфтилер, қазілар және молдаларды сайлау қауымның өз ықтиярында болсын. Мешіт, медресе салуға мұсылман қауымдарына және земстволарға кедергі жасалынбасын. Ислам дініне Ресей империясының заңдары қатыспасын. Дін туралы мәселе қарау керек болғанда хакімдерден рұқсат сұрау міндетті болсын», - делінеді. Партияның алдына қойған мақсаты тікелей қазақ халқының мұң-мұқтажына бағытталған тарауларда бар. Оны партия бағдарламасының «Алым-салықтар», «Жұмысшылар», «Мектептер» және тағы басқа да тараулардан көреміз. Мысалы, «Алым-салықтар» деп аталатын тарауда: «Қазына ақшасы орынсыз жерлерге жұмсалмай, тек халық мұқтажына жұмсалсын; алым-салықтар әр адамның түсіміне, дәулетіне қарап алынсын» делінсе, жұмысшылар жайлы «Жұмысшыларға өздері тілеген кеңшілік, еркіншілік берілсін. Сондай-ақ, оларды дүниеге мұқтаждық етпейтін, лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін заңдар шығарылсын», деп жазылса, халық ағарту мәселесіне «Нәсіліне, дініне, жынысына қарамай әркімге оқуға, білім алуға рұқсат етілсін; Қазақ балаларына басқа тілдермен бірге міндетті түрде қазақ тілі оқытылсын; Кіші дәрежелі мектептердегі оқу тегін болсын. Қазақ балаларына сабақ ана тілінде жүрсін. Бұл мектептер земстволардың қарамағында болсын; Орысша оқытатын барлық дәрежедегі мектептерде қазақ балалары үшін ислам дінінің негіздерін оқу ләзім болсын», - делінуі көп жайттерді аңғартса керек. «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» бағдарламасының кадеттер партиясының бағдарламасымен үндескен тұстарының бірі екі партияның да халықтардың өзін-өзі басқаратын земстволық мекемелерді кең көлемде енгізу арқылы жүзеге асыруды көздеуінде жатты. Дегенмен «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» кадеттермен сәйкес келмеген тұсы қазақ даласындағы жер мәселесі еді. Қазақ халқын толғандырған жер мәселесі жайында партия бағдарламасында: «Қазақ халқының жері мен суы мәңгілік өздерінікі және оған ешкімнің ортақтығы жоқ деп негізгі заңға жазылсын» деп атап көрсетілуі партия мүшелерінің патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ашық қарсылықтың белгісіне айналды және жердің жеке меншікте болуымен шектелген кадеттер партиясының бағдарламасына карама-қайшы келді. Осындай сайкессіздіктерге қарамастан отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында өмірге келген қазақ зиялыларының бұл алғашқы саяси партиясы жалпыдемократиялық мұраттарды көздеді. Осыған орай «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» саяси партияларға сай өзіндік Жарғысын да қабылдаған. Деректерге назар аударсақ осы партияның мүшелері болып табылатын Ғ.Бердиев, Х.Досмұхамедов, М.Бақтыгереев, Б.Қаратаев, И.Токбердиев, Н.Айтмұхамбетов, Ғ.Рақымбердиев, М.Мұқанов, Ү.Дүйсембин және А.Ізбасаров тоғыз тармақтан тұратын партия Жарғысын әзірлеген. Сонымен қатар, партия белсенділері өз қатарларына мүшелерді тартуға әрекеттер жасаған. Осы мақсатта 1905 жылдың соңына қарай «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» Қарасу, Шалқар, Жымпиты, сабынкөл, Қызылқоға, Соналы, Қыршығанақ, Шыңғырлау, Индер және Жетікөл болыстарындағы бас көтерер азаматтарды шақырып, жиналыстар өткізеді де



өздерінің мақсаты жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізсе, Х.Досмұхамедов пен Ғ.Бердиев Гурьев уезіне арнайы іссапармен жіберіледі. Дегенмен қазақтың тұңғыш саяси ұйымы кадеттерге қосылуға ниет танытуға ұмтылғанымен қоғамға нақтылы ықпал жасай алмайды. Оның себебі біріншіден, қазақ қоғамында жалпыұлттық негізде саяси партияның құрылуына қажетті алғышарттар пісіп жетілмесе, екіншіден, ұлыдержавалық, шовинистік бағыт ұстанған кадеттер партиясының басшылығына да қазақ жеріндегі ұлттық еркіндік пен теңдікті мұрат тұтқан саяси ұйымның дүниеге келуі соншалықты тиімді болмады. Сондықтан да олар қазақ кадеттеріне қолдау жасап, ыңғай танытпай, кадет басшылары мен қазақтың саяси ұйымының арасындағы алшақтық күн өткен сайын айқындала түсті. Осыған қарамастан қазақтың саяси элитасы кадеттерден қол үзбейді. Оған дәлел ретінде 1906 жылы С.Жантөрин, Ә.Бөкейханов, Б.Қаратаев сияқты қазақ зиялыларының осы партияға мүше болып, оның Орталық Комитетіне мүшелікке сайланады. Жалпы алғанда қазақ саяси элитасының бірінші орыс революциясы кезінде кадеттермен жақын болуының себептері олардың таптық көзқарастарына байланысты емес, қазақ қоғамының отарлық жағдайынан, ұлт-азаттық қозғалысты алға қойылған міндеттерден туындады. Сол себептен де партия құру әрекеті олардың отаршылдыққа қарсы күресте жаңа саяси күрес тәсілін меңгеру жолында жасаған қадамы деп бағалануы тиіс. Қазақ зиялыларының партия құру бағытындағы әрекетін тағы да мынадай фактіден байқауға болады. 1906 жылы 10 маусымда Семей қаласында Мемлекеттік думаға депутат сайлайтын қазақ сайлаушыларының 150-ден астам адам қатысқан жиналысы болып өтеді. Жиналыста Павлодар уезі Сейтең болысының меңгерушісі Теміргали Нүрекенов төрағалық жасайды. Жиналыста қаралған мәселелерге байланысты жергілікті газет: «...Әңгімені Ә. Н. Бөкейханов бастап, ол жиылысты «Народная свобода» партиясының программасымен таныстырып, отырғандар оған қосылу турасында қаулы қабылдады»-деп жазды. Газет жарыссөзде аталған партия туралы Шәкәрім Құдайбердиев және басқалардың сөйлегендігін айтады.

Дегенмен, отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында өмірге келген бұл алғашқы саяси ұйым жалпыдемократиялық мұраттарды көздеген жалпыұлттық дербес партия құру әрекеті ретінде бағалануға лайықты.

### §3. Халық толқуларының ауқымы мен сипаты

1905 жылғы бірінші революциясының ықпалы қазақ даласына 17 қазан манифесі жарияланғаннан кейінгі кезеңге тура келіп, осы жылдың қазан мен қараша айларында өлкедегі ірі қалалар мен елді мекендерде митингілер өтіп, одан қазақтар да тыс қалмайды. Сондай іс-шаралардың бірі 21 қазанда Омбы қаласында өтіп, бұл митингіде құқық магистрі Ж.Ақбаев патшалық билікті сынға алып, патша революциялық қозғалыстың қысымы нәтижесінде манифеске қол қойғандығы жөнінде сөйлеп, халық бұқарасының да, сондай-ақ



жандарм орындарының да назарына ілікеді. 1905 жылдың қарашада қазақтардың қатысуымен өткен Павлодар мен Қарқаралыда митингі туралы Ә.Бөкейханов былай дейді: «Павлодардағы базар алаңында бүкіл қала тұрғындары мен қырдан келген қазақтар қатынасқан митингі болды. Митингіде сөйлеген шешен «қаражүзділермен бірге қызмет істеуден бас тартып» еркіндік жариялаған күндері отставкаға шыққан бұрынғы мировой судья Ж.Ақбаев еді... Павлодардан Қарқаралығы Ж.Ақбаевтың бет алуы үгіт сапарына айналды. Жол бойы барлық жерде шешенді қырғыздардың үлкен топтары сыйлық қонақ ретінде қарсы алып, туысындай етіп шығарып салды. Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасында жетті. Ол келген күні полиция басқармасының тура қарсы алдындағы жалғыз алаңда митингі болды. Митингіде қала тұрғындарының барлығы: барлық орыс зиялылары, орыс-казактар, татарлар, сарттар және қырғыздар жиналды. Сүзекке шалдығып, жүруден қалған бір жолдасым өзін сонда апаруын өтініп, митингіге қатысты». Осы жылдың 15 қарашасында «Құрбан айт» мейрамында Қарқаралыда өткен бұл митингіні қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, К.Тоғысов, Е.Итбаев ұйымдастырған болатын. Митингіде Ж.Ақбаев, Аяғанов, Төлеңгітов сияқты қазақ зиялылары сөз сөйлегеннен кейін, оған қатысушылар Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Б.Виттеге жеделхат жолдап, онда саяси бостандықтың келгенін танытып, елге жағымсыз шенеуніктерді орындарынан алып тастауды талап етеді. Кейін митингі аяқталса да Қарқаралы өңірінің қазақтары тынышталмай, билік орындарына бағынбаушылық, ашық бой көрсетулер орын алады. Осыған орай Қарқаралыдағы митингіден соң 15 желтоқсанда Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский Семей облыстық әскери губернаторынан Қарқаралы уезіндегі тыныштықты қалпына келтіру үшін Қарқаралыға казак әскерін жіберуді сұрайды. Уез бастығының өтінішін қабыл алған Семей облысының әскери губернаторы генерал-майор Галкин 1906 жылдың 7 қаңтарында Қарқаралыға казак әскерлерін кіргізіп қана қоймай, облыс көлемінде кез келген митингілер мен жиналыстар өткізуге тыйым салатын бұйрық шығарып, оны бұзғандарды үш айға дейін абақтыға қамауға немесе үш мың сом көлемінде айып пұл салады. Дегенмен бірінші орыс революциясы жылдарында қазақ халқының арасындағы толқулардың сипаты көп жағдайда патша өкіметінің қоныс аудару саясатына наразылық таныту түрінде жүріп, аграрлық қозғалыстар қазақ даласының барлық аймақтарын қамтыды. 1905 жылы қарашада Ақмола облысының Омбы уезі қазақтары генерал-губернатордан орыс шаруаларын қоныс аударуды доғаруды талап ету үшін уездегі әрбір ауылдан Омбыға өз өкілдерін аттандырса, Ақтөбе уезіндегі қазақтар жергілікті патша әкімшілігіне жер кесу жұмыстарын жүргізуге мүмкіншілік бермеген. Тіпті Ақтөбе уезіндегі қазақ зиялыларының бастауымен Министрлер Кеңесінің төрағасы Столыпинге қоныс аударушылар үшін жер кесу жұмыстарын доғаруды талап еткен жеделхаттар жолдайды.

Қазақтардың өз жерлері үшін күресінің қарқын алып келе жатқанынана мазасызданған және қазақтардың қоныс аудару мекемелерінің арасындағы қақтығыстардың жиілене түсуіне байланысты патша үкіметі қазақтарға қарсы



жазалау іс-шараларын өткізу мақсатында өз әскерлерін аттандыруға дейін барады. Сондай жазалау іс-шараларды қолдану барысында Қостанай уезіндегі қазақтарға Ішкі істер министрінің бұйрығымен Қазан әскери округіне қарасты Пермдегі әскери бөлімде жасақталған жазалаушы әскерін жөнелтсе, Шымкент уезіндегі Шерт елді мекеніндегі қазақтарға Ташкентте жасақталған арнайы әскери бөлімін жібереді. Осындай қатал жазалауларға қарамастан қазақтар өздерінің қарсылықтарын әр түрлі амалдар арқылы тоқтатпаған. Мысалы, Көкшетау уезінің қазақтары қазына иелігіне жататын Бұланды тоғайына өрт қойса, Ақмола уезінің Спасск болысының қазақтары Спасск зауытының су бөгетін қиратуға әрекет жасайды. 1907 жылы Орал облысының казак зиялылары «Оренбургский край» және «Уральский дневник» газеттерінде «Қырғыздардан – орыстарға» деген атпен орыстарға үндеу жариялап, оларға қазақтар өздерінің патша өкіметі жүргізіп отырған қоныс аудару саясатына деген наразылықтарын білдіруге тырысады. Үндеуде орыс халқына «үкіметтің помещик жерлерін сақтап қалуды көздеп, шарулардың жер тапшылығын оларды қазақ даласына қоныс аудару арқылы жойғысы келгені айқын болып отыр» деп, қоныс аудару саясаты дөрекі түрде қазақтарды құнарсыз жерлерге, құмды, шөлейтті жерлерге ығыстырып тастау арқылы жүріп жатқанын мәлімдеп, өздерінің «Бүкіл жердің халық игілігінде болуын» қалайтындықтарын білдіреді. Қазақ халқының саяси-әлеуметтік мәселелері туралы «Үлфәт» газетінде мақала жариялаған қайраткерлердің бірі ретінде Ж. Сейдалиннің есімін ерекше атауға болады. 1906 23 наурыздағы «Үлфәт» газетінің санында Ж.Сейдалиннің «Бір қазақтың пікірі» деген тақырыптағы мақаласы жарық көрді. Оның бұл мақаласында қазақтар арасындағы дін, жер және оқу-ағарту мәселесі жайынан нақтылы мәліметтер келтірілген. Ол бұл мәселелерді қазаққа тиімді етіп шешеу үшін қазақтың бас көтерер азаматтары бас қосып жиналып, өз ара ақылдасуы керектігін алға тартып, қазақтарды осындай бір съез өткізуге шақырады. Ол өзінің бұл пікірін былайша білдіреді: «Торғай, Ақмола, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарындағы қазақтардың адамдары, өкілдері бір жерге жиналғаны керек. 7 миллион қазақтың бас адамдары бір жерге жиылса, бір бірімен танысса, сөзін бір жерден шығарса, бөлінген қазақты біріктірсе кез келген істің шешімі табылар еді». Отарлық жағдайда өздерінің мүддесін қорғауға қызмет ететін қоғамдық-саяси ұйым құруға мүмкіндік берілмегеніне қарамастан түркістандық зиялы қауым өкілдері ендігі жерде түрлі үйірмелер құрып, соның жиналыстарында қалыптасқан саяси ахуалға байланысты әрекет етуге кірісті. Сол тұста Жетісу өлкесіндегі жергілікті халықтарының қоғамдық-саяси өміріне қайырымдылық көрсету мақсатында Верный, Пішпек, Әулиеата секілді тағы басқа қалаларда 1908 жылдары қалыптасып, бой көтерген «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын мұсылмандық үйірмелер де өз ықпалын тигізді. Полиция департаментінің Түркістан аудандық күзет бөліміне тыңшылар арқылы келіп түскен мәліметтердің бірінде аталмыш үйірмелер жайлы былай делінген: «Жетісу, Ферғана және басқа да облыстарда «Гап», әрі «Машраб» деп аталатын үйірмелер бар. Верныйда мұндай үйірмелер оннан астам. «Машрабқа» ұлтына



жасына, кәсібіне қарай кем дегенде 17-20 адам тартылады. Үйірме мүшелері апта сайын 20 тиыннан жарна төлейді. ... Әр жексенбіде үйірме мүшелері жиналып, үйірменің атқарар жұмыстарын талқылайды». Патша үкіметі мұсылмандық үйірмелер жергілікті халықтар арасында орыс билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізуде, өлкедегі қазақтардың және оған бауырлас қырғыздардың толқуларына түрткі болуда деп, олардың қызметін тыңшылар арқылы бақылауға алды. Тыңшылардың жеткеруі арқылы Верныйдағы И. Нығматуллин, М. Нұрмұхамедов, М. Максумов, Р. Әбдірахманов, М. Мірахметов, К. Сәлімжанов, Ж. Махмутбеков деген адамдар кірген «Машраб» үйірмесінің жиынында патша өкіметінің жүргізіп отырған саясаты, әсіресе, Жетісуға орыс шаруаларының қоныс аударылуы, қазақтар мен қырғыздардың иелігінен орыс шаруаларына деп кесіліп алынып жатқан жер мәселесі және орыстандыру мен шоқындыру бағытындағы үкіметтік шаралардың барысы жиі талқыланатындығы жайлы билік орындары хабардар болды. Соған орай, үйірменің жетекшісі Ж. Нығматуллин жергілікті билік орнының шешімімен өкіметке қарсы әрекет жасауда деген айыппен тұтқындалып, абақтығы жабылды. Верныйдағы жандарм бөлімшесі қаладағы тағы бір «Машраб» үйірмесіне тексеру жүргізіп, оның жетекшісі А. Мухамедшиннен үйірменің жұмысын доғартуды талап етеді. Әйтпесе, оған үйірме мүшелерінен заңсыз жарна жинаған деген айып тағылатындығын ескерткен болатын. «Машраб» үйірмелеріне билік орындарының бұлайша шүйлігуінің де өзіндік себебі бар еді. Өйткені, сол кезде билік орындарына тыңшылар арқылы «Машраб» үйірмелерінде патша өкіметінің орыс шаруаларын Түркістан өлкесіне қоныс аудару жайы, соның салдарынан жергілікті халықтың шұрайлы жерлерінен айырылып жатқандығы және оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясаты жиі талқыланатындығы мәлім болған еді. Сондай-ақ қазақ халқының жер мәселесіне байланысты мұң-мұқтажын қорғауда белсенділік танытып жүрген көрнекті қазақ қайраткері Б. Сыртановтың да А. Габдулвалиев жетекшілік ететін «Машраб» үйірмесімен байланысы барлығынан да жергілікті билік орындары тыңшылар арқылы хабардар тұғын. Жетісу өңіріндегі «Машраб» үйірмелеріне де жергілікті әкімшіліктің шүйлігіе түскенін Түркістан аудандық күзет бөлімінің Поиция департаментіне мынандай мазмұндағы мәлімдеме жолданынан да аңғаруға болады: «Пішпекте адвокат Ахметбек Қойбағаров, көпес Дауылбаев, Сейіткәрім Мырзабаев, бұрынғы тілмәш Найзабек Тулин, талқан болыстығынан Ахмет Құдайбергенов, Токмақтың тұрғыны Ташмұхамед Бикаев Оренбург пен Троицкіден үкіметтің көшпелі халықтан жер кесіп алуын ашық айыптайтын мақалалар жариялауымен танылған «Айқап», «Ақмолла» және «Вақыт» секілді мұсылмандық басылымдарды алып тұрады. Бұл басылымдардағы жағымсыз мақалалардың авторлары – Орынбордағы Қаратаев пен Троицкідегі Сералин. ... Тыңшылардың айтуынша, Орынбор мен Троицкіден алынған басылымдар жасырын түрде Пішпектегі «Машраб» үйірмелерінде оқылатын көрінеді». Жетісу облыстық әкімшілігінің жергілікті халықтың толқуларына тосқауыл қоюға деген талпынысына қарамастан «үкіметтік тәртіпке» қарсы бағытталған үгіт-насихат жұмыстары тыла



қоймады. Әскери министрлікке Түркістан өлкесінен келіп түскен мәлімдемелерге қарағанда Жаркент, Верный және Пішпек уездерінде қолға қару алып, билік орындарына ашық қарсылық көрсетуге үндеушілер саны күннен күнге арта түскен және қазақтар мен қырғыздардың Түркістан өлкесіндегі орыс тұрғындарын өз жерлерінен ығыстырып тастау мақсатында оларға қауіп төндіріп тұрғандығы жайлы отарлық билік орындарына мәліметтер ағылумен болды. Бірінші орыс революциясының Түркістан өлкесіндегі жергілікті халыққа тигізген ықпалы туралы еңбек жазған Е.Федоровтың көрсетуінше, сол кезеңде өлкенің көшпенді халықтары арасына жасырын түрде қару таратылып жатқаны туралы мәлімет алған билік орындары 1898 жылы Әндіжан оқиғасы қайталанғалы жатыр, егер ол қайталана қалса, оған өлкедегі қазақтар, өзбектер, қырғыздар тегіс тартылуы мүмкін деп қауіптенген. Патша өкіметі Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздардың «үкіметтік тәртіпке» қарсы әрекеттеріне тосқауыл қоюды 1907 жылы 3-маусымдағы патша жарлығынан кейін күшейте түсті. Столыпиндік реакция кезінде жер кесу жұмыстарына қарсылық танытқан қазақ және қырғыз қауымдары қуғындалып, олардың жерін тартып алу ашық жүргізіле бастады. Алайда осыған қарамастан қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері арасындағы байланыс үзілмей, олардың бірлесе отаршылдық саясатқа қарсы әрекет етулері жалғаса берді. Оған 1910 жылы 21-қазанда қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдерінің қатысуымен өткен Ұзынағаш съезі дәлел бола алады. Жетісу облысына қарасты қазақтар мен қырғыздардың өкілдері бас қосқан бұл съезд Верныйға таяу жердегі Ұзынағаш елді мекені маңында өтуіне байланысты жандармерия құжаттарында Ұзынағаш съезі деп аталады. Сондай-ақ ол құжаттарда съезді ұйымдастырушылар ретінде көрнекті қазақ қайраткерлері Барлыбек Сыртанов, әйгілі қазақ шешені, Верный уезіне қарасты Қалғұты болыстығының бұрынғы басқарушысы, прапорщик Ноғайбай Дәулетбақовтың, сол тұстағы қырғыздардың көшбасшысы ретінде танылған Шабдан Жантаев пен Дүр Сауранбаевтың есімдері аталады. Ұзынағаш съезіне қатысушылар патша өкіметінің отаршылдық саясатының қазақтар мен қырғыздарға тигізіп отырған ауыртпалықтарын айыптап, бірінші кезекте орыс шаруаларының өнірге қоныс аударылуын доғару жолдарын қарастыру керек деген ұйғарымға келеді. Съезде Жетісу облысына орыс қоныс аударушыларын орналыстыруда және оларға деп жер кесуді доғарту туралы патшаға өтініш түсірту керектігін, ол үшін Петербургке арнайы делегация жіберу, оған кететейін шығынды жабу үшін әр болыстықтан ақша жинау және делегация мүшелері Бұқар әмірінен патшаның қабылдауына кіруге көмек көрсетуді сұрасын деген шешімдер қабылданады. Съезге қатысушылар Петербургке баратын делегация құрамына кімдердің енуі керек екендігі мәселесін де қарастырып, оның құрамы екі адамнан – Б.Сыртанов пен Д.Саурамбаевтан тұрсын деп шешеді. Бұл съездің өткізілуінен және онда қабылданған шешімдер жайлы билік орындары дер кезінде хабардар бола алмағанына қарамастан, съезд шешімдерін орындау жолындағы әрекеттеріне тосқауыл қою жолын қарастырып, съездің депутациясын Петербургке аттандырмауға бар күшін салды. Ұзынағаш съезінің



шешімдерін насихаттап, оның маңызын түсіндіруге әкімшілік орындарында тілмаштық қызмет атқарып жүрген ұлттық саяси элита өкілдері де атсалысты. Патша өкіметінің «Қара» деп аталатын бүркеншік есімдегі тыңшысының жандермеяға берген мәлідемесінде Жетісу облысындағы қазақтардың саяси қозғалысына орта дәрежелі білім алып, әкімшілік орындарда төменгі дәрежеде қызмет атқарып жатқан Тымбай Серікбаев, Найзабек Тулин, Дүр Саурамбаев, Мәмбетәлі Мұраталин, Ибраһим Жайнақов, Ермұқамед Аблайханов секілді қазақ халқының зиялы қауым өкілдері жетекшілік етіп жүргенін атап көрсеткен. Сондай-ақ мұрағат құжаттарында аталмыш қайраткерлерге Б.Сыртановтың нұсқау беріп отыратындығы жайлы да мәліметтер бар. Әулиеата уезінің қазақтары да өздерін толғандырған мәселелерді, әсіресе орыс үстемдігінің езгісіне қарсы күресу жайын қарастыру үшін 1910 жылы жазда съезд өткізуге әрекет жасайды. Әулиеата қаласындағы мешіттердің бірінде шақырылған бұл съезге қатысуға уездің белсенді азаматтары жиналып, съез өз жұмысын бастаған кезде уездік басшылыққа тыңшылардың бірінен бұл жайлы мәлімет түседі. Уезд бастығы қазақтар жүздігімен съез өтіп жатқан мешітке келіп, оған жиналғандарды қуып таратады. Әулиеата уезі бастығының Сырдария облысы әскери губернаторына жолдаған мәлідемесінде бұл съезді ұйымдастыруда мұсылмандықты қабылдап, Аспара болыстығындағы бір байдың қызына үйленген Владимир деген орыстың аса белсенділік танытқандығы және съезде орыс билік орындарын қуып шығу мен жергілікті халықтың өзін-өзі басқару мекемелерін құру күн тәртібіне басты мәселе етіліп қойылғандығы көрсетілген. Қазақтың ұлттық саяси элитасы өкілдері патша өкіметінің отарлық саясатына бірлесе қарсылық көрсетудің жолдарын қарастыруда съезд өткерудің қиындықтарын да ескерді. Сондықтан да мұндай мәселелерді талқылауға ыңғайлы жағдайларды пайдалануға тырысты. Мәселен, 1911 жылы маусымда бақилық болған әйгілі Н.Дәулетбақовқа Қордай өңірінде ас берілгенде оған келген қазақтардың бас көтерер азаматтары отарлық билік жағдайында жергілікті халықтың құқықтарын қорғау жолын талқылап, бұл істе бірлесе әрекет етуге уағдаласқан. Н.Дәулетбақортың асына қатысқандардың ішінде Жетісу өңіріне кеңінен танымал мынадай қайраткерлер болған: Пішпек уезінің Тынай болыстығынан Д.Сауранбаев, Верный уезінің Шамалған болыстығынан М.Измайлов, Үлкен Алматы болыстығынан Б.Әшекеев, Қордай болыстығынан Е.Базаров, Бәйтік болыстығынан Ә.Байсалов, Шу болыстығынан Ә.Қозыбеков, Шығыс Қастек болыстығынан Ш.Құдайбергенов, Ботбай болыстығынан Ө.Танкин. Мұндай бас қосулар кезінде Ұзынағаш съезінің шешімі бойынша патшаға өтініш білдіру арқылы қазақтардың жер мәселесінен туындаған мұңын жеткізуге талпынған Б.Сыртанов әрекетінің сәтсіздікпен аяқталуының себептері де талқыланып, ендігі жерде ресейлік өзге түркі-мұсылман халықтарымен бірлесе әрекет ету қажеттіктері де қарастырылған-ды. Сондай-ақ, Н.Дәулетбақовтың асына жиналғандар арасында М.Дулатовтың 1909 жылы Уфа қаласында жарық көріп, 1910 жылы екінші рет басылып шыққан әйгілі «Оян, қазақ» атты шығармасы да насихатталған болатын. М.Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасы сол кезде Верныйдағы Ахмет-Кәрім Зейнуллиннің кітап



дүкені арқылы өңірдегі зиялы оқырмандар арасына кеңінен тарлаған. Бұл жөнінде көрнекті тарихшы-ғалым К.Нұрпейісов былай деп жазады: «1910-1911 жылдары Алматыда «Оян, қазақты» оқып, ондағы өлеңдерді жағтап алып халыққа таратушылар қатарында Жетісудағы белгілі тілмәш, жергілікті патша әкімшілігіне жақын жүретін Қойсерке Токсанбаевтың, Қалмұхамед Қадырбаевтың, Мырзахан Төлебаевтың, Түленбек Теміровтың, т.б. адамдардың есімдері аталады. Мұндай адамдар Қазақстанның басқа аудандарында да аз кездеспеген. Жоғарыда айтылғаннан мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ» Қазақстанның барлық аймақтарына кеңінен тараған, оған кітаптың қазақ өлжесінің алыс өңірі Алматыға дейін жетіп, жергілікті кітап дүкені арқылы оқырмандарға таралғандығы дәлел. Екіншіден, Қазақстанның Жетісу өңірі сияқты басқа аймақтарында айтарлықтай зиялы қауым болған. Осы қауым «Оян, қазақты» өздері ғана оқумен шектелмей, оның мазмұнын халық арасында мүмкіншіліктері жеткенше кеңінен насихаттаған. Үшіншіден, «Оян, қазақтағы» жалпы демократиялық талап-тілектер жергілікті халық ішінде отаршылдыққа қарсы саяси хал-ахуал қалыптастыруға қызмет еткен. Сондықтан да патша әкімшілігі ол кітапты патшалық тәртіп үшін зиянды шығарма деп бағалап, оны тұтқындаған». Түркістан өлкесінде «Оян, қазақтың» таралуына отарлық билік орындары жол бермеу үшін оны ұлттық саяси элита өкілдерінен тәркілеу шарасын жүзеге асыруды қолға алды. Осы мақсатта Б.Сырғанов, Д.Сауранбаев секілді т.б. қазақ және қырғыз қайраткерлерінің үйлеріне тінту жүргізілді. Мұндай тінту шаралары билік орындары күткендей нәтиже бере қоймады. Дегенмен, осы жерде жандармерия адамдарының Б.Сырғановтың үйінде тінту барысында билік орындарына көңіл аударатындай құжаттар табылады. Бұл құжаттардың қатарында Жетісу облысы қазақтарының толқуы себептеріне қатысты Б.Сырғановтың Түркістан генерал-губернаторы мен әскери министрдің атына жолдаған хат мәтінінің көшірмесі, сондай-ақ қазақтардың жер мәселесіне байланысты Б.Қаратаевтың Ә.Бөкейхановқа жолдаған хатының көшірмесі бар еді. Осылайша бірінші орыс революциясы жылдары патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халық толқулары барысында қоныс аудару саясатына наразылық таныту басымдылық танытты. Жалпы осы кезеңдегі қазақтардың толқулары азаттық қозғалыспен үндесіп жатты. Сөйтіп, қазақ халқы өзінің жерінде отарлық биліктің салтанат құруына барынша қарсылық көрсетті.



**ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТІҢ ЖАЛПЫРЕСЕЙЛІК  
АЗАТТЫҚ ҚОЗГАЛЫСҚА ТАРТЫЛУЫ**

**§1. Қазақ даласындағы жәдидшілдік қозғалыстың  
таралуы және оған жергілікті халықтың тартылуы**

Ресей империясы өңірге толық орнығып алғаннан кейін оны мәдени-рухани жағынан отарлау шараларды жүзеге асырып, «Мұсылмандардың ым-жымын білдірмей, мүмкіндігінше көзін құрта беру керек», - деген құйтұрқы бағытты ұстанған патша өкіметі озбыр отаршылдық саясатын бұрынғыдан да қарқынды жүргізді. Отарлаушылардың мұсылмандардың мемлекеттік рухын қалайда жою ниетінде, олардан ұлттық санасын тұмшалап, дінінен, тілінен, дәстүр-салтынан айыру бағытындағы ұйымдастырылған шараларды іске асыруға ұмтылды. Алдымен мұсылман халықтарын түгелдей шоқындырып, орыстармен сіңістіріп жіберу мәселесіне шешуші мән берді. Патша өкіметі отарлау үрдісі барысында орыс-православиялық үстемдікке қарсы ислам дінінің қорғаныс-ұйытқылық, рухани-қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан да ислам дінінің мұсылман халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға үлкен ынта қойды. 1868 жылы қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарауынан шығарылып тасталғанда осы мақсат көзделді. Бұл жөнінде 1905 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы атынан Ішкі істер министрлігіне жолданған «Дала өлкесіндегі ислам жағдайы жөнінде» атты баянхаттанқоруге болады: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігінде қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырып, бұл мәселеде ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды ерекше қамқорлықтағы халық ретінде көрсетіп, өлкеде мерейлерін үстем еткендей болды. Алайда, татарлар қазақтарға «өкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздің бас қосуымызға бөгет болды» дегенді мойындатты. Өлкені басқаруға келген алғашқы жылдары да татарлардың мешіттерді қапталу арқылы қазақтарды татарға және кәдімгі мұсылмандарға айналдыру үшін не өз алдарына діни орталық жасауға, не болмаса Орынбор мүфтилігіне бағындыруға үгіттеуде». Патшалық Ресейдің мақсатын сезінген халық, соның ішінде қазақтар патша өкіметінің орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы күреске аттанады. Яғни, осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастайтын жана тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш қажет болды. Мұндай күш – алғашында ана тілінде сауат ашып, өз ұлтының тарихы мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, кейіннен орыс оқу орындарында білім алып, патшалық отарлау аппаратында қызмет жасаған, қазақ, татар халықтарының зиялылары еді. Міне осы кезеңнен бастап өздерін



«жәдидттер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келеді.

Жәдидшілердің ағартушылық реформалары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Олар баспасөз беттерінде: «Біз мұсылман халықтарының өзінің завод, фабрикаларымен қатар дамыған оқу орындары болып, олардың ерікті, әрі өркениетті, болғанын қалаймыз»-деп басқа елдер секілді тәуелсіз өмір сүруін аңсаған. Ал патша өкіметі болса бұл идеяға қарсы шығып, «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып, жете алады»-деген пікірде болды. Жәдидшілер бұл пікірге қарсы шығып, ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеуге тырысты. Яғни отарлық езгідегі түрік тілдес мұсылман халықтарының ерікті, өркениетті болуын, басқа азат халықтармен тең тұруын қалады және олардың қызметі үш бағыттан тұрған: жаңа оқу әдісіндегі жәдидтік мектептер ашу арқылы ұлттық рух пен сана-сезімді көтеру; дарынды, жігерлі жастарды шетелдерде оқыту, қайырымдылық қорларын құру және ұлттық басылымдар шығару арқылы мықты саяси партия құруға әзірлеу. Жәдидшіл ілімнің негізін Маржан қаласында дүниеге келген Шаһабуддин Бағауиддинұлы қалайды. Ол араб, парсы, түрік елдерінде болып, отанына қайтып келген соң жәдидтік бағыттағы Қазаннан «Ғалия» медресесін ашады. Ш.Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы оны одан әрі дамытып, орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізеді. Яғни, бүкіл түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында аянбай еңбек етеді. Әсіресе Исмағұл бек Гаспралы түрікшілдіктің басында тұрады. Оның жәдидтік ілімі казак даласында мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы тарады. Патша үкіметінің түркі-мұсылман халықтарының бойындағы мемлекеттік рухты жою ниетінде, олардың ұлттық санасын тұмшалау, тілінен, дінінен, дәстүр-салтынан айыру бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыруға ұмтылуы татар халқының әйгілі ұлдарының бірі саналатын Әбдірашид Ибрагимовты де бей-жай қалдырмады. Әбдірашид Ибрагимов өмір жолдары казак даласымен тығыз байланысты. 1876-1879 жылдар аралығында ол Ақмола облысының Петропавл қазақтары арасында молдалық етіп, қазақ балаларын оқытады. Ә.Ибрагимов та патша үкіметінің тарапынан қатаң бақылауға алынғаннан кейін, Түркияға кетуге мәжбүр болады. Бірнеше жыл шетелде жүріп, жас түрік қозғалыстарын өз көзімен көріп, мол тәжірибе жинақтағаннан кейін, 1885-1891 жылдары туған қаласы Тараға оралып, имам болады. Ол оқу-ағарту саласында жәдидшілдік оқу әдісін енгізу қажеттігін баса айтқандардың бірі болды. 1892 жылы Орынборға келіп, 1895 жылға дейін мұсылман діни басқармасына мүше болып сайланады. Қазак жерінің дін иелерімен тығыз байланыста болып, оларды Орынбор мұсылман діни басқармасына қарауға бар күшін салды. Алайда, патша шенеуніктерінің қысымынан қайтадан Стамбул қаласына еріксіз кетуіне тура келді. Түркияда ол бірнеше кітаптары мен патша өкіметінің отаршылдық



саясатын сынға алып жазған мақалаларын жариялады. Әсіресе, оның 1895 жылы шыққан «Шолпан жұлдыз» атты кітабы мұсылман халқын азаттық жолға үндеген, мұсылман-түркі халықтарының саяси жағдайын көтерген бірден-бір еңбек болды. Патшалық Ресейдің саяси, экономикалық, әлеуметтіке және мәдени-рухани отарлауына қарсы азаттық қозғалыстың татарлар арасында қалыптасуы заңды құбылысқа айналып, ерте отарланған татар ұлтының зиялылары жаңаша күрес бағытын қалыптастыруда зор рөл атқарды. Сондықтан да патша өкіметі татарлар мен қазақтарды араластырмауға барлық күшін салады. Әсіресе татарларды барлық жерде қатаң бақылауға алып, олардың еркін-еркін жүріп тұруына, қазақ жеріне келуіне барлық кедергілер жасайды. Сондай-ақ, Ресейдің отарлық саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалыстың бастаушы ұлт зиялыларының түрікшілдік бағыт ұстануына ұлы түрік рухының өлмегендігі, ғасырлар қойнауынан бері қарай түрік халықтарымен бірге жасасып келе жатқан азаттық ойдың санада сақталып келе жатқандығы негіз қалады. Түрік халықтарының, оның ішінде қазақ халқының отарлық езгіге түсіп, күйзелген дәуірде олардың арасында бұрынғы азаттығы мен ұлы мемлекет болып тұрған кезенді аңсау, ерлікті дәріптеу, өткенді мадақтау өріс алды. Жәдидтік мектептерге мамандар даярлауда Уфадағы, Орынбордағы және Қазандағы медреселер елеулі рөл атқарып, қазақ даласында екі бағыт арқылы – Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының мәдени-ағартушылық қызметімен таралды. Соның ішінде Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдидтері үлкен үлес қосты. Бұл мектептерде оқитын мұсылман халықтарының балаларымен бірге қазақ жастарының да саны жыл өткен сайын арта түсті. Сондай-ақ жоғарыда аталған қалалардағы медреселердің ұстаздары мен шәкірттері қазақ даласында көшпелі жәдидтік мектептер ашып, қазақ балаларына білім таратты. Осындай көшпелі мектептердің ашылуына байланысты орыс-түзем мектептеріндегі қазақ балалары оқуларын тастап, жәдидтік көшпелі мектептерде білім алуға ынта көрсете бастады. Дегенмен отаршыл патша әкімшілігі мен орыс миссионерлер түрікшіл жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметін үнемі бақылауда ұстады. Өйткені Түркістан генерал-губернаторлығында кеңінен өріс алған жаңа әдісті мектептер патша өкіметінің үрейін алды. Өздерінің отарлық саясатына қарсы бағытталған жаңа тұрпатты әлеуметтік күш қалыптастырған қозғалысқа «жаңа ағым» деген атау бере отырып, оның мәні мен мазмұнын тануға бар күштерін салып, қазақ даласында жәдидтік мектептер ашып қазақ балаларын оқытып жатқан татар молдаларының үстіне шағымдар түсіріп, былай дейді: «Қазіргі уақытта қазандық және басқа да татарлар бәле болды. Олар орыс мәдениетінің нағыз жаулары, қарсыластары ретінде, өздерінің зиянды ықпалдарымен, діни уағыздарымен, сондай-ақ түрлі басылымдары арқылы тыныш жатқын қазақтарды азғындық жолға түсіруге тырысуда». Қазақ даласында мектептер ашқан татарлар қазақ балаларын патша өкіметіне қарсы тәрбиелеп отыр деген желеумен елден қуып, олардың қазақтардың арасына келуіне шек қояды. Бірақ патша әкімшілігі қазақ халқының ұлттық сана-сезімнің оянуын барынша тұншықтыруға тырысып, жәдидтік қозғалысқа қарсы күресте өзінің барлық



күшін жұмылдырғанымен одан елеулі нәтиже шығара алмайды. Оның көрінісін XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында ашылған жәдидтік ұйымдардың қызметінен көруге болады. Мұндай ұйымдардың бірі «Жамиғати мағариф» (Ағарту қоғамы) еді. Аталған ұйымның бөлімшелері Қазақстанның бірнеше қалаларында, соның ішінде Перовскіде ашылып, жұмыс жасады. Ол мектептер мен медреселерде оқитын қазақ жастарына жәрдем беріп, әр түрлі кітаптар шығарып, оны таратқан. Түркістан өлкесіндегі түрікшілікті қозғалысының негізін қалауда Мұнаууар қари Абдурашидханов зор рөл атқарады. Ол Бұқара қаласындағы діни оқу орнын бітірген соң, өз махалласындағы Дархан мешітінің имамы болады. 1901 жылы Мұнаууар қари өз ауласында Ташкент махалласындағы алғашқы жәдидтік мектебін ашады. Жәдидтік білім алуды қолдамайтын орыстар бұл мектепке балалардың баруына барынша кедергі жасайды. Сол себептен патша өкіметі 1906 жылы 31 наурызда «Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі түз халықтарының бастауыш училищелері туралы ереже», қабылдап, бүкіл мұсылмандық оқу орындарын Халық Ағарту министрлігіне қаратады. Түркістан генерал-губернаторлығының аумағында күшіне енген бұл ережеге қарсы мұсылман халқы наразылығын білдіре бастайды. Әсіресе, ереженің екінші тармағында көрсетілгендей мұсылмандардың араласып оқуына тиым салу мәселесі мұсылмандардың жағдайын қиындатып жібереді. Сондықтан жәдидшіл мектептер ұйымдастырушылары қызметін жалғастыру мақсатында оқу инспекторларына оқушылардың тізімін ұсынғанда, олардың бір ұлттан шыққандығы көрсетіліп, орыс тілі оқытушының мұсылман болуын талап еткен. 1908 жылы Мұнаууар қари Шухрат атты газет шығарып, Ресей империясындағы басқару жүйесін ұнатпайтындығын ашық білдіреді. Онда ол «Біздерді, мұсылмандарды, тұтқын шынжырынан азат ету үшін бір-ақ нәрсе қажет. Ол біздерді және балаларымызды ағарту». Сонымен қатар «Шухрат» газетінің қызметкерлері Мұнаууар қари басшылығымен темір жол жұмысшыларының комитеттерімен тығыз байланыс орнатып, патша үкіметіне қарсы листовкалар мен ұрандар таратады. Осыған байланысты патша өкіметі газетті жабады. 1913 жылы ақпан айында молда Абдул-Мәлік-қожа Абдунабиевтің пәтерінде «панисламистердің» жиналысы өтіп, онда Ресейден азаттық алу үшін жүргізілетін күрес тәсілдері талқыланады. Оған Мұнаууар қари да қатысады. XX ғасырдың басында Мұнаууар қаридың әрекетін Абдулла Ауляни, Убайдолла Қожаев, Кәмилбаев және Кәрімбек Нәрбековтер, Тасболат Нарботабеков және тағы басқа да жәдидтер қолдайды. Олар 1909 жылы тамызда Сырдария облысындағы материалдық және рухани көмекке мұқтаж мұсылмандарға қаржылай көмек көрсету мақсатында Ташкент қаласында «Көмек» мұсылмандар қоғамын құрып, сол жылы өз Жарғысын бекітеді. Жарғы бойынша қоғам Сырдария облысында өз бөлімшелерін ашады. Қоғамның құрылтайшыларына Ташқожа Тұяқбаев, Низан-Қары Молда Хусайнов, Молда Абдулла Авлянов, Мұнаууар қари Абдурашидханов, Баширулла және Асадулла Ходжаевтар кіреді. Осы аталған жәдидшілердің бастамасымен XX ғасырдың басында Сырдария облысында жаңа әдісті мектептер көптеп ашыла бастайды. Олардың арасында



Әулиеата қаласында «Шамсие» мектебі, Қазалы қаласында «Хусаинов» татар мектебі, Перовскі қаласында ашылған «Шағи Ахмет Валиуллин» атты жаңа әдісті мектеп және тағы басқа мектептер мұсылмандардың балаларына білім берген. Ал жалпы Сырдария облысында білім берген жәдидшіл мектептердің санына келетін болсақ, 1914 жылға дейін 16 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 1650 шәкірт білім алған. Атап көрсетсек, Әулиеата қаласында 2 жаңа әдісті мектеп, Перовскіде 3 мектеп, Қазалы қаласында 3 мектеп, Шымкент қаласында 2 мектеп, Түркістан қаласында 1 жаңа әдісті мектеп болған. Ал қалған мектептер көшпелі жағдайда қызмет атқарған. Жәдидтік мектептердің түрік халықтарының азаттығы жолында қандай ағартушылық рөл атқарғандығын Түркістан өлкелік оқу орындары басқармасында жіберілген мәліметтегі. «мемлекет үшін мұсылман мектептерінің автономиялығы қауіпті болып табылады» деген мазмұндағы пікірден тануға болады. Орыс әкімшілігінің бұл ұстанымы жаңа әдісті мектептердің дамуына тосқауыл болды. Олар жаңа әдістегі мектептердегі кез-келген кемшіліктерді сылтауратып, оны жауып тастап отырды. Қазак жеріне келген миссионерлер қазақтарды татарлардан бөлектеп ұстауды мақсат тұтты. Өйткені, татарлар қазақ балалары оқыған мектеп, медреселерде сабақ беріп, тілмаштық және тағы басқа қызметтерді атқарған еді. Жәдидшілдік қозғалысқа кадимшілер қарсы келіп, олар патша үкіметінің саясатын қолдады. Патша үкіметі де жәдидшілер мен кадимшілер арасына от жағып, бір-біріне айдап салып отырды. Панисламдық және пантүрікшілдік қозғалыстың лидерлері түркістандық жәдидшілдермен тығыз байланыста болып, өздері Түркістанға келді немесе агенттерін жіберіп отырды. И. Гаспринский 1896 және 1907 жылдары Түркістанға келіп, жәдидшілдік қозғалыстың лидерлерімен кездескен. Сондықтан түркістандық жәдидшілдер И. Гаспринскийді өздерінің ұстазы санаған. Сол тұста Жетісудағы жергілікті халықтардың қоғамдық-саяси өміріне қайырымдылық көрсету мақсатында Верный, Пішпек, Әулиеата секілді тағы басқа қалаларда 1908 жылдары қалыптасып, бой көтерген «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын мұсылмандық үйірмелер де өз ықпалын тигізді. Полиция департаментінің Түркістан аудандық күзет бөліміне тыңшылар арқылы келіп түскен мәліметтердің бірінде аталмыш үйірмелер жайлы былай делінген: «Жетісу, Ферғана және басқа да облыстарда «Гап», әрі «Машраб» деп аталатын үйірмелер бар. Верныйда мұндай үйірмелер оннан астам. «Машрабқа» ұлтына, жасына, кәсібіне қарай кем дегенде 17-20 адам тартылады. Үйірме мүшелері апта сайын 20 тиыннан жарна төлейді. ... Әр жексенбіде үйірме мүшелері жиналып, үйірменің атқарар жұмыстарын талқылайды». Патша үкіметі мұсылмандық үйірмелер жергілікті халықтар арасында орыс билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізуде, өңірдегі қазақтар мен қырғыздардың толқуларына түрткі болуда деп, олардың қызметін тыңшылар арқылы бақылауға алды. Тыңшылардың жеткеруі арқылы Верныйдағы И. Нығматуллин, М. Нұрмұхамедов, М. Максумов, Р. Әбдірахманов, М. Мірахметов, К. Сәлімжанов, Ж. Махмутбеков деген адамдар кірген «Машраб» үйірмесінің жиынында патша өкіметінің жүргізіп отырған саясаты, әсіресе, Жетісуға орыс шаруаларының



қоныс аударылуы, казактар мен қырғыздардың иелігінен орыс шаруаларын деп кесіліп алынып жатқан жер мәселесі және орыстандыру мен шоқындыру бағытындағы үкіметтік шаралардың барысы жиі талқыланатындығы жайлы билік орындары хабардар болды. Соған орай, үйірменің жетекшісі Ж.Нығматуллин жергілікті билік орнының шешімімен өкіметке қарсы әрекет жасауда деген айыппен тұтқындалып, абактығы жабылды. Верныйдағы жандарм бөлімшесі қаладағы тағы бір «Машраб» үйірмесіне тексеру жүргізіп, оның жетекшісі А. Мухамедшиннен үйірменің жұмысын доғартуды талап етеді. Әйтпесе, оған үйірме мүшелерінен заңсыз жарна жинаған деген айып тағылатындығын ескерткен болагын. «Машраб» үйірмелеріне билік орындарының бұлайша шүйлігуінің де өзіндік себебі бар еді. Өйткені, сол кезде билік орындарына тыңшылар арқылы «Машраб» үйірмелерінде патша өкіметінің орыс шаруаларын Түркістан өлкесіне қоныс аудару жайы, сонымен салдарынан жергілікті халықтың шұрайлы жерлерінен айырылып жатқандығы және оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясаты жиі талқыланатындығы мәлім болған еді. Сондай-ақ қазақ халқының жер мәселесіне байланысты мұң-мұқтажын қорғауда белсенділік танытып жүрген көрнекті қазақ қайраткері Б. Сыртановтың да А. Габдулвалиев жетекшілік ететін «Машраб» үйірмесімен байланысы барлығынан да жергілікті билік орындары тыңшылар арқылы хабардар тұғын. Халық арасында «Шабдания» мектебі деп аталған, Ш.Жантаев салдырған мешіт жанында ашылған оқу орнында татар мұғалымдарымен бірге Орал облысына қарасты Темір уезіндегі Ембі болыстығының Нұртілеу Молдағазин деген қазағы да ұстаздық етіп, ондағы қырғыз балаларына жәдидше білім беру ісімен айналысқан. Мұның өзі ХХ ғасыр басында екіленіп алған жәдидтік қозғалыс арнасына қазақтардың да тартылып, бұл қозғалыстың алдына қойған мақсатын жүзеге асыруға араласқанын айғақтайды. Ш.Жантаевтың жаңа оқу әдісіндегі оқу орнын ашуын Қапалда осындай «Мамания» мектебін ашқан Тұрысбек және Есенқұл Мамановтар халық арасындағы игілікті істің жарқын көрінісі деп бағалады. «Мамания» мектебінде көрнекті қазақ қайраткері Габдолғазиз Мұсағаплиев меңгеруші болып қызмет етті, әрі «Ислам тарихы» және «Түрік-татар тарихы» пәндерінен дәріс берді. Қазандағы Апанаев медресесінде және Каирдағы әл-Қаһир университетінде білім алған Ғ.Мұсағалиев «Айқап» журналының тұрақты авторы болуымен қатар бұл журналды Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар арасында насихаттаушы ретінде де танылды. «Жәдидшілдік» қозғалыс Дала генерал-губернаторлығына қарасты Ақмола мен Семей облыстарында да кең өріс алған. Сондықтан патша үкіметі бұл облыстардағы мұсылмандық қозғалысты ауыздықтау науқанына белсене кіріскен. Патша үкіметінің бұл науқанды тізіміне бірінші болып Көкшетау қаласындағы қазақ мешітінің молдасы Наурызбай Таласов (Науан Хазірет) пен оның көмекшісі Шаймерден Қосшығұлов ілікті. Өйткені бұл екеуі қазақ арасындағы діни бостандық мәселелерін қозғап, жергілікті патша әкімшіліктеріне бірнеше рет арыс түсірген. Туған халқының жоқшысы болып жүрген осы екі азаматқа жергілікті патша әкімшілігі өз жауларына қарағандай, сондарынан тыңшы салып, арнайы



бақылауға алды. 1902 жылы шілдеде Ш.Қосшығұлов тұтқынға алынды. 1903 жылы 1 ақпанда Павлодар уезінің Қызылту болысының №2 крестьян басқармасының писары Размазин Семей облысының әскери губернаторына жолдаған рапортында, болыс бастығы Қабылбек Асылбековтың Петропавл қаласынан гектографиялық әдіспен көшірілген мұсылмандық үгіт насихат жазылған үндеу қағаздарды жиналған қазақтарға оқып бергенін хабарлайды. Тез арада Қ.Асылбеков отбасына тінту жүргізіліп, екі хат, екі үндеу қағаз кәмпескеленеді. Бұл хаттарды, үндеу қағаздарды жолдаушы Петропавл қаласындағы №3 мешіттің молдасы, татар азаматы Мұхамеджан Бекішев пен оның көмекшісі Павлодар уезінің қазағы Смағұл Балжанов екендігі анықталады. Осы оқиғалар сол кездегі Дала генерал-губернаторы Н.Сухотиннің тынысынан алып, қазақ арасында пайда бола бастаған мұсылмандық қозғалыстың неғұрлым тезірек үнін өшіріп, тамырына балта шабуға итермеледі. Мұхамеджан Бекішевтің жетекшілігімен құрылған астыртын ұйым мүшелері қазақтардың діни істерін әкімшілік қолынан алып, мұсылмандық діни басқармаға қарату керектігін айтып, Сәдуақас Шормановқа, Абай Құнанбаевқа, Жәңгір Құдаймендинге және Ғабдулла Исабековке хаттар жолдаған. Семей, Ақмола облыстарындағы ел арасына мұсылмандық үгіт-насихат жүргізушілер деп танылған адамдарға астыртын бақылау қойылды. Дала генерал-губернаторы Н.Сухотиннің айрықша бұйрығы бойынша, 1903 жылы 1 сәуірден бастап оларға шұғыл түрде жаппай тінту жүргізілді. Бұл қозғалыстың көсемдері саналған Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұловтың отбасы, олар басқарып отырған мешіт пен мектеп үйі бірінші кезекті мұқият жеке кітапханасынан «патша өкіметінің цензарасынан өтпеген» 108 кітап, көптеген қолжазбалар мен хаттар тәркіленді. 1903 жылы 2 сәуір күні Петропавл қаласындағы №3 мешіттің молдасы Мұхамеджан Бекішев пен оның көмекшісі Смағұл Бәтжанов үйлеріне тінту жүргізілді, бірақ тінтушілер өкіметке қарсы сезікті ештеңе таба алмай қайтты. Сол күні жоғарғы ұлықтарға қазақтардың арыз-шағымдарын, өтініштерін жазып беруге машықтанған, орысша жазу-сызуға жүйрік Омбы уезінің азаматы Салмақпай Күсемісовтың үйіне де тінту жүргізіліп, гектографиялық әдіспен көшірілген бірнеше үндей қағаздар тәркіленген еді. Мұсылмандық діни қозғалыстың көсемдері ретінде Наурызбай Таласов 3 жылға, Шаймерден Қосшығұлов 5 жылға Иркутск губерниясына, ал Мұқаш Қадіров 2 жылға Зайсан уезіне, Сексенбай Төленханов 2 жылға Өскемен уезіне жер аударылды. Сонымен бірге, Петербор тұрғыны, отставкадағы генерал-майор Ғазиболат Уәлихановқа, Атбасар уезінің беделді қазағы, ақын, аудармашы Мейрам қажы Жанайдаровқа, Петербор университетінің түлегі Айдархан Тұрлыбаевтарға мұсылмандық қозғалыстардың идеологтары ретінде жасырын бақылау қойылды. Жалпы қорыта алғанда ХХ ғасырдың басында түрік халықтарының зиялы өкілдері азаттық жолындағы күресін одан әрі күшейте беру қажеттігін тереңірек түсінді. Бұл күресті бастаған қазақ зиялыларының да қоғамдық-саяси қызметі де жанданып, өздерінің тәуелсіздік жолындағы рөлін жан-жақты сезінді.



## §2. Қазақ зиялы өкілдерінің жалпыресейлік мұсылмандық және түрікшілдік қозғалысқа араласуы

Бірінші орыс революциясы жылдары бүкіл елді шарпыған азаттық қозғалыстағы ерекше құбылыстардың бірі Ресей империясының қол астындағы ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін отаршылдыққа қарсы біртұтас майданға біріктіру жолында әрекеттердің жасалуында жатты. Өйткені орыстандыру, шоқындыру ісі патша өкіметінің жер және оқу-ағарту саласындағы саясатымен де тығыз байланыстырылып, империядағы мұсылман халықтары, соның ішінде қазақтар отарлық саясат нәтижесінде жері мен елдігінен айырылып, мәдениеті мүшкі халге түсті. Мұндай ауыр жағдай Ресей империясындағы бүкіл мұсылман халықтарының наразылығын тудырып, отарлауға қарсылығын күшейтті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына қарай пайда болған мұсылмандық қозғалыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарай жауап ретінде дүниеге келіп, бүкіл Ресей империясындағы ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін отаршылдыққа қарсы тұтас бір майданға біріктіру жолында қызмет жасады. Жалпыресейлік деңгейде өткен бұл қозғалыстың негізін түрікшілдік және исламшылдық қорғанушылар идеологиясы атқарды.

Мұсылманшылдық қозғалыстың дамуына әсер еткен негізгі себептердің бірі патша өкіметінің мәдени-рухани жағынан отарлау саясатында жатты.

Патша өкіметі 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқына шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізіп бастады. Осы жолда 1865 жылы қасиетті Синодтың ұйымдастыруымен «Православиелік миссионерлік қоғам» құрылады. Қазан қаласында 1869 жылғы қоғамның I сиезі өтіп, оның жарғысы қабылданады. Онда «Православиелік миссионерлік қоғамның» алдына қойған басты мақсаты – Ресей империясындағы христиан емес халықтарды православиеге көшіріп (шоқындыру) және шоқынғандар арасында христиан өмірінің салт-дәстүрлерін нығайта беру керектігі насихатталады.

Құрылған күннен бастап өзінің миссионерлік саясатын пәрменді түрде жүргізген «Православиелік миссионерлік қоғам» 1894 жылға дейін империя көлемінде 200 мыңнан аса адамды шоқындырады. Жаулап алынған бұраған халықтарды шоқындырумен қатар, патша өкіметі ғасырлар бойы қолданып келген араб алфавитін орыстың кирилициясына көшіру мәселесін ойластырылады. Бұны жүзеге асыру үшін көптеген миссионер ғалымдар жылдар бойы еңбек етіп, қазақтарды кирилицияға көшірудің дайындығын жұмыстарына кіріседі.

Олардың қатарында Н.И.Ильминский, Түркістанға белгілі миссионер Остроумов, әрі ағартушы, әрі миссионер Алекторов және түріктанушы ғалым миссионер В.В.Радлов болды. Жалпы түрік тілді халықтардың жазуын орыс алфавитіне көшіру туралы ережені 1906 жылы 31 наурызда өткен мәжілісте Николай патшаның өзі қабылдатады. Алайда патша өкіметі сол уақытта



Ресей империясында болып жатқан саяси-әлеуметтік қиыншылықтарға байланысты орыс алфавитін бірден жүзеге асыруды кейінге қалдырады. Оның есесіне олар бұратаналардың бойын біртіндеп үйрету үшін орыс алфавитін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шектелу қажет деп табады. Сонымен қатар патша өкіметі «орыс-түзем» мектептері арқылы отарлауды жалғастырып, жастарды бірден орысша оқытып, оны ұлттық тарихтан айыра отырып, өздерінің отарлау аппараттарына қажетті мамандар даярлау ісіне баса назар аударады. Отаршылдардың ерекше мән берген келесі мәселелерінің бірі баспасөз арқылы миссионерлік идеяны таратып, насихаттау үшін арнаулы зерттеу жинақтарын, газет, журналдар, аударма кітаптар шығарумен айналысты.

Мәселен 1860-1917 жылдар арасында қазақ тілінде православие дінінің 72 кітабы аударылып, таратылған. Ресей империясындағы түрік тілдес мұсылман халықтарының азаттық қозғалысындағы саяси күштерін біріктіру мәселесін алғаш рет 1905 жылы татар халқының көрнекті өкілі Ә.Ибрагимов (Рашид Қазы) көтереді. Ол отаршылдық тауқыметін тартып жатқан түрік тілдес мұсылман халықтарының талап-тілектерін тұжырымдап және олардың саяси әрекеттерін бір ізге түсіру үшін алдымен жалпыресейлік деңгейде мұсылман съезін жасау қажеттілігін насихаттайды. Оның пікірін сол тұста И.Гаспринский, Ю.Акчура (Жүсіп Акшора), Ә.Топчибашев секілді қайраткерлер тарапынан қолдау тауып, 1905 жылдың көктемінде Ю.Акчура белсенді түрде Петербург қаласында мұсылмандар мәжілісін өткізуді қолға алады да татар, қазақ, азербайжан, өзбек, башқұрт секілді мұсылман халықтардың зиялы өкілдеріне жеделхаттар жолдап, оларды Петербургте болатын мұсылмандар мәжілісіне қатысуға шақырады. Түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін біріктіруде Юсуф Акчураның бірінші орыс революциясы жылдары атқарған қызметін М.Шоқай жоғары бағалап, ол жайлы 1935 жылы «Яш Түркістан» журналында былай деп жазғанды: «Бірінші орыс төңкерісі кезінде Юсуб бек ресейге келді және барлық түрік ұлттық күштерін ұйымдастыру ісіне белсене кірісті. Ол марқұм смағұл бек Ғаспралы, жақында қайтыс болған Әлимардан Топчибасы және басқалармен бірге «Ресей мұсылмандарының құрылтайына» бастан аяқ толық қатысты. Ресейге қараған түрік тілдес халықтарға орыстармен тең құқық әперуді көздеген кең көлемдегі референдумға материалдар дайындады. ...ол кезде біздер бала болатынбыз. Ол кезде біздердің құлағымызға Ресей төңкерісінің күркіреген үні, сарыны ғана естілетін. Есейе келе алдыңғы буынның басып өткен жолдарымен таныс бола бастадық. Солардың арасында Юсуб бектің тұлғасы бізді айрықша қызықтыратын. Бұл күнде романтикалық болып көрінетін түрік ұғымын ол кездегі біз сияқты жастардың алдында Юсуб бектің тұлғасы тұрар еді» 1905 жылы 8 сәуірде петербургте мұсылмандардың мәжілісі өтіп, онда қалыптасқан саяси жағдайларға сай Ресей мұсылмандарының мүдделерін қорғайтын, олардың саяси талап-тілектерін жүзеге асыру жолында қызмет ететін бір саяси ұйым құру керектігі мәселесі қаралып, мұндай ұйым құру үшін жалпыресейлік деңгейдегі мұсылман съезін шақыру керектігі және онда мұсылман халықтарының талап-тілектері



тұжырымдалу қажеттілігі туралы шешім қабылданады. Съездің өткізу мерзімі мен орны осы жылы тамыз айында Нижний-Новгород қаласы болып белгіленеді. Съез жасау жөніндегі хабарлар жеделхаттар және петиция тапсыруға келген өкілдер арқылы жер-жерлерге таралады. Оның арасында Қазалы уезінен келген С.Лапин, И.Әбуов және М.Оразаев сияқты қазақтар да болады. Нәтижесінде 1905 жылдың 12 тамызында Нижний-Новгород қаласынан Түркістаннан, соның ішінде Сырдария облысынан, Сібірден, қазақ даласынан, Қырымнан, Кавказдан жіберілген өкілдер жиналып, барлығы 150-ден астам адамдар қатысады. Түркістаннан, Сібірден, Қазақ даласынан, Қырымнан, Кавказдан өкілдер жиналады. Алайда жергілікті патша әкімшілігі съезд өткізуге рұқсат бермегеннен кейін делегаттар жасырын түрде «Густав Струве» кемесінде жиналып, съезді сонда өткізеді. Съезге И.Гаспринский төрағалық етсе, оны Ә.Топчибашев ашып, былай дейді. «Уа дінге берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн бұдан соң да Ресей мұсылмандарының жыл сайынғы ұлттық мейрамдарының бірі болатынына шүбә келтірмеймін. Біз тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түрік балаларымыз».

Съезде бес тармақтан тұратын қаулы қабылдайды:

«1. Қазіргі өмірдің қоғамдық-мәдени және саяси құраныстары мен міндеттері негізінде Ресейдің барлық облыстарындағы мұсылмандары топтаса түссін.

2. Осы қойылып отырған міндетке қол жеткізіп, оны жүзеге асыруға мұсылмандардың алдыңғы қатарлы тобының идеалдарын бөлісе отырып, елде құқықтық тәртіптің орнығуы жолында әрекеттенсін.

3. Көзделген мақсатқа мұсылмандар орыс тұрғындарымен тең құқықты болғанда ғана қол жеткізеді. Осыған орай мұсылмандардың алдыңғы қатарлы тобы осы күнгі ережелер, үкімет орындарының нұсқаулары негізінде мұсылмандарға жасалатын шектеушіліктер мен кемсітушіліктерді алып тастауда барлық заңды шараларды қолданып, мұсылмандарды орыс тұрғындарымен саяси, азаматтық және діни құқықтары жағынан теңестіруді басты нысана етсін.

4. Жалпы мемлекеттік мүдделер мен сұраныстарға сай мұсылмандар арасында түрлі мектептер ашуға талпынсын. Қалыптасқан өмір шындығын кітаптар, газет-журналдар шығару арқылы, тағы да басқа мәдени ағартушылық бағыттағы ұйымдар арқылы насихаттауды мұсылмандар қолға алсын...

5. Көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін... жергілікті жерлердегі ұйымдар құрылсын және жиылыстар өткізіліп тұрсын».

Осылайша Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысын бір арнаға түсіруді көздеген съезд саяси партия құру туралы шешім қабылданады. Оның бағдарламасы мен жарғысын қабылдау келесі съезге қалдырылады. 1906 жылы қаңтардың 15-і мен 23-і аралығында Петербургте өткен екінші жалпыресейлік мұсылмандардың съезіне қазақтардан У.Танашев, М.Ысмағұлов, З.Құлаев, И.Әбуов, М.Оразаев, С.Лапин, С.Жантөрин қатысады. Бұл съезде патша үкіметінен жасырын түрде Петербургте өткізіледі. Өйткені құрамында С.Жантөрин бар делегация Ішкі істер министрлігінен съезді ресми түрде



өткізуге рұқсат ала алмаған болатын. Екінші жалпыресейлік мұсылмандар съезінде Мемлекеттік Думаға сайлау мәселесі арнайы қаралып, 1905 жылы 11 желтоқсанда шыққан сайлау заңын түз халықтарын кемсітіп отыр деп бағаланып, «Мемлекеттік Думаға мұсылман өкілдері халықтың санына қарай пропорциональді түрде сайлансын» деген қаулы қабылданады. Съезде қаралған келесі маңызды мәселенің бірі Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғайтын саяси партия болып табылды. Делегаттардың ұйғарымы бойынша бұл партия «Ресей мұсылмандарының одағы» (Иттифак-ул муслимин) деп аталғаннан кейін, делегаттар аталмыш ұйымның «Ресей империясының мұсылмандарын жалпы мемлекеттік мүддеге сай және Ресей өмірі жағдайында бүгін, әрі болашақта бірігіп қимыл жасау үшін бір саяси партияға бірігуге үндейтін» жарғысын қабылдайды. Съезде партияның бағдарламасының жобасы қызу талқыға түскен кезде қазақ делегаттары оған міндетті түрде қоныс аудару саясаты доғарылу керек деген тармақты енгізеді. Кезекті үшінші жалпыресейлік мұсылман съезі үкіметтің рұқсат етуімен 1906 жылы 16-21 тамыз аралығында Нижний-Новгородта өтіп, оған 800 делегат қатысады. Олардың құрамында қазақтардан Ақмола облысынан Ш.Қосшығұлов, Н.Сүлейменов, Семей облысынан Ж.Аллаоңғаров, Сырдария облысынан Н.Жапаров, Жетісу облысынан А.Қойбағаров, Н.Дауылбаев және Ғ.Мұхамедиев болды. Съезд жұмысына I Мемлекеттік Думаның депутаттары Ә.Бөкейханов, С.Жантөрин, С.Алкин, Ә.Топчибашев, Қ.Тевкелев, Ш.Сыртанов қатысты. Съездің алғашқы мәжіліс төрағалығына Ә.Топчибашев, оның орынбасарлығына И.Гаспринский, төралқа құрамына қазақ зиялыларынан С.Жантөрин мен Ш.Қосшығұлов ұсынылады. 15 адамнан тұратын оқу ісі жөніндегі комиссияның құрамына қызылжарлық Нияз Сүлейменов, түркістандық Нияз Жапаров кірсе, діни басқарма мәселесін қараған комиссияның құрамына семейлік Жаңғали Аллаоңғаров, жаркенттік Ғабдулрахан Мухамедиев енеді. Партияның бағдарламасын қабылдауға әзірлейтін комиссияның құрамында Ш.Қосшығұлов жұмыс жасады. Бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезінде мұсылман балалар үшін барлық мекендерде бастауыш және орта мектептер ашу, оқуды араб графикасы негізінде ана тілінде жүргізу, «ортақ түрік тілі» барлық мектептерде оқытылсын, мұсылмандардың діни істерін түпкілікті реформалау сияқты мәселелер қаралды. Ресей мұсылмандарын бес мүфтилікке бөліп, оның үстінен қарайтын бақылаушы орган - райс-ул-үлем тікелей императорға ғана есеп беретін болуы тиіс деген шешім шығарды. Сондай-ақ барша мүфтилер сайланбалы болуы, қазақ облыстарының діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратып, Түркістанда өз алдына жеке мүфтилік ашу туралы уағдаласты. Алайда патша өкіметі «Ресей мұсылмандары одағы» деп аталатын бұл саяси ұйымның құрылуына қырын қарап, «панисламдық» пен «пантүрікшілдік» идеяларын уағыздап мемлекетке қауіп төндіреді деп оны ресми түрде тіркеуден бас тартып, оның жергілікті бөлімшілерін ашуға тыйым салады. Ал Столыпиндік реакция басталған жылдары «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының Орталық комитеті де өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады.



## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АТҚАРҒАН РӨЛІ

#### §1. Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттары және жер-су мәселесі

Ресейдегі азаттық қозғалыстың өрлеу барысында қазақ қоғамына да жеткен үлкен тарихи жаңалықтың бірі 1905 жылы 6 тамызда шыққан манифест бойынша қазақ еліне де Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқығын берді. Мұны қазақ зиялылары патша үкіметінің мұсылман халықтарына жүргізіп келе жатқан саясатына әсер ету құралы деп бағалап, оның жұмысына үлкен үміт артты. Сондықтан да 1905 жылы 11 қаңтарда өткен екінші жалпыресейлік мұсылман съезі Думаға байкот жариялаудан бас тартты. Зиялы қауым өкілдері Мемлекеттік Думаны отарлық езгідегі халықтардың мүддесін қорғаудағы бірден-бір мүмкіндік деп бағалады. Бірақ бұл құқық жартыкеш болып шықты. Өйткені, депутаттарды сайлау барысында ұлттардың арасалмағы есептелместен, әрбір аймақтарды мекендеген, сайлауға қатыса алатын адамдардың жалпы саны негізге алынып, қазақ халқы Мемлекеттік Думаға әр облыстан бір депутаттан ғана сайлау құқығын иемденді. Сайлау ережелерін қарастыратын Ерекше комиссия мүшелері арасында Орта Азия тұрғындарын Мемлекеттік Думаға қатыстырудың қажеті де жоқ, себебі олардың даму деңгейі төмен, әлі заң шығару істеріне араласуға даяр емес деген пікірлерін танытқанды. 1906 жылы 22 ақпанда Ерекше комиссия Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарының, 23 сәуірде Түркістан өлкесінің сайлау ережелерін бекітеді. Бекітілген осы ережелерге сай дала облыстарынан 10 депутат сайланатыны болып белгіленді. Оның төртеуі жергілікті халықтың, қалған алтауы орыс тұрғындары мен казактардың үлесіне тисе, Ішкі Ордада бір орын, Түркістандағы он үш орынның алтауы ғана жергілікті тұрғындардың өкілдеріне берілді. Бұл патша өкіметі тарапынан әділетсіз түрде жасалынған амал болатын және жергілікті тұрғындардың сайлау құқықтарын аяқ асты етті. Мәселен Түркістан өлкесінде мекендеген халықтардың 94,4 пайызы жергілікті тұрғындар болса, ал қалғандары сырттан көшіп келгендер еді. Дегенмен осындай әділетсіздікке қарамастан қазақ зиялылары Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына тығыз араласып, өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын кең түрде жүргізіп, халық арасында лайықты деген үміткерлерін депутаттыққа ұсынады. Алайда, сайлау кезінде қазақ даласында көптеген әділетсіздіктер орын алады. Соның бірі өлкеде сайлаудың кеш өткізілуінде жатты. Өйткені сайлау комиссиялары патшаның жарлығы шыкса да, е жұмыстарымен айналысуға асықпағаны соншалықты, мысалы, сайлау метрополияда 1906 жылы 20 наурыздан бастап, 20 сәуірге дейін созылып, 21 сәуірде 1 Мемлекеттік Дума өз жұмысын бастаған кезде Семей облысының болыстары сайлауға түсетін үміткерлерін енді ғана анықтаса, ал Жетісу



облысындағы сайлау I Мемлекеттік Дума таратылған күні әлі өткізілмеген болатын. Оның үстіне Думаға депутаттар сайлау барысында патшаның әкімшілік орындары саяси бағыты мен іс-әрекеті ұнамаған депутаттыққа кандидаттарды өткізбеуге барлық күшін салып бағады. Осыған байланысты Ә.Бөкейханов Семейде өткен сайлауға байланысты мынадай жайды еске алады:»1906 жылы маусымда Думаға депутат сайлағанда Семей жанаралы (губарнаторы -*Авт.*) Галкин выборщиктерді өз үйіне қонаққа шақырды. Сіздер сайлауға келдіңіздер, жанаралға, қонавда бармасаңыздар да болар деп едім: «Қарағымау! Мұның қалай, бізді бұрын жанарал қашан қонайқа шақырып еді, біз барайық та», - деді ақсақалдар. Жанарал Галкин бізді үйіне шақырып алып насихат айтты:» патша енді мұнан I былай заңын да жұрт жақсысымен ақылдасып шығармақ болды... Осындай патша өздеріне ерік берген соң жақсыларыңды депутат сайлаңдар, абақтыда жатқан кісілеріңді сайламандар деді. Ақсақалдар «дұрыс», «дұрыс» деп, Галкин сөзін мақұлдап, таң ата абақтыдан шыққаныма ай болмаған мені депутат сайлады. Бұл бір заман». Осындай кедергі ғасыр басында өзінің саяси белсенділігімен көзге түскен молла Шаймерден Қоспығұловтың да алдына қойылды. Ол Думаға мүшелікке өту үшін қажет Ақмола облысы қазақтарының дауысын алғаннан кейінгі уақытта, облыстық сайлау комиссиясы кандидат орыс тілін білмейді, яғни сайлау ережесінің 55 бабына сай келмейді деген желеумен оның кандидаттурасын бекітпей тастайды. Бұл жағдай Мемлекеттік Думаға сайланатын адамның орыс тілін білуі міндетті екендігі II Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде де сақталып, таңдаушылардың тізімін құру кезінде-ақ есепке алынды. Мәселен, жергілікті үкіметтің Мемлекеттік Дума сайлауының Лепсі үйездік комиссиясы өздерінің қаулыларына былай деп жазуға мәжбүр болған: «Алакөл болысының шешімінен көрінгендей, М.Тынайбек орыс тілін білмейді. Ереженің 141-бабында көрсетілгендей орыс тілін тек қана Мемлекеттік Дума мүшелерінің білуі міндетті екендігі, ал Жетісу облыстық комиссиясы осы жылдың 27-қаңтарындағы шешімімен Ереженің 141-бабына кенейтілген түрде, таңдаушылардың бәрінен орыс тілін білуді талап еткен. Үйездік комиссия, облыстық комиссияның шешімімен келіспесе де санасуы қажет..., егер осы шешім қабылданса, соңғысы өзгертіліп, жойылады». Мәселен Лепсі үйезінің болжамындай болып шешілді. Облыстық сайлау комиссиясының талап етуімен М.Тынайбектің кандидатурасы қабылданбады. Осындай шектеулер Жетісу облысының кейбір болыстық басшыларын былайша мәлімдеуге мәжбүр етті, «маған сеніп тапсырылған болыстықта таңдаушы ретінде сайлау үшін орыс тілін білетін адамдар жоқ...». Орыс тілін білмеушілік сайлау науқанының жеңе алмайтын тосқауылы болды. Болыстық писарьлар сайлау науқаны тұсында шешімдер мен протоколдарды кешіктіріп отырды. Өйткені, писарьдан басқа бірде-бір таңдаушы орыс тілін білмейтіндіктен, шешімдер мен протоколдарды олардың араласуынсыз толтыру мүмкін емес еді. Осылайша сайлау науқаны барысында орыс тілін білмейтін болыс елдің тұрғындары толықтай дерлік сайлауға қатыса алмады.

Сонымен, бірінші Мемлекеттік Дума жұмысына қазақ елінің атынан үш



депутат қатынасты. Олар Орал облысынан - Алпысбай Қалменев, Торғай облысынан - Ахмет Бірімжанов және Семей облысынан - Әлихан Бөкейханов болатын. Бұлардың бәрі де жоғары білімді мамандар, яғни алдыңғы екеуі заңгер, соңғысы орманшы-ғалым еді.

Бірінші Дума таратылған кезде Жетісу және Сырдария облыстарында сайлау әлі өтіп үлгермегендіктен, бұл облыстардан депутат анықталмаған күйінде қалды. Ресей империясының Мемлекеттік Думасына қазақ даласынан бөлек сайланған казактар да болды. Олар Астрахань және Ставрополь өңірінің көшпенділері атынан сайланған Дәуіт Санжынұлы Ноян-Тұндытов пен Уфа губерниясынан сайланған Сәлімгерей Жантөрин еді. Д.С.Ноян-Тұндытов жоғары білімді, ірі жер иеленуші болса, С.Жантөрин мұсылман халықтарына азаттық қозғалысында белсенділігімен танылған қайраткер, әрі «Автономияшыл-федералистер одағының» және «Ресей мұсылмандары одағының» жетекшілерінің біріне айналды. Қазақ депутаттары А. Қалменев және А. Бірімжанов Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң, яғни 10-17 маусым аралығында келіп Дума жұмысына қатынаса бастағанда аграрлық, азаматтық, теңдік туралы және басқа мәселелер алғашқы талқылаудан өтіп, олар бойынша тиесілі комиссиялар құрылып қойған еді. Сондықтан Қалменев пен Бірімжанов ең әуелі өздері қатынаса алмаған 20-ші жуық Дума отырыстарының есебімен және соған дейін жұмыс жасаған комиссиялардың ісімен танысуға кірісті. Ал Ә. Бөкейханов болса, Омбы генерал-губернаторының негізсіз нұсқауы бойынша үш ай Павлодар абақтысына отырып шығады. Алайда ол абақтыдан шығып Петербургке жеткенде І-ші Мемлекеттік Дума патшаның жарлығы бойынша таратылып жіберілді. Міне, осыған қарағанда қазақ депутаттарына Дума жұмысына араласуға берілген уақыты тым өлшеулі еді. Соған қарамастан шілде күні Дума отырысында А. Бірімжанов сөз сөйлеп, қазақ елінің жерге байланысына шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық мәселе бойынша құрылған комиссияның құрамына қазақ депутаттарының өкілін енгізуді ұсынады.

Бар болғаны 3-ақ ай жұмыс жасаған І Дума 9 шілде күні патша жарлығымен таратылды. Өйткені Ресейлік тұңғыш парламент патшалық жүйені батыл сынға алып, онымен ымыраға келе алмады. Нақ сол күннің кешінде Думадағы оппозицияның 182 өкілі (кадеттер, трудовиктер, меньшевиктер, Выборгте (Финляндия) жиналып манифест дайындап, оған өздерінің қолдарын қойды. «Жаңа» халық өкілдері жиналысып шақырғанға» дейін салық төлеуден және әскери міндеткерлікті өтеуден бас тартуға шақырған бұл манифестке қол қоюшылардың арасында Ә. Бөкейханов та бар еді. Сол үшін ол келесі Думаға сайлану құқығынан айрылып қана қойған жоқ, сонымен бірге жауапты тартылып, абақтыда отырып шығады. Осыған орай, 1906 жылғы 23-желтоқсанда Ішкі істер министрлігінің келісімімен әділет министрі Дала генерал-губернаторына арнайы жарлық берді. Онда Дала генерал-губернаторына тезарада Омбықаласының сайлаушылар тізімінен Әлихан Бөкейхановты шығаруды, өйткені ол «ВыборгҮндеуіне» қол қоюына байланысты сотта



жауапқа тартылады - деп айыпталды. Омбы округтік соты болса жоғарыдағы әкімшіліктің бұйрығын тез арада орындап» Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі Ә.Бөкейхановты сайлаушылар тізімінен шығарады». Патшалық үкімет тек «Выборг үндеуіне» қол қойған адамдарға ғана емес, өкіметке күмәнкелтіргендерге де осындай жағдайлар жасады. Мысалы, Дала генерал-губернаторының тікелей талап қоюымен, Қарқаралының тандаушылардың құрамынан Ә.Бөкейханды және адвокат Ж.Ақбайұлын шығарып тастаған.

Өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастаған екінші Думаға Қазақтардан бес депутат сайланды. Олар Орал облысынан заңгер Б. Қаратаев, Жетісу облысынан инженер М. Тынышбаев, Сырдария облысынан көпес Т. Алдабергенов, Астрахан губерниясынан заңгер Б. Құлманов және Семей облысынан Т. Нұрекенов. Бұл аталған кісілердің ішінде үшеуінің жоғары білімі болды.

Екінші Дума депутаттарының құрамы жағынан да және күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылау жағынан да бірінші Думадан гөрі солшыл болып шықты. Пікір тартысын тудырған негізгі мәселелердің бірі аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. Екінші Думаның екінші сессиясы Сібір және азшылық ұлттардың шаруа депутаттарының ынтасымен Сібірдегі жерге орналастыру ісі бойынша Бас Басқарушыға депутаттық сұрау тапсырып, онда қоныстандыру процесі жүріп жатқан аудандарда байырғы тұрғындардың құқығы мен мүддесі ескерусіз қалғандығы айтылып, үкіметтің даярлықсыз жүргізіліп отырған қоныс аудару саясатын кең насихаттауы айыпталды. Депутаттық сұрауға берген жауабында Бас Басқарушы тағылғар айыпты мойындаудан бас тартып: «Орыс адамдарының шығысқа қарай табиғи қоныс аударуын заставалар, баррикадалар, шлагбаумдар құрып, күш қолдану арқылы ғана бәсеңдетуге немесе тыйым салуға болады» деп мәлімдеді.

Солшыл депутаттардың үкіметтің аграрлық және отаршыл саясатын сынау мінбесіне айналған бұл Дума да патша мен оның төңірегіндегілердің көңілінен шықпады. Сондықтан Ресей патшасы II Николай 1907 жылғы 3 маусым күнгі шығарған жарлығымен II Мемлекеттік Думаны тарағып жіберді. Бұл құжат сонымен бірге, сайлау заңына түбегейлі өзгерістер енгізді. Оның бірінші тарауында сайлауға әйелдер, 25 жасқа дейінгілер, оқу орындарында білім алушылар, әскери қызметкерлер, шетел азаматтары және «қаңғыбас бұратаналар» қатыспайды делінді. Ереженің келесі III тарауындағы Мемлекеттік Думаға сайлау өткізілетін губерниялар мен облыстардың тізімі берілген - баптарында Түркістан мен қазақ облыстары аталмаған болатын, өйткені мұнда тұратын қазақ, қырғыз, өзбек және басқа халықтар сайлау құқығынан айырылған еді. Патша үкіметі Қазақстан мен Түркістанда пәрменді отарлау саясатын жүргізе отырып, Думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын өзіне қолайлы деп тапты.

Сонымен, қазақ депутаттары қатынасқан бірінші және екінші Думалар қазақ қоғамының отарлық жағдайына өзгеріс енгізе алатындай ешқандай заңдар қабылдаған жоқ. «3 маусым заңының» өмірге келуімен бірге қазақ интеллигенциясының Думаға артқан үміті де біржола сөнді. Ә. Бөкейханов



кейінірек ол жөнінде былай деп жазды: «...екі Дума да мұжыққа орыс дворян жерінен жер бермек болды. Үшінші Дума депутаты сайланатын жол жасағанда мұжық депутатын неше қайтара бұрынғыдан азайтты. Орыс патшалығының панасындағы жұрттың әрбір жүзіне сексен бес орыс мұжығы болады, қалған он бестің ішінде поляк, еврей, татар, қазақ һәм қалған уақ жұрттар. Орыстың қаласынан «3 маусым заңымен» сайланған мұжық депутаты оннан бір-екі Думада мұжық депутаты қырық-елу, төрт жүз қырық екі депутат ішінде. Орыстың патшалығын арқалап асырап отырған мұжыққа мұны қылғанда, абытыранды, надан қазақты не ғылсын? Думадан шығарды да тастады».

Ә. Бөкейханов және басқа қазақ интеллигенттері II Дума таратылғаннан кейінгі уақытта елде қалыптасқан саяси жағдайды жақсы түсінді. Шынымен де «3-маусым заңынан» кейін бір помещиктің даусы 7 қала тұрғынының, 30 шаруа сайлаушыларының немесе 60 жұмысшының даусына теңгерілген еді. Сөйтіп 1905 жылғы 17 қазан манифесінің шығуымен бірге басталған самодержавиеді жүйені конституциялық басқару әдісімен ұштастыру әрекеті кезені аяқталып империя қайтадан, Бөкейханов дәл айтып көрсеткендей, «баяғы қағусы қайырусыз, үйреншікті ескі жолына» түсті. Бұл жағдай, белгілі дәрежеде белсенді қазақ интеллигенттері санасында күйректік сезім де тудырды. Басқа емес, Бөкейхановтың өзі де біздің қазақ сияқты жетім-жесір нашар жұртқа күрдастық, теңдік «17 октябрь» маусымды жықса келеді. Жақын арада біздің атам бәйгеден келеді деуге болмайды деп жазды.

Деректік материалдар Ә. Бөкейхановтың «3 маусым заңының» реакциялы мазмұнын әшкерелеуге, тіптен реті келсе оны жоюға біраз күш салғанын аңғартады. XX ғасырдың 10-жылдарының басында Мәскеу университетінде оқыған Х. Ғаббасов, Ә. Бөкейхановтың тапсыруы бойынша Мәскеу және Петербург оқу орындарындағы қазақ студенттерінің «3 маусым заңының» қазақ елі үшін әділетсіз заң екендігін дәлелдеп, үкіметке сұрау (запрос) түсіру үшін түрлі материалдар жинағанын айтады. Ал Ә. Бөкейхановтың өзі ол жөнінде «1912 жылы қысты күні Петербургте жүрген қазақ болып калеткен бастап Дума партияларына «сендер Думаға закон жобасын кіргізіндер, біздің қазаққа келетін төртінші думада депутат беретін» дедік» деп жазды.

Айтқандай-ақ 1912 жылғы желтоқсанда кадеттік депутаттар Думаға сайлау заңына өзгерістер енгізу туралы заң жобасын ұсынады. Жоба Дума мүшелеріне таратылып, олар танысып шыққан соң Думаның 1913 жылғы 13 наурыздағы отырысында талқыланып, тиесілі қолдау таба алмағандықтан, өтпей қалады. Ол түсінікті де еді. 1907 жылғы «3 маусым заңы» бойынша Думада көпшілікке айналған оңшыл партиялар кадеттер ұсынған жалпыға бірдей сайлау құқығына қарсы шықты.

1914 жылы қаңтарда астаналық «Речь» газеті Ә. Бөкейхановтың Мемлекеттік дума мүшелеріне ашық хатын жариялайды. Хатта үкімет орындарының қазақ жерлерін алып, ықпалды орыс аксүйектеріне таратумен қанағаттанбай, енді қазақ жұртын христиан дініне шоқындыру әрекетін көшкендігіне батыл наразылық көрсетілген еді. Бұл хаттың артын ала «Қазақ газетінде Ахмет Жанталиннің «Государственная Думада» атты мақаласы



жарияланып, онда автор Дума жұмысына ықпал жасаудың басқа жолдарын қарастыруға шақырады. Үкімет орындары Жанталиннің бұл пікірін елеусіз қалдырмайды. Оның сыртынан жандармдық бақылау орнатылады.

Қазақ интеллегенциясының белсенді өкілдері Мемлекеттік Думаның империяның саяси құрылыс жүйесінде алатын орнын және мүмкіншілігін, ондағы күштердің ара салмағын өте жақсы түсінді. Сондықтан да олар өздерін Дума қызметінен күтуге болатын иәтижелі істермен аса көп алдаусыратқан жоқ. Мәселен, Ә. Бөкейханов Ж. Сейдалинмен болған екеу ара айтыста Сейдалиннің «Дума һәм Советке (Государственный Советті айтып отыр - *Авт.*) қазақтан депутат бармай қазақ адам есебіне кірмейді» деген тұжырымына жауап беріп: «Жаһанша мырза! Думада һәм Советте көп айтқаны закон болады. Біз сияқты жетім жұрт өзгемен құрдас болсын, кем болмасын дейтін депутаттар Советте 12, ал Советтің бар мүшесі 136. Думада орыс патшалығының панасындағы халықтардың бәрі бірдей болсын дейтін депутаттар жүзден аса, ал Дума мүшелері 442. Мұндайда көп айтқаны закон болады. Думаға һәм Советке барған он шақты қазақ Дума мен Советтің аз жағын көп ете ала ма? «3 маусым» сайлауы аман тұрғанда біздің қазақ түгіл, орыстың өзге жұртты құрдас қыламын деген депутаттарының қолынан түк келмейді. Міне, Думада поляк жұртының депутаты бар, мұсылман депутаты бар, бұлар іздегенін алып отыр ма?» Бөкейхановтың пікірі бойынша, қазақтан Думаға депутат сайлау өзге жұртқа қазақ елінің жағдайын тура жеткізу үшін керек. Онда да бұл мақсат орындалмақ, егер «біздің депутат орыс етегінен жем жеймін деп сатылмаса, шешен болса». Ал жалпы «Думаға һәм Советке депутат барса қазақ жұмысы тәмәм болады деген дәлелсіз қысыр сөз. Қазаққа депутат беріп, осы қылып отырғанды қылса, біз оның кімнің жылқысын жиып аламыз?! Поляк, еврей, татарларша (ноғай) қамытқа мойынды ұсынып отыра бермейміз бе?».

«3 маусым заңын» өзгерту мәселесін III Думаның жабылатын күні, яғни 1912 жылы 9 маусым күні Думаның мәжілісі үйін жөндеуге қаржы бөлу туралы заң жобасын талқылау барысында Қазан губерниясының депутаты С. Максұдов тағы қойды. «Осында баяндамашы,- деді ол сөзінде- Мемлекеттік Дума сарайы қабырғасында бірнеше жарықшақтар пайда болғанын айтты. Мен осыған байланысты сіздердің назарларыңызды I Мемлекеттік Думадағы басқа бір аса маңызды жарықшаққа аударғым келеді. Ол жарықшақ сіздер мен біздің, мұсылмандардың (мұсылмандар фракциясына нұсқап отыр-*Авт.*) арасында болып отыр. 5 жыл ішінде Мемлекеттік Дума арқылы дала облыстары мен Түркістан өлкесіне қатысы бар біршама заңдар жобасы өтті. Бұл құжаттардың бәрі де осы облыстардың өкілдерінсіз талқыланып, қабылданды... Біз мұсылмандар, мұндай жағдайды дұрыс емес деп санаймыз...»

Максұдов сөзін аяқтай алмайды, өйткені оңшыл депутаттардың шулы талабы бойынша Дума төрағасы «бұл мәселені қозғамауыңызды үлкен кішілікпен өтінемін!» деп, оны ары қарай сөзін жалғастыру құқығынан айырған болатын.

«3 маусым заңын» өзгертетін заң жобасын енгізу арқылы Думаға қайтадан депутат сайлау құқығын алу әрекетінен ештеме шықпасын түсінген



қайраткерлер, енді бұл іске қазақ қоғамын да тартып байқайды. Олар «қазақ жұртына Думаға сайлау құқығын қайтаруды өтініп патшадан сұраныңдар» деп ел арасында беделді ақсақалдар мен жұрт басшыларына қайрылады. Бірақ тиесілі қолдау таппай, бұл әрекеті де айтарлықтай нәтиже бере қоймайды. Сөйтіп, бұдан былайғы уақытта қазақ қайраткерлерінің Мемлекеттік думада мұсылман депутаттар фракциясы мен сібірлік депутаттар арқылы ғана ықпал жасаудан басқа шарасы қалған жоқ еді.

Қорыта айтқанда, қазақ зиялылары мерзімінен бұрын таратылған бірінші және екінші Дума жұмысына ғана қатынасумен шектелді. Бірақ, қазақ зиялылары үшін Дума жұмысына және оған қатысты саяси шараларға қатынасу ізсіз өткен жоқ еді. Олар, біріншіден, империя жағдайында Дума сияқты «өкілетті» орынның, ең алдымен, орыс помещиктерінің мүддесіне, империялық мүдделерге қызмет жасайтындығына көздері жетті. Ә.Бөкейханов Мемлекеттік дума мүшелеріне жолдаған ашық хатында: «Қазақ жерлеріне жерін князьдер мен графтардың ынталы әрекетімен өмірге келген «3 маусым заңы» біз Мемлекеттік Дума мінберінен өз мүддемізді қорғай алу құқығынан айырды» деп жазды. Екіншіден, қазақ зиялылары Думаға қатысты шараларға араласпай отырып, негізгі мақсатқа жету үшін жалпы халықтың белсенді, мақсатты қимылы және саяси тұтастығы қажет екендігіне көздері жетті. Олардың ««Айқап»» сияқты журнал, «Қазақ» сияқты газет шығарып, саяси ағарту жұмысына ден қоюы да сондықтан еді.

## **§2. Қазақ саяси элитасының ресейлік Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының қызметіне атсалысуы**

Бірінші орыс революциясы жылдарында түрік тілдес мұсылман халықтарын отаршылдыққа қарсы күресте түрікшілдік пен мұсылманшылдық аясында тұтас бір майданға біріктіруге ұмтылған азаттық күрес қайраткерлерінің белсенді еңбегінің нәтижесінде Ресей империясының Мемлекеттік Думасында Мұсылман фракциясы дүниеге келеді. Сол кезден бастап Мұсылман фракциясы XX ғасыр басындағы Ресейдегі түрікшілдік пен исламшылдық қозғалыстың ұйтқы, бағыт беруші орталығына айналды. Жалпы алғанда мұсылмандардың парламенттік фракциясын түрік-мұсылмандардан сайланған депутаттар І-ші Мемлекеттік Думаға исламшылдық пен түрік бірлік идеясы аясында топтасып, Ресей мұсылмандарының мүддесін бірлесе қорғау мақсатында құрған еді. Ресей империясының алғашқы парламенті – Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы империядағы түрік тілдес мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да ұлт-азаттық қозғалысы барысындағы елеулі оқиға болған-ды. Бұл жайлы И.Гаспринский ерекше атап көрсете отырып, «Тарджиман» газетінде былай деп жазған-ды: «Мемлекеттік Думада мұсылман депутаттары бірлесіп жеке фракция құрды. Мұсылман фракциясы Думаның таратылуына байланысты 20 күн өмір сүргеніне қарамастан мұсылман халықтарының тағдырында терең із қалдырды».



Бұл фракцияның құрылуы 20 миллионнан астам Ресей мұсылмандарының талап-тілектерінен туындады. Мұсылмандар өзінің парламенттік фракциясының әрбір сөзі мен қадамын мұқият қадағалап отырды. Мұсылман фракциясы өз міндетін айқын түсініп, биіктен көріне білді».

1906 жылы 21 маусым күні құрылған бұл фракцияның құрамына қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен А.Қалменов те енеді. Фракция негізінен өз қызметі барысында екінші жалпыресейлік мұсылман съезінде талқыланған «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасының жобасын басшылыққа алып, тіпті бағдарлама жобасын фракция мәжілістерінде бірнеше рет талқылайды да. Осындай мәжілістердің бірінде қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен А.Қалменов бағдарламаларға жер мәселесіне байланысты толықтыруларды енгізуді ұсынады. Оған өз күшімен егін егушілер мен мал бағушылардың жері арттырылсын, қызметі үшін деп шенеуніктерге берілген жерлерді кері қайтарсын, жер губернияның, облыстың меншігі болсын, жерді пайдалану әр уәлаяттың өзіне берілсін, вакуфтық жерлер күшпен алынбасын, орыс шаруаларының қоныс аударуы тоқтатылсын және тағы басқа да ескертпелерді кіргізеді. Сонымен қатар, Мұсылман фракциясындағы қазақ депутаттары А.Бірімжанов, А.Қалменов, С.Жантөрин басқа да Ш.Сыртланов және Ә.Топчибашев сияқты мұсылман депутаттарымен біріге отырып Министрлер Кеңесі төрағасының атына қазақ даласының құнарлы жерлері қоныс аударушыларға арналған учаскелер үшін кесіліп алынуына және күшпен қазақтардың құнарсыз, шөлейт жерлерге ығыстырылып жатқанын мәселе ретінде көтеріп, 53 депутат қол қойған депутаттық сұрау салуды ұйымдастырады. I Думаның аз уақыт жұмыс істегеніне қарамастан Мұсылман фракциясының мүшелері Ресей парламенті арқылы ұлттық езгідегі мұсылман халықтарының мүддесін қорғау жолында бар күш-жігерлерін салды.

1907 жылы 20 ақпанда өз жұмысын бастаған II Думаға сайланған мұсылман депутаттары I Думадағыдай бір фракцияға бірікпеді. Өйткені мұсылмандардың бірлігін қаламаған билеуші топ түрлі амалдарды қолдана отырып мұсылман депутаттарын Мұсылман фракциясы және «Трудовиктер» бағдарламасын қолдаушылар деп екіге бөліп жібереді. Қазақ депутаттары болса тар таптық мүддені басшылыққа алған «Мұсылман трудовиктер партиясының» фракциясына емес «Ресей мұсылмандар одағынан» тұратын Мұсылман фракциясының құрамына енді. 1907 жылы 24 ақпанда Мұсылман фракциясының мәжілісі өтіп, онда фракция бюросы мен оның төрағасын сайлау және фракция бағдарламасын жасау мәселелері қаралды. Осы мәжілісте фракция мүшелерінің дауыс беруімен бюроньң төрағасы болып, Уфа губерниясынан сайланған, отставкадағы офицер, башқұрт халқының өкілі М.М.Биглов сайланса, ал бюроньң мүшелігіне Б.Қаратаев, Қ.Тевкелев, Ғ.Махдиев, Х.Хасмамедов, Ф.Хан-Хойский кіреді. Мұсылман фракциясының бағдарламасын әзірлеу үшін осы мәжілісте құрамна 11 адам кіретін арнайы комиссия құрылып, оған қазақ депутаттарынан А.Бірімжанов бекітіледі.

Қазақтардан сайланған депутаттар: Ш.Қосшығұлов, А.Бірімжанов, Т.Нүрекенов, М.Тынышбаев, Т.Алдабергенов, Б.Қаратаев, Б.Құлманов



мұсылман депутаттарының фракциясына кіре отырып өкіметтің жүргізіп отырған аграрлық және отаршыл саясатын сынға алады. Мұсылман фракциясы да қазақтарға болыса отырып, Думада дайындалған аграрлық мәселеге қатысты заң жобасына баса көңіл бөлді. Қоныс аудару саясатының бет-пердесін ашып, әшкерелеуде Мұсылман фракциясының мүшелері парламент мінбесіне мүмкіндігінше пайдаланды. Мәселен, Ф.Хан-Хойский Мемлекеттік Дума мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «шет аймақтардағы қазақтардың басына аштық пен қайыршылық төндірген қоныс аудару саясатының түпкі мақсаты мұсылман халықтарын орыстандыру болып табылады» - деп ашық мәлімдеді. Мұсылмандар фракциясы аграрлық тұжырымдамасына мұсылмандар партиясының бағдарламасын ала отырып, біріншіден, жерді облыстық меншікке айналдырып, сол арқылы облыс қарауындағы жерді оның тұрақты тұрғындардың арасында бөлуді, екіншіден, жер үлесі көлемі оны игеруші егіншілер үшін ғана емес, сондай-ақ малшылар үшін де өсуін, үшіншіден, жер мәселесі шешілгенше сырттан келіп қоныс аударушыларды біржола тоқтатуды, төртіншіден, жеке мүшелері арасында бөліске салу үшін жер ауылдық қауым меншігіне берілуін талап етті. Думаның аграрлық комиссиясының назарына ұсынылған бұл құжатпен бір мезгілде Бірімжанов, Құлманов және басқа депутаттар тиісті үкімет орындарына қоныс аударушыларды жерге орналастыру комиссияларының казак облыстарында жасап жатқан заңсыз әрекеттері жөнінде сұрау салса, 1907 жылы 16 мамырда осы депутаттық сұрауларға байланысты жарыссөзде депутат Б.Қаратаев сөз сөйлейді. Қоныс аудару саясатының мәнін әшкерелеп, оны шет аймақтарды отарлауды күшейтетін және жергілікті халықтарды тонауды шырқау шегіне жеткізетін саясат ретінде айыптаған Б.Қаратаев біріншіден, «Үкімет Ресей ішіндегі помещиктер мүддесін, яғни 130000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына казак жерлерін тартып әперуде. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтан-ашық ұлыдержавалық, шовинистік негізде жүргізілуде. Соның нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері қазақтарды «орныкқан орындарынан, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысуда», - деп, орыс халқының еңбекші бұқарасы мен зиялы қауымын казак елінің осындай ауыр жағдайына көңіл аударуға шақырды. Б.Қаратаев Ресейдің ішкі губернияларынан орыс шаруаларын Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына көшіру арқылы патша үкіметі помещиктердің мүддесін қорғап отырғандығын, осы арқылы мемлекеттегі аграрлық шиеленістерді бәсеңдетуді көздеп отырғанын сенімді түрде дәлелдеді. Оның патша үкіметінің аграрлық саясатына берген батыл да адал бағасы Мемлекеттік думаның депутаттарына ғана емес, көпшілік қауымға да үлкен әсер етті. Бұл туралы әртүрлі саяси партиялардың газеттері өз пікірлерін жазып, кейбір саяси қайраткерлер өз ойларын білдірді. Дәл сол кезде казак саясаткері большевиктердің көсемі В.И.Лениннің назарына ілікті. Мұсылман фракциясының мүшесі Ш.Қосшығұлов та Дума жұмысы кезінде өзінің белсенділігімен көзге түсті. Ол «Ресей мұсылмандары одағының» Орталық комитетінің мүшесі ретінде оның жұмыстарына да қызу араласты. 1907 жылы



наурызда Орталық комитетінің мәжілісіне қатысты. Бұл мәжілісте Ш.Қосшығұлов Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы мен халық арасында байланыс орнататын қазақ баспасөзінің жоқтығын алға тартып, мұндай басылым шығаруға «Ресей мұсылмандары одағы» көмек көрсетсе деген тілегін білдірді. Ш.Қосшығұловтың бұл тілегі ескерусіз қалмады. Қазақ депутаттары қазақ халқының мүддесін Мұсылман фракциясының мәжілістерінде, сондай-ақ Мемлекеттік думада құрылған комиссияларда да білдіріп, оны қорғауда табандылық танытты. Мемлекеттік думада жер мәселесіне байланысты құрылған комиссияға Мұсылман фракциясының үш өкілі еңсе, оның екеуі Б.Қаратаев пен М.Тынышбаев еді. II Мемлекеттік дума жұмысы кезінде қазақ халқы өзінің бірден-бір сүйеніші ретінде бағалаған Мұсылман фракциясына өздерінің талап-тілектерін жолдумен болды. Мәселен, 1907 жылдың сәуір айы ішінде Ақмола облысы қазақтарының жер мәселесіне байланысты, Орал облысы қазақтарының өздерінің діни істерінің Орынбор мүфтилігі қарауында болуын қалайтын тілектері жеделхат арқылы Мұсылман фракциясы атына жіберілген. Оның ішінде Ақмола облысы қазақтары жер мәселесіне қатысты мынадай: «Қазақтардың иелігіндегі жерлер мал бағуға, егін егуге жететін болсын, Мемлекеттік думада жер мәселесі қаралып, шешімін тапқанға дейін орыс шаруаларын қазақ жеріне көшіру доғарыла тұрсын. Қоныс аударушыларға деп жер кесу тоқтатылсын. Бұрын қоныс аударушыларға беріліп, кейіннен жарамсыз деп тасталған жерлер қазақтарға кері қайтарылсын. Қазыналық орман мен тоғайлардан шөп шабуға қазақтарға рұқсат етілсін», деген талап-тілектерін білдіреді. Қазақ депутаттары өз халқының мұндай талап-тілектерін Мұсылман фракциясының мәжілістерінде талқыға салып, оны қанағаттандыру жолында қадамдар да жасап көрді. Дума жұмысы кезінде Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Ш.Қосшығұлов және Т.Нүрекенов Екіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы князь Васильчиковтың қабылдауында болып, үкіметтің қоныс аудару саясатын доғаруға көңілін аудару ниетінде қазақ халқының бастан кешіп отырған ауыр жағдайын жеткізді. Бірақ, князь Васильчиков оларды: «Жиырмамыншы ғасырда қырғыздар көшпелі өмірмен қоштасуы тиіс, осы тұрғыдан келгенде қоныс аудару саясаты қажетті шара болып табылады» - деп шығарып салған-ды.

Айта кетуге лайық елеулі жағдай, бірінші және екінші Думалардың құрамында қазақ елінің жерге байланысты отарлық жағдайын жанашырлықпен түсінген орыс депутаттары да баршылық еді. Мәселен, бірінші Дума жұмысы барысында Орынборлық депутат Г.И.Седельников және басқа сібірлік депутаттардың ұйымдастыруымен Ақмола, Семей сияқты облыстардағы жергілікті халықтың жер тапшылығына байланысты ауыр жағдайын баяндаған және оған 53 депутаттың қолы қойылған мәлімдемені Дума төрағасына тапсырады. Мәлімдемеде депутаттар переселен учаскелерін жасаушы чиновниктердің жергілікті халықтың құқығын аяқ асты етіп жатқанын айта келіп: «Қырғыздардың (қазақтар) артық-мыс деген жерін мемлекет қажетіне алу үшін жүргізіліп жатқан жұмыстардың ешқандай да заңдық негізі жоқ», - деп көрсеткен болатын. Мұсылман фракциясы мүшелері Мемлекеттік Думаның



талқылауына енгізілген әрбір заң жобаларын да жіті қадағалап отырған. Мұсылман фракциясының 1907 жылы 1 мамырда өткен мәжілісінде Б.Қаратаевтың кандидатурасы Мемлекеттік думада құрылған жеке адамдардың құқықтары туралы комиссияға ұсынылды. Сөйтіп Б.Қаратаев кадеттер фракциясы әзірлеген жеке адамдардың құқықтарына қол сұқпау туралы заң жобасын талқылауға қатысуға мүмкіндік алды. Бұл комиссия құрамында Б.Қаратаев халық арасында патша өкіметінің орыстандыру саясатын жүргізіп отырғандығын айыптайтын материалдар жинастырып, оны Мұсылман фракциясының мәжілістерінде талқыға салды.

Бірақ та бұл заң жобасы Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты қаралмай қалды. Сонымен қатар Мұсылман фракциясы мен «Ресей мұсылмандары одағы» Орталық комитетінің мүшелерінен тұрған комиссия әзірлеген мұсылмандар арасындағы оқу-ағарту ісі туралы заң жобасы да II Мемлекеттік думада талқыланусыз қалып қойды.

1907 жылы 3 маусым күні патшаның жарлығымен II Дума таратылады. Өйткені патша үкіметі Мемлекеттік дума құрамында өзінің сенімін ақтайтын, өзінің шеткері аймақтарда жүргізіп жатқан отаршылдық саясатына қарсы шығушылардың болғанын қаламады. Сондықтан орыс императоры II Николайға таза орыс рухындағы Дума қажет еді. Осы жарлықтың негізінде сайлау заңына түбегейлі өзгерістер енгізіліп Түркістан мен Қазақстан халықтары сайлау құқықтарынан айырылады. Сонымен қатар жарияланған жарлық бойынша елде етек алған реакцияның «Ресей мұсылмандары одағы» алғашқы құрбандарының біріне айналады. Осыған байланысты оның жергілікті бөлімшелері ашылмай қалады.

II Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Министрлер кеңесінің төрағасы жергілікті әкімшілік орындарына мынадай мазмұндағы жеделхат жолдады: «Император таксыр Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты тыныштық пен тәртіпті сақтау жолында барлық шараларды қолдануға әмір берді. Сонымен қатар патша жергілікті өкімет орындары ешқандай заңсыз әрекеттерге жол бермеуде табандылық танытады деген сенімде екендігін де білдірді». Осындай нұсқау хат алған соң жергілікті әкімшілік орындары барынша белсенділік көрсетуге тырысып бақты. Сөйтіп, отарлық езгідегі халықтардың сана-сезімінің оянуынан сескенген билік орындары қазақ зиялыларын қудалауға түрлі себептер қарастыра бастады. Реакция барлық бағытта шабуылға шығып, патша өкіметі революция жылдары түрлі саяси істерге белсенді атсалысқандарды, азаттық қозғалыстың басшы өкілдерін ашық қуғындауды қолға алды. Бірақ та патша өкіметінің қуғындау саясаты қазақ зиялыларын Мемлекеттік дума арқылы жүргізуді көздеген саяси күрестен біржола ығыстыра алған жоқ. Олар Думадан тыс қала отырып, құрамы жағынан алғашқы екі Думадан анағұрлым консервативті, ұлыдержавалық бағыттағы III Дума шеңберінде де мұсылман фракциясы, сібірлік депутаттар, солшыл кадеттер және басқа одақтастары арқылы үкіметтің қазақ жерінде отарлау саясатына, «3 маусым заңына» қарсы әрекетін тоқтатпады. Мәселен, 1907 жылы Отыншы Әлжанов Зайсан қазақтарының атынан жаңа ашылған III Мемлекеттік



думадағы Мұсылман фракциясына және өзге де партиялардың басшыларына жеделхат жолдап, қазақ халқының саяси құқығының аяқ асты болғаны айтып, мұндай әділетсіз шешім қабылдаған үкіметке наразылық танытады. 1907 жылы күзде Қостанай уезінің беделді ақсақалы Баймұхамбет Наурызбаев уезд қазақтары атынан петиция жазуды ұйымдастырып, «3 маусым заңын» өзгертуді, қазақтарға да Мемлекеттік думаға депутат сайлауға рұқсат беруді сұраған өтініштерін III Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясына әкеліп тапсырған. Осылайша қазақтар Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясын өздерінің сенім артатын бірден-бір ұйымы ретінде бағалады. Өздерінің барлық талап-тілектерін Мұсылман фракциясы арқылы білдіруге талпынды. «3 маусым заңына» сәйкес Дума жұмысынан шеттетілген қазақ, өзбек секілді т.б. мұсылман халықтарының зиялы азаматтары Мұсылман фракциясының төңірегіне топтасты. Олар фракция мәжілістеріне қатысып, фракция жұмысының қарқынды жүруіне өз септіктерін тигізуге талпынды. III Дума жұмысы кезінде Б.Қаратаев, С.Лапин, А.Жанталин, Е.Оразаев секілді тағы басқа да қазақ зиялылары мұсылман фракциясына қазақтарды жерге орналастыру жөнінде және мұсылмандардың діни істері мен мекемелері жайлы заң жобаларын әзірлеп тапсырды. Қазақ қайраткерлерінің осы өтінішін мұсылман фракциясының мүшелері ғана емес Сібір депутаттары Н.Волковтың, Н.Л.Скалозубовтың, В.И.Дзюбинскийдің, А.К.Виноградов және басқа демократиялық бағыттағы депутаттар қолдап, патша үкіметінен әділетсіз аграрлық және ұлт саясатын өзгертуді талап етті. Мәселен, Забайкалье облысының депутаты Н.Волков III Дума мінбесінен қоныс аудару мекемелерінің Сібір, далалық облыстар және Түркістан халықтарына жасап отырған қиянатын әшкерелеп бір емес, әлденеше рет сөйлейді. III Думаның 1912 жылғы 1 мамырдағы отырысында ол осы тақырыпқа тағы да бір рет оралып: «Өткенде мен сіздерге сенатор граф Паленнің ревизиясы жинаған деректерге сүйене отырып, бұл бақытсыз қырғыз (қазақ) жұртының артық-мыс деген желеумен тіптен арық, өңделген, жыртылмалы және шабындық жерлері, бау-бақшасы, жоңышқалықтары, онда салынған құрылыстары мен қыстаулары түгелдей тартып алынып переселендерге беріліп жатқанын айтқан едім... Соңғы кездері қоныс аударушыларды орналастыратын мекемелер қырғыздарға ариан тағы бір әдіс ойлап тапты. Ол отырықшы норма деп аталады. Сөз ретіне қарай айтсақ ол ешқандай да заңда қарастырылмаған. Бұл отырықшы норманың мәні мынада: қырғыздарға да қоныс қонған переселендерге бөлінетін 15 десятинадан жер үлесін алып, сонда орналасу ұсынылады, ал қырғыздар болса бастарынан өткендіктен жақсы біледі, егер бұл ұсынысты қабыл алмаса, бәрібір оларды ата қонысынан қуып шығып жерсіз қалдырмақ, сондықтан да шарасыздықтан берілген үлесті алуға мәжбүр болады».

Бұл, әрине, Волковтің жер мәселесіне байланысты қазақтарға араша түсіп Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңесте сөйлеген сөздерінің бірі ғана еді. Қазақтар үшін сөзбен бірге ісі қатар жүрген депутаттардың бірі тоболдық Николай Лукич Скалозубов болды. Оның III Дума мінбесінен сөйлеген сөздерінің қысқаша мазмұны мынаған сайды: қазақ жұртының жағдайын орыс



қоғамы білмейді, қазақтардың тыныс тіршілігінен, шаруасынан билікте отырған орыс қайраткерлері мүлдем хабарсыз, Думадағы депутаттар солардың соңына еріп қазақ жұртына зиянды заңдарға қол көтеріп отыр, т.с.с.

1912 жылы Өскемен уезі Тарғын болысы 7-старшындағы Қошанай рулы казактардың жері қоныс аударушыларға өтеді. Қазактар араша сұрап Тобол депутаты Скалозубовқа арыз жазады. Арызда 169 үйлі бұл ауылдың 60-сы өз пішені жоқтықтан казак-орыстан пішен сатып алып шабатынын, қой, жылқы бағатын жерді жылқы басына он тиын, қой басына бес тиын аренда төлеп тағы көрші казак-орыстан сатып алатынын жазады. Скалозубов араласқаннан соң бұл дау уездік комиссияда қаралып, Қошанай жері өз иелеріне қайтарылады. IV Мемлекеттік Думадағы Түрікшілдік қозғалыстың тұтас түріктік сипат алумен бірге Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясы жанынан 1916 жылы мамыр айында мұсылмандық фракцияға көмек көрсетуді мақсат еткен ерекше кеңесетін Бюро құрылады. Бюро құрамына алғашқы кезде Сәлімгерей Жантөрин, Ахмедбек Салихов, Садриддин Максудов, Шәкір Мұқамедияров, Нәжиб Құрбанғалиев, Зайнеддин Тайзетдинов, Әлихан Бөкейхан, Нағанғали Бигембетов, Амин Расул-Заде, Сейіт-Гирей Алкин сияқты саяси қайраткерлер кіріп, оның төрағасына Тевкелев сайланады. Кейін бұл Бюроға Әлихан Бөкейханның ұсынысы бойынша М.Шоқай да қабылданады. Наурыз айының орта тұсында Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен Петроградтағы түркі-мұсылмандық зиялы қауым өкілдерінің басқосқан мәжілісі өтті. Бұл мәжіліске фракция мүшелерінен басқа Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, Зәки Уәлиди, А.Цаликов, М.Дулатов, М.Боштаев, С.Жантөрин секілді т.б. қайраткерлер қатысты. Мәжілістің ұйғарымымен бұл бюроға елдегі мұсылмандардың қоғамдық-саяси ұйымдарының қызметін өзара үйлестіріп отыру және жақын арада бүкілресейлік мұсылман съезін шақырулы ұйымдастыру міндеті жүктелді.

Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының келесі бірі елеулі еңбек патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы әділетсіз жарлығына қатысты ұстанған бағыты еді. Сол кезде-ақ олар 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шығуының ең басынан-ақ оның заңсыз екенін көрсетіп, егер бұл әділетсіз жарлық жүзеге асырыла бастаса, халық толқуларының пайда болуы анық екенін ескерткен еді. 1916 жылы шілде айында-ақ мұсылмандар, кадеттер мен трудовиктер фракциясының өкілдері болып табылатын Мемлекеттік Дума мүшелері Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрлікке жарлықты жүзеге асыру шарттарын дереу анықтауды талап еткен болатын. Бірқатар депутаттардың сауалдарын талқыға салған Мемлекеттік Думаның мүшелері патша жарлығын жүзеге асырудың заңдылығы мен мүмкіндіктері және зардаптарын мәселе ретінде қарастырады.

1916 жылы тамыз айында Мемлекеттік Думаның депутаттары А.Ф.Керенский мен К.Б.Тевкелев өз фракцияларының тапсыруымен Түркістанға барады. Комиссияның құрамында мұсылман фракциясының бюро мүшелері М.Шоқай мен Ш.Мұқаммедияров та бар еді.



Бұл туралы М.Шоқайдың зайыбы Мария Яковлевна өз естеліктерінде былай дейді: «М.Шоқайды мен 1916 жылдан бері танитынмын. Сол жылы тыл жұмысына қарсы қазақтардың көтерілісі болды. Көтеріліс басылғаннан кейін Түркістанға Петербургтен Мемлекеттік Думаның мүшесі А.Ф.Керенский мен сенатор Тевкелев бастаған тексеру комиссиясы келді. Мұстафа Шоқай да осы комиссияның құрамында тілмаш болатын. Осы комиссияның Түркістандағы тексеру жұмыстары кезінде Мұстафа Шоқай бірнеше рет біздің үйге келген еді». Мемлекеттік Думадағы трудовиктер фракцияның жетекшісі А.Ф.Керенский қазақ даласында болып жатқан оқиғаларды орыс тарихының маскара беттері деп сипаттама береді. Ол бұл оқиғалар туралы былай деп мәлімдеме жасайды: «...25 маусымдағы жоғары патша жарлығын ...жариялау және жүзеге асыру кезінде Ресей империясының негізгі және негізгі емес заңдарының бәрі қаншалықты мүмкін болса соншалықты бұзылған». Осылайша Керенский Түркістаннан Петербургке келгеннен кейін Мемлекеттік Думада түрік мұсылмандардың мүддесін қорғап сөз сөйлеп, онда бұратана халықтардың еңбекке жарамды жастарын майданның кара жұмысына жаппай алу дұрыс емес, оларды өз жерінде пайдаланған дұрыс деген. Деректер бойынша Мемлекеттік Думада бұл мәселе қайта қаралып, бұратана халықтардың әскерге шақыру жасына іліккендерге көптеген жеңілдіктер жасалынған. Яғни, Мемлекеттік Думаның 1916 жылы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған оқиғалар талқыға түсіп, мәжілісте баяндама жасаған А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деген тұжырым жасап, «кінәсіз ондаған мың адамды өлімге душар еткен» отарлық жүйені өзгертуді, Түркістанды басқаруда жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қою керектігін ұсынған болатын. Белгілі қайраткердің бұл мәлімдемесі Түркістан өлкесіндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік Дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын. Керенскийдің түркістандықтарды Мемлекеттік Думада қорғап сөйлеуінде М.Шоқайдың ықпал етуі мүмкін еді. А.Ф.Керенскийдің қазақ даласына жасаған сапарына кезінде М.Шоқай былай деп анықтама берген болатын. Ол Керенскийдің Ресей империясының билігіндегі орыс емес ұлттар арасында өзіндік орны бар адам дей отырып, былай дейді: «Кезінде ол біздің ата мекеніміз Түркістанда едәуір беделге ие еді. Оның 1916 жылы Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының басшысы марқұм Құтлұғ Мухамед мырза төкілмен бірге Түркістанға жасаған сапары, Ташкент, Әндижан және Ниһайаттардағы, мемлекеттік Дума мінбелерінен патша өкіметі саясаты туралы Түркістанда дүрбелең тудырған себептерді айтқан сөздері Керенскийдің атын тек Түркістанда ғана емес, Ресейдің күллі түріктер қоныстанған аймақтарына белгілі етті. Ол кезде патшалық Ресейдің астында езіліп жатқан біздерге Керенскийдің революциялық тұлғасы үміт жұлдызындай көрінген еді. Мен Керенскийдің Түркістан сапарына марқұм Құтлұғ Мәмет мырзамен бірге болдым. Сол кездегі Керенский сөздерінің жалпы мазмұны ғана емес, тіпті кейбір тұстарының



нақтылы мәтіндері де әліге дейін менің есімде. Егер жаңылмасам 1916 жылы 22 тамыз күні Керенский Әндижандағы Жәмиғат мешітінің ауласында түркістандықтар мен орыстардың достық, адамгершілік қатынастарына арнап дұға бағыштатқан болатын». М.Шоқайдың Керенскиймен бірге қызмет істеуі оның іс жүзінде мұсылмандық және түрікшілдік идеяларды қолдауына алып келді және отарға түскен түрік тілдес халықтардың азаттық күрес бірігуі қажет екенін түсінді. Жалпы М.Шоқай Керенскиймен тығыз байланыста болған. Оны Қазақстанның Саяси Бас Басқармасынан табылған құжаттан көре аламыз. Онда былай делінген еді: «Мұстафа Шоқай ...кейін Уақытша Үкіметті басқарған Александр Федорович Керенскиймен бірге оқыған. Гимназияны бітіргеннен кейін екеуі де Петербургтегі университеттің заң факультетінде оқиды. Сол кездері Шоқай мен Керенский тұңғыш рет революциялық ортамен жүздесіп, социалист-революционерлердің бағдарламасын қолдаған. Империалистік соғыстың бас кезінде Керенский Ресейде қалса, Шоқай Ташкентке келіп қазақ зиялы қауым өкілдерін біріктіруге күш салады. Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарастарының өткірлігі сонда, Керенскийдің өзі Мұстафа Шоқаймен саяси тақырыптарға ашық сөйлесетін. Ол туралы Мұстафа: «...мен және Керенский 1916 жылғы қарашада өз үйінде біздің дала қазақтары мен өткізген бір сұқбатын есіме алып отырмын. Торғай уалаятынан келген өкілдер түркістандықтардан алынатын жұмысшылардың орнына он мың ат бергісі келетіндіктерін, осыған өкіметті көндіру үшін Керенский екі арада жүруін өтінген еді. Сонда Керенский оларға: Мен сіздерге мынадай кеңес бергім келеді. Орыс үкіметіне сенуге болмайды ол сіздің жылқыларыңызды алады да одан соң жігіттеріңізді жұмысқа жегеді-деген болатын. Міне Керенскийдің патша үкіметінің отаршылдық саясатын бүркімелей ашық айтуының өзі Мұстафаны қадір тұтатынын көрсетеді. Мұстафаның Керенскиймен арадағы байланыстары, оның саяси көзқарастары мен ұлттық тәуелсіздік туралы идеялары кеңейе түседі.



## 2-БӨЛІМ

### ПАТШАЛЫҚ РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

#### БЕСІНШІ ТАРАУ

#### РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КҮРЕСІ

##### §1. Қазақ даласындағы Столыпиндік реакция және қазақ зиялыларының қудалануы

1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігі қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысын бастаушы саяси күш - ұлттық интеллигенциямен бетпе-бет келді. Сондай-ақ тура осы мезгілден бастап әкімшілік орындары ұлттың да интеллигенцияның белсенді өкілдерін қудалау саясатын қолға алды. Бұл саясаттың басында империяның ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды.

Басында далалық облыстардың генерал-губераторы тұрған облыс және уезд әкімшіліктері ұлт-азаттық қозғалыстың бастаушы өкілдерін, шығармашылық қызметімен ұлттық санаға ықпал жасай бастаған ақын-жазушыларды, революция жылдары түрлі саяси істерге белсенді атсалысқан жеке адамдарды, дін қызметкерлерін жазалау шараларын іске асырды.

1905 жылы жаз айларында түрлі жәрмеңкелер мен жайлауларда мындаған адамдардың қатысуымен өткен жиналыстар, оларда қабылданып, үкімет орындарына жөнелтілген петициялар отаршыл әкімшілік үшін күтпеген белсенділіктің көрінісі еді. Сондықтан да үкімет орындары бұл оқиғалардың одан ары өріс алмауына қажет шараларды істеп бақты. Сол кездегі оқиғалардың куәсі М. Тынышбаевтың көрсетуіне қарағанда, 1905 жылдың күзіне қарай Семей губернаторы Галкин билік орындарына қазақтарды Омбыда өтпек жиналысқа жібермеу туралы жарлық береді. Әскери генерал Романов қазақ тілмаштарын жұмыстан босатып, олардың орнына орыс-қазақтарды қабылдайды. Крестьян және уезд бастықтарына қазақтардың үстінен бақылауды күшейту және түрлі петицияларға қол қойғандардың тізімін жасау жөнінде нұсқау беріледі. Бұл ретте, әсіресе көзге түсуге тырысқан Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский еді. Ол Қарқаралы петициясына қолдарын қойған 42 болыс пен биді жауап ал үшін Қарқаралыға, шақыртады, бірақ олардың бірде-біреуі келмейді.

Әрине, мұндай жағдайда билік орындарының алдымен қозғалыстың басшыларына назар аударатыны мәлім. Бұл ретте ең алдымен көзге іліккен - Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі, бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі, оны таратуға қарсылық білдіріп басқа депутаттармен бірге Выборг манифесіне қол қойған, орыс тілді басылымдардағы өткір мақалаларымен көзге түсіп үлгірген Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов. Әкімшілік орындары даладағы революциялық өрлеу барысында-ақ оны халық бұқарасынан аластауға тырысты. «1906 жылы қаңтарда, азаттық күндерімен



бірге келген оқиғалар ағымында Семейде облыстық съезд өтетін болды. Соған қатынасуға Павлодардан Семейге келе жатқан жолымда,- деп жазды Бөкейханов,- мені Ямышевск поселкесінде 8 қаңтар күні тұтқынға алды...» Сол камалғаннан ол ешқандай да тергеусіз 30 сәуірге дейін, яғни Қарқаралы уез Тоқырауын болысының елубасылары Мемлекеттік Думаға депутат сайлаушы етіп бекіткені мәлім болғанға дейін абақтыда отырады.

Араға бір жыл салып, яғни 1908 жылы Ә. Бөкейханов Выборг манифесіне қол қойғаны үшін заңдар жинағының 51-бабы және 129-бабының 3 тармағының 1-бөлімі бойынша жауапқа тартылып, Петербург округтік сотының үкімімен Семей абақтысында бірнеше ай отырып шығуға міндеттенді. Осы жылдан бастап үкімет орындары қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсірету және бастаушысыз қалдыру мақсатында оның белсенді қайраткерлерін қазақ облыстарынан тыс аудандарға жер аудару тәжірибесін қолданды. Ә. Бөкейханов Семей абақтысынан шыққаннан кейін ішкі Ресей қаласы Самарада жандарм орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. 1908 жылдың саяси оқиғаларына белсенді түрде араласқан және Қарқаралы петициясын дайындау кезінде, ел арасындағы саяси үгіт жұмысында ерекше белсенділігімен танылған Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов бастаған Қарқаралы интеллигенциясы да қудалауға ұшырайды. Қазақ даласында өздерінен басқа ешкім де еркінсінеуі керек деп түсінген патша чиновниктері бұл жағдайды бірден аңғарды. Олар көп ойланбастан тиісті орындарға, жандарм тыңшыларына Қарқаралы интеллигенциясы үстінен, алдымен олардың жетекшісі ретінде танылған Ж.Ақбаев пен А.Байтұрсынов жайында тиесілі материалдар жинауды тапсырды.

Семей облысындағы белсенді қазақ интеллигенттерін қудалау ісі облысы 1908 жылы әскери губернатор қызметіне А. П. Тройницкий келгеннен кейін уақытта ушыға түсті. Өзінің реакциялық іс-әрекеттерімен прогрессивтік көзқарастағы орыс қоғамына да жексұрын көрінген Тройницкийдің Семейге келген бетте қолға алған істерінің бірі түрлі лас жолдармен қазақ зиялыларының үстінен материал жинау болды. Сол жиналған материалдардың негізге ала отырып, ол 1908 жылы 17 қарашада дала облыстары генерал-губернаторына құпия қатынас жазып, онда Ж. Ақбаевқа бірнеше айып тақты. Ақбаев атына осындай айыптар тағып және олары өзінде бар фактілермен дәлелдегенсіп, Тройницкий мұндай әрекеттердің қазақ даласында орыс билігінің қадірін түсірмесе көтермейтіндігін таусыла айтып, генерал-губернатордан Дала Ережесінің 17-бабына сай Ж. Ақбаевты Сібір өлкесінің бір алыс түкпіріне жер аударуды қиыла өтінеді. Дала облыстары генерал-губернаторы Е. О. Шмит Тройницкийдің ұсынысын қабыл алып, 1908 жылғы 4 желтоқсанда ішкі істер министріне жолдаған № 99 өтініш хатында «егер Ақбаевты Семей облысынан тағы да сол қырғыздар қоныстанған Ақмолда облысына жер аударумен қанағаттансақ, онда ол отандастарына ықпал ету арқылы өзінің зиянды әрекеттерін жалғастыра бермек, сондықтан да Ереженің 32-36-бабтарына сәйкес полиция бақылауында бес жылға Якут облысына жер аударуды» сұрайды. Ж. Ақбаев ісін Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған



Ерекше Кеңес қараған соң, ішкі істер министрі 1909 жылы 2 қаңтарда «Ақбаев астанадан, губерния және дала генерал-губернаторлығы орталықтарынан басқа, өзі қалаған жерге 1908 жылдың 22 желтоқсанынан бастап санағанда екі жылға жер аударылып ашық полиция бақылауына бағындырылсын деген үкім шығарады. Бұл уақытта губернатор Тройницкий министрдің шешімін күтпей-ақ желтоқсанның орта тұсында жергілікті полиция орындарына бұйрық беріп, ауру Ақбаевты тұтқынға алады. 1909 жылдың қаңтарының басында Қарқаралы уезінің аксақал, би, старшин және болыс басқарушылардың үлкен тобы «Ақбаевтың жазалану себебі мүлдем түсініксіз», деп тауып, сондықтан да оны абақтыдан босатуды талап етіп генерал-губернатор Шмитке хат жөнелтеді. Шамамен осы мазмұндағы өтініш Ақбаевтың отбасынан да түседі. Бірақ бұл өтініштер қабылданбайды. 1909 жылың наурыз айында Ж. Ақбаев Жетісу облысындағы Қапал қаласын тандап, тиесілі мерзімді өтеуге сонда аттанады.

Ж. Ақбаевты жер аудару Қарқаралы интеллигенциясына қарсы жүргізілген жазалау шарасының басы болатын. Ендігі кезек Қарқаралыдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсыновтікі еді. 1909 жылы мамыр айында құпия тыңшылар, яғни уез бастығының көмекшісі Солотич пен Қарқаралы тұрғыны Т. Шыңғысовтың көрсетулерін негізге ала отырып, губернатор Тройницкий Округтік оқу бөлімінің меңгерушісі А.Е.Алекторовтан А. Байтұрсыновты қызметінен аластатуды талап етеді. Қызметтен босаған Байтұрсынов Омбыға Алекторовқа аттанады. Істің жайын түсінген соң Алекторов Байтұрсыновқа өз қызметін қайтарып беруге уәде етеді. Мұны естіген Тройницкий 1 шілдеде Байтұрсыновтың үйінде тінту жүргізіп, өзін тұтқынға алады.

Губернатор Тройницкий мен ерекше тапсырмалар бойынша чиновник Третьяков 1909 жылы 13 қыркүйекте Омбыдағы далалық облыстар генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-лейтенант Тихменевтің сұрауына берген жауабында Байтұрсыновтың тұтқынға алыну себебін былайша түсіндіреді: «Байтұрсынов Қарқаралы уезіндегі қырғыздар арасында сеперативтік рухтағы насихат жұрттің және Семей облысынан тыс өлкеге жер аударылған Жақып Ақбаевты қайтару туралы арыз ұйымдастырған. Уез бастығының тергеуінде болған адамдардың көрсетуіне қарағанда, ол жүргізген насихаттың мазмұны, біріншіден, қырғыз жұртының арасында өзін-өзі автономиялық басқару идеясын тарату, ал белсенді әрекеттерге көше қалған күнде орыс билігінен қорықпау, өйткені Қытай мен Ауғанстан оларға көмек көрсетуге даяр... сияқты ойларға сайса, екіншіден, алым-салықты төлемеу және орыстар мен қырғыздардың арасында өшпенділікті қоздыру болды».

Жоғары мансапты чиновниктер одан ары «Байтұрсынов ісінің соншалық маңызды болуына байланысты, оны өзірге қамаудан босату тіпті де мүмкін еместігін» айтып, былайша негіздейді: «Қарқаралы уезіне орыс шаруаларыш әкеліп қоныстандыру әлі бастала қоймаса да, Ақбаев, Байтұрсынов және олардың құпия серіктерінің үкімет саясатына қарсы жүргізген зиянды қызметінің салдарынан бұл уез қырғыздары арасында орыстарға деген өте үлкен жаулық пиғыл байқалып отыр».



Ақбаев сияқты Байтұрсыновтың да кінәлі екеніне әбден сенімді болған губернатор Тройницкий тергеу жұмысын аяқтауға асықпады. Байтұрсынов сияқты тұтқынды ешқандай жауап алусыз бірнеше ай абақтыда ұстау оған біріншіден, тұтқынның сағын сындыру үшін керек болса, екіншіден, сыртта бостандықта жүрген Байтұрсыновтың пікірлес отандастарына отаршы биліктің күшін, мүмкіншілігін көрсету еді. 1909 жылғы 28 қазанда далалық генерал-губернатор Шмитке жолдаған қатынасында: «Ақбаевтың Қарқаралық уезінде серіктері қалып отыр, жазда олардың негізгілерінің бірі Қарқаралықтағы орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі Байтұрсыновты тұтқынға алынды. Оның қылмысты ісін тексеру үшін мен жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневскийді командировкаға жібердім. Оған сондай-ақ Ақбаев, Байтұрсынов және К<sup>о</sup>-лердің ықпалымен 1905 жылдан кейінгі уақытта уезде бүкіл орыстық іске қарсы қалыптасып отырған көңіл күйді анықтап қайту да жүктелді. Ротмистр Леваневский желтоқсаннан бері уақытта оралмайды, осы аралықта ол полиция назарынан тыс қалып ешқандайда кедергісіз үгіт-насихатпен айналысып келген жат жұрттықтарды анықтап қайтады деп үміттенемін» деп жазды. 1909 жылдың екінші жартысында ешқандай да тергеусіз абақтыда отырған Байтұрсыновты жағдайына анықтық енгізу мақсатында оның жақын туыстары мен достары біраз шараларды іске асырады. Осы жылдың 5 тамызында Байтұрсыновтың жары Бәдрисафа Байтұрсынова далалық облыстардың генерал-губернаторына «белгісіз себептерімен абақтыға жабылған» күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуға өтініп арыз жазады. Алайда мұндай арыздың қабыл алынбады. Петербургте Ғылым академиясы баспасынан «Қырық мысал» атты кітабы жарық көрген ақын және ағартушының абақтыда тергеусіз біраз уақыттан бері жатқан хабары астанадағы прогрессшіл пікірдегі интеллигенцияға да жеткен еді. Сонымен бірге бірден-бір көрінісі Петербургте шығатын «Современное слово» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме» атты мақаланың жарық көруі болатын. Мақалада Байтұрсыновтың абақтыға жабылу себептерінің қатарында «басқаратын мектепте орыс оқушыларының болмауы, 1905 жылы қазақтың патшаға тапсырған петицияны жазуға қатысқаны, орыс-жапон соғысы тұсында патриоттық пиғыл танытпағаны» аталады.

Байтұрсыновтың ісі бойынша үкімет орындарын белгілі бір шешімге итермелеген Мемлекеттік Думаның мүшесі Н. Л. Скалозубовтың 1909 жылы 17 қарашада ішкі істер министрінің орынбасары П. Г. Курловқа жолдаған хаты еді. Мемлекеттік дума мүшесі хатында «Семей мен Өскемен абақтыларында біраз уақыттан бері тергеусіз, сотсыз бірнеше қырғи-қабақшыл интеллигенті жатқан көрінеді. Олар өздерінің шарасыз жағдайына көңіл аударуды өтінеді», бұл істерді тездетіп аяқтауға болмас па екен деген ойды білдіреді. Далалық облыстар генерал-губернаторы О. Е. Шмит 1910 жылы 2 қаңтарда П. Г. Курловқа берген жауабында Өскемен түрмесінде Кәлібе Төленгітов (Тоғысов - Автор.) пен Жәмпей Жансүгіровтің отырып шыққаны, Семей түрмесінде А. Байтұрсыновтың шынымен де әлі отырғаны туралы



мәлімет беріп, Байтұрсынов ісінің таяу уақытта, яғни тергеу ісі біткен соң аяқталатынын хабарлайды. 1910 жылы 4 ақпанда далалық облыстар генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-лейтенант Техменев ішкі істер министріне Байтұрсынов ісіне байланысты тағы да есеп беріп, онда Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізуде «кінәсі Байтұрсыновтан кем емес» деген бірнеше адамның атын атайды. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі Ыбрай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасен Ақаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков, Ақшатау болысының тұрғыны Баубек Райымбеков, ауыл мектебінің мұғалімі Смаил Байтенов және Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің оқушысы Асылбек Сүлейменов еді. Қатынаста бұл аталған кісілердің бәрі де қырғыздарды салық төлемеуге, билік орындарына бағынбауға және переселендерге жерлерін бермеуге» үгіттеді деп көрсетіледі.

Бұл тізімнің ішіндегі Асылбек Сүлейменов 15 жасар бала болатын. Оған тағылған айып «Байтұрсыновтың өлендерін жатқа білгендігі еді». Қатынаста жоғарыда аталған жетеуінен «күнәсі кемдеу», бірақ бұлар да үкіметке қарсы насихат жұмысымен айналысқан деп тағы да бір топ Тоқырауын болысы (Ә. Бөкейхановтың туып-өскен жері-*Автор.*) тұрғындарының аты-жөні аталып, оларға да жоғарыдағыларға таңылған кінә жүктеліп, тек қырғыздарды отырықшы тұрмысқа өтпеуге үгіттеді» деген айыпты қоса тіркейді.

Қарқаралы интеллигенциясының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесіне «А.Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артын ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбрай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смаил Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындығы туралы министрдің шешімі келіп жетеді.

А.Байтұрсынов министрдің бұйрығынан соң екі жылға тұруға өз еркімен Орынбор қаласын тандап алады. Ал қалған жетеуі 1910 жылдың наурызынан бастап келесі жылдың 16 сәуірінде елге қайтуға рұқсат берген министрдің жарлығы шыққанға дейін Том губерниясында тұрады. Міне, осы арада соңғы жетеуінің мерзімінен ерте елге оралуына себепші болған Сібір губернияларынан Мемлекеттік думаға мүше болып сайланған М.А.Дзюбинский мен Н.Л.Скалозубовтың еңбегіне байланысты еді. Мұны мұрағаттағы құжаттар дәлелдейді. Ал Ә. Бөкейханов Н. Л. Скалозубовтың емірден қайтуына байланысты 1915 жылы «Қазақ» газетіне жазған қазанамасында былай деді: «1910 жылы біздің Қарқаралыдан Хасен, Ыбрай, Смахан, Бодаубек, Ахмет Райымбек баласы, Сүлеймен екі жылға жер аударылды. Жазықтары: бірі менімен бір туысқан, бірі Жақыппен бір туысқан, бірі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін айтқан, өзгелері осылармен таныс. Осы жігіттер күні толмай үйлеріне қайтты. Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты жігіттің қайтуына көп қызметін өткізген Г. Совет члені Л. Н. Толстой досы



Михайл Александрович пен Н. Л. Скалозубов болатын». Сөйтіп, отаршы әкімшілік пен Қарқаралы интеллигенциясы арасында 1905 жылдан басталған саяси күрес соңғыларын жазалау шараларымен аяқталған. Көрініс отырғанымыздай, саяси жазалауға тек ұлттық наразылықтың көп бастаушылары ғана (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев т. б.) емес, сонымен бірге азаттық қозғалыстың қатардағы қолдаушылары да (С. Байтенов, А. Сүлейменов т. б.) іліккен еді.

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға кітап бастырып, елге тарату түрінде де көрінді. Ұлттық мерзімді баспасөз жоқ, ал жазба әдебиеттің аз қалыптасып үлгірмеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі «Оян, қазақ!» болды. Уфа қаласындағы «Шарқ баспасынан 1909 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы Міржақып Дулатов еді. «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал һәрам боп, Қазағым, еңді жату жарамасты!». Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық өмірінің өзгеше саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын. Кітапқа кіріспе сөзінде М. Дулатов: «Мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі хәлімізді салыстырсаңыз да аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдыққа жата берсек, енді аз заманда нешік болмақпыз?», деген сауал қойып, оған оқырманмен бірге кітабында жауап іздейді.

«Оян, қазақ!» Орал, Торғай, Семей және Ақмола облыстарында тез таратыла отыра отыра өте көп оқылатын кітапқа айналады. Бір қызығы сол, бұл кітапты халық арасында кең насихаттауда белсенділік танытқан дін қызметкерлері молла-имамдар еді. Мәселен, Ақтөбе уезінің бастығы Орынбор губерниялық жандарм басқармасының бастығына 1910 жылы Орынбор округтік соты прокурорының жолдасы және уездік полиция бастығының қатысуымен жандарм ротмистр Жанкиннің Ақтөбе қалалық мешітінің молласы Омар Абдулганиевті қырғыздардың арасында көтеріліске шақыратын татар тілінде шыққан кітапшаны тарату ісіне байланысты оның үйінде тінту жүргізілгендігі туралы хабарлайды. Дәл осыған ұқсас жағдай Ақмола облысында да болғаны байқаймыз. Орынбор губерниялық жандарм басқармасы бастығының өтініші бойынша Омбы губерниялық жандарм мекемесінің бастығы «Оян, қазақ!»-ке байланысты мынадай фактіні баяндайды. 1911 жылы маусым айында Ақмола губернаторының нұсқауы бойынша «мұсылман жұрттарының арасында қылмысты басылым «Оян, қазақ!»-ты таратып, қылмысты іс жасағаны үшін Ақмола қаласындағы 2 үлкен мешіттің имамы Хаджитулла Хаким Дәуір Махмұтовтан жауап алынып», имамның ондай іспен айналысқаны дәлелденген соң, ол қызметінен қуылып, Дала Ережесінің 34-бабына сәйкес дала облыстарынан үш жылға жер аударылған. «Оян, қазақ!» шыққанға дейін Омбы уезі Қорған болысы, Арқалық ауыл, мектебінде мұғалімдік жұмыста жүрген М.



Дулатов 1909 жылы қазан айында Ақмола облысындағы Петропавл қаласына келіп алдымен қалалық мұсылмандар кітапханасы - оқу залының меңгерушісі, соңынан соттың хатшысы қызметінде жұмыс жасайды. Деректердің көрсетуіне қарағанда, М. Дулатовқа Петропавл қаласына келіп орналасуы екінші басылым көрген «Оян, қазақ!»-ты, 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамал» романын және басқа азаттық үшін күрес рухында жазылған кітаптарды ел арасына таратуға қолайлы жағдай тудырса керек.

Бірақ бұл уақытта «Оян, қазақ!»-тың авторының сыртынан жандармдық бақылау қойылып, оның «қылмыстық» ісін дайындау бұдан бұрын Ж. Ақбас пен А. Байтұрсыновтың тергеу ісін жүргізген Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневскийге жүктеледі.

Ротмистр Леваневский 1911 жылғы 15 маусымда Семей губернаторына жолдаған қатынас хатында М. Дулатов үстінен қылмыс кодексінің 129-бабының 6 тармағы бойынша іс қозғағандығы жөнінде мәлімдеп, артынша «Оян, қазақтың» орыс тіліне аударылғанын және оның көптеген даналарының ел арасына тез арада тарай кеткенін айта келіп, «Өлеңмен, жақсы тілде, шебер жазылған «Оян, қазақ!» тілген аударма түрінде-ақ айтарлықтай әсер қалдырады, ал өзінің мазмұны жағынан орыс үкіметінің қырғыздарға қатысты бүгінгі саясатына наразылық тұғызуды көздейді, сондай-ақ оның ішінде Жоғары Мәртебелі Императорды мазақ ету және панисламизм идеясын тарату пиғылы да байқалады» деп көрсетеді. Өз ретінде Семей губернаторы Дала облыстары генерал-губернаторына жолдаған хатында «Оян, қазақтың» аудармасын ұсынып, «қазақ жұртының белгілі бір бөлігінің орыс билігі мен орыс жұртына қатынасын білдіретін» бұл кітапшаны оқып шығуын өтінеді. Семей округтік соты М. Дулатов ісін жүргізу барысында Казан қаласындағы баспа ісі бойынша Уақытша Комитетке қайрылып, «Оян, қазақ!» қаншалықты заңға сәйкес екендігі жөнінде пікірін сұрайды. Уақытша Комитет 1911 жылғы 8 қарашада берген № 1735 жауабында өзінің «Оян, қазақты!» қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тыйым салуға және оның авторы М. Дулатовты қылмысты істер Заңының 128 және 129-баптарына сәйкес жауапқа тартуға рұқсат сұрап Саратов Сот палатасына қатынас қағазын жібергенін хабарлайды. Баспа ісі бойынша Уақытша Комитеттің бұл шешімін негізге ала отырып, Семей округтік соты М. Дулатовты қылмысты істер Заңының 129-бабының 6 тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады. М. Дулатовтың абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалыстың өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Мәселен, 1912 жылы қаңтарда Бөгелі болысынан Сман Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгібай Алдабергенов залогқа екі мың сом ақша төлеп, М. Дулатовты абақтыдан шығарып алады. Бірақ артын ала губернатор Тройницкийдің бұйрығымен ол қайталан Семей абақтысына жабылады. 1911 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті мен «Айқап» журналы М. Дулатовтың абақтыға жабылғаны туралы хабар жариялайды. «Айқаптың» 6-нөмірінде жарияланған



хабарда автор «Былтыр қазақ шайыры Ахмет Байтұрсынов та Семей түрмесінде тоғыз ай себепсіз һәм тексерусіз зарығып отырған еді.

Мұның халі нешік балар?!» деген қауіп білдіреді. М. Дулатов жөнінде хабарларды жариялағандары үшін Орынбор генерал-губернаторының қаулысы бойынша «Уақыт» газетіне 300, ал «Айқап» журналына 100 сом айып салынады. М. Дулатов Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шығады. Шыққан бетте, яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келіп жетеді. Оған себеп болған сол тарихи кезеңдегі қазақ облыстарында қалыптасқан даяси жағдай еді. М. Дулатов бұдан былайғы уақытта қазақ облыстарында жүріп қоғамдық-саяси жұмыспен айналысу мүмкін еместігін жақсы түсінді. Отаршыл әкімшіліктің қазақ зиялыларының қарсылығын басу саясаты жоғарыда аталған қайраткерлермен шектелмегені түсінікті. Мәселен, 1909 жылы жандарм орындары саяси белсенділігі үшін Зайсан уезінің мұғалімі Отыншы Әлжановты түрлі жалалар жауып, алдымен Семей абақтысына отырғызып, соңынан Жетісудағы Лепсі қаласына жер аударды. 1910 жылы университетті жаңа бітіріп келіп, қызметке орналасқан эаңгер Жаһанша Досмұхамедовты генерал-губернатор «Уральский листок» газетінде жер мәселесіне байланысты жариялаған мақалалары үшін Орынбор облысында тұруға тыйым салды. Ж. Досмұхамедов 1917 жылғы ақпан революциясы жеңгенге шейін Сібірдегі сот мекемелерінде қызмет жасайды. Сонымен, шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ интеллигенциясының отаршыл әкімшілікпен бетпе-бет келген күресінің алғашқы кезеңі осылайша аяқталды. Бұл күресте, әрине, екі жақтың күші мүлдем тең емес-тін. Соған қарамастан ұлттық интеллигенция өзінің негізгі мақсатынан-ұлттық тәуелсіздікке жету - бас тартқан жоқ, қайта оның өз ісінің әділдігіне деген сенімі нығая түсті. Сонымен бірге осы кезеңде жана ғана қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы - жалпыұлттық саяси басылымды ұйымдастырды. Ол «Қазақ» газеті еді.

## §2. «Қазақ» газетінің азаттық күрестегі орны және Алаш зиялылары

Алаш зиялыларының қайраткерлік өмірі мен саяси қызметтері «Қазақ» газетімен байланысты болған. Газеттің өмірге келуі А. Байтұрсыновпен бірге Ә. Бөкейханов және М. Дулатовтың ұлт-азаттық ой-пікірлерінен рухтанған еңбектерінің нәтижесі. Өйткені ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін жалпы елдік зәру мәселелерді көтеретін қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт бере алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық мәселеге айналған болатын. Қарқаралы петициясында өкімет алдына қойылған негізгі талаптардың қатарында қазақтардың күнделікті мұқтажы айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі хұзырхаттың тармағында көрсетілген. Оның артынша бұл істі Семей, Орал, Петербург, То



және басқа қаладардағы қазақ зиялылары қолға алғанымен, тез арада айтарлықтай нәтиже шыға қоймады. 1910 жылдың соңында өкімет орындары М. Сералинге Тройцк қаласында ««Айқап»» журналын шығаруға келісім береді. 1911 жылдың қаңтарында шыға бастаған қазақ тарихындағы тұңғыш журналдың халықтың рухани жетілуінде алатын орны аса үлкен еді. Сонымен бірге оның күнделікті оқиғалар ағымына байланысты жедел пікір қалыптастыру мүмкіншілігі шектеулі болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Самодержавиелік биліктің қазақ даласын пәрменді отарлау саясатына көшуі, соның салдары есебінде бүкіл елдік наразылықтың қарқынды өрлеу жағдайында саяси оқиғаларға дер көзінде түсінік беріп, қоғамдық пікірге пәрменді ықпал ете алатын қолайлы құрал - қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі күн тәртібінде тұрды. Ол саяси тұрғыдан қоғамның саналы бөлігі - демократиялық интеллигенция мен халықты жалғастырушы көпір есебінде болып, өмір теренінен бастау алып, күн санап нығайып келе жатқан халық наразылығына бағыт беруге тиісті еді.

Сондықтан XX ғасырдың басында ұлт зиялылары қазақ даласына зор мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт-бағдар беретін газет шығаруды қажет деп тауып, ғасыр басында қазақ жұртының мұң-мұқтажын, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмірінің мәселелеріне зиялы қауым назарын аудартқан «Қазақ» газетін шығаруға кіріседі. Өз кезегінде «Қазақ» газеті қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық басылымға айналып үлгерді. Олай дейтініміз, ол сол тарихи кезеңде басқа да басылымдар арасында қазақ зиялыларының басын біріктіріп, ұлттық ұйытқы болатын қоғамдық-саяси, рухани орталыққа айналды. А. Байтұрсынов үкімет орындарынан «Қазақтың» шығаруға ресми рұқсат алып, алғашқы санын шығаруға қызу дайындық жасап жатқанда Орынборға Семейдегі абақтыдан жана ғана босаған М. Дулатов келеді. Ол А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетін ұйымдастырудағы еңбегіне ерекше тоқталған. Ол ұлт зиялысына мынадай баға берді: «Публицист ретінде, А.Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмаса да, 1913 жылдың басында, Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті «Қазақтың» негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды». А.Байтұрсынов пен М.Дулатов өздері шығарып тұрған газетке зор үміт артқан және үлкен жауапкершілікпен қарағандығын айтуымыз керек. А. Байтұрсынов заман талабына сай амал жасауға көмектесетін құралдың бірі газет екендігін айтып, «Әуелі газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» газеттің халықтың өмірінде алар орны ерекше жоғары екендігін айта келіп, газет арқылы «дүниенің төріне тырысқандар төрден алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай төрге тырмысалық. Басқалардың төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік» деп қазақ баласын лайықты іс қылуға шақырған. Ахмет Байтұрсынов осылайша, өз жұмысын газеттің маңызын айқындаудан бастап, ел мүддесіне сай ұйымдастырып, халықтың керегіне жаратуға бар күшін салды. Ол газет шығару «... ананы-мынаны жазып, қағаздың төрт бетін шұбарлап, тасқа басып шығару емес, елді жақсылыққа бастайтын газет» екендігін айтқан. Ахметтің ойы бойынша: «газет адасса, көпті адастырады,



жаңылысса, көпгі жаңылыстырады. Сондықтан қызметін дұрыс атқарамын деген газет жұртты бастар жерінде жан-жағына қарап, аяғын байқап, ақыл айтар жерінде аржақ-бержағын ойлап андап сөйлемек» газеттің өз жолы, белгілі мақсаты болу мен қатар, газет сөзінің әсерлі болуымен, оның тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлген. Газет сөзінің оқырмандарға әсерлі әрі түсінікті болып, көңілдерінен шыққандығының дәлелі М. Әуезовтың: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлі ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деп А. Байтұрсыновтың еңбегіне жоғары бағасын берді. Бұған қоса, А. Байтұрсынов: «... газетте өз атымыздан басылған сөздің бәріне де иеміз» деп айтуы, газет сөзінің сенімділігін арттыра түскен.

Деректерге сүйенсек, «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат 1913 жылдың қаңтар айында берілген. Орынбор губерниясының губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлинов губерниялық жандармерияның бастығы, генерал-Бабичтің А. Байтұрсыновтың газетке редакторлық қызметке қаптан бекітілгендігі туралы сауалына берген жауабында 1913 жылдың 5 қаңтарына көрсетеді. Ал «Қазақтың» алғашқы саны бір айдан кейін, яғни 2 ақпан күні жарық көреді. «Қазақ» алғашқы санынан бастап, өзекті саяси мәселелерге арналған мақалалары арқылы да, тіптен кішкене жарнамалары арқылы да сол түпкі мақсатқа қызмет етуге бар күшін салды. Ол мақсат - ортағасырлық мешуу феодалдық тәртіптер құрсауында жатқан қазақ қоғамын ояту, оны қараңғылық пен ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы оқырмандарына арнап өзінің «Құрметті оқушылар!» мақаласы арқылы газеттің қоғам өмірінде атқарар ролін айқындап берген. Онда бағалы төрт қасиетті көрсеткен: «бірінші, әуелі газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі; екінші, газет жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдар газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады; үшінші, газет халыққа білім таратушы. Газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп бірге-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетпекші; төртіншіден, газет халықтың даушысы. Яғни, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады». Демек, осыдан мәлім болғаны А. Байтұрсыновтың газеті ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, қазақты ояту үшін күшін бір жерге жинақтаған. Патша саясатына қарсы тұрып, бос сөзден гөрі іске кіріскендігі анықталды. А. Байтұрсыновтың өзі айтқандай «газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеда не болып жатқанынан көру жоқ, не сөйлеп жатқанын есту жоқ, өз фікірін айту жоқ» дей келіп, қайраткер «жұрттың деп халықтың арын арлар, зарын зарлап, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұруды» мақсат етті: «Жас «Қазақ» жаңа талап, жарық ойлы, білгенге бұ да алаштың бір баласы» деп қалың оқырманына таныса келген «Қазақтың» таралымы алғашқы жылдары үш, кейіннен сегіз мыңға жеткен. Газет атауына орай қайраткер былай дейді: «Аталы



жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетамыздың иесімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа қолдан келгенше істеп кетелік» дей келе, «біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтың әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады» халқына қызмет етемін деген кісіге жұмыстың көптігін айтып, қолынан келгенін жұрты үшін аянбағаны жөн екендігін түсіндірген.

А.Байтұрсынов өзінің газетті ашқандағы мақсатын: «жұрттың пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хақімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная Дума һәм Государственный Совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруашылығы, оқу оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм малдәрігерлігі жайынан жазу» болды. «Қазақ» газеті шыққаннан кейінгі мезгілде қазақ, ұлт-азаттық қозғалысы жаңа сапаға көтеріліп, оның негізгі мақсаттары, таяу арадағы міндеттері мен стратегиялық бағыт-бағдары айқындала бастады. Сондай-ақ «Қазақ» жалпы-ұлттық қоғамдық ойдың ұйтқысына, ұлт-азаттық қозғалыстың баспа үніне айналуден бірге, ұлттық интеллигенция қызметінің демократиялық мазмұнының біржола қалыптасуына қызмет етті.

1915 жылдың I қаңтарынан бастап «Қазақ» газеті аптасына екі рет шыға бастаған. А.Байтұрсынов газетті аптасына екі рет шығарудағы мақсатын: «жұртпен жиірек тілдесу, көбірек кеңесу, тезірек хабар беру» болды деп түсіндірген, яғни халық арасына жиі таралған газет өзінің дер кезінде жеткізген хабары арқылы пайдалы кеңесін беріп, көбірек қызмет етеді деген. Патша үкіметінің ресми орындары «Қазақтың» саяси бағытын өте мұқият бақылап отырған. А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінің редакторлық қызметін атқарудағы ерлігін, газетті үзбей шығару жолында бес жыл бойы көрген қуғын-сүргіндері, патша үкіметінің қатаң бақылауының оған жасаған шексіз қиянаты мен зұлымдығын деректерден анық көрініп тұр. Бұндай үлкен қиянаттар туралы газеттің өзі былай дейді: «Жер аудару» деген мақала басылған №9-ші санынан бастап кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінту, абакты, штрафтан «Қазақтың» көзі ашылған жоқ» газеттің үстінен түскен шағымдар туралы айтқан. Солардың ішінде патша үкіметі саясатының өрескелдігін көрсететін баспасөз ісінің Бас басқармасы граф Тагишевтің Орал және Орынбор губернаторларына берген құпия бұйрығы. Онда: «... хұзырыңызда болсын деп хабарлаймын, «Қазақ» соңғы кезде бастапқы бағытынан ауытқып кеткен сияқты, сондықтан, Мәртебелім! Сізді хабардар ету өзімнің міндетім деп санаймын. Газетте басылған әрбір мақаланы, хабарды барынша мұқият бақылап, қатаң тексеріп отырындар. Баспасөз заңын бұзса, орайы келгенде редакторын аямай жауапқа тартып, тіпті сотқа беріндер» деп жазылған. Бұл



дерек Ішкі істер министрлігінің осындай талаптарын жергілікті әкімшілік орындары шұғыл орындап, газетті қатаң бақылауда ұстағанын растайды. Оның редакторы мен газеттің жетекші авторларының үстінен құпия мәліметтер жинақтап отырған. Өйткені А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары «Қазақ» газетінің бар мүмкіншілігін ағартушылық мақсатта кең пайдалана отырып, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының негізін жасады. Анығырақ айтқанда, о идеологиялық принциптер отаршыл әкімшіліктің өктем саясатына қарсы демократиялық интеллигенцияның күнделікті әрекеті нәтижесінде өмірге келіп, біртіндеп өмір талқысынан өтіп, қоғамдық қозғалыстың бағыт-бағдары айқындалушы негізге айналды. «Қазақ» газетіндегі көптеген бас мақалаларды Ахметтің өзі жазған. Газет көтерген барлық мәселеге өзіндік пікірін, өзіндік көзқарасын білдіріп, газеттің бағытын айқындап отырған. «Ахаң сөйлегенді менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі» деп М. Әуезов газет пен оның редакторы А. Байтұрсыновтың біртұтастығын көрсеткен. Газет жинағына енген 422 мақаланың 229-н Ахмет, Әлихан мен Міржақыптар жазған. Олар А. Б. Байқаушы; А. Байтұрсынов; Ахмет Байтұрсынов; Байқаушы; Ә.Б.; Қыр баласы; Әлихан.; Әлихан Бөкейханов.; Комиссар Бөкейханов.; М.Д.; Мадияр; Міржақып Дулатов.; Баскарма және баскарма атынан авторларын көрсетпей мақалаларын көбінде бүркеншек атпен жазған. Демек, дерек бойынша газетті жарияланған мақалалардың 53 %-на жуығын жазған А. Байтұрсынов пен оның серіктері болған. Әдеттегідей газеттің бірінші бетінде саясат, экономика әлеуметтік жағдайлар мен хабарлар, ақпараттар орын алған.

Газеттің көтерген негізгі мәселелерінің бірі – ағартушылық болғандықтан А.Байтұрсынов газет бетінде оқу-ағарту ісіне байланысты Ресей министрінің жылына неше рет заң шығарып, ана тілінде оқытуға қиянат жасап отырғанына ашына айтып, патша үкіметінің саясатын әшкерелеп отырған. Байтұрсынов шаһарларда оқып жүрген қазақ оқушылары мен студенттеріне әлеуметтік жәрдем көрсеткен, ортақ қаржы ұйымын құрып жарлы балаларға стипендия төлеп отырған. Байтұрсынов мұғалімдерге байланысты көптеген мәселелерді көтеріп, мұғалімдерге көмек ретінде арналған мақалаларын жариялап отырған. «Ішкі хабарда» берілген сөз басында «Мұғалім керек», «Мұғалім орын іздейді» айдарымен мұғалімдерді жұмысқа орналастыру мәселесімен де айналысқан және «Қазақша оқу жайынан», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» атты мақалалары арқылы мұғалімдерге методикалық тәжірибесімен бөлісіп отырған. «Қазақ» газеті арқылы көтерілген саяси мәні зор мәселесінің бірі, қазақ халқын қорлап, тарихын атын бұрмалағаны ұлт зиялысының намысын қайрады. Аталған газеттің екінші, үшінші сандарында «Қазақ тарихы» атты мақаласында А. Байтұрсынов қазақтың аты қырғыз емес «қазақ» деп, қазақтың өз алдына дербес ел екенін ашық айтқан. Өзіміздің, «әсіресе басшылардың қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешірілмес күнә... қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүре бермекші емес. Қияметке дейін қазақ қазақ боп жасамақшы» деп түйіндейді. Ал қазақ «қазақ» болып қалуы үшін өз алдына әдет-ғұрпына, салт-санасына сай мәдениет құруы қажет деген пікірін білдіреді. Оның осы озы



ойының талабына отаршыл саясат қарсылығын білдірген. Бұл орынды талап шешімін Қазан төңкерісіне дейін оңды шешімін таба алмаған. Байтұрсыновтың газет бетінде көтерген мәселелерінің бірі - қазақ халқының өнері мен мәдениеті, ата-бабамыздан келе жатқан құнды салт-дәстүріміздің ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрыптарын зерттеп, еңбектерін ұрпақ арасында жалғасын тапсын деп үзбей жариялап отырған. 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті іске асырған бұл қызмет негізінен мынадай екі бағытта жүрді. Біріншіден, бұл мезгілде ұлттық демократиялық интеллигенцияның алдында тұрған ең басты міндет отарлық езгіге қарсы ұлттық бостандық үшін күрестің бағыт-бағдарын және күрес әдістерін айқындау болды. Екіншіден, саяси бостандыққа жету феодалдық тәртіптер мен қатынастарға, күні өткен салт-дәстүрге, қоғамдық мерездерге қарсы бітіспес күреспен бір мезгілде жүруге тиіс еді., Соған байланысты ұлттық интеллигенция өз еркінен тыс феодалдық мешеулікпен күрес принциптерін анықтауды да қолға алды. Ал осы идеологиялық принциптер қандай тұжырымдардан тұрды, енді соған қысқаша тоқталып көрейік.

1) Ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ойы мен азаттық қозғалысының ең өзекті тақырыбына айналған - жер мәселесі еді. Әсіресе, «артық» деген сылтаумен құнарлы қазақ жерлерін переселендерге жаппай тартып алып беру, 15 десятина жер нормасы туралы дақпырт, переселен чиновниктері бастап берген қазақ қожалықтарын отырықшылыққа аудару сияқты аса қауіпті саясат қазақ зиялыларынан тез арада бұл озбырлыққа қарсы қоярлық бір тұжырымдарға келіп, оларды іске асыру үшін елді жұмылдыруға кірісуді талап етті. «Қазақ» және ««Айқап»» басылымдары отырықшылыққа көшу мәселесін ұлттық ауқымда көтеріп, пікірталасқа айналдырды. Бұл мәселенің қазақ жұрты үшін қаншалықты маңызды екенін түсінуде екі жақта да, әрине, кемшілік болған жоқ. М. Сералин қазақтың қалпын «екі жолдың айрығына келіп тоқтап, қай жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушыға теңеп, белгілі бір ортақ шешімге келу үшін тіпті жалпықазақ съезін шақыруды ұсынады. Ал 15 десятинадан жер алып, отырықшы тұрмысқа көшкендерге тақталып, бұлар «жер бытырап, жылдан-жылға тарылып бара жатыр, түпкілікті қоныс болуға жарайтуғын жерлер шетке кетіп бітіп, қазаққа қолайсыз жерлер ғана қалатұғын, біз түбінде мұндай жерде бытырап қалып оңбаспыз, онан да бар қолайлы жерімізге өзіміз қала салып отырықшы болып, бірыңғайырақ қалайық дегендей, «шарасыздан шалға тиіп барамынның кебін киіп, қала болған жайы бар»- деп, мұндай қаламның осындай себебін білдіреді. Сонымен бірге мұндай бетбұрыстан күтетін үмітін де жасырмайды: Біз қазаққа қала сал деп үгіт айтсақ, әлбетте отырықшы халықтың түпкілікті қонысқа ие болатындығын; кәсіпшіл болмақ, өнерлі болмақ, оқымысты, алымды болмақ - отырықшы болғанда ғана табылатындығын шамалап айтып едік дейді. «Айқаптағы» жарияланымдарда шамамен осы пікірді Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев және басқалар да ұстанды. Осы мәселеге байланысты ««Айқап»қа» қарама-қарсы бағыт ұстанған «Қазақ» бетінде тың әрі терең мақалалар жариялаған Ә.Бөкейханов болды. «Талас дүния - ғұмыр сифаты, талас, тартыс жоқ болса, ғұмыр абақты



болар еді», - деп, айтыс тақырыбына байланысты ол өз пікірін былайша негіздеді: «Біздің ақылымызша адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен, көп жылдарда аударылады. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс пен жер берді деп егінші бола қалмайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт тең жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазаққау, 15-тен жер алмай тұрып жан-жағыңа кара дейтініміз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды».

«Біз қазаққа қала болма демейміз,-деп жазды А. Байтұрсынов. Жақсы жеріңе жиылып қаланды сал, мешітінді орнат, мектеп, медресенді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15-десятинамен қала боламын десендер күн көре алмайсындар дейміз». Баспа жүзіндегі айтыс, белгілі дәрежеде, бұл екі топтың өмірлік әрекетте де ұстанған бағыттарының көрінісі болатын.

1913 жылдан бастап Дала Ережесінің 120-бабына және Түркістан өлкесін басқару Ережесінің 270-бабына енгізілген қосымшалардың; ұлттық мүддеге қайшы келетіндіген, Министрлер Кеңесінің қазақ жерін алуға қатысты 1909 жылғы 9 маусымда қабылдаған құжатының заң емес, бар болғаны нұсқау екендігін, сондықтан да переселен чиновниктерінің, отырықшылыққа зорлап өткізуге құқығы жоқ екендігін халыққа түсіндіруді көздеген мақалалар «Қазақтың» әрбір нөмірінде дерлік жарияланып тұрды. Мақала авторлары халықта жерге байланысты өздерінің құқығын түсіндіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге үкімет шараларының отаршыл сипатын аша отырып, оған бейбіт түрде қарсылық көрсетуге шақырды. Мәселен, Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы нұсқауын негізге ала отырып, переселен мекемелері науқан ашып, қайсыбір уездерде қазақтарға 15 десятинадан жер үлесін белгілеп, отырықшы тұрмысқа аударуға көшкен еді. Міне, осы шараға байланысты «Қазақ» басқармасына переселен мекемелерінің зорлықшыл әрекетін баяндап, кеңес сұраған көптеген хаттар түседі. Бұл хаттардың біразына газет арқылы жауап берген Ә. Бөкейхановтың: мақалаларын сол тарихи уақыттың контекстінде алғанда, батыл деп айту аз, шындап келгенде, үкіметтің жер саясатына ашық түрде қарсы жүргізілген насихаттың өзі болатын. Мәселен, ол Павлодар уезі, Тереңкөл және Мұздыкөл болысынан Рахмет Илиясұлының үкімет орындарынан алатын жер үлесі көлеміне байланысты ел арасында ауыз-бірлік болмай, переселен мекемелерінің азғыруына ілесіп, ел ақырында жақсы жерлерінен айрылғандығы жөнінде жазған хатына жауап беріп: «Жер дауы тәмам 5 миллион қазақ дауы. Бір жерде қазақ 15-тен, бір жерде 30-дан алам деп, әркім өз пайдасын қуып іс қылса, Тереңкөл һәм Мұздыкөл уағының кебін киі қалады. Қазақ ала, арамза, шабан болған соң, үкімет закон арқылы ұзақ жолмен, кеп шығынмен қылатын жұмысын еппен қылып отыр. Қазаққа 15-тен жер берілсін деген закон жоқ. Қазақ өзі егінмен шаруа қыламың деп 15-тен жер алса, қазаққа мұнан көп жер керек дегеннің жоні бар ма?» дейді. Ал Қостанай уезі Кеңарал болысындағы, қазақ арасындағы осындай берекесіздікке налып, Бөкейханов «Қазақта» ашық хат жариялап, онда



«осы қазақтың көбінің өзі барып отқа түсіп отырғаны, әйтпесе жоғарыда аталған 1909 жылғы 9 маусым нұсқауының «20-бөлегінде қазақ өзі өз еркімен сұраса мұжықша ер басына 15-тен артық емес надел жер алады деген. Қазақ өзі сұрамаса көшпелі қалпында тұра бермек, деп көрсетілгенін айтып, осыған орай түрлі пысықайлардың сауатсыз елді адастырып жүргендігін, оған дәлел ретінде Көкшетау уезіндегі Қарауылдардың біраз ауылының «мұжықтың тепкісіне шыдамай Жиделібайсын» қашқанын келтіреді. Келесі бір деректе Семейдегі Қарауылдан Абай Құнанбаевтың туыстары Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Кәкітай Ысқақұлы Ә. Бөкейхановқа хат-жазып, «Не айтасың, ата қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба?» деп сұрайды. Сонда Ә. Бөкейханов: «Бұл жолсыз қоқан-лоқы тәмәм қазақ баласына. Жерің кетсін. Құнайбай баласы тобықтыға мұрындық болды деген атқа қаларсың, не болса жұртпен бірге көр. Жұрт шаруасы қағазбен 15-ті алғанмен егінге айналмас. Тәмәм қазақ Құнанбай баласына еріп қалған, артыңнан еріп 15-ке құл болса, мал баққан шаруаға зиян балар», деп жауап берді. Шәкәрім мен Кәкітай Бөкейхановтың кеңесін қабыл алып, Қарауылдан айрылады. Қорықта айтқанда, «Қазақ» газеті, Ә. Бөкейханов және оның серіктері Қ. Бейсембиев сияқты зерттеушілер дәлелдеуге тырысқандай отырықшылыққа көшуге емес, отырықшы норманың отаршыл мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шыққан болатын.

Патша үкіметі ғасырлар бойы отаршыл саясат жүргізе отырып, қазақ қоғамы санасында мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік тәуелсіздік, жалпы мемлекеттік туралы ойды, пиғылды біржола жоюға күш салды. Өз ретінде қазақ зиялылары да патша үкіметі орнатқан мемлекеттік басқару жүйесінің басынан аяғына дейін отарлық сипатын, әрине, жақсы түсінді. Әкімшіліктің мұндай мазмұны қазақтарды араластырмаған губерниялық, уездік мекемелердің қызметпен ғана емес, тіптен қазақтардың қолына берген болыстық басқарудан да айқын көрінді. «Қазақ» газеті ол жөнінде жариялаған көптеген материалдарының бірінде болыс «сайлау аяғы бітпейтін дауға ұласты. Болыс, көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет, бұл болыс болған елде не береке?!» деп жазды. Оқу-ағарту саласында немесе переселен және басқа мемлекеттік басқару жүйесінде қызметте жүрген ұлттық интеллигенция бүкіл отарлау процесін көз алдынан өткізді, ұлттық теңсіздіктің, қанаудың не екенін жақсы білді. Соның нәтижесінде ол отарлау жүйесінде қызмет етуші интеллигенциядан ұлттық өркендеу мен ұлт-азаттық қозғалысты бастаушы күшке айналды. Сондықтан да оның дүниетанымында ұлттық мүдде, бостандық идеясы басым түсіп жатты. 1916 жылғы патша үкіметінің маусым жарлығына қарсы халық наразылығының күшеюіне байланысты «Қазақ» газеті мен оның шығарушыларына деген қысым күшейе түсті. Өршіген халық наразылығының басында «Қазақ» газетін басқарушылары А. Байтұрсыновпен М. Дулатовтың тұрғанынан еш күмәні болмаған патша шенеуніктері олардың үйлерінде тінту жүргізген. Бірақ, А. Байтұрсыновтың әрбір ізін аңдыған Орынбор губерниясының жандарм бастығы 1916 жылы 12 тамызда Орынбор



губернаторына жолдаған мәліметінде: «... біз анықтағандай, А.Байтұрсынов 23 мамырдан бастап Орал-Торғай көшпенділер кеңесінің тапсырмасы бойынша Торғай уезіне мал санын алуға іс-сапарға кеткен. Тек тамыз айының басында ғана оралады» деп хабарлаған. Әрине, бұл тінтулер мен андулар жандарм бастығына айтарлықтай нәтиже бермеген. Алаш азаматтары газет бетінде Дума кенесінде қаралған басты мәселелерді, әртүрлі партия өкілдерінің баян-сөздерін қысқа түрінде беріп, табысқа қарай салық салу, босқындарға жәрдем және тағы басқа да мәселелер туралы хабарлап отырған. Жалпы алғанда, «Қазақ» газеті Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тарихында ең шоқтығы биік басылым болған. Оған апталықтың ұстанған жолы, мұрат-мақсаты шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген қызметін айта келіп, өзге басылымдарға карағанда, барынша ұзақ мерзімді әрі жиі шығып тұрған басылым болған. Сонымен бірге таралымы мол және таралым аймағының кең болғаны оның құндылығын арттыра түскен. Ол жөнінде газеттің өз мақаласы байкатады, онда: «Қазақ» газетасын 10 облысқа киіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандарының ішіндегі есебі мынау: Тоғай - 694; Семей - 612; Ақмола - 582; Сырдария - 327; Орал - 301; Жетісу - 157; Ішкі Орда - 136; Ферғана - 30; Самарқан - 8; Закаспий - 5; өзге жерлерден - Орынбор - 37; Уфа - 14; Қазан - 13; Қытай қазағы - 10; Түркия - 5; Мәскеу - 3; Том - 3 және басқа шаһарлар 57».

Бұдан газеттің қазақ даласына ғана түгел таратылып қоймай, шет елдерге де кең жайылғаны «Қазақ» газетінің таралымының 3007 дана болғандығын көрсетеді. Бұл алғашқы жылдарындағы көрсеткіш болса, ал 1915 жылы бір жарым мыңға дейін кеміген. Газет алушылардың санының кемігенін А.Байтұрсынов былай деп түсіндірген: «Газета алушылардың кемуіне соғыс шылығы тиді. Оның үстіне, жұртқа тегіс болып жатқан қымбатшылық салмағы тағы жамалды». Ресей мемлекетінің бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуына байланысты, қазақ жұртының әлеуметтік-экономикалық жағдайының соңғы екі жылда күрт нашарлап кеткендігінен, газетке жазылушылардың да санының кемігенін сонымен байланыстырған. Бірақ, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін қайтадан газет алушылардың саны күрт өсіп, өзінің шарықтау шегіне жеткен. 1917 жылы 15 наурызда Орал уезінің Қарашығанақ қазақтары жиналық өткізіп, онда оқырмандар қаулы қабылдаған. Қаулыда: «Қазақ» газеті тым болмаса, жұмасына үш рет шығаруды лайық көреміз» деген өтініш-тілектер сұраныстар редакцияға Ахметтің атына көптеп келіп жатты. Бұл деректер байқағанымыз «Қазақ» газетінің халыққа берер пайдасының мол екендігін және зор беделге ие болғандығын айғақтайды.

Төңкерістік комитеті құрылғаннан кейін Бөкей Ордасынан Ұлттық Халық Комитетінің қазақ бөлімшесі Орынборға көшірілді және Төңкерістік комитетінің баспасөз ұйымын құру жоспарланды. Орынборда көп ұзамай Төңкерістік комитеті ұйымдастырған қазақ ұйымдары мен қайраткерлерінің біріккен мәжілісі өтті. Оған комитет мүшелері А. Байтұрсынов, А. Мендешов, Ә. Бөкейханов, Бегімбетұлы, Ш. Бекмұхаметов, ақпарат бөлімінің меңгерушісі А. Оразбаева, Әскери істер жөніндегі Өлкелік комиссариаттан Б. Мендешов пен



Өтегенов қатысқан. Бұл мәжіліске А. Байтұрсынов төрағалық еткен. Осы отырыста «Қазақ» газетінің баспаханасында қазақпа әріптері жетіспейді деген сылтаумен баспахананы түгел құрал-жабдығымен қайтарып алған. Бұдан кейінгі тағдыры зерттеушілерге біршама мәлім. «Қазақтың» баспаханасынан бір жылдай «Ұшқын», артынан «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Социалистік Қазақстан» ең соңында «Егемен Қазақстан» газеттері шығып тұрған. Патшалық Ресей үкіметі тұсында небір «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізгеніне қарамастан үзіліссіз шығып тұрған газеттің біржолата жабылып қалуы билік басына большевиктердің келуімен байланысты болды. Омбы Атқару комитеті 1918 жылы 4 наурызда Орынбор Совдепіне «Алаш» партиясының ұйымы «Қазақ» газеті Кеңес үкіметіне қарсы, теріс пиғылдағы басылым болғандықтан жабылсын» деп шешім қабылдаған бұйрықты жеделхатын жіберген. Бұл үкім шыққан кезде газет большевиктердің ылаңынан 17 қаңтардан бастап уақытша тоқтап тұрған болатын. Алты айдан астам уақыт кідіріс жасап, газеттің кезекті № 261-ші саны 23 шілдеде қайта жарық көрді. 16 қыркүйекте ең соңғы №265-ші санында Кеңес үкіметінің газетті біржола жапқандығы туралы бұйрығы шыққан. «Қазақ» газеті өз тұмырында 1913 жылдан бастап жабылғанға дейінгі уақыт ішінде 265 санын шығарып үлгерді.

### **§3. Баспа ісінің ұлт-азаттық күреске қызмет етуі және қазақ-татар зиялыларының ынтымақтастығы**

Алаш зиялылары саяси күрес жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстанған бір діндес, бауырлас, тағдырлас елдердің алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірлесті. Өйткені, казактың, соның ішінде Алаш қозғалысына алдыңғы қатарлы демократиялық татар ойшылдары әсер етіп қана қоймай, оған белгілі бір дәрежеде ықпал жасап отырған. Діні мен тілі ортақ туыс татардың зиялы қауымы мен ұлттық буржуазиясы қазақтардың сол заманға лайық білім алуға, ағартушылық қызметпен айналысуға, рухани мәдениетін көтеруде және отаршылдық қарсы күресте мүмкіндігінше қамқорлық жасап, көмектерін беріп отырған. Мәселен, 1890 жылдары Орынборда «Хусаиния», ал Троицкіде «Расулия» медреселері салынып, онда казак балалары оқи бастаған. Бұл турада қырғыз зиялыларының бірі Ишанғали Арабаевтың «Айқап» журналына жариялаған мақаласында «Медресе Хусаинияға» барып, ондағы оқу барысы жөнінде хабар алғандығы, медресенің молдасы Ғалым хазіреттің медресеге оқуға қырғыз-казак балаларының көбірек келсе деген өтініш айтқандығы, бұл балалардан емтихан қабылдағанда татар балаларымен бірде құқыққа алынатындығы келтірілді. «Медресе Хусаиния» адамды жақсы заманға лайық білім беретұғын бір медресе. Мұнда Бұхардан он жыл, жиырма жыл жатып ала алмаған араб тілі ғылымынан артық ғылым алынады», - делінді мақалада.

Әулиеатаның қазағы Сыдық Абланов «Айқап» журналына жариялаған мақаласында Орынбордағы «Медресе Хусаинияға» түсуге Хасен Бегиев, Шарифалдин Мұхиталдинов сияқты татар азаматтарының 20 сом ақша беріп,



көмектескендігін жазып, рахмет айтқан. Уфадағы «Медресе Ғалияның» шәкірттері қазақ тілінде шығатын кітаптарға мұрындық болған. Мысалы, 1911 жылы Ішкі Ордалық Ғұмар Қарашұлының «Өрнек» атты кітабын қазақ-қырғыз шәкірттері бастыртқан. Бұл «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырған. Негізінде бұл медреседе қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары оқып, олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Б.Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық кітап жарық көрсе, 1913-1914 жылдары «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұрды. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ жастары жер-жерде мұғалім болып, халықты сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосты. Қарғалыдағы «Медресе Әмирияда» «Айкап» журналының жазуы бойынша 1912 жылы 150 қазақ шәкіртінің оқығандығы жөнінде мәлімет келтіріледі.

Қазан университеті студенттері қазақ студенттерінде татар жастарымен бірге мұсылмандық қозғалысқа атсалысып, Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясымен байланыс орнатып, оларға қазақтардың хал-ахуалы жайлы мәліметтер жіберіп тұрған. XX ғасыр басында татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың өлеңдері қазақтар арасында кең тарап, қазақ ақындары оның өлеңдерінен ұлағат алған. Мәселен, қазақ ақынының бірі, кейін Алаш әнұранының авторы Сұлтанмахмұт Торайғыров Троицк қаласында медреседе оқыған жылдары өз өлеңдерін Ғабдолланың өлеңдерінің үлгісінде жазған. Ғалым Зәки Ахметов демократ-жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыров татар халқының мәдениеті мен өнерін өте жоғары бағалағанын айта келе, татар халқының ірі жазушысы, қоғам қайраткері Ғабдолла Тоқай мен Ғалымжан Ибрагимов туыстас қазақ халқына зор бауырмалдық сезіммен, жылы шыраймен қарағандығын келтіреді.

Ғабдолла Тоқай мен Ғалымжан Ибрагимов қазақтың өлең-жырларын, әдебиет нұсқауларын татар газет-журналдарына бастырып, қазақ тілі мен әдебиеті жайлы күнды пікірлер айтты. Ғалымжан Ибрагимов 1916 жылы жазған мақаласында: «Қазіргі қазақ халқының рухани өмірінде халықтың өзіндік табиғилығы, елдік ерекшелігі айқын байқалды. Қазақтың халықтық әдебиет басқа түркі тұқымдас халықтардың бәрінен де бай, бәрінен де кең өрісті, құлашты әдебиет. Сондықтан өз әдеби қазынамызды байытпамыз десек, қазақ халқының өнерін, творчествосын кеңінен зерттеуге тиіспіз» - деп келтірді. Қазақтың белгілі жазушысы Мұхтар Әуезов Тоқай мен Ғалымжанның еңбегіне аса үлкен мән берген. Түркістанда Ғ.Тоқай мен Ф.Камал шығарған «Яшин» және «Ялт-Юлт» журналдары кең таралды. Түркістанның алдыңғы қатарлы зиялылары бұл журналдарды оқып қана қоймай, оның беттеріне өз мақалаларын да жариялап отырды. «Фикер» газетіне қазақ халқының тарихы, әдебиетіне қатысты мақалалар жарияланып тұрды. Қазақтың әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына да татардың әдеби тілі әсер еткен. Татарстанның орталығы болған Қазан қаласында қазақ кітаптары мен журналдары, атап айтқанда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ, ең алғашқы қазақ тіліндегі «Иғылан намә Қырғыз халқына»



(«Объявление киргизскому народу») атты кітап 1831 жылы, ал «Ер тарғын» дастаны 1862 жылы Қазандағы университет баспаханасында басылып шыққан. «Ер тарғын» дастаны аталмыш баспаханадан сегіз рет өңделіп басылған. Қазандағы ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Кәрімовтардың жеке меншік баспаханасы 1880-1917 жылдар аралығында жұмыс істеп, негізінен қазақша кітаптар шығару мен оларды ел ішіне тарату ісімен шұғылданған. Ағайынды Кәрімовтардың баспаханасынан қазақтың ақын-жазушылары М.Сералин, С.Көбеев, Н.Наушабаев, Ғ.Машак және тағы басқалардың кітаптары басылып шыққан. М.Сералиннің «Гүлкәшима», С.Көбеевтің «Қалың мал», Н.Наушабаевтың «Манзумат Қазақия», Ғ. Қараштың «Үлгілі тәржіман», М. Нұрбаевтың «Қазақша әліппе» және тағы басқа қазақ ақын-жазушы, қайраткерлердің кітаптары осы баспаханада басылған. Жалпы алғанда революцияға дейін Қазанда араб әрілінде 2 037 480 данамен 434 қазақ тілінде кітаптар шыққан. Семейде татарлардың «Ярдем» атты баспаханасы болып, 1912 жылы одан Шәкәрім Құдайбердиевтің екі бірдей кітабы жарық көрген. Абай Құнанбаев, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың жинақтары да ХХ ғасыр басында Қазан қаласында басылды.

Қазан қаласында қазақ тілінде бірнеше грампластинкалар да жазылған. Татардың ғалым, жазушылары қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне, әдет-ғұрыпына арнап ғылыми еңбектер мен көркем шығармалар жазған. Ғалымжан Ибрагимов қазақ тұрмысына арнап «Қазақ қызы» атты роман жазса, ал Ф.Бурнамның «Қорқыт» атты шығармасы дүниеге келген. Тарихшы-ғалым В.Галиев көрсеткендей, Ахмет Кәрім Зайнуллин Верный қаласындағы «сенбілік жиналыс ұйымының» отырысына қатысып, татар, қазақ, араб және ұйғыр тілдеріндегі 600 кітапты мұсылман кітапханасына өткізген. Сондай-ақ ол Қазанға қазақ тілінде 29 кітап шығаруға тапсырыс берген. Татар зиялылары ірі қалаларда құрылған түрлі қоғамдардың мүшелері болып, олардың жұмыс істеуіне белсене араласқан. 1909 жылы ағартушылық мақсатты көздеген Жетісу облысының Қапал уезінде «Мұсылмандардың ағартушылық және қайырымдылық қоғамы», ал 1912 жылы Жаркент қаласында «Мұсылман-прогресшілдер қоғамы» ұйымдастырылды. Бұл қоғамдар, сондай-ақ мұқтаж мұсылмандарға, кедей жатақтарға, қарттар мен жетім-жесірлерге, мүгедектерге ақшалай көмек көрсету ісін де қолға алды. Бұл қоғамдардың құрамында қазақ, татар, сарт және басқа халықтардың өкілдері болды. Қазақ зиялылары саяси күрес жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстанған бір діндес, бауырлас, тағдырлас елдердің алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірлесті. Қазақ зиялыларының мұсылмандық қозғалысқа араласуына татар зиялыларының ықпалы болды. Белгілі тарихшы Санжар Асфендияров: «Жәдидшіл болып, пантуркизм қозғалысымен байланысып жүрген қазақтың интеллигенттері «Айқаптың» айналасына жиналды (мысалы, М.Сералин, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин), бұл топқа татар зиялы интеллигенттерінің әсері болды», - деп жазған еді. Зиялыларының арасында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев және тағы басқалар өздерін «жәдидшілерміз» деп атамаса да бұл қозғалысты қолдап отырған.



Мәселен, Міржақып Дулатов «Торғайдағы мұсылманша оқу» атты мақаласында жана жәдидтік оқуға шақырып, «жәдид» пен «қадим» сөздерінің мағыналарын түсіндіруге тырысқан. Ағылшын тілінде шыққан «Средняя Азия: столетие русского правления» деп аталатын ұжымдық еңбек авторлары Ахмет Байтұрсыновты Қазақстандағы жәдидтік қозғалыстың жетекшісі деп санаған. ХХ ғасыр басында Ресейде азаттық қозғалыс өріс алуына байланысты Ә.Ибрагимов мұсылман жұртшылығының еңjarлық танытпай, саяси өмірге қызу атсалысуға үндейтін мерзімді баспасөздің болуында назардан тыс қалдырмады. Ол сол мақсатта 1905 жылдың желтоқсанында «Үлфәт» газетін шығаруды қолға алды. Сол тарихи кезеңде бүкіл Ресей мұсылмандарының мүддесін көздеп, азаттық қозғалыс ұранын көтерген И.Гаспринскийдің «Тәржіман» газетінен кейінгі басты мұсылман баспасөзі «Үлфәт» газеті болды. Көп ұзамай «Үлфәт» газетіне қосымша ретінде қазақтар арасында азаттық қозғалыс идеяларын насихаттауды көздеп, Шәймерден Қосшығұловтың басқаруымен қазақ тіліндегі «Серке» газетін шығарды. Бұл жайлы кейіннен «Айқап» журналында былай деп жазылған-ды: «1907 жылы II Мемлекеттік думаның мүшесі Шәймерден Қосшығұловтың іждаһатымен Петербургте «Серке» есімді газет шыға бастап еді, ұзаққа бармай үкімет тарапынан тоқтатылды».

Газеттің бар жоғы үш-төрт нөмірі ғана шыққан. Алаш жетекшілерінің бірі Міржақып Дулатов 1923 жылы «Еңбекшіл қазақ» газетіне жариялаған мақаласында «Серке» газетін алғашқы ұлттық газет ретінде атаған. Ш.Қосшығұловтың әрекеті нәтижесінде жарық көрген «Серке» газетінде Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі болған М.Дулатовтың қазақ жастарына арналған алғашқы өлеңі басылып шықты. Ол газеттің екінші нөміріне де «Арғын» деген бүркеншік атпен «Біздің мақсаттарымыз» деген мақаласын жариялайды. Бұл мақаланы «Қазағым менің, елім менің!» деген сөзбен бастап, Міржақып 1905 жылы Қарқаралыдағы бас көтеру мен Оралдағы құрылтайда қазақ халқының айтқан талаптарын жинақтап көрсетеді. М.Дулатов өлеңінде қазақ жастарына үлкен сенім, зор үміт артып, өнер-білімге талпынуға үндеу тастаса, мақаласында ағадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрді, дінді бұзып, жер-суды зорлықпен алып жатқан патшаның жергілікті жердегі сорақы саясатын батыл әңкерелейді. Мақаланы патшаның заң орындары өкіметке қарсы үндеу деп ұғып, аталған газетті тәркілеген болатын. 1911-1915 жылдар аралығында қазақ ағартушыларының бірі Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен шығып тұрған «Айқап» журналы қаржыландыруда татар көпесі Моллахмет Яушев қомақты көмек көрсеткен. «Айқап» журналының идеялық бағыты орыс және татарлардың революциялық-демократиялық бағытына жақын болды. «Айқап» журналының жарыққа шығуын татарлар да қуанышпен қарсы алды. Троицк көпесі Сафиолла Физаллин журнал редакторы М. Сералинге «Сіздің қазақ халқымызға жанымыз ашыр, барлы-жоқты пұлыңызбен журнал шығарып, тырысып жатқаныңызға һәм дін һәм қан қарындасымыз болғандықтан ықылас білдіріп «Айқап» журналының басқармасына жиырма бес сом жіберіп отырмыз. Басқарушы



мырза ықтиярларыңызбен керекті көрген орнына жұмсарсыз» - деген мазмұндағы хат жіберген. 1905 жылдың қаңтарынан 1906 жылдың наурыз аралығына дейін татар Исмаил Ғабитовтың редакторлығымен шығып тұрған «Тарраки» («Прогресс») газеті түркістандықтарды қанаушы орыс империясына қарсы шығуға ашық шақырса, ал Ташкент қаласында шығып тұрған «Үлүг Түркістан» газеті де өзінің бірінші санында Түркістан халқын ойландыратын мәселелерді жариялап отыратындығын жазған.

Татар зиялылары газетке ықпал еткенімен, оның беттерінде тек қана татарлардың ғана емес, сарт, қазақ, түркімен, өзбек және тағы басқа мұсылман халықтарының өзекті деген мәселелерін көтеріп отырды. Татар зиялылары мұсылман халықтарына демеуші үн болатын осындай газеттерді шығара отырып, азаттық күрес жолында ауқымды іс-шараларды жүзеге асырды. Олар кезекті екінші бүкілресейлік мұсылман съезін өткеруді ұйымдастырды. Бұл жайлы хабарды олар «Үлфәт» және тағы басқа газеттерге жариялау арқылы және белсенді зиялы қауым өкілдеріне жеделхаттар жөнелту арқылы таратты.

1905-1906 жылдары татарлардың ұлтшыл жетекшілеріне газет шығаруға мүмкіншілік ған кезде Петербургте Ә. Ибрагимовтің «Үлфәт» газетінен бөлек, Қазанда С.Алкиннің редакторлығымен және Ж.Ақпора мен Б. Шарафаның қолдауымен «Қазан мұхбірі» және Х.Максүдовтың басшылығымен «Юлдыз» (Жұлдыз), Орынборда Ф.Кәрімовтың редакторлығымен «Вақыт» («Уақыт») газеттері шығарылған. Ал зерттеуші Р.У.Амирхановтың есебі бойынша 1905-1907 жылдар аралығында Ресейде татар тілінде әр уақытта 33 (21 газет пен 12 журнал) газет-журнал шығып тұрды. Оның ішінде Қазанда - 11, Орынборда - 7, Астраханда - 5, Орал мен Петербургте - 4-тен, Москва мен Уфада - 1-ден. Бұл мерзімді баспасөздің үштен екісі ұлттық буржуазияның әртүрлі топтарының, консерваторлар мен клерикалдардың қолында болды. Бұл газет-журналдардың 12-і, атап айтқанда «Фикер» («Пікір»), «Азат», «Танг юлдуз» («Таңғы жұлдыз»), «Азат халық», «Дума», «Танг мажугасы» («Таңғы альманах»), «Тавыш» («Дауыс»), «Эль-ислах» («Реформа») газеттері мен «Әл-ғаср-әл-жәдид» («Жаңа ғасыр»), «Уқлар» («Оқтар»), «Қарчыға» («Қаршыға»), «Туп» («Зеңбірек») журналдары демократиялық ой-пікірлерді насихаттаған бірден-бір баспасөз болды. Міржақып Дулатов «Уақыт» газетінің редакторы Фатих Кәрімовпен қарым-қатынаста болып, қазақ газетін шығаруда одан ақыл-кеңес алған. Ол біршама уақыт Фатих Кәрімовтің пәтерінде тұрды. Міржақып абақтыда отырған кезде Фатих Кәрімов оның «Оян, Қазақ!» кітабын бастырып шығарады. Кейін осы ісі үшін Орынбор жандармериясына 300 сом көлемінде айып төлейді. «Фикер», «Әл-ғаср-әл жәдид», «Әл-ислах» газет-журналдарына Ғ.Тоқай белсенді түрде араласып отырған. «Әл-ғаср-әл жәдид» (Жаңа ғасыр) журналы татар зиялысы Мұхамедкәміл Тухватуллин редакторлығымен шығып тұрды. Патша үкіметі бұл журналды қатаң бақылауға алған. «Әл-ғаср-әл жәдид» журналы Орал облысына кеңінен таралды. Қазақ жастары журналдан татардың халық ақыны, публицисі, сыншысы Ғ.Тоқайдың (Ғабдолла Мұхаметгарифұлы Тоқаев) өлеңдері мен мақалаларын оқыды. Журнал Оралдан басқа 76 елді-мекендерге тараған. Оны Зайсан, Қостанай, Орынбор, Орск,



Троицк, Торгай, Шымкент қалаларының тұрғындары алып тұрды. Алайда 1907 жылдың мамырында Оралда шыққан «Фикер» газеті мен «Әл-ғаср-әл жәдид» журналы патша үкіметінің бұйрығымен жабылды. Ресейде Мемлекеттік Дума жұмысы жүріп жатқан кезде Қазақстандағы мұсылмандар Дума ісіне қатысты қызу пікір-таластар өткізіп, патша саясатына ашық түрде қарсы шығып, өз ойларын қазақ және татар тілдерінде шығып тұрған мерзімді басылымдарға жариялай бастады. Олардың мұндай реакциялық пиғылдары өкімет орындарына ұнай қоймады. Сондықтан, сезікті деген адамдардың соңынан бақылау қойып, басқан қадамдары полициялық орындарға хабарланып отырды. «Аса қауіпті» деп танылғандарды арнайы бұйрықпен тұтқындап түрмеге қамалды немесе басқа жерлерге қоныс аударды. Мәселен, бұрынғы Дала генерал-губернаторы Сухотиннің бұйрығымен Қарқаралыда Омбы пошта-телеграф конторының шенеунігі Бекметов Мақсұт Хамидоллаұлы елін азаттыққа шақырған іс-әрекеті үшін 1906 жылы тұтқынға алынып, үш айдай түрмеде отырғаннан кейін Қазан қаласына жер аударылады. Ол патша түрмесінде отырса да, ол мойнымай, патша үкіметінің жергілікті әкімдерімен, әсіресе дала өлкесінің генерал-губернаторы Сухотинмен ашық айтысып, олардың қазақ халқына істеген жауыздығын, зорлық-зомбылығын әшкерелеген.

Мақсұт түрмеден шыққаннан кейін саяси-әлеуметтік, мәдени-танымдық мазмұндағы мақалалар жазып, қазақ және орыс баспасөзіне белсене араласқан. Оның 1909 жылы Санкт-Петербургте шығатын «Речь» газетінде Семей түрмесінде азап шеккен А.Байтұрсыновқа бостандық беруді талап еткен мақаласы басылады. Революциялық пиғылы үшін ол тағы да екінші рет тұтқынға алынып, Орынборға жер аударылады. «Қазақ» газетінің басқа қалада емес Орынборда шығуына да татар зиялылары өз септігін тигізген. Жалпы Орынбор қаласы XX ғасырдың басында орта Еділ сағасы мен Орал өңірінде Қазаннан кейінгі мәндегі ірі саяси, сауда және мәдени орталыққа айналған болатын. Шығыс пен оңтүстікке тереңдеп енуді көздеген патша үкіметі, бұл мақсатта Орынбор татарларының көрші түркі тілдес халықтармен тіл және дін жағынан жақындығын өз мүддесіне пайдаланғысы келді және сол үшін оларға бірсыпыра еркіндіктер де берді. Өз кезегінде мұндай мүмкіншілікті татар сауда адамдары мен ағартушы интеллигенттері де текке жібермеді, олар Орынбордың ірі мәдени орталыққа айналуына көп күш салды. Мәселен, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында мұнда үш татар баспасы ұйымдастырылып, 1906 жылдан бастап татар тілінде онға жуық газет және журналдар шыға бастайды. Бұл басылымдардың арасында жалпы шығыс елдерде кең мәлім болған «Уақыт» газеті, «Дин ва Мағишет», «Шора» журналдары бар еді. Жандарм орындарының мәліметі бойынша, мәселен, «Уақыт» газеті қазақ даласында да үлкен беделге ие болып, патшалық билікке қарсы қоғамдық пікір түзуге айтарлықтай ықпал етіп отырған. Өз ретінде отарлық езгіге қарсы қажырлы күрес жолына түскен прогресшіл татар интеллигенциясы да қазақ зиялыларына баспа ісінде қажет көмек көрсетуге мүдделілік танытып, А.Байтұрсыновқа басшылығымен жарық көрген «Қазақ» газетін «Қаримов, Хусайнов және К серіктігінің» баспаханасы басып шығарған.



## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### **БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

#### **§1. Бірінші дүниежүзілік және Алаш зиялыларының көзқарастары**

Отар елдерді қайтадан бөліске салуды мақсат тұтып, рыноктарға таласқан империалистік мемлекеттердің бірінші дүниежүзілік соғысы 1914 жылғы 1 тамызда басталып, оған 38 мемлекет қатысады. Соғыс негізінен екі әскери одақтың: Үштік одақ (Германия, Австрия-Венгрия, Италия) пен Антантаның (Англия, Франция, Россия) арасында жүрсе, ал қалғандары осы ірі мемлекеттердің ықпалымен соғысқа араласады. Сипаты жағынан тарихта өте әділетсіз, жаулаушылық, шектен шыққан қатыгездігімен ерекшеленген соғыста миллиондаған адамдардың қаны төгілген еді. Мәселен, оған қатысқан 70 млн. адамның 10 миллионы қаза тапса, 20 миллионы жараланды. Соғыс кезінде адамзаттың жасаған байлық түгелімен соғыс мүддесіне жұмсалып, мыңдаған қала мен ауыл жермен-жермен етіліп, теміржол, фабрика, зауыттар істен шығып, еңбекке жарамды адамдардың бәрі соғыс мұқтажын өтеу үшін шахталар мен өндірістерде жұмыс жасады. Яғни, соғыс адамдарға да өндіріске де, мемлекеттерге де шексіз көп зиян әкелді. 1914 жылдың жазында басталған соғысты жүргізуші күштердің мақсаты мен мүддесін Алаш зиялылары жақсы түсініп, тереңнен талдай білген. Ә.Бөкейханов жаңа басталған соғысқа байланысты «Қазақтың» оқырмандарына арнайы жазған «Тағы соғыс» атты мақаласында бұл соғыста «кім жықса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп қашқар мүйіз салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма?» деп сауал қойып, оған біздің қазақ құлағы Еуропа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сарандық қылмақшы деп өзі жауап беріп, сол тұстағы Еуропа билеушілерінің жалпы ұстанған айқындамасына мынадай баға береді: «Тарих жүзінде Еуропа Азия жұртының бетіне Шыңғыс хан һәм Ақсақ темір ісін басады. Осы екі патша қанша жәбір іс қылды деп. Бұлар өз уақытында заманына қарай іс қылғаны рас. Міне осы жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ? Бұлардың қайсысы қолынан келсе Шыңғыс хан һәм Темірлан болмайын дейді». Ә. Бөкейханов мақаласында соғысты бастаушылардың түпкі мақсатын, соғыстың реакциялық сипатын ашық көрсетумен бірге, оның еңбекші халықтардың өміріне тигізер ықпалына тоқталып: «Бұл соғыстан жалпы жұртқа ешбір пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып қанын тоғетін сорлы халық болар» деп тұжырымдап, Еуропа социал-демократтарының соғысқа қарсы жүргізген шараларынан нақты түсінік береді. «Қазақ» газетінің А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқа қызметкерлерінің де шамамен осындай пікірде болғаны даусыз. М.Дулатов соғыс басталған бетте жазған мақаласында



«қазіргі Еуропа соғысында жер жүзіндегі патшалықтар бірін-бірі арбап, жауын жеңуге тобын көбейтіп, күшін арттыру үшін қалай саясат жүргізсе, біздің қазақ халқы да қалыспай бірін-бірі мұқатуға жүргізіп тұрған «саясаты», құдайға шүкір, олардікінен бір де кем емес. Еуропа соғысы да, қазақ таласы да бақ күндестік. Бірақ қазақтың қуғаны бақ па, сор ма? Жалпы қазаққа осы жұмбақты шешу керек» деп жазды. Алайда Алаш зиялылары, сондай-ақ, сол кездегі түркі тілдес халықтардың алдыңғы қатарлы зиялы қауымы соғыстың сипатын түсінгенімен шарасыздан үкімет саясатына ашық қарсы емес, оған бейімделу саясатын ұстанды. Сондықтан, орталықтағы түрік-мұсылман басшыларының белсенділігімен Петроградта «Әскерлерге һәм олардың үйде қалған бала-шағаларына жәрдемші уақытша мұсылман орталық комитетін» құрады. Оның төрағасы болып Ғ. Дәулетшин, ал қазынашысы болып Х.Мансуров сайланды. Жоғарғы, діни басшылардың пікірі бойынша, «мұсылман елдерінің орыс мемлекеті мен халқына берілгендік» пиғылын танытуға тиіс болған бұл комитеттің негізгі міндеті соғысқа Ресей мұсылмандарының көмегін ұйымдастырып, сол арқылы жоғарғы саяси биліктің сеніміне ие болу еді. Комитет бүкіл Ресей көлемінде «мұсылман қоғамдарына, ел адамдарына, инабатты саудагерлерге» түрлі әкімшілік орталықтарында, мұсылмандар орналасқан қалаларда, елді мекендерде соғысқа жәрдем комитеттерін ұйымдастыру туралы өтінішпен қайрылады. Шамамен, орталық комитет ашылғаннан кейін үш ай өткенде Ресей империясының түрлі аудандарында 34 жәрдем комитеті құрылған еді. Қазақ облыстары мен Түркістанда мұндай комитеттер Ташкентте, Атбасарда, Зайсанда, Тоқмақта, Шөл далада (Самарқан облысы), Шымкентте (Черняев), Қара бұтақта (Торғай облысы), Омбыда, Ескі Бұхарада, Керкіде (Бұқар облысы) және басқа жерлерде ұйымдастырылады. «Қазақ» газеті Петроградтағы орталық мұсылман комитетіне Б. Қаратаевтың мүше болып енгенін айтып, оның «демеуімен Орал облысындағы алты облыстың қазақтары болыс басы бір мың сомнан ақша жиып беруге уағда қылып, приговор жасағанын» хабарлап, Орал облысында 60 -тан астам болыс бар екенін, «кейбір болыстардың қазақтарынан сол жердегі төрелер арқылы да жәрдемдер алына» бастағанын жазады. Петроградтағы мұсылман комитетінің үндеуімен қалаларда соғысқа көмек пайдасына түрлі мәдени шаралар өткізіле бастайды. 1915 жылдың 28 сәуірінде Петроградта мұсылман өнерпаздарының күшімен астана жұртшылығына үлкен концерт беріліп, одан түскен қаржы комитет қорына аударылады. Ал сол жылдың 1 мамырына дейін түрлі жерлерден келіп түскен қаржының көлемі 7 мың 159 сом 77 тиын еді. Бүкіл Ресей мұсылмандарын қамтыған бұл шараларға қазақ зиялылары да белсенді түрде араласа бастайды. Олардың бұл мазмұндағы қызметін айғақтайтын бірнеше фактіге тоқталайық. 1915 жылы жазда Орал облысында Ойыл және Темір жәрмеңкелері болып өтеді. Ойыл жәрмеңкесінде Халел Досмұхамедовтың басшылық етуімен соғысқа жәрдемге 6126 сом 50 тиын, ал Темір жәрмеңкесінде 1 Мемлекеттік дума мүшесі Алпысбай Қалменовтың басшылық етуімен 1097 сом 12 тиын жиналып, тиісті орындарға өткізіледі. Орал облысының әскери губернаторы Хабалов өзінің 1915 жылғы 12



тамыздағы №28 жарлығымен «жазғы жәрменкеде қазақтардан соғыс керегіне көмек көрсету істерінде өте ыждағат» танытып, «мұндай ізгі істе басшылық қылушы қазақтың оқыған көзі ашық адамдары доктор Х.Досмұхамедовке, Д.Мырзағалиевке, Д.Мендібаевқа, Ч.Есеновие, А.Жолдасбаевқа һәм Д.Мергеновке» шын көңілден тәңірі жарылқасын айтады. «Қазақ» газеті осы жылғы 144-нөмірінде тек 9 мамыр мен 23 шілде аралығында ғана Лбишин, Темір және Гурьев уездері қазақтарының соғысқа көмекке 18 мың сом 98 тиын жинап бергенін хабарлайды. Ал тамыздың соңына қарай газеттің тікелей басқармасы арқылы халықтың ооғыоқа жәрдемге жинаған қаржысы 22 мың 615 сом 37 тиынға жеткен еді. Қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен елдің соғысқа жәрдемге берген көмегі түрлі мазмұнда болды. Мәселен, осы 1915 жылдың жазында Лбишин уезі Жұбанышкөл елінің азаматтары Некей Нарынбайұлы және Дәулетғали Сарсенбайұлы Орал шаһарына 15 шақырым, «Барбастау» деген өзен жағасынан он үй тігіп, жаралы солдаттар емделетін лазарет ашады. Лазаретке сауынға Нарынбайұлы 15 бие, 4 түйе, ал Сарсенбайұлы 10 бие береді. Лазаретке жұмысқа шақырылған дәрігерлер мен басқа қызметкерлердің жалақысын төлеуді Жұбанышкөл елінің қазақтары мойындарына алады. Ақмола облысы, Атбасар уезіне қарасты 11 болыс Бағаналы және 8 болыс Арғын ауылдары 1915 жылы соғысқа үш дүркін көмек жинап 1718 сом ақша, 150 ат, 16 киіз үй өткізеді. Осы облыстың Қызылжар уезіне қарасты қазақтар 1914 жылдың соңына қарай жүз мың сом ақша, көшпелі лазаретке деп 30 шамалы ақ киіз үй жинап береді. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында Ресей мұсылмандары үшін елеулі саяси оқиғалардың бірі соғыс зардабын шеккен Карс облысындағы мұсылмандарға жәрдем ұйымдастыру шарасы болды. Жәрдем ұйымдастырудың орталық штабы Баку қаласында құрылып, оның қоғамдық бөлімшелері басқа қалалар мен елді мекендерде ашылып, «Ианы иқбал», «Уақыт», «Қазақ» сияқты басылымдар бұл шараның ұйымдастырушы үніне айналды. Сондай жәрдем комитеті 1915 жылдың ақпан айында Орынбор қаласында да дұрылып, оның құрамына мүше болып А.Байтұрсынов енеді. Осы қоғамдық ұйымның құрылуына байланысты «Қазақ» газетіне жазған мақаласында А.Байтұрсынов «басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем айтып жатқанда, үйі күйгенді жылулайтын, малы өлгенге қызыл көтеретін, ағайыншылық жүзінде қайырымы көп біздің қазақ, бұл турада да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім деп, еліне мынадай сөзібен қайрылады: «Таланып, шабылып, бар мүлкінен айрылып, аш, жалаңаап отырғандар жері жырақ болғанмен қаны жақын, діні бір қарындастарың. Әлдеқайдағыны айтып, аяушылық етіп отыр демеңдер. Аз-көп демей, жәрдем ету, әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық міндеттерін. Біреуіңіздің берген 5-10 тиыныңыз бір адамды бір күн аштықтан құтқармақшы». Міне, осы кезден бастап «Қазақ» газеті күнделікті нөмірлерінде Карс мұсылмандарына жәрдем ұйымдастыру барысын үзбей жазып, оқырмандарына есеп беріп отыруды дәстүрге айналдырды. Газеттің әрбір санында жәрдем берушілердің аты-жөні, жіберген жәрдем көлемі жазылып отырды. Газет жүзінде басылған олардың ұзын саны ондаған мыңмен саналатын еді. «Қазақ» газеті 140-нөмірінде Карс



мұсылмандарына берілген жәрдем барысында «Ианы иқбал» газетінде басылған Орталық жәрдем комитетінің есебінен үзінді алып жариялады. Онда «барлық Ресей мұсылмандары жаппай шабылған бауырларына жәрдем қолын ұсынып, ақжарқын көңілмен жомарттық көрсетті, жалма-жан өздерінің барлықтарын, мәдени һәм ынтымағы тірі екендіктерін білдірді... Енді қара бұқараға тас бауыр, жігерсіз деп мін тағуға орын қалған жоқ» деген сөздер бар еді. Сондай-ақ осы нөмірде аз уақыт ішінде барлық мұсылмандардан орталық штабқа жәрдемге жүз мың сом ақшадай қаржы түскені, ал Орынбордағы мұсылмандар комитеті он тоғыз мың сом ақша жинап тапсырғаны айтылған. Қазақ зиялыларының соғыста жараланғандарға, Қарс мұсылмандарына берген жәрдемі түрлі мәдени шаралар өткізіп, одан түскен қаржыны осы мақсатқа жұмсау түрінде де көрінді. Олардың тікелей ұйымдастыруымен немесе белсенді атсалысуымен 1915 жылы 13 ақпанда Семей қаласында 19 ақпанда Том қаласында, 11 сәуірде Орынборда, 15 сәуірде Омбыда әдебиет кештері болып өтеді. Көптеген қала және ауыл тұрғындарының, зиялылардың қатысуымен өткен бұл кештердің мазмұны, оларды ұйымдастырушылар жөнінде «Қазақ» газетінен біраз қызықты материалдар кездестіруге болады. Мәселен, 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында мұсылмандар атынан жаралыларға ашылған аурухананың және қазақтың мұқтаж оқушыларының пайдасына әдебиет кеші болып өтеді. Оны оқушы жастардың, қажы, ақсақал, бәйбішелердің, Қаражан байдың қолдауымен жергілікті мұғалімдер Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар ұйымдастырады. Кешті семейлік заңгер Райымжан Марсеков қазақ әдебиеті жөніндегі баяндамасымен ашады. Баяндамашының сөзін Н.Құлжанов Біржан мен Сараның айтысы жөніндегі әңгімесімен толықтырады. Әдебиет жөніндегі әңгіме Біржан мен Сараның айтысын үлкен шеберлікпен орындаған Жүсіпбек Аймауытұлы мен Тұрар ханымның концертіне ұласады. Кеште Ы. Алтынсариннің және Абайдың өлеңдері оқылып, әндері айтылады. Кештен түскен 917 сом ақша жоғарыда айтылған мақсатқа жұмсалады. Осы жылдың 11 сәуірінде қазақ және татар зиялы қауымының ұйымдастыруымен Орынбор қаласында да әдебиет кеші болып өтеді. Кешке қала тұрғындарымен бірге төңіректегі елді мекен адамдары да жиналады. Келушілердің көптігі сондай, театр үйіне сыймай қалады. Сахнаға домбырасынан шыққан А. Байтұрсыновты жұрт үлкен ықыласпен қарсы алады. Ол әуелі «Соқыр қыз» әнін орындап, сонынан көрермендердің өтініші бойынша тағы да бірнеше ән айтады. Осыдан кейін Хұсайния медресесінде оқып жүрген қазақ шәкірттері қосылып «Ахау, Семей», «Құбақан», А. Байтұрсынұлының «Қазақ қалпы», Ғұмар Қарашұлының «Бар еді қазағымның оңған күні...» атты өлеңдерін әнге қосып, нақышына келтіріп шырқайды. Кешке ерекше нәр берген Міржақып Дулатұлы мен Сейдазім Кәдірбайұлының зайыптары Ғайнижамал мен Жаңыл ханымдардың салған әндері болады. Олардың қосылып орындаған «Елім-ай», «Кендірғазы» әндерінен соң, елдің сұрауымен «Ахау, лашын, майшапашым» және М. Дулатұлының «Айырылу» шығармалары орындалады. Қайырымдылық кеші 1915 жылдың қаңтарында Атбасар қаласында да болып өтеді. Осындай ізгі шараның ұйытқысы болғаны үшін Әділбек Майкөтұлы



Әлмұхамед Жылқыайдарұлы, Сыдық Мешенбайұлы және басқа бір топ қазақ зиялыларына Ақмола губернаторы 2591-нөмірлі жарлығымен алғыс жариялайды. Міне, осындай саяси шараларда белсенділік таныта отырып, қазақ зиялылары белгілі бір мақсаттарды көздейді. Яғни, бұл саяси актілердің саяси астары да жоқ емес. Оны Ә. Бөкейхановтың «Қазақта» жариялаған материалдарынан байқауға болады. Мәселен, ол «Соғыс көлеңкесі» атты мақаласында қазақтарға соғысқа жәрдем беру ісінде буряттарды үлгі есебінде көлденең тартып, «мынау жұртқа земства келе жағыр. Мұны надан жұртқа бермейміз дегендер болады. Сонда бурят жұртының үлгілі ісі алдынан шығады» деген ойды білдіріп, земства алу үшін соғыс шығынына белсендірек ат салысуға шақырған сыңай танытады. Бұл кезеңде жоғарғы саяси билікте болуы ықтимал өзгерістер нәтижесінде қазақ жұртына да земства сияқты басқару жүйесінің келуінен қазақ зиялыларының үміттенгені өмірде болған факті. Ә. Бөкейханов 1915 жылы Мемлекеттік Думада қалыптасқан саяси партиялар коалициясының жаңа үкімет сайлауға байланысты ұсынған тұғырнамасында, оның қазақ жұртына жағымды жақтарына тоқталып былай деп көрсетеді. «Бұлардың бірлік қылған ережелері мынау:

1) Мұжықты өзгелермен бір дәрежеде қылады. Законда біздің қазақ мұжық тонын киіп жүр. Бұған бізде кіреміз...

2) 1890 жылғы земства законы жұртқа ыңғайлы болып өзгертіледі. Бұл закон бойынша барлық күш орыс дворянының қолында еді. Енді жалпы жұрт тегіс болады...

3) Бұрын земства жоқ шет облыстарға земства беріледі. Мұнда қазақ болар.

4) Кооператив туралы закон болады. Онда қазақ ішінде игілік ісін ашуға жарық жол ашылар...»

Сөйтіп, Ресей араласып кеткен дүниежүзілік соғыс шығынына жәрдем көрсетуге қазақ елін де тарта отырып, қазақ зиялылары, бір жағынан, халықтың саяси белсенділігін көтеруден үміттенсе, екінші жағынан, өзі де белгілі дәрежеде, «орыс мемлекеті мен халқына берілгендік» науқанына араласып кеткенін байқамай қалды.

## **§2. Алаш зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұстанған бағыттары**

Бірінші дүниежүзілік соғыс майдан даласынан тым алыста орналасқан қазақтарды айналып өтпеді. Соғыстың барысы, тіпті оның салдарлары қазақ қоғамына зор күйзелістер мен қасіреттер әкеліп қана қоймай, оның кейінгі тарихына да кері әсерін тигізді. Соғыс уақытында қазақтарды әлеуметтік және ұлттық езгіге салу күшейіп, жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлығы өлшеусіз өсіп, жер-жерлерде патша шенеуніктерінің зорлық-зомбылығы шектен шығып, қазақтардың жерін тартып алу бұрын болмаған қарқынмен жалғастырылды. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, мал



басын, т.б. материалдық игілікті күн өткен сайын көп мөлшерде талап етті. Осыған байланысты Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өнімдердің біріне айналды. Мәселен деректер бойынша соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен 40 899 244 мың пұт мақта, 299 мың пұт сабын, 473 мың пұт балық, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 12 797 түйе, 3 109 мың пұт мақта майы, 13 441 киіз үй алынған. Соғыс басталысымен әртүрлі салықтардың түрі мен мөлшерлері де өсіп, соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейсе, өлке еңбекшілеріне 10-ға жуық салықтың түрі енгізілген. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 1914-1916 жылдар аралығында әр түтінге (үйге) салынатын салық мөлшері 3 сомнан 8 сомға дейін жеткен. Әсіресе, Жетісудан 34 млн. сом мөлшерінде мал және мал өнімдері алынып, 1917 жылы шаңырақ салығы 100209 сомды құраған. Осының бәрі өлкедегі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соққан. 1916 жылғы шілдеде патша өкіметінің «Ет және ет өнімдерін тұтынуды қысқарту шаралары туралы» заңның қабылдауы қазақтардың әлеуметтік жағдайын мүлдем нашарлатып жібереді. Осы заңға сәйкес қазақтарға аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері) ет пен оның өнімдерін сатуға рұқсат берілмесе, ал сейсенбі мен бейсенбі күндері қасапханаларда мал союға тыйым салынып, қазақтардың арасында адам басына шаққанда етті пайдаланудың мөлшері анықталды. Яғни, патша өкіметі осы заң және одан туындаған басқа да қарарлар мен шешімдер арқылы қазақтардың «басы артық» деп табылған малын тартып алуды көздеді. Осылайша, соғыс салдары қазақ халқын ауыр күйзеліске ұшыратып, аяғы бүкіл қазақ даласының аудандарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерге алып келді. Жалпы алғанда бұл көтерілістердің басталуына Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы Орталық Азия, Қазақстан және Сібірдегі халықтардың 19 пен 43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтарын майданның қара жұмысына (окоптар мен траншеялар қазуға, майданға жақын аудандарда жол салуға, ағаш кесуге, т.с.с.) шақыру туралы жарлығы болды. Патшаның жарлығында бойынша тыл жұмысына жалпы Қазақстан мен Орталық Азиядан 400 мың адам, оның ішінде қазақтар мекендеген барлық облыстардан 240 мыңдай адам алынады делінді. Бұл жоспарды патшаға Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин дайындап, ол бойынша 16 бөлімнен тұратын заң жобасы құрастырылды. Заң жобасын Әскери министр Сухомлинов қазақ даласындағы басқа да патша әкімшіліктерінің талқылауына береді. Олардың пікірлері Ресей үкіметінің баспасөздерінде жарық көріп, онда: «қазақтарды патша үкіметіне адал деуге болмайды. Сонғы жылдары олардың арасында панисламизм бағыты күшейіп келеді, сондықтан қазақтар солдат болып әскер қатарына кірсе дұшпанымыз көбейеді. Қазақтардың мәдениеті төмен, орыс тілін білмейді. Оларды жақсы оқытушы арқылы орыс тәртібіне көндіру қажет. ... қазақтар әскерге алуға сенімсіз, ... Оларды ертерек орыстандыру қажет», - делініп басқа да бұрыннан көздеп келген отаршылдық мақсаттарын жасырмайды. Жоғарыда аталған әскери-отаршыл әкімшіліктердің шешімдеріне сүйенген үкімет Мемлекеттік Думаға баяндама жасап қазақтардың сол күнге дейін Ресейге



жаулық пиғылда болып келгендігі айтылып, оның себебін былай түсіндіреді: «Осы күнге дейін мал бағып отырған жерлерін өз мүлкі һәм атамекенім деп біледі, жері алынғанға лажсыз ғана көнеді». Осы дәлелдерді келтіріп баяндама соңында «қауіпсіздікті сақтап, ыңғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Семей, Түркістан уалаяттарындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметке алуды шектете тұрған дұрыс», - деп қаулы қабылдайды. Патша үкіметінің мұндай қаулыны қабылдағанын естіген Алаш зиялылары бұл мәселенің жағымды және жағымсыз тұстарын талқыға салып, күрделі тұстарына қазақ жұртшылығының көңілін аудару үшін газет беттерінде пікірталас ұйымдастырады. Қазақ зиялылары газетке жазған материалдарында бұл істің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылаумен болды. Мәселен, «Қазақтан солдат алу туралы» деген мақаласында Мемлекеттік Думадағы мұсылман депутаттардың ұсынысына байланысты «Қазақ»: «...қазақтан солдат алуды қуаттайтын мұсылман депутаттары мен мұсылман газеталары. Бұлардың ойлайтыны: қазақ солдат болмай тұрған кезде ала алмай отырғандарын: солдат болса алады деген есеп. Солдат бермейсің деп бермей отырған земствосын берер; надансын деп бермей отырған депутаттықты берер; шамансын деп бермей отырған муфтилікті берер; жер таңдауын басқаға беруді қойып, қазақтың өзіне берер; солдатқа барған жастар дүние көріп, жол танып, жөн біліп, ысылып келер; сөйтіп, қазақ арасында мәдениет жоғарылар» деген пікірін келтіріп, «бұлардың көздегені қазаққа жамандық емес, жақсылық», бірақ, бұл қазақ жайын жақсы білмегендіктен туған пікір, «осы соғыс тұсында қазақтан солдат алғанын қуаттау - зор адасу», өйткені, қазақ елінде паспорттандыру жүйесі жоқ, ал бұл жағдай өз ретінде түрлі зорлық-зомбылыққа жол ашатындығын айтты. Одан ары газет: «қазақтан солдат алса құқы ұлғаяды, салмағы молаяды, мәдениеті жоғарылайды деген мұның бәрі әдемі сөз. Бірақ сөзден іске қарай аяқ басқанда онша әдемі болып шыға қоймас. Қазақ тізгінін Ресейге бергелі екі жүз жылға жақын заман болды. Бұл қазақ метрикесін түзетуге жеткілікті уақыт. Қазақ Ресейге тізгінін бергенде Ресейдегі басқа жұрттармен тең болуға көніп берген. Сондықтан әскер қызметінен қазақ бас тартпайды. Бірақ мұны 20-30 жыл бұрын ойлап, метрике шатақ болмауына қам қылу тиіс еді. Істелмеген соң қазақтан солдат алғаны жақсы деп айтқанда ауызға жеңіл болса да, аларда ауыр болар. Қазаққа солдаттық пайдалы деп түсіндірушілер айтқанда ғана емес, аларда да жеңіл болу жағына қам қылу керек деген дәлелді пікірді білдіріп, ең соңында, «көздеген пайдасы, ойлаған жақсылығы қазаққа қанша қымбат болғанмен, алды-артын абайлап қарамай, асығып айтқан пікір, пайда орнына зиян келтіруі ықтимал. Сондықтан істің аңысын аңдып, өз пікірімізді айтудан әзір тоқтала тұрамыз» деп, тұжырымдайды. Кейін өмірдің өзі көрсетіп бергендей, бұл қазақтан әскерге адам алуға байланысты дәл, негізді айтылған пікір болатын. Дегенмен «Қазақ» газетінің редакциясына жан-жақтан түскен барлық пікірлер бір ойдан шығып отырған. Мұны «солдаттық мәселе туралы қазақ даласының әр тұсынан жиналған пікір, тілектер бір ауыздан шығып тұр» деп айтылған ойлар мен пікірлерді былай қорытқан А.Байтұрсыновтың: «1. қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау; 2. солдат алудан бұрын метрике беру үшін



муфтилікте қарау; 3. лажсыз алынатын болғанда, жаяу әскер емес, атты әскер болу, казак-орыспен жер-су һәм құқықтары тең болу», - деген мәлімдемесі Алаш зиялыларының ұстанған бағытын көрсетеді. Сарыны жағынан осыған ұқсас мақаланы М.Тынышбаев та жазып, былай дейді: «Қазақтардың көпшілігі казак-орыспен теңесіп, жерімізді сақтау мақсатында атты әскер қатарында қызмет етудің тиімділігін жақтадық. Қазақтардың тек аз ғана бөлігі жаяу әскер құрамында болуды қалады». Алайда казак халқында туу туралы куәліктің болмайтыны, мұның өзі жағдайды ауырлататыны ескерілді. Сондықтан жақын арада қазақтарды әскери қызметке тарту мүмкін еместігін түсіндіре келіп М.Тынышбаев, «бұл мәселе іске асқан жағдайда, аса қиындық болатынын, оны зиялылардың күні бұрын болжап білгендерін» айтады. Сол газет бетінде жарық көрген түрлі пікірлерді қорытқан М.Дулатов «Г. Дума һәм солдаттық мәселесі» деген мақаласында «солдаттық мәселесі туралы казак даласының һәр тұсынан жиналған пікір, тілек бір ауыздан шығып тұр» деп жазып, ол айтылған ойларды былай қорытады:

- «1) казактан осы соғыс үстінде солдат алынбау;
- 2) солдат алудан бұрын метрике тұзеу үшін муфтилікке қарау;
- 3) лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, казак-орыспен жереу һәм правода теңестірілу».

Газетте үлкен қызу-талас тудырған бұл мәселе патша үкіметінің назарына өздігінен жетпейтін еді. Сондықтан осы аталмыш жауапті істі, яғни казактан соғысқа адам алу ісіне байланысты мәселені үкімет орындарына жеткізу міндетін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Н.Бегімбетовтер ақпанның үші күні Петербургке аттанады. Ол жөнінде М. Дулатов жоғарыда аталған мақаласында: «Бұл тілектерге ие болып, жалпы жұрт қара көрсетіп, қам қылғандығы білінбейді: тағдырға тансырылып жай жатқан түрі бар. Солдаттық туралы казак халқының пікірін, тілегін хүкіметке, Думаға жеткізу үшін, олармен сөйлесіп, жай-жапсарды түсіндіру үшін облыстан бірер өкіл баруы тиіс еді. Бұл істі қалың казактан күту, қашпаған қашардың аузына карағандай болған соң, Дума ашылуға қарсы Самарадан Ғалихан Бөкейханов, Орынбордан Ахмет Байтұрсынов, Ақтөбе уезінен Нысанғали Бегімбетов ақпанда Петроградқа жүріп кетті», деп жазып, ал олардың казак атынан жеткізетін талаптары жоғарыда аталған үш пункттен тұрған тұжырымға негізделетінін айтты. Алайда Алаш зиялыларының Әскери министрдің қабылдауында болғанымен, қозғалған негізгі мәселе шешімін таппайды. Өйткені бұл мәселе бойынша патша үкіметі жергілікті халық өкілдерінің ешқайсысымен кеңеспей, өз шешімін шығарып қойған еді. Осылайша дерек көздері көрсеткендей Алаш зиялылары патша жарлығы шыққанға дейін казак жұртының алдындағы өз борыштарын орындау үшін көп күш жұмсаған. Ресейлік патша үкіметінің жарлығы казак жұртына шілде айында келіп жеткен. Хабарды естіген халық сондай соғылып, күйзеліске түссе, жергілікті әкімшілік патша жарлығын орындау үшін көптеген қылмыстарға барады. А.Байтұрсыновтың жазғанындай, қазақтарда метрикенің жоқтығын пайдаланған тізім жасаушылар бірінші күннен бастап әділетсіздікке жол беріп, өздері қылмыстық әрекеттер жасайды. Тізімді жасаушылар



патшаның жарлығы мен губернаторлардың үндеулерін халықты қорқыту арқылы кедейлер мен қарапайым шаруалардың өздері мен балаларын жасына карамай қалауынна тізімге енгізіп, бай балаларынан пара алып шақырудан босатқан. Осы жағдай халықтың наразылығын күшейтіп, шиленістіре түскен.

Оның үстіне жергілікті патша әкімшілігі де қайткен күнде де қазақ жұртынан қара жұмысқа адам аламын деп, барлық күшін жұмсаған. Мәселен, Торғай облысының губернаторы: «бірде-бір қырғыз тірі қалмаса да, патша бұйрығы орындалатын болады», - деп қазақтардың көнген көнбегеніне қарамастан, патша жарлығын орындайтындарын ашық айтып күш көрсетеді. Ал осындай екі бірдей оттың ортасында қалған Алаш зиялылары болса қырғынның алдын алу үшін халықты патша жарлығын орындауға, қарсы шықпауға үгіттеп, жарлықты орындамаған күнде қазақ жұрты қан төгіске ұшырауы мүмкін деп алаңдаушылық білдіреді. Қарусыз халықты патша үкіметінің аяусыз жазалау шараларының құрбаны болудан сақтап қалу үшін Алаш зиялылары: «Патшаның жарлығы - ақиқат және оған қарсы пікірлер болмауы керек, жатқару жеңіл айдалық болады, өйткені бұл халық үшін күйзеліс әкеледі. Қазір - соғыс уақыты, тәртіп қатал, жасырынғандарды іздеуге отряд жібереді, ол шаруашылықтың күйзелуіне әкеп соғып, отбасына бақытсыздық әкеледі», - деп халықты сабыр сақтап, ақылға келуге шақырды. Алаш зиялылары патша жарлығына байланысты туындаған күрделі мәселені бүкілқазақ мәжілісінде талқылауды дұрыс деп тауып, 7 шілде күні губернатордың қолдауымен Орынборда облыстық басқарма үйінде Торғай облысының 4 уезі өкілдерінің және Семей, Орал, Ақмола, Сырдария облыстары жұртының атынан келген өкілдерінің қатысуымен өтетін Кеңесті ұйымдастырады. Кеңесте қолдағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, қолдан келгенше қазақ жігіттерін майдан жұмыстарына алуды шегере тұрудың жолдары талқылап, майдан жұмысына алынғандар мен олардың отбасына мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасау мүмкіндіктерін қарастырып, патша үкіметі орындарының алдына қазақ жұртының жағдайына байланысты «соғыс керегіне һәм мемлекет халқына ет, мал астық жеткізіп тұрған қазақ жұртының да шаруасының күйзелмеуін ескеруін», соғысқа кеткен мұжықтардың шаруасын жүргізіп келе жатқан, егін-пішендерін жиып беріп жүрген қазақтар екендігі, соған қарамастан қазақтардың бір айдан бері өз пішендерін шаба алмай, астықтарын жинай алмай отырғандарын айтып, қазақтарға осы шаруаларын бітіріп алуларына уақыт сұраған. Кеңеске қатысушылар патша жарлығының баспасөз бетінде жарияланбай, халыққа ауызша жеткізілуді және оны тез арада орындауды талап еткендігі қазақ жұртын дағдарысқа түсіргені айтылған. Бұған қоса 19-43 жас аралығындағыларды майдан жұмысына шақыруы қазақ шаруашылығын күйзеліске түсіріп, халықты аштыққа ұшырататын жағдайға жеткізгендіктерін, сондай-ақ жергілікті билеушілердің байлардан пара алып, қара жұмысқа тек кедей шаруаның балаларын ғана тізімге алғандары халықтың наразылығын тудырғандығы туралы құжатта дәлелді дәйектермен баяндалған. Кеңеске қатысқандар оның негізгі қорытындысын тиісті үкімет орындарына жеткізу үшін депутат Керенскийге хат түрінде жолдаса, ал А.Байтұрсынов оның мәтінін



«Қазақ» газетінің қазан айындағы санында жариялайды. Алайда, бұл талаптарды қабылдамаған патша үкіметі қазақтарды майданның қара жұмысына өздері белгілеген мерзімде шақырта бастады. Бұл жағдай Алаш зиялыларын қатты толғандырып, орныққан жағдайдан шығар жалғыз жолы деп Әлихан, Ахмет, Міржақып үшеуі қосылып 1916 жылы 11 шілдеде «Қазақ» газетіне «Алаш азаматтарына!» атпен халыққа үндей жариялайды. Онда былай делінді: «Қазақ шын қарсылық қылатын болса, елге отряд шығады. Отряд шықса елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады, ... Военное положениені жұртқа келген бір опат деп білу керек. Ел басшысы адамдар әділдікпен спискіні өздері түзеп беру керек. Мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей деп бөлмей, сатылмай дұрыстықпен іс қылу керек... Ерікті өздеріңе бергенде дұрыстап іс қыла алмасаңдар, үкіметке сонынан өкпелеуге болмайды... Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Ал дүние бұл күйде тұрмас, бұл соғыста бігер... Тындаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңдар... біздің білуімізше жеңілі-көнген» Алайда Алаш зиялыларының бұл үндеуін бірі дұрыс көрсе, бір бөлігі оны қабылдамады. М.Тынышбаевтың көрсетуі бойынша «Қазақ» газетінің осы үндеу жарияланған нөмірі аса маңызды хабарды жеткізуші нөмір ретінде табан астында тараған. Оқыған азаматтар газеттің осы нөмірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген және үгіт насихат жұмыстарын жүргізген. Сондай жұмыстардың бірі Алаш зиялысы, Петербург дәрігерлік академиясының түлегі Сәдуақас Шәлімбаев атырды. 25 маусым жарлығы бойынша тыл жұмысына алынатын жігіттерге дәрігерлік көмек көрсету кезінде сүзек ауруын жұқтырып, содан жастай қазаға ұшыраған Шәлімбаевты жерлеу сәтінде сөйлеген сөзінде Ж. Ақбаев былай деп айтқан еді: «25 июнь жарлығы шыққан соң надан жұрт әулігіл көтерілген уақытта халыққа насихат айтып, қазақты көндіруге себепкер болғанның бірі Сәдуақас еді. Басқа жерлерде қан төгілген, асылған, атылған көп, Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман болды. Осындай сипаттағы үгіт жұмыстары басқа облыстарда да жүреді. Алайда көбісі нәтиже бере бермеген. Мәселен, Жетісудағы қазақтардың қазақ зиялылары Шегіров пен дәрігер Жақыпбаевтың жүргізген үгітін тындамай толқу шығарғанын естіген Ы. Жайнақов 13 шілде күні патшаның жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін Верный қаласында үлкен Алматы облысының басшы адамдарының кеңесін өткізеді. Бірақ-та Кеңеске жиналғандар екіге бөлініп, біразы Жайнақовтың үгітін қабылдамаған Тоқаш Бокинді қолдайды.

Қарулы қарсылықтың қандай нәтиже беруі мүмкін екендігін Жетісудың басқа да зиялылары халыққа түсіндіруге күш салды. М. Дулатов ғасыр басындағы қазақ қоғамының белгілі қайраткерлерінің бірі Отыншы Әлжановтың қаза болуына байланысты жазған мақаласында: «Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қаранғы бір түкпіріне айдалып барған Отыншы... 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25 маусымның қанды жарлығы шығып қалған еді.



Отыншы үркіген елге тоқтау айтып, көнбесе қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды», - деп көрсетті.

Жетісу облысында М.Тынышбаевтың да көтеріліске қарсы үгіт жұмысын жүргізгендігін байқаймыз. Ол кейін ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «...«...менің қазақтар мен қырғыздардың 1916 жылы патша үкіметінің қарсы көтерілісін қолдамауым, патшалық билікке деген сүйіспеншіліктен емес, қазақ пен қырғыздың көтерілістен зардап шегуінен қорыққандықтан еді»» деп жазған еді. Көтеріліске байланысты мұндай пікірді Семей облысындағы Х. Габбасов та қолдайды. Ол 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «мен қан төгуден басқа ештеме бермейтін көтерілісті болдырмауға әрекет жасаушылар жағында болдым» деп көрсетті.

Алайда Алаш зиялыларының тыныштықты сақтауға шақырған үндеулеріне қолдау көрсетпеген Сырдария, Жетісу, Торғай сияқты өңірлердің қазақтары ешқандай дайындықсыз ашықтан ашық көтерілістер жасайды да, аяғы үлкен шығындарға ұшырап, өз ата мекендерін тастап кетуге мәжбүр болады. Мәселен, көтерілістің тамызда ең өршіген, аяғы қанды қырғын мен жат елге босуға айналған ауданы Жетісу болып, онда патша әскері мен переселендердің жасаған ойраны өлке халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекейұлы қыркүйектің 9-ы күні дарға асылды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300000 адам Қытай жеріне қуып тасталынды. М. Тынышбаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевал уездеріндегі болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асты. Сонымен, 16 жылғы оқиғалар қазақ қоғамында империялық үстемдікке қарсы күресте екі көзқарастың, екі әдістің болғандығын көрсетіп берді. Олардың бірі батырлар бастаған қол жасактап жауға қарсы көтеріліп, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау еді. Өткен ғасырлардан келе жатқан бұл белгілі әдіс 16 жылғы қиын-қыстау заманда тағы да бой көрсетті. Басқа жол, басқа әдісті әлі танып білмеген қарапайым халықтың басым бөлігі өз батырларының соңына ергенде мұндай әрекеттің арты немен аяқталатынын әуелде жақсы түсіне алмады. Олардың өз арасынан хан сайлап, хандық құруы да феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың әлі де болса мықты екендігінің көрінісі еді. 1916 жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарастың қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Оны ұстанушы ұлттық демократиялық интеллигенция қазақ жеріндегі ара-салмақтың өзгергенін, қарсы тұрған жаудың да күші мен айласы бұрынғыдан басқа екендігін ескере отырып, күрестің жаңа әдісіне көшу қажеттігін, ал ол әдістің негізгі белгісі ұлттық саяси тұтастық және негізгі мақсаттар үшін саналы, ұйымдасқан әрекетке өту екендігін халыққа жеткізуге тырысты. Оқиғалар ағымы екінші көзқарастың сол тарихи кезеңдегі ұлт мүддесіне тура келетіндігін анықтап берді. Демократиялық интеллигенция болса жаңа заман, жаңа



өзгерістердің келе жатқанын түсіне отырып, енді белсенді әрекетке көшті. Оның бұл әрекеті алдымен майдандағы қара жұмысқа алынған жігіттерге қызмет көрсетуден басталды. Сондай-ақ бұл қызмет ол үшін үлкен сын және азаматтық кемелдікке қадам басу сәті болды.

### **§3. Алаш зиялыларының майдандағы қазақ жұмысшыларының арасында**

1916 жылдың 15 қыркүйегінен бастап 19-31 жас арасындағы қазақ жігіттері майдан жұмысына алына бастайды. Сол күндердің куәсі болған кісілердің көрсетуіне қарағанда, үлкенді-кішілі қалаларды аттанып бара жатқан жігіттерді шығарып салуға ере келгендер лық толтырған. Осы жағдайды өз көзімен көрген куәлардың бірі: «Алынған жігіттерді жөнелтерде жер қайысқан адам - еркек, әйел, у-шу, азан-қазан, жылап-сықтап, кетіп бара жатқан жігіттерді енді ол дүниеде жолықтыруға жаза гөр десіп, арыздасып, дүниені күңіретті, қайғырды, қан жұтты, сарғайды, сандалды, жалғыз қазақтың ғана басына ақырзаман туғандай болды» деп жазды. Міне, осындай жағдайда не істерін білмей абыржыған халыққа, есін жиюға көмектескен «Қазақ» газеті, оның шығарушылары еді. Олар жұмысқа аттанып бара жатқан жігіттерге қандай киім, жолға қандай азық керек екендігінен бастап, майданға барып орналасқаннан кейінгі жағдайы, олардың көңіл күйі, денсаулығы, елмен байланысы сияқты істеріне түгелдей араласып, оларға тиісті үкімет орындарының кеңілін аудартып, қолдарынан келген жәрдемін аямады. 1916 жылғы 25 маусым жарлығынан кейінгі уақытта шын мәнінде бүкілелдік ұйымдастырушы орталыққа және қоғамдық пікір қалыптастырушы құралға айналған «Қазақ» газеті, 22 қазан күнгі бас мақаласында «жұмыскер жағдайының мәселесі біздің қазақ сияқты қанаттасып-ұштасып іс қылып көрмеген жұртқа оңай мәселе емес. Құдай салды, біз көндік деп, көтеріп отырған жүк. Елге түскен ауырлықты ел азаматтары көтеріп, қатын-бала, шапкемпірлердің обалына қалмаймыз деп кетіп бара жатыр. Азаматтар азаматтық еткенде, жұрт жұрттығын істеуі борыш. Ол борыштың барлығын жұрттың білетіндері де, білмейтіндері де бар. Білетіндері білмейтіндеріне түсіндіріп басшылық етіп, жұмысқа алынбаған алаш азаматтары алынғандарының жабдығында болуы мойындарына борыш» деген ойды айтып, сонан соң мәселе есебінде жігіттердің жағдайына байланысты жұрт алдына екі нәрсені қояды. Олардың бірі жігіттерге барған жерінде баскөз болып, олардың мұң-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп тұратын орыс және қазақ тілдеріне бірдей, білімді жігіттердің керектігі болса, ал екіншісі, қазақ жұмысшыларына қандай жерде болса да қазақ тамағын жеткізіп тұру жұмысына жарайтын, бұл істің ретін білетін алаштардың қажеттігі еді. Бұл уақытта жұмысқа алынған жігіттердің тіл білмейтіндігін есепке ала отырып, Түркістан генерал-губернаторлығы және бүкілресейлік земство одағы оларды басқарып жұмысқа апаратын жүз басы, мың басы сияқты қызметкер белгілеп, оларға барған бетте бір мәрте беретін



ақша және айлық жалақы тағайындайды. Мәселен, земство мыңбасылыққа жарайды деп учительдерді, школа және семинария бітіргендерді, жоғары оқу орны студенттерін, бір сөзбен айтқанда, орысша оқу орнын бітірген немесе орысша біршама білімі барларды, ал жүз басы басшылығына орта білімі бар, бірақ орысша тәуір сөйлеп және жаза алатындарды шақыратындығын мәлімдеген.

«Қазақ» газеті осы талаптарға сай келеді деген ел ішіндегі өз таныстарының аты-жөнін де жариялайды. Бұл тізімнің ішінде Есболов Мырзағазы, Шонанов Телжан, Масанов Айдарбек, Қодаров Қарасай, Әлімбаев Имам, Баржақсин Ахмед, Жолдыбаев Молдағали, Жүндібаев, Иманов, Көбеев Спандияр, Қарпықов Иманғали, Сәтбаев Әбікей, Сәрсенов Биахмет сияқты және басқа 40 адамның аты-жөні аталған еді.

«Қазақтың» ел адамдарына, оқыған азаматтарға деген арнау сөздері ізсіз кеткен жоқ болатын. Газеттің қазандағы нөмірлерінің бірінде Қазан қаласында білім алып жатқан қазақ студенттерінің «Ашық хаты» жарияланады. Онда «қызметке алынған жастарға һәм олардың үйлеріне көзіміздің қырын салалық деген Алаштан адам шықса, күні бүгін соғыс майданына бар десе де, яки мұндағы жұмысты атқарындар десе де, басымыздың билігін сол Алаштын баласына бердік. Біздің бұл қаулымызға басқа жерлерден оқыған ақ жүрек бауырларымыз да қосылар деген үміттеміз» деген сөздер бар еді.

Қазақ жігіттерін майдан жұмысына алу әбден қызған қазан, қараша, желтоқсан айларында Ә. Бөкейханов Мәскеуде болып, майданға аттанып Мәскеу арқылы кетіп бара жатқан жігіттердің жағдайын біліп, қайда бет алып бара жатқанын анықтап, олардың жағдайына байланысты түрлі үкімет орындарына кіріп келіссөздер жүргізіп отырады. Бұл кезде онымен Мұстафа Шоқайев та бірге болады.

Бір айта кететін жағдай, осы 1914 жылы жана басталған соғысқа байланысты орыс либерал интеллигенциясы үкімет орындарына өз көмегін ұсынып, оны патша қабыл алып, солардың белсенділігімен князь Г. Львов төрағасы болған ауру және жаралы әскерлерге көмек беретін Бүкілресейлік Земскі одағы және Бүкілресейлік қалалар одағы құрылады. Земскі және қала одақтарының (земгор) қызметі туралы Ә. Бөкейхановтың «Қазақта» жариялаған мақаласынан мынаны оқимыз: «...жаралы солдатқа аурухана салу, әскерге жүк тасу, жолда әскерге тамақ беру, жаралы солдатты майданнан алып шығу, қару-жарақ камдау, жол салу, ін қазу сияқты істер екі союз қолында кетті». Бұл одақтарда кадеттер партиясының ықпалы аса зор еді. Ә. Бөкейханов өзінің кадеттер партиясы орталық комитетінің мүшесі екендігін пайдалана отырып, қазақ жігіттерін осы одақтардың қарауына өткізуге күш салып, соғыс ісіне адамгершіліктік жәрдем беру мақсатында құрылған бұл ұйымдардың құрамында болу қазақ жігіттеріне түрлі жеңілдіктер сұрауға мүмкіндік береді деп түсінді. Ә. Бөкейханов қазанның соңына қарай Мәскеуден «Қазаққа» жазған хатында Земскі Одағы қарамағына шамамен 90-100 мың адам алынатындығын, ал қалғандары әскери мекемелердің қарауына, одан артылғандары түрлі жерлерде темір жол жұмысында болатындығын жазады.



Ә. Бөкейханов осы жолы Земскі одағы Бас комитетінің төрағасы князь Львовпен болған келіссөздер нәтижесінде майдан жұмысына алынған бұратана жұмысшылармен жұмыс үшін бұратана бөлімін ашу жөнінде келісімге келеді. Ол бөлімге мынадай міндеттер жүктелген еді:

1. Қазақ, өзбек, қырғыз, буряттар алынған жерлерде тамақ беретін, аурусыркауларын қарайтын орындар ашу. Мұндай орындар бұратана жігіттері өтетін жолдарда, темір жол станцияларында ашылмақ.

2. Жұмысшылар орналасқан жерлерде жоғарыда аталған істерден басқа түрлі қажеттерін өтейтін жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Қазақ даласында, Түркістанда, бурят жерінде тұрған жұрттардан өзіне көмекшілер сайлап жұмысшыларға тамақ, киім, жылқы һәм қой еті, ірімшік, күрт, шекпен, тері шалбар, тон, тымақ, киіз сатып алу, артында қалған туған-туыстарымен бірігіп кеткен жігіттердің арасына хат-хабар жеткізіп тұру.

«Бұл Земскі Союз бастаған жақсы қызметті,- деп жазды Бөкейханов,- атқаруға бізден, қазақ баласынан зор қызмет керек. Елде ақсақал, жұрт азаматы қосылып мына Земскі Союзға қызметші болғаны оң». Осы хатында ол жоғарыда қазақ оқығандарына үндеумен қайырылған Қазандағы қазақ студенттерінің жұмысшыларға қызмет етуге Земскі Одағына арыз бергендігін айтып, олардың аты-жөнін келтірді. Олар:

1. Бөкейлік Шафхат Бекмұхамедұлы
2. Торғайлық Әбубәкір Имамбайұлы
2. Семейлік Мұқыш Боштайұлы
3. Жетісулық Базарбай Маметұлы
4. Торғайлық Иса Қисықұлы
5. Бөкейлік Махмұд Шынтайұлы
6. Торғайлық Мұхамедқазы Шотайұлы
7. Түркістандық Сұлтанбек Мангелдіұлы еді.

Ә. Бөкейханов бұл жігіттердің әрқайсысының өз елінің жігіттерімен болғандығын оң санап, хатын «Осы жақсы бауырларымының жақсы жолын қабыл алған ұлтшыл жастар тағы табылар деген зор үміт! Бауырларым, ден сау, жас шақтарыңда жұрт үшін шауып қал!»- деген сөзбен аяқтап, соңында Мәскеудегі өз адресін жазады. Сонымен бірге жұмысқа алынған жігіттердің арасында да бірлі-жарым сауатты және белсенді жігіттердің болғандығын айта кеткен жөн. Мәселен, солардың қатарына Жетісу жігіттеріне басшы болған Мырзахан Төлебайұлын, жалынды ақын, ақтөбелік Әкімалы Қаржауұлын жатқызуға болатын еді. Желтоқсанның басында майдандағы жігіттерден үйлеріне және «Қазақ» газетінің басқармасына өздерінің жай-күйін, орналасқан жерін айтқан хаттар келе бастайды. «Қазақ» жылғы соңғы нөмірінде Ә. Бөкейхановтың желтоқсанда Мәскеуден жазған хатын жариялайды. Онда «2-3 күнде біз Ғалихан, Мырзағазы, Телі, Мұса, Хасен бесеуіміз Западний фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, Земскі Союзға көмек көрсетпек боламыз. Земскі Союз қазаққа не қыл десең, соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. Өзге фронтқа да барармыз деген хабар бар еді. Ал келесі желтоқсанда берген жеделхатында майданға жетіп, Қостанай, Ақтөбе облысы



жігіттерінің жай-күйімен танысып жатқанын айтқан. Бұл кезде оның жанында жігіттерге қызмет жасауға аттанған қостанайлық мұғалім Мырзағазы Есболов, мәскеулік студенттер Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалиев және Хасен Бекентаев бар еді.

Сонымен, Ә.Бөкейханов бастаған топ Минскіге келген соң мұндағы күнбатыс майданындағы земгөр бастығы Л.Н.Ладыжинскиймен жолығып, оның көмегімен 23 желтоқсан - 2 қаңтар аралығында 1, 8, 9, 10, 11 және 16-дружиныдағы қазақ жігіттерін аралап шығып, 12 қаңтарда Минскіде өткен екі одақтың комитетінде жігіттердің жағдайы жөнінде баяндама жасайды. Ал 1917 жылдың 5 ақпанында олар Минскідегі Земскі және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашады. Бөлімнің бастығы болып Ә.Бөкейханов бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін М.Есболов атқарады. Бөлімді ашқан бетте екеуі оған хатшылық қызметке М.Дулатовты шақырады. Осы бұратана бөлімі майдандағы қара жұмысқа алынған 250-300 мың жігітке қызмет жасаған, соның ішінде қазақ жұмысшыларының үлесі 100 мыңды құраған. «Қазақ» газетінде жарияланған материалдарда Минскідегі батыс майдан әскер бөлімдеріне қызмет жасайтын Земскі және қала одақтарына барлығы 19 қос (жұмысшылар дружинасы) қараса, солардың тоғызында қазақ жұмысшылары болған. Киевте орналасқан оңтүстік-батыс майдан әскер бөлімдеріне қызмет көрсеткен Земскі Одағына қарайтын Түркістан және далалық облыстардан келген жігіттер 57 партияға бөлінген. Елге қайтар алдындағы есеп бойынша, олардың 21 мың 846-сы далалық облыс қазақтары, ал 7 мың 966-сы түркістандықтар. Бұл аталғандардан басқа Минскідегі бұратана бөлімі Псков қаласы арқылы Терстік майданындағы жігіттерге де барып жағдай білісіп, қолынан келген көмегін беріп тұрған. Сонда бұратана бөлімі қызметі шамамен ұзақ саны 50-60 мың арасындағы жұмысшыларды қамтыған. Жұмысшы дружина және партиялар таза қазақтардан тұрмаған, олардың кейбірінде қазақ жұмысшылары бурят, өзбек, қырғыз және тәжіктермен аралас келеген. Соған байланысты Ә.Бөкейханов Түркістан уалаяты құрамындағы халықтардан да майданға тілмәштер шақырған.

Ә.Бөкейханов бастаған бұратана бөлімі өзінің Мәскеу, Минск және Киев сияқты қалалардағы Земскі және қалалық одақ комитеттерінде жасаған баяндамаларында, үкімет орындарында болған қабылдауларда, түрлі өтініш хаттарында жігіттердің бірқалыпты жұмыс жасауына қажет шараларды қарастырады. Мәселен, Мәскеу Земскі және қалалық одағында бұратана бөлімі атынан жасалған баяндамада билік орындарына жігіттердің тұрмысына байланысты 10 тармақтан тұратын өтініш айтылған. Олардың арасында жұмысшылар орналасқан үйлерден артық сәкілерді әкету, темір пештерді таскірпіш пештермен ауыстыру, шатыр үйдегі жұмысшыларды жер үйге ауыстыру, жанадан жер үйлер, жігіттердің киімін келтіретін орындар салдыру, дәрігерлік көмек ұйымдастыру тағы сол ойдағы мәселелер көтерілген болатын. Бұл өтініштердің біразы жергілікті билік орындарының қолдауын тауып, уағында орындалған еді. Мәселен, бұратана бөлімінің араласуымен 9, 10 және 16-жұмысшылар дружинасындағы жігіттерді жер үйге ауыстырған. Әскери



әкімдер қазақ жігіттеріне азыққа жылқы алу ісін ұйымдастырған. Оның нәтижесінде бір дружинаға қарайтын бірнеше партия жігіттері тамаққа деп бір күнде 15 жылқы сойған. Бұратана бөлімі үшін ең үлкен мәселеге айналған жұмысшыларға дәрігерлік көмек ұйымдастыру ісі еді. Ә.Бөкейханов «Қазаққа» жазған хатында «Майданда науқастанған жігіттерді земскі союздың майдандағы ауруханаларына жібереді. Онда докторлар, фельдшерлер қазақша, ал ауырған жігіттер орысша тіл білмейді. Дружинадағы жігіттердің өз арасынан қойылған тілмаштар жонді тіл білмеген соң, аурудың жайын жеткізіп айта алмайды. Бұл жайды жеткізген соң Земскі Союз бізге «тез өздерің докторларыңды, фельдшерлеріңді тауып беріңдер, біз оларды өзіңіз қазақтарына қоялық» дейді. Одан ары ол дәрігерлерге берілетін айлық және басқа жағдайларды баяндай келіп, «Біз доктор, фельдшерлерді шақырғалы, газетке жазғалы бір талай уақыт болды. Бұл күнге шейін келген, яки келемін деген кісі болмай тұр. Қазақтың оқыған азаматтары қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп, пайдамызды тигіземіз. Кісі тез керек. Талапкер переводчиктер де жоғары адреске һәм «Қазақ» басқармасына телеграм берсіңіз» деп жазады.

Бір өкініштісі сол, Ә. Бөкейхановтың қазақ дәрігерлеріне арнаған үні Том қаласындағы дәрігер Әбубәкір Алдияровтың ғана құлағына жеткен еді. Ол М. Дулатовпен бірге Минскіге наурыз айының басында келіп жетеді. Аз уақыттың ішінде оның майдан жұмысындағы қазақ жігіттеріне жасаған дәрігерлік қызметі аса елеулі болған. Ол жөнінде Минскі жанындағы дружина жігіттерінің атынан Нығметолла Қайымекеұлы Қазаққа «Доктор Әбубәкір Алдияров жақсы карап, көп пайдасы тиіп тұр. Бауырларына ерінбей еткен қызметі үшін тәңір жарылқасын айтамыз» деп жазды.

Бұл уақытта майдандағы жігіттерге қызмет жасауға бұратана бөлімі қарауына біраз қазақ оқығандары да келіп үлгерген болатын. М. Дулатов наурызда «Қазаққа» жолдаған хабарында: «Қазір Минскіте келгендер: Қазан студенттері Айса Қисықов, Шафхат Бекмұхамедов, Мұхамедқазы Шотаев; Мәскеу студенттері - Нәзір Төрекұлов, Мұса Сейдалиев, Хасен Бекентаев; Петроград студенті - Шахмардан Қапсаламов. Мұнда тағы Ғалихан, Мырзағазы, Әбубәкір, Мирякуб. Барлығы «Қазаққа» жазылған. Шақырылған докторлардан Әбубәкірден басқа Есенғали Қасболатов келмек болып тұр...Доктор, фельдшерлеріміздің бұл жұмысқа қалай шабандауын білмейміз» деп жазды. Наурыз және сәуір айларына қарай бұратана бөлімі қарауына келушік, қазақ зиялыларының саны арта түседі. «Қазақ» бетіндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл кезде сонда жеткендердің арасында Асфандияр Кенжин, Біләл Сүлеев, Файзолла Ғалымжанов, Елдос Омаров, Әзімбек Бірімжанов, Райымбек Макатов, Хайрадин Болғанбаев, Тамимдар Шахулесев, Сейіл Жиенбаев, Бижанғали Жанқадамйев, Сәндібеков, Боранқұлов және басқа азаматтар бар еді. Бұлардың көмегі жігіттерді майданнан қайтып елге жеткізу кезеңінде аса қажет болған еді. Наурыз айында Ә. Бөкейхановтың Уақытша үкімет орындарының шақыруымен Петроградқа аттанып кетуіне байланысты оның орнына Минскідегі бұратана бөлімінің бастығы болып Асфандияр Кенжин бекітіледі.



де, бұл уақытта өзінше дербес ұйымға айналған Киев бұратаналар бөлімінің бастығы болып Мырзағазы Есболов тағайындалады. Майдандағы жұмыс, жат жер, жат ел, жаңа орта жігіттер үшін өмір мектебіне айналған болатын. Аз уақыт ішінде жігіттер ысылып, саяси танымы өсіп қалған еді. Майдандағы бұратана бөліміне «Қазақ» газетінің шақыруы бойынша ең алғашқылардың бірі болып жеткен азамат, қостанайлық мұғалім, кейіннен Киев бұратана бөлімінің бастығы болған Мырзағазы Есболов «Қазанда жазған хатында «...Адам баласының адамшылық негізі - жастан оқу оқып, қолдан келгенше ғылым жолында бар күшін сарп етіп, жалпы адам баласына, оның бер жағында өз отанына қызмет етіп, ғұмырын өткізбекші. Біздің мұнда келген жігіттеріміз де көзі соқыр, надан. Еуропаның өнер арқасында тапқан нәрселерінің шет жағасын енді көріп отыр. Жігіттер іждиһат қылса осы жұмыста жүріп көзі ашылып, елге үлгі енеге, өнер үйреніп қайтатын керінеді. Жігіттер аманесен елге тарағанда мұнда келгеніне Қуанбаса, ренжімес», - деп жазды. Бұл пікірдің артық-кемі жоқ еді. Өйткені, оны айтушы М. Есболов үшін де майдандағы жұмыс үлкен саяси қайраткерлік істің басы болған-тын.

Жұмысқа алынған жігіттердің саяси танымы мен белсенділігінің артуы олардың «Еркін дала» атты саяси ұйым құруларынан айқын байқалды. «Еркін дала» майдандағы жұмыста жүрген жастардың арасында пайда болып, бірақ ол жақта ұйымдық тұрғыдан құрылуға қажет жағдай болмағандықтан, елге келген соң шілде айының алғашқы жартысында «Қазақ» газетінің жанынан Орынборда өз орталығын ашты. Бұл ұйымды құрушылардың аты-жөндері «Қазақ» газетінің 236-нөмірінде аталады. Олар Асфендияр Кенжин, Нәзір Төреқұлов, Тел Жаманмұрынов, Шаһмардан Қапсаламов, Мұса Сейдалиев, Хайралдин Болғанбаев, Ахмет Байғұрлин және Мырзағазы Есболов. Бұл кісілерден басқа қауымға ағза мүше болып Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов балашағаларымен, Ж. Жәнібеков, Ө. Мұқанов, Қ. Сатқанов, П. НұрМұхамедов, С. Қадірбаев, М. Төлебаев, Б. Жарылғасынов, штаб капитан Сарботин және казак студенттері мен учительдері жазылады. Газет сондай-ақ қауымның 4810 сом 76 тиын қаржысы бар екендігін айтқан. Ал қауымға кірушілер ең кемі 3 сом жарнама қосқан. Кейін бұл қауымның тізіміне жазылған кісілердің түгелдей «Алаш» партиясының құрамына еніп, саяси өмірге белсенді түрде араласқан. Қауымды құрушы топ ол жөнінде «...біріміз қырда, біріміз ойда, ақбоз үйдің ішінде ет жеп, қымыз ішіп шалқамыздан сұлап жата берсек алдымызға әкеліп тартып тұрған сыбағаларымыздан құр қаламыз - елжұрттың обалы сонда кімге қалар?», деп сауал тастап, оған өздері былайша жауап береді: «Бір шоқ оқыған жастар ортамыздан бір қауым аштық: оған «Еркін дала» деп ат қойдық. Бұл қауымның мақсаттары - халқымыздың кезін ашын, мәдениет жолына ілгері бастыру, мұның үшін түрлі мектептер, стипендиялар ашпақшы һәм газет, журнал, мектептерге керек түрлі кітаптар шығармақшы. Ресейдегі өзгеріске қарай халыққа мұқтаж саяси шаруашылық жайын, жер туралы болған түрлі пікірлердің бағытын түсіндіру, халықты оятып өнербілімге қозғау үшін ел арасында әр түрлі үлгілі ойындар істеп көрсету. Бұл қауым мұқтаж шәкірттерге тегін оқып жататын жай, даяр тамақ жейтін орындар ашпақшы. Қазаққа керек



ауруханалар ашу да қауымның міндеттері болмақшы. Соғыс майданына барып жұмыс істеп қайтқан жігіттердің мұқтаждарына һәм олардың жақындарына тиісті жәрдем бермекші». Тамыз айында өткен оның ұйымдастыру съезі де шамамен осы мақсаттарды бекітті. 1917 жылы Ақпан төңкерісінің нәтижесінде патша билігінің құлағаны туралы хабар келген кезде де Ә.Бөкейханов бастаған топ үкіметтің арнайы шешімі шыққанша жұмыстағы жігіттерді соғыстың соңына дейін аянбай қызмет етуге шақырады. Петроградтан 20 наурызда Ә.Бөкейханов, М.Шоқай және М.Дулатов үшеуінің қол қойып, «Қазақ» басқармасына жіберген «Алаш ұлына» атты үндеуде «25 маусым» жарлығы бойынша соғыс желкесіндегі қызметке енді алынатын бұратаналарды халықтың шаруасы күйзелмесін деп жаңа үкімет алуды тоқтатты. Бұрынғы алынған жігіттер осы күні жұмыс қылып жатыр. Біздің қолымыздан келер көмегіміздің зоры сол, бұрынғы жұмысшылар ерлік көрсетіп, аянбай жұмыс қылу. Олардың жай-күйін жана үкімет жеңілдетеді, қазақ та қарап тұрмауы керек. Біздің жігіттер соғыс қызметіне әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскері арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың қолқасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне, біздің көмегіміз осы болуы керек. Мұны жігіттер де, жұрт та білсін!-деген сөздер бар еді. Дегенмен, майдандағы, жұмысшыларды елге қайтару да көп күттірген жоқ еді. Уақытша үкімет өзінің 1917 жылғы 5 мамырдағы №16712 қаулысымен 25 маусым жарлығы бойынша алынған бұратана жұмысшылар бәрі тегіс еліне қайтарылсын деп үкім етіп, «жұмыс істеп жағқан мекемелер, зауыттар, темір жол һәм басқа орындар баршасы да өз қолында жұмыс қылып жатқан жұмысшылардың санын, елдерінің адресін, от арбаға отырғызатын һәм военный әкімдер қолына әкеліп тапсыратын орындарын білдіруге тиіс. Ел жақта жұмысшылар алу ісін тоқтату, алынып қойғандары болса үйлеріне тарату керек»,- деп көрсетеді. Міне, бұл құжат жарияланған бетте барлық жұмысшы дружиналарда елге қайтаруға дайындық жүріп, оны тағы да бұратана бөлімдері басшылық етеді. Оның қызметкерлері, көмекке келген оқыған азаматтар майданның әр жерінде, әр қалаларда, темір жол бойларында жүрген жігіттерді аралап, есебін алып, қайтаруға жеңіл болуы жағын қарастырып еңбек етеді. Елдес Омаров пен Мырзағазы Есболов 19 мамырда басылған хаттарында қолымызға ставкадан жігіттерді қайтару туралы жасалған план тиді. Ол план бойынша күнбатыс майданындағы жігіттер бәрі 35 эшелон болып қайтарылмақшы. Қайтатын жолы екі: «бірі оңтүстік Текеге (Уралскіге) һәм ішкі Ордаға баратын жолы, екінші - Вязьма, Сызран, Самаралатып жүретіндер жолы»,- деп, одан ары бұл істің шамамен бір айсыз бітпейтіндігін айтады. Майдандағы жұмысшылар елге қайтқан соң, артта түрлі қалаларда ауруханаларда қалған, жоғалып кеткен жігіттерді іздеп тауып, қамқорлық жасап, елге жеткізу міндетін бұратаналар бөлімі өз мойнына алады. «Бұратана бөлімшінің ендігі қызметі деп жазды М. Есболов: 1) былтырдан бері адасып жүргендерді, ауырып қалғандарды іздеп қарастыру; 2) жұмыста жүріп қол, аяқ кезден айрылып, кемкетік болып қалғандарға қазнадан жәрдем әперу шарасын



табу». Бұратана бөлімінің бұл кезеңдегі жұмысына Тел Жаманмұрынов, Өзімібек Бірімжанов, Сәндібеков, Борайқұлов, Райымбек Мақатов, Сейіл Жиенбаев және Асфендияр Кенжин сияқты азаматтар белсенді түрде ат салысады. 1917 жылы 28 шілдеде Минскідегі бұратана бөлімі өз жұмысын тоқтатады. «Минскідегі бұратана бөлімі жабылды. Істің бәрін земсоюздың контрольный бөліміндегі бұратана столына тапсырдық. Аурулар, өлгендер һәм ақшасы тимеген жігіттер жайынан сол контрольный бөлімнен мағлұмат сұрау керек» деп, оның адресін хабарлайды бөлімнің бастығы А. Кенжин. Бірақ бұратана бөлімі қарауына қызметке барған қазақ зиялыларының ең соңынан қайтқаны А. Кенжин емес еді. А. Кенжин осы хабарында «Сейіл Жиенбаевқа рұқсат әперіп Орша, Смоленск, Вязьма, Орал, Пенза, Сызран, Самар һәм басқа сондай қалаларға жібердік, ауру һәм өлген жігіттер жайынан мағлұмат жинауға һәм әр жерде қалған жігіттерді бір белгілі орынға жинап, еліне қайтаруға» деген мәліметті келтіреді. Сөйтіп, майдандағы жұмысқа барған жігіттерге байланысты жұмысхарды тындырып, ең соңынан қайтқан Сейіл Жиенбайұлы еді. Ол «Қазақ» газетіне берген есебінде: «28 шілдеде Минскідегі бұратана бөлімі жабылды. Бөлім жабылғаннан кейін «Қазақтың» 240-нөмірінде айтылған қалаларды аралап шығуды тиіс көріп, Земскі союздың күнбатыс майданы комитетінен рұқсат алып, қалаларды араладым. Бұл күнде Мәскеу мен Петроградтан басқа қалаларда бұратана жұмысшылар жоқ. Мәскеу һәм басқа қалалардан жинаған ауру, өлген бұратаналардың списоктері Тургайский областной управаға тапсырылды» деп, Мәскеудегі ауруханаларды аралай алмағандықтарын айтып, оларда аурулар бола қалған күнде, сұрап хабар алуға болатын адресті ұсынады.

Осылайша, 1917 жылдың шілдесінің соңы тамызының басында майдандағы жұмысқа алынған жігіттердің соңынан оларға қызмет көрсету үшін барған қазақ зиялылары тарихының азаматтық ерлікке толы бір кезені аяқталған еді. Бұл шын мәнінде елдік үшін, сол елдіктің ертеңі үшін болған аласапыран күрестің жарқын көрінісі болатын. Оның басында саяси күрес жолында кемеліне келген қайраткер Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов басқарған «Қазақ» газеті тұрды.



### 3-БӨЛІМ

## **АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ КЕЗІДЕГІ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ**

### ЖЕТІНШІ ТАРАУ

#### **1917 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙДЕГІ АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ӨТУІ**

#### **§1. Ақпан революциясының қазақтардың азаттық күресіне тигізген әсері мен ықпалы**

I дүниежүзілік соғыс патшалық Ресейдің әлеуметтік, экономикалық және саяси қайшылықтарды одан әрі шиеленістіріп, нәтижесінде елдегі төңкерісшіл саяси күштер 1917 жылдың ақпан айында II Николайды тақтан құлатып, 1917 жылы 28 ақпанда Уақытша комитетін құрады да, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруді өз қолына алғанын мәлімдейді.

Ал сол жылдың 2 наурыз күні Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроград Кеңесінің арасындағы келісім бойынша Уақытша үкіметтің құрамын жасақтайды. Бұл кабинет өз қызметінде: «саяси, діни, қарулы көтеріліс және т.б. істер бойынша амнистия жариялады; сөз және баспасөз бостандығын жария етуді; ұлттық, діни және сословиелік шектеуліктерді жоюды; елді басқару формасын, конституциясын айқындайтын жалпыға бірдей, жабық, тікелей дауыс беру сайланатын Құрылтай жиналысына тоқтаусыз дайындық жүргізуді, полицияны жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бағындыруды және т.б. демократиялық негіздерді басшылыққа алатынын» мәлімдеді.

Петроградтағы оқиға, жана билік буындарының құрылуы және Уақытша Үкіметтің жаңадан қабылданған заңдық актілері бүкіл әлемге тарап, Ресейдің монархиялық самодержавиеден қол үзіп, демократия мен әлеуметтік әділеттілік жолына түскенін мәлімденеді. Осы бір сәтті ресейлік зерттеуші С.Исхаков көрсеткендей, қоғамдық қатынастарға өзгеріс әкелген кезең ретінде мұсылман тұрғындардың саяси және ұлттық-әлеуметтік ой-пікірінің дамуына жол аша түсті. Ақпан революциясының қалай басталғаны және оның қалай жеңіске жеткені туралы М.Шоқай өз еңбегінде былай деп еске алады: «Сөйтіп 1917 жылғы ақпанның аяғында Петербургте дүрбелең басталды. Көшелерде жұмысшылар қаптап кетті. Үкімет оларға қарсықарулы күш жіберді. Қаланың әр жерінде қақтығыс болып, қан төгілді. Әскерлер топ-тобымен көтерілген халық жағына шығып кетті. Екі-үш күннен ішінде Петербург адам танымастай халге жетті. Ол шын мағынасында соғыс алаңына айналды». Сонымен қатар Мұстафа Ақпан төңкерісін сипаттай отырып, оған өз бағасын былай деп беріп кетеді: «Үкімет бұл қуатты қозғалысты басуға дәрменсіз еді. Мемлекеттік Дума төрағасы Родзянконың келіссөз жүргізу жөніндегі патшаға айтқан өтінішінен нәтиже шықпады. Мемлекеттік Думаның қайта-қайта талап етуіне жауап ретінде патша думаны тарату туралы жарлық шығарды. Қашаниан бағынышты



кертартпа болып келген төртінші Дума осы жолы патшаның жарлығын тыңдамай ертеңіне мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қорғау міндетін атқаратын Уақытша комитет құрды. Осы тұста жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері де құрылады. Патша революцияны басуға қайта-қайта ұмтылып көрді. Тек уақыт өтіп кетіп еді. Тақты иісі Михаилға беруден басқа амалы қалмады. Бірақ кең қанат жайған тегеурінді революциядан қорыққан Михаил Романовта тақтан бас тартты. Тап осы тұста Уақытша үкімет құрылды. Кінәз Львов басқаратын Уақытша үкіметке Милоков сыртқы істер министрі, Гучков әскери министр, революцияшыл партиялардың өкілі Керенский заң министрі орындарына отырды. Революция осылай жеңген еді».

Осылайша Ақпан революциясынан соң патшалық биліктен құтылған қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған ұлтының арманы орындалып, теңдікке қол жеткізетін сәті туды деп түсінді. Осыған орай 1917 жылы наурыздың тоғызына «Қазақ» газеті: «Киіз тұғырлы қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн туды, жақсылық қуаныш жалғыз ғана орыстікі емес. Отаны Россия болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш», – деп жазса, қазақ қоғамының осы Ақпан төңкерісіне деген қатынасын нақты көрсете білген белгілі Алаш қайраткері А.Байтұрсынов: «...Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауымен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, оларды өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсінуде еді» - толғанады.

Патша өкіметінің құлатылғанын құттықтаған көп адамдық митингілер мен шерулер қазақ даласының барлық ірі қалалары мен темір жол станцияларында өтеді. Бостандық, теңдік туралы ұрандар халықтың көңіл-күйін көтеріп, жаңа үкіметке қолдау танытуға деген талпынысын арттыра түсті. Соған орай Ақпан төңкерісінен көп үміт күткен қазақтар Уақытша үкіметке елдің түпкір-түпкірінен құттықтаулар мен жылы лебіздерді ауылдардан, болыстықтардан және уездерден жіберумен болды.

Мәселен, 1917 жылы 7 наурызда Петроградқа Уақытша Үкімет атына Сырдария облысының 12 болыстық атынан Өтеміс пен Қарабәкір құттықтап жеделхат жіберсе, оның артынша облыстың Қарбұлақ елді мекенінің тұрғындары да өз лебіздерін телеграф арқылы білдіреді. Сондай жеделхаттардың бірін С.Лапин 28-наурыз күні Сырдария облысының Перовск қаласының тұрғындары атынан жолдайды. Міне, осындай тілекпен жаңа үкіметке сенім арта қараған қазақтар Уақытша Үкіметті қолдайтындықтарын білдіріп, астанаға лег-легімен жолдаған жеделхаттарды тоқтатпайды. Олардың арасында жаңа биліктің қазақ халқының мұқтаждықтарын шешуге мүмкіндік жасауы туралы өтініштер де айтылды. Орал және Торғай облыстарынан Орынборға жиналған бірсыпыра қазақ зиялылары да наурыз айының бас кезінде Мемлекеттік Дума төрағасы Родзянкоға және жаңа болған Министрлер Кеңесінің төрағасы Львовқа да мынадай мазмұндағы телеграммалар жібереді: «Петроград. Г. Дума председателіне Орынбордан. Біз төменде қол қойған Орал һәм Торғай облыстарының адамдары осындай зор оқиғалар болып жатқан кезде Ресейдің былайғы халықтарымен бірдей қуаныштары қойындарына сыймай зор



шадлықбенен улуғ дәрежелі сіз арқылы Г. Думаны құттықтайды. Біздің қазақ халқы жаңа болған үкіметке шын ықыласымен қызмет етпекші, жаңа болған тәртіптің нығаюына бар күштерімен жәрдем етпекші һәм бәрімізге бірдей ардақты Ресейді сыртқы дұшманнан сақтауға тырыспақшы. Тәңірі сыртқы һәм ішкі дұшмандарды жеңуге өзі жәрдемші болсын. Г. Дума һәм көптен күтілген үкімет аман болып тұмыр етсін Қазақтардың өкілі Байтұрсынов, Қадырбасов, Тұрмұхамедов, Мачиев, Жиенчурин, Бастов, Нысанов, Тұнғачин, Омаров, Бекетов, Жиенғұлов, Қоқанов, Тыныштықбаев, Бегімбетов, Қойайдаров, Айшуақов, Жиенібеков». Жалпы Петроградқа түрлі қазақ облыстары мен уездерінен жіберілген жоғарыдағыдай мазмұндағы жеделхаттар аз еместін. Оларды жолдаушы қазақ зиялылары жаңа үкімет алдына қоғамдық мәселелерді қоюды да ұмытпайды. Мәселен, Торғай Облысы Қарашығанақ және Шілж болыстарының қазақтары 15 наурызда Родзянко, Львов және Мануиловтардың атына жіберілген құттықтау жеделхаттарында «оқыту жолымен қазақты орыстыққа аудару ебінен құтқаруды» өтінесе, М. Тынышбаевтың Жетісу қазақтары атынан жолдаған жеделхатында «бұдан былай жаңарған Ресейде жетімдік болмауын, осы үлкен оқиға кезінде Ескі үкіметтің адасқан, жаман саясатымен қанға боялған қазақ халқын ұмытпауларын» жаңа үкіметтен өтініп, «түншығуға таянған қазақ халқының көздері сіздер жақта. Жазықсыз қамаудағы талай қазақтар жеңілдік, бостандық дәмеп тұр» деп, 16 жылғы көтеріліс сарбаздарына азаттық беруді талап етеді. М.Тынышпаев бұл ойын «Учредительное Собрание» деген мақаласында да бүкпесіз білдіреді. Мұнда ол, халықтың өзі сайлаған адамдар қатысып, ел тағдырын шешетін Құрылтай Жиналысын шақырмақшы болған және жоғарыда айтылғандай көтерілісшілерге 7 наурыз амнистиясын жариялаған жаңа Үкімет туралы: «...Бүйткен Үкіметтен кісі айналса болмас па? Қай патша, қай уақытта 7 марттағыдай жарлық шығарып еді? Қай патша селеді сокқан көз жасты көріп мауық басып еді? Енді бұл жаңа Үкімет бізге де кеңшілік беріп, Учредительное Собраниеге шақырады. Өзге тектімен, өзге діндімен бізді қатарластырғанның басы осы. ...Осы кезге дейін көкейдегі айтайын дегенді айтқызбай, жазайын дегенді жазғызбай, абайсызда айтып кетсе не жазылып қалса тыға салушы еді. Табақтатып айып салушы еді (Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов һәм өзге де ерлер біреулері отырып шыққан, біреулері айдалған, «Қазаққа» былтырлары штраф тарттырған, қас болып жансыздарға шаққан жүзіқаралардың дымы құрыды). Бас қосып, мәжіліс, көптің қамын, шаруасын ойлауға жиылыста полиция отырып, артық сөзді айтқызбай, қия бастырмай отырушы еді. Мұның бәрі жоғалды. Қазақтың даласы, қырғыздың тауы қанға толып еді-ау. Енді бұдан былай неш нәрсе жоқ деп ұқыпсыз отырғанымыз жарамайды. Ілгері басып, талпынып, заманымыздан қалмай, ұмтыла беруіміз керек», - деп үлкен сеніммен, зор үмітпен жазып, бүкіл ел болып болашақ өмір үшін Уақытша үкіметті қолдауға шақырды.

Революцияға қолдау көрсету туралы үндеулер мен прокламациялар ұлттық басылымдардың беттерінде де жарияланып жатты. Мәселен, сол кезде жаңадан шыға бастаған «Улуғ Түркестан» газеті былай деп мәлімдеме таратады:



«Ресейде ұзақ күткен өзгерістер шынайылыққа айналды. Біз еркін сөйлеп, еркін жазатын құқықты иелендік. Енді бұған ешкім де тиым сала алмайды және біздің талаптарымызға құлақ асатын болады». Осылайша, бұл хабар аз ғана уақыттың ішінде бүкіл қазақ даласына тарап, оны зор қуанышпен қарсы алады және аталмыш тарихи оқиға Ресей империясы құрамында болып келген бодан халықтармен бірге қазақ халқының азаттық қозғалыстарына жаңа серпін береді. Яғни патшаның тақтан құлатқан Ақпан төңкерісінің жеңісі Ресей империясының құрамында болған барлық халықтарға саяси партиялар құру, сөз еркіндігі, баспасөз, түрлі митингілер ұйымдастыру мен манифестациялар сияқты бұрын болмаған көптеген ұлы демократиялық бостандықтар бергені анық еді. Бұл өзгерістерден қазақ халқы және оның зиялы қауымы үлкен үміт күткені туралы қазақтың көрнекті қоғам қайраткері М.Шоқай былай деп жазады: «... Орыс мемлекетінің бізге жасаған қиянаты жойылатынына, кең ауқымды «ішкі ұлт мекемесі» құрылатынына, бұл өлкеге орыс қоныс аударушыларының үдете көшуі тоқталатынына сенетінбіз». Қазақ халқының көш бастаушысы болған Алаш зиялылары да жаңа қоғам құру сәтінің келгенін айқын түсініп жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шығады. Бұл оқиғаға дейін Алаш қозғалысы және оның қайраткерлерінің қазақ қоғамын жан-жақты жандандырудағы іс-әрекеттері және Қазақстанның өз ішіндегі, әрі тысқары тұрған саяси күштермен қарым-қатынастарындағы ұлттық мақсат-мүддені бірінші кезекте қоя білу қабілеттіліктері бүкіл қазақ даласына мәлім болып, оның қазақ қоғамындағы елеулі ықпалдағы саяси күш екенін көрсетті. Сонымен қатар, Ақпан революциясы жеңгеннен кейінгі алғашқы күндері де инициатива сол бұрынғыдай «Қазақ» газеті басқармасына біріккен Алаш зиялыларының қолында екенін, олар бұл кезде бар тыныс-тіршілігімен майданның қара жұмысындағы қазақ жігіттермен бірге болғандығын, жаңа қалыптасқан саяси жағдайда ұлттық интеллигенцияның негізгі міндеттерін анықтауды да солардың өз мойнына алғанын байқаймыз.

Ақпан төңкерісінің жеңісін Ә.Бөкейханов бастаған бір топ қазақ зиялылары майданға тыл жұмысына алынғандар арасында, Минскідегі бұратан бөлімінде жүріп қарсы алды. Олар өз қуанышын елге жеткізуге асығып, 1917 жылы наурыздың 8-інде Минскіден Семейге, Қарқаралыға, Оралға, Петропавлға және т.б. қалалардағы жақтастарына жеделхағтар жолдап, елде болып жатқан өзгерістерге баға берді. Онда өз қуанышын жасыра алмаған Ә.Бөкейханов: «Кеше құл едім, енді бұл күн теңелдік. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін құлдықта ұстаған жауыз үкіметі өзгеге қазған оры өзіне нағыз көр болып, қайтпас сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген», - деп жария етіп, Ресейдегі отарлық езгіге түскен басқа ұлттар сияқты қазақ халқы да ендігі сәтте жаңа қоғам құруға белсене араласу қажеттілігін түсіндірді. Өйткені, Ақпан төңкерісі империядағы бүкіл отар халықтарға саяси тұрғыдан азаттық алу мүмкіндігін туғызып, соның ішінде қазақ халқының саяси санасының жандануына ерекше ықпал жасайтын еді. Яғни Ақпан төңкерісінен кейінгі жағдайда қазақ халқының азаттық қозғалысының саяси тұрғыдағы даму



үрдістері Уақытша Үкімет тарапынан туындалған демократиялық өзгерістермен тығыз ұштасатыны айқындалды. Осыған байланысты Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне жарияланған хабарламасында былай делінді: «Черняевтегі Тынышбаевқа, Петропавлдағы Көсемісовке, Омбыдағы Тұрлыбаевқа, Павлодардағы Сәтбаевқа, Семейдегі Мәрсековке, Тұрағұлға, Қарқаралыдағы Жақыпқа, Смақанға, Хасенге, Зайсандағы Поштаевқа, Қараөткелдегі Райымбековке, Сұлтан Аблаевқа, Атбасардағы Сейілбек Жанайдаровқа, Сыздық Мешенбаевқа, Совинкедегі Шангерей Бөкеевке, Бактыгерей Құрмановқа, Жәнібектегі врач Шомбаловка, Красный Ярдағы врач Жолтыровқа, Красный Куттағы адвокат Ниязовқа, Ойылдағы Халелге, Оралскідегі Ғабиділлага, Перовскідегі Бекқожаға, Қожахметке, Юсуфбекке, Ырғыздағы Шонановқа, Түркістандағы Өтегеновке, Қоқандағы Ақиевке, Скобелевтағы Ғабдрахман Оразаевқа, Ташкендегі врач Көтібаровқа, Андижандағы Қожықовқа, Қапалдағы Тұрлыбековтарға, Ақтөбедегі Қасым Арынғазиевке, Торғайдағы Алмановқа, Қаралдинге, Тоқтабаевқа: Россиядағы барша халыққа азаттық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдар керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сиыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарын - бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер! Біз қалайтын патшалық түрі-демократически республика яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі. Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулікпен іс етіңдер, жаңа үкіметті сүйеңдер, өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар. Халықтың көнілін білдіріңдер! Ғалихан, Мирякуб, Мұса, Шаһмардан, Мырзағазы, Хасен, Шафқат, Сұлтанбек, Иса, Мұхамедғазы, Қайролдин, Райымбек, Нөзір, Тамимдар».

Бұл жеделхат ескі монархиялық құрылыстың орнына келген жаңа буржуазиялық-демократиялық сипаттағы саяси ағымды Алаш зиялыларының толықтай қолдағанын көрсетеді. Алаш зиялылары Ақпан төңкерісінің нәтижесінде билікке келген Уақытша үкіметке қолдау білдіруі, олардың сенімде жалпырессейлік демократиялық күштердің көмегімен ұлттық автономия құруға мүмкіндік аламыз деген үміт жатты. Яғни, олардың айқындамасынан, біріншіден, халықты жаңа билікке толық қолдау көрсетуге шақыру болса, екіншіден, сол билікті қолдау арқылы, соның шеңберінде ұлт тағдырына қатысты негізгі зару мәселелерді шешіп алуға ұмтылды. Сондықтан да олар ешқандай да мүдірместен ескі феодалдық монархиялық құрылысты қиратқан буржуазиялық биліктің, революциялық өзгерістердің жағына шықты. Ұлттық зиялылардың мұндай бағытты ұстануы, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси даму деңгейіне, содан туындаған талап-тілектеріне тікелей тәуелділігінде жатты.

Ал сол тарихи кезеңде қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған нәрсе, әрине, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық бостандықты өз қолына алу еді. Оған Алаш



демократиялық зиялы қауымы толық болмаса да, алғашқы кезеңде жарым-жартылай, яғни империя шеңберіндегі ұлттық автономияға жалпыресейлік демократиялық күштермен біріге отырып қол жеткізуге болады деп түсінді. Өйткені ол уақытта Ресейден бірден бөлініп кетуді мақсат етіп қоюға қазақ қоғамы әзір емес деп білді. Дегенмен Ақпан төңкерісі азаттығынан айрылған қазақтардың саяси өміріне түбегейлі өзгеріс әкелгені шындық еді. Мәселен, «Қазақ» газетінің сол уақыттары шыққан сандарындағы мақалаларда Ресейдегі Ақпан төңкерісінің ең басты жемісі азаттық, бостандық пен теңдік, сондықтан елдің жанару жолындағы жасап жатқан алғашқы қадамдарына жақтас болып, қолдау көрсету қажет. Өйткені қазақ халқы үшін бұл зор өзгеріс азаттық таңы атқанмен бірдей деп бағаланған. Азаттық, теңдік пен бостандыққа ие болған шақта жаңа үкіметке қолдау көрсетіп қана қоймай, ұлттық мақсат-мүддемізді іске асыратын шараларды бастау керек және алаш ұлдарының қоғамдық-саяси қызметтерге белсене араласу қажеттілігі де осы мақалаларда жария етілді. Расында да Ақпан төңкерісі империя тұсында бодан халықтар санатындағы қазақ сияқты ұлттардың титульды ұлтпен тең екендігін заңдастырып, олардың ресми үкімет органдарында қызмет қылуына мүмкіндіктер туғызып, ұлттық езгінің тоқтатылуына жағдай жасады. Басқаша айтқанда Алаш зиялылары Ақпан төңкерісімен бірге келген саяси өзгерістер ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге және басқа міндеттерді шешуге жол ашады деп түсінді. Сондықтан да Алаш қозғалысы төңірегінде топтасқан қазақ зиялылары және олардың түрлі әлеуметтік топтарға жататын жақтастары қазақ өлкесінде жаңа өмір құру ісіне қарқынды түрде араласа бастады.

Олардың бұл бағыттағы бастамасы ресми өкімет Уақытша Үкімет тарапынан қолдау тауып отырды. Өйткені Уақытша Үкімет аса күрделі саяси жағдайда Ресейдің шеткері аймақтарында бас көтерген ұлттық қозғалыстармен санасу керектігін жете түсінді. Ресейдің Мемлекеттік Думасының шешімімен құрылған Уақытша Үкіметтің алғашқы қарқында демократиялық бостандықтар беріп қана қоймай, 1917 жылдың 14 наурызында «бұратана» халықтарының өкілдерін мобилизациялауды тоқтату мен майданда тыл жұмыстарына алынғандарды кері қайтару және 20 наурызында Уақытша Үкімет «Діни наным-сеніміне және ұлттық белгісі бойынша шектеулер қоюды жою» жөнінде қаулыларды қабылдайды. Бұл қаулылар Алаш зиялыларының еш бөгетсіз біржолата ел ісімен айналысуына мүмкіндік береді. Әсіресе, Уақытша Үкіметтің Бүкілресейлік халықтарының болашақ даму жолын анықтайтын Құрылтай жиналысына сайлау өткізуді баянды ету сияқты келелі мәселелер халық алдындағы беделін көтеріп жібереді. Уақытша үкіметтің елде жүргізіп жатқан демократиялық бастауларынан әсер алған Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Шоқай 1917 жылы 20 наурызда Алаш жұртына арнаған үндеуін Қазақ газетінде бастырып, былай дейді: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ... Бізге осындай теңдік әперіп отырған орыс халқының ақ жүрек адал ниетті көсемдері,



орыс халқының жұмысшылары һәм әскері. Бұлар бостандықты қан төгіп, жеңіп алды. Олардың бұл жақсылығын қалай қайтарамыз?.. Біз қазіргі әділ үкімет, азат Ресеймен бірлікте, бір кемедеміз, кемедегінің жаны бір. Ресейге бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң жақсылығын сүйінеміз, жамандығына күйінеміз... Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек... Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылатын, кешікпей ашылатын Учредительное Собрание һәм Г. Думада бәйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашпалық!». Ал олардың түсінігі бойынша жаңа үкіметті қолдау «бұрынғы тыныш күйді бұзбау, азық-түлік істеріндегі уполномоченныйларды демеу, майданға һәм майдан сыртындағы жұмысшыларға керек май, ет, тары секілді азықтарды жиыстыру, запас жасауға барынша ұйымдасу» еді. Бұл үндеуде Алаш қайраткерлері қазақ халқын Уақытша үкіметті қолдауға шақырғанын толық көрсетіп отыр. Сол уақыттағы Уақытша үкіметке байланысты Алаш зиялыларының көңіл күйін М. Дулатов былайша білдіреді: «Мен өз жолдастарыммен бірге Уақытша үкімет платформасында болдым және Ресейдің бұдан былайғы тағдырын тек Құрылтай жиналысы ғана шеше алады деп сендім, сондықтан да бар күш-жігерімді осы мақсатқа жұмылдырдым. Құрылтай жиналысының қазақ ұлтына өзін-өзі басқару құқын беретіндігіне сенімім мол еді».

## §2. Алаш зиялыларының Уақытша үкіметтің билік орындарына тартылуы

Патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет бүкіл империя көлемінде өрлеу алған ұлт-азаттық қозғалысты толық мойындамаса да, белгілі дәрежеде, онымен есептесуге мәжбүр болған еді. Жаңа үкіметтің қызметіндегі мұндай саяси бағыт қазақ облыстарын басқару ісінде де көрініс тапты. Ақпан революциясы жеңгеннен кейінгі уақытта жергілікті басқаруда, ел өмірін жаңа мазмұнда ұйымдастыруда азын-аулақ өзгерістер бола бастайды. Наурыз және сәуір айлары ішінде Ескі әскери губернаторлық, уездік, болыстық, және ауылнайлық басқару жүйелері жойылып, келмеске кетті. Олардың орнына Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарлық басқару жүйесі, сонымен бірге облыстық, уездік, болыстық және ауылдық деңгейде азаматтық комитеттер және олардың атқару орындары қалыптаса бастайды. Мамыр және маусым айларында бұларға қосымша облыстық азық-түлік комитеті, жер комитеті және басқа осы сияқты басқару орындары құрылады. Үкімет негізгі күшті земство институты мен Уақытша үкіметтің комиссарларына артты. Соңғысы мемлекеттік думаның қызметімен, нақтырақ айтсақ, мемлекеттік думаның уақытша комитетімен тығыз байланыста орнады. 1917 жылдың 20 наурызында Алаш қозғалысының көсемі Ә. Бөкейхановтың Уақытша Үкімет ұйғарымымен Торғай облыстық комиссары болып тағайындалады. Бұл арада



Уақытша Үкіметтің ұлттық кадрларға арқа сүйеуінің түп төркіні әріде екенін көрсетіп, біріншіден, қазақ даласы сияқты шеткері аймақты ресми биліктің тиянақтылығын қамтамасыз ету, екіншіден ұлт-азаттық қозғалыстың радикалды сипат алып кетпеуін және үшіншіден, ұлттық өзін-өзі билеу құқына ерік беру сияқты демократиялық ұстанымның көрінісін жасау болды. Содан кейінгі кезекте Уақытша Үкімет ұлт кадрларын қызметке тартуды жалғастыра түсті. Уақытша Үкіметтің облыстық, уездік деңгейлеріндегі түрлі қызмет орындарында қазақ ұлтынан шыққан кадрлар көбейе бастайды. Халық өкілдерінің жаңа сипаттағы мемлекеттік құрылысқа көптеп тартылуы және олардың Қазақстанның әр аймағында нақты жағдайлар туғызған келеңсіздіктер мен қиыншылықтарды жоюдағы табандылықтары жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Ұлт мүддесін көздеген халық қалауларының көбейе түсуі қазақ қоғамының саяси санасын оятып, олардың саяси қабілеттілігін арттыра түсті және әкімшілік-ұйымдастыру ісіне қазақтардың тікелей араласты. Мәселен, Уақытша үкіметтің, уездік, учаскелік комиссарлары уақытша үкіметтің бекіткен жалпы ережелері негізінде әрекет етіп, облыстық комиссарлары негізінен ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асырса, ал уездік, учаскелік комиссарлар тікелей орындаушы болғандықтан, көптеген міндеттерді шешуге тура келді. Уездік, учаскелік комиссарларды қоғамдық ұйымдар тағайындап, кейін облыстық комиссар бекітіп отырған. Мәселен, Торғай облыстық азаматтық комитеті уездік комиссарлыққа Ричард Андреевич Гарфты 1917 жылы 5 сәуірде жергілікті мұсылман қоғамының өтініші бойынша тағайындайды. Өтініште «ол 15 жыл уезд бастығы болған кезде Торғай қаласы тұрғындары алдында адал және еңбекқор адам ретінде байқатты, оның тағайындалуы, өте дұрыс болар еді» - деп атап көрсетілген. Ал Лепсі атқару комитеті Лепсі уезінің комиссарлығына Василийи Васильевич Балабановты және оның жолдастары болып Отыншы Әлжанов, Семен Иванович Соколовты Лепсі уездік съезінің келісімімен 1917 ж. 30-шы мамырда бекітсе, дәл осындай жолмен М.Тынышбаев Уржар қоныс аудару ауданының Сергиополь, Уржар, Бақты аудандық комиссары лауазымын иеленеді. Ақпан айында болған оқиғалардан кейін Түркістан өлкесіндегі облыстар мен уездерде де ескі биліктің басқару аппараттары таратылып, олар қоғамдық қауіпсіздік комитеттерімен алмастырыла бастады. 1917 жылдың 6 наурыз күні Ташкентте өткізілген жиналыста 19 адамнан тұратын қалалық атқару комитеті құрылды. Бірақ оның құрамына жергілікті халық өкілдерінің тартылуы мардымсыз болды. Бұл комитеттің құрамында сол кезде У.Ходжаев, Т.Нарботабеков, З.Сарымсақов бар еді. Дегенмен, жергілікті халық өкілдерін облыстар мен уездердегі де атқару комитеттеріне тарту деңгейі төмен болып қала берді. Әрине, мұндай жағдай жергілікті халықтың белсенді өкілдерін қанағаттандырмайтын. Соған орай өлкелік билік орындарына Перовскіден, Шымкенттен, Әулиеатадан шағымхаттар түсіп жатты. Мұндай шағым хаттардың біразы Министрлер кеңесінің төрағасы атына және Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы атына да жолданды. Осыған байланысты Түркістан өлкесіндегі уақытша Үкіметтің басқару-әкімшілік орындарын құру және бұл комитеттердің билікті



өз қолына жинақтап, қызметке кірісу барысында өзіндік ерекшеліктер мен қиыншылықтарға кездеседі. Оның себебі, біріншіден, Ақпан революциясының соңғы апталарында жаңадан құрылған Уақытша Үкіметтің орталықтан алыс жатқан Түркістан сияқты аудандарға көңіл бөлуге мүшаралары да келмеді. Екіншіден, Түркістан генерал-губернаторлығы басқару жағынан әскери министрлікке бағынғандықтан және соғыс уақытында өмір сүріп жатқандықтан өкімет оны наурыздың аяғына дейін жоймады. Үшіншіден, ел ішінде әлі де болса жаңа режимге мойынсұнбаған жергілікті бұрынғы чиновниктер қарсылық көрсетіп отырды. Мәселен, Түркістан өлкесіндегі бұрынғы генерал-губернатор Куропаткин мемлекеттегі өзгерістерге қарамастан өлкені басқаруды жалғастыра берді. Релоллюцияның алғашқы күндері өлкедегі орыс тұрғындарын «тынныштандыру» бағытында әрекеттер жасады. Ол өзінің мұндай әрекетінде жергілікті халықтар көтеріліске шығып кетуі ықтимал деген мәлімдеме таратып, оларды көтерілістен қорғануға даяр тұруға шақырды. Жергілікті тұрғындардың революциялық көңіл-күйінің одан ара артуынан сескенген Куропаткин Сырдария, Жетісу, Ферғана және Самарқан облыстарындағы әскери губернаторларға 1916 жылғы көтеріліске байланысты жүргізіліп жатқан қылмыстық істерді қарауды тоқтата тұру керектігі жөнінде нұсқау хаттар жіберді. Сонымен бірге ол Уақытша үкіметтің барлық халықтың ұлтына, дініне қарамай тең құқықта болатындығы туралы жарлығының Түркістан өлкесінде жүзеге асырылуына құлық таныта қоймады. Куропаткин жергілікті халық өздерінің отарлаушылармен тең құқықта болса тез арада өлкедегі билікті тартып алады деп қауіптенді. Тек сәуірдің басында ғана Уақытша үкіметтің бұйрығымен Түркістан өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы Куропаткин Петроградқа кетті. Осыған қарамастан Ресейдегі Уақытша үкімет 1917 жылы 5 наурызда жергілікті жерлерде басқару жұмысымен айналысатын мекемелер құру туралы қаулысын шығарып, облыс, уез, болыс және ауылдарда құлаған ескі үкіметтің орындарына Уақытша үкіметтің жаңа басқару орындарын құра бастайды. Түркістан өлкесінде Уақытша Үкіметтің басқару-әкімшілік орындарын тездетіп құру мақсатында 1917 жылдың 9-16 сәуір аралығында Ташкентте Түркістан өлкелік (Соның ішінде Сырдария облысы бар) атқару комитеттері делегаттарының съезі шақырылып, «Съезге Түркістан өлкесі облыстары мен Бұқара хандығы атқару комитеттерінің 171 делегатты қатысып, оның қатарларында Г.Бройдо, М.Бекбуди, Ғ.Ходжаев, С.Лапин сияқты белгілі қайраткерлер бар съезд делегаттары көпұлтты өлкенің демократиялық мемлекетке өтуінің күрделі мәселелерін қарастырады. Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті қаулысы бойынша жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының тағы басқа да қоғамдық – саяси ұйымдарының бақылауы арқылы халық мүддесіне қатысты барлық мәселелерді атқару комитеті шешілетін болды. Бұл жөнінде М.Шоқай Түркістанда Куропаткин үкімет басынан кеткеннен кейін шын мәнінде, үкіметтің билігі жұмысшы, солдат, депутаттарының қолында болғандығын көрсете келіп, бұл кеңестерді алаңсыз орыс шаруалары мен солдаттары және орыс жұмысшылары басқарғанына басты назарын аударады. «Шаруалар, - дейді М.Шоқай, - орыс үкіметінің



Түркістандағы жергілікті халықтардың жерін тартып алу үшін қоныстанғандар, ал солдаттар-орыс губернияларынан шыққандар немесе Түркістанның орыс тұрғындары еді». Осы съезде Түркістан комитетінің төрағасы Н.Н.Щепкин баяндама жасап, ол Үкіметтің жергілікті басқару орындарын ұйымдастыру және оның комиссарлары жөнінде: «Түркістан комитеті облыстық комиссарларды тағайындайды. Облыс комиссары болып тағайындалған комиссар өзіне қарасты территориялардағы барлық басқару орындарындағы бүкіл билік жүргізу функцияларын қадағалайды, жауапкершілікті өз міндетіне алады. Түркістан комитеті жанынан талқылау кеңесі құрылады. Тағайындалған комиссарлар облыстық, уездік үкімет комитеттері жанынан талқылау кеңестерін құру қажет», - деп түсінік беріп кетеді. Сонымен съезд қаулылары өлкелік, облыстық, уездік, болыстық және ауылдық комитеттер құрудың жолдарын, тәртібін, олардың жұмыс істеу қағидаларын белгілеп берді. Комитеттің жұмысын жасауда қазақтың зиялы қауым өкілдері де өз үлестерін қосып отырды. Мысалы, М.Шоқай Сырдария облысының облыстық, уездік, болыстық, селолық және аудандық атқару комитеттерінің Ережелері мен Жарлықтарын жасауда ұйтқы тұлғалардың біріне айналды. Съезде жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман депутаттары Түркістан генерал-губернаторы Куропаткинді қызметінен босату туралы қаулы шығарады. Сонымен қатар қаулыда Түркістан комитетінің құрамы анықталып оған: Н.Н.Щепкин, А.Бөкейханов, М.Тынышбаев, С.Мақсұтов, В.С.Ельпотевский, А.Л.Липовский, П.И.Преображенский, О.А.Шкапский, А.А.Дәулетшин мүше болады да, оның төрағалығына Н.Н.Щепкин сайланады. 1917 жылы ақпан айында Уақытша үкіметтің қазақ даласына енгізген басқару-әкімшілік жүйелерінің бірі - земствоны енгізуді іске асырып, «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал облыстарында земство мекемелерін қалыптастыруға кіріседі. Қазақ елі үшін 1917 жылы земстволық өзін-өзі басқару азаматтық бостандықтың символы, қазақтар арасынан жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз өкілдерінің сайлануын қамтамасыз етудің кепілі еді. 1913 жылдан «Қазақ» газетінде земство идеясын қайта-қайта насихаттаған М.Ж.Дулатов «Земство не нәрсе» мақаласында халықты земствоның қажеттілігіне назарларын аудартып, мысал ретінде Ресей тәжірбиесіне ерекше көңіл бөлген ол: «Губернияларда земстволық мектептер ашыла басталды. Ол кезде орыс мұжықтарының арасында сауаттылар аз болды, сондықтан көп мектептер қажет болды... Егер земство ашылып және қазақтар өзін-өзі басқара алса, онда біз мынадай жағдайда болар едік... Сауатты және дарынды халықтардың санына кірер едік... Егер қазақтар сауатты болса, өздерінің аздығына қарамай кез-келген халықпен тендей өмір сүрер еді». Басқа мақаласында да ол земствоның қажеттілігін айта келе, ол земствоны енгізу қазақ қауымының бірігуін қажет етеді, себебі қоғамның алдында тұрған мәселелерді тек қана бірлесіп шешілуі мүмкін деген ойға келеді. 1917 жылы «Қазақ» газетінің 81 номерінде жарық көрген бұл мақаласында, ол «оқу, ауруларды дәрігерлермен қамтамасыз ету, плотиналарды салу, малды қору бүкіл қоғамның біріккен күшімен істеледі, ал ол үшін бірлік қажет», - деп тұжырымдайды. Земстволық мекемені құра отыра үкімет олардың құзыры



шаруашылық істері шеңберінен шықпауына міндеттеді. Жалпы земстволық өзін-өзі басқару демократиялық принциптер негізінде құрыла бастады. Барлық деңгейдегі (облыстық, уездік, болыстық) сайлауға халықтың 20 жастан жоғары ерлері мен әйелдері ашық түрде қатысу құқығына ие болды. Сайлауға солдаттар да жіберілді, ешқандай отырықшылық шегі қойылмады, аталған жергілікті жерде тізім жасарда кім тұрса барлығы да сайлау тізіміне енгізілді. Қазақстанда күз айларынан бастап земстволық жиналысқа гласныйлар сайлады және земство басқармасын құру істері жүзеге асырылды. Нәтижесінде қыркүйек айынан 1917 жыл бастап земство жүйесі Семей өңіріне енгізіліп, Семей облысы комиссариаты атынан земстволық жүйені енгізу туралы тиісті шешімдер қабылданады. Соның ішінде Өскемен уезі алғашқылардың бірі болып земство гласныйларын қараша айының басында сайлап, оған кірген 54 адамның 36-ын қазақтар құрады. Мәселен, Семей облыстық қазақ комитеті облыстық земствого көрсеткен адамдарын «Сарыарқа» газеті жариялаған: «Қарқаралы уездік земствосынан гласнойлыққа: 1.Әлихан Бөкейханов, 2.Жақып Ақпаев, 3.Иманбек Тарабаев, 4.Әлімхан Ермеков, 5.Сатылған Сабатаев; Павлодардың уездік земствосынан гласнойлыққа: 1.Мұқыш Боштаев, 2.Имам Әлімбеков, 3.Әбікей Сәтбаев; Өскемен уездік земствосынан гласнойлыққа: 1.Әміре Айтбакин, 2.Райымжан Мәрсеков, 3.Садық Дүйсенбин; Зайсанның уездік земствосынан гласнойлыққа: 1.Халел Ғаббасов, 2.Арынғазы Боштаев; Семейдің уездік земствосынан гласнойлыққа: 1.Ахметжан Қозыбағаров, 2.Биахмет Сәрсенев, 3.Әниар Малдыбаев». Земствоның алғашқы мәжілісінде Ә.Айтбакин төрағалыққа, В.А.Саенко орынбасарлыққа сайланып, халыққа земствоны түсіндіру ісі кеңінен жүргізілді. Земствоның қызметіне Ә.Бөкейханов былайша анықтама береді: «Земство-жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство үш орында үш дәреже». Облыстағы уездер арасындағы земстволық сайлаудың соңғысы Семей уезінде өтеді. 1917 жылдың желтоқсан айының 9-17 күндері аралығында І-ші төтенше Семей уездік земство жиналысының алғашқы мәжілісінде оның төрағасына Райымжан Мәрсеков, орынбасарлығына Иманбек Тарабаев, хатшылығына Толымхан Өтеповтар сайланады. Алғашқы мәжілісте Семей уезінің ұйымдастыру мәселелері қаралып, Уездік Земство Басқармасының төралығына А.Қ.Қозыбағаров, Басқарма мүшеліктеріне А.Е.Болатов, С.Д.Дюсембин, Н.Е.Богатырев, Н.П.Воробьев сайланады. І-ші Төтенше Семей Уездік Земство жиналысының 1917 жылғы мәжілістерінде Земство жиналысының тұрақты комиссиялары сайланады. Сонымен қатар, 1917 жылғы желтоқсанда өткен Семей уездік земство жиналысында уездік қазақ сотының құрамы да белгіленіп, оның төрағасы болып Ә.Молдабаев, ал мүшеліктеріне Қ.Есенғұлов пен Т.Ибрагимовтар тағайындалады. Оларға кандидаттыққа Е.Айтмұхамбетов, И.Қазанғапов және М.Қуандықовтар тіркеледі. Уақытша үкіметтің билікке келгеннен бастап жүзеге асырмақ болған мәселесі – жер-су реформасы еді. 1917 жылғы 15 сәуірде Министрлер Кеңесінің төрағасы князь Львов барлық облыстарға жіберген №72228 жарлығында «шаруаларға өздеріне тиесілі жерге



егін салуға кедергі жасалынбасын, жерге байланысты мәселелерді әркім өз бетінше шешпейтін болсын, елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажет жағдай қалыптастырылсын» деп көрсетіп, ал жерге байланысты дауларды шешіп отыру үшін болыстық және уездік комитеттер жанынан егіншілер мен жер иеленушілерден құралатын татуластыру комиссияларын құруды ұсынды. Бұған қосымша Егіншілік министрлігі «жері аз, яки жерсіз шаруалар жер жыртып, егін ету үшін бос жерлердің бәрін жерге мұқтаж шаруалар биылша пайдалансын» деген нұсқау береді. Осы жарлыққа сәйкес 1917 жылдың 3 сәуірінде егіншілік министрінің орынбасары Волков Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу, Сырдария және Томск облыстық переселен мекемелеріне 1038-нөмірлі жеделхат жіберіп, онда жер мәселесін Құрылтай жиналысы шешкенге дейін қазақ пайдасында тұрған жерлерден екі жақ ризашылықпен келіскен орындарда ғана болмаса, жер кесу тоқталады. Заманның осындай ауыр шағында қазақтың мал шаруасының құтын шайқамас үшін бұрын алынған, бұл күнге дейін мұжық орнамаған һәм жазылмаған учаскелер қазақ ауылдық қоғамдарының пайдалануына биылша тегін берілсін» деп көрсетілді. Осымен бір мезгілде Егіншілік министрлігі жанынан жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын басқару IV Мемлекеттік дума мүшесі, «Русские ведомости» газетінің редакторы, профессор А. С. Постниковқа жүктеледі. Өз ретінде А. С. Постниковтың комиссиясы бұл мәселені түбегейлі шешу үшін империя көлемінде жер комитеттері жүйесін құру туралы ереже жобасын ұсынып, оны мамыр айының басында Уақытша үкімет бекітеді. Бұл ереже бойынша жергілікті (облыстық, уездік және болыстық) және бас (Петроградта) жер комитеттері құрылып, оларға негізінен екі міндет жүктелетін болды. Олардың бірі жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындау үшін империяның барлық аудандарынан қажет материал жинау болса, екіншісі, бұл мәселені Құрылтай жиналысы біржола шешкенге дейін ел ішінде күнделікті туып отырған дау-жанжалды асқындырмай, шешіп отыру еді. Алайда Уақытша үкіметтің жер мәселесіне байланысты жүргізген жер реформасы бұрынғы патшалық Ресейдің отарлық саясатының жалғасы болып табылды. Оны мына жағдайлардан байқауға болатын еді: 1. Уақытша үкімет революцияға дейінгі қазақ облыстарындағы жер мәселесінен жақсы хабарлар бола отырып, революциядан кейінгі уақытта өткен облыстық қазақ съездерінің ішкі Ресейден орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуына шек қою, переселен мекемелерін жою, сөйтіп, жер мәселесін белгілі бір жүйеге келтіру туралы өтініштеріне құлақ аспады. Мұндай сипаттағы саясатты жүргізудегі мақсат патша үкіметінің Қазақстан сияқты шет аймақтардағы отарлау саясатында қол жеткен жетістіктерді біржола бекіте түсу, сол арқылы империялық үстемдіктің жаңа түрін қамтамасыз ету еді. Осы мүддені көздеген орталық Переселен басқармасы 1917 жылы 29 наурызда № 11 жарлық түріндегі қатынас хатымен өзінің облыстық мекемелеріне жаңа қалыптасқан жағдайға байланысты тез арада қоныс аударушылар үшін дайындалған учаскелердің көлемі мен құрамын анықтауға бағытталған шараларды іске асыруды тапсырады. Осы нұсқауды орындау мақсатында



өткізілген Жетісу облыстық переселен мекемелері қызметкерлерінің жиналысында мынадай шешімдер қабылданады:

«I. Әлі де пайдаланылмай жатқан жер қорларын түгел есепке алып, бұрынғы дайындаған учаскелерді қайта қарау үшін барлық шағын аудандарда арнайы комиссия құрылсын...

IV. Жер қорын нақты пайдалану үшін бұратаналарды да, Ескі орыс тұрғындарын да және жаңа қоныстанушыларды да жаппай жерге орналастыру қажет».

Көріп отырғанымыздай, бұл құжаттан жер мәселесінде патша үкіметі ұстанған негізгі екі бағыт өз жалғасын тапқан. Олар, біріншіден, сол бұрынғыдай қоныс аударушыларды орналастыратын жер қорларын дайындау, екіншіден, сол қорларды молырақ жасау үшін қазақтарды жаппай жерге орналастыру. Бұл арада Ескі және жаңа биліктер арасындағы сабақтастықтың болғаны дәлелдеуге мұқтаж емес.

2. Сәуір айында Петроградтағы Переселен басқармасы өзінің жергілікті мекемелеріне жеделхат жолдап, онда бұрынғы патшалық билік тұсынан бері қызмет жасап келе жатқан қызметкерлеріне сол бұрынғыдай өз міндеттерін атқара беруді етінеді. Ал олардың арасында патшалық биліктің отарлау саясатына үлкен құлшыныспен қызмет жасаған чиновниктер жеткілікті болатын. Біз, мәселен, бірінші тарауда Жетісу облысына, байланысты сондай чиновниктердің қатарына облыстық переселен мекемесінің бастығы Велецкийді, уездік осындай мекеменің меңгерушісі Войшвиллоны жатқалған болатынбыз. Деректердің көрсетуіне қарағанда, бұл чиновниктер бұрынғы қызметтерін ауыстырғанымен, өздерінің отаршыл саясатын Уақытша үкімет тұсында да жалғастырған. Мәселен, Жаркент уездік комиссары Воробчук 1917 жылы 29 шілдеде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі Шкапокийге жазған баяндамасында облыстық переселен мекемесінің нұсқауымен Жаркент уезіне келген Войшвиллонын уездегі қазақ жұртының шаруашылығына келтірген қаскүнемдік істерін баяндайды. Ол уезге келген бетте жергілікті билікпен ешқандай да қатынаспастан орыс селоларының араларында орналасқан қазақ қожалықтарына тән жарамды жерлерді алып орыс селоларының иелігіне берген, сөйтіп кептеген қазақтарды нансыз және пішенсіз қалдырған. Сүмбі және Айт болыстарындағы қазақтардың иелігіндегі шабындық жерлерді Чүнжа (және Подгорненск) орыс-қазақтарына тартып әперіп, қазақтарды қысқа дайындайтын пішенінен айырған. Ал Ақсу селосындағы ұйғырларға қазақтардың Жуантөбе және Қайта төлеп атты жайлауларын бір жылға тегін әперуге уәде берген. Войшвиллоның осы сияқты істерін баяндай келіп, уездік комиссар «Войшвиллоның бұл істегендерінің бәрi де заңсыз және мұның өзі жұртты тыныштандырудың орнына, керісінше, барлық қазақ болыстарында осындай әділетсіздік белгілі бір мақсатпен, саналы түрде жасалынып жатыр» деген пікір тудырып, жергілікті халықтың ыза-сыз келтіруі мүмкін», - деп жазды. 1917 жылы қыркүйек айында Алматыда болып өткен Жетісу облыстық қазақ съезі 1916 жылғы көтерілістің себеп-салдары туралы мәселе қарап, көтерілістің шығуына бірден-бір себеп болған Велецкий



басқарған облыстық переселен мекемесінің «қазақ халқын жақсы жерден махрум» қалдыруды көздеген қаскүнем саясаты екендігі айтылып, съезд Министрлер Кеңесінің Төрағасы мен егіншілік министріне Велецкийдің ісін тексеріп, өзін жауапқа тартуды сұрайды. Ал бұл кезде Велецкий мырза Орынбор губерниялық Мемлекеттік мүлік мекемесін басқарушы еді. Міне, осы сияқты бұрынғы патша чиновниктерінің жаңа билік тұсындағы отаршыл іс-әрекетін баяндайтын фактілерді басқа облыстардан да келтіруге болатын еді.

3. Уақытша үкіметтің переселен мекемелер жүйесін сақтап қалудағы тағы бір мақсаты ақпан революциясынан кейінгі айларда жаңа орынға қоныс аударған шаруалардың арасында, кейін ішкі Ресейге қайта көшу туралы қозғалыс бас көтере бастайды, соған жол бермеу еді. Егіншілік министрлігі мен Переселен басқармасы 1917 жылы маусымда жергілікті билік орындарына жолдаған № 367 ресми хатында «Оралдың арғы бетіне барып орналасқан қоныс аударушылардың арасында соңғы кезде отанына қайтып тез арада помещиктер жерін бөліске салу ниетінен туындаған қозғалыс байқалады. Қоныс аударушылардың қайсыбірі жаңа жерде жинаған мүліктерін жаппай сатып, алған егіндік жерлерін, пішенін тастап, Ресейдегі помещиктер жерін бөліске салу үшін асығыс қайтуда» деп көрсетіп, бұл қозғалысты өріс алдырмай тоқтатуға қажет шараларды іске асыруды өтінеді.

Жергілікті орындардың бұл процеске қатынасы бірдей емес болатын. Біз жоғарыда сәуір айында болып өткен Торғай облыстық қазақ және орыс съезінің ішкі Ресейге қайта көшпек ойы барларға байланысты «көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек ақша берілсін» деген шешім қабылдағаны жөнінде айттық. Шамамен осындай пікірді Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша комиссарлары Шкапский мен Тынышбаев та білдірді. Олар Түркістан комитетінің төрағасы Щепкинге берген жеделхатында 16 жылғы көтерілістен Шаруашылығы күйзеліске ұшыраған переселендердің егер шығындарын төлесе қайтадан отандарына көшпек ойлары барын айтып, «бұлардың Ресейге қайта қоныс аударуы облысты тыныштандырып, шаруашылығын қалпына келтіру ісіне тиімді болар еді» деп көрсетті. Бірақ жергілікті әкімшілік орындарының нақты іс-әрекетінде, әрине, ішкі Ресейге қайта көшуді болдырмау шаралары үстемдік алғандығы өзінен-өзі түсінікті. Мәселен, Семей облыстық атқару комитеті переселендерге арнайы үндеумен қайрылып, онда «немістермен соғыстың жеңіспен аяқталып, манданда жүргендердің үйлеріне оралмай Құрылтай жиналысының жер туралы заң шығаруы тіпті де мүмкін еместігін» айтып, сондықтан да барлық переселендерді шаруашылықтарын бұзбай, тек жол және басқа транспорт жүйелерінің жұмысына кедергі жасамай, орындарында қалуға шақырады. Переселендерді ішкі Ресейге қайтармау шараларын 1917 жылы маусым айында өткен Жетісу облыстық орыс шаруалары съезі де қарастырды. Съезде баяндама жасаған облыстық переселен мекемесінің бастығы Гончаревский орыс шаруалары кейін Ресейге қайта көшіп помещиктік, мемлекеттік, монастырлық және басқа жерлерді бөліске салған күннің өзінде Жетісудағыдай құнарлы жер үлесі оларға тимейтіндігін жан-жақты негіздей келіп, облыста аграрлық



мәселені шешудің мынадай жолын ұсынады: «Орыс селоларының мұқтамы өтеуді бірінші кезекке қоя отырып, оларға қазақ пен қырғыздардың жарамсыз егіс жерлері мен шабындықтарынан кесіп әперу керек. Бұл іспен жер комитеттері шұғылданып, біраз жер Құрылтай жиналысына дейін-ақ беріліп берілуге тиіс, ал мәселені біржола Құрылтай жиналысы шешеді». Қосымша баяндама жасаған Боголюбов деген Жетісуды тастап Ресейге кетеміз деушілер арнап мынадай фактіні келтіреді: «...облыста ең көп егістік жер орыс жұртына арендаға алған жерлерді қоса есептегенде әрбір дворға - 25 десятинадан келеді. Ал Ресейде әрбір дворға келетін Жер көлемі орта есеппен 11 десятинадан ғана».

Съезд қаулысында Гончаревскийдің ұсынысын түгелдей қабылдап, оған қосымша «Жер комитеттері орыс жұртына қазақтардың артық жерлерін әпергенде болашақта ол артық жерлерді қазақтарды жаппай отырықшылыққа көшіру арқылы шығаруды әскеретін болсын», - деп көрсеткен еді. Съезд материалдарымен танысқанда көзге ұратын бір жағдай: қазақ жұртын тез арада жаппай отырықшылыққа көшіру идеясы барлық делегаттардың ақыл-есін билеген алғандығы еді. Сонымен, қорыта айтқанда, Уақытша үкімет және оның жергілікті мекемелері жер мәселесін Құрылтай жиналысына қалдырғанымен, шын мәнінде ашықтан-ашық отарлау саясатын ұстанды, ал Орталық Переселенің басқармасы бастаған Ескі патша чиновниктері бұрынғы билік тұсында істеліп үлгірмеген істерін Құрылтайға дейін орындап алуға тырысты. Ал қазақ қайраткерлері болса жер мәселесін жаңа билік шеңберінде, Құрылтай жиналысы арқылы шешуге сенімді болса, жағдай мүлдем шиеленісіп кеткен. 1917 жылдың екінші жартысында бұл мәселенің біржола шешілуін ұлттық мемлекеттік дербестікпен байланыстыра қарады.

### §3. Торғай облыстық комиссары Ә.Бөкейханов пен Түркістан комитетінің мүшесі М.Тынышпаевтың Уақытша үкіметі тұсындағы қызметі

1917 жылы 16 наурызда батыс майдан штабы жанындағы Земскі жер қалалық одақтардың бұратана бөлімін басқарып жүрген Ә. Бөкейханов күтпеген жерден Петроградқа шақырылып, 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссар қызметіне тарайындалады. Дәл сол күні «Қазақ» газетіне берген жеделхатта ол: «Торғай облысына комиссар болып бекітілдім, не шығайын деп тұрма. Жұртқа естіртіп: тыныштануын тілеймін» деп жазды. Бірақ Ә. Бөкейханов 21 наурызда Орынборға аттанып кете алмайды. Өйткені, ол жаңа ашықтан жатқан кадеттер партиясының съезіне осы партияның орталық комитетінің мүшесі ретінде шақырылған еді. Ә. Бөкейханов съезге қатынасып, 26 наурыз күні сөз сөйлейді. Ол жөнінде М. Шоқаев былай деп жазды: «Мұжықтарға жер кескен, әлі мұжық орнамаған, оброчный статья деп алынған, ұзын срок арендаға (жалдауға), мысалы, барон Медем, Варун Секрет секілділерге берілген жерлер қашан Учрадительное собрание дала облыстарының һәм Түркістан жер мәселесін шешкенше, кешіктірмей бұрынғы иелеріне қайтарылуы керек».



деп Ғалихан кадет съезіне кеше доклад қылды. Ғалиханның докладын қабыл алып, тезірек орнына келтіру қамына кірісерге деп комиссияға тапсырды. Сабыр егіп, шыдай тұрындар. Жаңа үкімет жай-жапсарларыңды біліп, көңілдеріңді тындырар. Мұстафа».

Ә. Бөкейханов сәуірдің 2-нен бастап Торғай облысының облыстық комиссар міндетін атқарады. Ә.Бөкейхановтың бұл лауазымы империяның құрамына өткеннен бергі қазақтардың иеленген ең жоғарғы лауазым болатын. Өйткені империяның әкімшілік жүйесінде қазақтар болыстық басқару құқығын иеленіп, губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасай алмады. Ал Торғай облыстық комиссары Ә.Бөкейхановқа Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай сияқты ірі уездер бағынды. Уақытша үкіметтің шешімі бойынша облыстық комиссардың уездік комитеттермен біріге отырып, уездік комиссарларды таңдау және оны ішкі ісгер министрлігіне бекітуге ұсыну, қажет болған жағдайда оған көмекшілер тағайындау, уездік комиссарлар арқылы болыстық комитеттер жұмысын басқару және басқа құқықтар беріледі және облыстық атқару Комитеті комиссардың қызметін бақылай алғанымен, бірақ оның нұсқаулары мен шараларына араласу немесе комиссарға кеңес бере алғанымен, бұйыруға ешқандай құқық берілмеді.

Ә. Бөкейханов сәуірде облыстағы жағдаймен танысып, қызметіне кіріскеннен кейін ол, барлық деңгейдегі үкіметтік басқару орындарының қалыптасу процесінің аяқталуын тездетіп, жаңа мекемелердегі орындарға лайықты кадрларды тауып, солар арқылы облыста тұрақты мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға кіріседі. Бұл мақсатқа жету үшін ол 20-28 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай облыстық орыс және қазақ біріккен съезінің қатысып, онда Торғай облыстық атқару комитетінің төрағалығына заңгер Ткаченконы, оған орынбасарлыққа С.Қадірбаевты, ал мүшелікке басқалармен бірге өзінің сенімді керіктер А.Байтұрсынов, М.Дулатов және Н.Бегімбетов секілді Алаш қайраткерлерін бекітеді.

Сонымен қатар, съезде шешімімен облыс көлеміндегі Ескі болыстық, селолық және ауылдық әкімшілік мекемелері жойылып, олардың орнына сол дәрежедегі атқару комитеттерімен ауыстырылады. Съезд басқару мекемелерін жасақтаған соң, ең күрделі мәселе - жер туралы сәуір басындағы қазақ съезі жасаған қаулыға тоқтайп, қалыптасқан жағдайға байланысты қазақ жерін жерсінбей кейін ішкі Ресейге көшпек ойы барларға байланысты «көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек ақша берілсін» деген мазмұндағы шешім қабылдайды. Ә.Бөкейхановтың тікелей басшылығымен өткен бұл съезде, ол орталық үкіметтің переселен мекемелерді қажеттілігіне сай қалдыра тұру жөнінде келген нұсқауға қарамастан Орал-Торғай переселен және шаруа бастықтары (крестьянские начальники) мекемелерін жою жөніндегі қаулыларды қабылдатқызады. Ә.Бөкейхановтың қызметке кіріскеннен кейін уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысып, Қостанай уездік комиссарлығына заңгер Ахмет Бірімжановты, Торғай уездік комиссарлығына мұғалім Ғұмыр Алмасовты, Ырғыз уездік



комиссары қызметіне Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміровты бекітеді. Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов көмекшілікке қазақ қызметкерлерін де тартып, облыстық комиссар кеңсесінде ерекше тапсырмалар чиновнигі қызметін Е.Тұрмұхамедов, С.Досжанов және А.Жолдыбаевқа жүктейді.

Осындай іс-шаралармен қатар, Ә.Бөкейханов патшалық билік тұсында түрлі заңсыздықтар мен зорлықтарға жол берген чиновниктерін қызметтен аластатып, айыпқа тарту процесін жүргізеді де губернатор Эвероманды, вице губернатор Обуховты, аға кеңесші Агаповты, шаруа бастықтары Витман мен Куфтинді, приставтар Сиротенко, Ткаченко, Полуднев, Тарасенко, Данковцев, Прокоповты, тілмаш Тунгачин және басқа көптеген бұрынғы үкімет чиновниктерді қызметтерінен босатады.

Комиссар Ә. Бөкейхановтың осы кезде түрлі тақырыптарға жазған мақалаларында бұқара халықты, соның ішінде ел ішіндегі атқамінерлерді де имандылыққа, адамгершілікке, жоғары саналылыққа шақырады. «Қазақ-ау! Оян!-деп жазды ол.- Мұжық көші жүрін кеткенде жұртта қалып жүрме! Мұжық көрші отырып, бостандық, құрдастық, туыскандық шарапатын пайдаланғанда, ілгері басқанда, мүйізге ұрған сиырдай шыр айналып, кейін қайтып, көрші жұртқа балаңды жалшы, малшы, құл қылып беріп, жұрағаттың обалына, Алаштың баласы қалып жүрме!» «Қазақ жұрты,- деп жазады ол тағы бір мақаласында,- адам болып, ғұмыр тұрмыста мұжық көршімен шаруа таластырып, қаржы жолына кірісетін болғанда комитетке жұрттың пайдасын қуған, жұрттың қамын ойлаған азаматты сайлаған оң».

Халық соты, билерді сайлау жұмысын ұйымдастыруда да ол билерден мәселені әділ шешуге шақырып: «Біздің қазақ жұртына айтатын тілегіміз, билік таласпаңдар, биді таланға салмаңдар. Әділ бисіз жұрт жұрт болмақ емес. Таза би партияда да жоқ болады. Партия биі әділ болмайды. Англия биі дегенде, жер үстіндегі адам баласы ішкен асын жерге қояды. Англия биі бір ауыздан партиясыз сайланады, әділ болады, адамнан қорықпайды. Партия сайланған, таланмен болған биде не қасиет, не әділдік, не ерлік болады. Бұл бір қоянша алақтаған сорлы да. Мұның алдында әділ билік қайтпн болады...Шарғатта қисық билік айтқан бидің орны дозақта деген. Осы билерді біздің қажы молла, ақсақалдар жетелеп алып жүр. Бұл қалай? Мұсылманшылықтарың қайда?», - деп жазды ол.

Ә.Бөкейхановтың комиссарлық қызметте жүргенде ден қойған істерінің бірі қазақ арасындағы ұрлыққа қарсы күрес еді. 1917 жылғы 15 маусымдағы № 907 жарлығында Ә. Бөкейханов Ақтөбе уездік милиция бастығына «Бестампа болысының қазағы Абдулла Аймағамбетовтың шағымына қарағанда, осы болыстың адамы Қоңырбай Нұрманов шағым берушінің құлынды биесін ұрлап әкеткен. Ат ұрлаушыны ұстауға тез арада бір милиционерді жіберуді ұсынамын. Егер Нұрманов қолға түссе, оны заңға сәйкес жазалау қажет» деп нұсқау береді. Осы мазмұндағы нұсқауды ол мал ұрлығына байланысты Қарасай, Қараторғай және басқа болыстықтарға да жіберген.

Ә.Бөкейханов 1917 жылғы көктемде Торғай облысында болған жер дауларына жиі араласып, қазақтарға басу айтып, тек заңдық негізде ғана әрекет



жасауды қатаң түрде талап етеді. Оның мұндай айқындамасын Илек болысы №2 ауыл қазақтарының көрші орыс селоларымен араларында болған дауға байланысты жасаған тұжырымдарынан аңғаруға болады. Дау барысында №2 ауыл қазақтары 1917 жылы 13 мамырда облыстық управа төрағасы Ткаченко мен оның орынбасары Қадырбасвтың қатысуымен қабылданған шешімге келіспейтіндіктерін білдіреді. Даудың тіптен өзара қактығысқа апаруынан қауіптенген Ә.Бөкейханов №2 ауыл қазақтарына; «...Орыс пен қазақ жерлері арасына соқамен жыртылып шеп тартылатын болады, одан ары қазақтар малдарын жіберіп, пішен орып, егін екпейтін болсын. Орыстармен ұрыспай, жарасымды өмір сүруді өтінемін. Өйтпеген жағдайда қазақтар жазаланатын болады» деп жазды.

Осы мазмұндағы басу сөзді Ә. Бөкейханов Қызылжар болысының №8 ауылындағы, Тамды болысының №1 ауылындағы, Бөрілі болысының №6 ауылындағы және басқа болыстардағы жер дауына байланысты айтқандығын байқаймыз. Мұндай айқындаманы ол комиссарлық қызметіне байланысты ұстанғаны рас, сонымен бірге сол тарихи кезеңде қазақтар үшін жер мәселесін басқаша шешетіндей жағдай жоқ еді.

Тура осындай бағытты бұл мезгілде «Қазақ» газеті де ұстанады. Ол, мәселен, переселендер үшін жер кесуді тоқтата тұру, бұрын кесілген, бірақ әлі переселендер келіп орын теппеген учаскелерді қазақтарға пайдалана тұруға беру туралы Егіншілік министрлігі 1917 жылы 3 сәуірде жіберген №1038 жеделхатты жариялай отырып, оған мынадай қосымша түсінік береді: «бостандықты теріс түсініп, қазнаның ағашын кесе бастаған, қасындағы мұжықтардың жерін бас салып жырта бастаған сияқты бұл телеграмды қате түсініп, орналасайын деп отырған мұжықтарды учаскелеріне жібермей жүрмеңдер. Бостандық біреудің мүлкіндегі нәрсеге ти демейді. Қазақтың һәм мұжықтың жасаған комитеттері ынтымақпен іс қылып, елдің бүтіншілігін ойлау керек. Ешбір жолсыздықты кімге де болса істетпеске керек». Жер мәселесін тек заңдық негізде ғана шешуді жақтаған олардың айқындамасын тағы мынадай фактіден байқауға болады. Ақпан революциясынан кейінгі аралықта Орынбор қаласында татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті арқылы қазақ жерінде тұратын Калимолла Ғабдуллин және «Ирсиз» деген жамылғы есімді татар жұртының өкілдері кезінде переселендерге өткен қазақ жерін бізге алып бермейді деп Бөкейханов пен Байтұрсыновқа өкпе айтып, бұлар Ильминский мен Победоносцевтар саясатымен жазылған Дала Ережесін қуаттайды деген пікір тастайды. М. Дулагов бұл жарияланған материалдарға байланысты Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың атынан «Қазақ» газеті арқылы былай деп жауап береді: «Калимолла һәм «Ирсиз» әпенделерге біздің айтарымыз: «Ильминский мен Победоносцевтің бар да сүйегін өрте, біздің жұмысымыз жоқ. Степное Положениесіз тұра алмаймыз деп ертең Учредительное собраниеде, яки Государственная Думада қуаттасақ сонда келіп соқтық, оған шейін қамқоршылығыңды ішіне сақтап тұр. Ал құр өзіңе жер керектігі үшін соқтыққан болсаң, қазаққа құтыла алмай жүрген жер жоқ, оны да



ұмытпа. Қазақ жерін беретін болса, ноғайға ағайын екен, жер бермесе Ильминскийге ағайын екен. Ондай ағайындықтың бізге керекі жоқ...»

Шілде айынан бастап Ә. Бөкейхановтың жер және басқа қоғамдық мәселелерге байланысты көзқарасы принциптік өзгерістерге ұшырайды. Оған себепші болған, біріншіден, Уақытша үкіметтің жалпы империя көлеміндегі саяси процестерді игеру қабілетінің күн өткен сайын төмендеуі болса, екіншіден, өзі құрамына енген кадеттер партиясы мен мақсат-мүддесі айқындала түскен ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі принциптік мәселелерде өзара жігінің алшақтай түсуі еді. Егер империя көлемінде мемлекеттік тәртіпін анархиялық көріністерге орын бере бастауы ұлттық мемлекеттік дербестік туралы мәселені неғұрлым батылырақ қоюға интермелесе, ұлттық бостандық үшін күрес қарқынының өсуі көптеген мәселелерді, соның ішінде, ең алдымен, жер туралы мәселені ашықанық, ұлттық мүдде тұрғысынан дербес көтеруді талап етті, бұдан былайғы оқиғалар ағымы ресейлік саяси ұйымның жетегінде жүруді көтермеді.

Уақытша Үкіметтің 1917 жылғы 6-сәуірдегі қаулысымен Түркістан өлкесін (Самарқан, Сырдария, Ферғана, Закаспий, Жетісу облыстары мен Хиуа, Бұхара) басқаратын Түркістан комитетіне мүше болып тағайындалған М.Тынышбаев өлкедегі ең негізгі өзекті мәселелерінің бірі – Жетісуда қалыптасқан ауыр жағдайды шешуге кірісіп, осы мәселені алғаш көтеріп, оны іске асыруға барыша күш салды. Оның 1916 жылғы қыркызынан кейін Отанына орала бастаған босқындарды орналастыру туралы алғашқы баяндамасы Түркістан комитетінің 19-сәуірдегі мәжілісінде тыңдалды. Баяндамада жергілікті халық пен орыс келімсектерінің арасындағы ұлтараздық дағдарысты жою туралы оңды пікір айтылды. «Орыс келімсектерінің қазақ-қырғызға өшпенділігі басылғанша Құлжа, Қашқар маңындағы босқындарды уақытша төмендегідей тәртіппен: Құлжа маңындағы қырғыздарды Жаркент, Верный уездерінің шығыс жағына, ал Қашқардағы қырғыздарды Нарын ауданына орналастыра тұру қазіргі жағдайда ең тиімді шара болып табылмақ» - деп айтқан баяндамашы, бұл ұсыныстың қырғыз халқы өкілдері келісімімен жасалғанын ескертеді. Баяндамада аталған Жаркент, Верный уездерінің шығыс жағы және Нарын ауданы келімсектердің үлес салмағы төмен және тыныштау өңір еді. Сондықтан М.Тынышбаевқа облыстағы жағдай тұрақтанғанша, мұндай шешімнің іске асырылуы тиімді деген ой туғызса керек.

Оның баяндамасын Түркістан комитетінің төрағасы Щепкин Верный қаласында болып жатқан Жетісу облыстық қазақ съезіне талқылауға жібереді. Ол, егер съезд қазақ халқының атынан осы жоспарға келіссе, онда Түркістан комитетінің жедел іске кірісетінін хабарлайды. Щепкин, сондай-ақ босқындар жаңа жерге жеткенше қауіпсіздіктер қамтамасыз ететеіндерін де айтты. 20-сәуірде Жетісу облыстық қазақ съезінің төрағасы И.Жайнақовтың қолы қойылған жауапхатта, съездің бұл жоспарға келісетіндігі және қосымша өз ұсыныстары туралы съезд қаулысы баяндалады.

Қаулыда: Қашқардан келетін босқындарды орыстардың жаулық ниеттері басылғанша Пржевал уезінің Улахол, Семізбел, Том және тағы басқа



қауіпсіздеу аймақтарына, Пішпек уезінің Қошқар, Сусамыр Жүмгелді алқабына және Қашқардан келетін босқындарды орыстардың жаулық ниеттері басылғанша Пржевал уезінің Улахол, Семізбел, Том және тағы басқа қауіпсіздеу аймақтарына, Пішпек уезінің Қошқар, Сусамыр, Жүмгелді алқабына және Нарын ауданының Тоқғызтарау, Құланак, Ақдала, Мұнагелді деген өңірлеріне уақытша орналастыру, ал Құлжа маңынан келетіндерді Верный уезінің шығысына және Жаркент уезінің Қарқара, Бесқарағай, Шәуілдір, Шонжы алаптарына қоныстандыра тұру айтылып, құрылып жатқан түрлі комитеттер арқылы репатрианттарға материалдық көмек көрсету үшін жәрдем жинау қажеттігі де көрсетілді. 21 сәуірде Щепкин мен Тынышбаев репатрианттар мәселесіне байланысты Петроградқа Уақытша Үкіметке, Екіншілік және Сыртқы Істер Министрліктеріне жеделхаттар жолдап, онда мәселенің кезек күтірмейтін күрделілігі және өзектілігі айтылды және халықтың басындағы ауыр жағдайды шешу үшін Тынышбаевтың баяндамасы мен Жетісу облыстық қазақ съезінің қаулысы негізінде іске кірісе беретіндерін хабарлайды. Уақытша Үкімет бұл жоспарға келісім береді. 25-сәуірдегі отырысында Түркістан комитеті М.Тынышбаев пен О.А.Шкапскийдің тағы да Жетісу жағдайы туралы баяндамаларын тындап, мынадай қаулы қабылдады: «1. Майданның қара жұмысына бұратаналарды алу жұмысына байланысты туған жайларды жою үшін Жетісу облысына комитет мүшелері Тынышбаевты, Шкапскийді және Драгоман Степановичті (Қашқар консулдығының тілмәші) іссапарға жіберу; 2. Көтерілістен болған шығынды қайтару үшін Пржевал уезінің орыс халқына 10 миллион және Қытайдан қайтып жатқан қырғыздарға 5 миллион сом қаржы сұрау туралы Уақытша Үкімет атына жеделхат дайындауды Комитет төрағасына тапсыру; 3. Комитет мүшелері Тынышбаев мен Шкапскийге Жетісу өлкесінде болған кездерінде осы өлке бойынша Түркістан комитетінің құқығы мен міндеттерін өз мойындарына жүктеу».

Облыстағы ауыр жағдайлардың себебінен іссапарлары күзге дейін созылған М.Тынышбаев пен О.А.Шкапскийдің Жетісуға сәуірдің 27-де бет алады. Олар жол-жөнекей қатты зардап шеккен уездерді аралап, Пішпек, Әулиеата, Қапал, Жаркент уездерін және мигранттардың қалың шоғырланған жері Қытайдағы Текеске дейін барып, барлық жағдаймен танысқан соң, атқарылатын шараларды жан-жақты талдап, Түркістан комитеті мен Уақытша Үкіметке төмендегідей ұсыныстарын жолдайды: 1. Қытайдан оралып жатқан босқындар мәселесі (Мамыр айының соңында Отанына оралған 160 мың адам келімсектер тарапынан қатты қарсылыққа кезігеді. Жағдай күрделеніп, Ресейден сенімді әскерлер шақырту мәселесі көтерілген болатын). Бәрінен жұрдай болған аш босқындарды орналастырып, оларға үй-жай, азық-түлік және ақшалай көмек көрсету. Ол үшін әрбір отбасына 100 сомнан жәрдем ақша белгілеп, мұндай көмекке мұқтаж отбасының санын 50000 деп алғанда, үкімет бұл мақсатқа 5 млн. сом қаржы бөлуі тиіс. 2. Құрылыс материалдары мен ақшалай көмек көтерілістен бүліншілікке ұшыраған 9989 орыс қожалықтарына берілмейінше, облыста ұлттаралық келісім орнамайды. Ал келімсектер селоларының шеккен зардабы 31 млн. сом шамасында (Түркістан



комитеті әрбір қоныс аударушы отбасына жәрдем көлемін 750 сомнан деп анықтап, бұл мақсатқа орталық биліеттен 7,5 млн. сом қаржы сұрады). 3. Облыстағы ашаршылықпен күрес жүргізу үшін астық монополиясын енгізу. Отбасы артық астықты жинап алып, мұқтаж болып отырғандарға тең бөліп беру мүмкіндігін туғызады. 4. Күн өткен сайын панасыз қырғыз бен қазақ ауылдарын тонаушылықтың, оларға қарсы жасалған түрлі зорлық-зомбылықтың кен қанат жаюына байланысты мемлекеттік билік жүйесін Петроградтан, Ташкенттен интеллигент-кадрлар арқылы күшейте түсу, әсіресе сот ісін жүргізе алатын мамандар жіберу. 5. Қазақ пен қырғыз халқын осындай ауыртпалыққа алып келген 1916 жылғы көтерілістің басты себебі - әділетсіз қоныс аудару саясаты. Сондықтан да үкімет осы жағдайды ескере отырып, бір жағынан ішкі Ресейге қайтадан қоныс аударуды қалайтын отбасыларына қаржылай көмек көрсетіп, екінші жағынан керісінше ішкі Ресейден қазақ және қырғыз жерлеріне шұбырған қоныс аударушылар легін тоқтатуды көздейтін шаралар белгілеуі керек».

Бірақ бұл ұсыныстар Түркістан комитеті тарапынан тиісті қолдау таппады. Петроградтағы орталық үкіметте Жетісуға көңіл аударма қойылды. Сондықтан да М.Тынышбаев пен О.А.Шкапскийге өз күштеріне сенуге тура келді. Сондықтан олар өз беттерінше әрекеттер жасап, мынадай шараларды атқарады: Біріншіден, Ресей Сыртқы Істер Министрлігі арқылы Қытай жерінде қалған босқындарды сол елде кідірте тұру, оларды бөтен жұрттан тонауынан қытай билігі орындарының қорғауы; Екіншіден, Қытай жеріне оралған босқын қарақырғыздарды өздерінің бұрынғы қоныстары Сарыбағыш, Өтеке болыстарына жібермей, келімсектердің ашуы басылғанша, оларды қабылдауға тілек білдірген қазақ жерлеріне (Қызылбөрік болысы, Лепсі және Қапал уездері) уақытша орналастырылуы; Үшіншіден, тарада астық монополиясын енгізе отырып, репатрианттар үшін Синьцзянның орыс шекарасына дейін тегін азық-түлік пункттарын, тамақтандыру орындарын ашу.

Сонымен қатар М.Тынышбаев «Қазақ» газетіне «Жетісу облысындағы босқын қазақ-қырғыз жайы» деп аталатын мақалалар топтамасын жариялап, бастарына қиындық түскен ағайынды қазақ пен қырғызға қол ұшын беруге шақырды. М.Тынышбаевтың мақалалары бүкіл қазақ қоғамының, зиялылардың назарын аударды. «Алаштың азаматы! Тағы да құлақтарыңа саламыз, қазақ-қырғыз бауырларыңды ұмытпа!» деп үндеу тастаған «Қазақ» газеті М.Тынышбаевтың жан айқайын бүкіл елге таратты. Соның нәтижесінде жаппай көмек қозғалысы басталды М.Тынышбаевтың мақалаларының бірінің үзінді келтірілігі. «Қазақ» газетінің 1917 жылы 6-желтоқсанда 254 нөмірінде жариялаған мақаласында М.Тынышбаев былай деп жазды: «Қазақтың» 237-нөмірінде Қытайға босқан қазақ-қырғыздардың саны 164000, қырылғаны 83000, Қытайда қалғаны 12000 деп көрсетіліп еді. Енді бұл туралы анық есеп-қисап көрсетпекшіміз. Бұл көрсетілген есеп шын мөлшерінен аз болмаса кем емес. Пішпек, Пржевал уездерінен қашқанның бәрі қырғыз. Жаркент, Алматы уездерінен қашқанның бәрі – қазақ (үйсіннің албаны)». Автор, одан ары Жетісу



облысындағы қазақ және қырғыз уездеріндегі болыстардан, Қытай асқан жандардың санын кесте түрінде келтіріп, босқындардың нақты жағдайына тоқталады: «...Жоғарғы 44 болыс елде барлығы 47 мың 759 түгін бар. Сонан қашқаны 40 мың 250 түгін, қырылғаны 95 мың 200 жан болады. Бұл есепке қарғанда, бұл елдердің босқындарынан жартыға таяу адам қырылған».

М.Тынышбаев 11 шілдеде Орынборға, комиссар Ә.Бөкейханов пен «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсыновқа жеделхат жолдап, 12 шілдеде Петроградқа жүрмекші екендігін, 1 күн Орынборда аялдайтынын хабарлайды. Осыған байланысты «Қазақ» 24 шілдедегі санында, «15 шілдеде Орынбор арқылы Жетісу комиссары М.Тынышбайұлы Петроградқа кетті. Мұхамеджан үкіметке Жетісу облысының хал-жайын доклад қылып, «25 маусым» жарлығына байланысты бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғыздарға һәм орыстарға қазынадан жәрдем сұрамақ. Сөйтіп, бірін-бірі қырғынға ұшыратқан һәм бұл күнге дейін бір-біріне кек сақтап, іштеріне қан кеткен 2 жұртты татуластыру қамыны кіріспек» деп жазады. Тамыз айының басына дейін Петроградта болған М.Тынышбаевтың тиісті органдармен келіссөздер жүргізуі, кейін қырғыз-қазаққа да, орыс қоныс аударушыларына да қаржылай көмек беруге бірден-бір септігін тигізеді.

М.Тынышбаев Петроградтан келісімен Ташкент қаласында 2-5 тамыз аралығында өткен Өлкелік Қырғыз съезіне төрағалық етеді. Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстарының қырғыздары қатысуымен өткен бұл съезде саяси, әлеуметтік экономикалық мазмұндағы 18 мәселе қаралады. Бұл мәселелердің кейбіреулері нақты өмірге енгенін де байқауға болады. Мәселен, М.Тынышбаев әлеуметтік мәселелерді шешуді қолға алып, әйел теңдігін жариялап, оқу-ағарту мәселесі бойынша бала бақшалар ашылып, мектептерде қырғыз-қазақ балаларына ана тілдері оқытуға күш салады. 6 қыркүйекте Петроградта Жетісу жағдайына байланысты ведомствоаралық кеңес (Әскери Министрлік, Ішкі Істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Жер шаруашылығы, Юстиция министрліктері және Мемлекеттік Бақылаудан қатысқан) өтеді. Онда Жетісудың шаруашылығы бүліншілікке ұшыраған орыс халқына, 9989 қожалықты дөңгелектеген 10 000 болғандықтан, әр орыс отбасына 500 сомнан есептеп 6 150 000 сом қаржы, ал қырғыз халқына әрбір түгінге 100 сомнан есептеп, барлығы 5 млн сом қаржы бөлетін болып шешім қабылдананады. Бұл шешім туралы ресми рұқсат Жетісуға 7 қазанда, большевиктік төңкеріс қарсаңында, және Жетісу облысында ақша өте шектеулі қалған кезде жетті. Сөйтіп, тек 5 миллион сомның 1 миллионы ғана тиісті жеріне жұмсала алды. Бұл қаржы тікелей М.Тынышбаев басшылығымен, орыс шаруаларынан астық, Шығыс Түркістан базарларынан мал, медициналық керек – жабдықтар және тамақтандыру пункттарын ашуға жұмсалады. Күзге қарай оның тікелей басшылығымен босқындар шоғырланған жерлерде оларды тегін тамақтандырытын асхана пункттер ашыла бастаған еді. Мәселен, 27 қазанда М.Тынышбаевтың жеделхат арқылы берген тапсырмасы бойынша, Пішпек уезіне қарасты Қарақоңыз, Оңғар деген елді мекендерде екі тамақтандыру пункті ашылды. Ал жаздың соңына қарай, Пішпектің өзінде мың адамдық



осындай пункт ұйымдастырылды. М.Тынышпаевтың мұндай белсенді қызметі өлкедегі орыс шенеуніктер алаңдатқан еді. Олар жергілікті халықтан шыққан зиялылардың әрекеттеріне күмәндана, қауіппен қарай бастады. Өлкедегі сақпақ дағдарыс күшейе бастады. Түркістан Комитетінің беделі күннен-күнге төмендеген еді. М.Тынышпаев мен О.А.Шкапский өршіп бара жатқан жүгенсіздіктерді тоқтату мақсатында, Жетісу облысына әскери тәртіп орнатады. Олар қазан айында Пішпек, Верный қалаларында әскери тәртіп енгізді. Мұның өзі облыстағы тәртіпсіздіктерді ауыздықтауға, онысыз күйзелген жергілікті халықты келімсектердің, солдаттардың тонауынан, қырып жоюынан құтқару әрекеті еді. Осымен М.Тынышпаевтың Түркістан комитеті құрамынданы қызметі аяқталды. Сонымен, М.Тынышпаевтың Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті құрамындағы қызметі кезінде босқын елді Отанына оралтып, қолынан келгенше оларды аштықтан, азаптан құтқаруға тырысты. Әрине, оның қолындағы билік пен өте шектеулі және қысқа мерзімге ғана созылды. Бір жағынан жоғарыдағы орыс шовинистері басқару іздерін аңдып, барлық ісіне кедергі келтіріп бақты. Соған қарамастан М.Тынышпаев көздеген мақсатынан тайған жоқ. Мұны оның Петроградқа барған әрекеті көрсетеді. Сөйтіп, аз да болса, босқын елдің мұқтажын өтеу мүмкіндігі туды. Өзі әлсіз, әрі демократиялық бағыты да көп ұзамай-ақ шектеле бастаған Уақытша Үкіметтің бір қиырдағы Жетісу сияқты отар өңірі көңіл бөлуге мұршасы келмеген уақытта М.Тынышпаевтың мұндай іс-әрекеттері ретінде бағалануы керек.

#### §4. Қазақ комитеттерінің құрылуы және олардың қызметі

Шамамен, наурыз айының оныншы жұлдызынан бастап облыс, уез, болы және ауылдарда Ескі құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметті басқару орындары қалыптаса бастайды. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер (Гражданские комитеты) есебінде пайда болды. Бұл комитеттерді құрудағы бастама облыс және уез орталықтарындағы орыс халқының өкілдерінен құралған топтардың қолында болғандықтан, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Сондай-ақ олардың құрамына енгендердің арасында ұлтаралық қатынас мәселесінде бұрынғы патшалық әкімшілік көзқарасты ұстанғандар да көбірек кездесіп, оның көптеген мүшелері шын мәнінде жергілікті халықтың мүддесін көздемеді. Яғни Ақпан төңкерісінен кейін де жергілікті халықтардың қоғамдық-саяси белсенділігі кертартпа күштердің қарсылығына ұшырап отырды. Мәселен, 1917 жылы сәуір айында Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанындағы өлкелік мәжіліс Түркістан халықтарына қандай түрде болса да автономия беруге қарсы шығып, Түркістанды ағылшын мен француз отарлары үлгісімен қайтадан құру керек деген өрескел ұсыныстарға жол берді. Сондай-ақ Н.Н.Щенкин басқарған Түркістан комитеті жергілікті тұрғындардың саяси-мәдени автономиялық бостандық алу дәрежесіне жеткен жоқ деген



мұсылман халықтарын кемсіткен пікірсымақты алға тартады. Уақытша үкіметтің ұлт мәселесіндегі осы позициясын кейбір келісімпаз партиялар (эсерлер мен меньшевиктер) өкілдері жақтады. 1917 жылы мамыр айында Ташкент қаласында өткен эсерлердің өлкелік съезі Түркістанның автономиясы туралы мәселені талқылай келіп, өлке тұрғындары ұлттық автономия алуға саяси тұрғыдан пісіп жетілмегендіктен, оларға өзін-өзі билейтін земстволық және қалалық органдар жүйесін құруға рұқсат берсек сол жетіп жатыр деген пікірге тоқтайды. Яғни, Ақпан революциясы халықтың көзін ашып, еңсесін көтергенімен, ұлттық мүддені қорғау үшін жан-жақты даярланған білікті мамандар мен халықтың қалың бұқарасын топтастыратын саяси ұлттық ұйым қажет болды. Мұндай ұйымды құрудың алдына қойылған тосқауыл жөнінде ұлт-азаттық қозғалыстың ірі қайраткерінің бірі М. Шоқай былай деп жазды: «Біз қазіргі замандағы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық, үлкен бір халықтың шеңгіліне түсіп қалдық. Ол бізден анағұрлым бай, анағұрлым артық қаруланған-ды». Расында ескі құлаған өкіметтің орнына келген азаматтық атқару комитеттерін құруда белсенділікті орыс жұрты қолына алды, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Олардың арасында ескі патшалық әкімшілік көзқарасты жақтайтын, ұлттық теңдікті мойындамақ түгіл, қаперіне де алмайтын кертартпа күштер де аз болған жоқ. Заман өзгерісі қазақтардың саяси өміріне жаңа леп әкелгенімен, жоғарыда аталған жағдайларға байланысты қазақтардың елдің саяси билігінен шет қалу қаупі төнді. Ел билігінің тізгінін тек орыс жұртының қолына бере салу қазақ халқының кешегі айтқанына көнуіне, айдағанына жүруіне мәжбүр еткен сұрқия саясатқа қайта айналдырып соқтыратын еді. Уақытша үкімет тұсында бой көтеріп, түрлі атаулармен белгілі болған, негізінен құрамында еуропалық нәсілдегілер басымдылық танытқан азаматтық комитеттер, Қоғамдық қауіпсіздік комитеттері және тағы басқа қоғамдық ұйымдар жергілікті жерлерде үкімет билігін жүзеге асыруға тырысқанымен, қазақтардың мәселесіне қатысты бар көкейтесті мәселелерді шешуге шынайы ынталылық танытпай, еуропалық нәсілдегілердің мүддесіне сай қызмет етуге тырысып бақты. Оның үстіне сол кездегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері «революция жеңісі» бірінші кезекте еуропалық нәсілдегілерге қызмет етуі тиіс деп санап, жергілікті халыққа қысым көрсетушілерге тосқауыл бола алмады. Бұл жайтты революция кезіндегі Түркістан өлкесіндегі саяси ахуалмен жақсы таныс Г. Сафаровтың былай деп жазуынан да аңғаруға болады: «Мұнда өкімет өз қолымен түрлі ерекше жағдай жасап берген орыстық азшылықтың санасына ондаған жылдар бойы оның жергілікті халықтан гөрі ұлттық үстемдігі жөнінде пікір енгізді, сөйтіп, ол отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық жағдайында тәрбиеленді. Қажет нәрсенің бәрін де бұратаналардан тартып ала беруге болады деген сенім мұнда «қарапайым құқыю» дәрежесіне жетті. Түркістандағы орыс революциясы бірден осындай отарлық сипат алмай қоймады».

Міне, осындай жағдайда қазақтарға бұрынғы әділетсіз патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен де, сол тағы да ұлттық мүддені



корғап, талап-тілскті білдіретін мемлекеттік мекемелерсіз қалу қауіпін төндірді. Сондықтан да Азаматтық комитеттермен бір мезгілде стихиялы тұрғын облыстық, уездік және болыстық деңгейде Қазақ Азаматтық комитеттері қалыптасып, ол Астрахан губерниясына қарасты Бөкей ордасында және Торғай облысынан басқа Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрылды. Мәселен, Ақмола облыстық Қазақ комитеті (төрағасы алғашқы да Е.Итбаев, кейін А.Тұрлыбаев), Жетісу облыстық Қазақ комитеті (төрағасы И.Жайнақов), Сырдария облыстық Қазақ комитеті (төрағасы Ә.Көтібаров). Облыстық деңгейден кейін, уездік Қазақ комитеттеріне Ақмола уезі (төрағасы Р.Дүйсенбайұлы), Омбы уезі (М.Әйтбеков), Көкшетау уезі (Ә.Жұманов), Жетісу облысындағы Үржарда (С.Аманжолов), Жезкентте (Т.Есенқұлов), Сырдарияда Ақмешітте (Е.Қасымов), Әулиеатада (Ә.Кенесарин) қазаққа тиесілі жұмыстардың бәрі қарап, шешімін табуға тырысады. Жергілік халық өзінің бар талап-тілегін, арыз-шағымдарын Қазақ комитеттері арқылы шешуге ұмтылды. Бірақ іске жауапкершілікпен қараған Қазақ комитеттері сол шақтағы қазақ қоғамының бар ауыртпашылығын өз мойнына алып, осы бағытта аянбай еңбек етті. Қазақ комитеттері қазақ өлкесінде өткен облыстық және жалпықазақ съездеріне ұйымдастыру жұмыстарына да басшылық жасап, осы съездерде қаралған (облыстық деңгейдегі) мәселелер ауқымын анықтауға араласты. Өз кезегінде облыстық және І-ші Жалпықазақ съезінде қабылданған қаулылар мен шешімдер Қазақ комитеттеріне жаңа міндеттер жүктеп яғни жергілікті мәселелерге байланысты шешуші өкілеттілік берді. Қазақ комитеттері Уақытша Үкіметтің Азаматтық комитеттері, азық-түлік комитеттері, жер комитеттері, қоғамдық ұйымдардың құрама комитеттері, Делегаттар кеңесі, қоғамдық қауіпсіздік кеңесі сияқты ресми және бейне ұйымдармен тығыз байланысты болып, солармен еңген өз мүшелері арқылы жергілікті басқару жүйесінің түрлі сатысында белсенді қызмет атқарды. Әсіресе, азық-түлік комитеттері құрамына ену арқылы жұрттың тиесілі үлесін алуға көмектесті. Жер комитеттеріне мүшелікке ену арқылы жер мәселесіне байланысты жер реформасын даярлау барысына қатысты. Содан соң қазақтардан алынған жерлердің қайтарылу мәселесін шешуге атсалысты. Жер жайының шиеленісуінен туындап отырған жағдайларды шешуге татуластырушылық сипаттағы комиссиялар құрамында істерге қатынасты. Халыққа зияннан басқа пайдасы жоқ қоныстанушылар легін тоқтатуға байланысты бір жақты шешім ұстанды, яғни қоныстандыру саясатын тоқтатуға ұмтылды. Жетісудағы Қазақ комитетінің атқарған іс-шаралардың бірі, ол Қығайдан қайтқан босқындар тағдырына мән бере қарап, 1916 жыл оқиғаларынан кейін Отанын тастап кеткендер қайтып оралған шағында оларға нақты жәрдем көрсетті. Бұл істе И.Жайнақов басқарған Жетісу облыстық Қазақ комитетінің еңбегі ерекше көзге түсті. Облыстық және уездік Қазақ комитеттерінің алғашқы сайлауы 1917 жылғы 10 наурыз күні Орал қаласында өтіп, қазақ халқының өкілдерінен құралған осы жиналыста елдің тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және әскер мен халыққа азық дайындау мақсатында облыстық Қазақ комитеті құрылып (төрағасы Р. Әлібеков), ол комитеттен Орал облыстық Азаматтық комитетіне мүшелікке Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдулла



Әлібеков және Дума депутаты Б. Қаратаев сайланады. Жоғарыда аттары аталған үшеуі Қазақ комитеті атынан Орал облыстық Азаматтық комитетке мүше болып енеді. Іле-шала Орал облысы Ойыл өлкелік Қазақ комитеті құрылады. Оны Х.Досмұхамедов басқарады. Қазақ комитетінің ұйымдастыруымен 1917 жылғы 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық Қазақ съезінде облыстық қазақ комитетінің жаңа құрамы сайланып, оның төрағалығына Х.Досмұхамедов, серіктері болып А.Қалменов пен Ғ.Әлібеков сайланады. Орал облыстық Қазақ комитетінің қоғамдық ұйымы ретінде Ережесі мен Жарғысы дүниеге келеді. 11 наурызда облыстық Қазақ комитеттері Семейде (төрағасы Р. Мәрсеков) және Омбыда (төрағасы Е. Итбаев), ал осы айдың соңына қарай Алматыда (төрағасы И. Жайнақов) жұмыс жасай бастайды. Райымжан Мәрсеков жетекшілік еткен облыстық Қазақ комитетінің негізгі міндеті қазақ жұртының күшін біріктіріп жолға салу, жаңа биліктің ел басқару ісін нығайту, халыққа болып жатқан өзгерістерді уағында жеткізіп, күнделікті туып отырған түрлі мәселерді шешуге жұмылдыру еді. Семей облыстық қазақ съезінің хаттамасында Қазақ комитетінің құрылуына байланысты комитет Ескі, шіріген билік құлап, енді халықтың өзіне тез революция жеңістерін бекітіп және оны аяғына жеткізу үшін ұйымдасу қажет болған кезде революциялық төңкеріс жолымен пайда болды», - деп көрсетілді.

«Басында бізді орыс ағайындарымыз есепке алмап еді, 800 мың қазаққа екі орын бермей, көбі сырты жылтыраса да іші қара болғандай еді. Біз намыстанбалық та қара көрсеттік. Зарлағанда тимеген екі орын ақыры 20 орын болды деп жаза келіп, «Сарыарқа»: орыспен қоныстас болғаннан бері біздің жұрттың ұлы дүбір жарысқа кез болғаны осы шығар, іске сөт, азаматтар!»-деп жазып, батасын берсе, қазақ зиялылары арасында бұл мәселеге катысты басқа пікір ұстағандар да болды. Мәселен, Нұрғали Құлжанов «Бірлік туы» газетінде: «Ақмола, Орал облыстарының қазақтары орыстан бөлек өз алдарына атқару комитетін жасап, қазаққа тиісті істерді өздері атқарып отыр. Торғай, Түркістанда қазақтан ірі облыстық комиссарлар бар. Семей облысында қазақтан ірі облыстық комиссар жоқ. Орыс пен қазақ аралас комитетте 20 кісі мүше бар. Оның 40-ы орыс, 20-сы қазақ... Бір Қазақ аузын үлкен ашайын десе, солдат пен жұмысшылар бірі мылтығын, бірі балтасын қағады»,-деп көрсетіп, Семейде қазақтардың жеке атқару комитетін аша алмағандығына реніш білдіреді. Семей облыстық Қазақ комитетінің баспаханасынан «Сарыарқа» газеті шығарылып, оның редакторлары Р.Мәрсеков пен Х.Ғаббасов, бастырушысы «Тендік» серіктігі болған.

Нұрмамбет Орманбетов басқарған Қарқаралы уездік Қазақ комитеті де осы мезгілде дүниеге келіп, оның құрамына Смахан Бөкейханов пен Жүніс Шокбаевтар енеді. Наурыз айының ортасына қарай Торғай облыстық Азаматтық комитеті құрылып, оның құрамына енгендердің арасында А.Байтұрсынов, Н.Бегімбетов, С.Кәдірбаев және М.Тұнғачин бар еді. Комитет Торғай облысы азаматтарына үндеу қабылдап, онда жергілікті жерлерде тәртіп сақтау қажеттігін, соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізу үшін үкіметке көмек беру керектігін айтып сосдравиелік, таптық, партиялық және діни қырқысуға



шек қоюға шақырады. Құжатта тез арада өз араларынан уездік, аудандық, болыстық, селолық және ауылдық Азаматтық комитеттер сайлап, жергілікті жерлерде тәртіп және тыныштық орнатуға үндеу бар еді. Наурыздың екінші жартысында бұл үндеуге жергілікті ұйымдардан жауап түсе бастайды. Мәселен, 23 наурызда еткен Ырғыз уезіне қарасты 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-ауыл қазақтарының жиылысы «Уақытша үкіметті мойындайтындығын және оған ұлы Ресейдің басқа азаматтарымен бірге тең құқықта бағынуға әзір екендіктерін білдіріп, облыстық атқару комитетіне өкіл етіп Тұрмұхамед Қисықов пен Шала Қылышбаевты сайлайды.

Дегенмен Қазақ комитеттерін құруда кейбір облыстарда кийін жағдай жүрген. Мысалы, Сырдария облысында ұлттық комитеттерді құру осы күйге кешірді. Аштыққа, қырғынға ұшыраған халықтың саясатқа, ел билеуге аралас алмауы үрдісінде кей жерлерде ұлттық ұйымдардың басына бұрынғы атқамінерлердің келіп, халықтың басына тағдыр тауқыметін тарттырып. Осындай себептерге байланысты олар Сырдария облысының кей жерлерінде тамыз айына дейін ұлттық ұйым құруда ымыраға келе алмады. Ел орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда (белгілі дережеде соған жауап ретінде) жергілікті халықтардың саясатқа белсенді түрде аралас бастаған өкілдері екі саяси ұйым құрды. Олардың біріншісі қоғамдық—саяси өмір мәселелеріне белгілі дережеде консервативтік бағыт ұстаған «Ғұламалар одағы» (Улема жаннаты) болса, екіншісі қоғамды буржуазиялық демократияны тұрғыда өзгертуге бейім тұрған «Ислам кеңесі» еді.

Сонымен қатар, қалыптасқан осындай ахуал жағдайында ұлттық мүдден қорғайтын ұлттық қоғамдық-саяси ұйым құруда жергілікті халық арасында білікті адамдардың тапшылығы да білінбей қалмаған еді. Мұны «Бірлік туы» газетінде жарияланған «Ақмешіт уезінде» деп аталатын мақаланың мынадай мазмұндағы мәтінінен де аңғаруға болады: «Ең алғаш өзгеріс болғанда Ақмешіт қазақтары бұл бір таныс болмаған жаңа бір жол ғой – басшы табайық деп, телеграм үстіне телеграм беріп, Петербордан М.Шоқай, Термезден С.Лапин, Самарқаннан Х.Ибраһимовты, учитель Табынбаевты, Қоканнан С.Ақсаевты, Әндіжаннан Қ.Қожықовты, Қармақшыдан учитель Ибраһим Қасымовты шақырды. Бұлардан Шоқай, Қасымов һәм Қожықовтан басқалары уақытымен келіп жетті».

Зерттеуші С.М. Исхаковтың көрсетуінше, 28 наурыз күні Перовск уезіндегі қазақтардың жиыны өтіп, құрамына 35 адам кірген Қазақ депутаттарының кеңесі атты ұйым құру жөнінде шешім қабылданған. Оның құрамына сайланғандардың қатарында С. Лапин мен С. Ақсаев болған. Бұл ұйым өзінің алдына уездегі қазақтардың шаруасына бас-көз болуды және уездік деңгейдегі билік орындарына қазақ өкілдерін енгізуді өзінің басты міндеті санаған.

Алайда Уақытша үкімет ақпан революциясы жеңген бетте барлық деңгейде құрылып, өзінің негізгі басқару мекемелеріне айналған азаматтық комитеттер мен олардың атқару орындарына жасаған қолдауын солармен бір мезгілде пайда болған қазақ азаматтық комитеттеріне көрсете қоймады. М.Шоқай Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңіске жеткеннен



кейінгі халық үмітінің ақталмағанын былай деп жеткізеді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы он тоғыз жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілден сүйсіне, тебірене қарсы алғанымыз әлі есімізде. түркістандықтардың көбісі, әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Әттең бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамай, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті. Байтақ еліміз құрбан болған перзенттерінің қаны мен тәніне толы болды. Түркістанның мыңдаған жігіттері бегіне жаңа перде бүркенген ескі отаршылдыққа қарсы күресте оңат болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Ресей зындарында, айдауда шіріп жатты. Ондаған мың, жүздеген мың түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айырылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас-ілтисат, зор үмітпен қарсы алынған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды».

Мұстафа осылайша 1917 жылы болған Ақпан революциясына баға беріп, сол кездегі ащы шындықты ашып көрсетеді. Сөйтіп, Ақпан революциясынан кейін тәуелсіздік жолы ашылғандай болғанымен, төңкерістен кейінгі оқиғалар тәуелсіздік заманының әлі алыс екенін байқатты.

Қазақ комитеттері бар болғаны қоғамдық ұйымдар дәрежесінде, негізінен орыс жұрты өкілдерінен тұрған облыстық және уездік комитеттерге тәуелділік жағдайда тұрды. Мәселен, Семей облысында 1917 жылы 5 наурызда облыстық азаматтық комитет және оның атқару комитеті құрылған соң, оның артынша 7 наурызда облыстық қазақ комитеті де дүниеге келеді. Облыс көлеміндегі бүкіл билікті қолына шоғырландырған Атқару Комитеті болса қазақ жұртына қатысты жұмыстарды облыстық қазақ комитетіне аударып салып, Қазақ комитетінің бірігіп жұмыс жасау туралы ұсыныстарына, мәселен, құрамына қазақ комитетінен өкілдер алып, қазақ жұмысын басқаратын бір бөлім ашу туралы пікіріне құлақ аспайды. Облыста ашылған азық-түлік комитеті (продовольственный комитет) де осы бағытты ұстанады. Соған қарамастан, қазақ жұрты көнбістік танытып, жаңа тәртіптің әлі тамыр жайып үлгірмегендігін ескере отырып наразылық танытпады.

Ал сәуірдің соңы - мамырдың басында болып өткен облыстық қазақ съезінің облыстық қазақ комитетіне саяси жұмыстармен бірте әкімшілік, шаруашылық және қаржы міндеттерін де жүктеген кезде де Атқару комитеті съездің шешімін «қазақ бөлінейін деп жатыр», «қазақ бізбен күш біріктіргісі келмейді», «қазақ облыс билігінің шырқын бұзды» деген сияқты негізсіз жалған пікірлер таратумен қарсы алады.

Міне, осындай өзара өшігу жағдайында Қазақ комитетінің алдында екі жолдың бірін тандау қалған еді. Олардың бірі орыс жұрты үшін құрылған Атқару комитетімен бірігіп, Құрылтай жиналысына жету, ал екіншісі, Атқару комитетімен араны біржола ашып, талас-тартыста болып өз бетінше әрекетке көшу. Облыстық Қазақ комитеті бұл жолдардың алғашқысын тандап, 17 мамырда екі комитет арасында болған келіссөзден кейін Атқару комитетімен қосылады. Қазақ комитетінен Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасов Атқару



комитеті төрағасының орынбасарлары, Биахмет Сәрсенов хатшысы, Райымжан Мәрсеков пен Ахмеджан Қозыбағаров төралқа мүшелері болып бекітіледі. Сөйтіп, облыс көлеміндегі билік біржола Атқару комитеті қолына көшеді және Қазақ комитеті сол бұрынғыдай қоғамдық ұйым дәрежесінде қалады. Осыған жақын жағдай басқа да қазақ облыстарында қалыптасқан болатын. Мәселен, 1916 жылғы кетерілістің артын ала келген құрғақшылық салдарынан Жетісу облысында ашаршылық басталады. Соған қарамастан облыстық және уездік азық-түлік комитеттері қазақтар мен қырғыздарға астықпен жәрдем беруден бас тарттады. Бұл арада облыстық Атқару комитеті де белсенділік таныта қоймайды. Облыстық қазақ комитетінің кеңесі өзінің 1917 жылғы 28 шілдедегі қаулысында «Қазақ комитетінің жұртты астық болады деп үміттендіргеніне жақында, міне, үш ай толады, бірақ әлі ешқандай нәтиже жоқ. Бұл жағдай қазақтарды өз комитетіне деген сенімінен айырып отыр» деп жазды. Жағдай кейінгі айларда да өзгеріссіз күйінде қалған еді.

Жер комитеттерінің құрылуы мен қызметтерінің қалыптасуына Қазақ комитеті белсенді түрде араласқан. Жер комитеттерінің бастапқы құрылтай жиналыстарына өз өкілдерін жіберіп отырған. Өскеменде құрылған жер комитеті жұмысына М.Тұрғанбаев қатысып, бір қатар маңызды істерді шешуге тікелей араласқан. Әсіресе жерге иелік ету мәселесінде қазақ-орыс қарым-қатынасының тұрақталуына елеулі ықпал еткен. Ал Қарқаралы уезіндегі жер комитетінің алғашқы мәжілісі 1917 жылдың 1 қазанында болып, онда ұйымдастыру мәселесі қарастырылып, Ж.Ақпаев осы комитеттің төралығына сайланады. Осы мәжіліс егін шаруашылығы бөлімінен өкіл ретінде Алаш партиясының мүшесі С.Сабатаев та қатысып, жер комитетінің қызметінің қалыптасуына ықпал тигізген. Осы арада Уездік Қазақ комитеті және тұтынушылар қоғамының төрағасы Ж.Ақпаев, уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары уездік бойынша азық-түлік үлестерін бағалау және оларды тең, әрі әділ үлестіруге белсенділік танытқан. Бұған шыдамаған Қарқаралы уездік комиссарлар кеңесі Азбукин және Лысенков деген соттар бастаған жергілікті шовинистік күштер 1917 жылы 29 наурызда «қазақ және орыс жұрттарының арасына алауыздық ұрығын шашқан, саудагерлерге орыс тұрғындарға ұн және басқа азық-түлік бұйымдарын сатқызбаған», «стражниктерге көлік бергізбеген» сияқты бұрынғы патша жандармдары таққан айыппен Жақып Ақбаевты 6 сағат ішінде уездік кетіру туралы шешім қабылдайды. Ж.Ақпаевты қорғауда Қазақ комитеті белсенділік танытып, оның төрағасы Нұрмамбет Орманбетов бастаған Қарқаралы қазақ комитеті Ж.Ақбаевқа тағылған айыпты негізсіз деп, бұл үкімді жояды да, жалақорларды жазалауды талап етіп Ішкі істер және әскер министрлікке, түрлі сот орындарына телеграмма салып, наразылық көрсетті. Осы талаптың негізінде Уақытша үкіметтің милиция істері бойынша уақытша басқармасы 1917 жылғы 12 мамырдағы №16858 шешімімен Ж. Ақбаевтың тағылған айыпты заңсыз деп тауып жояды.

Сонымен қатар, ел арасында ескі уездік, болыстық әкімшілікті жойды орнына, оларды сактан, тек басшылықта отырған адамдардың орындарын өздері бөліске салу да орын алды. Мәселен, Петропавл уезінде уездік Атқару Комитеті



бұрынғы уездік бастықтың қызметін сақтап, енді оның орнына екі бірдей (бірі орыс жұрты, ал екіншісі қазақ жұрты үшін) бастық сайлаған. Қазақ жұрты үшін сайлаған уездік бастық бұрынғы жандарм тыңшысы, арызқой қажы Дүйсебай Тұранов деген еді. Ол көп ұзамай жандарм мекемесіндегі тыңшылық қызметіне байланысты қағаздары ашылып, ескі билікке қызметі үшін абақтыға жабылып, ісі Омбыда өткен қазақ съезінде сөз болады. Қайсыбір уезд, болыстарда жаңа сайланған комитеттердегі төрағалық орындарға бұрынғы болыстыққа таласқандай түрлі топтар арасында талас жүреді. Көкшетау уезі Айыртау болысында комитет сайлауында зор талас болды,- деп, жазады тілші,- Председательдікке сайланған Ысқақ Баймұрат баласы қонақасыға көп қой, бір кара ту бие сойып, 3 мың сом ақша шығарып, үлкен партия жасап барып сайланып шықты. Махмұд төре Уәлиханов сайлауды бұзуга жол іздеп Көкшетауға келді. Тура осы сияқты жайларды тізе келіп, газет тілшісі «Бізге бостандық, теңдік күліп карамайтын түрі бар ма, қалай? Жоқ, біз теңесеміз, әділдік жолға түсеміз деп, сау басқа сақина тілеп алдық па, білмейміз?» деген, тұжырым жасайды.

Маусым айына қарай талас-тартыстың, көп болғандығы салдарынан тіпті ауылдық комитеттер сайлай алмаған елді мекендер де көптеп кездесті. Ал ауылдық комитет сайланбай болыстық, болыстық сайланбай уездік комитеттер сайланбайтыны мәлім. Бұл кезде аралас уездердегі орыс жұрты өздерінің азаматтық комитеттерін сайлап алып қойған еді. Соған байланысты қайсыбір уездерде уездік Комитет сайлауына қазақ жұрты өз өкілдерін жібере де алмаған болатын. Уездік комитеттер болса ел жұмысы жиі түсетін орын, демек екі жақтың өкілдері тең болған жағдайда ғана оның қызметінде дау-дамай аз болмақ еді.

Осылайша қайсыбір уездерде азаматтық комитеттер сайлау ісі бітпей жатқанда, мамыр айында егіншілік министрлігінен уездік жер комитеттерін жасауға, ал маусым айында министрлер кеңесінен үш буындық земство жүйесін ашуға кірісу жөнінде жарлықтар келіп жеткен еді. Сөйтіп, комитеттер жасақтау ісін аяқтай алмаған қазақ ауылдары енді одан да күрделі, әрі маңызды земство мекемелерін жасауға ден қою керек болды. Міне, осындай қалыптасқан ауыр жағдай өз елінен үлкен серпіліс күткен демократиялық интеллигенцияны терең ойда қалдырған. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 19 мамырдағы «Қоңілсіз күй» атты бас мақаласында Комитеттерді сайлау барысына талдау жасай келіп, «өмірі бірнеше айлық, көп болса бір жылдық уақытша комитеттердің сайлануына мұнша уақыт кетіріп, мұнша арам тер болғанда, басқа жұмыстарды, қалай басқарып, қалай атқаратынын біле алмай тұрмыз» деп жазды. Одан ары газет «Қазақтан мұжық мәдениеті жоғары дегенде, осы мұжықтың қазақтан қай жері артық деуші едік. Онымыз қате екен. Қатар жіберген жерде мұжық қазақтан оқ бойы озық кететіндігін көзге көрсетіп отыр. Қазақтар комитеттерін сайлай алмай таласып, қалаға - далаға шабуылданып, Орынборда үсті-үстіне телеграмм жаудырып, арам тер болып әуреленіп жүргенде, мұжықтар үн-түн жоқ комитеттерін жасап, шаруасын істеп тып-тыныш отыр. Оларда талас болмайтын себебі тұтқан жолдары сара: рулас-аталасым, құда-құрмаласым



демейді, жұртқа пайда келтіретін адам кім болса, соны сайлайды» деген ойды айтады.

Қазақ қоғамының сол тұстағы жағдайын түсінуге көмектесетін бір маңызды мақалада негізгі жасалған тұжырым мынау еді: «Қазақ мұндай мұжықтан кем болып шыққаны қайғылы ойлар туғызады: қазақ пен мұжық сыбайлас отырған екі жұрт. Қайсысы артық болса, артықтығын, қайсысы оздық болса, оздықтығын әр іс жүзінде көрсетіп отырмақ. Мұжық оздық жүріп дүниенің төрінен орын алғанда, қазақ ере алмай есіктен орын алып, аяқ астында қалмақ. Елдің сана-саңылауы бар адамдары ел пайдасын шын кезде, шын жаны ашитын адамдар комитет сайлауына таласып, бірін-бірі жеңіп шығуы әлдеқандай мақсат көрмей, онан көрі зорырақ, онан кері негіздірек мақсаттарды көздерлік заман емес пе?»

Бұл арада газеттің зор, негізді мақсат деп отырғаны жалпы-ұлттық, жалпы-елдік мүдде екендігі, әрине, түсінікті. Ал жалпыұлттық мүдде - бұдан былай ұлттық еркіндік пен теңдікке негіз бола аларлық ұлттық мемлекеттің негізін, алғашқы кірпіштерін қалау болатын. Өкінішке қарай, комитет сайлау науқаны белгілі дәрежеде, қазақ қоғамының бұл мәселені өз дәрежесінде шешуге әлі де даярлығының кеміс екендігін көрсеткен еді.



## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

### **БІРІНШІ БҮКІЛҚАЗАҚТЫҚ СЪЕЗІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ**

#### **§1. Облыстық қазақ съездері**

1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларын біріктіруге мүмкіндік әкелді. Нәтижесінде 1917 жылдың сәуір-мамыр құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ олар съездерді өткізуге дайындық жасай бастайды. 1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамырға дейінгі аралықта облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облысының), Алматыда (Жетісу облысының), Оралда (Орал облысының), Семейде (Семей облысының) және Омбыда (Ақмола облысының) болып өтеді. Облыстық қазақ съездеріне дайындық барысында «Қазақ» газеті бұл жиындарды өткізу мақсаты мен тәртібі жөнінде бірнеше мақала жариялап, белгілі дәрежеде, оларға бағыт-бағдар көрсетуге тырысады. М.Дулатов Торғай облыстық қазақ съезіне арналған мақаласында: «енді біз өзімізге өзіміз өкпелемесек, өзгеге өкпелей алмаймыз. Қолымызға берген бостандықты ұстай алмасак, пайдалана алмасак келінді күн, жібекті жүн еткен мысалында боламыз. Олай болсақ біз жұрт бола алмаймыз: Өз ісімізді өзіміз басқара алмасак, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр... Уақыт өткізбелік. Өкініп жүрмелік. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат. Оян, жұрт, талпын, жұрт, қамдан, жұрт деген үндеу тастап, өткелі тұрған съездердің нәтижелі, пайдалы болуына қажет шарттарға тоқталып съезд пайдалы болады, егер жиналған адамның әрқайсысы неге келгенін білсе, халыққа шын жаны ашитын таза ниетті болса, халықтың қалпына, салтына жетік болса, тіршілік, шаруа істеріне таныс болса, саясат істерінен мағлұматы болса. Осындай адамдар жиналып, мынау алған бостандыққа ғұмырлық ие болуы үшін, халықтың мұң-мұқтажын кеңесіп, мынау пайдалы дегенді іске айналдырып, мынау зиянды дегеннен халықты құтқаруға қам қылса, съезде жасалған қаулыларды елге қайтқанда әр кім халыққа түсіндіріп, іске айналдыруға жиһат етсе», - деп, сол тарихи кезеңде пайдалы ойға көңіл аударады. Облыстық қазақ съездерін бастап берген 1-2 сәуір аралығында Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы Қазақтарының съезі еді. Оған өкіл есебінде қатысқан 300 адамның арасында ақсақалдар мен ел адамдары, дін басы моллалар мен мұғалімдер, учительдер мен заңгерлер, дәрігерлер мен творчестволық интеллигенция өкілдері бар болатын. Газетте берілген хабарларда съезд Торғай және Орал облыстарының қазақтары үшін деп айтылғанымен, оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан, Орынбор губерниясы мен Қазан, Уфа, Ташкент және басқа қалалардан да өкілдер қатысқан еді. Делегаттар мен шақырылған адамдар арасында сондай-ақ ескі ұлттық интеллигенция өкілдері, I Мемлекеттік дума мүшелері Алпысбай Қалменов пен Ахмет Бірімжанов, есімдері енді жаңадан мәлім бола бастаған Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқасев, Тел Жаманмұрынов



сияқты жас қайраткерлер де болды. Бұлармен бірге съездің құрметті қонақтары қатарында өзбек, татар және башқұрт халықтарының аса көрнекті қоғам қайраткерлері Мунауар Қари, Фатих Қаримов және Теміршах Соловьев сияқты кісілер де бар еді. Съезге жаңа ғана Торғай облысының комиссары қызметіне бекітілген Ә. Бөкейханов та қатынасады. Бұл Қазақ тілшісі Имам Әлімбаев туратап көрсеткендей, қазақтың орыс қол астына кіргеннен бері зор қалыпта құрылған тұңғыш съезі» еді.

Съезд атына Семей, Қазан және Мәскеу қалаларындағы қоғамдық ұйымдар мен жеке адамдардың атынан құттықтаулар түседі. Қазандағы мұсылмандар комитеті жолдаған жеделхатта: «комитет бостандық болғаннан бері бірінші болып жасалып жатқан қазақ бауырларының съезін құттықтайды. Қазақтың өзі тізгіні өзінде болсын Съездің жұмысы өнімді болып, Ресейдегі барша түрік-татар халықтары бірігіп, игілікке жетуге жазсын деп көрсетілген еді. Семейдегі Қазақ комитетінің мүшесі Нәзира Құлжанова жолдаған жеделхатында съезд қазақ әйелінің жағдайын да ұмытпас деген тілек айтып, «бостандыққа қарқ болған Ресейде қазақ әйелдерінің кісендеулі күйінде тұруы келіспейді. Еркекті асырап-сақтап, азатшыл арлы, намысты азамат қатарына қосу күндіктен құтылған, адам санына қосылған әйел қолынан келеді» деген орынды пікірін қосады.

Съезді кіріспе сөзбен Ә. Бөкейханов ашады. Оның ашылу сәтінде Ескі далалық аристократия, патша чиновниктері мен ұлттық демократиялық интеллигенция арасындағы өзара жіктелу байқалды. Съезге төрағалыққа ұсынылған А.Байтұрсыновтың кандидатурасына троицкілік Жансұлтан Сейдалиев қарсы шығып, наразылық танытады. Бірақ съезд делегаттары бір ауыздан А.Байтұрсыновты сайлайды. Сөз алған М.Дулатов патшалық билікке беріле қызмет көрсетіп, кезінде ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы әрекеті байқалған чиновниктер Ғ.Машиев пен М.Тұңғачинді съезден кетуін талап етеді. Съезд құттықтап сөз сөйлемекші болған Торғай губернаторы Эверсманн сөз бермей залдан қуып шығады. Міне, осылардың бәрі, белгілі дәрежеде отаршылдыққа қарсы көңіл-күйдің, азатшыл рухтың үстемдік алғанының көрінісі болатын. Съезд жаңа тәртіп жайы, жер мәселесін, земство туралы, зиянды мекемелер мен чиновниктер ісін, тағы сол сияқты барлығы 13 мәселені қарап, олар бойынша қаулы қабылдады. Ол мемлекеттік құрылыс жөнінде кеңесе келіп, «Ресей мемлекеті демократиялық, парламенттік, қатаң бірорталыққа бағынған республика болсын деген тоқтамға келеді. Ал бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан санына қарай депутат сайлауын, сайлауға әйелдердің де қатынасуын қолдайды. Съезд үкімет орындары - ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу туралы қаулысында оларды құру жолдарын көрсетіп, Ескі биліктің өз өкілдігін жаңа сайланған атқару комитеттеріне өткізу тәртібін, сондай-ақ жаңа билік орындарының жұмыс ретін белгілеп береді.

Съезд ескі үкімет мекемелері мен оның чиновниктеріне байланысты:

«І.Халыққа зияннан басқа түк пайдасы жоқ крестьянский начальни мекемелері жоқ болсын.



2. Торғай облысында халыққа зиянды чиновниктер (аттары аталды) орнынан түссін, сотқа берілсін һәм бірсыпыралары абақтыға жабылсын» деген шешім қабылдайды.

Жер мәселесі. Съезд бұл мәселені талқылап, «жер алу дала уалаяттарында һәм Түркістанда тоқтатылсын», учредительное собраниеде жер мәселесі ашылғанша бұл күнге шейін мұжық орнамаған учаскелер, мұжық жамансынып тастап кеткен жерлер, отрубной, оброчной статьялар, мал бағуға деп һәм монастырский учаске деп алған жерлердің бәрі бұрынғы иелеріне (қазаққа) қайтарылсын... Жаңадан алуға жоба жасалған жерлерге енді мұжық жазу тоқтатылсын деген және басқа жерге қатысты мәселелердің тиімді шешімдерін ұсынады. Қаралған мәселелердің бірі оқу ісі болатын. Бұл жөнінде жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет көргеннен кейін, қазірге бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы етіп, «100 үйге бір мектептен кем болмасын, оқу ана тілінде болсын һәм әйел, еркек балалар бірге оқысын» деп көрсетті. Съезд соғысқа байланысты «Бостандықты нығайту үшін жауды жеңуге қазақ халқы қолдан келгенше жәрдем етпек: мал, азық-түлік бермею» деп, өзінің бұрынғыдай Уақытша үкіметтің соғыс саясатын қолдайтындығын білдірді. Ең соңында, съезде жергілікті органдарға 1916 жылғы 25 маусым жарлығынан кейін Торғай облысында болған қанды оқиғаларды тексеру жүктелсе, екіншісіне жалпы қазақ съезін дайындау міндеті тапсырылды. Съезд жалпы қазақ съезінде қаралатын мәселелерді дайындауға, орнын һәм уақытын лайықтап, жұртқа хабар беруге айрықша бюро құрып, оның мүшелігіне Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Кәдірбаев, Ғ.Есенғұлов, И.Әлімбаев, Е.Тұрмұхамедов және К.Тұрымов кіреді. Съезд майданда жұмыста жүрген жігіттердің жағдайына арнайы тоқталып, соның ішінде оңтүстік-күнбатыс (Киев) майданындағы қазақ жұмысшыларының тұрмысына байланысты кейбір мәселелердің алаңдатушылық тұғызып отырғандығына көңіл аударып, ол туралы ішкі істер министрі атына съездің қаулысын жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Көп ұзамай Киевтегі Земскі Одағынан бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты шаралар қарастырылып жатқандығын мәлімдеген жауап та жетеді. Съезд аяқталған 6 сәуір күні Орынбор мұсылмандары съезге келген қазақ зиялыларына қонақасы береді. Қонақасы соңында Байтұрсынов, Шокаев, Танашев және Фахретдиновтардың атынан төрт адреске жеделхат жолданады. Солардың бірі Бұқар ханына жіберілген жеделхатта олар ханнан «халқын кісендеп арқандамай, құлдықтан босатуды» өтінеді. Осы жылғы 12 сәуірде берген жауап жеделхатында Бұқар ханы халықтың ескі «қалпын, салтын, тұрмысын, мінезін, бұзбай-жармай» теңдік, бостандық жолдарын жарыққа шығаруға... күш көрсету, құрбандық болудан қашық болуға бар қайрат-жігерін осы мақсаттарға жұмсауға әзір екендігін білдіреді. Міне, осы келтірілген фактілер Орынборда өткен облыстық қазақ съезінің, шын мәнінде, облыстық шеңберден шығып, жалпы ұлттық деңгейге көтерілгендігін көрсетсе керек. Сонымен бірге бұл съезд басқа облыстық Қазақ съездеріне ең өзекті мәселелерді көгеріп, нақты шешімдер қабылдаудың үлгісін де танытты.



1917 жылдың 12 сәуірінде Алматыда ашылған Жетісу облысы қазақтарының съезі ескі тәртіп кезінде ұмытылған, сығылған, құл болған қазақ халқы жаңа қалыпты нығайтуға мүдделілігін, тыныштық, бүтіндік және реттілікті сақтауға сенімді екендігін білдіріп, осы мақсатта облыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу жолдарын қарастырып, бұл мәселе бойынша қаулы қабылдайды. Съезд түрлі орындардың «Жетісуда жер саясаты наразылығынан туындаған бүлік шығыпты» деген сияқты хабар таратып отырғандығын айыптап, мұндай арандатушылық Ескі тәртіпті қайтаруды армандайтындар тарапынан шығып отырғандығын атап, халықты оған ермеуге шақырды. Жиынға келген делегаттар 25 маусым жарлығы салдарынан босап Қытай асып, кейін қайтып келе жатқан қырғыз бауырларына көмекке 40 мың сом ақша жинап беру, одан басқа «Қазақ» газетіне жазылушылар санын көбейту, оны шығаратын Азамат серіктігіне ұжымдық мүше болып ену үшін қаржы қосу туралы шешім қабылдайды. Съезд төрағасы И. Жайнақов жиналғандарға қаржы жинап қазақ және қырғыз тілдерінде облыстық газет шығаруды ұсынғанда, тыңдаушылар «ақша онай жиналады, бірақ жазушы қайда?» деген қарсы пікір айтады. Сонда И. Жайнақов: «Біздің қазақтың ұстаы Ахмет Байтұрсынов деген кісі бар. Сол кісіні шақырамыз, газетімізді бастап хәм жазушы да тауып берер» дейді.

Облыстық қазақ съездерінің саяси бағытын, әлеуметтік сипатын 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық қазақ съезінің шешімдерімен таныса отырып байқауға болады. Барлығы 800 адам қатысқан бұл съезді өткізуге белсенді ат салысқандардың арасында I Мемлекеттік Дума мүшесі А. Қалменов, заңгер Ж. Досмұхамедов, дәрігер Х. Досмұхамедов, сондай-ақ Ғ. Әлібеков, Х. Ахметшин, И. Арғынчиев және басқа да зиялы қауым өкілдері болды. Съезді кіріспе сөзбен ашқан Ғ. Әлібеков оның төрағасын, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасайды. Сайлау қорытындысы бойынша төрағалыққа Ж. Досмұхамедов, орынбасарлыққа Ғ. Әлібеков пен А. Қалменов, хатшылары болып Ғ. Жетпісбаев, Х. Ахметшин және И. Арғынчиев сайланады. Негізгі мәселе ретінде алдымен мемлекеттік басқару, Уақытша үкіметке және соғысқа қатынас мәселелеріне тоқталып, съезд «монархизмді құлдықтың символдық көрінісі, халықтар арасындағы өшпенділіктің көзі ретінде біржола жойылуы керек деп санайды; қазақ халқы демократиялық республика идеясын қызу қолдайды, ал ұлттық территориялық федерация немесе федеративтік демократиялық республика мәселесін құрылтай жиналысы қарауына қалдырады», - деп көрсетті. Соғыс мәселесіне байланысты съезд қаулысында қазақ халқы басқа халықтармен бірге соғыстан көптеген қиыншалықтар көріп отыр деп көрсетіп, оны неміс милитаризмін жеңгенше жүргізуді жақтап, оның соңында жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі ұсынған жоғарғы адамгершіліктік принциптер негізінде келісім шартын жасауға шақырды. 20 сәуір күнгі отырысында съезд жер мәселесін талқылап, жер мәселесін біржола шешу, жер кім егер оны игеруге - мейлі ол егін егу, мал өсіру, бақша салу т. б. түрлерінде болсын - күш жұмсаған болса соған берілуге тиіс деп көрсетіп, «қазақ жері оның байырғы иесі қазақтарға берілуге тиіс және қазақ



демократиясы мүддесін қорғауға қажет шаралар қарастырылуы керек», - делінді. Съезд жергілікті басқару ісі бойынша Халел және Жаһанша Досмұхамедовтардың баяндамаларын тыңдап, «ескі бюрократиялық басқару жүйесін коллегиялық халықтық басқару жүйесімен ауыстыру» жөнінде қаулы қабылдайды. Съезде құрылған облыстық Қазақ комитеті 20 адамнан тұрды. Олардың арасында Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов және басқа белсенді зиялы өкілдері бар. Съезд барысында сол тұстағы қазақ зиялылары үшін ұсақ-түйек нәрсе емес мынадай жағдай болған еді. «Романовтарға қызметімен тісі түсіп, сақалы ағарған Бақытжан Қаратаев қарт сөйлемек болып» мінбеге көтерілгенде, сөзі жиналғандарға ұнамай, шулап сөйлетпей қояды. 25 сәуір және 7 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облысы қазақтарының съезі түрлі күштер арасында болған айтыс-тартыста өтеді. Оны съездің қаулысынан да байқауға болатын еді. Мәселен, оқу ісіне байланысты мектепте әйел балалар ер балалардан бөлек оқысын, оқу орындарын мұғалімдермен камтамасыз ету үшін «Ақмола облысының қазағы медресе Ғалие, Ғұсмание, Расулие, Мұхамадие һәм Хусиниеде 50 қазақ баласына стипендия ашсын деген сөздермен бірге, съезд қаулыларында «қалыңмал һәм неке ісі шарифат бойынша тексерілетін болып, муфтиге каралсын» сияқты мазмұндағы шешімдер де бар еді.

Съездің мұндай мазмұндағы шешімдер қабылдауы делегаттар құрамына байланысты еді. Съезд жұмысына «Қазақ» газетінен өкіл есебінде қатынасқан М.Дулатов: «Ақмола съезі делегаттарының құрамы ала-кұла еді. Өкілдердің басым бөлігі консервативтік пиғылдағы (молдалар, байлар, аткамінерлер, бұрынғы чиновниктер) адамдардан, ал азшылығы революциялық позициядағы жастар мен мұғалімдерден тұрды. Көптеген мәселеге байланысты бұл екі топтың арасында қызу айтыстар өтті. Молдалар мен байлар мені съезден қуып шығуды талап етті. Осы съезге бүгінгі коммунистерден Байділдин, Саматов және басқалар да қатынасқан еді», - деп көрсетті. Сонымен бірге Ақмола съезі комитеттер құру, жер, сот ісі, халыққа зиянды мекемелер, земство және басқа мәселелерді қарап, олар бойынша мазмұны жағынан Торғай съезіне жақын қаулылар қабылдайды. Съезд Ақмола облыстық атқару комитетін (қазақ тұрғындары үшін) сайлап, оған төрағалыққа Айдархан Тұрлыбаевты, орынбасарлыққа Сейілбек Жанайдаровты, Асылбек Сейітовті, мүшелікке тағы жеті адамды бекітеді. Олардың арасында Мағжан Жұмабаев, Байсейіт Әділов сияқты белсенді жастар да бар еді. Қабылдаған шешімдерінің мазмұны жағынан ерекше қызығушылық туғызатын 27 сәуір және 7 мамыр аралығында болып өткен Семей облыстық қазақ съезі. Бұл съезге 200 өкіл, оның ішінде Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсекөв, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахметжан Қозыбағаров, Әлімжан Ермеков, Нәзипа Құлжанова, Сатылған Сабағәев, Биәхмет Сәрсенов, Халел Ғаббасов, Жүсінбек Аймауытов, Манан Тұрғанбаев сияқты белсенді қазақ зиялыларының үлкен тобы қатысқан. Съезді облыстық Қазақ комитетінің төрағасы Райымжан Мәрсекөв ашқанымен, оның алғашқы күнгі жиналысында қазақтың әйгілі әдебиетшісі, әрі тарихшысы Шәкәрім Құдайбердиевтің, Кереку уездік Қазақ комитетінің төрағасы Омархан



Күзембаевтің, Жетісу қазақтары атынан Сатылған Сабатаевтің, әйелдер атынан Назипа Құлжановалардың құттықтау сөздері айтылды. Содан кейін съезд делегаттары төрағалыққа Ж.Ақбаевты сайлайды. Төрағалық орынға жайғасқан Ж.Ақбаев съездің күн тәртібінде негізінен Торғай және басқа облыстық съездер қараған мәселелер тұрғандығын айта келіп, сонымен бірге мұнда әйелдер теңдігінің дербес мәселе есебінде қойылады.

Облыстық Қазақ комитеті съезге өзінің бағдарламасын ұсынып, онда қазақ қоғамы үшін жанды да жауапты Құрылтай жиналысы, мемлекеттік басқару түрі, автономия және жергілікті басқару, жалпықазақ съезі, халыққа білім беру, сот, қоғамдық қазына, 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шығындарды өтеу сияқты мәселелерден құралған еді.

Съезд делегаттары бірауыздан тезірек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру қажеттігін, ең негізгі мәселелерді тек Құрылтай жиналысы ғана шешуге құқықты екендігін, ел арасына тыныштық пен татулықты сол ғана алып келе алатындығын айтып, оның жұмысына барлық халықтардың өкілдері қатынасып, сайлау құқығы жалпыға бірдей, тең, төте және құпия болуын, ешқандай да білім, мүлік, жыныс және отырықшылық цензі болмауын жақтады. Сондай-ақ осы съезде қазақ зиялылары тұңғыш рет өздерінің ұлт мәселесіне байланысты бағдарламасын анық және нақты берген еді. Олар «автономия және жергілікті басқару атты мәселе бойынша қабылдаған қаулыларында бірінші ресейлік Құрылтай жиналысында ұлы Ресейді мекендейтін барлық халықтардың бостандығы, теңдігі және туыстығы бекітіліп, оларға қоғамдық өмірін өз қалауынша, өздерінің ұлттық, тұрмыстық, мәдени, экономикалық, тарихи-географиялық ерекшеліктеріне сай құруға мүмкіншілік берілуге тиіс» деп көрсетті.

Съезд Семей облысында жергілікті өзін-өзі басқаруды тезірек енгізу қажеттігін қолдап, «бұл іске халықтың өзін тартуды, сөйтіп оның қайраткерлік санасын оятуды, басқаруда жергілікті ерекшеліктерге байланысты тәжірибе мен білімді» негізге алуды ұсынды. Мұнымен бірге, съезд уақыттың ерекшелігіне байланысты сословиелік, ұлттық, діни нанымна және басқа ерекшеліктеріне қарамай барлық әлеуметтік топтардан тепе-теңдік негізде өкілдер енген және азшылықтың құқын қорғауды қамтамасыз ете алатын ортақ комитеттер құруды өте қажет деп тапты. Ал «мұндай келісімге қол жетпей орыс және қазақ жұрттары үшін комитеттер қатар өмір сүрген жағдайда Облыстық қазақ комитеті Құрылтай жиналысына дейін өзін облыстағы қазақ жұрты үшін ең жоғарғы басқару орны санайды және оған әкімшілік және шаруашылық міндеті жүктелуге тиіс деп біледі». Қос билік болдырмау үшін екі комитет (Облыстық қазақ комитеті және Қоғамдық ұйымдар мен әскери атқару комитеті) қызметінде өзара келісім болуы керек. Съезд қаулыларында облыстық, уездік, болыстық және ауылдық комитеттер құрудың жолдарын, тәртібін, олардың жұмыс істеу принциптерін белгілеп берді. Съезд сонымен бірге мектеп, дін, сот істерін ұйымдастырудың нанымды және демократиялық бағдарламасын ұсынған болатын. Мәселен, қаулыда оқу жұмысына байланысты «оқу-ағарту ісі елдің бәріне бірдей қымбат» деп көрсетіліп, «жалпыға бірдей міндетті, тең



оқу енгізу қажеттігі», «қоғамдық, мектептердің барлық сатыларында оқыту ана тілінде жүргізілуі», «мектептерді жергілікті тұрғындарға жақындату» керектігі айтылды. Барлық облыстық съездер сияқты Семей қазақ съезі де Ескі билік пен онда қызмет атқарған кейбір чиновниктердің ісіне тоқталды. «Далалық генерал-губернаторлық жойылсын», деп көрсетілді съезд қаулысында. «Крестьян бастықтары және переселен басқармалары институты,- деп көрісетілді қаулыда,- дворян-помещиктер үстемдік құрып тұрған кезде Ескі биліктің саясаты нәтижесінде пайда болып, соның қолдауына сүйенген, ал бүгін күні өткен және халық үшін пайдасыз, зиянды мекемелер есебінде жойылып, олардың қызметі Облыста Земскі өзін-өзі басқаруы енгізілгенше уақытша құрылған уездік комитеттерге берілсін».

Съезд сондай-ақ, басқа үкімет орындары жөнінде де осындай шешімдерге келіп, ал бұрынғы билік орындарында қызмет жасаған қайсыбір чиновниктерге байланысты әшкере материал жинастырылып, тиісті шаралар қолдану үшін Облыстық Қазақ комитетіне тапсырылсын деген тұжырымға келді. Жалпы алғанда, сәуір және мамыр айларында болып өткен облыстық қазақ съездерінің қоғамдық қатынастар мен қоғамдық басқару жүйесін қайта құру, қазақ елін отарлық тәуелділік шырмауынан құтқару жолында қабылдаған шешімдері негізінен осы жоғарыда айтылған ойлармен сипатталады. Тарихшы А.Қ.Бочагов 1927 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ зиялыларының басшылығымен өткен 1917 жылғы көктемдегі қазақ Облыстық съездері туралы: «Бұл съездер халықтың Ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің және халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру т. б. үміттерінің көрінісі болды» деген еді. Бұл дәл және әділ баға болатын. Өйткені, облыстық съездер қазақ қоғамының ғасырлар бойы жиналып келген мұң-мұқтажын білдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық зәру мәселелерді шешудің шын мәніндегі тарқалық демократиялық жолдарын да ұсына алды және олардың бұл тұжырымдарының негізінде қоғамдық істерді жүргізудегі халықтық тәжірибе мен білім жағты және қазақ зиялыларының елінің қоғамдық-саяси тұрмысын жаңа сапада ұйымдастыруға байланысты ұсыныстары өзінің теориялық, өмірлік талапқа сәйкестігі жағынан да сол заман деңгейінде болатын.

## **§2. Бірінші Бүкілқазақтық съезі және онда қаралған мәселелер**

Тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны дайындауды Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Қадырбаев, О.Есенғұлов, И.Әлімбаев, Қ.Тұрымов, Н.Тұрмұхамедов бастаған бір топ қазақ зиялыларынан тұрған айрықша бюроға тапсырады. Бұл бюро болса, «Қазақтың» 1917 жылғы 11 маусымдағы санында: «1 тамызда Орынборда ашылатын съезге әр уезден екі кісіден өкіл жіберілсін», - деген арнайы



мәлімдеме жасалынады. Бірақ бұлаталған күн мен өкілдер саны көп ұзамай тағы да өзгеріске ұшырайды. Алайда шілде айының басында «Қазақ» газетіне Петроградтағы «Шорай исламның» төрағасы А.Салихов пен сондағы қазақ өкілдері У.Танашев, Ж.Ақбаев және Ж.Досмұхамедовтен жеделхат келіп, онда «Учредительное собраниеге сайлау 17 қыркүйекте болатын болды, депутаттар списогі бір ай бұрын, яғни 17 тамызда тапсырылмақ болды. Сол үшін жалпықазақ съезін 20 шілдеден кейінге қалдыру мүмкін емес, Қазанда ашылуға ұйғарылған жалпымұсылман съезінің де күні, солай өзгерілді», - делінеді. Қалыптасқан жағдай туралы М.Дулатов «болыс басы кісі шақыру түгіл, уезд басы кісі шақырудың өзі қиындады. Айналырған 12-13 күнде қайта хабар жетіп, шет облыстардың уездерінен 20 маусымға кісі жеткізу мүмкін емес болды. Сонан кейін бюро амалсыз әуелгі қаулысын өзтертті. Съездің күні 20 шілде болсын һәм әр облыстан областной комитет ағзаларынан екі өкіл келсін деді. Онан басқа лаж табылмады, бұрылуға, бұлтаруға болмады», - деп жазды. Съезді ұйымдастыру бюросы «Қазақ» газетінің 24 маусым күнгі санында съездің күн тәртібіне қойылатын мәселелерге байланысты ел талқысына өз тұжырымдарын ұсынып, кейін бұл мәселелердің бәрі бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібіне ендіреді. Аталмыш тезистер болса сол тарихи кезеңдегі Алаш демократиялық зиялыларының күрделі саяси мәселелерге байланысты (мемлекеттік құрылыс, жер, дін, оқу-ағарту т.б.) ұстанған айқындамасы мен көзқарас деңгейінен хабар берді.

Мәселен, бюро мүшелері өздері сұраған ұлттық автономия мазмұнын былайша түсіндіреді: «Қазаққа... мемлекеттік автономия ма, яки уалаяттық автономия ма?... Бұл екеуінің арасындағы айырмасы: мемлекеттік автономия болса өз Госдумасы болмақ; өзіне керек закондерді сол думасы шығармақ; ақшасын өзі жасап шығармақ, барша шаруашылық ісі, темір жол, почта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ. Жер-суының билігі де өзінде болмақ. Өз алдына әскер ұстамақ; қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер, жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда уәкілі ғана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, темір жолы, почта, телерафы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттік Думасына уәкілдерін жібереді. Өз думасы, сол жалпы Мемлекет думасында шыққан законға қайшы келместей закондері шығаруға ықтиярлы болады. Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады». Бюро осылайша автономия жөнінде өз түсінігін ортаға салып «...біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, ар жақ-бер жағын таразылап, тексеріп барып» белгілі бір қорығындыға келуі керек деген пікірді қозғайды. Сонымен бірге, съезді ұйымдастырушылар өз ұсыныстарын талқыға сала отырып: «съезд бюросы жоғарыдағы айтылған мәселелер турасында съезге доклад етиөкші, бірақ жалғыз бюроның докладына қарап тұрмай, әр облыс, әр уезден келетін өкілдер де барша көрсетілген мәселелер турасында елдің пікірін білдіргендей докладтар



жасап келтірулері керек» деп қорытып, шынайы демократия принциптерін ұстанады. Бюро сондай-ақ съезге өкілдер шақыруда да осы принципті ұстанып: «Еуропа жұртында съезге келген өкілдер,-деп жазды олар тезистерінде,- елден шығарда елмен кеңесіп, ел болып қорытқан пікірлерді съезд кеңесіне салады. Сондықтан олардың съездері 2-3 күнде тәмәм болады. Жалпықазақ съезіне келетін өкілдер жоғарыда айтылған съезде қаралуға тиісті болған мәселелерді өз жерінен қорытып, съезіде қаптың алдына салып, бата қылдыруға дайындап алып келулері керек»,-деп съезге «қазаққа пайдалы іс істеуді тілейтін» өкілдер ғана келулері керек, ал даярлықсыз адамдардың келгенінен қазаққа келер түк пайда жоқ дейді. Осы мәселе төңірегінде өз пікірін жазған Ә.Бөкейханов «Қазақтың» 4 шілде күнгі санында «Қазақ депутаттары» атты мақаласын жариялайды. Ұйымдастыру бюросының атынан жазылған бұл материалда ол «осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп» бюроның «қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын» атағанын, съезд қолдаған адамдарды бүкіл қазақ болып сайлайтындығын, депутат саны адам санына тәуелді екендігін, ал Құрылтай жиналысына екі жүз мың адамнан бір депутат сайланатындығын халыққа жан-жақты таратып түсіндіре келіп, қазақ халқының 1917 жылдың орта тұсындағы жалпы санына тән мынадай қызықты фактілерді келтірді: «1897 жылғы есепте қазақ тілін ана тілім деген адам 4 миллион 84 мың еді. Бір жылдағы адам баласының таза өсімі екі жүзге 3 адам болады. Осы есенке салса біздің 9 облыс, бір губерниядағы қазақ биыл 5 миллион 400 мың болса керек. Бұлай болса, біздің жұрт бір жерде иін тіресіп отырған болса, қазақ депутаты 27 болмақ. Бұларға 13-14 кандидат сайланбақ. Сонда біздің депутатымыз 40-41 болмақ... бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бакыт махаббат жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар Осыны аңғар, жұртым қазақ!» деп көрсетіп, бюроның атынан депутаттыққа кандидат деген 43 адамның атын атап, халықтың талқысына ұсынады. Олардың арасында Ж.Ақбаев, А.Бірімжанов, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсекөв, А.Кенжин, С.Сабатаев, М.Төлебаев сияқты белгілі қайраткерлерден бастап саясатқа енді араласа бастаған жастар, Уақытша үкімет комиссарлары мен қатардағы мұғалімдер, дәрігерлер мен шығармашылық зиялылардың өкілдері бар еді. Сонымен, тұңғыш жалпықазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтіп, оның жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан өкілдер қатысып, съездің төрағалығын Халел Досмұхамедов, оның көмекшілері Ахмет Байтұрсынов, Әлмұхамед Көгібаров, хатшылықты Міржақып Дулатов, Асылбек Сейітов атқарады. Съездің күн тәртібіне қойылған мәселелер алдын ала облыстық съездерде жан-жақты талдану арқылы ұсынылды және оның тұжырымдары осы съездің қаулыларында көрініс тапты. Яғни, съездің күн тәртібіне барлығы он төрт мәселе қойылған:

1.Мемлекеттік басқару формасы туралы. Ресей «демократиялық федеративтік парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Мұның себебін съезде



зиялы қауым өкілдері «қазақ мал баққан көшпелі халық. Өнеркәсіп жоқ. Мемлекет шығынын көтеретін байлығы жоқ. Мемлекет ісіп атқаратын адамдары да жоқ. Бұл - бір. Екіншіден, қазақ пен орыс аралас-құралас отырған уездер мен елдер бар (федерация болуды олар қуаттап, бізбен бірге мемлекет боламыз» демесе, оларды көшіріп жібереміз бе, жерін тастап қазақтар шыға қояр ма, бұл жағы қиын ... Мемлекет шығынын көтеру былай тұрсын алдағы уақытша болатын земство шығынына шыдаса да мықтағаны. Қазақ ісінің бәрі бір орыннан таралып, жүзеге асырылуына негізінде облыстық автономия тиімді. Онда жергілікті жеңіл істердің билігі сол жерде болады да, ал ауыр істердің барлығы дерлік мемлекет жауапкершілігіне жүктеледі» - деп түсіндіреді. Сонымен қаулыда Ресей демократиялы федеративті парламентті республика болсын деп ұйғарылады.

2. Қазақ облыстық автономиясы. Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсмынды, ал Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады. Сонымен қаулыда: Қазақ облыстары облыстық штатта автономия болсын делініп, Алаш қозғалысының мүшелері «батыстық» сипаттағы демократия үрдістерін негіз етіп алады.

3. Жер мәселесі. Қаулыда: 14 тармақтан тұратын шешімдерде көрініс тапқан және бұл шешімдер негізінен мәселенің күйін шешу үшін жалғыз съез қаулысы күші жетпейтіндігін көрсетті. Ол үшін Уақытша Үкімет тарапынан және Құрылтай жиналысы тарапынан елеулі шешімдерді қажет еткендігін көрсетеді. Алайда Уақытша Үкімет съезд талаптарын іске асырарлық сынай танытпады, өйткені оның «империяның отарлық» саясатқа сай іс-әрекет етуі жаңа сипатта көрініс беріп отыруынан деп түсінген жөн. Съездің отаршылдыққа қарсы сипаты әсіресе жер мәселесіне қатысты қабылдаған қаулысынан анық көрініп, он төрт тармақтан тұратын бұл құжатта облыстық қазақ съездерінің және қазақ зиялыларының жерге байланысты жасаған тұжырымдары бағдарламалық дәрежеде көрсетіліп: «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін», - делінді оның бірінші тармағында. «Қазақ даласында жарамды жерлер аз болғандықтан», - деп көрсетілген келесі тармақта, - қазақ пайдасынан алынып кеткен мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орныкпаған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға показательные поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер һәм гарнизондарға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босаған жерлер». Бұдан басқа қаулыда «Бөкейлік қазақтары басқа көрші қазақ облыстарына лайықтаған норма бойынша өздерінің отырған жерлерінен жер алсын», «Түркістан казактарына жер берудің үстіне жергілікті су да берілсін», «қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, болыс болып), яғни земельный община болсын» «жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісу еркі. Учредительное



собраниеде қазақ депутаттарына берілсін», «жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын» сияқты іс жүзінде қазақ жеріне иелік құқығын қазақ халқының өзіне қайтару туралы талаптар қойылды. Басқаша айтқанда, бірінші жалпықазақ съезі тек осы жер мәселесін тиісті деңгейде қою жалпы-ұлттық дәрежеге көтеріліп, өзінің тарихи міндетін орындады.

4. Халық милициясы. Қаулыда: Съездің қарарлары мемлекеттік құрылыстың ұлттық түрін құру жолдары қарастырылып, «осы күнгі тұрақты әскер орнына халық милициясы құрылсын»-деп ұлттық әскер жасақтауды, «көшпелі елдерде де отырықшылар секілді тоқтаусыз волостной земство ашылсын» деп қазақтардың арасында земстволық басқару жүйесінің бейімделген түрін ұйымдастыруды, «қазақтың народный сотын» жойып, оның орнына «қазақ тұрмысына лайық айрықша сот» құруды алға тартты.

5. Земство құру мәселесі. Жалпы, земство құру мәселесін құру қазақ үшін аса қажет екендігін кезінде А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейханов патша заманында жеке мәселе етіп көтеріп, земствоны қазақ арасына кіргізу үшін әрекет жасайды. Олардың бұл іс-әрекеттері сол уақытта нәтижесіз аяқталған болатын. 1917 жыл 17 маусымда Уақытша Үкімет «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін енгізу» деген заң қабылдады. Бұл заңның орындалуы ұзаққа созылады. Оның нақты себебі Уақытша Үкіметтегі дағдарыстан туындады. Оны шеткері аймақтарда земствоның енгізілуін нақты жолдарға қою жөнінде мұсылмандар өкілі А.Топшыбачев тамызда шақырылған Мемлекеттік кеңесте батыл айтқан еді. Алайда земствоның енгізілуіне жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі елеулі қарсылық көрсетеді. Қазаққа земство құру 1917 жылдың күз айларында мүмкін болып 1917 жылдың соңына қарай Торғай, Семей облыстарындағы уездерде земстволар құрылады және қазақ шаруашылығының әр саласында елеулі істер атқарады.

6. Оқу-ағарту ісі.

7. Сот мәселесі.

8. Дін мәселесі.

9. Әйел теңдігі. Қаулыларда: Съездің оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселесі бойынша қабылдаған шешімдері қазақ демократиялық зиялы қауымының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп, шешуде өз заманындағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғандығын айғақтайды. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, ал әйел теңдігіне байланысты «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жоғалсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп ризалықтарын біліп отырсын» деп қаулы етеді.

10. Құрылтай жиналысына дайындық және қазақ облыстарынан депутаттар сайлау. Қаулыда: Съезд қазақ облыстарынан депутаттыққа және оларға кандидаттыққа лайық деп санаған 81 адамның атын атап, халықтың назарына ұсынады. Олар Қазақстанның барлық облыстары мен Орталық Азиядағы қазақ



қауымдастықтарының өкілдері болды. Депутаттыққа кандидаттар ішінде бірінші қатарда қазақтың либералды-демократиялық қозғалысының көпшілік таныған көсемдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, облыс жетекшілері Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ж.Ақбасев, А.Тұрлыбаев, А.Сейітов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, С.Қадырбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышпаев, Ы.Жайнақов, С.Аманжолов, М.Шоқаев, Ә.Кенесарин, Қ.Қожықов, Ғ.Оразаев, Б.Құлманов, У.Танашев, А.Мангелдин, және тағы басқалары кірді. Бірінші жалпы қазақ съезінде қаралып, әр облыс ұсынған адамдардың тізімі жөнінде «Сарыарқа» газетінде: Учредительный собрание: істелетін жұмыс әр облысқа, әр тапқа емес, әрісі - мемлекеттің, берісі - рулы елдің жұмысы болатындықтан, қазақта әр облыстағы елі бет-бетімен кетпей, пікір біріктіріп, ертенгі ұлы жиында бірауыздан шығуы керек... Сондықтан, қай болыстан қай жігіт таңдалса да, бүкіл қазақ болып ырзалық көрсетуі керек, - деп әр облыстың Учредительное собраниеге атаған азаматын қазақ съезі қарап, ұнаса ұнағандығын, ұнамаса ұнамағандығын айтпақ болды және депутат болатын азаматтардың қысқаша тұмырында не қылған жақсы, жаман істерін, байлаулы мінезін айтып, ұнамау мінезі болса, тіпті облыстық съезд жасаған списоктен біржола шығармақ, не орын ауыстырмақ - деп жазды. Осы ретпен съезде Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесі өте ұқыптылықпен, әрі халықтың пікірін ескере отырып, жан-жақты талқыланды. Олардың арасында Г.Н.Потанин (Семей облысы бойынша), В.Чайкин, Т.Ғарботабеков, Ш.Диваев (Ферғана облысы) сияқты басқа ұлт өкілдерін де кіргізді. Депутаттыққа кандидат етіп ұсынылған тізім жөнінде М.Дулатов «Басқа облыстың депутаты кім болса ол болсын, өзімдікі жақсы болса жарайды деп ешкім ойлаған жоқ. Қай облыстікі болса да пайдасы мен зияны, абыройы мен ұяты қазақ халқына бірдей... Съезд білгенінше әр облыстан осылар жарарау деп қаулы қылды. Мынау пәлен рудан, анау түген уезден деп съезд қазақшылық қылған жоқ. Қазақшылық қылатын орын бұл емес», - деп жазды. Сондай-ақ съезд халықты бірнеше тізім жасап өзді-өзімен таласып кетуден сақтандырып, ондай болған жағдайда қазақ жұрты өзіне сыбағалы депутаттық орнын өзге жұртқа беріп қоятындығын ескертіп «бір облыста бір списоктен артық болмасын, ол список осы жалпы қазақ съезі көрсеткен список болсын», - делінді.

11. Бүкілресейлік мұсылман Съезі (Шора-и-Ислам). Қаулыда: Жалпықазақ съезі «Шорай исламда» қазақ өкілдері болсын, бірақ оның ағзалары әр халықтың санына қарай анықталсын, соған байланысты қазақ өкілдерінің санын көбейту жағы тез арада шешілсін деп «Шорай исламға» мүшелікке 8 адамды сайлайды және Киевте өтетін федералистер съезі мен Петроградтағы оқу комиссиясына да өкілдер тағайындайды.

12. Қазақ саяси партиясы. Қаулыда: Бірінші жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы да мәселе қарайды. Соған орай А.Кенжеұлы: «...Россияда осы күні түрлі партиялар бар... Қай партияның болса да программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейтіндігін, сондықтан, біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына партия жасамайынша болмайды. Оны жасау, қандай жол тұту, оны һәм сол жалпы қазақ съезінде кенесу



керектігін» маңызды санады. Осы мәселе туралы съезд қабылдаған қарарда «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шорай исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партия демократическая федеративная парламентарная республикаға негізінде құрылмақ. Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін Учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді. Қазақ съезі партияның жобасы жасалғанша осы съездің қаулылары Учредительное собраниеге баратын қазақ депутаттарына наказ-аманат болады» делінді. Алайда, Шорай-Исламға сайланған қазақ өкілдерінің съезге мезгілінде жете алмауларына байланысты партияның жобасы жасалмай қалды. Ақырында Орынбордағы қазақ зиялылары Құрылтай жиналысына уақыттың тым аз қалғанын Ж.Досмұхамедовтің ашық хатының мазмұнын ескере отырып, «...съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтін, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр. Жалпы қазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар сайлауға кандидат тізімін «Алаш» партиясының тізімі деп жүргізу керектігін баса айтылды.

Съездің соңғы күндері жаңадан құрылуға тиіс партияның өміріне қатысты мынадай оқиға болады. Съезге қатынасқан бір топ депутат партия құру ісіне байланысты сөйлеген Ә. Бөкейхановтан ресейлік кадет партиясына қатынасын ашық мәлімдеуді талап етеді. Соған байланысты болашақ партия басшысы өзінің кадеттер партиясы құрамынан шығатындығын мәлімдейді. Ол кейінірек «Қазақ» газетіне жариялаған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мәлімдемесінде бұл шешімінің себептерін былайша түсіндірген болатын: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылыш алса, башқұртша юөрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз. Алаш ұратиды жұрт жиылып ұлт автономиясын тікпек болдық. Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молла хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалованье алған моллалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партия менін бұл һікіріме өзгеше қарайды. Осы үш жол айрылғаны биыд ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа «Алаш» партиясына ашуға тырыстым. Мен шілдедегі жалпықазақ съезіне осыны айтқан едім». Сөйтін, бірінші жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы шешім қабылдағанымен, күзге дейін, яғни Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны қызғанға дейін ол партияның түрлі деңгейдегі ұйышдарын құру ісімен ешкім де айналыса қоймайды.

13. Жетісу облысындағы жағдай. Қаулыда: съезд Жетісудағы қайғылы оқиғаларға байланысты шешімдер қабылдап, оларға шек қоюды сұраған эскери және ішкі істер министрлеріне жеделхаттар жолдайды және осы



облыстағы «ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінеді.

14. Киев шаһарында болатын Бүкілресей федералистерінің съезіне және Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақ делегаттарын жіберу. Қаулыда: Киев шаһарында тамыз айында өтетін бүкіл Ресей федералистерінің съезіне Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Уәлихан Танашев сайланды. Егер үшеуінің арасынан біреуі бара алмаған жағдайда Шорай-исламға сайланғандар арасынан біреуін алуға болады делінді. Ал Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл болып Аспендияр Кенжин белгіленді.

Осылайша 1917 жылдың шілде айының 26 күні Бірінші Жалпықазақ съезі Орынбор қаласында аяқталды. Съезге қатысу-шылар съезд аманатын аркалап елдеріне тарады.

### §3. «Алаш» партиясының құрылуы

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихында «Алаш» партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси-әлеуметтік сипаты және қазақ тарихында ерекше орын алды. 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезінде қаралған ең маңызды мәселелердің бірі қазақтың ұлттық саяси партиясы болатын. Съезд қаулысында партия құру туралы төмендегідей шешімдер көрсетіліп, «Дербес қазақ партиясы қажет, сол себепті партия бағдарламасын даярлау Шора-и-Исламға делегат болып сайланған қазақ өкілдеріне жүктеледі... партия тұғынамасы демократиялық федеративті-парламенттік республикаға лайықты болуы шарт... партия бағдарламасы даяр болған соң оны қазақ облыстық комитеттеріне қарауға ұсынады, одан кейін Құрылтай жиналысына жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді», - делінеді. Алайда Петроградтағы «Шорай исламның» атқару комитетіне сайланғандардан тек Ж.Досмұхамедов пен У.Танашев қана барады да, ал басқа облыстардан сайланған өкілдердің ешқайсы бармай қояды. Көп ұзамай елінен шақырту келуіне байланысты У.Танашев та қайтып кетеді. Осыған байланысты «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 5 қазандағы санында Ж. Досмұхамедовтың хаты жарияланып, онда ол Құрылтай жиналысын дайындайтын Кеңесте, «Шорай исламда», Бас Жер Комитетінде және басқа көптеген орындарда жалғыз өзі жүргендігін білдіріп, қазақ партиясының бағдарламасын жазуға уақыты мүлдем қалмайтындығын айтып шағым жасайды.

Бұл уақытта Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мезгілі таянып, елдегі әрібір саяси партия өз тұғынамасын жариялап, өз ұраны атынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жасап, үгіт-насихат науқанына кірісіп кетсе, ал шілдедегі жалпықазақ съезінің шешіміне сай депутаттыққа кандидат ретінде тіркелген қазақ зиялылары болса сайлау тізіміне қазақ саяси партиясының атынан түсетін болып келісілгеніне қарамастан, әлі ол партияның бағдарламасы да, тіптен аты да мағлұм емес еді. Уақыттың тым аз қалғанын түсіне отырып,



«Қазақ» газетінің басқармасы Петроградтан Ж.Досмұхамедовтың хатыналған соң, 5 қазан күнгі санында ««Алаш» партиясы» деген бас мақала жарияланып, «Әр саяси партия өз ұранын шақырып, өз ұраны атынан список түзеп, сайлау ісіне кірісе бастады. Қазақ партиясының программасы жасалмағанмен жалпы қазақ съезінің қаулысы жасаламақ программаның негізі болсын», - делініп, - Съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды ізлесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси-партиясының атын «Алаш» қою, ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпы қазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогі деп жүргізулері керек».

Бұл мақалаға дейін «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 5 қазандағы санында Ж.Досмұхамедовтың партияның атын «Алаш» деп атауды ұсынған хаты жарияланған еді. Не себептен «Алаш» қою түсінікті еді, өйткені «Алаш» сөзі қазақ халқы үшін қастерлі түсінік және халықтың бұрынғы атауы екені белгілі. Сонымен қатар «Қазақ» газетасы арқылы қазақ саяси партиясының органы ретінде Қазақ облыстық комитеттеріне жеделхат жіберіп, онда қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы айтылған. Мақала авторлары әрбір облыстардағы орыс жұртымен ынтымақтасып келісіп Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттардың ортақ тізімін жасауды мақұл көретіндерін айтып, ондай келісімге жете алмаған күнде қай облыста болса да қазақтар «өз списоктарының атын «Алаш» партиясы - Киргизская партия Алаш деп жүргізулері тиіс» екендігін жазады. Осы баяндалған мақаланы жариялаумен бір мезгілде «Қазақ» басқармасы барлық облыстардағы қазақ Комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жеделхаттар да жіберген еді. Осыдан кейін «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан бастап қалыптасып, Ә.Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12-20 жұлдызы аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қараша айында Орынборда ашылады. «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы Ә.Бөкейхановтың Томда 8-10 қазан аралығында болып өткен Сібір автономиялы съезінен қайтар сапарында іске асырылады. Ол қайтар жолында Семей қаласына тоқтап 12-13 қазан күндері қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды және «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша облыстық комитетін жасақтайды. Комитеттің төрағасына Халел Ғаббасов, жолдасына Ахмеджан Қозбағаров, хатшысына Сыдық Дүйсенбин, қазынашысына Әнуар Молдабаевты сайлайды. Семейден соң Ә. Бөкейханов Омбы қаласына келіп, мұнда да өнеркәсіп орындарында, қаладағы қазақ жастарымен кездесулер өткізіп, кездесуде Ә.Бөкейханов Томда өткен Сібір автономиялы съезі туралы есеп беріп, сөзінің екінші жартысын. «Алаш» партиясының бағдарламасына, күрес әдісіне арнайды. Сонымен қазан-желтоқсан айларында облыстағы бес уезде «Алаш» партиясының уездегі комитеттері ашылады. «Қазақ» газеті өзінің 1917 жылғы 14 желтоқсандағы санында «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық



комитеттің ашылғандығын мәлімдеп, комитеттің мүшелігіне Орынбор қаласында «тұратын 10 қазақ һәм 4 уезден 4 қазақ, барлығы 14 ағза», төрағасына Ә.Бөкейханов, төраға серігіне А.Байтұрсынов, хатшысына М.Дулатов, қазнашысына Ж. Жәнібековтың сайланғаны жөнінде жария етеді.

«Алаш» партиясының сол кездегі басқа партиялар сияқты Орталық комитеті жасақталмайды. Оны алаш қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы жұртшылыққа былай деп түсіндіреді: «орыс партиялары сияқты біздің Алаш партиясында кіңдік комитет жоқ болғанымен Орынборда жасалған жалпықазақтың тұңғыш тобы ұнатып, бата қылған адамдар, бірен-саран өзі қалаған, яки ризалықпен орын ауыстырғаны болмаса, түгелімен Алаш партиясының атынан кірген списоктарға жазылып отыр» делінген. Яғни, Алаш партиясының басқарушы орталығы ретінде жалпықазақтық съезде бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат етіп бекітілген (79 адам) топты қарастырған. Партияның орталық комитетін құруға, партия бағдарламасы мен жарлығын дайындауға қазақ төңкерісінен кейінгі Ресейдегі саяси жағдайлар әсер етіп, соның салдарынан жоғарыдағы мәселелерді дер кезінде шешу мүмкін болмады. Сондай аласапыран кезеңде қазақ жұртшылығын дер кезінде қазақ саяси партиясының құрылтай жиналысына шақыру және оны өткізу мүмкін еместі. Орталықта билік большевиктер қолына көшіп, шеткі аймақтарда ұлттық қозғалыстар өрбуімен қатар большевиктік билікке қарсы күштердің топтары қат-қабат көрініс берген болатын. «Алаш» партиясының жарияланбағанымен, белгілі дәрежеде дайындалып қойған жарғы да болған. Ол жөнінде партияның Семейдегі облыстық комитетінің құрылуына байланысты «Қазақта» жарияланған мақалада: «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шарты-кіндік комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген программалағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн». Партияның Орынбор қаласында Торғай облыстық комитеті ашылғандығы жөнінде хабарында «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының ағзалық жарнасы 1 сом деп көрсетті. Партияның бағдарламасын «Шоран исламдағы» сайланған қазақ өкілдеріне жүктелген ұлттық саяси партия бағдарламасының жазылмайтындығы мәлім болған соң, бұл істі «Қазақ» басқармасына біріккен топ өз мойнына алып, газеттің 1917 жылдың 21 қараша күнгі санында «Алаш» партиясының бағдарламасы басып шығарады. «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын даярлағандар: Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмұхаметов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов сынды қазақ зиялылары



болатын. «Алаш» бағдарламасының жобасы нұсқалы қысқа да, әріұғымды шыққан. Сол замана ағымына сәйкес келетін құжатта негізгі әрі тиісті деген мәселелер түгелдей дерлік қарастырылған және бұл бағдарлама жобасы көпшілік-әлеуметтік топқа сүйенетінін көрсетті.

Алаш бағдарламасында камтылған негізгі мәселелер төмендегідей еді болды:

I. Мемлекет қалпы. Ресей демократиялық федеративтік республикаға енген әрбір мемлекет тәуелсіз болып табылады. Үкімет басында Учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауапты болу.

Депутаттар тегіс, тең төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау хұқында дін, еркек, әйел талғаусыз болады.

Законда жалғыз ғана Г.Дума шығару һәм Г.Дума үкімет үстінен қарап ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау хұқы да Г.Думада болу мемлекет салығы Г.Думасыз салынбау.

II. Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстарының бәрі бір байланып өз тізгіні өзінде болып Россия республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу. «Алаш » партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид қылады. Земстволардың управаларында милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады. «Алаш » партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарақи (дамуына) ету жағына бастайды.

III. Негізгі хұқық. Россия республикасында дінге, қанға қарамай еркек әйел демей адам баласы тең болу.

-жиылыс жасауға,қауым ашуға, жария сөйлеуг, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік, үкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығынт атамаушылық;

законсыз жолмен ешкімді өкімет адамдары ұстамаушылық, сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық, қылмысты болған адам судья бар жерде бір жетідей қалмай судьяға тапсырылып, жабылса, судья үкімімен жабылу. Кісі хатын ашқанға –айып, оқығанға жаза болу.

IV. Дін ісі.

Дін ісі мемлекет ісінен айырулы балу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

Муфтілік қазақта өз алдына болу.Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болу, жесір дауы сотта каралу.

V. Билік һәм сот. Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья



орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тен болу. Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кімде болса, олардың үкіміне мойын сұну. Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присежный сотпен қаралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу. Присежныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билікпен сот жұрт ұйғарған ерепсе жолмен атқарылу.

VI. Ел қорғау . ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер тобына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

#### VII. Салық.

Салық әл-ауқат табысқа қарай байға –байша, кедейге –кедейше әділ жолмен тарату.

#### VIII. Жұмысшылар.

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод –фабрикалар аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. “Алаш” партиясы жұмысшылар турасында социал –демократтардың меньшевик табының програмасын жақтайды.)

#### IX. Ғылым –білім үйрету.

Оқу ордаларының есігі кімде кім болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жаңылу. Бастауыш мектептерде ана-тілінде оқу, қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу, оқу жолы өз алдына автономия түрінде болу; үкімет оқу ісін е кіріспеу; Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу, ел ішінде кітапханалар ашылу.

#### X. Жер мәселесі.

Учредительное собрание негізгі заң жасағанда жер сыбағасы алдамен жергілікті жұртқа берілісін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлерден мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; Сыбаға өлшеу норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу; Сыбағадан артылған жер земество қолында болу; артық туған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп беру; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иленбей ауыл-аймақ, туысқан тобына меншіктеп алу; өзара әділдік жолмен пайдалану. Жер заңында жер сату деген болма, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земествоға алыну. Жердің кені астыңғы байлығы қазынанікі болып, билігі земество қолында болу. Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земество мүлкіне саналу.

Яғни «Алаш» партиясы өз бағдарламасында Ресей мемлекетінің демократиялық, федеративтік республика болғандығын қалайтындығын білдіріп, «Демократия-мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрлық мемлекеттер бірлесуі. Федеративті республикада әр іемлекеттің іргесі бөлек, ынтынағы бір болады, әрқайсы өз тізгінін өзі алып жүреді... Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның ұйғаруы бойынша кесімді



мерзімге сайланған Президент тұрады. Президент қоғамдық істерді министрлер арқылы жүргізеді, ал министрлер Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болмақ. Мемлекеттік Думаға депутаттар тегіс, тең, төте және құпия сайлау арқылы сайланады. Сайлау хақында қан, дін, ержек-әйел талғаусыз болады». Яғни, бағдарлама бойынша шашыранды қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей Федерациясының құрамына енгісі келді және әлеуметтік теңдік мәселесі жөнінде жалпы-ұлттық мүдде, гуманизм тұрғысынан келетіндігін көрсетіп: «Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа найдалы, жұрт үшін қызмет етуге көнетін адамдар болуын, земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады. «Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсайды», - деп жазды. Бағдарламада салық мәселесі де осы тұрғыдан шешіліп, «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше гәділ жолмен салынады. Қазақ жерінде зауыт-фабрика өте аз, соған байланысты қазақтың жұмысшылары да аз. Ал бар жұмысшылар заң панасында болады. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик тобының программасын жақтайды».

Бағдарламаның демократиялық сипаты, әсіресе оның «негізгі құқық», «ғылым-білім үйрету» сияқты тарауларынан анық байқалып, «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек әйел демей адам баласы тең. Жыйындыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға - еркіншілік, заң орындарының рұқсатынсыз жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, сот сұрап, билік айтылмай ешкім тұтқынға алынбайды... Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз болмақ, оқу жалпыға бірдей жайылмақ. Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш кластарда сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, Үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сайлау арқылы тағайындалады», - деп көрсетілді.

Бағдарламада жер мәселесі арнайы тарауда қаралып, негізінен бірінші жалпықазақ съезі шешімдері тұрғысынан баяндалады. Міне осылайша өз бағдарламасын жасаған «Алаш» ұйымдық тұрғыдан қалыптасып үлгірмей-ақ жалпыресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау шарасына қызу араласып кетеді. Оның бұл саладағы қызметі мынадай екі бағытта жүріп: біріншісі, «Қазақ» және осы 1917 жылдан бастап шыға бастаған «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент) және «Ұран» (Орал) газеттері партияның бағдарламалық міндеттерге, оның атынан депутаттыққа ұсынылған адамдарды халыққа таныстырып жатса, екіншісі, өзін осы партияның мүшесі санаған оның облыстардағы белсенділері қазақ комитеттерінің қолдауымен ел арасында үгіт жұмысын жүргізді. ;

Мәселен, «Қазақ» газетіне Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау шарасына дайындық барысы туралы Ақмола облыстық «Алаш» партиясы



комитетімен мынадай хабар келіп түседі: «Алаш» комитеті әр уезге Учредительное Собрание сайлауын халыққа түсіндіруге кісі шығарды. Бұлар Ақмола облысының 5 уезінде «Алаш» комитетін ашты. Жұрттың бәрі «Алаш» атынан шыққан депутаттарға тас саламыз, онан басқаның бізге керегі жоқ деп бата қышысып тұр», - делінсе, ал Семей облысындағы сайлауға дайындық барысы туралы «Сарыарқада» мынадай хабар басылды: «Құрылтай сайлауы таянған себепті ел андаусыз қалмасын деп, облостной қазақ комитеті Павлодар, Семей һәм Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды. Семей уезіне шыққандар: Мұстақым Малдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шайхы Мұсатаев, Құрман Есенғұлов, Әшім Нұрмұхамедов Өскеменге барып, ондағы ақсақалдар, азаматтарымен сөйлесіп сайлау мәселесін түсіндірушілер шығару үшін Сыдық Дүйембин кетті; Павлодарға да осы мақсатпен кеткендер Юсуфбек Аймауытов һәм Қаныш Сәтбаев».

Осындай мазмұндағы хабарлар жаңа құрылған түрлі ұйымдардан келіп жатты. Мәселен, Семей облысы Шыңғыс ауылындағы 35 мүшесі бар «Талап» ұйымы сайлауға байланысты қабылдаған қаулысында, әрбір мүшесіне көлігі жоқ кедейлерге көлік, «шаналы түйе» ұйымдастыруды міндеттейді.

Депутаттыққа кандидаттарды халыққа таныстыруда, жалпы Құрылтай жиналысының атқаратын міндетін түсіндіруде «Қазақ» газетінің негізгі жүкті өз мойнына алды. Мәселен, газет 1917 жылғы 28 қазандағы санында Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы, депутаттыққа кандидат И.Жайнаковтың 16 жылғы көтеріліс сарбаздарын жазалау ісіне қатысы жөнінде құжат жариялап, соңында: «Біздің жұртқа айтарымыз: ұлт қыаметіне кіріскен адамның, әсіресе кешегі Ескі өкімет заманындағы ісіне, қызметіне қарау керек. Николай қуылып, министрлер жабылып, губернатор, приставтардың көзі жоғалып кеткеннен кейін ғана ұлтшыл қамқор, ер, есер болып кеткендерден байқау керек, қабығын тырнап қарау керек. Бостандық бояуының астында Ескі өкіметтің жолдасы отырмасын» - деген пікір айтты.

Сонымен қатар, «Алаш» партиясының переселендердің игілігіне ауысқан ата-мекен қыстаулар мен шабындықтарды қайтарып алу, ұлттың өз биілігін өзіне беру, дін бостандығы және сол сияқты күнделікті тіршілікке қатысты көтерген мәселелері халыққа жақын әрі ұғымды көрінген. Оны қараша және желтоқсан айларында өткен Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны ашықтан-ашық көрсетіп берді. Сайлау нәтижесінде «Алаш» партиясы блогы сайлаушылардың Жетісу облысында 57,5, Торғай және Орал облыстарында 75,0 процентінің дауысын алды. Кейбір уездерде «Алаш» партиясының жеңісі мұнан да үлкен көрсеткіштермен сипатталды. Семей уезінде оған сайлаушылардың 85,6 проценті қолдау көрсетті. «Алаш» партиясының қайсыбір аудандарда социал-демократиялық ағымдардан басым түскенін тағы да мынадай көрсеткіштерден аңғаруға болады. Торғай Облысы Ырғыз уезінде бірінші нөмірлі тізім бойынша түскен «Алаш» партиясы кандидаттары дауыс беру нәтижесінде 51351 дауыс, екінші нөмірлі тізім бойынша түскен социалист-революционерлер 181 және үшінші нөмірлі тізім бойынша түскен социал-демократтар партиясы 193 дауыс алған. Осындай арасалмақ Торғай уезінде де



байкалып, бірінші нөмірлі тізіммен түскен «Алаш» кандидаттары 54 978 дауыс, екінші нөмірлі тізіммен түскен социалист-революционерлер 110 және үшінші нөмірлі тізімімен түскен социал-демократтар партиясы 41 дауыс алды. Әрине, өзара салмақтың қалаларда, переселен селоларында, өнеркәсіп орындарында «Алаш» партиясының пайдасы жағында болмағаны түсінікті. Мәселен, Ақтөбе қаласында болып өткен сайлау нәтижесінде «Алаш» партиясы блогы -300, социалист-революционерлер және социал-демократтар блогы-358 дауыс алған еді. Міне, бұл сандық көрсеткіштер, салыстырмалы болса да, қазақ қоғамындағы ықпал үшін өзара күреске түскен түрлі бағыттағы саяси күштердің арасалмағының көрінісі болатын. Сонымен, Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау «Алаш» партиясы үшін алғашқы үлкен сынға айналып, жеңіске жетеді. Қорыта айтқанда, Алаш партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болып, ол тұңғыш ұлттық саяси ұйым ретінде тарих сахнасына кірді. Алаш партиясының мүшелерінің құрамы әртектілерден тұрып, олардың басым көпшілігі, негізінен қазақтың ұлттық интеллигенциясының өкілдері еді. Алаштың басты идеологиясы отарлыққа қарсы бағытталған жалпы-ұлттық идеядан туындады.

Яғни сол кезде Ресейдегі билікті өз қолдарына алған большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерімен қаруланса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын тандап алды. Сондықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Бұл жөнінде Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газеті арқылы зиялы қауымға былай деп ұран тастаған еді: «Россия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол!»». Ал екінші жалпықазақ съезінің шешімдеріне кейінірек саяси баға берген Ә.Бөкейханов 1919 жылғы II ақпанында былай деп мәлімдейді: «Съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмның дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады... Сол кезде Россияда орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы-большевизммен күрес тұрды».



#### 4-БӨЛІМ

### ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ТҮСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

#### ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

### РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

#### §1. Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауы және оған Алаш зиялыларының көзқарасы

1917 жылы 25 қазанда Петроградта болған төңкерістің нәтижесінде билік басына В.И.Ленин бастаған большевиктер келеді. Олар елдегі аса күрделі жағдайды мұқият бағалап, мемлекеттік дағдарыс пен өнеркәсіптік тоқырауды және жокшылық пен күйзелушілікті өз мүдделеріне шебер пайдалана білді. А.Байтұрсынов жазғандай «Қазақтарға Ақпан төңкерісі қаншалықты түсінікті болса, Қазан социалистік төңкерісі соншалықты түсініксіз көрінді. Бірінші төңкерісті қандай қуанышпен қарсы алса, екінші революцияны соншама үреймен қарсы алуға тура келді». Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияларға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зордығынан құтқаруында және екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді.

Екінші, яғни қазан революциясына қазақтардың түсінбей қарауын А.Байтұрсынов қазақ қоғамында капитализмнің жоқтығымен, соған сай таптық жіктелудің әлсіздігімен байланыстырды. Басқаша айтқанда, Байтұрсынов пен оның серіктері ақпан революциясымен бірге келген саяси өзгерістер ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге және басқа міндеттерді шешуге жол ашады деп түсінді. Олардың ұғымынша, қазақ қоғамы алдында тұрған негізгі мәселелер осылар болатын. Ал қазан революциясымен байланысты даму алған процестерді, ең алдымен таптық жіктелу мен тапаралық күреске көшу тек индустриалды, жоғары мәдениетті даму сатысында тұрған елдерге ғана тән құбылыс, сондықтан да қазақтарға мүлдем түсініксіз жағдай деп білді. Жалпы Алаш интеллигенциясы арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан қолдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан емес, тіптен Ресейдің өзіне де азапты болашақ әкелетін бағыт болатын. Алаш қайраткерлері ең алдымен большевиктер бағдарламасындағы қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Өйткені олардың ойы бойынша, қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін еместің, тіптен ондай әрекет, біріншіден, оны қабылдауға мүлдем



даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасында түсінбеушілік туғызса, екіншіден, әлеуметтік теңдік орнатудан бұрын, әлеуметтік апатқа апаруы толық мүмкін еді. Дәстүрлі шаруашылық түрінің бұзылуы, қазақ шаруаларының, жалпы қоғамның қоғамдық меншікке негізделген шаруа шырлық жүргізуге қай жағынан болса да даярлығының, жоқтығы осындай нәтиже бермей қоймайды деп түсінді.

Қазақ зиялылары большевиктердің тап күресі туралы теориясын да қолдамады. Олардың түсінігі бойынша қазақ қоғамы Ресейдегідей таптық жіктелу деңгейінен алыс жатты. Ал сол тарихи кезеңде отарлық езгідегі қазақ жұртына қандай да болсын жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдде негізінде бірігу ауадай қажет еді. Жіктелу, керісінше, оны әлсіретіп, негізгі мәселелерді іпешуге мүмкіндік бермейді деп түсінді.

Бүкілресейлік Құрылтай таратылғаннан кейін, сол арқылы ұлттық автономия алудан үміттенген Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Егер «Алаш» партиясына біріккен ұлттық интеллигенция большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік тәжірибені зорлап танушы, қазақ жұртына іріткі салушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін жанұшыра қорғайтын контрреволюциялық күш есебінде қарап, қазақ бұқарасының таптық сезіміне тие отырып, оны ұлттық мемлекет туын көтерген Алаш қозғалысына қарсы қойды. Өз ретінде «Алаш» большевиктердің таптық жіктеу саясатына ұлттық тұтастық, бірлік саясатын қарсы қолданды. Мәселен, Ә. Бөкейханов: «Біз қарап отырсақ қосақ арасында ібос кетеміз. Қазақ Жұрты болмн бас қамын қылмасақ болатын емес. Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді. Алаштың баласы, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200 жылда, басына бір қиын іс келді. Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздықты, дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс. Алаштың басын қорғауға қам қыл!»,- деп жазды.

Большевиктер 1917 жылғы сәуірде Петербургта өткен өз конференциясында мынандай мәлімдеме жасаған болатын: Ресейдің құрамына кіретін езілген халықтарға Ресей мемлекетінің құрамында қалу немесе дербес мемлекет болып бөлініп шығу мәселесін өздігінен шешуге құқық берілуге тиіс...». Сондай-ақ сол конференцияда қабылдаған қарарында «Ресейдің құрамына кіретін барлық ұлттардың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құжын жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау – басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар» делінген. Осыдан сәл кейінірек большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне: «Уақытты өткізіп алмандар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер. Дәстүрлеріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер» деген үндеу жолдады. Большевиктердің шынайы тәуелсіздік пен демократия жолы деп келген қазақ даласындағы Кеңес өкіметінің жеңісі, іс жүзінде патшалық Ресейдегіден де күшті диктатураға, бюрократиялық жүйені



орнатуға апаратын жол болып шықты. Мемлекеттік түрге оранған революциялық зорлық-зомбылық жаңа қоғамдық қарым-қатынасты енгізіп, қолдап отырды. Ал олар үшін Қазақстанда объективті жағдайлар орныққан жоқ болатын. Ресейде ұлттық мәселе бойынша «маман» болып есептелетін И.В.Сталин 1919 жылы деп жазды: «Шығыс жақтар, татарлар мен башқұрттар, қырғыздар мен өзбектер, тәжіктер, ең ақыры бірқатар этникалық топтар мәдени жағынан артта қалған немесе орта ғасырлық заманнан әлі шықпаған не жақында ғана капиталистік даму аумағына түскен халықтар». Дегенмен ол ұлттық шеткері жақтардың мұндай артта «қалушылығы» орыс диктатурасын орнатуға бөгет емес деп есептеді. Орыс марксистерінің ұстанған бағыты бойынша орталықта басталған революция өзінің тар шеңберінде ұзақ қалмауы тиіс. Орталықта жеңген соң, ол сөзсіз шеткері жақтарға таралуы керек. Шынында да, Ресейде болған төңкерістен кейін революциялық оқиғалар ұлттық шет аймақтарға тарай бастады. Бірақ бұл жердегі, әсіресе қазақ даласындағы оқиғалар жергілікті халықтың революциялық белсенділігі емес, сырттан әкелінген факторлардың жемісі болды. Қазақ даласындағы Кеңес өкіметі әрбір қалада, ірі мекендерде қызылгвардияшылар мен жұмысшы әскери жасақтарының қылышына сүйене отырып құрылды. Оларға большевиктер жағына шыққан жергілікті гарнизондардың солдаттары көмектесті. Яғни, жергілікті гарнизондар мен орыс шаруа жер ауғандарынан қолдау тапқан Қызыл гвардия жасақтары өлкеде Кеңес өкіметінің жеңісі «бейбіт» немесе қарулы жолмен орнатылған-орнатылмағанына қарамастан шешуші факторға айналды. Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ әр түрлі сылтаулармен жергілікті халықты билік орындарына қатыстырмады. Мәселен кейін Ташкентте 1917 жылы 16 қарашада құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесінде бірде-бір түркістандық болмай шығады. Халком кеңесінің алғашқы мәжілісінің ашыларына бір күн қалғанда, оның төрағасы Колесов: «Жоғары органға мұсылмандарды енгізу олардың бірде-бір пролетарлық ұйым болмағандықтан ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың оларға деген көзқарасы әрқилы болып отырғандықтан да мүмкін емес»-деп мәлімдеген. Патша заманында жергілікті халықтар өкілдерінің үкімет құрамына өтуіне «бұратана» болғандығы сылтау болса, енді кеңес үкіметінің құрамына өтуіне «пролетар еместігі желеу болды.

Бұл жөнінде Г.Сафаров: «Төңкерістің алғашқы күндерінде-ақ Түркістандағы Кеңес өкіметі темір жол бойындағы ат төбеліндей ғана орыс жұмысшыларының өкіметі ретінде орнады. Түркістандағы пролетариат диктатурасының бірден-бір иесі тек қана орыс бола алады деген көзқарас бұл жерде әлі күнге дейін белең алып тұр... Түркістанда европалықтар мен мұсылмандар арасындағы ұлттық теңсіздік аттаған сайын барлық нәрседе байқалады» деп жазды «Түркістан» атты макаласында.

Петроградта Қазан төңкерісі нәтижесінде Уақытша үкіметтің құлатылып, билікке большевиктер партиясының келуімен қазақ даласындағы большевиктер жергілікті ұйымдардың қарсылық көрсетуіне қарамастан Кеңес өкіметін орнатуға ұмтылды. Өкімет басына келген большевиктер партиясының



стратегиялық жоспарына сәйкес Ресейде жеңіске жеткен социалистік төңкеріс болашақта дүниежүзілік төңкеріске ұласуы керек еді. Ал, ескі Ресей империясының отарлы аймағы ретінде қазақ өлкесінің бұл жолмен жүруі сөзсіз міндетті саналды. Социалистік төңкерістің жолында мыңдаған адамдар құрбан болып, қазақ даласы сияқты өлкеге адам айтқысыз таптық зорлық-зомбылықты ала келгені сөзсіз.

Сондай-ақ, большевиктердің билікті жергілікті халыққа беру ойларында да болған емес. Оны «Бірлік туы» газетінің 1918 жылы 29 қаңтардағы 21-санында жарияланған С.Қожановтың мақаласынан көруге болады. Онда ол былай деп жазады: «25 нойабырда жалпы Түркістан мұсылмандарды болып «бәлшеуіктерге бой ұрмаймыз» деп, Хохант шаһарында сиез жасап, афтаномия ығлан етіп еді. Бәлшеуіктер бұған да жол тапты. Бұл жол: «Афтаномияны Түркістанның байлары һәм молдалары ғана істеп отыр. Кедейлердің қатысы жоқ, олар біздің жақта. Соның үшін біз бұл афтаномияны танымаймыз» деп отыр... 25 декабірде Хохантта жұмыскері бар, егіншісі бар, тағы сиезде Түркістан афтаномиясын жақтап, бәлшеуіктерге қарсы қаулы жасап еді. Бұған да ... дәлел көрсетті... Бүтін Сырдария облысы қазақ-қырғызы гинуардың 6-сында Түркістан шаһарында сиез жасап, Түркістан афтаномиясын жақтап, бәлшеуітерге қарсы қаулы жасады. Енді бәлшеуіктер ... тағы ... жалтарып шыға келді» - деп, Түркістанда большевиктер жүргізіп отырған әділетсіздікті ашына айтады. Мысалы, олар түркістандық қой терісін жамылған отаршылдарға, көзі қарайған орыс пролетариаты мен крестьяндарына сүйеніп, ойларына келгенін жасаған... Он миллионнан астам мұсылмандарды, оларға қоса көп крестьяндарды елеусіз етіп, 5-6 бәлшеуік бүтін Түркістанды билеуге бел байлап отыр». Сұлтанбек Қожанов сияқты қазақ қайраткерлері большевиктердің өзара дұрдараздық берекесіздіктеріне төзімсіздік пен жиіркеніш сезіммен қарап, жұртшылыққа осыны баспасөз бетінде дәлелдеуге тырысып бақты. С.Қожановтың «Бірлік туы» газетіндегі 1918 жылғы 20-шы және 28-ші ақпандағы жарияланған «Өзіміздің большевиксіндерге» деп аталатын мақаласында, ол былай дейді: «Осы күні Русия мемлекеттік бір үлкен ауру әлсіретіп отыр. Бұл аурудың шын аты-бәлшеуизм деп басталып, дәуір дидарын дөп басып береді. ...Русияның бүгінде қандай күйде тұрғаны көзі бар адам түгіл, соқыр адамға да аян. Ол мынау аурудың салдарынан есінен түгел айрылған жыңды мысалында өз қанын өзі ішіп, өз етін өзі жеп жатыр. Ол бүгінде бұрынғы Русия емес. Оның қашаннан бері тырнақтап жиып, еңбектеп терген барлы-жоқты байлығы, азды-көпті мәдениеті тозаңдай тозып, судай төгіліп жатыр».

Сол уақыттағы қазақ зиялылары большевиктердің әрбір аяқ алысын бақылап былай деп жазады: «Олардың Троцкий дегені жақында бір сөйлеген сөзінде бұл үлкен өзгерісті Русияда тәжірибе қылып қарайық деп жүрміз дегенді айтты. Олардың нағыз шын ниеттері сол екені рас. Олар Русияға оның қонбайтынын білсе де «әйтеуір бір тәжірибе болсын-неміз кетеді» деген ойда жүр. Соның үшін русияға шын жаны ашыған, анық халық азаматтары бұл іске



жан-тәндерімен қарсы» - деп халықтар тағдырына деген жауапкершілік жүгінін ауыр екенін көрсетеді.

Ал, «Бірлік туы» газетінде «Арғын баласы» деген бүркеншік атпен жазған автор «Қазақ халқының дұшпандары» атты мақаласында елді ауызбірлікке, Алаш туының астына жиналуға шақырады. Осы еңбекте «Қазақ» газетін жапқан, Алаш автономиясы істеріне тиым салған кезінде «Жалбағаев» болып жүріп шоқынып, «Степанов» деген фамилия алған Жангелдин мен патша охранкасының тыңшысы қызметін атқарған Мұхамедияр Тұнғашин туралы дәлелді мәліметтер айтылады.

Макаладан: «Заман ол қулардың дегенінше тұрмас. Ол азуы алты қарыс Николайды да тақтан тайдырған заман ғой. Қазақ халқы да жоқ болып құрып қалмас. Көп кешікпей бұл бұзықтар қазақ сотының алдында жауап берер һәм тиісті жазасын тартар», - деген жолдарды оқимыз.

«Бірлік туы» газеті тек саяси мақалалар ғана емес, фельетон, өлең сияқты мәдени-ағарту салаларына қатысты мәселелерді жариялап тұрған. Айталық, мұнда М.Дулатовтың шап-шағын, уытты «Николайға шағым хат» атты фельетоны жарық көрген.

М.Дулатовтың бұл мақаласында Ресейдегі патша құлаған соң, қазақ жеріндегі Ресей шенеуніктері мен олардың жандайшаптары сынға алынады. Сондай-ақ, газет бетінде 1917 жыл 25 қарашада жарық көрген С.Қожанұлының «Қайтейін?», 1918 жылы 30 наурыздағы Б.Майлығұлының «Не жаздым, Құдай?» атты өлеңдері елдің ауыр халін суреттеп, большевиктердің билігінен түніледі. Міне, 1917-1918 жылдары жарияланған бұл мақалалардан қазақ зиялыларының жаңа билікке деген көзқарасын көрсетіп берген еді.

Ресейде басталған қарулы көтеріліс әуелі орталықта Петроградта, оған кейін елдің аса ірі қалалары мен өнеркәсіпті орталықтарымен қатар шеткері аймақтарға да тез тарады. Кеңес өкіметі Қазақстанның әр аймақтарында әртүрлі уақытта орнатылды. Ал қазақ жеріндегі алғашқы кеңестердің билігі орнаған алғашқы жері Перовск (Қызылорда) қаласы болды. Мұнда жұмысшылар мен солдаттар өкімет билігін 1917 жылдың 30 қазанында өз қолына алды. Перовскіде үлкен әскери гарнизон және темір жол станциясы мен жұмысшылардың депосы орналасты. 1917ж. қараша айының орта кезінде большевиктер Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. 5 қарашада Әулиеата кеңесі атқару комитетінің басшысы С.К.Хмелевский, Ташкент кеңесінің өкілі - большевик С.Я.Першинмен телефон арқылы тікелей байланысып, Петроградта, Мәскеуде және Ташкентте қарулы көтерілістің жеңіске жеткені туралы нақты мәліметтер алған соң, жұмысшылармен бірлесе отырып, Кеңес қалалық гарнизонды дайындық жағдайына келтірді және әскер қолбасшысынан өзінің келісімінсіз әскери бұйрық бермеуін, ал гарнизонның бөлімшелерінен Кеңестің рұқсатынсыз әскери қимыл жасамауын талап етті. Кеңес 1917 жылы 6 қарашада С.К.Хмелевскийдің Ташкент кеңесі өкілдерімен болған әнгімені естіп және жергілікті гарнизон солдаттарының белсенді қолдауына сүйеніп, қала және уезд билігін өз қолына алды.



Бұл оқиғалар туралы хабар телефон арқылы Верный, Пржевальск, Қапал, Пішпек (қазіргі Бішкек), Мерке және Лепсі қалаларына таратылды. Көп кешікпей Кеңес өкіметі осыған ұқсас «бейбіт жолмен» Қараша – желтоқсан айларында Әулиеатада (Тараз), Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкесінде және Сырдария облысының басқа да ірі елді мекендерінде, 10 қарашада Петропавл қаласында билікке келеді. 1917 жылдың желтоқсан – 1918 жылдың наурыз аралығында Кеңес өкіметі Торғай облысының орталығы және Қостанай, Ақтөбе қалалары мен басқа да ірі елді мекендерде орнайды. Семейде өкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына 1918 жылы ақпанның орта кезінде көшті. Семей облысындағы Кеңестер жеңісі революция толқынын Жетісуға жеткізді. Большевиктер мен солшыл әсерлер жағындағы топтар мұнда да төңкеріс жасауға әрекеттенді. Сөйтіп, 1918 жылы 2-13 қаңтарда өткен екінші облыстық шаруалар съезі түгтеп келгенде билік жұмысшылар мен шаруаларға берілсін деген шешімге келді. Бірақ казак әскери бөлімдеріне арқа сүйсген әскери үкімет большевиктерге тойтарыс берді. Осыдан соң астыртын жұмысқа көшкен большевиктер 15 ақпанда өздеріне бүйрегі бұратын 2-ші Жетісу казактар полкінің құрамасы мен жұмысшы және қала кедейлері арасында митинг өткізіп, онда әскери үкіметті тарату, бұрынғы Уақытша үкіметтің комиссарларын (Шкапский мен Ивановты) тұтқындау туралы қаулыны қабылдағқызады. Дегенмен Жетісуда Кеңес өкіметін орнатуды арнайы құрылған астыртын төңкерістік комитет жүзеге асырды, онда 1917 жылы наурыз-қазан айларында Ташкентте саяси күрес тәжірибесінен өткен П.М. Емәлев шешуші рөл атқарды. Арнайы дайындалған солдат, жұмысшылардан және казак кедейлерінен құрылған дружиналар 3 наурызға қараған түнде Верныйдың маңызды деген орындарды басып алып, Әскери революциялық комитет билікті өз қолына алғаны туралы хабарлар таратаы. Уақытша үкіметтің комиссарлары мен «әскери үкіметтің» басшылары қаладан қашып кетті.

Осыдан кейін Кеңес өкіметі 1918 жылы наурыз айында Жаркентас, Сергиопльда (Аягөз), Талдықорғанда, сәуірдің бас кезінде Лепсіде орнайды. Кеңес өкіметінің ең соңғы орнаған ауданы – Орал қаласы еді, мұнда жаңа өкіметтің билігі наурыз айында жұмысшылардың қолына көшті. Осылайша, 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына дейін Кеңес өкіметі Қазақстанның көп жерінде «жеңіске» жетті. Сонымен Қазан төңкерісін қолдайтын әскерлер мен жұмысшылардан құралған күштер басым болған жерлерде жергілікті билік кеңестер жағына түгелдей шығып, бейбіт түрде шешіліп отырды. Мұндай жағдай Қазақстанның Солтүстік-Шығыс облыстарының көптеген аудандарында, Сырдария және Бөкей ордасында орын алды. Бірақ төңкеріс қарсыластарының күштері көбірек шоғырланған Орынбор, Орал, Жетісу облыстарында өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына қарсылық көрсеткендерді талқандау арқылы көшті.

1918 жылы көктемге қарай большевиктерге Қазақстанның бір ғана өңірі — Орал өңірін толық қаратып алудың сәті түсе қоймады. Мұның басты себебі жергілікті большевиктердің әлсіздігі ғана емес, генералдар А. Михеев, И. Савельев, М. Мартынов және басқалар басқарған Орал казак әскерлері



төңірегіне топтасқан большевиктерге қарсы күштердің тығыз ынтымақтастығында еді. 1918 жылы қаңтар-наурыз аралығында бірқатар уездік орталықтар мен елді мекендерде (Темір, Доссор, Гурьев) Кеңес өкіметінің жеңгеніне қарамастан революциялық күштердің жағдайы Оралдың өзі мен негізінен қазақтар қоныстанған өңірлерде аса қиын болды.

Кеңес өкіметінің жақтастары оған Оралдың сол жағасында (Бұхар жағында) тұратын орталықтан қоныс аударып келген шаруалардың басым бөлігін және «басқа қалалықтарды» (яғни қазақ станицалары мен хуторларында тұратын шаруаларды) қатыстыра отырып, Орал өңірінде революциялық қимылды барынша тездетуге күш салды. 1918 жылғы қаңтарда өткен шаруалардың облыстық съезінде биліктің Кеңестерге берілуі туралы қаулы қабылданған болатын, бірақ ол күшіне енбей қалды. 1918 жылы 1-3 ақпанда «басқа қалалықтардың» съезі шығарған қаулының тағдыры да осылай аяқталды. Делегаттар қазақтарға бұл жайды білдіргенде, олардан қандай да бір жауап болмады. Наурыздың басында Оралда қазақ станицаларының тұрғындары съезд өткізіп, онда Кеңес өкіметін мойындауға қарсы шықты, қазақ автономиясын құру туралы шешімді қуаттап шықты. Съезде «қазақтардың қоғамның таптық белгі бойынша бөлініп-жарылуына қарсы екендігі және осы тұрғыдағы өз ұстанымын қорғайтыны» атап көрсетілді. Делегаттардың бірі «Жолдастарға хатында» большевиктер Құрылтай жиналысын қуып таратып, «бізге соғыс жариялады, оған дайын болайық... Құрылтай жиналысын қорғауға топтасындар, корпусқа жазылыңыздар»<sup>[22]</sup> деген үндеу тастады. Саратов кеңесінің атқару комитеті әскери үкіметпен арадағы қатынасты ретке келтіруге тырысты. Олардың делегациясын қабылдады және оларға өз делегациясын жіберді, бірақ нәтиже шықпады, қазақтар өз дегенінен қайтпады. Кеңес өкіметімен келіскен немесе оны қолдаған қазақтар көшіп кетуге тиіс болды немесе Орал қазақ әскерлерінің басшылығы тарапынан қатаң жазаланды. «Әскери үкімет» Кеңестерді жоюға мықтап әзірленді. Большевиктердің кезектен тыс шақырылған Орал облыстық Кеңестерінің съезі (1918 жылы 18-24 наурыз) «әскери үкімет» пен Алашорданың батыс бөлімін тарату, майдангер-солдаттарды қызыл әскерге алу туралы шешім қабылдады. Ол Облыстық кеңестің атқару комитетін сайлады, оның құрамына П.А. Дмитриев (төраға), Ә. Әйтиев (төрағаның орынбасары), М. Ипмағамбетов, С. Пужалин, П. Червяков, сондай-ақ Б. Қаратаев, С. Арғыншиев, Н. Ипмағамбетов және басқалар енгізілді. Бірақ съездің бұл шешімін жүзеге асырудың сәті түспеді. 1918 жылы 29 наурызда ақ қазақтар большевиктердің басшыларын тұтқынға түсіріп, Кеңес үкіметін орнату үшін белсенді күрескен П. Червяков, А. Алмазов, З. Половинкин және басқаларды атып тастайды. Сөйтіп 1917 жылғы қазанның аяғынан 1918 жылғы наурызға дейін Кеңес өкіметі негізінен Қазақстанның қалалары мен ірі елді мекендерінде (Орал мен оның кейбір айналасындағылардан басқасы) орнатылды. Бұл тұста Кеңес өкіметінің жеңуіне жергілікті гарнизондардың солдаттары және шаруаларға жер мен шалғайдағы ұлттарға өз тағдырын өзі шешуге құқық беруге уәде еткен өкіметке шын берілген бұрынғы майдангерлерден құралған Қызыл гвардия отрядтары



шешуші рөл атқарғанын ерекше атап өту керек. Кеңес өкіметін орнату барысында большевиктер тарапынан заңды бұрмалаушылық әрекеттері жиі орын алып тұрды. «Ресейдің орталығында большевиктік қозғалыстың қалай жүргені қазақтарға белгілі болды. Ол шет аймақтарда барлық жерде бірдей күш көрсетуге, талан-таражға, қиянат көрсетушілікке, диктаторлық билікке жол берді», - деп атап көрсеткен Ахмет Байтұрсыновтың сөзінде дәл айтылған шындық бар еді. Қазақстанның селолары мен қазақ ауылдарында Кеңес өкіметін орнату үрдісі Азамат соғысының басталуына дейін жалғасты. Бұл істе белсенді қызмет атқарғандар А.Жангельдин, С.Сейфуллин, К.Сүтішев, А.Асылбеков, Б.Серікбаев, А.Майкөтов, И.Дубинин, К.Шугаев, Я.Ушинов, С.Шиллинг, А.Иманов, Т.Рысқұлов, П.Виноградов, Т.Бокин, Л.Хмелев, Т.Өтепов, А.Розыбақиев және т.б.

## §2. Екінші Бүкілқазақтық съезі және Алаш Орда үкіметінің құрылуы

Большевиктер бастаған Кеңес өкіметі Уақытша үкіметті биліктен тайдырып, жеңіске жеткен соң бүкіл империя көлемін саяси тұрақсыздық қамтиды. Міне сол жағдайда Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыруды Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжанов, Елдес Омаров бастаған бес адамнан тұратын комиссия өз мойнына алып, «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеумен жариялап, съезге шақыру жеделхаттарын жолдайды. «Алаш ұлы казак пен ардақты қырғыз ағайынға!» деп аталатын бұл үндеуде олар елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты 5 желтақсанда Орынбор қаласында «қазақ-қырғыз болып бас қосатын бір жалпы съезд өткізіп, анда «анархиядан өзін қорғау үшін» қазақ пен қырғызға әскер жасақтау туралы шешім қабылдау керектігі айтылады. Ал газеттің 26 қараша күнгі санында бұған қасымша съезде негізгі мәселе ретінде Ұлт Кеңесін құру туралы мәселені қарау ұсынылады. «Қазақ» аталмыш материалдарда ұлттық әскер мен үкімет құрудың қажеттігін жан-жақты дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды ұйымдастырудың нақты жолдарын да белгілеп, оларды съезде талқылауға шақырды.

Мәселен, «Ұлт Кеңесін» құру қажеттігі жөнінде газетте: «Ресей іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біреу өлмес қамын қылып жатыр, біреу бермес қамын қылып жатыр, біреу осы лайсан бүліншілікке кірмес қамын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп қам қылмай қарап отыра алмаймыз. Мұндай лайсан заманда закон жоқ. Жол жақ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші, мал-мүлікімізді талауға бермеске, үшінші, осы лаңның ішіне кірмеске



қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етерге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын арын осы», - делінді.

Ал жаңадан құрылмақ үкіметтің атқаратын міндетіне: «5 миллион халықпыз, өзімізді қорғайтын күш өзімізден табылады. Сол күшті реттеп жасайтын кеңес орындар керек. Барша қазақ бірігіп, әуелі «Ұлт Кеңесі» деген орын жасау керек Мемлекет ісі күн сайын құбылып, түрлі күйге түсіп тұрған шақта, қазақ-қырғыз бас қосып дайын съезд жасап отыру мүмкін емес. Қазақ-қырғыз атынан басқа жұрттармен сөйлесетін, қазақ-қырғыз жұртына деген жұмысты ақылдасып атқарып отыратын жоғарыда айтқандай «Ұлт Кеңесі» болу керек. Сол Ұлт Кеңесінің әр облыста бөлімі боларға керек. «Ұлт Кеңесіне» халық сенімді адамдарын сайлап, іс жүргізбек».

Қазақ мемлекеттігі туралы мәселені караған екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған барлық қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы казактарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан - барлығы 82 өкіл қатысты. Олар: Бөкейліктен - Ғабдулла Мұқашев, Жұмалиев Мауби, Көшекөв Ижан, Малқашев Ибрагим, Әжігереев Сейітхан. Орал облысынан: Күсепқалиев Дәулетше, Ипмағамбетов Нұрғали, Нұрмұхамедов Хасен, Жамашев Такберген, Есенқұлов Керей, Досжанов Ғабдулла, Кенжин Аспандияр, Қалменов Нұрахмет, Әлімбеков Ғабдолла, Айсарин Дәулетияр. Торғай облысынан: Қадырбаев Сейдәзім, Алмасов Омар, Шәуменов Намазбай, Елшин Сағынай, Алдияров Әбубәкір, Ысқақов Сұлтанғазы, Бәтішов Кәрім, Бекентаев Құсайын. Ақмола облысынан: Мырзалин Жаналы, Ғайсин Жәнібек, Молдыбаев Иса, Күрлеуітов Балға, Жұмабаев Мағжан, Жаканов Сейітжан, Жанбаев Есет, Ғабдуллин Камалетдин, Бауенов Құл. Семей облысынан: Оразалин Жүмеке, Құнанбаев Тұрағұл, Ермеков Әлімхан, Ғаббасов Халел, Шегіров Ахмет, Бердалин Қабыш, Барлыбаев Ахметолла. Жетісу облысынан: Айдабосынов Өмірәлі, Отарбаев Жарылғасын, Смағұлов Мәнке, Тергеусізөв Иса, Сабатаев Сатылған, Хамитов Нәжіп, Жакыпбаев Нүсіпбек. Сырдария облысынан: Кенесарин Әзімхан, Сарымсақов Иманбек, Ержігітов Иманберді, Алдабергенов Серқұл, Байзаков Мәулемқұл, Аюқолов Есет. Самарқанд облысынан: Шағымарданов Сағадат.

Сиез шақырушылар: Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатов.

Түрлі ұйымдардан һәм газеттерден: М.Нүрсейітов, М.Ғабдрахман, Ө.Ғабдулғазиз, К.Бернияз, Ж.Әбдіхамит, М.Ғабдулғазиз, К.Кеменгерөв, Х.Болғанбаев.

Арнап шақырылғандар: Б.Құлманов, Ж.Досмұхамедұлы, Ғ.Қараш, Ғ.Ешмұхамедов, М.Мақұлов, Қ.Ахметжанов, Х.Досмұхамедұлы, И.Арабаев, А.Қойбақов, У.Танашев, Ж.Мергенов, С.Қарпықов, О.Қондыбаев, М.Шоқай, І.Жанқарин.

Съездің төрағалығына: Б.Құлманов, серіктеріне: Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Кенесарин, Ғ.Қараш, хатшылығына: Д.Күсепқалиев, М.Дулатов, С.Қадырбайұлы сайланды.



Мәжіліс ашылар алдында Әлихан Бөкейхан: былтырдан бері шаршы тоғта сөйлеп, бәйгі алған, осы сиезге де шақырылған ардақты, шешен Ораз ақсақал Тәтіұлы опат болды. Мәжілісті «марқұм Оразға дұға қылып басталық», – деді. Жиналған жұрт марқұм Ораздың рухына дұға қылып кірісті. Мәжіліс ашылған соң, өкілдер елдерінде болып жатқан оқиғалар жайынан мағлұмат беріп, мұнан кейін түрлі жерден сиезді құттықтаған телеграмдар һәм Орынбор муфтиі Ғалымжан құзыреттің құттықтау хаты оқылды. Жер-жерде болып жатқан оқиғалардың түрі мыналар еді: «қазақ халқы земство һәм Учредительное собрание сайлауына айрықша көңіл қойып кірісті. Көп жерде уездік земство сайлаулары біткен. Көп уездерде Учредительное собрание сайлаулары біткен. Сырдария облысының қазақтары Учредительное собрание сайлауы тақырыпты біріге алмапты. Партияға бөлініп, бірнеше список кіргізген. Сондықтан Сырдария облысынан қазақ депутаты біреу-ақ болатын түрі бар. Былтырғы 25 июнь жарлығы тақырыпты ескі үкіметке қарсылық қыламын деп жанжал шығарып, Жетісудың босқын қырғыз-қазағының көбі нашар, аштан қырылып, қатын-баласын сатып жатыр екен. Әулие-ата һәм Пішпек уездерінде ашаршылық (ұнның пұты 25 сом). Бұлар астықты Ақмола облысының жақын уездерінен алады екен. Бірақ, тасуға көлік жетпей қиын болып тұрған көрінеді. Хиуа қол астындағы қазақтарға түрікмендерден шабыншылық көріп, ашаршылықтан Темір һәм Ақтөбе уездеріне ауып келіпті. Жәрдемге мұқтаж Жизак уезінде тәртіп жоқ. Қазақтың өзі біріне-бірі шауып, малдарын қуып алысып, бүлініп жатыр. Жергілікті хакімдердің тоқтау салу қолдарынан келер емес. Жизак уезіне қараған аргындар Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына қосылуды тілейтіндігі мәлім болды. Башқұрт өкілі Ахмет Заки Валиди Орынбор мұсылман ғаскері, Шора өкілі, прапорщик Баширов, «Яны уақыт» газетінің бас жазушысы Т.Кәрімов, Орынбор ғаскері округінің өкілдері Тимофей Седельников, Ғабдолларов, Язданов һәм басқалар сиезді құттықтап, казак халқын бірлікке үндеді. Жер-жерде болған оқиғаларды тексергеннен кейін сиез мынадай қаулылар шығарды:

1) Халық арасындағы алалық, партиялылықты жою үшін бірлікке үндеуге сиез атынан жұртқа баспасөз таратылсын. Мұны жазуды сиез Міржақып пен Ахметке тапсырды.

2) Бүліншілікке, ашаршылыққа ұшыраған Жетісу қырғыз-қазағына һәм түрікпеннен талан-тараж көрген қазақтарға да бүкіл қазақ облыстары болып жан басы бір сомнан жәрдем берсін. Бұл ақша байға байша, жарлыға жарлыша әділдікпен бөлініп жиналсын. Бұл ақшаны тез жиып тапсыру жергілікті управаларға міндет.

3) Ақмола облысынан астық тасу үшін Пішпек һәм Әулие-ата уездерінің қазақтарына көлігінің майын алып, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Көкшетау һәм Қызылжар уездерінің қазақтары түйе берсін.

4) Жизак уезіндегі бүліншілік, тәртіпсіздікті тоқтатсаңыз екен деп Түркістан автономиясының хүкіметінен өтінуге.

5) Учредительное собрание сайлауында бір ғана списокке тас салуды өтініп, Сырдария облысының халқына телеграмма беруге.



6) Жизақ уезіндегі аргындардың Алаш автономиясына қосыламыз деген тілегін мақұлдап, бұл туралы Түркістан автономиясының хүкіметімен сөйлесуге қазақ-қырғыз істерін билейтін ұйымға тапсырылатын болды.

7) Түркістан автономиясын құттықтауға һәм Орынбор муфтиінің сиезді құттықтаған хагына қарсы телеграмма беру.

Осыдан кейін съезге жиналған делегаттар оның күн тәртібінде мынадай мәселелерды карастырады: «1. Сібір Түркістан автономиясы һәм юговосточный союз туралы. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы. 3. Милиция. 4. Ұлт Кеңесі. 5. Оқу мәселесі. 6. Ұлт қазынасы. 7. Муфтилік мәселесі. 8. Народный сот. 9. Аулный управление 10. Азық-түлік мәселесі».

Бірінші мәселе бойынша «Әлихан Бөкейхан Сібір, Түркістан автономиясы һәм Юго-восточный союз туралы доклад қылды. Әлиханның докладын тексеріп һәм бұл туралы сөйлеушілерді тыңдағаннан кейін сиез қаулы қылды: Әлихан докладын, қазақ автономиясы, милиция һәм ұлт кеңесін құру мәселелерін қарауға 7 кісілік комиссияға беруге, бұл комиссия тағы да өзіне мағлұматты адамдар қосып алуға ерікті делінді».

Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине ұлттық автономия мәселесі еді. Съезд бұл мәселе бойынша Ә.Бөкейхановтың баяндамасын тыңдап, талқылаған соң қазақ автономиясы, милиция және ұлт кеңесін құру істері бойынша бес кісіден тұрған комиссия сайлап, соңынан осы комиссия атынан баяндаған Халел Габбасовтың сөзін негізге ала отырып, арнайы қарар қабылдайды. Қарарда мынадай деп көрсетілді: «Октябрь аяғында Уақытша үкімет түскенін, Рееей мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жақ болған соң халық арасы бұзылыппышақтасып кететіндігін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың халі нашарлауын һәм бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың оасына келуі ықтималын ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін өкімет керектігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қылды: 1.Бөкей елі, Орад, Торғай, Акмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары Ферғана, Самарканд облыстарындағы һәм Амудария бөлімдеріндегі қазақ уездер Закаспий облысындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға. 2.Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын. 3.Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын. 4.Алаш автономиясының низамын Бүкілроссиялық Учредительное собрание бекітеді. 5.Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қол астында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт һәм мәдени автономия беріледі. 6.Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсаты мен Уақытша Ұлт Кеңесін құруға, мұның аты «Алашорда» болсын. «Алашордасының» ағзасы-25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырды. Алашордасының уақытша тұратын орны - Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады. 7.Алашордасы халық



милициясын құруға ынтымақпен кірісуге міндетті. 8. Алашордасы тез уақытта Алаш автономиясының Учредительное собраниеcін /Құрылтай/ шақыруға міндетті болсын. Алаш құрылтайының сайлау тәртібі жалпы Россиялық құрылтай сайлауы ретінде болсын. 9. Алашордасына сиез тапсырды: а) ұлт қазынасына қарыз ақша алуға, б) өзге автономиялы көрші халықтармен одақтасу жайына сөйлесуге, бірақ мұның шарттарын бекітуші Алаш Құрылтайы. 10. Ұлт Құрылтайына Алашордасы автономия низамының жобасын даярлап кіргізеді.

Съезд делегаттары қазақ автономиясын құру қажеттігін бір ауыздан қолдағанымен, бірақ оны жария ету мерзіміне келгенде бөлініп кетті. Делегаттардың біразы қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етеді деді. Ал екінші бөлігі автономияның құрылғанын ресми жария етуді Алашордаға тапсыралық, өзі қажет деп тапқан уақытта жарияласын деді. Айтыс бірнеше күнге созылды. Ең соңында бұл мәселені шешу үшін өкілдердің аттары аталып тас салынады. Бірінші бағытты қолдап 33 өкіл: Ғ.Мұса, Ғ.Жәндібайұлы, Ғ.Өлкешұлы, Ғ.Мырзақұлы, С.Әшкерейұлы, И.Молкешұлы, И.Көшекұлы, М.Жұмалыұлы, Ғ.Мұқашұлы, М.Байзақұлы, С.Алдабергенұлы, И.Ержігітұлы, Д.Айсарыұлы, Н.Қалменұлы, А.Кенжеұлы, Ғ.Досжанұлы, К.Есенқұлұлы, Н.Жұмашұлы, Х.Нұрмұхамедұлы, Н.Беймағанбетұлы, Д.Көсеғалыұлы, С.Елшіұлы, Н.Шәуменұлы, Ж.Мергенұлы, У.Танашев, А.Қосуақұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Әлібекұлы, Ғ.Қарашұлы, Ғ.Есмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Б.Құлманұлы, С.Досжанұлы. Ал екінші ұсынысты жақтап дауыс берген 42 өкіл: Н.Ұйықбайұлы, Х.Болғанбайұлы, Х.Кемеңгерұлы, М.Нүрсейітұлы, А.Барлыбайұлы, Қ.Бердәліұлы, Х.Ғаббасұлы, Ә.Ермекұлы, Т.Ибраһимұлы, Ж.Оразалыұлы, С.Шахмарданұлы, Е.Ақжолұлы, Н.Мұхитұлы, С.Сабатайұлы, И.Тергеусізұлы, М.Ысмайылулы, Ж.Отарбайұлы, Ө.Айдабосынұлы, Қ.Бауменұлы, К.Ғабдол ұлы, Е.Жанбайұлы, С.Жақанұлы, М.Жұмабайұлы, Б.Кәрлеуітұлы, Ғ.Малдыбайұлы, Ж.Фиссаұлы, Ж.Мырзалыұлы, Ә.Алдиярұлы, Х.Бикентайұлы, К.Бәтішұлы, С.Ысқаұлы, Ғ.Алмасұлы, С.Қадырбайұлы, С.Қарпықұлы, И.Арабайұлы, М.Мақұлұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмырұлы, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан болды.

А.Шегірұлы, М.Шоқайұлы, Ә.Кенесарыұлы екі жаққа да дауыс бермей қалыс қалады. Бірақ дау мұнымен де аяқталмады. Азшылықта қалған өкілдер көпшілік қолдаған пікірге тоқтамастан, егер автономия съезде ресми түрде жария етілмесе, онда өздері өкілдік етіп отырған облыстардың Түркістан автономиясы құрамына қосылатындығын мәлімдеді.

Дегенмен, съезд өзіне жүктелген тарихи міндетті тура ұғына отырып, ымыралы шешімге келді. Бұл арада қазақ автономиясын жариялауды кейінге қалдыруды жақтаған Ә. Бөкейханов бастаған топ ең алдымен ешқандай да дайындықсыз автономия жариялай қалған күнде іштегі қарулы карашекпенділер мен төңіректі қоршаған қазақ атты әскерінің наразылығына қалып, қарусыз қазақты қырып алудан қауіптенді. Сондықтан да бұл топ автономияны жарияламас етпес бұрын Түркістан қазақтарының келісімін алумен бірге, ұлттық әскер құрып, сонымен бір мезгілде іштегі өзге



халықтармен келісім жүргізіп, оларды жаңа жағдайға даярлауды мақұл көрді. Бұл сөзсіз өмір талабынан туған астарлы, көрегендік саясат болатын. Автономия алудың қиындықтарына тоқталған Ә.Бөкейханов былай деп дәлелдеген еді: «Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуге қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес; көшсе ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола калса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ. Ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді».

Съезд Алашорда үкіметіне тез арада Алаш автономиясының құрылтайын шақыруды міндеттеп, онда Алашорда автономиясы низамын қарап бекітуді, ұлт қазынасын ұйымдастыруды, сол мақсатта қарыз ақша алуды ұсынды. Сондай-ақ съезде қаралған үлкен мәселелердің бірі - халық милициясын, яғни ұлттық әскер құру еді. Съезд қарарында: «осы күні мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қарбалас, талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін... ешбір тоқтаусыз милиция түзуге кірісу» қажеттігін айтып, нақты шаралар белгілеп, бекітті.

Бұл іс-шараларға мыналар кірді: «1) Милиция қызметіне алынады: жасы 20 мен 35 аралығындағы қызметке жарайтын азаматтар.

2) Милицияға азаматтар ақымен жалданып алынады. Егер жалданушы шықпаса, талонмен алынады.

3) Милиция қызметіне алынған азаматтарға атымен болсын, талонмен болсын ұлт қазынасына тиісті жалование беріледі. Онан соң ол жалованианың шамасын әр жердегі милицияның түзеуші халық ұйымдары ретіне қарай өздері белгілейді.

4) Әрбір болысқа белгіленген милицияның санын уезд-уездге ыдырату сол облыстардағы областной ұйымдардың міндетінде. Әрбір уезге түскен милицияның санын уолос һәм ауылнай басына ыдырату-уезіне ұйымдардың міндетінде.

5) Әрбір уезге түскен милицияның санын толтырып, түзеу уезд қауымдарының міндетінде.

6) Талон мен милицияға алынған азаматтар өз орнына басқа біреуді жалдап жіберуге ерікті. Бірақ, жалдаған адамның жасы 20-35-тің арасында болу шарт.

7) Талонға бір үйден бірнеше кісі алынса, милиция қызметіне олардың біреуі ғана алынады. Милицияға талон мен алынған адамдарға толық үй шаруасына қарай, ия басқа себептермен мәулет беру жергілікті ұйымдардың міндетінде.

8) Алғаш кезде әр ауылнай өзіне милицияға алынған азаматтарға а-тұрман, киім-кешек түзеп беруге міндетті.



9) Милицияға керек болған қару-жаракты «Алаш ордасын» ұлт қазынасы есебіне салып алып, тиісті орындарға таратады.

10) Милиция қызметіне үйрету үшін 100 милиционерге 1 офицер, 50 милиционерге 1 инструктор шақырылады.

11) Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарында милиция саны 13500 болуға тиіс. Әрбір облыста бұлардың саны мынадай болуға тиіс. Бөкейлікте – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500, Жетісуда – 2000.

12) Милиция түзеуге мынадай шығын керек. Қару-жарак сатып алу үшін /8.100.000 сом/ милиционерлердің 1 жылғы жалованиесі, өзінің тамағы, пәтері, атының жемі 33 млн. 2100 сом. Офицерлердің жалованиесі – 324000 сом. Инструкторлардың жалованиесі – 972000 сом. Милицияны басқарып тұратын мекемелердің расходы – 180000 сом. Офицерлік өнерін үйрететін азаматтар расходы 100000 сом. Барлығы – 42 млн. 882 мың сом. Бұған оқу комиссиясы мен Алашордасының өз һәм бөгде шығынын қосқанда, жоғарыдағымен барлығы – 44 млн. сом. Осы айтылған 44 млн. сом әрбір облысқа, халқының санына қарай былайынша бөлінеді: Бөкейлікке – 3542,050сом, Оралға – 7556,000 сом, Торғайға – 6601,500 сом, Ақмолаға – 6.705,000 сом, Семейге – 96729,500 сом, Жетісуға – 9.867,500 сом. Бұл айтылған сомалар әрбір уезге әр облыстарға, халқының санына қарай бөлінеді. Әр облысқа түскен ақша байға байша, жарлыға жарлыша бөлінеді. Алаш ордасына сайланғандарға сиез кісі басына 800 сом айлық жалование кесті. Алашордасының пәтер, мекеме, жүріс-тұрыс һәм басқа расхотарын белгілеу Алашордасының өз міндетінде».

Жалпықазақ-қырғыз съезі «Алаш облыстарын қазіргі бүлівшіліктен қорғау максатынен уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деді. Жаңа құрылған өкіметтің құрамына мына кісілер енді: 1) Бөкейліктен – У.Танашев, 2) Оралдан – Х.Досмұхамедов, 3) Ақмоладан – А.Тұрлыбаев, 4) Торғайдан – А.Бірімжанов, 5) Семейден – Х.Ғаббасов, 6) Жетісудан – С.Аманжолов, 7) Сырдариядан – М.Шоқай.

Облыстардан тысқары: 8) Ә.Бөкейхан, 9) Ж.Досмұхамедұлы, 10) Ә.Ермекұлы, 11) М.Тынышбайұлы, 12) Б.Құлманұлы, 13) Ж.Ақбайұлы, 14) Б.Мамытұлы, 15) О.Әлжанұлы.

Бұл аталған Ұлт Кеңесі мүшелеріне орынбасарлыққа мына кісілер сайланды: Ғ.Қашқынбайұлы, Н.Жақыпбайұлы, Е.Итбайұлы, С.Сабатайұлы, Е.Қасаболатұлы, Б.Қайырғиязов, М.Боштайұлы, С.Жанайдарұлы, С.Нұралыханұлы, Ғ.Алмасұлы, С.Қадірбайұлы, А.Кенжеұлы, штабс капитан Н.Бекімұлы, Е.Түрімұхамедұлы, Ж.Солтанайұлы.

Бұдан кейін съезд демократиялық негізде Алашорда - Халық Кеңесі Төрағасын сайлады. Бұл қызметке үш адамның кандидатурасы ұсынылды. Олар Әлихан Бөкейхан, Бакыткерей Құлманов және Айдархан Тұрлыбаев еді. Жабық дауыс беру нәтижесінде Ә.Бөкейхан - 40, Б.Құлманов – 19 және А.Тұрлыбаев 20 дауыс алды. Сөйтіп, көпшілік дауыспен Алашорда - Ұлт Кеңесінің Төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды



Сонымен бірге съезде ең негізгі мәселе ретінде оқу-ағарту ісіне де үлкен маңыз берді. Съезд бұл мәселе бойынша Міржақып Дулатұлының «докладын бап-бабымен тексеріп, ұлт мектебін көркейтуге ешкімнің таласы жоқ екенін есепке алып, алдымен қазақ тілінде бастауыш һәм орта мектепте оқытатын оқу құралдарын жетістіру үшін білікті адамдардан айрықпа оқу комиссиясын құруды мәслихат көріп һәм бұл туралы сөйлеушілердің пікірін естіп қаулы қылды: Қазақ-қырғыз тілінде бастауыш һәм орта мектептер ашып, оқу құралдарын шығаруға 5 кісіден комиссия құрылсын». Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл комиссияның құрамына Мағжан Жұмабайұлы Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы және Тельжан Шонанұлы сияқты кейіннен бұл салада сіңірген еңбегімен елге аты мәлім болған адамдар енді. Съезд комиссияға: «Шет кісіден комиссия өзіне жолдас қосып алуға ерікті болсын. Комиссия ұлт кеңесі қайда болса, сонда тұрсын. Оқу құралдарынан басқа комиссияның істейтін істері:

1. Ұлт мектептеріне программа жасау.
2. Мұғалімдер қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу.
3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу.
4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару.
5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету.
6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржімә ету.

Комиссия 1918 жылдың басында іске кірісіп, комиссия жиналысымен істейтін істеріне толық программа жасап, мәслихат арқылы жария қылсын. Комиссия іске кіріскен күннен бастап, әрбір жарты жылда мәслихат арқылы не істейтіні туралы халыққа есеп беріп отырсын. Әрбір жазылып даяр болған кітап тоқтаусыз басылып отырсын. Жазылған кітаптардың неше дана басылатынын һәм олардың бастыру үшін қанша ақша керек болатынын комиссия мөлшердегі ақшаны облыстық земстволар тоқтаусыз жинап тапсыруға міндетті болсын. Яки бұл ақша халық қазынасынан алынатын болсын. Комиссия ағзаларынан басқа өзге кісілердің жазған оқу кітаптарын комиссияның ұйғаруымен ғана мектептерде қолданылсын. Шет кісілердің мұндай ұнамды кітаптарын жазушылардың ырзалығымен комиссия алып бастырсын. Шет кісілердің кітаптарын комиссия ұнатпаса, не себептен ұнатпағанын газет жүзінде жария қылсын. Шет кісілердің кітаптарын тексергенде (комиссия) мәжіліске жазушының өзі де ағза ретінде (есебінде) болып кірсін. Комиссия шығарған кітаптар алғашқы 3 жылда неше рет басылса да, халық мүлкі болсын. 3 жылдан кейін жазушылардың өз мүлкі болсын. Комиссия программасындағы міндетті қызметтерін бітіргеннен кейін, халыққа есеп беріп тарасын. Тарарда қолындағы кітаптарын һәм қалған ақшасын бүкіл қазақ-қырғыз істерін басқаратын мекеменің көрсеткен орнына тапсырсын».

Тоғыз күнге созылған жалпы қазақ-қырғыз съезінің басқа да мәселелерді қарап, олар бойынша: «Азық-түлік мәселесін һәм өкілдердің бұл туралы берген мағлұматын тексеріп, сиез мынадай қаулы қылды:

1) Азық-түлік жұмысын сайланған земстволар ешбір тоқтаусыз өз қолына алады.



2) Алашордасы әрбір облыстағы астықтың ұзын санын біліп, астық жоқ жерге астығы мол облыстардан астық алып беруге міндеткер.

3) Қырғыз-қазаққа сатып алынған астықтың азық-түлік комитеттері тоқтатпас үшін Алашордасы қам қылады: Алашордасы жақын арада ығлан етілетін болған соң, программада көрсетілген /мәселелері/ муфтилік, народный сот, ауылнай управление мәселелері сиезде қаралмай кейінге қалды. Уақытша автономия ығлан етіліп, Алаш құрылтайы жиылғанша, қазақ-қырғыз Орынбор муфтилігі қарауында болады. Болашақ Алаш құрылтайына Орынбор муфтилігіне сайланған қазақ қажылары қазақ-қырғыз мекемесін құру құқында жоба кіргізуге міндеткер. Ел ішіндегі народный сот ешбір іс бітіре алмайды һәм халыққа сенімді емес. Ел ішіндегі ұрлық күннен-күнге күшейіп бара жатыр. Соның үшін ұрлықты тиятын уақытша сот құру һәм бұл соттың тәртібін түзеу Алашордасының міндетінде», - сияқты қаулылар қабылдайды.

Алайда 1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының күшпен таратылуы «Алаш» автономиясын құру мүмкіншілігін мүлдем тарылға түсті Сондай-ақ бұл оқиға жана билік үшін ұлт мәселесі белгілі дәрежеде өзінше дербес, жалпыдемократиялық негізде шешілуге тиіс үлкен саяси мәселе емес, екінші кезектегі мәселе екендігін көрсетіп берді. Бүкілресейлік Құрылтайдың таратылуы белгілі дәрежеде қазақ қоғамының 1917 жылғы ақпан революциясынан бергі өзінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін біртұтас ұлттық-демократиялық даму жолына түсу үмітіне шек қойып, Қазақстанның бұдан былай да орталық биліктің дөңгелегіне мықтап байлаулы күйінде қалғандығын көрсетті. Құрылтай жиналысының таратылуына Алашорда үкіметінің қатынасын оның төрағасы Ә. Бөкейханов былайша білдірді: «5 қаңтарда Ресей құрылтайы жиылды һәм большевик күшімен қуылды... 1905 жылы 9 қаңтарда астанадағы неше мың жұмысшы бостандық бер деп Николайға барған. Николай бұларға пулемет бостандығын көрсеткен еді. Большевик Николайдың аяғын құшты. Николайдың да, мұның емшектес інісі большевиктің де пулеметтеп жатқаны жалпы жұрт, екеуінің де сүйенгені қараңғы солдат. Құрылтай алдымен жұртқа беделді өкімет сайламақ еді. Құрылтай сүйенген күшті өкімет босаған тізгінді жиып ап, тежеп ұстап, тентек бастықты тыйып, жұртқа пайдалы тәртіп шығарып, елді билемек еді. Құрылтай өзі Ресей мемлекетіне негізгі закон шығарып, мемлекет көшін түзетіп, жұртқа пайдалы бітім қылып, жақсы сапарға жұрт тілегін тартпақ еді. Бұл мақсаттын бәрі 5 қаңтардағы пулемет оғымен құйын соққан күлдей ұшты...». Яғни, 1917 жылғы қараша айынан бастап, 1918 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта Қазақстан территориясында Кеңес үкіметінің орнауы, Алашорда қызметіне тосқауыл қойды.



## ОНЫНШЫ ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЖҮРГІЗГЕН СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

#### §1. Қазақ даласындағы азамат соғысының барысы және саяси күштердің арасалмағы

Большевиктер Ресейдегі билікті заңсыз басып алып қана қоймай, өздерінің демократияға қарсы саясатымен жағдайды шиеленістіріп жіберді. Нәтижесінде елде большевиктерге қарсы «ақтар» деп аталған күштер бірігіп азамат соғысын бастады. Азамат соғысы жағдайында барлық материалдық ресурстарды, бірінші кезекте азық-түлікті майдан қажетіне жұмылдыру халықтың әр түрлі топтары арасында азық-түлікті тұтынудың жана әдісін енгізу қажеттігі туындалды. Бұл күрделі міндетті шешу үшін Кеңес үкіметі Азамат соғысы басталысымен «әскери коммунизм» саясаты деп аталатын экономика саласында төтенше шаралардың тұтас жүйесін енгізді. «Әскери коммунизм» саясаты өндіріс пен бөлуді орталықтандырудың мемлекет қолына елдің қорғаныс мүдделеріне сай азық-түлік пен шикізат, өнеркәсіп өнімдерін т.б. ресурстарды шоғырландыру мен тиімді пайдалануды көздеді. Ірі кәсіпорындармен қатар орта, тіпті ұсақ кәсіпорындар да национализациялануы, астық монополиясы мен азық-түлік салғырты және жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізілуі тиіс болды.

«Әскери коммунизм саясатының негізгі мәні азық-түлікті жоспарлы шаруалардан күшпен тартып алу түрі болып табылды. Кеңес өкіметі В.И. Лениннің айтуы бойынша «шаруалардың өндірген өнімінің өздерінің күнкөрістеріне жететін шағын бөлігінен басқасының бәрін армия мен өнеркәсіптің мұқтажы үшін мәжбүрлеу жолымен» алынды. Сол үшін шаруалардан «артық өнімді» тартып алу үшін қарулы азық-түлік отрядтары мен армияға артықша құқық берді. «Әскери коммунизм» саясатының жекелеген элементтері Қазақстанда да іске асырылды. Дегенмен Қазақстанның революция орталығынан алыс жатқандығы, өлкенің едәуір аумағында жүріп жатқан әскери қимылдардан шаруашылықтың құлдырауы, жекелеген уездер мен облыстардағы шаруашылық-экономикалық дамудың өзіне тән ерекшелігі және басқа факторлар өлкеде азық-түлік салғыртын енгізуге мүмкіндік бермеді. Бұл саясатты толықтай жүзеге асыру негізгі астықты өңірлерді «ақтардан» тазартқаннан кейін, яғни 1920 жылдың басында ғана мүмкін болды. Бұл екі арада Азамат соғысы елде кенінен канат жая түсті. Қазақстанмен шектесетін аумақтарда бірқатар аймақтық кеңеске қарсы үкіметтер пайда болды. Антанта елдері қолдаған чехословак корпусының көмегімен Самарада әсер-ақгвардияшылар үкіметі - Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч), Омбыда адмирал Колчак басқарған Уақытша Сібір үкіметі құрылды. 1918 жылы 18 қаңтарда Орынбордан қуылған атаман Дутов Кеңестерге қарсы қайта шабуылға шықты, 1918 жылы 3 шілдеде Орынборды басып алып, Кеңестік Түркістанды Орталық Ресейден бөліп тастады. Қазақстанның көптетен өңірлерінде Азамат



соғысының етек жайып, Кеңес өкіметін құлағу жағдайларында Алашорда (Алаш автономиясының үкіметі) Кеңестерге қарсы бірігіп күресу үшін Орынборда атаман Дутовпен одақ құрды. Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен және Самарадағы Құрылтай жиналысы комитетімен (Комуч) тығыз байланыс орнатты, Кеңестерге қарсы бірлесе күрес жүргізу мақсатымен Орал, Сібір және Жетісу казактарымен байланысын нығайта түсті. 1918 жылы маусымда Алашорда үкіметі жергілікті жерлерде нақты билікке қол жеткізу үшін бірқатар декреттер қабылдады, соған сәйкес Алашорда аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық құжаттар мен заң актілері жарамсыз деп танылды. Алашорданың жанынан «большевиктермен күресу үшін жігіттерді әскерге шақыру» міндетін орындайтын «әскери министрліктің қызметін» атқаратын үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылды. 1918 жылғы 24 маусымдағы заң актісімен «Алаш аумағында 1917 жылы 17 маусымда Уақытша үкіметтің қаулысымен енгізіліп, оны Кеңес өкіметі жойып жіберген земстволық мекемелер қайта қалпына келтірілді».

Қазақ даласындағы азамат соғысы Орынборда казактардың атаманы Дутовтың 1917 жылы қарашаның аяғында Кеңес өкіметін құлатып, Кеңестердің ІІ Бүкілресейлік съезінің делегаты С. Цвиллинг бастаған революциялық комитетті тұтқындауымен пайда болды. Кеңеске қарсы күштер Орынбордан басқа Жетісу мен Оралда да топтасты. Бұл аймақта антикеңестік күштердің әлеуметтік базасын казак әскерлері, көпестер мен саудагерлер құрады. Қараша айында Жетісу казак әскерлерінің «Әскери кеңесі» Жетісудағы жоғары билік Верный қаласында - «Әскери үкіметті» құрған соң оған ақ гвардияшыл офицерлер мен юнкерлер жан-жақтан келіп бас қосады. Билік басына келген ақтар большевиктерге қарсы жазалау шараларын жүргізіп, шаруалар депутаттары облыстық Кеңесі газетінің редакторы Березовский мен жұмысшы Овчаровты атып өлтіріп, көптеген жергілікті Кеңестердің мүшелерін тұтқынға алады. 1918 жылы маусымда атаман Дутов Орынборды, одан бұрын ол 29 наурызда Оралды, кейін облыстың көп жерін өзіне қаратқаннан кейін маусымда Қазақстанды Орталық Ресеймен байланыстыратын темір жолды кесіп тастайды. Бұлар да коммунистер мен кеңестік қызметкерлерді жазалап, Атырауда қалалық Кеңестің 9 мүшесін атып тастайды. Азамат соғысының етек алуына бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тұтқынға түскен Австрия-Венгрия армиясының солдаттарынан құрылған Чехословак корпусы бүлігі үлкен маңызы рөл атқарды. 1918 жылы мамырдың аяғында жақсы қаруланған 50 мың адамдық корпус Еділ бойы мен Сібірде Кеңес өкіметіне қарсы шықты. Чех корпустарының бір бөлігі большевиктерге қарсы шыққан ақтармен біріге отырып, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалаларын басып алды. Бұл жағдай елдегі большевиктерге қарсы барлық күштерді қозғалысқа келтіріп, 1918 жылы 11 маусымда Семей қаласындағы Кеңес өкіметін құлатып, Жетісудың солтүстігіне қарай бұзып-жарып өтіп, 21 шілдеде Сергиопольді қолдарына қаратады. Оларды станицалардағы бүлікші казактар қолдайды. 22 шілдеде Жетісу облысы атқару комитетінің қаулысымен Жетісу майданы әскерлерінің штабы құрылды. Алайда облыстың біріккен қарулы күштері ақ



гвардияшыларға соққы бере алмады. Қызыл гвардия отряды командир И.Мамонтовтың қайтыс болуына байланысты Абакумов станицасына қарай шегінуге мәжбүр болды. 1918 жылы жазда Кеңес өкіметі тек Жетісудың басым бөлігінде, Сырдария облысында, Торғай облысының оңтүстік өңірлерінде және Бөкей Ордасының бірқатар аумағында ғана сақталып қалды және 1918 жылдың жазында Кеңес елі үшін ең басты Майдан – Шығыс майданы болды. Алайда Шығыс майданның жағдайы қиындауына байланысты 1918 жылы 2 маусымда Орынбор қаласынан Қызыл Армия бөлімдері кейін шегінеді де осыған байланысты 1918 жылы шілде айында Ақтөбе майданы құрылады. Ондағы қызыләскерлерге Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Чернаевск (Шымкент), Әулисата және тағы басқа да қалаларда құрылған құрамалар көмекке келеді.

Азамат соғысының басты майдандарындағы шайқастардың нәтижесі ғана шешуші ықпал етін қойған жоқ, сондай-ақ жергілікті әскери құрамалар мен партизандардың іс-қимылдары және Қазақстан аумағындағы ақ гвардияшылар басып алған жерлердегі көтерілістер Шығыс пен Оңтүстік майдандарда соғысып жатқан Қызыл Армияның негізгі күштеріне айтарлықтай көмек көрсетті. Бұл әсіресе Орынбор мен Оралды азат етуде, Колчакты түбегейлі талқандауда, ақ гвардияшылар мен олардың одақтастарын Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Қазақстаннан және Жетісу жерінен қуу кездерінде айқын көрінді. Кеңес үкіметі Қазақстан майдандарында соғысып жатқан Қызыл Армия бөлімдеріне қажетті әскери көмегін аямады. Мұндай әскери көмектердің айқын мысалдарының бірі Ә. Жангелдин экспедициясы болып табылады. Ол 1918 жылы 20 шілдеде мол қару-жарақпен Мәскеуден теміржол арқылы шығып, 1 тамызда Астраханға келеді. 21 тамызда экспедиция екі желкенді кемемен Каспий арқылы Александровскіге (қазіргі Ақтау қаласы), одан Құланды аралы арқылы Бұзашыға келіп, Жандауыр мүйісіне жүктерін түсіреді. Осында бір ай бойы даламен жүріп өтуге дайындалады. Экспедицияның табысқа жетуі енді жүк көлігімен және әр түрлі керек-жарақтармен қамтамасыз еткен жергілікті қазақтардың қолдауына байланысты болды. 11 қарашада, 57 күннен кейін, аса қиын дала жолымен жүріп өткен экспедициялық отряд өзін асыға күтіп отырған Ақтөбе майданының әскері тұрған Шалқар стансасына келіп жетті. 1927 жылы Ә. Жангелдин осы экспедицияны ұйымдастырғаны және Отан алдында басқа да сіңірген еңбектері үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Азамат соғысы жағдайындағы Қазақстанның кеңестік өңірлерінде Қызыл армия бөлімдерін құру едәуір табысты өтті. Қызыл армия қатарына орыстармен бірге қазақ халқының өкілдері де кірді. 1918 жылы 29 мамырда «Міндетті әскери міндеткерлік негізінде еңбекшілерді мобилизациялау» туралы декрет жарияланды. Осы декреттен кейін әскери міндетті өтеуге еңбекшілердің белгілі жас мөлшеріндегілер шақырылды. Сонымен қатар біраз уақытқа дейін еріктілік принципі де сақталып келді. Әскер құру ісімен Дала өлкесінің төтенше комиссары Ә.Жангелдин, Торғай уезінің әскери комиссары А.Иманов, қазақ атты әскер бригадасы саяси бөлімінің меңгерушісі Б.Қаратаев, сондай-ақ әскери бөлімшелердің командирлері және комиссарлары Т.Әлиев, С.Арғыншиев,



Б.Алманов, А.Асылбеков, Ж.Жәнікешев, М.Масанчи, А.Розыбакиев, О.Оразбаева және басқалар белсене айналысты. Сөйтіп, 1918 жылдың жазында ұлттық әскери бөлімдер ұйымдасып, алдымен Жетісуда, одан кейін Орынбор мен Орал қалаларында, Батыс Қазақстанда құрылады. Қызыл армияның құрамдас бөлігі ретінде 1918 жылдың күзінде Бөкей ордасында құрылған казак атты әскер полкінде Хамит Чурин, Ж.Сәрсеков, Х.Иманов, В.Жәнекешев тағы басқалары қызмет жасады. 1918 жылдың аяғында және 1919 жылдың басында Ә.Жангелдин мен А.Имановтың басшылығымен Торғайда екі, Ырғызда бір эскадрон жасақталды. 1919 жылы сәуір-маусымда Оралды қорғауға казак эскадроны қатысты, ол кейін бірінші үлгілі Кеңестік казак полкі болып қайта құрылды. Әскери жасақтар басқа жерлерде де құрылды. Олар Ақтөбеде – бірінші Торғай жасағы, Шымкентте – бірінші Черняев полкі, Әулиеатада – төртінші Кеңестік Түркістан полкі еді. 1918 жылы жазда Қызыл армияның бірінші құрамдас бөлігі ретінде ұлттық әскери құрамалар құрыла бастады. Қазақстанның аумағында Қызыл армияның ұлттық бөлімдерінің құрылу базасы Сырдария, Жетісу облыстары, Бөкей Ордасы және Торғай облысының кеңестік уездері (Торғай мен Ырғыз) болды. 1919 жылы Степан Разин атындағы алғашқы орынборлық казак полкі ұйымдастырылды. Ақ гвардияшылармен күресуге Қазақстан еңбекшілерімен бірге өз еріктерімен Қызыл армия қатарына кірген шетелдік жұмысшылар мен шаруалар: венгрлер, немістер, чехтар, поляктар және басқалар да қатысты. Қазақстан аумағында ақ гвардияшылар басып алған жерлерде партизандық қозғалыстар мен халық көтерілістері кен өріс алды. Партизан қозғалысының ірі ошағы Қостанай уезін түгел қамтыды. Ол Ақмола, Семей облыстарында да кен етек алды. Партизан қозғалысының тарихында Ақмола облысының Атбасар уезіндегі Маринский көтерілісі үлкен орын алды. Партизан қозғалыстары Семей облысының Өскемен, Бұқтырма, Зайсан уездерінде, әсіресе Зыряновск, Шемонайха облыстарында едәуір көлемде өрістеді. Қазақстандағы Азамат соғысының тарихына Черкасск қорғанысы, Орал қорғанысы, Тарбағатай мен Алтайдағы «Тау қырандары» партизан отрядтарының әрекеттері сияқты оқиғалар көрнекті сипатталады. 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында майдандардағы оқиғалар, әрине, ақтардың пайдасына қарай шешілмеді. Күші жағынан әлсіреген, оқ-дәріден мұқтаж көрген Колчак әскері Орынбор мен Орал казактарына дер кезінде көмек көрсете алмады, осы себептен Қызыл әскерлер екі казак әскерінің де әкімшілік орталықтарын басып алып, бүкіл Орынбор – Ташкент жолын қайтадан өз бақылауына алып, оралдық казактарды Орынбор мен Сібірден бөліп тастайды және Түркістан мен Жетісуда өз позициясын нығайтуға мүмкіндік алды. Кеңес басшылығы Мәскеуде 1918 жылдың қорытындыларын талдай келіп, ұлттық-мемлекеттік құрылыс реформасын тез арада қолға алу, татарлар мен башқұрттарға және казактарға тезірек кеңестік негізде автономиялар беру туралы шешімге келді. Бұл бағыт РК(б)П VIII съезінің (1919 жылғы наурыз) шешімдері арқылы бекітілді. Қазақстанда Колчак әскерін талқандау Шығыс майданының Солтүстік және Оңтүстік топтарына жүктелді. М.В. Фрунзе басқарған Оңтүстік топтың әскерлері 1919 жылғы маусымда Уфаны азат етті.



Фрунзе бастаған қызыл әскер отрядтары Қазақстанның Солтүстік аудандарында Колчак әскерлеріне қарсы күрес жүргізгеннің нәтижесінде сол жылдың орта кезінде Колчак әскерлері екіге бөлінді. Олардың бір бөлігі Сібірге, екіншісі Түркістанға қарай шегінеді. Шілдеде Оралда қоршауға алған ақ гвардияшылар әскерлерді талқандауға 25 Чапаев дивизиясымен бірге қазақ атты әскер бригадасы қатысты. 1919 жылы қыркүйекте Орынбор-Ташкент темір жолының Мұғалжар станциясында 1-армия Ақтөбе майданының 5 армиясы (қолбасшысы М.Н.Тухачевский) Солтүстік, содан соң Шығыс Қазақстанды басып алды. 1920 жылғы наурыздың аяғына қарай Семей облысының солтүстігі де ақ гвардияшылардан тазартылып Жетісу майданы жойылды. Қызыл армияның Түркістан майданы 1919 жылы тамыз айының екінші жартысында Колчактың «Оңтүстік армиясын» біржолата талқандады. Осының нәтижесінде Түркістан майданының әскер бөлімдері Солтүстік Жетісуға жеткізіліп, мұндағы қарсылықты тезірек басуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, 1920 жылы наурызда азамат соғысының Қазақстандағы ең соңғы Солтүстік майданы жабылады. Азамат соғысындағы жеңіс халыққа тым қымбатқа түсті. Қызылдар мен ақтардың қимылдарынан алдымен қарапайым халық зардап шекті. Олардың қайсысы болса да малды, ең алдымен аттарды реквизициялады, қазақтар арасында күштеп мобилизация жүргізді, ауылдарды және даланы өртке орады. Қазан төңкерісі және Азамат соғысы жылдарында Қазақстанда түрлі саяси ұйымдар мен партиялардың белсенділік танытуымен ерекшеленді. Дегенмен бұл ұйымдардың басым бөлігі бірінші орыс революциясынан кейінгі жылдарында-ақ қалыптаса бастаған. 1905 жыл социал-демократиялық топтар Верныйда – «Қара жұмысшылар одағы» (жетекшесі Жүсіп Бабаев), Сергиопольде (Аяғоз) – «Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымы», Петропавлда – «Жас арбақештер одағы» ретінде сондай-ақ, Қостанай, Перовск, Ақтөбе және Семей қалаларында пайда болып, олардың құрамында темір жол, баспахана, пошта және телеграф жұмысшылары, жергілікті зиялылар өкілдері кірді. Басым түрде орыс және басқа славян тұрғындар өкілдерінен құралған бұл топтардың мүшелері өздерінің жабық құпия отырыстарында марксистік әдебиеттермен танысты және оларды халық бұқарасы арасында насихаттау ісін қолға алды. 1913 жылы Омбыдағы түрлі оқу орындарында оқитын қазақ жастары «Бірлік» қоғамын құрған болатын. Қоғамның мақсаты бастапқы кезеңде, негізінен, ағартушылық қызметтен тұрып, оның басқарушы тобын: Мұхтар Саматов, Нығмет Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев, Шаймерден Әлжанов, Сәкен Сейфуллин сияқты жастар құрады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі оқиғалар тұсында «Бірлік» ұйымы екі қанатқа жарылып кетті. Оның бір қанаты (Ә. Досов, Ж.Сәдуақасов, Жүсіпбеков, т.б.) кеңестік билік жағында болса, екінші қанаты (Қ.Кеменгеров, С.Сәдуақасов, т.б.) Алаш партиясының бағдарламасын қолдады, өздерін «жас алашшылар» санады. Сол кездері дәл осындай ұйымдардың саны жиырмадан асты. Олардың арасында Ақмоладағы «Жас қазақ», Орынбордағы «Еркін дала», Ордадағы «Жігер», Петропавлдағы «Талап», Меркідегі «Қазақ жастарының революциялық одағы» және басқалар бар еді. Бұл қоғамдық ұйымдардың көздеген мақсаты біркелкі болған емес,



олардың қайсыбірі жалпыұлттық ұстанымда болса, екінші біреулері соңынан белгілі бір әлеуметтік топтарды ертуді көздеді. 1917 жылы қарашада Омбыдағы бір топ қазақ зиялылары «Үш жүз» аталатын саяси партия құрағандарын мәлім етті. Бұл партияның өмірге келуі қазақ зиялылар тобының білімі мен саяси мәдениеті тұрғысынан біркелкі емес, сондай-ақ түрлі саяси бағытта екенін көрсетті. «Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рөлдерді бұрынғы қорғаушы адвокат, журналист және драматург Көлбай Төгісов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Әлжанов, Әбілхайыр Досов, Ысқақ Кабеков, Мұқан Айтпенютер атқарды. Орталық Комитетінің алғашқы төрағасы М.Әйтпенюв, орынбасары К.Тоғысов, хатшысы Ы.Көбеков болды. Орталық органы «Үш жүз» газеті, оған Тоғысов редакторлық етті. Өзінің әлеуметтік тегі жағынан ұсақ буржуазияшыл демократтардың саяси ұйымы болғанымен, «Үш жүз» партиясының мүшелері кейде өздерін «қазақтың социалистік партиясы» деп те атаған. Үш жүз алғашқыда Алаш партиясымен жақындасқысы келгенімен, кейін билік үшін күрес шырқау шегіне жетіп, таптық жіктелу үрдісі күшейген жағдайда «Үш жүз» партиясы Алаштан іргесін аулақ салып, большевиктер мен солшыл эсерлерге жақындай түсті. Ал Қазан төңкерісі жеңіске жеткен кезде Алаш партиясына ашық түрде күреске шығып, оның ұарсыласына айналды. Алайда Бүкілресейлік Құрылтайға депутаттар сайлау науқанына дербес тізіммен түскенімен сайлауда бірде-бір өкілін өткізе алмайды. Үшжүздіктердің қазақ қоғамы арасында беделінің жоқтығы басшылығында ел мойындаған саяси тұлғаның жоқтығы, сондай-ақ партияның халықты соңына ерте аларлық нақты бағдарлама ұсына алмауына байланысты еді. «Үш жүз» қазақ арасындағы мұсылмандықты қолдайтындығын және қорғайтындығын айта отырып, сонымен бірге атеистік ұстанымдағы большевиктермен қоян-қолтық жұмыс істеуге күш салды. Өз ретінде большевиктер үшжүздіктерді Алаш партиясының беделін түсіру мақсатында пайдалануға тырысты. Осылайша, өздерін социалистік ұстанымдағы партия санаған «Үш жүздің» қызметінде үйлесімсіз қайшылықтар көптігінен оның қызметі ұзаққа созылмады. Сонымен қатар, қазақ даласында жергілікті халықтың арасында үлкен саяси салмағы бар саяси ұйымдардың бірі «Ислам жолындағылар кеңесі» («Шуро-и-Ислам») болды. 1917 жылы құрылған Ташкент қаласында құрылған бұл ұйымның қызметі жалпы Түркістан өңіріне ықпалды болып, оны Мұстафа Шоқай басқарды. «Ислам жолындағы кеңестің» ұйымдастыруымен 1917 жылғы қарашада Қокан қаласында IV төтенше өлкелік мұсылмандар съезі шақырылып, онда кеңестік билікке балама Түркістан (Қокан) автономиясы құрылғандығы жарияланып, үкіметі құрылды.

## §2. Алаш Орда және Сібір автономиясы

Алаш интеллигенциясының өкілдері Самарада құрылған Комучтың қолдау тапқанымен Сібір өкіметі Алашорданың автономия мәселесіне өте сақ болды. Олар «Сібір ұлттарының мәдени автономиясының шекарасы туралы негізгі



ережелері» құжатын қабылдап, онда Жалпыресейлік Құрылтай жиналысы ғана автономия туралы мәселені түпкілікті шешетіні айтылды, осы себептен Алашорда үкіметін мойындаудан бас тартты. Өйткені Алашорда үкіметі Сібір өкіметіне Орынборда өткен Екінші Бүкілқазақ съезі шешімін мойындауды, яғни Алашорда өздерін ұлттық-мәдени ғана емес, ұлттық-территориялық автономия ретінде мойындауды ұсынды. Алаш қайраткерлерінің Сібірдегі саяси күштермен одақтасуы және олармен қосылып ортақ федералды автономия құру мәселесін Уақытша үкіметтің кезінде-ақ көтерген болатын. 8-15 қазанда Том қаласында Сібір автономиясын құру шараларын талқылаған Жалпы Сібір съезі болып, оған Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстары мен Бөкей ордасынан 9 өкіл катынасып, олар қазақ қоғамының Сібір автономиясының құрамына уақытша енетіндігін мәлімдейді. Съезд бекіткен Экономикалық Кеңес пен Негізгі Заңды дайындайтын комитет құрамына облыстардан Х.Ғаббасов, Е.Итбаев, С.Досжанов, ал жалпы қазақ жұртының атынан Ә.Бөкейханов пен М.Тынышбаев енеді. Бұлардың бәрі де Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар еді. Ал осы Сібір автономиясы құрамына енудегі мақсатын қазақ делегациясының басшысы Ә.Бөкейханов былайша түсіндірді: «Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалғап зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінелік деп». Сібірде өткен бұл съезде өзін-өзі басқару формасы, ұлттық, жер мәселесі, жалпы сібірлік экономикалық кеңес құру және тұрақты жұмыс жасайтын орган құру мәселелері талқыланады. Сол уақыттары Сібір автономистерінің съезі Ресейдегі тамыз-қыркүйек айларындағы саяси оқиғалармен (Корнилов бүлігі, үшінші коалициялық үкіметтің құрылуы) тікелей байланыста өтті. Өйткені Уақытша Үкімет осы уақиғалардың салдарынан күрделі саяси дағдарыстан шығу жолдарын іздестіріп, шеткі аймақтарға жеткілікті түрде көңіл бөле алмады. Сондықтан бұл жағдайдан шығу мақсатында Сібірлік автономия құру мәселесін осы аймақтағы жетекші саяси күштер тарапынан көтерілуі заңды құбылыс болып табылды. Сібір автономиясы құрамына қазақ даласының енуін алаш қайраткерлері құлшына қолдауының өзіндік себебі де бар еді. Алаш қайраткерлерінің Сібір автономиясына қосылуға ниеттенуі қазақ халқының ұлттық мемлекеттік құрылымын облыстық автономия формасында болса да құруға жетісу және оның ресми тұрғыда танылуын қамтамасыз етуден тұрды. 1917 жылы 8 қазанда Томск қаласында өткен Жалпысібір съезі (автономиялық съез) туралы ой-пікірін Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетасына жариялап, алаш қайраткерлерінің осы съезде ұстанған позициясы айқын аңғартты. Онда Әлихан бастаған қазақ өкілдері Алаштың ұстанған бағыты біреу, ол қазақ облыстық ұлттық мемлекетін құрылым ретінде уақытша Сібір автономиясына кіреді, кейін уақыт келгенде дербес автономия болып бөлініп шығады делініп, мұны Жалпысібір съезі қабыл алғаны айтылды. Сөйтіп Сібір съезінде қазақ ұлтының 9 өкілі мынадай тұжырым айтқан: Сібір автономия болсын, қазақтар уақытша Сібірге қосылады, Сібір автономиясының негізгі заңына бір бап қосылады: қазақ ұлты һәм өзге Сібірді қоныс қылған жерлі жұрт Сібір автономиясына уақытша қосылады. Өздері біз енді бөлініп, өз алдымызға



автономия боламыз деген күні босанып, автономия болады. Сонымен бірге Ә.Бөкейханов мынаны ескертеді: «қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, алға қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады, қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата-қонысынан көшпес; көшсе ақылсыздық болады: қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт». Одан әрі Әлихан «Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ», - деп түсіндіреді. Яғни, дербес бөлініп шығуды әлі ерте санап, кейінге қалдырады. Бұл Әлиханның көреген, дұрыс болжам жасаған саясаткер екенін көрсетеді. Осылайша қазақ жерінің Алаш автономиясына территориялық бірігуін ерте санаған Алаш өкілдері бұл мәселенің қоғамдық-идеялық және саяси жағына баса назар аударады.

Том қаласында Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын тұрақты комитет сайланып, оған Ә.Ермеков қазақтың атынан мүше болып енсе, арнайы Сібір шаруа мәселесі, яғни экономикалық кеңес саласында оған казактар атынан Ә.Бөкейхановтың жолдасы А.Збаровский деген іскер жігіт кірді. Жалпысібір съезінде Сібір Кеңесі сайланып, оның мүшелері Томск қаласына шақырылып тұратын болып келісілді. Бұл Кеңеске қазақ облыстары атынан және қазақ жұртшылығы атынан Бөкейханов бастаған қазақ өкілдері мүше болып енеді.

Алаш қайраткерлерінің тамыз-қазан айлары аралығында Ресейде туындалған жалпы саяси қал-ахуалға қарай бейімделіп Сібір автономистерінен жақындасуы, олардың саясаттағы қызметтерінің тағы бір қыры болып табылады.

1917 жылдың күзіне қарай Ә. Бөкейхановтың қазақ елінің болашақ мемлекеттік құрылымы туралы көзқарасы да белгілі бір жүйеге түсіп қалғанын байқаймыз. Ол өзінің бұл мәселеге қатысты көзқарасын Сібір съезінен қайтар жолда Семейдегі қазақ жұртшылығымен болған кездесуде сөйлеген сөзінде баяндайды. Оның қысқа мазмұны мынаған саяды:

1. Ресей көп ұлтты, үлкен мемлекет. Оның құрамындағы әрбір халықтың төл даму жолынан, күнделікті тіршілігінен туындап жатқан өз ерекшеліктері бар. Ал «осындай тілі, жаратылысы, жаны бір-бірінен бөлек халықтарды бір топ кісі қандай ақылды болса да, бәрінің керегін біліп, бәріне лайықты заң жасап, бір орталықтан басқара алмайды. Лайықты заңды өздеріне өздері ғана жасай алуға мүмкін». Жалпыға бірдей қолайлы заң шығаратын орын - Құрылтай жиналысы.

2. Құрылтай жиналысына казак елінен сайланған депутаттар Ресей мемлекетінің автономиялар (өз билігі езінде) одағы болуын қолдағаны жөн. Ал «автономия үш түрлі: қаны біргелік, жері біргелік, шаруасы біргелік».

3. Қазақ елі жеке автономия алуға әзір емес. Өйткені «автономияны жүргізіп әкетерлік кісіміз тіпті жеткіліксіз, қазақтың жалпысын тарих даярлаған жоқ». Сондықтан қазақ елі «жері біргелік автономияны қабылдап Сібірге» қосыла тұрады. Қай күні өзін-өзі басқаруға жараса, сол күні Сібірден бөлініп



автономия алмақ.

Ә. Бөкейханов бұл сөзінде қазақ облыстарының Түркістанмен бірігіп автономия құруына үзілді-кесілді қарсы. Оның пікірінше, бұл екі жақ та мәдениетінің төмендігіне байланысты өздерін өзі басқаруға даяр емес. Ал қосылған күнде, инициатива діни реакциялық күштердің қолына ауып кетуі толық ықтимал. Ә. Бөкейхановтың бұл айтылған пікірлері қайшылықсыз емес. Оны көп ұзамай уақыттың өзі-ақ көрсетіп берген болатын. Алайда Ә.Бөкейханов ұсынған бұл бағыттың жүзеге асуына Ресейдегі билікті большевиктердің билікті тартып алуы кедергі келтірді. Большевиктердің алдын қойған мақсаты империялық мүддемен сабақтас скенін байқаған Алаш қайраткерлері жақсы түсінді. Мұны Ә.Бөкейхановтың большевиктердің көсемі В.И.Ленинді сынаған 1917 жылы 1 желтоқсанда «Памятка крестьянам, рабочим и солдатам» деген мақаласынан байқаймыз. Онда ол «Халық Комиссарлары төрағасы Ульянов-Ленин Николай патша сияқты жеке өзі билік жүргізеді, билеушілердің жауапсыздығын біз Николай патша кезінде көргенбіз, Ульянов-Ленин Николай сияқты халықты хайуанға теңейді», - деп өз бағасын береді.

Ал Сібірдегі саяси күштердің жетекшісі Григорий Потанин Алаш зиялыларының іс-әрекеттерінен үнемі ақпарат алып тұрған. Потанин өз теорияларында таптық тәсілді қолданбаған, сондықтан большевиктердің бір ғана тапты ойлауына қарсы болған, бір таптың экономикалық мүддесі үшін күресу Потанинге жат нәрсе еді. Сондықтан тапсыз негізге құралған Алашорданы қазақ еліндегі орталыққа бағынбайтын мемлекет болуы Потанин ойына сай келді. Томскіде шығатын «Путь народа» газетінде Потанин бұл ойын былай деп хабарлайды: «Қырғыздар арасында тап күресі байқалмайды, олардың ортасында жұмысшы партиясы жоқ, не социал-революционерлер, не социал-демократтар, не большевиктер жоқ... Бір сөзбен айтқанда, қырғыз бағдарламасы ұлттардың өзін-өзі анықтау мәселесімен тынады». Г.Потанин идеялары Сібірде, Қазақстанда қолдау тапқанын байқауға болады. Тамыз конференциясында Потанин Сібір ұйымдық комитетінің төрағасы болып сайланған соң ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы қаулы қабылдатады. Осы істің бәрі қазақ зиялыларының атқарып жатқан ісімен үндес келді. Сондықтан қазақ даласында құрылған Алашорда үкіметін Г.Н.Потанин басқарған Сібір облыстық Советі толықтай мойындайды. 1917 жылғы желтоқсан айының 8-15 аралығындағы Томск қаласында өткен төтенше Жалпысібірлік съезде құрылған Сібір үкіметі Алашорда үкіметінің құрылуына қолдау көрсетті. Өз кезегінде Алаш қайраткерлері де Сібір автономиясына қолдауларын білдіреді, одан үлкен үміттер күтеді. Мәселен оны Мәрсековтың Жалпысібірлік съезіне жіберген құттықтауынан көруге болады. Онда былай делінеді: «Бірінші Семей Уездік Төтенше Земство жиналысы съезге біріккен Сібір Автономиясы мүддесін білдірушісі, оның халықтың бақыты үшін өте жауапты ауыр істерді атқару сезімдері қанаттандыратынын білдіреді». Алайда Сібір үкіметінің ғұмыры қысқа болды. 1918 жылы 26 қаңтарында Томск советі Президиумының жарлығымен Сібір думасы таратылды. Осы Сібір үкіметінің Сібір халықтарына арналған үндеуінде жалпысібірлік социалистік билікті ұйымдастыру, Сібір Құрылтай



жиналысын қорғауды, оның шешімдерін бүкілресейлік Құрылтай жиналысында бекіттіріп, Ресей Федеративтік Республикасын құруды іске асыруды нақты көрсеткен. Сібір уақытша үкіметі Алашорданы саяси тұрғыдан мойындаудан бас тартты. Бұл туралы Сібір үкіметінің Қазақ автономиясы мәселесіне көзқарасы Сібір кадеттерінің органы «Сибирская речь» газетінің 1918 жылғы тамыздың 5-індегі санында жарияланған «Қырғыз (қазақ авт) автономиясы туралы мәселе» деген мақалада ешқандай бұлтарыссыз айтылды. «Қырғыз (қазақ авт) өкілдері талап еткен формадағы автономия, - делінді мақалада – Россиядан түгелдей бөлініп, жеке тәуелсіз қырғыз (қазақ авт) мемлекетін құрумен бірдей. Біз жатжұрттықтардың (инородцы авт) мәдениет ұлттық мұқтаждарын орындау жөніндегі талаптарын қолдауға дайынбыз, алайда өзіңіз құртуға бет бұрған мемлекет қана осындай жат-жұрттық сепаратизмге жол береді деп санаймыз». Бұл мақаланың жариялануына Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейхановтың Сібір үкіметінің премьер-министрінің атына 1918 жылғы 13 (20) шілдеде келіссөздер жүргізу жөніндегі жазған хаты түрткі болды. Онда Алашорданың жетекшісі Алашорданың басқару органдарының құрылуы мен Алашорда үкіметінің қызметінің заңды екендігін дәлелдеуге тырысты. ... қазіргі кезде, - деп жазды өз хатында Ә.Бөкейханов, - біртұтас Россия жоқ. Біртұтас мемлекеттік өкімет те жоқ. ... Сондықтан да тарихи оқиғалардың күшімен большевиктер билігінен құтылған автономиялы облыстар мен халықтар мемлекеттік тәуелсіздік жолына түсулері керек, ... Сібір мен Алаштың өзара ортақ мақсат-мүдделері екі автономияның тығыз одағы болуын талап етеді. Өзара тану күштерді біріктіреді... Біз автономиялы Сібір үкіметіне талқылау үшін келісімнің төмендегі баптарын ұсынамыз: Сібір үкіметі мен Алаш автономиясы бірін-бірі таниды... Алаш территориясын мекендейтін барлық халықтар мойындайтын өкімет құрылғанша Алашорда қазақ-қырғыз халқының өкімет органы болып табылады... Армия территориялық және ұлттық негізде құрылады... ол соғыс кезінде Уақытша Сібір үкіметінің әскерлерімен ортақ командованиеге бағынады. Сібір үкіметі армияны қару-жаракпен ... азық-түлікпен және әскери нұсқаушылармен қамтамасыз етуге міндетті. ... Алашорда Алаш территориясын большевиктік баңдалардан тазартуды, Түркістан мен Жетісуға көмек көрсетуді өзінің бірінші міндеті деп санайды. ... банктер мен басқа да қаржы мекемелері әзірге Уақытша Сібір үкіметіне бағынады. Таяу уақытта большевиктерден азат етілген автономиялық халықтар мен шет аймақтардың депутаттар конгресін феодалдық өкімет құру мақсатымен шақыру қажет... Сібір, Алаш, Башкирия және Түркістан федерациясын құру мүмкін». Мұнда байқалатын маңызды жайт Ә.Бөкейханов өзі басқарған Алашорда үкіметін келіссөз жүргізу барысында Сібір үкіметімен терезесі тең үкімет деп дәлелдеуге ұмтылған. Екіншіден, Әлихан Бөкейхановтың пікірінше, бүкілроссиялық біртұтас үкімет болмай отырған жағдайда Алашорданың қызмет етуі заңды; сондықтан да Алашорда бүкіл Қазақстанға ортақ елді басқару үкімет жүйесін құруға құқылы. Үшіншіден, Ә.Бөкейханов бұрынғы Россия империясының жскелеген алқаптарында автономиялардың, олардың ішінде облыстық автономиялардың



пайда болуы Қазақ автономиясын мойындау қажет ететіндігін баса көрсетті. Алаш автономиясын мойындамау ең алдымен Россияның көп ұлтты мемлекет болып қала беруіне қатер туғызатындығы да Ә.Бөкейханов хатында ашып ескертілді. Осы ойын дәлелдей келіп, Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Біздің Сібір үкіметімен келіссөзіміздің созылып кетуі Алашорданың Орал облысына айырылып қалуына әкеп соқты. Большевиктерден құтылған басқа қырғыз-казак облыстары да Алашордаға толығымен жете алмай, Оралдың жаман жолына түсуі мүмкін. Ал одан кейін олар (басқа қазақ облыстары - авт) Бакуге келіп орналасқан немістердің басып алу қаупіне кездесіп отырған Түркістанмен жақындасу жолдарын іздестіруі ғажап емес... Алашорданың тарап кету қаупі оның батыл шешімдерге барып, Сібірмен одақтасудан бас тартып, казак-қырғыз халқының бірлігін сақтап қалу үшін, ... Алаш автономиясын жариялауға мәжбүр етеді. Сібір үкіметінің Алаш автономиясын мойындауы оған Түркістанды немістік бағыттан бұрып, оны Россия федерациясының аясында сақтап қалуға мүмкіндік берер еді». Әлихан Бөкейхановтың хаты толық болмаса да, белгілі дәрежеде онда алға қойған мәселелердің шешілуіне жер етті. Азамат соғысының майдандарындағы жағдайдың тұрақсыздығы сібірлік ақ гвардияшыларды әрі әлсіз, әрі сенімсіз болса да Алашордамен одақтасуға итермеледі. Сондықтан Сібір үкіметі келіссөз барысында жартылай шараларды ғана жүзеге асыруға келісті. Премьер-министр П.Володарскийдің жарлығымен түземдік істер жөніндегі министр В.Шатиловтың төрағалығымен арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелері болып ішкі істер министрінің орынбасары В.Михайлов, Министрлер кабинетінің көші-кон бөлімінің меңгерушісі, А.Яромша «әскери мекеменің өкілі генерал В.Попов тағайындалады. Комиссия жұмысына білгір адам ретінде Алашорданың жетекшісі Бөкейханов тартылды».

Төрт күн бойы - 1918 жылғы шілденің 29, 30-ы және тамыздың 2, 3-і күндері - аталған комиссия Алашорда делегациясы ұсынған хаттағы «Алашорда мен Сібір үкіметі арасында уақытша қатынастар орнату туралы» мәселені талқылап төмендегі негізгі шешімдерге келді: Алашорда казак халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалсын, оған үй бас сайын салық (кибиточная подать) пен басқа да алым-салық жинауға рұқсат етілген. Алашорда ұлттық сот құруға құқылы болсын. Ұлттық армия құру мәселесі бойынша қабылданған шешімге оның Сібірдің әскери мекемесі белгіленген тәртіп бойынша құралатындығы айтылды. Ұлттық армияның командашысы мен әскери бөлімдердің командирлерін Алашорданың келісімімен Сібірдің әскери министрлігі тағайындайтын болды. Қабылданған шешімнен айқын көрініп отырғандай, Сібір үкіметі Алашорданы жартылай ғана мойындады, соңғысының саяси статусы туралы тиянақты қорытынды жасамады.



### §3. Алаш Орда және Комуч

Азамат соғысы басталғаннан кейін Ресейдің өз ішінде және Қазақстан территориясында құрылған кеңестік билік құлатылып жатты. Нәтижесінде Ресейдің Қазақстанға жақын жерлерінде жана аймақтық үкіметтер құрылды. Осыған байланысты қазақ өлкесінде 1918-1919 жылдары елеулі түрде саяси рөл атқарған Алашорда үкіметінің тарихи қызметі бұрынғы Ресей империясы кеністігінде пайда болған барлық дерлік саяси күштермен қарым-қатынас жасаудан түзілді және өлкедегі ішкі жағдайлардан туындалған мәселелерді шешуге бағытталды. Өзгермелі қоғамдық саяси өмірде Алашорда қайраткерлері саяси тарих сахынасына бірінен соң бірі көтерілген Сібір Облыстық Советі (Сібір автономиясы, желтоқсан 1917 ж.), Самара Құрылтай Жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч, маусым-тамыз, 1918), Сібір Уақытша Үкіметі (мамыр-қазан, 1918), Уфа Директориясы (қыркүйек-қараша, 1918 ж.), Колчак Үкіметі (қараша 1918 ж.- желтоқсан 1919 ж.), Кеңес өкіметі (наурыз-мамыр, 1918- сәуір 1919- наурыз 1920 ж.) сияқты Ресейлік саяси күштермен байланыстарында Алашорда үкіметін ресми мойындатуды бірінші кезектегі міндет етіп алды. Екінші кезекте соғыс жағдайындағы уақытта әскери құрылым - милиция жасағын құру және оның ұйымдастырылуы іс-әрекетін бірлескен әскери күштермен (Ресейлік) үйлестіру міндетін шешу тұрды. Кейінгі кезекте алғашқы міндеттің (саяси) шешілуіне қарай жергілікті басқару жүйесін қалыптастыру және оның қызметін басқа да жергілікті саяси күштермен үйлестіру арқылы өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ретке келтіруді жоспарлады. Алаш қайраткерлерінің түпкілікті пікірінде Алаш партиясының жобалық бағдарламасында көрсетілген бірінші бапқа сәйкес жаңадан құрылатын (Құрылтай жиналысында) Ресей демократиялық федерациясы құрамында қалуы міндетті шартын Ресейлік саяси күштермен байланыстарында ұстап бақты. Бірақ саяси ара-салмақ тең болмады. Ол өзіндік екі жаққа тән себептерден тұрды. Ресейлік саяси күштер (Кеңестік өкімет және оған қарсы саяси күштер) азамат соғысы арқылы Ресейдегі саяси билікті қолға алу мәселесін шешіп жатқандықтан ұлттық аймақтарда пайда болған саяси ұйымдарға жете мән бермеді. Өз кезегінде, Ресейдің шеткері аймақтарындағы ұлттық саяси ұйымдардың саясатта биік деңгейге көтерілуіне кері әсер тигізген себептер жеткілікті еді. Мәселен, Ресейдегі қоғамдық - саяси жағдайдың тұрақсыздығы, қазақ өлкесінің азамат соғысы аймағына айналуы, большевиктік саяси және әскери күштердің өлкедегі іс - әрекеттерінің күшейе түсуі, ақ гвардияшыл қозғалыстар тарапынан ұлттық саяси ұйымдарға сенімсіздік көрсетілуі, аймақтың экономикалық қуаттылығының толық дәрежеде болмауы, қазақ қоғамының жетекші күші - зиялылардың қарама-қарсы саяси топтарға бөлінуі, жергілікті жердегі түрлі сипаттағы қоғамдық-саяси ұйымдармен байланыстарындағы түсініспеушіліктерінің жиі-жиі орын алуы, тіпті, халық жасағын - милицияны әскери үлгіде жабдықтауда туындалған қиындықтар мен келенсіздіктердің орын алуы Алашорданың саясаттағы жасаған дербес қадамдарына тұсау болып отырды. Міне Алашорда үшін осындай қолайсыздық саяси ахуалда чехословактардың



большевиктер билеген Кеңестік Ресейге қарсы бүлігі басталады да оның артынша, яғни 1918 жылғы маусым айында Самарада Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті құрылады. Оның территориясының шекарасы орта (Еділбойы), Оңтүстік Орал және Екатеринбург губернияларын қамтыды. Комуч-басқарушы ведомствалар кеңесінің атқарушы өкіметінің негізінде заңды орган ретінде билік құқығын иеленді. Комуч өкіметінің негізі түгел эсер партиясынан құрылды, тек еңбек ведомствосының басында меньшевик И.М.Майский тұрды. 15 шілдеде Комучка атаман А.И.Дутов пен Орал казактарының әскери үкіметі қосылды. Осы жылдың қыркүйек айының ортасында Комуч мүшелерінің саны 100-ге жетіп, олардың арасында Алаш партиясының мүшелері А.Байтұрсынұв, С.Досжанов, С.Қадырбаев, А.Бірімжанов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, У.Танашев, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, Н.Ипмағамбетов, Г.Әлібеков болды. Соның ішінде Жаһанша Досмұхамедов, Г.Әлібеков және Халел Досмұхамедовтер қазақ атқару комитетінің мүшелері атынан сөйлесе, ал қалғандары Алаш партиясы атынан кірді. Комуч басқа да облыстық үкіметтер сияқты бірден заң шығарушылықпен айналысып, өзін Жалпыресейлік үкімет деңгейінде ұстауға тырысып, билікке заңсыз келген большевиктерге қарсы күресті ұйымдастыру үшін 1918 жылы 8 маусымда № 2 бұйрық шығарып «Халықтық армияны» құруға кіріседі. Ал бір айдан кейін басқа ұлттардан (инородцев) әскерге шақыруды ұйымдастырып, әскери қызмет атқару ісін қолға алады да 19 шілдеде ұлттық бөлімдер құрумен айналысады. Сонымен қатар Комуч большевиктік Кеңестерді (Советтерді) таратып, 6 шілдеден бастап Құрылтай жиналысының шешімімен барлық жерлер жер комитеттеріне беріледі де оларға жергілікті жағдайды есепке ала отырып жұмыс істеуді тапсырады.

Комуч жалпы халықтың арасындағы үгіт-насихат жұмысына көп көңіл бөліп, үгіт-насихат жұмысының мәдени-ағарту бөлімінде басқа ұлт өкілдеріне (инородческий отдел) арнайы бөлім ашады. Ол бөлім ұлтаралық қатынастарды реттеуге, орыс емес халықтардан Халықтық армияға әскер алуды, жергілікті комитеттердің материалдарын қарап, заңдастыру жұмыстарына көмектер ұйымдастырады.

Комучтың Орал бөлімін В.А.Анзимиров басқарып, оның ықпал ету аймағына «Ойыл уэлаяты» және Жаңаөзен ауданы, Самар губерниясының қазақ халқының мекендейдін жерлері енеді. Бұл бөлім сондай-ақ Орал әскери үкіметімен, земствомен, кооперативтермен, кәсіподақтармен және басқа да ұйымдармен байланыс орнатады. 1918 жылдың 10 қыркүйегінен бастап, Орал бөлімін Д.И.Гаргер басқарды. Дутовтың нұсқауымен 25 шілдеде Комуч Торғай облысының басқарушысы қызметіне С. Қадырбаевты бекітеді, ал бұл аламы үміткер ретінде жеделхат арқылы Ә.Бөкейханов Дутовқа хабарлайды. С.Қадырбаевтың көмекшілері болып қазақ және орыс өкілдерінің арасында О.Алмасов пен Лабанов тағайындалады. Орал облысында Комучтың қызметін атқаруға Д.А.Барановский бекітіледі. Сонымен Сібір үкіметіне қарағанда Комуч өзінің бастапқы қадамынан-ақ ұлттық үкіметтермен жақын қарым-қатынас орнатады. Мұны Комучтың мүшесі болған И.Майский өз естелігінде былай деп жазады: «Самараға Сібір үкіметімен келісе алмаған қазақтар келіп, комитеттен



өздерінің Алашорда мемлекетін саяси жағынан тануды және қару-жарықпен көмектесуді сұраған». Комуч тарапынан Алашорда үкіметіне және басқа да ұлттық басқару ұйымдарына олардың шешімдерін қарауға, тіпті тоқтатуға дейін өкілеттілік беріп, өз өкілдерін жібереді. Бірақ «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі Комучтың Жалпыресейлік үкімет ретінде саясат ұстауына қарсылық білдіре отырып, өз саясатын өздері жүргізетінін баяндаса, ал 1918 жылы 7 шілдеде «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің басшылары Комучтың өкілі Барановскийдің Шыңғырлау уезін уәлаят басқаруынан алып жергілікті басқару жүйесіне бергеніне қарсылық білдіреді. Ол жөнінде Уәлаяттың Қаратөбе және Жымпиты облысындағы қазақ съезінің 1918 жылдың қаңтары мен мамырында шығарған шешімдері бар екенін айтып, Барановскийден өзі берген бұйрықтың күшін жоюды талап етеді. Барановский болса 1917 жылғы Орал облыстық басқару өтініші мен Уақытша өкіметтің земстволық өзіндік ережесіне сүйену арқылы уәлаят өтінішін орындамайды. Бұл мәселе төңірегіндегі тартыс Самараға жеткен соң ол 1918 жылғы 21 шілдеде Алашордаға үндеу жолдап, онда автономияға жол бермейтіндігін және ол өзіндік басқару жүйесіндегі құқық қорғау нормаларды бұзады деп көрсетеді. Осыған байланысты 1918 жылдың шілде және тамыз айында Челябинскіде өткен Комуч пен Сібір үкіметінің екі кеңесінде «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің мүшелері қатысып, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетімен (Комучпен) арадағы қарым-қатынасты кезінде шебер пайдалана білді. Мәселен, Ж.Досмұхамедов Алашорда үкіметіне Комуч комитеті жиынының Челябинскіде өтетінін соған ертең Комитет мүшелерінің аттанғалы отырғанын хабарлайды. Басшылары Вольский және Веденяпин, Башкириядан Валиди, Алашорда мүшесі М.Шоқай т.б. баратынын айтады. Ж.Досмұхамедовтың ұсынысымен бұл жиынға барлық Алашорда мүшелері шақырылады. Челябинскідегі жиынға Ә.Бөкейханов та келеді деп хабарланады. Нәтижесінде 1918 жылдың 22 тамызында Челябинскі қаласына Түркістан уақытша үкіметінің төрағасы М.Шоқай, қазақ өзіндік басқарма төрағасы Б.Жанқадамов Құрылтай жиналысының мүшесі Досмұхамедовтер келеді. 23-25 тамыздағы бұл Кеңесте алашордашыларға мандат беру-бермеу туралы мәселесі қозғалып, осы мәселенің төңірегінде көптеген талас-тартыстар өрбиді. Оны кадет партиясының өкілі В.Н.Пепеляевтың сөйлеген сөзінен көруге болады. Онда ол: «Инородцьлар мемлекеттік рухтан айрылғандар, олар Ресей державасына қарсы пікірде, сондықтан оларды орталық үкімет құру кеңесіне жіберу дұрыс емес», - дейді. Оны эсер П.Иванов-Ринов қолдап сөйлейді. Ол қолымен столды соғып «Өзге ұлт өкілдерін тікенек қолғапта ұстаған жөн» дегенге дейін барады. Пікірталастың соңында солшыл жақ жеңіске жетіп, өзге ұлт өкілдеріне (инородцьларға) мандат берілсін деген шешімге келіп, Комуч пен Сібір үкіметінің Кеңесі облыстық және ұлттық үкіметтердің билігін, соның ішінде Алашорданы, ұлттық басқару жүйесіндегі үкімет ретінде мойындайды. Алайда бұл шешімдер Уфа мәжілісінде тағы да талас-тыртысқа ұшырайды. Тарихта Уфа мемлекеттік мәжілісі (Уфимское государственное совещание) деген атпен бұл бас қосу 1918 жылы қыркүйектің 8-інде ашылды. Оның жұмысына 147



адам (кейбір деректер бойынша 170 кісі) қатынасты. Олардың ішінде Құрылтай жиналысының 81 мүшесі болды. Қазақ облыстарынан мемлекеттік мәжіліске Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, С.Досжанов, А.Байтұрсынов, Г.Әлімбеков, М.Тынышбаев, М.Шоқайұлы, І.Тұрмұхамедовтер келеді. Уфа мемлекеттік мәжілісінің басты мәселесі бүкілроссиялық өкімет құрудан тұрды. Оның басты міндеттері бүкілроссиялық жоғары үкімет құру жөніндегі Акты анықталды. Осы қорытынды құжатқа Алашорда атынан Ә.Бөкейханов пен М.Әлімбеков қол қойды. Жаңа үкімет Директория деген атау ие болды. Ол бес адамнан тұрады: төрағасы Н. Авксентьев (эсерлер партиясы орталық комитетінің мүшесі, философия докторы); мүшелері - В. Зензинов (эсерлер партиясы орталық комитетінің мүшесі, философия докторы), В. Виноградов (халық бостандығы партиясы орталық комитетінің мүшесі), генерал В.Болдырев, П. Вологодский (Сібір үкіметінің премьер-министрі). Директорияның негізгі міндеттері болып мыналар жарияланды:

- 1) Ресейді большевиктік өкіметтен құтқару үшін күрес;
- 2) Бөліп алып кеткен, бөлінген және бытыраңқылыққа ұшыраған Ресей облыстарын біріктіру;
- 3) Брест бітімін және басқа да халықаралық мәні бар келісімдерді мойындамау...
- 4) Герман коалициясына қарсы соғысты жалғастыру.

Осылайша Директория елдің бөлшектену процесіне (децентрализация) қарсы батыл да шұғыл шаралар қолданылатындығын мәлімдейді. Алайда Директорияның Сібір үкіметін тарапнақ болған әрекетінен ешнәрсе шықпаған соң Н.Авксентьев басқарған директория Алашордаға ғана шамасы келді. Бүкілроссиялық Уақытша үкімет (немесе директория) 1918 жылғы қарашаның 14-індегі жарлығымен Алашорда үкіметін тарады деп жариялап, оның орнына «Қазақ-қырғыз халқының мәдениеті мен тұрмыстық және экономикалық мұқтаждықтарын» қанағаттандыру ісін басқаратын Алаш жөніндегі бас өкіл тағайындалып, Алашорданың жергілікті органдары уақытша сақталады, бірақ олар ретіне қарай бүкілроссиялық уақытша үкіметтің мекемелеріне бағындырылмақ болды. Бұны Алашорда үкіметі қабылдамай Ә.Бөкейхановтың сөзімен айтқанда: «...Біз бұрынғысынша бүкілроссиялық федеративтік республиканы жақтаймыз: өз автономиямыздың жеке біртұтас республика көлемінде болғанын қалаймыз», - дейді. Бұл жерде Директорияны бүкіл Ресейдің тұтастығы мазаландырса, ал Әлихан Бөкейхановты өзі үкіметін басқарған Алашорданың тағдыры, ең алдымен оның территориялық бірлігі толғандырды. Қазақстанның оңтүстік облыстарының Түркістанның құрамында болуы қазақ мемлекеттігін (Алаш автономиясын) қалыптастыруда көптеген күрделі мәселелер тудыратынын Ә.Бөкейханов жақсы түсінді. Сонымен қатар, оны жеке облыстық ұлттық-территориялық Ойыл уалаятын құрып, сеператистік пиғылда болған Алаштың батыс тобының іс-әрекеті де аландатты. Алашорда азамат соғысы басталып, Қазақстанның көптеген аудандарында кеңес өкіметі құлаған жағдайда Алаш автономиясын таныту мақсатымен Комуч, Сібір үкіметтерімен, одан кейін Директориямен келіссөздер жүргізуге бірінші кезекте мән берді де,



жер-жерлерде өзінің жаңа жағдайдағы саяси платформасын халыққа түсіндіруде қажетті белсенділік көрсете алмады. Мұның үстіне Орал бойы соғыс аймағына айналды. Осылайша Ә.Бөкейханов Қазақстанның территориялық тұтастығын қалпына келтіру мәселесін ойластырып жатқан кезде Сібір мен Еділ бойында Алашорданың жағдайын қиындатып жіберген саяси оқиғалар орын алды. Сібірлік армияның қалыптасып, нығаюы Самарадағы Комуч әскерінің қызылдардан ойсырай жеңіліс тапқан уақытына дәл келді. Ал мұның өзі Директорияның ішіндегі саяси күштердің арасалмағын айтарлықтай өзгертті. Оның эсерлер партиясынан мүше болған министрлері үкімет саясатына ықпал етуден қалды, өйткені олардың нақтылы сүйенетін күші қалмады. Дегенмен 1918 жылдың 25 қыркүйегінде Комуч Алашорданың құрылуы жөнінде Декларация қабылдады. Алайда Директорияны таратып өз диктатурасын орнатқан Колчак үкіметі Алашорда жөнінде 1918 жылдың 14 қарашасында тағы да оны тарату жөнінде жарлық шығарды. Осындай саяси қиыншылықтарға қарамастан Алашорда қазақ өлкесінде 1917-1919 жылдары өзіндік ұлттық ерекшелігімен көрінген елеулі саяси күш ретінде танылды.



## ОН БІРІНШІ ТАРАУ

### АЛАШОРДАНЫҢ ШЫҒЫС БӨЛІМІ

#### §1. Алашорда үкіметінің Шығыс бөлімі және оның қоғамдық-саяси қызметі

1917 жылдың қазан-қараша айларындағы Ресейдегі саяси өзгерістерден кейін қазақ қоғамының болашағына алаңдаған Алаш қайраткерлері 2-ші жалпықазақ съезі өтісімен, оның шешімін жүзеге асыру мақсатында іле-шала Алашорда үкіметі мен мемлекетін құрудың іс-әрекетіне кіріседі. Осыған байланысты 1918 жылғы 28 қаңтарда «Сарыарқа» газетінің №28 санында Қазақ автономиясы мәселесіне байланысты екі бірдей мақала жарық көреді. Бірінші мақаланы «Жасасын, Алаш жасасын» деген атпен Әлімхан Ермеков жариялайды. Онда ол: «...Біз автономия алғанда жерлік, ұлттық автономия аламыз. Сонда алты алаштың басы қосылып, отырған жеріне ие болады, заңын шығарып, сотын жасап, әкімшілігін жүргізіп өз алдына жұрт бола алады». Екінші мақала авторы Халел Ғаббасов екінші жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес Алаш автономиясының Ресей Федерациясы құрамындағы мемлекеттік құрылым болатындығын жаза отырып, оны ол саяси салыстыру ретінде АҚШ-ы мысалға алады. Қазақ қоғамы үшін автономия мәселесі аяқ астынан тумағанына да назар аудартып, алдымен Сібірге қосылып автономия алу, одан кейін Бүкілресейлік Құрылтай жиылысында автономияны іске асыру көзделгенін тәптіштеп келтіреді. Алаш автономиясының мемлекеттік құрылымы мен қызметі туралы Х.Ғаббасов былай деп түсіндіреді: «Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі-«Алаш-Орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметімізді осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы». Алашорда басшыларының бірі ретінде Х.Ғаббасов өз мақаласын жалынды жолдармен былай деп аяқтайды:

«Алаш туы астынды  
Күн сөнгенше сөнбейміз!  
Енді ешкімнің қорлығына  
Алашты бермейміз!!  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз,  
Жасайды Алаш, өлмейміз  
Жасасын Алаш, жасасын!».

Мұның өзі Алашорда үкіметінің Орынборлық атаман Дутов басқарған эскадроншылармен жақындасуына негіз болды. Бірақ Алашорданың Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындаға түсті. Өйткені, оңтүстік Оралда Әліби Жанкелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П.Кобозев пен С.Павлов басқарған қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынбор қаласын басып алды. Қызылдардан ыққан Дутовпен бірге



алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты біртұтас қазақ автономиясын құрып үлгірмеген және барлық қазақ жерлерін оның аясына біріктіре алмаған Алашорда үкіметі бірлігінен айрылып қалды: үкімет мүшелерінің біразы Семей қаласының маңындағы Алаш қаласы атанған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін Алашорданың Шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар басқарған екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпиты қаласына келіп, өздерін Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі немесе «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі деп атады, үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу облысында әрекет етті.

Алашорда үкіметінің Семей қаласына келіп орналасуын және оның беделді саяси күш екенін мұндағы Семей Кеңес депутаттары мойындайды. Оны Қалалық Думаның 1918 жылғы 5 қаңтардағы мәжілісінде гласный Кузинның Дума мүшелерінің назарын Қазақ комитетінің өтінішіне аудартқанынан байқауға болады. Бұл құжатта Қазақ комитетінің Қазақстанда ұлттық-территориялық автономияның толықтай жүзеге асуы мүмкін деген саяси көзқарасы келтірілген еді. Осы жағдайды пайдалана білген Семей облысындағы Қазақ комитеті батыл шешім қабылдайды. Қазақ комитетінің шешіміне назар аударсақ, онда мына жағдайды байқаймыз: «Өздерін облыстық билік иесі ретінде таныған облыстық Қазақ комитеті, шаруалар Кеңесінің атқару комитеті Томскідегі Сібір Үкіметін Сібірдегі жоғарғы билік иесі ретінде мойындауға қаулы қылды. Соңғы Орынбор съезі шешімдері негізінде жақын болашақта қазақ автономиясы жариялануына байланысты қазақ үкіметі құрылғаннан кейін Сібір автономиясының үкіметімен өзара қарым-қатынастық байланысқа түседі. Өтпелі кезеңде Семей облысының басшылығы Сібір үкіметінің комиссары және шаруалар Кеңесінің үш өкілі және қазақ комитетінің үш өкілі енген уақытша Кеңес қолында болады. Делегаттар жиналысы ұсынған Ляшкевичті Сібір үкіметі комиссар қызметіне бекіткеннен кейін Делегаттар жиналысы жойылады. Жағдайдың маңыздылығына байланысты тез және шешімді іс-әрекет жасау қажет...

Қазақ Комитетінің төрағасы Мәрсеков.

Шаруалар Кеңесінің атқару комитетінің төрағасы Юдин.

Семей қалалық Дума төрағасына мәлімет үшін.

Комиссариат төрағасы. 5 қаңтар 1918 ж. №13».

Яғни, құжатта облыстағы биліктің болашақ Қазақ автономиясының қолына көшетіні көрсетілді. Осы құжаттың негізінде облыстық әкімшілік мынадай шешім қабылдайды: «Алдағы уақытта Орынбор Жалпықазақ съезінде шешілген шамамен тоғыз облыс құрамында қазақ өлкесінің автономиясы жарияланады. Өлкелік автономия басшысы өлкеде тұратын барлық ұлттардың өкілдері пропорционалды негізде енген Кеңес болады... Түрлі түсініспеушіліктердің, провокациялық жалған сөздердің орын алмасы үшін тез арада жұртшылыққа барлық азаматтардың, сондай-ақ азшылықтың құқық сақтауға кепілдік беретін автономияның шынайы табиғатын түсіндіру шаралары жүргізілсін. Облком Ляшкевич, Қазақ комитетінің төрағасы Мәрсеков, Шаруалар Кеңесінің төрағасы



Самарин.. 15.01.1918ж. Семей Земстволық басқармасына орындауа Комиссариат төрағасы К.Ляшкевич».

Бұл құжаттан да биліктің Алашорда үкіметіне көше бастағанын және Облыстық комиссариат пен шаруалар Кеңесі де облыстық Земство мен Қазак комитетінің тең дәрежеде байланысқанын аңғарамыз. Алайда Алашорданың осындай жегістігіне қарамастан облыста оған қарсы екінші күш, яғни большевиктер бастаған облыстық Жұмысшы және солдаттар депутаттары Кеңесінің қарсы тұрады. Аталмыш саяси ұйымның 1918 жылы 12 қаңтарда өткізген пленарлық жиналысында Сібір өкіметі және Алашорда үкіметіне қатысты саяси тұғырнаманы қабылдап, облыстағы билік тек революциялық-демократиялық бағыттағы саяси күштердің қолында болу керектігін жариялайды. Дегенмен қалыптасқан осы күрделі саяси жағдайға қарамастан Қазак комитетінің облыстық Земство сайлауы өткізіп, оның жұмысын бастап та жібереді. Төтенше Семей Облыстық Земство жиналысы гласныйларының мәжілісі өз жұмысын 1918 жылғы 17 қаңтарда басталып, оның алғашқы мәжілісінде бірінші кезекте қаралған ұйымдастыру мәселесінде Семей Облыстық Земство төрағалығына Р.Мәрсеков, мүшеліктеріне Троицкий, Ғаббасов, Ляшкевич және Сәтбаевтар сайланады. Осыдан кейін Облыстағы Уақытша Кеңестен соң өзін-өзі басқару жүйесінде Облыстық Земство бірден-бір беделді саяси ұйым ретінде қалыптасады. Оның басшылығында Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов пен Ә.Сәтбаевтардың болуы Алашорда бағытындағы казак қайраткерлерінің облыстағы саяси билікті өз қолдарына алуға ұмтылғанын аңғартты.

Алайда 1918 жылдың қаңтар айының 20-нан бастап Семей облысында большевиктік қозғалыс та күшейе түсіп, Уездік орталықтарда және Семей қаласының өзінде большевиктік митингілер өтіп, Жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінде большевиктердің ықпалы арта түсті. Нәтижесінде Облыс орталығы Семей қаласында 1918 жылғы 2 ақпанда әскери гарнизондар мен жергілікті Жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесіне сүйенген большевиктер Кеңес өкіметінің билігін жариялап, комиссариат төрағасына Шугаев, мүшелері Трусков, Шабанов және Саловтар тағайындайды. Осылайша облыста бір-біріне қарама қарсы екі саяси күштің: Шаруалар Кеңесі, Семей Земстволық басқармасы және түгелімен Алаш зиялыларынан тұратын Қазак комитетінің мүшелерінен құралған Уақытша Кеңес пен большевиктер басқаратын Жұмысшы және солдаттар депутаттары Кеңесінің билігі қалыптасады. Өлкедегі биліктің толықтай большевиктердің қолына өтіп кетпеуіне жол бермеуге тырысқан Алашорда үкіметі облыстағы бақылауды өз қолдарына алуға ұмтылып, 1918 жылғы 31 қаңтарда өлкедегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Семей облысы жұртшылығына арналған арнайы үндеу қабылдайды. Онда Семей облысының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға баға бере отырып, Орынборда өткен екінші жалпыказак съезінде қаулы қылған автономия мәселесін сөз етеді және қазақтардың басым көпшілігі автономияны қолдайтындықтарын айтып, ендігі кезек тұрғындардың қолдауында екендігін және саяси көзқарастары анықталатын кез келгеніне атап



көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақ өлкесіндегі автономия мәселесі толық шешілгенге дейін Семей облысындағы саяси билік жүйесін құруды Земство жиналысы өз міндетіне алатындығын осы үндеу арқылы жариялайды. Алашордаүкіметі халыққа өз үндеулерін жариялап қана қоймай большевизмге қарсы күресу үшін нақты іске көшеді. Мәселен, Қарқаралыда халық милициясын құру мақсатында 38 винтовка сұрап, Уездік Земствоға қатынас хат жібереді. Дегенмен облыстағы бір-біріне карама-қарсы күштердің өзара ымыраға келуіне мүмкіндік туып, съезі 1918 жылғы 10 наурызда Семей қаласында Семей Облыстық Уақытша Комиссариатының, жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің, шаруа Кеңесінің, казачествоның және Қазақ комитетінің біріккен съез еткізеді. Съездің күн тәртібі бейбітшілік мәселесі жөніндегі Москва съезі, Сібір Думасы және тұтқындалған делегаттар мәселесі, земство туралы, Қазақ өлкелік автономиясы, сот мәселесі, азық-түлік мәселесі, Қызыл армия туралы, Аткару комитетіне сайлау шарасы сияқты он төрт мәселе қарайды. Съездің мандат комиссиясы делегаттар туралы ақпарат берді: Облыстық шаруалар Советінен, «Бірлік» саяси қоғамынан, Семей Совдепінен, Батыс-Сібір жұмысшы, солдат және шаруа Кеңесінен және тағы басқа да облыстағы саяси ұйымдардан келген делегаттармен бірге Семей Қазақ комитетінен - Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Б.Сарсенов, И.Әлімбаев, Ы.Оразалин шешуші дауыс құқығымен қатысады. Съезде қаралған күрделі мәселе билік пен земство мәселесі болды. Съезде басым көпшілік дауысқа ие болған большевиктік делегаттар земствоны Кеңестің билігіне кіргізу туралы ұсыныс қояды. Өйткені земстволық құрылымдарда қазақтардың айқын басымдылығы болды және Алашорданың негізгі тірегіне айналды. Большевиктер болса осы земстволық ұйымдарды өз билігіне кіргізу арқылы Алашордаға да ықпал жасауға және қазақтарды саясатқа араласуын шектеуді көздеді. Алайда большевиктердің бұл ұсынысына қазақтар көнбеген кезде облыстағы әскери күшке сүйенген большевиктер буржуазия өкілдерінен тұрады деген желеумен думаларды таратады. Большевиктердің бұл заңсыз әрекетіне мойынсұнбаған қазақ қайраткерлері Алаш қалалық шаруашылық Кеңесін құрады. 1918 жылғы 8 наурызда тура осындай саяси орындар Семей қаласы бойынша жүргізіледі. Семейдегі большевиктік биліктің земствоны таратқанымен, Алашордаға шаруашылық Кеңесін құруына мүмкіндік беруі тікелей саяси мүдде тұрғысынан жасалды. Өйткені Петроградтағы большевиктік орталық Қазақстанда кеңестік билікті тұрақтандыруда Алашордамен болатын келісімнің басты рөл атқаратынын айқын түсініп, Алашордамен большевиктік Кеңес билігінің аясында саяси келісімге келуге тырысты. Ал Семейдегі Заречная Слободка бөлімінде орналасқан Алашорда басшылығы болса қазақ қоғамының автономиялық болашағы үшін Кеңес өкіметімен байланыс жасау қажет деген шешімге келеді. Бұл саяси келіссөз Алашорда үкіметінің дербес саяси ұйым ретінде сыртқы саясатындағы тұңғыш атқарған іс-шарасы еді. Алашорда делегациясы Халел Досмұхамедов басқарған Алаштың батыс бөлімінің мүшелерінен құралды. Олар Кеңес өкіметінің ұлттар ісі жөніндегі комиссары И.В.Сталинге екінші жалпықазақ съезінің шешімін табыстап, Кеңес өкіметінің 1917 жылғы 2 қарашадағы «Ресей



халықтарының теңдігі мен егемендігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын шешу құқығы туралы» декларациясын алға тартады. Осыдан кейін И.Сталин телеграф арқылы келіссөз жүргізуге Алашорда жетекшісі Ә.Бөкейхановпен Семей облыстық Алашорда комитетінің төрағасы Х.Ғаббасовты шақырады. Алашорда мен Кеңес өкіметі арасындағы келіссөздер екі жақты сипаттан тұрып, «Алашорда жетекшілері В.Ленин мен И.Сталиннің талап етуі бойынша... Кеңес өкіметі мен Ресейдегі барлық автономиялық халықтардың кіндік өкіметі деп тануға мәжбүр болды». Алашорда өкіметінің сипаты бойынша, Кеңес өкіметіне өзіндік саяси талап қоюымен ерекшеленді. Келіссөз барысында Алаш жетекшілері Ә.Бөкейханов, Р.Мәрсеков, Ә.Ермеков, Б.Сарсенов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов қатынасқан мәжілістерде алдынала дайындалған «...Алаш автономиясының шеңберінде қазақ халқына заң-қоныс болған барлық жерлерді топтастыру (жинау); Алашорданың қолында заң шығарушы және билік жүргізуші өкіметтің шоғырлануы; қазақтар арасындағы даулы мәселелерді шешуді халықтың өзі сайлап қойған облыстық және уездік соттарға беру; халықтық милиция атанған Алаш автономиясының әскерін құру; жергілікті кеңестердің шешімімен тұтқындалған Алашорданы жақтаушы қазақ комитеттерінің, облыстық земство және т.б. мекемелерге мүше болған қазақ зиялыларының босатылуын және келешекте саяси көзқарас тұрғысынан қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыратуға тиым салыну» сияқты талаптарды қояды. Алайда Алаш жетекшілерінің осы қойған талаптарының ішінен тек тұтқындалғандарды ғана босату мәселесі ғана өз шешімін тауып, ал басқа саяси талаптар Кеңес өкіметі тәрпынан ескерусіз қалады. Егерде большевиктер алашордалықтардың жоғарыда көрсетілген талаптарын мойындаса, онда Кеңес өкіметінің ұлттық аймақтарда билігі бірте-бірте жойылуы әбден мүмкін еді. Сонымен Алашорда үкіметі Кеңес өкіметімен келіссөз жүргізу барысында үміт артқан «Ресей халықтарының теңдігі мен егемендігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын шешу құқығы туралы» жарияланған декларациясының күр сөз екеніне көздері жетіп, Кеңес өкіметі Ресей аймақтарындағы Қазақстан, Башқұртстан, Татарстан, Сібір халықтары, Орталық Азия халықтарына ұлттық негіздегі мемлекеттік құрылымдарға жол бермейтінін анық байқады. Оны большевиктердің наурыз-сәуір айларында қазақ даласындағы Кеңестер жүйесін құру ісін жеделдете бастағанынан көруге болады. Мәселен, 1918 жылғы 20 сәуіріне қараған уақытта Семей облыстық, қалалық және уездік орталықтарында большевиктерден құралған таза кеңестік негіздегі билік жүйесі қалыптастырылып, ендігі кезек болыстықтарға өтеді де Семей облысында 262 ауылдық және селолық кеңестер құрылды. Бұл кезде облыстағы кеңестік билікке қарсы тұруға шамасы жетпеген Алашорда үкіметі уақыт үту мақсатында жергілікті большевиктердің ұйымдарымен ымыраға бару туралы тоқтамға келіп, өз өкілдерін Семей облысы бойынша Кеңестік басқару органдарына мүше етіп кіргізе бастайды. Мысалы, Хәлел Ғаббасов 1918 жылдың 10-21 наурызында өткен Семей облыстық шаруа, жұмысшы, солдат депутаттары және қазақ өкілдері мен казак депутаттарының біріккен съезінде Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды, яғни



облыстағы кеңестік билік жүйесінің жоғарғы сатысындағы басшысына айналды. Алайда Алашорда өкілдерінің Кеңестік билікке араласып, оларға қызмет жасауы Алашорда үкіметіне еш нәтиже бермеді. Өйткені большевиктер олардың әрбір басқан қадамын бақылап отырды және мүмкіндік болса Алашорда үкіметінің жетекшілерін тұтқынға алуға тырысты. Бұл кезде Ә.Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметінің мүшелері жасырын жағдайда жұмыс жасап жүрген болатын. Сонымен қатар Кеңестегі большевиктік басшылар алашордашылардың қабылдаған шешімдерін артынша жойып, жан-жақты араласуын бір сәтке де тоқтатпады. Тіпті большевиктер Алашорда мүшелерінің арасына жік салуға ұмтылып, кедей бөлігінен шыққан алашшыл казактарды ұсақ буржуазияның өкілдері деп айдап салуды ұмытпады. Міне осындай жағдайда Алашорда үкіметінің Шығыс бөлімі біртіндеп Кеңес өкіметіне қарсы күштермен жақындаса бастады. Бұл әрекеттер Кеңестер билігі кезінде жасырын түрде жүргізілген. Мәселен, Шығыс Алашорда өкілдері Х.Ғаббасов пен И.Әлімбаевтер Кеңес өкіметі мекемелерінде жауапты қызметте жүріп-ақ, Кеңестерден жасырын жүрген кадеттер мен эсерлерге қаражаттық көмек көрсетіп, оларды қажетті мәліметтермен де жабықтап тұрған. Көрнекті Алаш қайраткері Б.Сәрсенев болса жергілікті Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру үшін Барнаулдағы облыстық штабтан келген поручик Давыдовтың басшылығымен Семей қаласында құрылған эсерлердің эскери ұйымына мүшелікке енген. Алашорда басшылары да ортақ жауға қарсы күресу мақсатында поручик Давыдов-Зубаревке Б.Сәрсенев арқылы 29000 сом ақша бөлген. Кейін тікелей көтеріліске Шығыс Алашорда үкіметі атынан 100 адамдық ағты эскерде қатынасқан. Осылайша Алашорда үкіметі большевиктерді биліктен шеттету әрекетіне жасырын түрде кірісіп, 1918 жылдың жаз айларына қарай Кеңес өкіметіне қарсы күрескендер санатына қосылды. 1918 жылы Ресейде заңсыз билік басына келген большевиктердің зорлық-зомбылығы шегіне жетіп, нәтижесінде оған қарсы саяси күштердің одақтары қалыптасады. 1918 жылы Ресейдің Шығыс бөлігінде пайда болған Самара Құрылтай Жиналысы мүшелерінің комитеті мен Сібір Уақытша Үкіметі және Оралдағы казактардың атаманы Дутовтың эскерлері большевиктерді биліктен ығыстыра бастайды. Осы жағдайды пайдаланған антибольшевиктік күштер 1918 жылдың маусым айының бас кезінде Семей облысындағы Кеңес өкіметін құлатып, билікке эскерлердің билігін әкеледі. Оған Семей өңіріндегі халықтың басым көпшілігі қолдау көрсетеді. Мәселен, казактардың ең көп қоныстанған елді мекені Алаш қаласында төңкерісті куанышпен қарсы алып, бірін-бірі құттықтап, большевиктерден қалған материалдық құндылықтарды түгендеуге кіріседі. Алайда большевиктер елден жиналған қару-жаракпен бірге қазына ақшасын хоса ала кеткендері анықталады. Дегенмен Алаш қаласының тұрғындары Семейден большевиктердің қуылуын елеулі саяси оқиға деп бағалап, Кеңес үкіметі тұсында күшпен таратылған қоғамдық-саяси ұйымдар мен бұрынғы Уақытша Үкімет тұсындағы басқармалар мен комитеттер өз жұмыстарын қайтадан бастайды. 1918жылы 27 маусымда төрағасы Р.Мәрсеков, мүшелері К.Ляшкевич, Х.Ғаббасов, Д.Троицкий және Ә.Сәтбаев бастаған Семей



облыстық земство басқармасы өз жұмысына кіріседі. Қалалық Думаның жұмысы да басталып, оның мәжілісінде қала бастығы Козинцев Семей қаласының әлеуметтік және экономикалық жағдайының ауыр халде екенін, енді осы қиын жағдайдан шығу жолдарын қарастыруда қала жұртшылығының саяси санаттылықтарына сүйенетінін атап көрсетеді. Облыс уездерінде де халық жиналыстары болып өтіп, Уақытша Сібір үкіметіне қолдау көрсетіліп, оның демократиялық қадамдарын құптаушылықтарын білдіреді. Уездік земстволар ішінде Өскемен уездік Земство басқармасының төрағасына Ә.Айтбақин, Семей уездік Земство басқармасының төрағасына А.Қозыбағаров сайланып саясатта белсенді түрде араласып, Алашорданың іс-шараларын жүзеге асырумен айналысады. Сондай-ақ Семей уездік комиссарлығына агроном Сатылған Сабатаев, Өскемен уездік комиссары көмекшісінің қызметіне Имам Әлімбеков тағайындалады. Имам Әлімбеков Алашорданың жергілікті баспасөз органы «Сарыарқа» газетін шығарушы редакторы ретінде қызмет атқарады. Семей облыстық земствосының төрағасы Р.Мәрсеков басқарма атынан Семей округтық сотының тергеу комиссарына Әбікей Сәтбаевты мүше ретінде ұсынады. Облыстық жер комитетіне де Шығыс Алашорда қайраткері Халел Ғаббасов төраға болып сайланады. Осылайша жаңа саяси билік жағдайында Алашорда қайраткерлері Семей облысының орталығы мен уездеріндегі барлық билік орындарын өз бақылауына алуға ұмтылған. Алайда бұл бағыттардағы саяси күрес өте қызу, әрі тартысты жүреді. Мәселен, Қарқаралы уезіндегі большевикті бағытты жақтаушы комиссар Червев өз қызметін пайдаланып уездегі Алашорда жетекшісі Жақып Ақпаевқа қарсы күрес жүргізеді. Қарқаралыдағы жағдайға Алашорда өкілі ретінде И.Әлімбеков араласып, комиссар Червевті қызметінен кетіреді де оның орнына С.Ақасевты тағайындайды. И.Әлімбековтің осындай белсенді әрекетінің арқасында Қарқаралы уезі кейін Алашорданың өлкедегі бірден-бір саяси-экономикалық күш-қуатын қамтамасыз ететін аймаққа айналады. Оқу-ағарту саласында Шығыс Алашорда мүшесі Бидахмет Сәрсенев облыстық земство жиналысының ұйғарымымен Семей ерлер гимназиясының педагогикалық кеңесіне мүше болып кіреді. Шығыс Алашорда мүшелерінің жергілікті жердегі билік маңындағы қызметтері сан алуан сатыдан тұрған. Мәселен Х.Ғаббасов облыстық земствоның азық-түлік комитетінің ревизиялық комиссиясы құрамына енсе, Семей округтық сотының жұмыстарына И.Тарабаев пен Мерсалимовтар белсенді түрде қатынасқан. Облыстық саяси жүйесі қызметінде бірі төраға Ә.Молдабаев пен екіншісі төраға орынбасары Б.Сәрсеневтер қызмет етті. Облыстағы орталық билік орындары, қалалық Дума да Алашордаға қатысты оң көзқарастарын білдіреді. Өйткені бұл ұйымдардың қатарында Алашорда мүшелері жеткілікті болды. Саяси процесстер барысында халық жиналыстарын да Алашорда тиімді түрде пайдаланып отырды. Әсіресе, Алашорданың әскери саладағы қызметі земстволық басқармалар тарапынан қолдау тапты. Оны Алаш атты әскерінің жасақталуы негізіндегі қарым-қатынастары айқын байқалды. 1918 жылдың маусым айында Алаш автономиясының Уақытша ұлттық Кеңесі «Алашорда» үкіметі ресми түрде ел қызметін бастады. Шын мәнісінде бұл Алашорда қызметінің осы жылдың



кантар-мамыр айлары арасында большевиктер тарапынан токтатылған қызметінің заңды түрдегі жалғасуы болып табылады.

## §2. Алашорданың шығыс бөлімі азамат соғысы жылдарында және жеңіліске ұшырауы

Қазақ Ұлттық автономиясын құру туралы II Бүкілқазақ съезінің шешімін жүзеге асыруға кіріскен Ә. Н. Бөкейханов бірден кезек күттірмейтін бірқатар маңызды мәселелерді қарастырды. Қазақстанның батысында, солтүстігінде, шығысында саяси жағдай әр түрлі еді. Алаш қайраткерлерінің басқа саяси күштерге қатынасы да түрліше қалыптасты. Бөкейханов пен оның айналасындағылар бұл жағдайларды толықтай есепке алды. 1918 жылғы 24 маусымда Кеңес өкіметі құласымен Семейге келген Ә.Н. Бөкейханов жана жағдайда қимыл жасау тактикасы туралы Алашорда бөлімдеріне нұсқау береді: «24 маусымда Алашорда өз жұмысына кірісті. II Бүкілқазақ съезінің шешімдерін жүзеге асыратын болады. Башқұрт және Сібір автономияларына туысқан автономиялар ретінде қараймыз. Большевиктерді тарату ісінде олармен одақтаспыз. Басқа облыстарда да тізе қоса отырып жұмыс істейміз. Торғайда Алашорданың облыстық бөлімін, уездерде уездік бөлімдерін ашуға кірісіңіздер. Олардың мүшелері земстволық мекемелерден құралсын. Уездік бөлімдер 3—5 адамнан тұрады, олардың біреуі қазақ милициясына қатысты істерді жүргізеді. Екіншісі ақша қаражатын жинаумен айналысады. Земство белгілі бір уақытқа дейін сақталады. Земство ісіне Алашорда араласпайды. Алашорда саясат және мәдениет саласындағы казакқа қатысты істерді жүргізеді. Қазақ халқы үшін Алашордадан басқа өкімет жоқ. Әр болыстан халық милициясын құру үшін дереу 30 жігіттен жинаңыздар. Қару-жарақ, киім-кешекпен қамтамасыз ету, офицерлерді оқыту мәселелері бойынша Дутовпен сөйлесіңіздер. Ақмола мен Семей облыстарында жігіттер жиналып жатыр. Семейлік жігіттер Алтай губерниясындағы ұрыстан жеңіспен оралды... Дутовпен және Ахмед-Закимен (Валидимен) байланысыңыздар, Түркістандағы большевиктерден азат ету үшін қолдан келген барлық мүмкіндікті пайдаланыңыздар. Бұл мәселеде Алашорда Дутовпен және Ахмед-Закимен бірдесе әрекет етеді. Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов және Мырзағазы Есболов Омбыдағы Сібір үкіметімен келіссөз жүргізуде. Большевиктер құйыршықтарына ешқандай аяушылық болмасын! Алашорда төрағасы Әлихан (Бөкейханов)». Бұл жеделхат қазақ даласының түкпір-түкпіріне жіберіледі. Дәл сол күнгі Орал облысына жіберілген келесі жеделхатта Облыстық және уездік Алашорда комитеттерін құруға және комитет құрамы 3-5 адамнан тұру керектігі баса айтылып, атаман Дутовпен әскери мәселені шешу жолдары, башқұрттармен бірлесіп Түркістан жорығына қатысуға, қаржылық мәселеде 1917 және 1918 жылдардағы халықтан салықтар жинау сияқты нұсқаулар беріледі. Ә.Бөкейхановтың тікелей жарлықтарында Алаш әскерін жасақтауға жете көңіл бөлініп, Алаш әскерінің жасағына әрбір



болыстықтан 30 атты милициядан алуды және оның материалдық шығыны мен жабдықталуы сол болыстықтарға міндеттеледі. Ә.Бөкейхановтың тікелей ұсынысымен Р.Мәрсеков пен С.Дүйсенбин Семей тергеу комиссиясына ұсынылады. Міне осындай саяси қиын-қыстау жағдайда Алашорда үкіметі 1918 жылдың күзінде Қазақстанның өзінің ресми билігін батыс бөлігіне ғана емес Торғай, Костанай, Ақмола, Жетісу бөлімдеріне де орнатады. Бұл бөлімдер негізінен Орталық Алашорданың (Шығыс Алашорда) бұйрық-жарлықтарына сәйкес қызмет етті. Олардың тарапынан жеке дара бөліну белгілері байқалмады. Дегенмен азамат соғысының қазақ даласында күшеюі, жергілікті Уақытша Сібір үкіметі, Уфа Директориясы, Самара Комучы билік орындарының мақсатты түрде бөгет жасаулары Шығыс Алашорданың аймақтық бөлімдердің жұмысына бір орталықтан жүйелі ұйымдастыруға кедергі жасалды. 1918 жылдың маусым айында Орталық Алашорда комитеті атынан бірнеше қаулылар қабылданады. Бұл қаулыларда Алашорданың иелігінде Кенестік биліктің күші жойылғандығы туралы, земствонаның қайта енгізілуі, Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі әскери жасақтарды құру туралы, Алашорданың облыстық және уездік комитеттерін құру және осы комитеттердің қызмет аясы туралы, демократиялық бостандықтар туралы, жерге иелік ету, мемлекеттік салық, қазақ соты мен тергеу комиссиялары туралы жария етіліп, кең ауқымда мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі түзілді және оған қатысты тиісті нұсқаулар берілді. Осы құжаттарға Алашорда төрағасы ретінде Ә.Бөкейханов, мүшелері ретінде М.Тынышбаев және Х.Габбастовтар қол қояды. Сөйтіп, Алашорда болашақтағы Алаш автономиясының іс-жүзіндегі саяси өмірінің бастапқы көріністерін құжат жүзінде негіздейді. Алайда Алашорданың мұндай әрекеттері ел ішіндегі қазақтар тарапынан қарсылықтарға ұшырайды. Мәселен, Ақмола облысының земствосы Ақмола, Жетісу, Түркістан және тағы басқа жерлерде Алашорда үкіметінің билігі жүреді деп жариялаған кезде оған жауап ретінде Ақмола облысының бес уезінен сайланған қазақтар қарсы үн көтеріп, Қазақ үкіметіне қарсылық көрсетіп, Ресейден қазақ даласының бөлінуі мүмкін емес жағдай дегенді келтіреді және Уақытша Сібір үкіметінен Ресейдің территориялық тұтастығын сақтап қалуды талап етеді. Қалыптасқан күрделі саяси жағдай «Сибирская Речь» газетінде жарияланған мақаладан кейін барып қана саябырсыған. Онда қазақ даласының Ресеймен, оның ішінде Сібірмен тығыз байланысты екеніне аса назар аударылды. Алаш автономиясына қарсылық ресми тұрғыдан және қазақ жеріне келген келімсектер тарапынан да туындап отырған. Әсіресе, Уақытша Сібір үкіметі большевизммен күресті басты сылтау етіп, ұлттық территориялық автономияға жол бермейтіндерін байқап, қазақ сияқты елді уыстан шығаруға жол бермейтіндерін аңғартты. Сондай-ақ, Алаш автономиясына қарсы шығып, Уақытша Сібір үкіметіне қосылуды жақтаған қазақтардан да табылған. Мәселен, 1918 жылғы 12 тамызда Зайсан уездік съезінде (шаруа, қазақ, қазақ және қалалықтар өкілдері) Уақытша Сібір үкіметін танытындықтарын және өзін-өзі анықтау қағидасына сәйкес Алашорда үкіметін мойындаған соң осы уездегі жергілікті билік орындары Уақытша Сібір үкіметі



мен Алашорданың саяси жүйесін қалыптастыру мақсатында арнайы насихатшыларды жібереді. Насихатшылардың Зайсан уезіндегі үгіт жұмыстарының барысында Уақытша Сібір үкіметінің өкілеттілік қызметі И.Лескоть Алашорданың екі топқа бөлінгенін, бірін автономияшылар, екіншісін Ә.Айтбақин бастаған Уақытша Сібір үкіметін жақтаушылар деп көрсетеді. Осы арада Өскемен уезінде арнайы іс-сапармен болған М.Дулатовтың Алашордаға жазған баянхатында да Өскемен уезінде Ә.Айтбақиннің Алашордаға қарсы әрекеттері көрсетілген. Бұл баянхатта Әміре Айтбақиннің Алашордаға Өскемен уезі қазақтарын қарсы қою әрекеттерін баяндап, Ә.Айтбақин автономияның қазақ үшін зиянды жақтары деп әскер жасақтау мәселесін көтергенін осы баянхатта мәлімделеді. Бұл тұста 1918 жылы 14-ші шілдеде Алашорда атынан Өскемен уезіне барған М.Дулатовтың міндетіне Алашорданың жергілікті комитеттерін құру және соған лайықты қазақ қауымынан басқарушы өкілдерді анықтау кірген. Дегенмен Уақытша Сібір және Алашорда үкіметтерін жақтайтындықтарын және қолдайтындықтарын білдірген хабарлар Семей облысының уездеріне қатысты көптеген болыстықтардан келіп түскен. Мәселен, Черно-Иртышский болысындағы тұрғындардың жиналысында қабылданған қаулысында Уақытша Сібір үкіметі нұсқауларын уездік Алашорда кеңесі ұйғарымымен орындайтындықтарын білдірген. Бұл өңірде үгіт-насихат жұмысын Алашорда өкілі Ы.Күрманбаев жүргізген. Осы арада қазақ болыстарында Алашорда арқылы ғана Уақытша Сібір үкіметі билігін мойындайтындығы байқалды. 1918 жылдың маусым-тамыз айларындағы Алашорда және Уақытша Сібір үкіметі байланыстары нәтижесі, тек әскери салада нақты нәтиже берді. Ал саяси саладағы қарым-қатынасы күрделі түрде қалды. 1918 жылдың тамыз айларынан бастап антибольшевиктік күштер арасындағы саяси арасалмақ басқа сипат ала бастады. Самарадан келіп жеткен жеделхатта біртұтас жаңа мемелеттік биліктің қайта құрылуы баяндалып, осыған сәйкес барлық Ресейлік саяси ұйымдар арнайы өкілдерін жіберу қажеттігі жазылады. Жеделхатқа жауап қатқан Алашорда үкіметі М.Дулатовты Самараға өкіл етіп жібереді. Жеделхатты жіберген Самарадағы Комуч комитеті Ресейдегі саяси билікті қолға алуды 1918 жылдың маусым айынан-ақ жоспарлаған болатын. Бұл саяси ұйымды Құрылтай жиналысының мүшелері құрып, оның билігі эсэрлердің қолында жиналды. Комучтың билігі қазақ даласының батыс бөлігіндегі ықпалы күшке айналды. Соған байланысты тактикалық тәсіл ұстанған Алашорда қайраткерлері Комучпен жан-жақты байланыс орнатып, Комуч үкіметінің құрамына енеді. Ал Комуч болса қазақ даласындағы бірден-бір күш Алашорданы Уақытша Сібір үкіметі ықпалынан айырып өз жағына тартуға тырысты. Бұл арада Самара Комучі негізгі күші ретінде Алашордамен тығыз қатынас орнатқан атаман Дутов әскеріне де арқа сүйеді. Осы жағдайды жақсы пайдаланған Ә.Бөкейханов Самара Комучі және атаман Дутовпен арадағы байланысын одан әрі дамытып, Алашорда үшін неғұрлым тиімді жақтарын алып, біртіндеп өздерін автономия ретінде танығысы келмеген Уақытша Сібір үкіметінен Самара Комучіне қарай ойысады. Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейхановтың мұндай амалға баруының негізгі себебі Самара Комучі



таралынан жасалынған демократиялық шаралар Алашордаға кең мүмкіншіліктер беріп, қазақ өлкесіндегі дербес саяси күш ретінде көптеген мәселелерді шешу жағдайлар жасады. Сондай іс-шаралардың бірі әскер мәселесі еді. Ресейде орын алып отырған саяси тұрақсыздық жағдайында қазақтың елдігі мен жерін қорғау үшін «қазақ милициясын құру», халықтық милицияны құруды тоқтаусыз іске асыру, жасақтау, қаржылық, ұйымдастыру шараларын жүргізу, әр облысқа шаққандағы санын белгілеу сияқты мәселелер өз шешімін тапты. Ә.Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің ұғымында халық милициясының ең басты қызметі, ол ел қорғаушылық, милицияны сыртқы күштерден қорғану үшін, сырттан келетін босқындар легін тыю үшін, жерді, жұртты және отбасын қорғау үшін аса қажет деп есептеп, автономияны алатын шақта әскери жасақ-милиция құрылуы керек делінді. Халық жасағы-милицияның қызмет аясы Ресейлік азаматтық қарсы тұру жылдарында әскери-соғыс арнасында көбірек сипат берді.

Шын мәнінде Алашорда басшылығы 1918 жылы ұлттық қарулы күшті құрумен айналысқан еді. Алғашқы Алаш отряды, айтылып өткендей, 1918 жылы қаңтар-ақпанда Верныйда құрылған болатын, бірақ Жетісуда Кеңес өкіметі орнасымен (1918 жылғы наурыз) ол қарусыздандырылып, таратылды. Алаш көсемдері Ә.Бөкейханов пен Ә.Ермеков әскери бөлімнің менгерушісі Х.Токтамышевпен бірге 1918 жылы шілде мен тамызда Самарадағы Құрылтай жиналысының комитеті және Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен Алашорда қарулы күштерін құруға көмек көрсету мәселесі бойынша келіссөздер жүргізді. Алашорданың батыс бөлімшесінің басшылары Жанша мен Халел Досмұхамедовтер Самарадан Құрылтай жиналысының комитеті арқылы 600 винтовка мен пулемет алды және жақын уақытта 2000 адамнан тұратын қазақ әскерін ұйымдастыруға уәде етті.

Алашорданың Торғай бөлімшесіне 1918 жылы қыркүйекте 300 берденке, 20 мың патрон және көп мөлшерде киім-кешек бөлінген болатын. Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта іске асырылды және ұзақ мерзімге созылды. Дутовтың көмегімен екі атты полк: бірі – Қостанай, екіншісі - Ырғыз уезінде құру ісі қолға алынды. Семей облысындағы Алашорда әскері 1918 жылдың қаңтар және мамыр айлары аралығында жасақтала бастайды. Алғашқы шағын топты қазақ жасағын құрағандар сол кезде Семей қаласында оқып жүрген семинария студенттері, әр түрлі орындарда қызмет етіп жүрген жастар болды. Олардың Алаш әскеріне жазылуы еріктілік тұрғыда іске асырылды. Ол жөнінде «Қазақ» газетінің 262-санында (30 маусым 1918 ж.) жарияланған «Алаш құрбандары» деген мақалада кенінен жазылған. Онда шағын топты қазақ жасағы Алаш қаласы сыртындағы қырда әскери жаттығу ойындарымен айналысқаны және оларға сол кезде Семейдегі саяси билікті (ақпан-мамыр 1918 ж.) қолдарында ұстап тұрған большевиктердің қырын қарағаны баяндалған. Нәтижесінде, қазақ жасағының бастығы Қазі Нұрмұхамедұлы большевиктер арандатуымен қаза табады. Қазақстан мен Түркістан аймақтарында Совет өкіметінің билігінің жүргізілуіне байланысты,



ол өлкелерде толыққанды «халықтық милицияны» жасақтау мүмкін болмады. Бұл кезде Алашорда үкіметінің мүшелері мен жақтастары және әскери жасағы 1918 жылдың мамыр айынан бастап Алаш қаласы маңындағы қырда оңтайлы сәтті күтті. Өйткені, дәл осы уақытта Кеңес өкіметіне қарсы ресейлік саяси күштер өзара бірлесіп, чех-словак әскерлерінің қолдауымен Орал, Сібір өлкелерін және Қазақстанның батыс, солтүстік, шығыс аймақтарын большевиктерден тазарту үшін соғыс жағдайында болатын. Сол себепті антибольшевиктік ресейлік саяси күштер Қазақстан аймағында Алашорда үкіметінің ықпалы мен беделіне сүйену тактикасын ұстана отырып, оның әскер құрлымының жасакталуына тиісті көмек көрсете бастайды. Алашорда әскерін тиісті әскери дайындықтан өткізу үшін 35 орыс офицер-инструкторларының жіберілген. Семейде шығып тұрған кадеттік «Свободная речь» газеті жергілікті қазақ комитеті мәліметіне жүгіне отырып, Алашорда әскерінде 300-ге жуық қазақ милиционерлері және 35 орыс офицер-инструкторлары бар деп хабарласа, газеттің кезекті санында Алашорда басшылары мен әскери отрядының 1918 жылдың 18 маусым күні талтүсте Алаш қаласына келіп кіргенін, әскери жасақтың саны 500 адам және олармен бірге орыс офицер-инструкторлары бар деп жазады. Алашорда атты әскерінің жасакталуына, оған қаржы-жабдықпен көмектесуге Шыңғыстау мен Қарқаралы өңірлерінің және Семей уезі мен Алаш қаласының ұлтжанды азаматтары ерекше үлес қосқан. «Свободная речь» газеті былай деп хабарлайды: «Алаш 1918 жылдың 18 маусым күні келіп, Алашорданың атты әскері келесі күні кешкі сағат 6-да Никольский шіркеуі маңындағы алаңға сапка тұрғызылды. Олармен әскери штаб бастығының көмекшісі полковник Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Уақытша Сібір үкіметі өкілі Давыдов тарапынан сәлемдесу рәсімі өткізілді. Кездесу кезінде ұлт қайраткері Ә.Бөкейханов келіп, оның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұран тастады. Алаш атты әскерінің желбіреген ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібірлік құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» - деп жазылған. Кездесу өте жылы, патриоттың рухта өтті». Бұдан басқа, Жетісу облысының шығысында екінші полк құрылды, ал оған қосымша Семейде үшінші полк жасакталынды. Торғайда төртінші атты әскер полкі құрылды; Орал бойында, Жымпиты унтер-офицерлер курсының базасында Оралдан, Гурьевтен және басқа жерлерден келген нұсқаушылардың көмегімен прапорщиктер мектебі ашылды; саны 2 мың адам болатын жекелеген атты бригадалар құрыла бастады. 1918 жылы 26 қазанда ұлттық әскер құру ісінің жағдайын Алашорда үкіметінің бір өкілі былай деп бейнелеп берді: «Қырғыздардан (қазақтардан) жасакталған бөлімдер дер кезінде қаруланып үлгермегендіктен, большевиктерге қарсы ұрыстарға кенінен қатыса алмады. Қарудың неге жетіспей жатқан себебін жақсы түсінеміз. Қазіргі кезде большевиктерге қарсы күреске Жетісуда 500-дей адамы бар қырғыз (қазақ) отрядтары, Жетісу облысында 8 мың ерікті, Семейде - 2 мың, Оралда - 2 мың, Қостанайда - 450 адам қатысуда». 1919 жылы 11 ақпанда Сібір Уақытша үкіметі делегаттарымен келіссөз жүргізу барысында Ә. Бөкейханов та шамамен



осындай деректер келгірді. Ішкі істер министрлігі Сібір Уақытша үкіметінің төрағасы А. Малаховтың: «Милиция деген не?» деген сұрағына Ә. Бөкейханов былай деп жауап қайтарған: «Милиция — ол біздің әскеріміз. Ол қазірдің өзінде бар: біздің 700 жігіт Жетісуда шайқасуда. 540 адам Троицкіле, 2000 адам Орал облысында әскери жаттығудан өтуде».

Алашордаға және оның атты әскер жасағына арнап осындай құрмет шаралардың өткізілуі ресейлік-сібірлік саяси күштердің Қазақстан аймағында Алашорданың саяси және әскери мүмкіндіктерін пайдалану стратегиясынан туындаған деуге болады. Сонымен, 1918 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында Семейдегі Алашорда әскерінің шағын жасағынан I Алаш атты әскер полкін құру деңгейіне жету қиын-қыстау заманға қарамастан іске асырылды. I Алаш атты әскер полкінің Уақытша Сібір үкіметі қолдауымен жасақталуы Алашорда әскері тарихының екінші кезеңін бастайды (1918 жылдың маусым айының екінші жартысы). Семейде I Алаш атты әскер полкінің тездеп құрылуын, біріншіден, осы аймақта Ресейдегі азамат соғысының жаңа майданы ашылуымен байланысты болса, екіншіден, әскер құру арқылы Алашорда одақтастарын өзімен санасуға икемдеуге тырысты. Қолайлы саяси жағдай пайдаланған Алашорда үкіметі іске кірісіп, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов 1918 жылы 25 маусымда Семей уездік Земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаровқа қатынас хат жіберіп, Алашорда әскеріне, яғни «милицияға», уездің әр болысынан 30 адамды алу және оларды Семейге жедел жеткізу жөнінде нұсқау береді. Өз кезегінде уездік Земство басқармасының төрағасы А.Қозбағаров Семей уезіне қарасты барлық казак болыстарынан Бүкілқазақтық Халықтық кеңесі шешіміне сәйкес милиция жасағына әр болыстан 30 адам алыну туралы бұйрық береді. Милицияға алынатын адамдардың ат-жарағы толық болуына және олардың Семей қаласына қысқа мерзімде жетуіне жауапкершілік болыстық атқару комитеттеріне жүктейді. I Алаш атты әскер полкісін жасақтауға Семей уезінің 18 болысының жасы 16 мен 50-дің аралығындағы жігіттер қамтылды. Шақырудан тысқары өз еріктерімен Алашорда әскері қатарына жазылған жігіттер де болған. Зайсан уезінде Алашорда отряды 1919 жылдың соңына қарай құрыла бастап, аяқталмай қалады.

I Алаш далалық атты әскер полкін жасақтау ісі 1918 жылдың жаз-күз айларын қамтылды. Әскердің жасақталу үлгісі казачество кавалериясының жүйесі негізінде болды. Полк Алаш қаласында орналастырылды.

Полк жауынгерлері де Алаш қаласының арнайы босатылған мекеме үйлері мен тұрғын үй пәтерлеріне орналастырылады. Ал әскери-жаттығу істері қала маңындағы қырда өткізілген. Алаш әскерін пәтермен қамтамасыз ету ісімен айналысу полк командирі Х.Тохтамышевтың бұйрығымен поручик Бобыревке жүктеледі. Семейдегі Алашорда әскерін жасақтауда Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханов, үкімет мүшелері М.Тынышпаев, Х.Ғаббасұлы, А.Тұрлыбаев, Б.Сарсенев, Семей уездік земстволық басқарма төрағасы А.Қозбағаров белсенді іс-әрекетін көреміз. I Алаш далалық атты әскер полкі командирі капитан Х.Тохтамышевтың қазақстан шыққан әскери маман ретінде ұлттық әскерді



қалыптастырудағы қосқан зор үлесі болғаны даусыз. Х.Тохтамышевтың әскери атағын «Свободная речь» газеті «подполковник» деп атаған. Алашорда әскерінің казак-орыс әскері үлгісінде құрылуына байланысты, оның әскери-командалық құрылымының негізін орыс офицерлері жасаған. Өйткені, ол кезде ұлттық әскери кадрлар бірен-саран ғана еді. Сондықтан ұлттық әскери мамандардың жетіспеуі себепті Алашорда әскерін мамандармен толықтыру орыс офицерлерін қызметке шақыру арқылы жүргізілген. Орыс офицерлерінің үйретуімен казак жігіттері әскери өмір тәртібіне, кәсіби шеберлікке шыныға түсті.

Алашорда әскері мен Уақытша Сібір үкіметі армиясы ара қатынасы 1918 жылдың 29-30 шілде және 2-3 тамыз күндерінде өткен екіжақты кездесуде шешіледі. Онда Алашорда үкіметі өкілдері Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, Х.Тохтамышев және Уақытша Сібір үкіметі мүшелері бірлескен комиссия құрып, өзара саяси, әскери және экономикалық қарым-қатынас орнату туралы жұмыстар жүргізген. Бірлескен комиссия шешімі бойынша Алашорда әскері Сібір Армиясының құрамдас бөлімі ретінде қаралды. Бұл шешім 1918 жылдың маусым айынан басталған Алашорда әскері мен Сібір армиясының өзара тығыз байланыстарын заңдастырып берді. Сібір армиясының Семейдегі әскери штабында Алашорда өкілдігі болған. Алғашқы Алашорда өкілі болып Ахмет Байтұрсынов қызмет жасаса, кейін оның Торғайға кетуіне байланысты Ә.Сәтпаев әскери штабта өкілдік қызмет атқарды. I Алаш далалық атты әскер полкі жан-жақты әскери дайындықтан өткен соң, Жетісу майданындағы шайқастарға біртіндеп қатыстырылып, алғашқы кезде Алтай губерниясының Рубиовск майданында большевиктерді осы өлкеден қудалайды. Кейін жасақталған Алашорда әскерінің прапорщик Ступин басқарған «жүздігі» Жетісу майданында 1918 жылдың тамыз айынан бастап қызу шайқастарға кіреді. Осы шайқастарда Алаш «жүздігі» қауырт қимылымен және барлау ісіндегі тапқырлығымен ерекше көзге түскен. Әсіресе, Андреевка, Үржар, Ново-Покровка, Лепсі түбінде, Сархан және Покотиловка сияқты елді мекендерде большевиктермен болған шайқастарда ерліктер көрсеткен. I Алаш далалық атты әскер полкін жасақтау ісі осы Жетісу майданында жалғаса береді. Орыс офицерлерінің басқарумен жергілікті тұрғындардың ішінен казак отрядтары жасақталып, бірден соғыс қимылдарына қатыстырылады.

Al I Алаш далалық атты әскер полкі толық құрамда Жетісу майданына 1918 жылдың қазан-қараша айларында кірістіріледі. Бұл кезде Жетісу майданында Сібір далалық корпусының әскери құрамалары Қызыл Армия күштерімен соғысып жатты. Жетісу майданындағы I Алаш далалық атты әскер полкі құрамасының қалай соғысқаны жөнінде «Свободная Речь» газетінде бірнеше мақалалар жарияланды. Бұл мақалаларда Алашорда әскерінің соғыстағы ерлік істері, әсіресе барлау ісіндегі тапқырлықтары жан-жақты баяндалған. Самара Комучінің үкіметінен белгілі мөлшерде көмек алып тұрған Алашорда көсемдері оның орнына келген Директориядан ұлттық әскер құру ісінде ондай көмек ала алмады. Қыркүйек айындағы Шығыс майданындағы Қызыл армияның жеңістері Сібір Уақытша үкіметі, Самара Комучі, Ұлттық үкіметтер сияқты



ангибольшевиктік күштердің Уфадағы мемлекеттік мәжіліске жиналуына мәжбүрледі. Осы кездесуде Сібір Уақытша үкіметі мен Самара Комучі өзара бірігіп, Уфа Директориясын құрады. Алайда бұл үкімет Ресейдің бөлінуіне үзілді-кесілді қарсы шығып Ұлттық үкіметтердің қызметтеріне тиым салады. Уфа Директориясының 1918 жылы 4 қазандағы Алашорданы тарату жөніндегі шешімі Алашорда үкіметін күрделі саяси жағдайға душар етеді. Алашорда болса өз тарапынан бұл шешімді жақтамайтындықтарын айқын білдіріп: «...біз бұрынғыша бүкілроссиялық федеративтік республиканы жақтаймыз, өз автономиямыздың жеке біртұтас республикамыздың көлемінде болғанын қалаймыз», - деді.

Алашорданы тарату жөніндегі Уфа директориясының және Колчак үкіметінің жарлықтарына Алаш зиялылары «Сарыарқа» газетінде өз наразылықтарын былай деп көрсетті: «... Алашордаға шығарған жарлығында кіндік хукмет Алаш мекемелері тоқталады деп отыр. ... Аз уақыт Алашорда ісін тоқтатқанға қынжылып, кейімейік. Қазақ-қырғыздың ел екені рас болса, тілеуіне жетпей қоймас». Расында да Алашорда қызметінің тоқтатылуы уақытша құбылыс болып табылды. Колчак үкіметі азамат соғысының майданы қазақ жерінде де өтіліп жатқанын және соған байланысты тұрақты армияның қамтамасыз етілуі жағдайын ойластыра келіп, Алашорданың аймақтағы ықпалымен санасуды жөн көріп, 1919 жылы Ә.Бөкейхановқа Колчак үкіметінің мүшесі Гаттенбергтердің атынан жеделхат жіберіліп, Ә.Бөкейхановқа Колчак үкіметінің Алаш жеріндегі бас өкілі мәртебесіндегі қызмет ұсынылады. Алашорда үкіметінің төрағасы осы сәтті пайдалануды көздеп Колчак үкіметімен байланысу үшін Алашорда өкілдері А.Тұрлыбаев пен У.Танашевты Омбыға жібереді. Алашорда өкілдері Колчак үкіметінің сұрауымен Алашорда шығарған барлық заң актілерін де қоса ала барады. Алайда Алашорданың Колчак үкіметімен арадағы келіссөзі нәтижесіз аяқталады. Колчак үкіметі Алаш автономиясын мойындаудан бас тартты. Ұлттық мемлекеттілікті құру мүмкіндігінен айыру қазақ халқының басым көпшілігін Кеңес өкіметімен белсенді түрде күресуден шет қалдырды. Оның үстіне аз санды, нашар қаруланған «халық милициясының» құрамалары Қазақстандағы Азамат соғысының барысымен қорытындыларында қандай да бір елеулі рөл атқара алмады. Оның үстіне Ленин бастаған Кеңес өкіметі Мәскеуде 1918 жылдың қорытындыларын талдай келіп, ұлттық-мемлекеттік құрылыс реформасын тез арада қолға алу, Татарстан мен Башқұртстан және Қазақстанда ұлттық автономияны тездетіп құру туралы шешімге келді. Бұл бағыт РК(б)П VIII съезінің (1919 жылғы наурыз) шешімдері арқылы бекітілді. Нәтижесінде Азамат соғысында жеңіске жете бастаған большевиктер Ә.Жангелдин арқылы ақ гвардияшылардан және түрлі үкіметтерден қатты көңілі қалған алаштықтармен байланыс орната бастайды. Өз кезегінде Ә. Бөкейхановтың айтуымен Алашорданың көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш азаматтары Кеңестік билікпен келісімге баруға мәжбүр болды. 1919 жылы наурызда Шалқар стансасында Кеңес үкіметі тарапынан келіссөз жүргізген комиссар Ә.Жангелдинмен кездескен А.Байтұрсынов Мәскеуге жүріп кетіп, онда Ұлттар істері жөніндегі Халық



Комиссариаты Қазақ бөлімінің құрамына енгізілді. Ол туралы башқұрт ұлттық-демократиялық қозғалысының басшысы, кейін көрнекті шығыстанушы-ғалым атанған Зәки Валиди Тоған былай дейді: «... 1919 жылы ақпанның басында, Күлгін ауылына тоқтағанымызда, бізге Қазақстаннан екі өкіл келді... Бұл екеуі Торғайдағы Ахмет Байтұрсыновтан хат алып келді және Кеңестер жағына өтумен байланысты іс қалай болып жатқаны жайында келіссөз жүргізді... Мен Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановқа хат жаздым... Онда мына төмендегілерді айттым: «Жақын күндері кеңестер жағына өтпекпіз... Сіздер олардың жағына өту амалсыз шара екенін білуге тиіссіздер. Оған бізді Колчакка деген шексіз өшпенділік итермелеп отыр... Біз өзіміздің ұлттық принциптерімізге, Алашорда үкіметімен келісімдерімізге адал күйімізде қаламыз. Өздеріңіз білесіздер, Кеңестермен бейбіт келісімге қол жеткізуге сенім жоқ, олардың айтқан сөзіне сенуге болмайды». Алашорда көсемдерінің амалсыз Кеңес өкіметі жағына шығу қажеттігі жөнінде Зәки Валидимен ниеттес болғаны айқын байқалады.

Дегенмен Кеңес өкіметі қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін құруға әзірлік жасау жөнінде шешімге келіп, 1919 жылы 10 шілдеде В.И.Ленин «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет» («Казревком») құру туралы декретке қол қойды. Казревком құрамына С.Меңдешев, А.Байтұрсынов, С.Пестковский (төраға), кейінірек Б.Қаратаев, М.Тұңғаншин, В.Лукашев, К.Сидоров және басқалар енгізілді. А.Байтұрсыновтың бастамасы бойынша Казревком 1919 жылдың жазы мен күзі аралығында Алашорданың басқа мүшелерінің Кеңес өкіметі жағына өту, бұл отудің шарттары, сондай-ақ алаш қозғалысына қатысушыларға тұтастай рақымшылық жасау туралы мәселені бірнеше дүркін талқылады. 1919 жылдың аяғы мен 1920 жылдың басында белгілі болғанындай, А.Байтұрсынов пен оның жақтастарының Алашорда белсенділеріне рақымшылық жасау туралы мәселені табанды түрде талап етуі өз нәтижесін берді. 4 қарашада Түркістан майданының Әскери революциялық кеңесі рақымшылық жасау туралы қаулысында былай деп атап көрсетті: «Кеңес өкіметіне тікелей немесе жанама түрде қарсылық көрсеткен барлық қырғыз (қазақ) халқы өкілдеріне толық кешірім беріледі». Кеңес өкіметінің Алаш қозғалысына қатысушыларға кең көлемде қайырымдылық жасағаны өз әсерін тигізді, алаш полктерінде толқу туғызып, ондағы жігіттер «халық милициясы» қатарынан кете бастады. Бұл үрдіс Кеңес өкіметі жағына А.Байтұрсынов пен оның жақтастары өткеннен кейін жаппай сипаталды. Алайда большевиктер Алаш қайраткерлеріне толық кешірім берсе де, бұл іс-шараның толық жүзеге аспай қалған тұстары да болды. 1920 жылы қаңтарда 59-дивизияның ерекше бөлімі Семейде Ә.Н.Бөкейханов пен Алаштың облыстық басшыларының үш мүшесін тұтқынға алды. Тұтқындау Ақмола облысының бірқатар қаласында да орын алды. Казревком басшылығы Алашорда белсенділеріне күш қолдануды тоқтатуды өтініп Омбыға бірнеше рет хат жолдауға мәжбүр болды. Алайда большевиктер бұл хаттарға жауап қайтаруға асықпай, Ә.Бөкейханов сияқты Алаштың көшбасшысын бостандықта ұстау қауіпті деп санады.



## ОН ЕКІНШІ БӨЛІМ

### АЛАШОРДАНЫҢ БАТЫС БӨЛІМІ

#### §1. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі

Кеңес өкіметіне қарсы күштердің бәрі жеңіліске ұшыраған соң және большевиктік биліктің күшейе бастағанын түсінген Алаш Орда үкіметі енді амалсыздан Кеңес өкіметі көсемдерімен келіссөз жүргізуге мәжбүр болады. Алашорданың көсемі Ә.Бөкейханов Мәскеуге тікелей В.И.Лениннің өзіне және оның ұлт істері жөніндегі көмекшісі В.И.Сталинге өзінің сенімді серіктері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтарды келіссөз жүргізу үшін жібереді. Бұл туралы К.Нұрпейістің еңбегінде былай деп беріледі: «Осы келіссөздердің барысында Алашорда жетекшілері В.И.Ленин мен И.В.Сталиннің талап етуі бойынша «Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі» деп тануға мәжбүр болды.

Алайда осыған қарамастан, олар Алаш Автономиясының тәуелсіздігін белгілі дәрежеде қамтамасыз етуге тиісті біраз талап-тілектерді Орталық Кеңес өкіметінің алдына қойды. Ол талаптар негізінен мыналар еді: Алаш Автономиясының шеңберінде қазақ халқының атақонысы болған барлық жерлерді топтастыру; Алашорданың қолында заң шығарушы және билік жүргізуші өкіметтің шоғырлануы; қазақтар арасындағы даулы мәселелерді шешуді халықтың өзі сайлап қойған облыстық және уездік соттарға беру; халықтық милиция атанған Алаш Автономиясының әскерін құру; жергілікті кеңестердің шешімімен тұқындалған, Алашорданы жақтаушы қазақ комитеттерінің облыстық земство мен т.б. мекемелерге мүше болған қазақ зиялыларын босату және келешекте саяси көзқарас тұрғысынан қуғын-сүргінге ұшыратуға тыйым салу».

Мәскеудегі келіссөздер сәуірдің ортасына дейін жалғасқанымен олардың басым бөлігін Кеңес өкіметі мойындамады. Өйткені большевиктерге қазақ автономиясын кеңестік, таптық негіздегі және РКФСР-дің құрамдас бөлігі ретіндегі құруды алдын ала ойластырып қойған еді.

Сондықтан Алаш зиялыларының талабы большевиктердің басшыларына мүлдем ұнаған жоқ. Осыған байланысты большевиктердің көсемі В.И.Ленин оларға кейбір жекелеген мәселелер жөнінде болмаса, негізінен қанағаттанарлық жауап бермеді. Қайта керісінше Қазақ өлкесіне төтенше комиссар болып тағайындалған Әліби Жангелдинге Алашордаға қарсы күресті тікелей ұйымдастыру және Қазақстанның кеңестік негіздегі автономиясын жариялау үшін кеңестердің Бүкілқазақстандық құрылтай съезін шақыру міндеттері қоса тапсырылды. Осы кезде Оралда саяси жағдай шиеленісіп, Орал казактарының үкіметі төңкеріс ұйымдастырып, қаладағы Кеңес өкіметін құлатты. Осы жағдайды өз мүдделеріне пайдаланып қалуды көздеген, әрі большевиктерден қолдау таппаған Жаһанша мен Халел Досмұхамедұлдары Мәскеуден шұғыл түрде елге қайта оралып, 1918 жылдың ақпан айының соңына қарай қазақтың



батыс аймағын басқаратын үкімет құруға кіріседі. Осы мақсатта облыстық құрылтай өткізу туралы шешім қабылданып, оның орны болып Қаратөбе белгіленді. Алаш зиялыларының үкімет құруға деген талпынысы халықтың арасында «Қазақ өзін-өзі басқаратын болыпты, жерімізге, суымызға өзіміз қожа болатын көрінеміз, қазақтан әскер құрылады» деген сөз лезде тарайды. Құрылтайға елге танымал, беделді, билігі жүріп тұрған игі жақсылар мен дін иелері, ауыл-жұртқа сыйлы ақсақалдар жиналып, ол Қаратөбедегі мешіт үйінде өтеді.

Бұл жиынды ашқан елге танымал заңгер Жаһанша: «Біздердің мақсатымыз үкімет құру және оның тірегі әскер жасақтау. Үкімет пен әскерге қаржы қажет», - деп, осы үш мәселені күн тәртібіне енгізеді. Алайда Құрылтайға қатысқандар үкіметті, оның барлық басқару органдары, тыңнан жасақталатын армия құру, оны оқытып үйрету, қаруландыру үшін елден салық салып қаражат жинау үлкен айтыс, дау-дамай туғызып, ақыры екіге бөлініп кетеді де, Н.Ипмағамбетов, А.Кенжин, С.Қаратілеуов, Ғ.Есенқұлов, Е.Қасаболатов, М.Х.Мырзағалиев, Ә.Әлібеков сияқты қазақтар Алашорданы қолдамай Оралға барып большевиктер жағына шығып кетеді. Осының салдарынан Қазақстанның батыс бөлігінде үкімет құрылмай кейінге қалдырылады.

Дегенмен осындай алауыздыққа қарамастан Алаш зиялылары Орал өңірі қазақтарының IV-інші облыстық съезін 1918 жылы 18 мамырда Орал қаласының оңтүстік-шығысында орналасқан Жымпитыда (қазіргі Сырым ауданының орталығы) жасайды. Съездің ашылу сәтіне 300 делегат келіп үлгірсе, кейін жұмыс жасаған съездің үш күнінде тағы да 150-дей адам келіп қосылды. Съездің кіріспе сөзін Халел Досмұхамедұлы ашқаннан соң, съездің төралқасы жасақталып, оның төрағасына Жаһанша Досмұхамедұлы, төрағаның орынбасарлығына Дәулетшах Күсепқалиев, Жанғожа Мергенов, хатшылығына Қалдыбай Асанов және Кәрім Жәленұлы сайланады.

Съездің күн тәртібінде Ресей мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзқарас; Земство делегациясының Мәскеуге баруы жөніндегі есебі; Орал облыстық земство басқармасының казачествомен одақтасу саясаты туралы; Жалпы саяси бағытты анықтау; Кіммен және қандай негізде одақ құру керек?; Орал облысының қазақ бөлімінде мықты өкімет құру; Земство мекемелерінің билігін кеңейту; Оралдық земство басқармасын қырға көшіру және тағы басқа да 20 мәселе қаралады. Съезд күн тәртібінің мазмұнынан көрініп тұрғанындай, онда жалпы мемлекеттік, аймақтық және ұлттық саясаттың көкейкесті мәселелері қамтылып, өзара ымыраға келу, ұлттық бірлікті сақтауға байланысты мәселелер айқындалады. Жалпы саясат мәселелері жөніндегі өз стратегиясы мен тактикасын белгілей келіп, Орал облыстық қазақ съезі өзінің негізгі міндеттерінде бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мен келешектегі Ресей Федерациясындағы қазақ автономиясы үшін күрес идеясын алға тартты. Жалпы алғанда осы съезде Жаһанша пен Халел Досмұхамедұлдары Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін құрады. «Ойыл уәлаяты» үкіметінің құрамына 7 адам: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Дәулетше Көсепқалиев, Салық Омарұлы, Қалдыбай Асанов, Ғабдол-Ғалым Қуанайұлы, Сабыр Сарғожин



сайланады. Съездің шешімінде көрсетілгендей «Ойыл уалаятына» Ілбіші, Орал, Гурьев, Атырау, Ақтөбе, Ырғыз Манғыстау, Ойыл және Бөкей уездерінде қазақтар мекендеген аудандары кіріп, бұл өңірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарларының орнына «Ойыл уалаяты» Уақытша үкіметінің билігі жүретін болды.

Съезде шешілген келесі күрделі мәселе осы үкіметті ұстап тұратын қаражат көзі болатын. Осының алдында ғана өткен Қаратөбедегі Құрылтайда мәселе қаражатқа келіп тірелгенде қазақтар бір-бірімен тіл табыса алмай тарап кеткен еді. Міне осыдан қиналып отырған Алаш басшыларын көрген адай руының батыры, әрі биі Тобанияз: «Жаһанша мырза, бастаған ісің оң болсын. Құдайым алдыңнан жарылқасын. Қолға алған ісінді орындап шығуына адайлар мықты тірегің болады деп сен. Ойылдан ашқалы отырған кадеттер мектебіне 100 жігіт беремін.

Олардың оқулы бітіріп шыққанына дейінгі барлық шығынын өз мойным аламын. Сонымен бірге олардың кейінгі астарына мінетін аттары да, барлық құрал-саймандары да менен болады деп есеп жаса. Осы айтылғандарға қоса үкіметтің адай полкін жасақтауға 2000 жігіт береміз – деп сөзін аяқтайды. Бұл жүрежарды сөзден зор қуат алған Жаһанша орнынан тұрып келіп, аса ризашылықпен оның қолын алады. Одан кейін Алашорданың Батыс бөлімінің үкіметін алғашқы күннен-ақ қолдаған, Нұралы ханның ұрпағы Ахметше Көсепқалиевте Тобаниязды қолдап, сөз алады: Қадірменді Тобанияз мырзаның айтқан сөздері мен жасаған жомарттығы көптің ойынан шықты. Жаңа бастап құрылып жатқан жас мемлекетіміздің нығаюы мен өркендеуіне қолдан келген жәрдемдімізді көрсету бәріміздің ортақ борышымыз. Мен өзім қаржылай беретін көмегімнен басқа әскер басы мен офицерлерге мінетін 10 арғымақ беремін, үкімет шаруасына керекті жүктерді тасып беруге шығынын өз міндетіме алып, керуен шығарамын», - дейді.

Осы кезде Алашорда үкіметі жанындағы діндарлар Кеңесінің мүшесі Шұғыл қажы да орнынан атып тұрған: Құрметті Жаһанша мырза, мемлекет әскеріне мінетін 50 жылқы беремін. Ал еңсі осы өңірдегі байлардың байы мына отырған Қабыл, оның 2000 жылқы берсе де түгі кетпейді, әрі кеткенде бір жылдық төлінің де санына жетпейді. Менен анау отырған Мұхан мен Қоданбайдың да малдары әлдеқайда көп. Ауыздарыңа су толтырып алғандай неге үндерің шықпайды? Кәне, бәрін де беретіндерінді салыңдар ортаға», - деп сөзін тәмамдайды. Шұғыл қажының сөзі намыстарыңа тигені соншалықты, ел алдында қатардан қалуға арланған байлар мен ауқаттылар бірінен соң бірі беретін малда-рының санын айтып жаздыра бастайды. Үкімет басшылары олардың барлығына да ризашылық сезімдерін білдіреді. Міне бүкіл қазақ байларының көмегі қарапайым халықтың ықылас-ниеттері мен қызу қолдаулары үкімет басшы-ларының көңілдерін шалқытып, жігерлеріне жігер қосты. Құрылтайдан кейін олар істеріне зор сеніммен кірісіп, белсенді қимылға көшті. Нәтижесінде Үкімет басқару ісі барлық салада жедел қарқын ала бастайды. Сонымен қатар, Ойыл уалаятының әскерін құру, оны қаруландыру, офицер дайындау жұмыстарына атаман Дутов бастаған Орал қазақ



орыстарының әскери үкіметі барынша көмек көрсетеді. Мәселен, Жымпитыда прапорщиктер, Ойылда юнкерлер мектебі ашылса, атты әскерге қазақ ауылдарының жастары шақырылады. Оралдың казак-орыстар отрядының үлгісімен ондықтардан жүздік, жүздіктерден полк құрылады. Сарбаздарды соғыс ісіне үйретуге ақ казактардың 15-20 офицерлері жіберіледі. Алайда әр түрлі жазбаларда олардың саны түрліше кездескендіктен, шынында казак офицерлерінің саны одан әлде қайда көп болуы ықтимал. «Ойыл уалаятындағы» 2000 сарбаздардан құрылған атты әскери полкінің командирі полковник Белоусов, штаб бастығы подполковник Кириллов та Оралдың әскери үкіметінен жіберілгендер еді.

Сондай-ақ Алаш әскері көрші орыс қалаларынан алдырылған соғыс қаруларының барлық түрлерімен жарақталып, тіпті пулеметтер мен винтовкаларды былай қойғанда зеңбіректерді де иеленеді. Жалпы құрамын 2 мың адамға жеткізу белгіленген Алаш әскери жасақты «Халық милициясы» деп аталған. Оған 18-30 жас аралығындағы, ұлты қазақ ер адамдар, негізінен 1916 ж. майдан жұмысына барып келген жігіттер алынды. Киім үлгісі: шолақ татар шекпен, биік саптама етік, дөңгелек жиекті шошак бөрік, иықта - жүздік нөмері көрсетілген погон. Әскер жорыққа ақ ту ұстап шыққан, мұның өзі уалаят милициясының жалпы Алашорда әскерлерінің құрамдас бөлігі ретінде жасақталғанын дәлелдейді. Уалаяттың бүкіл әскери жасағын Сабыр Сарыгожин, Нәдірше Сұлтангерейұлы Есімханов басқарды, бас интендант міндетін Б.Атшыбаев атқарды. Уалаят әскері офицерлерінің арасында Б.Қаратаевтың баласы, хорунжий Мұрат Қаратаев, Мұхит Мерәліұлының немересі прапорщик Ғұбайдолла Мұхитов және т.б. бар.

Әскер ісімен қатар елде ішкі тәртіпті нығайту мақсатында милиция құру да мықтап қолға алынып, оның бастығына Бақылжан Қаратаевтың немере інісі Арон Ахметұлы Қаратаев тағайындалады. Армия, полицияны ретке келтіргеннен кейінгі қауырт жұмыс — елден салық жинауды үкіметтің салық жөніндегі комиссары Иса Көпжасаров мүлтіксіз іске асырған. Ол салықты тек казактардан ғана емес, қазақ ауылдарымен аралас қоныстанған украиндықтар мен орыстардан да жинаған. Түтін басынан алынатын 100 сомды ол күш көрсетіп алуға дейін барған.

Өзінің өкілетті үкіметін, армиясы мен милициясын құрып, қаражат қорын жасақтаған «Ойыл уалаяты» ел басқару ісін жедел қолға алған. «Ойыл уалаяты» уақытша үкіметінің өкімшілік-территориясының құзырына Жайықтың бұхара жақ бетіндегі Шыңғырлау, Бөрлі, Теректі, Ханкөл, Қосатар, Үйректікөл, Жезбұға, Жымпиты, Сабын-дыкөл, Талды, Қаратөбе болыстары және Ойыл, Тайсойған өңіріндегі Қиыл, Қарағанды, Құлынды, Жетікөл, Жекенді, 1-Ойыл, 2-Ойыл, Қазбек, Ақшатау, Тайсойған, Аюкал, Бестөбе, Қарашағыр, Жиренқұдық, Есбол, Кермеқас, Бұлан, Жарыпшыққан болыстары, кейіннен 5 «қарашекпендер» (орыс, украин қоныстанушылары) болыстары енген. Алайда «Ойыл уалаяты» Уақытша үкіметінің қарауына, Бөкей ордасы, Манғыстау, Ақтөбе атырабы ол кезде кіре қоймады. Уақытша Үкімет құрамында Қуанай хазірет деп Хасан хазірет Нұрмұхамедов, Мәулімберді ишан тәрізді



діндарлардан, Әнжан Жұбанәлин, Иса Көпжасаров сияқты елге сыйлы, ауқатты 10 адамы бар арнаулы кеңес жұмыс жасаған. «Ойыл уәлаятының» жоғары органы - уәлаят Құрылтайы, халық сайлайтын басқару органы - земство управасы, мемлекет органы - Кеңес, мемлекет орган құратын атқарушы билік аппараты - Уақытша үкімет болды. Ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары ауылдық, болыстық және уездік земство комитеттеріне бөлінді. Сондай-ақ уәлаяттағы заңдылықты сақтау, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында земстволық жиналыс сайлайтын құзіретті органдар - уездік соттар мен жергілікті милиция құрылды.

Уәлаят бірнеше уезге бөлінді. Нақтылы мәліметтер бойынша Жымпиты уезі (земстволық басқарма төрағасы - жоғары білімді ветеринар Бижан Жанқадамов); Жымпиты қаласы уәлаяттың орталығы ретінде белгіленді, сондай-ақ Ойыл уәлаяттық маңызы бар қаларетінде саналса, съезд сияқты өкілетті басқосулар осы екі қала ортасында оңтайлы орналасқан Қаратөбеле өткізілді. Осы кезде Орал казактары «Ойыл уәлаяты» басшыларына Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін Орал казак әскери үкіметімен ерекше келісімшарт жасау жөнінде ұсыныс береді. Бұл кезеңде Ж. Досмұхамедов секілді Алаш қайраткерлері бастаған уәлаят үкіметі елді екі теке-тірескен күштердің шапқыншылығынан қорғау позициясын ұстанса да, большевиктер ұстанып отырған саясаты казактарға қарағанда казактың ұлттық мүддесіне тікелей қарсы бағытталғанын түсініп, казак-орыс әскерін күш-көлікпен, азық-түлікпен көмектесуге, «Ойыл уәлаяты» болса казактардан қару-жарақ, әскери киім-кешек талап ететіндіктерін мәлімдейді.

Нәтижесінде 1918 жылдың мамыр айында «Ойыл уәлаяты» пен Орал казак үкіметінің арасында бір-біріне деген сенімдік қатынас орнап, өзара одақтық шарт жасасады. Шарттың негізі төмендегідей басты баптардан құралды:

1. Қызылдар казактарды өз территориясынан ысырған жағдайда Алашорда үкіметі казак әскерлеріне, олардың босқындарына пана береді;

2. Казак әскери бөлімдері казактар майданындағы ұрыстарға қатыспайды және тек өз территориясын ғана қорғайды;

3. Казактар даланың ішкі өміріне араласпайды және Қазақ үкіметіне қару-жарақ, әскери жабдықтармен көмек көрсетеді;

Осы баптардың өзі көрсетіп отырғандай Қазақ үкіметі қазақ халқын, оның территориясын елдегі бүліншілік соғыстан қорғау жолында қызмет еткенін көруге болады. Бекітілген шарттың осындай ережелері казактар үшін тиімді болып, басталған ұйымдастыру жұмыстарын ары қарай жүргізе беру үшін Қазақ үкіметіне азды-көпті қолайлы жағдай жасалды. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі Орал казактарының әскери үкіметімен қатар, Орынбор казактарының әскери үкіметімен де жақсы қарым-қатынас ұстанған. Илецкі маңында жеңіске жеткен Орынбор казактарына «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметіне телеграмма жіберіп, онда былай деп жазады: «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі орынборлықтарды өз астанасын және Илецкі қорғанысын алғаны үшін құттықтап, ыстық сәлемі мен тілегін жолдайды. Алдағы уақытта казактардың ғасырлық еркіндігі мен Русьті жайлаған большевиктер індетінен құтқару



күресінде табыс тілейді». Сондай-ақ хабарламада Жымпиты селосында 1918 жылы мамыр айында уақытша «Ойыл уәлаяты» атты үкімет құрылғанын және большевиктерге қарсы күрес жүргізіп жатқанын осы үкімет Орынбор әскери үкіметіне жолсапарға өз кісілерін жіберіп жатқанын, Орынбор казактарының әскери үкіметі осы елшілер арқылы «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметін танып, жана құрылып жатқан әскерді үйретуге 10-15 офицер, 20-урядниктер жіберсе, қажет әскерге керекті киім-кешек, қару-жарақтарды ақшаға сатып берсе деген өтініштерін білдіреді.

Осылайша, «Ойыл уәлаяты» баспылығы үкімет ретінде, сол кездегі құрылған көрші антикеңестік аймақтық үкіметтерге ресми түрде өздерін таныта білді. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі Комучпен жаңадан қалып-тасып келе жатқан ара қатынасты нығайту үшін де өзара келісімге келуге шақырып, өзара жасалатын келісім шартта Уәлаят бағынышты орында емес, тең құқықты үкімет ретінде болуды алға қояды.

1918 жылдың 22 шілдесінде Жаһанша Досмұхамедов Комуч комитетіне Орал облысында «Ойыл уәлаяты» «Егеменді үкімет» екенін және бұл үкімет Құрылтай жиналысында үкімет құрылғанға дейін өмір сүретінін айтады. Большевиктермен күресу үшін халықтық милиция құрылғанын, «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі Комуч комитетімен елшілік алмасуға және тұрақты байланыс ұстануға әзір екенін баяндайды. Өз кезегінде Комуч-та Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шақырылғанша барлық құрылған үкіметтерді танытындығын және Алаш үкіметі Башқұрт, Орынбор және Орал үкіметтерімен қатар құрылған демократия-танымдылық негізде Алашорданың қарулы күштерін құруға құқықты екенін мойындап, Самарадан Жымпитыға 600 винтовка және пулеметтер жібереді.

1918 жылдың шілде және тамыз айында Челябинскіде өткен Комуч пен Сібір үкіметінің екі кеңесінде «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің мүшелері қатысып, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетімен (Комучпен) арадағы қарым-қатынасты кезінде шебер пайдалана білді.

Осы оймен Ж.Досмұхамедов 1918 ж. қыркүйекте Қазақ атқару комитеті атынан Комучке мүше болып кірді. Сонымен бір мезгілде ол Құрылтай жиналысы шақырылғанша, не жалпы мемлекеттік өкімет билігі құрылғанша «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі өз егемендігін сақтайтынын, ал Комучтың билігі Самар губерниясы шегінде жүретін құрылым ретінде танытынын мәлімдеді. Ж.Досмұхамедов Комучпен арадағы одақты тең дәрежедегі байланыста ұстана отыра, Комучтың демократиялық-федеративтік республика идеясын ұстанды. Ал Комуч комитеті болса Ж.Досмұхамедов сияқты өздері үлкен үміт артқан ұлт қайраткерлерін Құрылтай жиналысының большевиктер тарапынан күшпен таратылуына деген наразылығын негізге ала отырып, оларды өз қызметтеріне пайдалануға тырысты. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі басшысы Ж. Досмұхамедовтың осы кездегі негізгі ұстаған бағыты «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметін көршілестерге танытып, мойындату еді.



## §2. Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы және таратылуы

1918 жылдың 23 қыркүйегінде Уфада өткен Комуч пен Сібір үкіметінің мәжілісінде Уақытша Жалпыресейлік үкіметі - Директория құрылып, оған 5 адам 1919 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытқа сайланады. Құрылтай жиналысы болса Директорияға өз билігін тапсырады. Осы Уфа Кеңесі барысында 11 қыркүйекте Алаш Орданың жетекшісі Ә.Бөкейханов және мүшелері Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар (Орал), Бақтыгерей Құлманов, Уәлитхан Танашев (Бөкей Ордасы), Сағындық Досжанов (Орынбор), Есенғали Тұрмұхамедов, Бижан Жанқадамов (Ақтөбе) сондай-ақ Ахмет Бірімжанов (Торғай), Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышпаевтың (Жетісу) қатысуымен төтенше түрде де мәжіліс өткізіледі. Мәжілісте Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін тарату, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарады. Мәжілісте қабылданған шешімнің негізгілері мыналар: 1. Алашорда Алаш Автономиясы аумағындағы бірден-бір басқару органы болып табылады... 2. Жергілікті басқару жергілікті және қалалық өзін-өзі басқару жүйесі мен Алашорданың комиссарлары арқылы жүзеге асырылады... 4. Облыстық, уездік комиссарларды Алашорда тағайындайды және олар 1917 жылғы Уақытша үкіметтің заңдары анықтаған құқықтармен уақытша пайдаланды. 5. Құрамына Бөкей ордасы, Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездері кіретін Алаш Автономиясының батыс аймағын іс жүзінде басқару үшін соғыс жағдайына және қатынас жолдарының нашар дамуына байланысты Алашорданың бөлімшесі құрылады. 6. Алашорданың осы бөлімшесі автономияның көрсетілген бөлігін Алашордадан түсетін және принципті нұсқаулар негізінде басқарады... 9. Төтенше жағдайлар болғанда және Алашордамен байланыс үзілгенде бөлімше Алашорданың (Орталық үкіметінің) құқықтарына ие болады». Яғни, мәжілістің шешімінде көрсетілгендей бұл ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталып, оның төрағалығына Ж.Досмұхамедов сайланды. Алашорданың батыс бөлімінің әкімшілік құзыретіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» жеріне қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Торғай обл.) және Маңғыстау уезінің (Закаспий обл.) аумағы кіріп, бұрынғы, «Ойыл уәлаяты» аталған Күнбатыс Алашорданың жер аумағы 2 есе өсіп, тұрғын халқының жалпы саны 1,5 млн адамға жетеді.

Алайда, Алашорданың батыс бөлімінің құрылған кезі Жайық өңірінде Азамат соғысының асқынып, өлкедегі биліктің қолдан қолға өтіп тұрған кезеңге тап келді. Сонымен қатар, Ресей империясының тұтастығын қалпына келтіруге тырысқан Колчак үкіметінің ұлттық автономияларға тиым салатын заңдары Алашордаға соққы болып тиді. Осыған байланысты 1918 жылдың қараша айының басында Алашорданың Батыс бөлімі Алашорда үкіметінің таратылғандығы және биліктің түгелдей Колчак үкіметінің қолына көшкендігін хабарлаған екі жеделхатты қатар алады. Ал Алашорданың Батыс бөлімі болса



бұл бұйрыққа бағынбайтынын өз қарауындағы территорияда басқаруды бұрынғыша жүргізе беретінін мәлімдейді. Бұл жауап «Халық» газетінде жарияланған да болатын. Дегенмен 1919 ж. тамыздың аяқ шенінде Омбыда Колчактың қабылдауында болып, атаман Толстовқа Алашорданың Батыс бөлімі үкіметінің әскеріне басшылық жасауда қосымша құқық берілуін сұраған Орал казак әскері мен Алашорданың Батыс бөлімі өкілдерінен тұратын делегация барады. Өкінішке орай, бұл іс-шаралар өз нәтижесін бермейді. Осылайша азамат соғысының аса шиеленісіп тұрған кезінде екі оттың ортасына түскен Алашорданың Батыс бөлімі үкіметіне бір жағынан қызыл гвардияның қыспағы, екінші жағынан анталаған ақ гвардияшылар да қатер төндірді.

Оның үстіне Бөкей ордасында да түгелдей Кеңес үкіметі орнайды. Оның үстіне 1918 жылдың күзінде кезінде Қаратөбеде өткен Құрылтайда Алаштан бөлініп кеткен Ә.Әйтиев, Ғ.Әлібеков пен Мырзағалиевтердің де халық арасында ықпалы артып, Шыңғырлауда олар қазақ жастарынан қызыл гвардия әскерін құрып, тек жергілікті халықтардың арасында ғана емес, «Ойыл уалаяты» әскерінің де ішінде ұлттық автономияға қарсы үгітті кеңінен таратты. Соның салдарынан Жымпиты атты әскери полкінде көтеріліс бұрқ ете түсті.

Көтерілістің түрліше себептері болған. Соның бастысы ауылдан келген сауатсыз, әскери тәртіпке ешқандай дайындығы жоқ қазақ жастарын соғыс ісіне үйретудегі орыс офицерлерінің өрескел қаталдығы дерлік. Жалпы сауатсыздығына қоса сарбаздар көпшілігі орыс тілін түсінбегендіктерінен оңға десе солға бұрылатын. Казак офицерлері сарбаздарға ешқандай кешірімсіз, қит етсе қатаң жазалауды әдетке айналдырып, уақытша қамау орнына отырғызып, тіпті түрмеге жапқан.

Казак орыс офицерлерінің бұндай үстемдігі мен озбырлығы бүкіл полк сарбаздарының намысына тиіп, ыза қылған. Олардың осынша басынып, ойларына келгенін істеуге тыйым салмай неге жол береді деп автономия басшыларына да сенімсіздік туа бастады.

Көтерілістің екінші себебі - 1918 жылдың күзінде үкімет билігін қолдарына алып революция жауларына қарсы өздерінің тұрақты армиясы - Қызыл гвардия жасақтаған Саратов, Самара, Орын-бордағы Совдептер Орал қаласын жан-жағынан қоршап, ондағы казактардың әскери үкіметін тізе бүктіру мақсатында шабуылға шыққан. Осы кезде Ойыл уалаяты Жымпитыдағы өзінің атты әскер полкін актарға қосып, олардың құрамында соғысқа салады екен деген лақап тараған.

Осы оқиғалар біріне-бірі сабақтасып большевиктер ықпалындағы сарбаздар - Орақ, Батырбек, Мәмбет-тердің бастауымен полк солдаттары казарма алдындағы алаңға жиналып митинг өткізген. Митингіні ұйымдастырушылар: - Жаһанша, Халел Досмұхамедовтар автономиясының ел бірлігі мен теңдігі жөніндегі ұрандары жалаң сөз, құрғақ уәде. Шынында, патшалық режимнен айырмашылығы жоқ. Халыққа көтере алмастай салық салды, тек жарлы жақыбайлардың балаларын әскерге алып, байлар мен билердің сойылын соғып, жоғын жоқтауда. Алашорда басшылары қазақтардың басына қамшы үйіріп, бар шұрайлы жерлерін тартып алып өздерін тақырға айдап салған казак-



орыстармен ауыз жаласып, бізді солармен қосып бүкіл Ресейде билікті қолына алған, бастан аяқ қаруланған Кеңес үкіметіне қарсы айдап салып қырғынға ұшыратқалы жатыр. Сондықтан біз қара басымыздың қамын ойлап штабтағы казак-орыс офицерлерін өлтіріп, үкімет басшылары Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтерді барлық серіктестерімен тұтқынға алайық та, Әбдірахман Әйтиевтың қызылдар отрядына барып қосылайық, - деген ұран тастайды. Бұл ұсыныс сарбаздар тарапынан қолдау табады.

Осыдан кейін үш адамнан өздерінің басшыларын сайлады. Олар жүз басы Жолмұханов, оның көмекшілері Орақ пен Батырбек. Бүліктің бет алысынан зәрулері ұшқан Белоусов пен Кириллов сол бойда-ақ қаладан қаша жөнелді. Көтерілісшілер штабтағы 7-8 казак офицерлерімен қоса полиция бастығы полковник Сұлтан Арон Қаратаевты, оның көмекшісі Аблаевты тұтқынға алды. Бұдан кейін бір топ атты әскер барып түрмедегі тұтқындарды босатады. Олардың ішінде жақында ғана қамауға түскен Орал Совдепінің мүшесі большевик Мендігерей Ипмағамбетов жоқ болып шықты.

Оны идеялық көзқарастары қайшы болғанмен халқын сүйетін казактың асыл ұлдарының бірі деп бағалайтын Жаһанша «ара қатынасымыз жүре бара түзелер» деген үмітпен өміріне зақым жасай ма деп айналасындағылардан қауіптеніп, тек алдыңғы күні ғана әдейі айдаумен Жымпитыдан Ойыл түрмесіне жөнелткен болатын. Мендігерейді жоқтаған көтеріліс басшылары, «маған бостандық берсеңдер осы бойда аттанып оны аман-сау күйінде қолдарыңа әкеліп тапсырамын» - деген Абылаевтың сөзіне сеніп босатып қоя берген. Құлығы іске асып бостандық алған ол жаратулы тұрған атына міне шауып, кідірместен Ойылға барып, ондағы офицерлер дайындайтын мектептің 350 юнкерін аяғынан тік тұрғызып, бастан-аяқ қаруландырып офицер Азмұратовтың бастауымен Жымпитыдағы көтерілісті басу үшін кері жолға шыққан. Бұл кезде Алашорда басшыларының ыркына көнбеген атты әскер полкінің 500-ден астам казак жігіттері де большевиктер отрядына қосылуға бағыт алады.

Сол көтерілістің ішінде, оған бастан аяқ қатынасқан Тоқсанов кейіннен 1933 жылы жазған естелігінде бұл оқиғаны былайша суреттейді: «Алашорда үкіметі большевиктерге қарсы соғысқа: Жымпитыдан 200, Ойылдан 300 казак жігіттерін шығарады деген күні Жымпиты қазағы Қоймаровтың үйінде большевиктер ықпалындағы жігіттер астыртын бас қосты. Көтеріліс жасауға шешім алынды. Көтерілістің бірінші күні қолға түскен казак-орыстардың 8 офицері өлтірілді. Түрмеде жатқандар босатылды, үкімет кассасы тәркіленді. Түгел қаруланған 500 солдат Қаратөбе бағытына жолға шықты. Қаратөбеден әрі жігіттер ауыл-ауылына тарап Ащысай стансасына жеткенде 170 адам қалдық. Ащысайда қаннен қаперсіз жатқан бізді Азмұратовтың басшылығымен Ойылдан жеткен Алашорда отряды қоршауға алды. Біздің 70 адамымыз оққа ұшып, 50 адамды тұтқынға алды. Осылайша көтеріліс талқандалды».

Әрине, бұл оқиға Алаш басшыларына үлкен соққы болды. Бірақ бұдан үкімет құлап қалған жоқ, оның ащы сабақтары олардың жауапкершіліктерін арттырды. Үкімет әскерін қайта толықтырып нығайта түсті. Құллі Сібірді



Колчак алғаннан кейінгі шыққан «Сарыарқа» газетінде Орал облысы, Жымпиты қаласындағы, «Күнбатыс Алашорданың» жасаған әскері туралы: «Орал облысы «Алашорда» жарлығы бойынша Орал облысынан екі мыңнан артық қазақ әскері жиылды. Бұларға Самар комитетінен екі мың мылтық, 58 пулемет, екі зеңбірек, екі автомобиль алып берілді», - дейді. Сондай-ақ, сол газеттің нөмірінде «Күнбатыс Алашорданың» Ойыл қаласындағы офицерлік школасынан оқып шыққан қазақ офицерлері туралы мынандай хабар жазады:

Орал облысындағы ашылған қазақ инструкторлары даярланатын школадан бірінші октябрьде қазақ инструкторлары оқу бітіріп, қазақ жігіттерін үйретуге шықты», — дейді. Осылайша, Жымпитыда Досмұхамедұлдары «Алашорданың Батыс бөлігі» үкіметін жасап, дүрілдетіп іске кірісті. Үкіметтерін «Күнбатыс Алашорда» атады. «Күнбатыс» дегені - барлық Қазақстанның күнбатыс жақ жарымының үкіметі дегені. Алаш милициясын лезде-ақ әскерге айналдырған үкімет «Алашордаға» бағынбай жатқан Темір кеңесін барып қуып жіберді.

Сонан кейін «Күнбатыс Алашорда» «дәуірлеп», Сібірдегі билікті өз қолына алған Колчактың әмірі жан-жаққа жүргізе бастағаннан кейін де, «Алашорда» да тіпті күшейіп алды. Алаш әскерін көбейткен үкімет біраздан соң Ойыл қаласында офицерлік «Тұңғыш қазақ атты әскер юнкерлерінің мектебін» ашып, оған қазақтың «оқыған алашшы» жігіттерін жинап алады. Милицияға қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрі «Алашорданың» ұлттық қорының есебінен алынатын болды. Милиционерлерді әскери тәртіп пен өнерге үйрету үшін офицерлер мен нұсқаушыларды: 100 милиционерге бір офицер, 50 милиционерге бір нұсқаушыны шақыру белгіленді. Алайда Ресейден күш алған большевиктердің әскері 1919 жылғы 5-шілдеде Орал ақ казактарын талқандауға кіріседі Орал қаласын басып алады.

Орал қоршауының жойылуы және оны қоршап алған ақ гвардияшылар әскерлерінің талқандалуы қаладан оңтүстікке қарай 20 қарашада 4-інші армияның бөлімдері Ілбішінді, 21-қарашада - Жымпитыны өздеріне қаратады. Ақтөбе жақтан шабуылдап келе жатқан 1-інші армияның бөлімдері 14-қарашада Ойыл бекінісін алады. Осыдан кейін жағдайдың мүшкілге айналуын көрген Батыс Алашорда үкіметі 1919 жылы ақпанның аяғы мен наурыз айының басында Кеңестік Ресеймен байланыс орнату жолдарын іздей бастады.

Қазақ үкіметінің әрбір қадамын аңдып отырған казактардың тыңшылық әрекеттеріне карамастан, Батыс Алашорда Орынборға арнайы адам аттандырды. Татарлардан сайланған үкімет мүшесі Насреттин Кузми Орынборда болып қайтты. Ол Орынборда Башкирревком төрағасымен кездескенін, Башкирревком төрағасы сол кезде Мәскеуде жүрген Заки Валиди атына жеделхат жолдап, Қазақ үкіметінің Кеңестік Орталықпен байланыс орнатуға қажеттігін мәлімдегенін жеткізді. Осыдан кейін Қазақ үкіметіне іссапармен Түркістан майданы мен Қазревком уәкілдері келеді. 1920 жылғы 1-ші қаңтардағы Батыс Алашорда үкіметімен жүргізген келіссөздері мен қабылдаған шешімдерінің негізі төмендегі басты ережелерден құралды:

1. Батыс Алашорда Қазревкомға қосылады, Алашорданың барлық қоры (капиталы) мен мүлкі Қазревкомға көшеді.



2. Кеңес өкіметінің басшы нұсқауларына сай жарияланған Түркістан майданы Ревәскерикенесінің 1919 жылғы 4-ші қарашадағы қаулысында көрсетілген шарттарды Қазақ үкіметімен қазақтың қоғамдық және саяси қайраткерлерінің толық орындауына байланысты жоғарыдағы кешірім Кеңес өкіметіне қарсы қандай да болсын күреске қатысқан Батыс Алашорданың қайраткерлерінің жетекшілеріне де қатысты, Батыс Алашорда қайраткерлерінің жеке қауіпсіздігі мен дербес құқықтылығы толық қамтамасыз етіледі.

3. Тұрақты Қазақ әскери бөлімдері уақытша Түркістан майданы командованиясіне бағынады, олардың бұдан былайғы тағдыры туралы мәселені түпкілікті шешу Республиканың жоғарғы басшылығы құзырында.

4. Болыстық және ауылдық жасақтар, сол сияқты елді мекен тұрғындары қарусыздандырылып, қару-жарақ уездік ревкомға тапсырылу керек. Ревком қаруды әскери басшылыққа тапсырғанша өзінде сақтайды.

5. Тапсырылатын қаруды өз қаржысына сатып алғандары туралы мәселе көтеріледі.

6. Казактардан Қазақ өскери бөлімдері қолға түсірген әскери мүлік қазақ даласында ұрыс жүргізіп жатқан барлық Қызыл әскер бөлімдерінің мұқтажына жұмсалады, ал қалғандары ерекше бұйрық келгенше тізімделіп, Ойылға сақтауға жіберіледі.

7. Бұрын Қазақ территориясында қолданыста болып келген Сібір, Дон т.б. ақша белгілерін жалпы Кеңес Республикасының ақша белгісіне ауыстыру туралы өтініш Алашорда басшылары Орынборға барғаннан кейін Қазревкомның қарауына және шешуіне ұсынылады.

Бұдан кейін барлық істі, мүлік пен капиталды Қазревком мүшесі Бегімбетовке тапсырған Батыс Алашорда басшылары Орынборға келді. Бір күннен соң Қазревком төрағасы Пестковский оларға Алашорда жетекшілерінің, 5 адам, атап айтқанда: Жаһанша Досмұхамедов, Кәрім Жәлелов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашкынбаев, Беркін Атшыбаевтың ВЦИК Президиумы жарлығымен Мәскеуге шақырылып жатқандығын хабарлады. Олар сол күні-ақ Орынбордан Мәскеуге аттанып кетті.

Мәскеуге барған Батыс Алашорда бөлімінің төрағасы Жаһанша да қазақ халқын Кеңес өкіметін мойындау қажеттігін айтып, бір тәртіпке бағынуға шақырады. Ал бұл кезде Қазревком құрған комиссия (С. Мендешев, Иванов) Алаш белсенділерінің жағдайын зерттеп шығып, қызыл қазақтар мен алашордашылар бірігіп жұмыс істей алмайды деген қорытындыға келді. Комиссия мүшелері Досмұхамедовтер мен олардың серіктестері Кеңес өкіметін шын көңілмен қабылдаған жоқ деп күдіктеніп: «Алашорданың Батыс бөлімшесінің кеңестер жағына өтудегі ойы Кеңес өкіметінің идеясына қолдау көрсету емес, оның одақтасы оралдық казактар жағдайының тығырыққа тірелуі, сондай-ақ Орал облысынан қашып кету жоспарын іске асыру мүмкін еместігінен» деп есептеді. Қазақтар арасында «Кеңес өкіметі ханды (Досмұхамедов Жаһанша) мойындапты, Орал облысын басқаруды Батыс бөлімшесінің мүшелеріне беретін көрінеді, халық бұған риза емес екен» деген



қауесеттарады. Шын мәнінде Батыс бөлімше туралы мұндай қорытындыға келу - саяси рақымшылық жасау принципін сақтай отырып, Алаш белсенділері Ә. Бөкейханов, Ж. Досмұхамедов пен оның жақтастарын Қазақстанның саяси аренасынан кетіру еді. Комиссия пікірі 1920 жылғы наурыздағы Казревком қаулысына негіз етіп алынды.

Онда былай делінді: «Жолдас Бегімбетовтың баяндамасын тындап және құжаттармен танысып, Алашорданың Батыс бөлімшесінің жауапты басшыларымен қазіргі жағдайға байланысты олардың біртіндеп Кеңес өкіметі жағына шығу жағдайы мен мезгілі жөнінде алдын ала сөйлесіп алып, сондай-ақ Алашорданың Батыс бөлімшесінің бірқатар жауапты қызметкерлері Орал облысында Орал қазақтарымен және басқа да буржуазиялық қоғамды жақтаушылармен бірлесе әрекет етіп отырғандарын ескеріп, рақымшылық жасалғанына карамастан, бұдан былай олардың қырғыз (қазақ) аумағында қалуы жергілікті жерлерде қазақтарды кеңес құрылысына тарту ісіне зиянын тигізері анық; екінші жағынан, олардың кейбіреуі қылмыскер болуы да мүмкін, ондай жағдайда олардың қылмысты іс-әрекеттерінен зардап шеккен халықтың Кеңестік сотқа жүгінетінін ескеріп, Ревком қаулы етті:

1. Қырғыз (қазақ) өлкесінде Кеңес өкіметі мықтап орнығып алғанынша, Алашорда ұлттық үкіметі Батыс бөлімшесінің жауапты басшылары қазақтың еңбекші бұқарасынан аластатылсын. Олар: Жанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Иса Көшкінбаев, Кәрім Жәлелов, Берікқали Атшыбаев Мәскеуге немесе басқа орталық губернияларға жіберілсін.

2. Алашордалықтардың барлық дүние-мүліктері, қазыналық немесе жеке меншік болсын, ай жерде екеніне карамастан, бұдан былай ревкомның ерекше нұсқауы шыққанша тіркеуге алынсын, ревком мүлікке жауап беретін бірден-бір құзырлы орган болып табылады.

3. Алашорда үкіметін және соған қарасты барлық органдарды біржолата таратудан туындайтын барлық мәселелерді Ревком жақын арадағы мәжілісінде шешсін, газет арқылы халыққа жария етілсін, онда Ревком мен Алашорданың арасында ешқандай келісімнің болмағаны, алашордалықтардың дербес құқықтарына қол сұқпау және бұрынғы саяси сипаттағы іс-әрекеттері үшін рақымшылық жасау өз күшін сақтайтыны айтылсын.

4. Алашорданың Батыс бөлімшесі белсенді қызметкерлерінің Ревком мүшесі болуына, сондай-ақ басқа да жауапты қызметтерге қойылуына жол берілмесін».

Көріп отырғанымыздай, Ревкомның бұл шешімі Алаш көсемдері аңсаған қазақ қоғамындағы ұлттық келісім мен ауызбіршілік идеясын қабылдамай, өлкедегі ұлттық-мемлекеттік құрылыстың тапты принциптерін негіз етіп алған. Бұл «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен кетуге мәжбүр болғандығын көрсетеді.

Осылайша, 1920 жылы 5 наурызда Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі таратылып, оның мүшелеріне кешірім жасалып, олар қазақ даласынан оқшау жерлерге қызметке жіберілді.



**АЛАШ ОРДА ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ**

**§1. Сырдария облысындағы азаттық күрестің  
Алаш қозғалысымен байланысы**

1917 жылдың ақпан айында патшаны тақтан құлап, елде республикалық саяси жүйенің қалыптаса бастауына күллі империя халқының басым көпшілігі, соның ішінде қазақ қоғамы зор қуанышпен қарсы алып, «ақпан революциясының жеңісі Ресей империясының құрамында болған барлық халықтарға бұрын болмаған көптеген ұлы демократиялық бостандықтар берді: саяси партиялар құру, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, түрлі митингілер ұйымдастыру мен манифестациялар бостандығы. Орталық езгінің құлауы Россия империясының шет аймақтарындағы оның ішінде қазақ халқы да, ұлттық-саяси бостандыққа жетуге жол ашады деп сенді». Ақпан революциясының қалай басталғаны және оның қалай жеңіске жеткені туралы М.Шоқай өз еңбегінде былай деп еске алады: «Сөйтіп 1917 жылғы ақпанның аяғында Петербургте дүрбелең басталды. Көшелерде жұмысшылар қаптап кетті. Үкімет оларға қарсықарулы күш жіберді. Қаланың әр жерінде қақтығыс болып, қан төгілді. Әскерлер топ-тобымен көтерілген халық жағына шығып кетті. Екі-үш күннен ішінде Петербург адам танымастай халге жетті. Ол шын мағынасында соғыс алаңына айналды». Патша үкіметінің құлатылуы, оның жергілікті билік орындары: облыстар мен уезд орталықтарында патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерінің тұтқындалуы мен қызметтерінен қуылуын Түркістан халықтарына келешекке деген үміт отын жакты. Алайда М.Шоқай Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі халық үмітінің ақталмағанын былай деп жеткізеді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы он тоғыз жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілден сүйсіне, тебірене қарсы алғанымыз әлі есімізде. Түркістандықтардың көбісі, әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Өттен бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамай, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті. Байтақ еліміз құрбан болған перзенттерінің қаны мен тәніне толы болды. Түркістанның мыңдаған жігіттері бетіне жаңа перде бүркенген ескі отаршылдыққа қарсы күресте опат болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Ресей зындарында айдауда шіріп жатты. Ондаған мың жүздеген мың түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айырылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас-ілтисап, зор үмітпен қарсы алынған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды». Мұстафа осылайша 1917 жылы болған Ақпан революциясына баға беріп, сол кездегі ащы шындықты ашып көрсетеді. Сөйтіп, Ақпан революциясынан кейін тәуелсіздік жолы ашылғандай болғанымен, төңкерістен кейінгі оқиғалар тәуелсіздік заманының әлі алыс екенін байқатты.



Бүкіл Ресейдегі сияқты Түркістанда да Уақытша үкіметтің билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер есебінде пайда болды. Осындай жағдайда қазақтарға ескі әділетсіз патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен де, сол тағы ұлттық мүддені қорғап, талап-тілекті білдіретін Мемлекеттік мекемелерсіз қалу қаупі төнді. Сондықтан да Азаматтық комитеттермен бірге стихиялы түрде облыстық және уездік деңгейде Қазақ азаматтық Комитеттері қалыптаса бастайды. Қазақ комитеттерінің өкілдері облыстық және уездік Азаматтық комитеттерінің атқару органдарына мүше болып енеді. Қазақ комитеттерінің құрылуы ұлт-азаттық қозғалыстың Ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі дамуының нәтижесіне айналды. Ал оның өзінің түпкі мақсаты – мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысының табиғи көрінісі-ұлттық мемлекет болуға жасаған қадамы болатын. Комитет сайлауына байланысты М.Шоқай өз ойын былай деп білдірген еді: «Патшалық құлап, орыс революциясының демократтары билік басына келсе, орыс мемлекетінің бізге жасаған қинаты жойылатынына әрі басқа өлкелерде кең ауқымды ішкі ұлт мекемесі құрылатынына, бұл өлкелерге орыс қоныс аударушыларының үдіре көшуі тоқталатынына сенетінбіз. Сол тұстағы бар тілегіміз тек осы еді». Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті қаулысы бойынша жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының тағы басқа да қоғамдық – саяси ұйымдарының бақылауы арқылы халық мүддесіне қатысты барлық мәселелерді атқару комитеті шешілетін болды. Бұл жөнінде М.Шоқай Түркістанда Куропаткин үкімет басынан кеткенен кейін шын мәнінде, үкіметтің билігі жұмысшы, солдат, депутаттарының қолында болғандығын көрсете келіп, бұл кеңестерді алаңсыз орыс шаруалары мен солдаттары және орыс жұмысшылары басқарғанына қынжылады. Түркістан комитеттің жергілікті халыққа деген көзқарастары мен пікірлеріне ұлттық зиялы қауым өкілдерінің наразылығы күшейіп, оларға қарсы тұру үшін Түркістан өлкесі мұсылмандарының комитеттері құрыла бастайды. Мұндай комитеттерді құруда талай жылдар отарлық езгіде келген елдің зиялы азаматтарының аздығы сезілмей қалған жоқ. Мысалы, бұл туралы «Бірлік туы» газеті былай деп жазады: «Ең алғаш өзгеріс болған уақытта Ақмешіт қазақтары бұл таныс болмаған жаңа бір жолға - басшы табайық деп, телеграма үстіне телеграма беріп, Петербордан Мұстафа Шоқайды, Термізден Серәлі Лапинді, Самарқаннан Хұсан Ибрагимовты, мұғалім Табанбаевты, Қоқаннан Серікбай Ақаевты, Әндіжаннан Қонырқожа Қожықовты, Қармақшыдан мұғалім Ибрагим Қасымовты шақырды». Петроградта болған Мұстафа Шоқай өз телеграммасында өз жақтастарын Уақытша үкіметті жақтауға шақыра отырып, сонымен бірге жер-жерлерде облыстық, уездік, болыстық қазақ комитеттерін құру үшін шұғыл түрде сайлау өткізу қажеттігін баса көрсетті. Осы уақыттары Түркістан өлкесінде саяси ұйым ретінде қызмет жасаған белгілі дережеде консервативтік бағыт ұстаған «Ғұламалар одағы» (Улема жаннаты) және екіншісі қоғамды буржуазиялық демократиялық тұрғыда өзгертуге бейім тұрған «Ислам кеңесі» құрылған еді. Алайда осы екі ұйым Уақытша Үкіметтің билігі тұсында Түркістанның мұсылман халықтарына өз ықпалдарын жүргізу үшін өзара тартыс пен айтысқа



жиі-жиі ерік берді. «Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған осы екі ұйым, - дейді М.Шоқай «1917 жылғы естеліктерден үзінділер» атты еңбегінде, - «Шора-и-Ислам» мен «Ғұлама қоғамы» бір-бірімен қырқысып жатты... ал «Түркістан өлкесі мұсылмандарының Кеңесі» осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресімізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды», «Ғұлама қоғамының» негізінен мұсылмандық, мемлекет құруға бағытталған бағдарламасын Мұстафа Шоқай «дұғамен саяси табысқа жетуге» тырысушылық деп бағалап, оны ұлттық қозғалыстың дұшпандарына Түркістандық демократтарға қарсы жұмсайтын қару берумен бірдей әрекет еті деп бағалады. Сонымен қатар Сырдария облысы Перовск уезінде Е.Қасымов басшылық еткен уездік ұлттық комитет пен Х.Ибраһимов басқарған қазақ депутаттарының кеңесі арасындағы өзара қатынас та талас-тартысқа құрылып, ауыз бірлік таппады. Бұл екі арадағы өзара кикілжің Қазан революциясынан кейінгі уақытта да жалғаса береді. Осындай жағдайда жаңа орыс билік мекемесі – жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесі өкілдері Ақмешіттен Ташкентке дейінгі аралықтағы Жөлек, Шиелі, Жаңақорған, Түркістан, Арыс және басқа жерлердегі халықты ашықтан-ашық талап, зорлық-зомбылықтарын жүргізді. 1917 жылы наурыз айында Ташкент қаласында Түркістанның мұсылмандар конгресін шақырып, Түркістан мұсылмандарының орталық комитетін сайлады. 1917 жылы сәуір айында Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқай «Ұлттық орталықтың» төрағалығына сайланып, оның құрамына Түркістан өлкесінің Мұхаметжан Тынышбаев, Ораз Сардар сияқты белгілі қайраткерлері енгізілді. Бұл партия 1917 жылы наурыз айының ортасында Түркістан өлкесінің әрі оған қарайтын Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында құрылып, оның негізі 1917 жылы 14-і наурызда 60-тан астам ескі Ташкент тұрғындары өкілдерінің (қазақ, өзбек және татарлар) бас қосуында қаланды. Оның 15 адамнан тұратын басқармасы сайланды. Олардың басым көпшілігі жәдид қозғалысының М.Қары, Қ.Бабажанов, Ү.Хожаев сияқты қайраткерлері болды. 1917 жылы сәуір айында Петроградтан Ташкентке келген Мұстафа Шоқай «Шора-и-Исламның» айтылмыш басқармасының мүшелігіне сайланып, көп кешікпей оның төрағасы қызметін атқара бастады. Көп кешікпей (мамырмаусым айларында) ұйымының бөлімшелері Түркістан өлкесінің барлық қалалары мен басқа да елді мекендерінде құрылды. Осы бөлімшелердің Сырдария облысында құрылуына М.Шоқай, Көлбай Төгісов, т.б. азаматтар белсенді түрде ат салысады. «Шора-и-Исламның» мұрындық болуымен 1917 жылы 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында бірінші бүкіл түркістандық мұсылмандар съезі шақырылды. Оған 150-ге жуық делегаттар қатысты. Съездің төралқасына сайланғандар қатарында «Шора-и-Исламның» іс жүзіндегі жетекшісіне айналған Мұстафа Шоқай, Түркістандағы азаттық қозғалысының саяси-діни қанатының басшысы Сералы Лапин, жәдидшіл қайраткерлер Убайдулла Ходжаев, Заки Уәлиди Тоған, т.б. болды. Съезд Түркістандық қоғамдық саяси өмірі мен ұлттық-азаттық қозғалыстың көкейкесті мәселелерін талқылап, съездің соңғы күнінде Түркістан өлкелік мұсылман Кеңесі (өлкелік



мүскенес) құрады. Оның төрағасы болып Мұстафа Шоқай, хатшылығына Заки Уалиди Тоган, төраға мүшелігіне М.Қары, М.Бехбуди, У.Ходжаев, т.б. сайланды. Өлкелік мұсылмандық кеңесті алдыңғы қатарлы зиялы қауым ұлттық орталық деп қабылдады. Мұстафа Шоқай сол күннен бастап «өзі негізін қаласқан Түркістан (Қокан) автономиясы талқандалған 1918 жылдың ақпан айына дейін Түркістан мен Қазақстан өлкелерінің қоғамдық саяси өмірінің қайнаған ортасында болды. Мұстафа Шоқай мен Түркістандық жәдидшілдер жетекшілері басқарған «Шора-и-Исламшылар» Қазақстандағы Алаш қозғалысы жетекшілері сияқты сол кездегі жағдайда осы өлкелердің Ресей демократиялық федерациясы құрамындағы ұлттық территориялық автономия болуын жақтады. Азаттық қозғалыстың басқа бағыттағы саяси күштерін осы мақсатты жүзеге асыру ісіне топтастыруға ұмтылды. 1917 жылдың көктемінде осы партияның (Ислам кеңесінің) ұйымдары (бөлімшелері) Черняевте (Шымкент), Әулиеатада (Тараз), Перовскіде (Қызылорда), Қазалыда, яғни, Сырдария облысының барлық уезд орталықтарында құрылған. «Шора-и-Исламның» Қазалыдағы ұйымы партияның Ташкентте ресми түрде құрылғанынан жарты айдай бұрын пайда болған және 1917 жылы 27 наурыз күні 5000 мұсылман (тұрғылықты халықтар өкілдері) қатысқан жиналыста «Шора-и-Исламның» тоғыз адамынан тұратын уездік комитеті сайланып, оған үш-үш кісіден қазақ, татар және өзбек халықтарының өкілдері енген. Мамыр айының басында «Шора-и-Исламның» уездік ұйымы Черняев (Шымкент) қаласында да құрылған. Оның басқармасына да түрік халықтарының (қазақ, өзбек) елге құрметті өкілдері сайланған. Жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ съездер өткізуге дайындық жасай бастады. «Қазақ» газеті «Съезд жасау» деген бас мақаласында неліктен съезд шақыру керектігін жазды. Съез әуелі қазіргі болған өзгерістердің мақсат, мағынасын түсіну үшін, екіншісі, құрылтай жиналысына лайықты адамдарды сайлау мақсатында алдымен облыстық съездер өткізуге шақырды. Осы шақыруға орай барлық қазақ облыстарында ұлттық зиялы қауым өкілдерінің ұйымдастыруымен үлкенді-кішілі съездер өткізіледі. Бұл съездер қазақ қоғамында жалпы демократиялық сипат алып, сонымен бірге олардың ел өмірінде үлкен тарихи кезең тудырып, терең революциялық күшшынис туғызды және онда жер мәселесі, мемлекеттік құрылыс, халыққа білім беру жүйесі сияқты кезек күттірмейтін мәселелерді қарайды. 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында өткізілген облыстық және уездік қазақ съездері, сол уақытқа орай ұлттық комитеттер жүйесін құрады. 1917 жылы сәуірде Торғай облысы қазақтарының съезі өтіп, оған Сырдария облысынан М.Шоқай, Минуар Қари, Әбдусәме Қары, Сарықұл Аллабергенұлы мен Ә.Басығарин қатысады. Сондай-ақ 1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкентте Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы съезі болып өтеді. Съезге Түркістан аймағындағы барлық аудандардан арнайы сайланып келген уәкілдер және арнайы шақырылмағандар да қатысады. Съезді басқарушы төралқаларының ішінде С.Асфандияров съездің құрметті төрағасы, М.Тынышпаев съезд төрағасы, төрағалық серіктікке А.Мангелдин, Ә.Кенесарин, С.Өтегенов, хатшылыққа



З.Сейдаллин, Ш.Көпсаламов және С.Қожанов сайланады. Осы съезде «Түркістан өлкелік қазақ-қырғыздардың орталық Кеңесі» құрылады. Сонымен бірге съезде Сырдария облысының орталық атқару кеңесі құрылып, оған мүшелікке С.Өтегенов, Ә.Көтібаров, И.Қасымов, А.Тоқтыбаев, Т.Рысқұлов және С.Қожанов кіріп, бірорталыққа біріккен «Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз атқару Кеңестерінің» жұмысын үйлестіруді Сырдария облыстық қазақ атқару Кеңесіне жүктейді. Түркістан бірорталыққа біріккен қазақ-қырғыз Кеңесінің төрағалық міндетін алғашқыда Ибраһим Қасымов, хатшылық қызметін Тұрар Рысқұлов атқарса, кейін төрағалық міндеті Ә.Көтібаров өтеді. Ал М.Шоқай осы Кеңестің құрметті төрағасы болып сайланып, оның жалпы жұмысына басшылық жасайды. Осы жерде Сырдария облысындағы ұлттық ұйымдарды атауы қазақ-қырғыз Кеңесі деп аталғанын айтып кеткен жөн. Осы съезде қабылданған қаулыда «Түркістан аймағында қазақ-қырғыз Кеңесі ашылсын. Ал қазақ-қырғыз Кеңестері жоқ облыстарда тездеп облыстық қазақ кеңестері құрылсын», - делінеді. Осыған байланысты Сырдария облысында облыстық қазақ атқару Кеңесінің төрағасы Ә.Көтібаров, Перовск уезіндегі Кеңестің төрағасы алғашқыда Е.Қасымов, кейін Қ.Ибраһимов, Қазалыда А.Жанталин, Әулиеатада Ә.Кенесарин сайланды. Черняев уезінде де қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік секілді мұсылман халықтарының өкілдері өзара бірлікке ұмтылған жалпы мұсылмандық ұлттық орталығы болған «Мұсылман лигиясы» немесе «Мұсылман халық депутаттарының кеңесі» деген атаумен қоғамдық негізде біріккен ұйымда қазақ ұлттық қозғалысының өкілдері де өз ұлтының мүддесін қорғай отырып, қызмет атқарды. Черняевтағы жалпымұсылмандық ұйымда Х.Сейтов, Б.Жұмабаев, М.Байзақов, Б.Ешбатыров, Д.Досмұхамедов, Б.Қожабеков, Ж.Күнжарықовтар жүрді. Жалпы алғанда съезде «Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының тамызға дейінгі басты мәселелеріне және бұдан бұлайғы атқарылмақ шараларына талдау жасап, 18 тармақтан тұратын қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың ішінде отаршылдыққа қарсы сипаты, әсіресе, жер-су, переселен қаулысынан анық көрінеді. Жиырма тармақтан тұратын бұл құжаттың он төрт тармағын кейін 1917 жылдың 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен тұңғыш жалпы қазақ съезіне қазақ зиялыларының жерге байланысты жасаған тұжырымдарына біршама өзгерістер енгізіп, бағдарлама дәрежесінде қаулы етіп қабылдайды. 1917 жылдың екінші жартысында барлық қазақ облыстары секілді Сырдария облысында да қоғамдық-саяси өмір шиеленісіп, Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірі күрт нашарлады. Мұндағы саяси өмірдің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде қалет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болса (олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев және Мұстафа Шоқай сияқты қазақ халқының өкілдері де бар), екіншіден, осы комитетпен текегіресте болған Ташкент Кеңесінің құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға ие болуына байланысты еді. Мүшелері түгелге дейін «европалықтардан» (негізінен орыс халқының



өкілдерінен) тұратын Ташкент Кеңесі өкімет билігіне жергілікті халықтардың өкілдерін жолатпау бағытын ұстады. Кеңестердің жергілікті халықтардың жалпы ұлттық мүдделерін елемеу, қоғам өмірінің мәселелеріне қатаң таптық тұрғыдан қараулары ұлттық-демократиялық күштердің осы ұйымдарға деген сенімсіздігін туғызып, олардың араларындағы қарама-қарсылықты күшейтті. Сонымен қатар, ұлттық-демократиялық күштердің Уақытша үкіметтің Түркістан мен Қазақстан өлкелеріндегі органдарына деген сенімдері де әлсіреп, олардың осы кезге дейінгі қоғамдық саяси өмір мәселелеріне ортақ көзқарастарында қарама-қайшылықтар орын ала бастады. 1917 жылы күздің басында Түркістандағы саяси күрестің шиеленісуі Уақытша үкіметтің өлкелік комитеті мен осындағы жұмысшы-солдат депутаттары арасындағы текетірістен айқын көрінді. Орталықтағы, ең алдымен Петроград және Москва Кеңестерінің үлгісімен Ташкенттегі Перовскідегі, Черняевтағы, Сырдария облысының басқа қалалары мен теміржол бойындағы елді мекендердегі Кеңестер өкіметті тұтастай өз қолдарына алу үшін ашық күрес жүргізіп, заңсыз әрекеттерге барды. Бұл жөнінде Мұстафа Шоқай былай деп еске түсіреді: «Бірі Ресейдің, екіншісі өлкемізде болған елеулі екі оқиға жалпы Россиядағы, әсіресе, Түркістанда төңкерістің беталысына күшті ықпал жасады. 1917 жылы 27 тамызда Ресей әскерлерінің қолбасшысы Корнилов Уақытша Үкіметке қарсы шықты... Уақытша Үкіметтің табандылығының арқасында төңкеріске қарсы әрекет қантөгіссөз басылды. Алайда оның зардаптары төңкерістің болашағына кері әсерін тигізді. Жұмысшы-солдат кеңестерінде социалист-төңкерісшілер көбейді. Большевиктердің билікті қолға алу әрекеттері алдымен біздің Ташкентте жүргізілді. 1917 жылдың 3 қыркүйегінде Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің большевиктенуімен солшыл-төңкерісшілер тобы үстем болды. Уақытша Үкіметтің комитетінің мүшелері Шендриков пен Липовский тығышып қалды. Комитет төрағасы Наливкин сыртқы дүниеден хабарсыз қалды. Өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің де бар-жоғы белгісіз еді... Үкіметсіз қалған Ташкентте көтерілісшілер екі күн билік құрды. Сол кезде Уақытша Үкіметтің, дәлірек айтсақ, Керенскийдің Ташкенттегі көтерілісті дереу басу үшін бұйрық бергендігі туралы хабар жетті. Қазан аймақтық қолбасшысы, генерал Коровиченконың Түркістанның бас комиссары болып тағайындалғанын бір телеграммадан білдік». Қыркүйек айының ортасында Ташкент қаласында болған саяси жағдай Түркістанның барлық аймақтарындағы саяси жағдайға өз ықпалын тигізді. Түркістанның саяси жағдайы күннен-күнге ауырлай түсті. Өлкеде большевиктер мен сошыл-революционерлердің ықпалы күшейіп, саяси билік біртіндеп Уақытша Үкіметтің Түркістан комитетінен кете бастады. 1917 жылы 27 қазан күні Ташкентте жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің мәжілісі өтіп, онда қарулы көтеріліске шығу туралы шешім қабылданып, қарулы көтеріліске басшылық ететін революциялық комитет құрылды. осы мәжілістің шешіміне сәйкес 28 қазан күні қаруланған жұмысшылар мен жұмысшы-солдат депутаттар кеңесін қолдаған өкімет әскерлері көтеріліске шығып, төрт күн бойы Ташкент қаласында ұрыс жүргізеді. Нәтижесінде қантөгіске ұласқан көтеріліс жеңіске



жетіп, бас комиссар П.А.Коровниченко мен Түркістан комитетінің бірқатар мүшелері тұтқындалады. 1 қарашада Ташкент қаласында Кеңес өкіметі орнады деп жарияланады. Сол күні өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі мен Әскери кеңес өлке тұрғындарына қаладағы билік жұмысшы-солдат депутаттары қолында болатындығын жариялайды. Бірақ 14 адамнан тұрған бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарынан бірде-бір өкіл болмады. Бұл іс жүзінде жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындамаудың және жаңа орнаған билік басшыларының ұлыдержавалық шовинистік көзқарас тұтқынында екендігінің айқын көрінісі болатын. Өлкедегі билікті ұйымдастыруда ұлттық демократиялық ұйымдардың ауызбіршілік танытып, нақты әрекеттерге көшпеуін, Құрылтай жиналысына сенім артуын пайдаланған большевиктер партиялық, таптық принципке сүйеніп, өлке халқының тағдырын шешуді өз қолына алып, Түркістан өлкесінің көп миллионды мұсылман халықтарын өлкені басқару ісіне араластырмауға бел бұды. Бұл істе большевиктер мен оларды қолдаған солшыл эсерлер жетекшілік еткен, өлке тұрғындарының мардымсыз ғана бөлігін құраған орыс жұмысшылары мен солдаттары шешуші роль атқарды. Биліктің Кеңестерге өтуіне орай құлатылған Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары жойылып, олардың орнына кеңестік билік органдары құрыла бастады. Әсіресе, кеңестік жазалау органдарын құру тездетіп жүргізілді. Өйткені, большевиктер билігі зорлықтың күшінсіз өздерін қолдамайтын, басым көпшіліктегі мұсылман халықтары арасында баянды бола қоймайтын. Қызыл Армия отрядтарымен бір мезгілде революциялық трибунал мен төтенше комиссия (ЧК) органдарын құру жолында әрекет жасалынды. Пролетариат диктатурасының бұл жазалау органдары демократия мен еркіндікті талап етушілерді басып-жаншуда, өзгеше ойлаушылардың, большевиктерге наразылардың үнін шығармай кеңестік биліктің кең қанат жаюын камтамасыз ететін. Кеңестер мен оның жазалау органдары баолшевиктер билігін мойындамаған партиялар мен ұйымдарға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. «Шуро-и-уламо» мен «Шуро-и-ислам» ұйымдары өкілдері көпшілік орынды иемденген Ташкент қалалық думасы таратылып, ол ұйымдардың мерзімді басылымдары жабылды. М.Шокай жетекшілік еткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі өлкеде қалыптасқан осындай ахуал жағдайында Ташкентте жұмыс істеу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, Қоқанға көшті. Өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі ұстанған бағыт, әрине жергілікті халықтың қоғамдық ұйымдарына, соның ішінде «Шуро-и-уламо» ұйымына да, ұлттық интеллигенцияға да ой салып, мақсатты әрекетке көшуіне итермелегені сөзсіз. Бастаманы өз қолына Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі алды. Оның өлкелік атқару комитетінің төрағасы М.Шокай, ал мүшелері құрамында М.Қ.Бехбуди, У.Қожаев сынды көрнекті шығармашылық интеллигенция өкілдері болды. Облыстық, уездік ұлттық комитеттер өздерінің жіберген өкілдері, жеделхаттары арқылы Түркістанда қалыптасқан жағдайды талқылап, нақты шешімдер қабылдау үшін атқару комитетіне өлкелік мұсылман съезін шақыруды ұсынды. Мұндай ұсыныс жасағандардың арасында Сырдария



облыстық Қазақ комитеті де (төрағасы Ералы Қасымов) бар еді. Мұсылмандар съезінің шақырылуын социал-революционерлердің бір тобы, мекеме қызметкерлерінің барлығы дерлік, банкілер, өнеркәсіп қызметкерлері де қолдады. «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері де Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше съезін өткізуді қолдады. Онда өлкенің жергілікті халықтарының талап-тілектеріне сәйкес шешім қабылданатынына, ол шешімдерді жүзеге асыру жолында мұсылмандардың ауызбіршілік танытып, нақты әрекеттерге көшетініне үлкен сенім артты. Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің ұйымдастыруымен 1917 жылы 26 қарашада Қокан қаласында IV төтенше өлкелік мұсылмандар съезі жұмысын бастады. Съезге Ферғана облысынан 150, сырдария облысынан 22, самарқан облысынан 21, Закаспий облысынан 1, Бұқар әмірлігінен 4 адам қатысты. Сондай-ақ съезге «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-уламо» секілді мұсылмандық қоғамдық-саяси ұйымдардың, мұсылман әскерилер кеңесінің өкілдері қатысты. Төралқа құрамына М.Шоқай, У.Қожаев, Ю.Агаев, С.Ақаев, С.Герцифельд, О.Мақмұдов, И.Шагиахмедов, С.Лапин секілді кайраткерлер енген съездің күн тәртібіне Түркістанды басқару формасы, Түркістанның «Оңтүстік-шығыс одаққа» қатысы, атқару комитеттеріне сайлау, Түркістан өлкелік Құрылтай жиналысы, милиция құру, қаржы және тағы басқа да мәселелер қойылды. Съездің кіріспе сөзін М.Шоқай ашып, былай дейді: «Орталықта болып жатқан бүлікшілік шет аймақтардағы халықтарды өз басын арашалау және зор ұлттық төңкеріс берген жемістерді қорғау үшін өз беттерінше әрекет жасауға итермелеп отыр. Енді октябрь қан төгісін басынан өткерген Ресей түгелдей және Түркістан өз келешегін өздері ойлауы керек. Өлкедегі ауыр жағдайды ашаршылыққа ұласуы ықтимал азық-түлік тапшылығы тереңдете түсуде. Ал енді осы жағдайдан қайтсек аман-есен шығамыз?»-деп сауал тастап, одан әрі М.Шоқай өлкеде орнаған Кеңес билігіне жеткізген жолдың күнәсіз құрбандарының қанына боялғандығына, оған Ташкентте құрамында мұсылмандар өкілдері жоқ үкіметтің құрылуы себепші болғандығына, төңкерістен кейін де жана билік басшыларының келісіп жұмыс істеуге ықылас танытпай отырғандығына тоқталды. Түркістанды басқару формасы туралы мәселені талқылау барысында сөз алғандардың барлығы дерлік түркістандық большевиктердің ұстанған саясатын сынға алып, олардың жергілікті халықтардың ішкі сiтеріне араласуы ешқандай сын көтермейді деп бағалады. Съезге қатысушылар Түркістанның саяси құрылысы мәселесінде бір шешімге келіп, 27 қараша күні ол жөнінде қабылданған қаулыда былай делінді: «Аса арнаулы болып жасалған Түркістан аймағы мұсылмандарының төртінші жалпы съезі Русиядағы ұлы өзгеріс салып берген жолмен һәр жұрт өзін өзі басқаруға ықтиярлы болсын деп еркіндікті қалайтын Түркістан аймағындағы барлық халықтардың қалауы бойынша Түркістан аймағын Русия демократиялық республикасымен бірлікте болып, бөлек жасауға ерікті территориялық автономиясы қылып жариялайды. Бұл автономияның қай түрде болуы жақын арада шақырылмақшы болған Түркістан аймағының өз Учредительный собраниясінің ықтиярына беріледі. Съез өз атынан Түркістан аймағында саны аз ұлттардың құқықтарына киянат қылмай,



оларды да қорғайды». Съездің 28 қараша күнгі мәжілісінде жаңадан құрылған мемлекеттік құрылымды Түркістан мұхтарияты деп атау жөнінде шешім қабылданады. Түркістан мұхтариятындағы билік өлкелік Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Түркістан Уақытша кеңесі мен Түркістан халықтық жиналысының депутаттарының қолына өтеді. Уақытша ұлттық кеңеске сайланғандардың арасына негізгі тұрғындары қазақтар болып табылатын Сырдария облысынан 11 өкіл кірді. Уақытша ұлттық кеңес 12 орыннан тұратын Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметін бекітіп, оған М.Тынышбаев, И.Шагиахмедов, М.Шоқай, У.Қожаев, Ю.Агаев, О.Махмұдов, Ә.Оразаев, С.Герцфельд мүше болып кіреді. Осылайша Ташкенттегі Түркістан халық комиссарлары кеңесіне балама Қоқанда Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметі құрылып, өз қызметін бастады. Бұл Түркістан өлкесінде қос биліктің орнауы болатын. Қоқанда өткен Түркістан мұсылмандарының съезінен кейін, оның артынша 6 қаңтарда Түркістан қаласында Сырдария облысы қазақтарының съезі өтіп, онда Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесі күн тәртібіне қойылады. Съезде осы мәселеге байланысты мынадай қаулылар қабылданады:

«1. Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында қалады.

2. Алаш автономиясы жария қылынып, Түркістанмен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғызы сол күннен бастап, Алаш автономиясына кіреді.

3. Сырдария қазақ-қырғызы қосылғанда Алаш астанасы Түркістан шаһары болады.

4. Сырдария Алашқа қосылғанда, Түркістан құрылтайына сайланған өкілдер Алашорданың сайлау жобаларына тура келсе, Алаш құрылтайына да өкіл болып сайланады.

5. Осы съезде болған қаулылар Түркістан құрылтайына сайланған өкілдерге негіз болады».

Міне осылайша Сырдария облысы қазақтарының съезі қабылдаған қаулылар болашақта Түркістан қазақтарының Алашорда үкіметіне кірепінін көрсетті. Өкінішке орай өлкелік халық комиссарлар кеңесі Түркістанда тек қана кеңестік билік салтанат құратынын мәлімдеді. 1918 жылы 20-26 қаңтар аралығында Ташкентте өткен өлкелік IV кеңестер съезінде сөз алған большевик И.О.Тоболін өлкеде ұлттық автономияға жол берілуді революцияға соққы берумен пара-пар деп бағалады. Оның пікірінше ұлттық демократия ұсынғандай автономия жарияланса өлкеден орыс әскерлері әкетіліп, контрреволюциялық күштер салтанат құратын. Басқаша айтқанда, жергілікті халықтан қорыққан И.О.Тоболін және оны қолдаған өзге де большевиктер өлкеде орыс қаруының мүддесін қорғайтын тәртіпті жақтады. Съездің барысында сөз алған Г.И.Павлюченконың шовинистік пиғылда екенін айқын көрсетті. Ол жергілікті халықтың «өлке кожайының» болуына үзілді-кесілді қарсы шығып, еуропалық революцияшыл демократтарды «қараңғы мұсылман бұқарасын артына ертуге талпынған ұлттық буржуазияның құрған автономиялық үкіметін» қарудың күшімен құлатуға шақырды. Сөйтіп, өлкелік



кеңестердің IV съезі «Қоқан автономиясы үкіметі мен оның мүшелерін заңнан тыс деп жариялау» жөнінде қаулы шығарып, Түркістан мұхтариятын тарату жөнінде шешім қабылдайды. Қоқан қаласындағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі 1918 жылы 28 қаңтардағы мәжілісінде Түркістан мұхтариятын қабылдап, оны жүзеге асыратын арнайы топ құрады. 5 ақпан күні Қоқан қаласын қоршауға алған австро-венгерлік соғыс тұтқындарынан құрылған әскери бөлімдер мен дашнактарға көмекке Ташкенттен Түркістан әскери комиссарлары Перфилов бастаған 11 әскери эшелон келіп жетеді. 6 ақпан күні Перфилов қаланы 12 зеңбірекпен күндізгі сағат бірден бастап, ешқандай үзіліссіз түнге дейін атқылайды. Өртке оранған қалаға қызыл әскерлер мен дашнактар кіріп үйлерді жаппай тонап, тұрғындарды қырып жояды. Кеңес өкіметінің Қоқан қаласындағы осы қырғын туралы Қ.Болғанбайұлы «Бірлік туы» газетіне былай деп жазады: «13 январьдан 10 февральға дейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндері адам-хайуан өзінің бет аузын Түркістан халқына ашық көрсетті. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде Қоқан көшелерінде жасаған сұмдықтарын естігенде денен түршігіп, қанын мұздайды. Жүгені сыпырылып, мейірімі кеткен, ауызы көпіріп, көзі қарайған адам-хайуан Қоқан көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні-жасты, еркекті-әйелді талғамай қырған күндер ол күндер. Пулемет отымен жалғыз «үкімет әскерлерін» ғана емес, неше мыңдаған обалсыз, бейбіт халықты қамыстай жапырып, бүкіл Қоқан шаһарының күлін көкке ұшырған күндер – ол күндер. Тозаңдай күнәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңа ғана қылтырып өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер – ол күндер. ...Осы сықылды үлкен маскара, зор сұмдық күндерін де Түркістан халқы бір уақыт ұмытпа ма екен? Жоқ, мың қабат сүйегіне құлдық сіңіп, тамырына ірің толса да бұл күндерді ұныта алмас. Тым болмаса неше мыңдаған сәбилердің кінәсіз ыстық қандары мен кірсіз рухтары ұмыттырмас. ...Сорлы Түркістан! Сен кеше «Бостандық болды, теңдік күні туды», -деп жоғалтқан еркіндігіне талпындың ғой». Түркістан автономиясын қарудың күшімен құлатқан Кеңес өкіметі 1918 жылдың 30 сәуірінде Түркістан өлкелік кеңестерінің V съезін шақырады. Онда «Түркістан Кеңес Республикасы туралы Ереже» бекітіліп, автономиялық мемлекеттік құрылыс орнатудың қағидалары анықталады. Бұл ережеге сәйкес РКФСР құрамында Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланады. Осылайша ұлттық демократиялық күштердің қатысуынсыз өткен съез кеңестер үстемдігін орнатады. Бұдан соң большевиктер шұғыл түрде өлкеде тәркілеу мен қуғындау саясатын жүргізеді. Дәрекі түрде жүргізілген бұл науқан негізінен Түркістан автономиясына қолдау көрсеткендер мен оған қатысы бар дегендерге қарсы бағыттталып, оларды тұтқындау ісі жүргізілді.



## §2. 1917 жылғы саяси өзгерістер кезіндегі Жетісудағы Алаш қозғалысының ықпалы

Отарлық, ұлттық езгінің ауыр тауқыметін тартып, теңдікке, бостандыққа талпынған қазақтар өзге де түркі-мұсылман халықтарымен бірге Ресей империясында патша өкіметін құлатқан 1917 жылғы ақпан революциясын зор қуанышпен қарсы алды. Бұған белгілі дәрежеде елдегі билікті қолға алған Уақытша үкіметтің 25 маусым жарлығының күшін жойып, енді «бұрангаларды» қара жұмысқа алуды тоқтатуы, 7 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға рақымшылық жариялауы ықпал еткен-ді. Уақытша үкіметтің ұлттық мәселе бойынша қабылдаған алғашқы актілерінің бірі 1917 жылы 20 наурызда Ресей азаматтарының құқығындағы діни наным-сеніміне, ұлтына қарай шектеушілікті алып тастауы болды. Ресей тарихында бірінші рет діни нанымдық, нәсілдік кемсітушілікті жойылды деп, ұлттар теңдігін қағаз жүзінде болса да жария еткен бұл акт бұрынғы бұратана атанған езгідегі қазақтар мен қырғыздардың орыстармен, өз жерлеріне қоныс аударылғандармен тең сезінуіне мүмкіндік берді. Ақпан революциясы халықтың көзін ашып, еңсесін көтергенімен, ұлттық мүддені қорғау үшін жан-жақты даярланған билікті мамандар мен халықтың қалың бұқарасын топтастыратын саяси ұлттық ұйым қажет болды. Мұндай ұйымды құрудың алдына қойылған тосқауыл жөнінде ұлт-азаттық қозғалыстың ірі қайраткерінің бірі М. Шоқай былай деп жазды: «Біз қазіргі замандағы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық, үлкен бір халықтың шеңгіліне түсіп қалдық. Ол бізден анағұрлым бай, анағұрлым артық қаруланған-ды». Расында ескі құлаған өкіметтің орнына келген азаматтық атқару комитеттерін құруда белсенділікті орыс жұрты қолына алды, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Олардың арасында ескі патшалық әкімшілік көзқарасты жақтайтын, ұлттық теңдікті мойындамақ түгіл, қаперіне де алмайтын кертартпа күштер де аз болған жоқ. Заман өзгерісі қазақтардың саяси өміріне жаңа леп әкелгенімен, жоғарыда аталған жағдайларға байланысты қазақтардың елдің саяси билігінен шет қалу қаупі төнді. Ел билігінің тізгінін тек орыс жұртының қолына бере салу қазақ халқының кешегі айтқанына көнуіне, айдағанына жүруіне мәжбүр еткен сұрқия саясатқа қайта айналдырып соқтыратын еді. Уақытша үкімет тұсында бой көтеріп, түрлі атаулармен белгілі болған, негізінен құрамында еуропалық нәсілдегілер басымдылық танытқан азаматтық комитеттер, Қоғамдық қауіпсіздік комитеттері және тағы басқа қоғамдық ұйымдар жергілікті жерлерде үкімет билігін жүзеге асыруға тырысқанымен, қазаққа қатысты мәселелерді шешуге шынайы ынталылық танытпай, еуропалық нәсілдегілердің мүддесіне сай қызмет етуге тырысып бақты. Оның үстіне сол кездегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері «революция жеңісі» бірінші кезекте еуропалық нәсілдегілерге қызмет етуі тиіс деп санап, жергілікті халыққа қысым көрсетушілерге тосқауыл бола алмады. Бұл жайтты революция кезіндегі Түркістан өлкесіндегі саяси ахуалмен жақсы таныс Г. Сафаровтың былай деп жазуынан да аңғаруға болады: «Мұнда өкімет өз қолымен түрлі ерекше жағдай



жасап берген орыстық азшылықтың санасына ондаған жылдар бойы оның жергілікті халықтан гөрі ұлттық үстемдігі жөнінде пікір енгізді, сөйтіп, ол отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық жағдайында тәрбиеленді. Қажет нәрсенің бәрін де бұратаналардан тартып ала беруге болады деген сенім мұнда «қарапайым құқық» дәрежесіне жетті. Түркістандағы орыс революциясы бірден осындай отарлық сипат алмай қоймады». 1916 жылғы көтерілістің ауыр зардаптарынан қазақтар мен қырғыздар құтыла алмай жатқан шақта Түркістан аймағында «Жетісу қырғыны» деп аталатын қасірет орын алды. Көтеріліс кезінде босқыншылыққа ұшыраған Жетісу қазақтары мен қырғыздары 1917 жылдың көктемінде елге орала бастағанда, оларды жерін иемденіп алған қоныс аударушы орыс шаруалары мен казактардың оқпен қарсы алуы жығылғанға тиген жұдырықтай болды. Уақытша үкіметтің мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешетін және басқару пішімін айқындайтын Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлауды ұйымдастыру туралы қаулысының жариялануы саяси кемелдікке аяқ тірей қоймаған қазақ-қырғыз халқын тағы бір сынға салды. Қазақтар мен қырғыздар да шешілмеген, шешімін күтіп жатқан жер, азық-түлік, оқу-ағарту ісі секілді көптеген мәселелер бар еді. Бұлармен қоса Жетісу босқындарына жәрдем ұйымдастыру, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына әзірлік сияқты тығыз істер ұлттық ұйымның араласуымен ғана оң шешімін табатын. Соған орай жер-жерлерде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар бой көтере бастады. Мұндай ұйым ретінде бірінші кезекте облыстық және уездік деңгейде ұлттық саяси элита өкілдерінің атсалысуымен құрылған Қазақ комитеттерін ерекше атауға болады. Жетісу облысында Қазақ комитеті 1917 жылы наурыз-сәуір айларында құрылып, ұлттық мүддені қорғауды өз міндеті санал, қызу іске кірісті. Осы жерде Ыстық көл мен Нарын өңірінің әкімшілік жағынан Жетісу облысы құрамында болуына байланысты ондағы қырғыз ұлттық элитасы өкілдерінің қазақ әріптестерімен бірлесе әрекет етуге ұмтылып, Жетісу облыстық Қазақ комитеті қызметінің арнасына тартылғанын айта кеткен жөн. Соған орай Жетісу облыстық Қазақ комитеті Қазақ-қырғыз комитеті деп аталып, оның құрамына қырғыздардың Пржевальск және Пішпек уездік комитеттері қарады. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы көрнекті қазақ қайраткері И.Жайнақов болды. Комитеттің аяғынан нық тұруына К.Шегіров, Ә.Кәкенов, Н.Нұрмұхамедов, К.Абдулин, М.Солтаев, К.Тоқсанбаев, К.Ордабаев, И.Арабаев, Қ.Телтаев, М.Әлімбаев, Т.Есенғұлов секілді қазақ және қырғыз халықтарының өкілдері саналатын тағы да басқа мүшелері аянбай қызмет етті. Сондай-ақ олар облыстық комитеттің бөлімшелері іспеттес уездік комитеттеріне жетекшілік етуге де атсалысты. Мәселен, Верный уездік комитетіне К.Шегіров, Пішпек уездік комитетіне М.Әлімбаев, Жаркент уездік комитетіне Т.Есенғұлов, Пржевальск уездік комитетіне И. Арабаев төрағалық етті. Осылайша Ақпан революциясынан кейін қазақтар мен қырғыздар іргелес қоныстанған Жетісу өңіріндегі екі халықтың мүддесін қорғауды қоғамдық-саяси ұйым – Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті өз мойнына алды. Пішпек уезінде қазақ болыстықтарының да болуы себепті бұл уездегі ұйым «Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті» деп аталып, оның құрамына екі



халықтан Дардаил Абдуллин, Өмірқұл Өміралин, Аалы Бердіғұлов, Қорабай Бодықов, Оразғұл Базанов, Құлқожа Намазалин, Әбдікерім Сыдықов, Найзабек Тулин, Ахметбек Қойбағаров секілді тағы басқа белсенді азаматтар енді. Олар екі халықтың мүддесін қорғаушы Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің жергілікті тірегі бола білуге белсене кірісті. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті өкілдерінің атсалысуымен 1917 жылдың 12 сәуірінде Верный қаласында облыстық қазақ-қырғыз съезі шақырылды. И. Жайнақов төрағалық еткен бұл съезге 81 делегат, соның ішінде Пржевальск және Пішпек уезінен 17 өкіл қатысады. Алты күнге созылған съез жұмысы Уақытша үкіметке, соғысқа қатынас жайын, мемлекеттік құрылыс, дін, сот, жергілікті басқару, ұлтаралық қарым-қатынас, Жетісудағы қазақ пен қырғыз босқыншылығы секілді күн тәртібіндегі шұғыл мәселелерді қарап, Қазақ комитетінің Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дейінгі міндеттерін белгілеп береді. Уақытша үкімет жағдайында қырғыз саяси элитасы өкілдерінің бір бөлігі ұлттық мүддені қорғауға алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірлікте болуға талпынды. Соған орай олар алаш қайраткерлері ұйымдастырған іс-шараларға да атсалысты. Мәселен, қырғызстандық зерттеуші З.К.Курмановтың көрсетуінше, 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезіне қырғыз қайраткерлерінен И.Арабаев, Д.Сауранбаев, Ә.Сыдықов және Т.Құдайбергенов қатысып, онда қабылданған қаулылардың қырғыз халқының талап-тілектерімен үндесіп жатқанын білдірді. Сондай-ақ олар осы съезде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған тізімге қырғыз өкілдерін де енгізді. Бірінші жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде белгіленген Жетісу облысының тізімінде қырғыз қайраткерлерінен Ә.Сыдықов пен Д.Сауранбаев болды. Қазақтар мен қырғыздардың ұлттық мүддені бірлесіп қорғау жолындағы нақты әрекеті Жетісудағы қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру барысында көрінді. Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыз босқындарына бірінші қол созып, жанашырлық танытқан Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті болды. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті тек жанашырлық танытып қоймай, босқындарды орналастыруға ынғайлы жерлерді белгілеп, оларды қоныс аударушы орыстар төндірген қауіптен қорғап, жұмыс тауып беру, аштарға тамақ ішетін пункттер ашу сияқты нақты көмектер ұйымдастырды, өз өкілдері арқылы босқындарды бақылауға алып, құлағанның қолтығынан демей білді. И.Жайнақов жетекшілік ететін Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің босқындарға көмек ұйымдастырудағы белсенді қызметі халық назарына ілікпей қалмады. Қырғыз елінің ардақты ұлы, Пржевальск уезіндегі Қырғыз комитетінің төрағасы И.Арабаев қазақ халқына үндеуінде Пржевальскі қырғыздары атынан И.Жайнақовқа тәнір жарылқасын айтып, алаш деп аяныш білдірер әлі талай Жайнақовтар шығатынына сенім артып, М.Солтаев пен Қ.Телтаевқа да қырғыз бауырларын құтқару жолында аянбай еңбек еткендері үшін ризашылығын білдірді. Уақытша үкімет Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс зардаптарын жою мақсатында 1917 жылы 6 қазанда қазынадан 11 млн. 150 мың сомды Жетісу облысы тұрғындарына



жәрдемге бөлу жөнінде шешім қабылдады. Бұл қаржының 6 млн. 150 мың сомы орыс қоныс аударушыларына, 5 млн. сомы жергілікті халыққа берілуі тиіс болды. Жергілікті халыққа бөлінген қаржыдан әр түтінге 100 сом көлемінде берілуі көзделді. Үкіметтен бөлінген бұл қаржының өзі босқындардың шаруашылығын түзету түгілі, олардың күнделікті күн көрістеріне жетіспейтін. Оның үстіне бөлінген қаржының өзі қағаз жүзінде қалу қаупі де бар еді. Соған орай Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті аталмыш қаржының тез арада берілуін талап етті. Бүкілресейлік құрылтай жиналысында қабылданар жер реформасынан үлкен үміт күте отырып, Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті енді бұрын заңсыз алынған жерлерге сұрау сала бастады. Бұрын «артық жер» деп алып қойған, бірақ ешкім қоныстанбаған қазына жерлерін уақытша жергілікті халыққа алып беру шараларын жүзеге асыру бағытында іс-шаралар қолға алынды. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті Уақытша үкімет құрған Бас жер комитетінің жергілікті басқармаларына өз өкілдерін енгізу арқылы жер мәселесінің қазақтар мен қырғыздар пайдасына шешілуін қадағалауға алды.

Жетісу өңіріндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар өлкедегі өзге ұлттық ұйымдармен бірге 1917 жылғы Қазан төңкерісінің нәтижесінде билікке келген большевиктер өкіметін мойындаудан бас тартып, елдегі билік мәселесі Бүкілресейлік құрылтай жиналысында шешілуі тиіс деп санады және Ташкентте Түркістан өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің қарулы көтеріліс нәтижесінде I қарашада Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мүшелерін тұтқынға алып, қаладағы билікті қолына алуын айыптады. Қазақтар мен қырғыздар арасындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың большевиктік бағдарламаны қабылдамауының өзіндік себебі бар еді. Олар қазақтар мен қырғыздардың ұлттық ерекшелігін, шаруашылық түрін, таптық жіктелу деңгейінен алыс жатқанын, әрі отарлық езгіден құтыла алмай жатып жікке бөліну қауіпті екенін алға тартты. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың мұндай ұстанымда болуы себебінің астарын РКП (б)-ның X съезінде Г.Сафаров былайша білдірген еді: «Қазан төңкерісі кенеттен түскен жай оғындай болды. ...Қала жұмысшысы социалистік төңкеріске әзір болғанымен, шет аймақтағы ауылдар әлі ұлттық тәуелсіздікті алған жоқ еді, ол Ресей самодержавиесінің езгісін орыс шаруаларына, орыс деревнясына қарағанда анағұрлым көп көрді». Бұл уақытта Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мезгілі таянып қалған еді және бірінші жалпықазақ съезінде депутаттыққа кандидаттар ретінде тіркелгендер «Алаш» қазақ саяси партиясының атынан дауысқа түсетіні анықталып, әрі бұл партияның Омбыда, Семейде, Орынборда облыстық комитеттері ашылып үлгерген-ді. Соған орай 1917 жылы қараша-желтоқсан айларында өткен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған қырғыз қайраткері Д.Сауранбаев «Алаш» партиясы атынан дауысқа түсті. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде Жетісу облысында «Алаш» партиясы блогы сайлаушылардың 57,5% даусын алып, М.Тынышбаев, И.Жайнақов, С.Аманжолов, О.Әлжанов секілді қазақ қайраткерлерімен бірге қырғыз қайраткері Д.Сауранбаев



депутаттық мандатқа ие болды. Ал Пішпек уезі тұрғындары атынан ұсынылған, құрамында М.Мұраталин, Р.Оразалин, Л.Матяню секілді жергілікті азаматтармен қатар М.Дулатов та бар депутаттыққа кандидаттар тізімі сайлау комиссиясына кеш тапсырылуы себепті дауысқа салынбай қалды. «Алаш» партиясының саяси дербестік, жер туралы және басқа көтерген мәселелері халыққа түсінікті, әрі оның түпкілікті мүдделеріне сай екені Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлауда басым дауысқа ие болуынан және оған қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдерінің тартылуынан да аңғарылды. Қазан төңкерісінен кейін бүкіл Ресей империясын қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында алаш қозғалысы қайраткерлері кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге қатысты бір тұжырымға келу мақсатында екінші жалпықазақ съезін шақыруға және оған қырғыз өкілдерін де тартуға ұйғарым жасады. Осылайша қырғыз ағайындардың өкілдері де шақырылатын екінші жалпықазақ съезіне қызу әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқан шақта Түркістан өлкесіндегі саяси ахуал барынша күрделене түскен еді. 1917 жылы 22 қараша күні Ташкентте өз жұмысын аяқтаған Түркістан өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің III съезі өлкеде кеңестік биліктің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық комиссарлар кеңесі құрылғанын, өлкедегі биліктің ендігі уақытта соның қолына көшетінін мәлімдеді. 14 мүшесі бар бұл үкіметтің құрамына жергілікті халықтан өкілдер енгізілмеді. Бұл кеңестік биліктің отаршылдық сипатын танытқан оқиға болатын. Бұған жауап ретінде Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі тез арада Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше съезін шақыру жөнінде шешім қабылдады. Сырдария, Самарқан, Ферғана облыстарынан және Бұхар әмірлігінен 203 депутаттың қатысуымен 1917 жылы 26-28 қараша аралығында Қоқан қаласында өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезі өлкедегі кеңестердің бар билікті өз қолына алуына ұмтылысын жергілікті халықтың құқығын аяқ асты етушілік деп бағалап, Түркістан өлкесін Ресей Федеративті Республикасы құрамындағы территориялық автономия болуын жақтап, Түркістан автономиясының (Түркістан мұқтарияты) құрылғанын жариялады. Делегаттардың ұйғарымы бойынша өлкелік Құрылтай жиналысы шақырылғанаға дейін бар билік Түркістан Уақытша кеңесі мен Ұлттық мәжілісінің қолына көшетін болды. Съезде 12 адамнан тұратын үкімет – Уақытша кеңес мүшелері жән 54 адамнан тұруы тиіс заң шығарушы орган – Ұлттық мәжілістің 32 мүшесі сайланды. Құрылған үкімет құрамында М.Тынышбаев (премьер-министр), С.Шағиахмедов (премьер-министрдің орынбасары), М.Шокай (сыртқы істер министрі), У.Ходжаев (әскери министр), Ю.Агаев (жер шаруашылығы мен су ресурстары министрі) О.Махмудов (азық-түлік министрі) және тағы басқалар болды. Түркістан өлкесі мұсылмандарының IV съезі және Түркістан автономиясының үкіметі өлкедегі барлық халықтардың құқығын сыйлап, қорғайтынын, ұлттар теңдігін қамтамасыз ететінін мәлімдеді. Түркістан автономиясы үкіметінің I желтоқсандағы үндеуі халықты жаңа мемлекеттік құрылымға қолдау көрсетуге шақырып, түркістандықтардың өз жерінің қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туғанын атап



көрсетті. Түркістан автономиясының құрылуы өлкедегі мұсылман жұртының көңілінен шығып, ұлттық рухын көтерді. Өлкенің түпкір-түпкірінен Түркістан автономиясы үкіметіне қолдау көрсетуге халық әзір екені жайлы жеделхаттар жіберіліп жатты. Мұндай пікірлер Ферғана өңірі қырғыздары тарапынан да білдірілді. Мәселен, Жалалабад маңындағы Ханабад қыстағының тұрғындары салтанатты шеруге шығып, Түркістан автономиясына деп 500 сом көлемінде ақша жинады. Өлкедегі барша мұсылман халықтарын Түркістан автономиясы төңірегінде топтасуға шақырған үндеулер де таратылды. Сондай үндеулердің бірінің авторы өзбек халқының көрнекті қайраткері М. Бехбудий болды. Оның үндеуінде мынадай жолдар бар еді: «Құрметті бауырларым! Мұсылман достарым! Түркістан – түрік елі екені бәріңізге мәлім. Мұндағы халықтың барлығы, қазағы, қырғызы, өзбегі, түрікмені, татары бауырлар. ...Біртұтас Түркістан халқының бөлінуіне өзіміз себенкер болмайық. ...Қарақтарым, бірлесейік! Бүгінгі кез бірлесу заманы. Егер де бөлінсек, Түркістан түріктері жан-жаққа ыдырап, автономияға деген талпынысымыз нәтижесіз болып қалады». Осылайша Түркістан өлкесінде қос билік орнап, Түркістан өлкелік халық комиссарлары кеңесі ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайдың нығайта түсуге қызмет ететінін білдірсе, Түркістан автономиясы үкіметі отарлық езгіге қарсы тұрып, жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын баянды етуді мақсат тұтты. Түркістан автономиясындағы мұндай мақсатқа қарамастан, сол тұста алаш қозғалысының жетекшісі Ә.Бөкейханов Қазақстанның Түркістанмен бірлесіп автономия болуға ыңғай танытпады. Оның мұндай ұстанымының астарында Орта Азияда клерикализм, діни фанатизм үстем, қазақтарға Түркістанмен қосылғанша, Сібір автономиясымен қосылған ыңғайлы деген пікірі жатты. Дегенмен мұндай пікір қырғыз қайраткерлерін алаш қозғалысынан қол үздіре қойған жоқ. Оның үстіне Түркістан өлкесі мұсылмандарының IV съезі, «Қазақ» газетінде Қ.Болғанбаевтың «Бортан» деген бүркеншік атпен жазған мақаласында көрсеткендей, «қазақ-қырғыз халқының Түркістан автономиясына кіре алуы, кіре алмауы үн-түн жоқ, жабулы қалыпта өтті». Қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері Түркістан автономиясы жариялағаннан кейін алаш қозғалысы қайраткерлері ұйымдастырған іс-шаралардан тыс қалмады. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезіне Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Самарқан облыстарынан және Ішкі Ордадан қатысқан 80-ге жуық делегаттың қатарында қырғыз қайраткерлері И.Арабаев пен Ж.Солтоноев та болды. Сондай-ақ делегаттардың ішінде Әулиеатадағы Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә.Кенесарин және қырғыздардың «Бұқара» демократиялық одағында хатшылық жасаған Ж.Отарбаев та бар еді. Екінші жалпықазақ съезінде күн тәртібіне қойылған мәселерді талқылау барысына И.Арабаев қызу араласты. Ол Алашорда үкіметінің жариялануына қолдау танытып, Алаш автономиясының жариялану мерзіміне орай қазақ делегаттарымен бірге дауыс та берді. Ол автономияны жариялауды «арамыздағы жағ жұрттармен сөйлескенше һәм милициямызды құрып алғанша тоқтай тұрайық» деушілердің қатарында болды. И.Арабаев пен



Ж.Солтоноев екінші жалпықазақ съезінде қазақ-қырғыз халқының мүддесіне сай оқу ісі, халық соты, азық-түлік, ауылдық басқарма, милиция құру мәселелеріне байланысты қабылданған қаулылардың куәгері болуымен қатар Алашорда үкіметі құрамына сайлауға да түсті. 14 адамнан тұратын Алашорда үкіметі құрамы белгіленгеннен кейін оларға орынбасарлыққа И.Қашқынбаев, Н.Жақыпбаев, Е.Итбаев, С.Сабатаев, С.Жанайдаров, А.Кенжин секілді тағы да басқа қазақ қайраткерлерімен бірге Ж.Солтоноев та сайланды. Алашорда үкіметінің құрамын және оның төрағасы етіп Ә.Бөкейхановты сайлаған, сондай-ақ қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын, Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені – «Алаш» мүлкі болсын, Алаш автономиясының низамын Бүкілресейлік құрылтай жиналысы бекітеді, казак-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі деген шешім қабылдаған екінші жалпықазақ съезінен соң да қырғыз қайраткерлері қазақ ұлттық саяси элитасымен бірлесе әрекет етуін жалғастыра берді. 1918 жылы 10-31 қаңтар аралығында Верный қаласында Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының екінші съезі өтіп, онда екінші жалпықазақ съезінің шешімдерін орындау мәселесі талқыланды. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің ұйымдастыруымен өткен бұл съезге қатысушы қазақ-қырғыз қайраткерлері екінші жалпықазақ съезінің шешімдерін жүзеге асыру үшін алдымен өңірде күш алып бара жатқан большевизммен күрес жүргізу қажет деген ұйғарымға келеді. Сонымен қатар тез арада қазақтар мен қырғыздардан құралған милиция құру жөнінде шешім қабылдайды. Съез облыстық Қазақ-қырғыз комитеті бұдан былай Жетісу облысы (уәлаяты) қазақ-қырғыздарының «Алаш» кеңесі аталсын деген қаулы шығарды. Бұл Қазақ-қырғыз комитетінің ендігі жерде Алашорда үкіметінің жергілікті буыны ретінде жұмыс істейді деген шешім еді. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің «Алаш» кеңесі болып өзгертілгеннен кейін Пішпек уездік Қырғыз-казак комитеті де өз атауын солай өзгертіп, уездік Қырғыз-казак «Алаш» кеңесі деп аталды. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз «Алаш» кеңесі екінші жалпықазақ съезінің шешіміне орай алаш милициясын құру әрекетіне кірісіп, бұл іске бұрынғы комиссар О. Шкапскийді де тартты. Алайда бұл іс Түркістан автономиясының қару күшімен құлатылып, өлкедегі билік толығымен Түркістан халық комиссарлары кеңесі қолына көшуіне орай жүзеге асусыз қалды. «Алаш милициясының құру қамын қылып, басшы сайлап, енді Алматыға жүремін деп тұрғанда Отыншы, Ибраһим, Сатылған, Шкапский абақтыға түсіп қалды, – деп жазды М. Дулатов «Жас азамат» газетінде. – Шкапский сабазды большевиктер абақтыда баласымен екеуін атып өлтіріпті. Отыншылар төрт ай сарғайып, көрмеген бейнетті көріп, өлімнен қалып, әрең құтылды». Кеңестік биліктің Түркістан өлкесінде күш ала түсуімен қазақ-қырғыз қоғамдық-саяси ұйымдарына қысым көрсету де басталды. Әулиеатадағы Ә.Кенесарин басқаратын Қазақ-қырғыз кеңесі осындай қысымға ұшырап, уездік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесіне қосылуға мәжбүр болды. Мұны жүзеге асырушылар қатарында большевиктер идеясына сеніп, кеңестік билікті қазақ-қырғызды теңдік пен бостандыққа жеткізе алатын күш ретінде қабылдаған қырғыз қайраткері Т. Жанұзақов та болатын.



Большевиктер үстемдігінің орнығуы жағдайында Жетісу облыстық «Алаш» кеңесі кеңестік билікпен ымыраға келу жолын қарастырды. Соған орай 1918 жылы 2 наурызда Жетісудағы қазақ-қырғыздарды жаңа билікпен ымыраға келуге шақырған үндеу таратты. Қазақтар мен қырғыздардың ұлттық мүддесін қорғауды көздеген Жетісу облыстық «Алаш» кеңесі көп ұзамай Жетісудағы әскери-революциялық комитеттің мүшесі Т. Бокиннің тікелей атсалысуымен өз қызметін доғарды. Пішпек уездік Қырғыз-қазақ «Алаш» кеңесі 1918 жылдың ақпан айында-ақ кеңес өкіметін мойындайтындығын мәлімдеп, өзінің атауын Пішпек уездік Қырғыз-қазақ революциялық кеңесі деп өзгерту жөнінде шешім қабылдады. Өз атауын өзгерткен бұл ұйымға ендігі жерде қазақ-қырғыз халқының мүддесін қорғау жолында белсенділігімен танылған А.Қойбағаров төрағалық ететін болды. Бірақ көп уақыт өтпей жатып, 1918 жылы 10 маусымда осы ұйымға қатысы бар Қарынбай және Жапар Қанатовтар, Қасым Абукин, Накир Найдалин, Мұса Қасымов, Мұратәлі Батырханов, Құрман Лепесов, Ибрагим Баялин, Исак Құрманов, Болатбек Көшербаев, Мамбетәлі Мұраталин, Аалы Бердіғұлов, Басаба Төрегелдин, Нарынқұл Абилов контрреволюционерлер, алашордашыларға іштартушылар ретінде айыпталды. Ендігі жерде қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдеріне кеңестік биліктің орнығуына орай алаш қозғалысымен тізе қоса әрекет етуге, Алашорда үкіметі ұсынған бағдарлама аясына топтасуға мүмкіндік болмай қалды. Ә.Сыдықов, И.Арабаев секілді алаш қозғалысына қатысқан бірқатар қырғыз қайраткерлері кеңестік билікпен ымыраға келіп, ұлттық мүддені кеңестік билік жағдайында қорғауға көшті. Кеңестік биліктің Түркістан өлкесіндегі үстемдігіне қарсылық көрсету - басмашылар қозғалысы өріс алған кезде де қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері арасындағы байланыстар өз жалғасын тапты. Қазақ-қырғыз саяси элитасы өкілдері арасында Т.Жанұзақов, Д.Әділов, Қ.Болғанбаев секілді қайраткерлер башқұрт халқының көрнекті өкілі Зәки Валиди Тоғанның жетекшілік етуімен құрылған «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымы қызметіне тартылды. Сөйтіп, олар Түркістан өлкесі халқының бірлігін, ұлттық дәстүр-салтын, тарихи жадын сақтай отырып, өркениетті дамуын көздеді.

### **§3. Түркістан мұхтарияты және Алашорда үкіметінің өзара сабақтастығы**

Құбылмалы, тұрақсыз саяси жағдайға қатаң қысы мен күрғақшылығы қосымша болған 1917 жыл Түркістан қазағына ерекше ауыр тиді. Ақпан төңкерісінен соң еңсесін басқан зіл батпан патшалық биліктен құтылған елге еркіндік пен ұлттық өркендеуге жол ашылғандай болғанымен бірақ оның артын ала келген оқиғалар ондай заманның ауылы әлі алыс екенін анық көрсетіп берді. Өлкедегі саяси жағдайды күрделілендіре түскен Түркістан комитеті мен өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі арасындағы ерегіс болды. Өзін бұқара халықтың өкілі санаған большевиктік-эсерлік бағыттағы Түркістан жұмысшы-солдат кеңесі өлкедегі саяси билікке таласа отырып, жергілікті



ұлттардың заңды мүддесі мен талап-тілегіне құлақ та асқан жоқ. Тіпті, ол жаңа саяси жағдайды пайдалана отырып, Түркістандағы ұлыдержавалық пиғылда тұрған қоныс аударған шаруалар мен әскердің билігін біржола баянды етуден үміттенді. Сол кезеңдегі Түркістандағы саяси оқиғалардың бас-қасында жүрген адамдардың бірі, большевиктер партиясының мүшесі Г.Сафаров бұл мәселеге байланысты былай деп жазды: «Мұнда өкімет орыстық азшылыққа ерекше жағдай жасап, оның санасында ондаған жылдар бойы ұлттық үстемдік жөнінде пікір туғызып, сөйтіп, оны отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық пиғылда тәрбиеледі. Қажет нәрсенің бәрін де бұратанадан тартып ала беруге болады деген сенім мұнда «қарапайым құқық» дәрежесіне көтерілді. Переселендер өткен ғасырдың соңында болып өткен Әндіжан көтерілісінен соң, бас игісі келмеген қышпақтардың бәрі де жермен жексен етіліп... 1916 жыл да бәрінің жадында еді. Орыс өкіметінің переселен саясаты ешкімге де құпия еместін. Осыған байланысты Түркістандағы орыс революциясы бірден осындай отарлық сипат алмай қоймайтын еді». Сондықтан да Мұстафа Шоқайдың Түркістан комитеті мен жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі арасындағы текетірестің аяғы соңғысының жеңісімен аяқталған кезде, «орыс зеңбірегі мен бұрынғы орыс сарбаздарының жеңісі болды» деуі негізсіз емес еді.

Міне, осындай күрделі, қиын жағдай Түркістанның жергілікті халықтарының алдына өзін-өзі аман сақтап қалу міндетін қойды. Ол үшін ең алдымен ұлттық мүддені қорғай алатын саяси мемлекеттік құрылымды құру қажеттілігі туындады. Алайда түркістандық қазақтар ондай мемлекет құрудың екі жолдың біреуін таңдау керек болды. Бірі сол бұрынғы Түркістан уалаяты құрамындағы басқа да түрік тілдес халықтармен бір болып, жаңа саяси мемлекеттік жүйе құру әрекетіне көшу болса, екіншісі, басқа қазақ облыстарымен бірігіп ұлттық мемлекет шаңырағын көтеру жолына түсу еді. Бірақ түркістандық және дала облыстары қазақтарын бір мемлекет шаңырағы астына біріктіру мәселесіне Алашорда үкіметінің басшысы Ә. Бөкейханов басқаша қарады. Мәселен, Сібір автономиясын құру туралы мәселе қараған жалпы Сібір съезіне қатынасып қайтқан Ә.Бөкейханов «Қазақта» жарияланған мақаласында былай деп өз ойын жазады. Онда ол: «Түркістан өз алды автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу - өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халқының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз қайда барамыз?».

Ал Түркістан автономиясын жақтаған М.Шоқай түрік тілдес халықтардың бір шаңырақтың астына бірігу керек деген бағытты ұстанады. 1917 жылы қазақ саяси қайраткерлерінің арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікірдің болғандың М.Дулатов та көрсетеді. Оның ОГПУ тергеушілеріне берген анықтамасында: «...Ол кездегі Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі: орыстың



отаршылдығынан құтылу үшін, күшті болып ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейтін. Бөкейханұлы Әлиханның пікірі: Орта Азиямен бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм), діншілдік, дін жолында ұстағанынан айырылмаушылық күшті, оларды ишан, қожа-молдалар алып келе жатқан халық, шарифат жолынан тез арада арылмайтын халық, шаруа түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз дейтін пікірде болатын. Бөкейханұлының бұл пікіріне біз де қосылатынбыз» деп жазды. Алайда қазақ даласы мен Түркістан өлкесінде орын саяси жағдайлар ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерінің қазақтарды бір мемлекетке біріктіру жолдарына байланысты пікіріне өзгерістер енгізіп отырды. Мұны ең алдымен, 22 қаршада Ташкентте өз жұмысын аяқтаған III Түркістан өлкелік Кеңестер съезі көрсетті.

Негізгі қараған мәселесі өлкедегі саяси билік туралы болған Кеңестер съезінде Түркістан өлкесінде кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің соның қолына өтетіндігін мәлімделеді де, жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығы, тіптен ең болмаса олардың Кеңестік негіздегі автономия құра алу мүмкіндігі жөнінде бірде-бір мәселе қозғалмады. Сонымен қатар, өлкені басқаратын үкіметтің құрамына жергілікті мұсылман елдерінен бірде-бір өкіл кіргізілмеді. Бұл іс жүзінде жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мойындамаудың және жана орнаған билік басшыларының ұлыдержавалық шовинистік көзқарас тұтқынында екендігін айқын көрсетті. Шын мәнінде сол уақытқа дейін отарлық езгінің тақсыретін әбден тартып келген жергілікті халықтардың намысына тиерлік шешім қабылдай отырып, Ташкенттегі жана билік басшылары Петроградтағы Орталық Халком Кеңесіне арнайы жолдаған жеделхатында өздерінің негізгі міндеті орталықтың барлық нұсқауларын өмірге енгізіп отыру екендігін мәлімдеді.

Г.Сафаров аталған еңбегінде «Түркістандағы Советтердің III съезі өлкеде жаңа орнаған Советтер билігінің отаршылдық сипатын бекітіп берді, ол отарлық езгідегі ұлттардың бұқарасының сеніміне ие болуға ұмтылудың орнына, керісінше, жергілікті халықты жаңа орнаған билік сеніміне кіруге шақырды» деп жазды. Өлкелік жұмысшы солдат Кеңесі ұстанған бағыт, әрине, жергілікті халықтың қоғамдық, ұйымдарына, ұлттық зиялы қауымға ой салып, мақсатты әрекетке көшуге итермеледі. Бұл бастаманы өз қолына М.Шоқай жетекшілік жасаған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі» алды. Облыстық, уездік ұлттық комитеттер өздерінің жіберген өкілдері, жеделхаттары арқылы Түркістанда қалыптасқан жағдайды талқылап, нақты шешімдер қабылдау үшін атқару комитетіне өлкелік мұсылмандар съезін шақыруды ұсынды. Мұндай ұсыныс жасағандардың арасында Сырдария және Жетісу облыстық Қазақ комитеттері де (төрағалары Ералы Қасымов және Ибраһим Жайнақов) бар еді. Мұсылмандар съезінің шақырылуын «социал-революционерлердің бір тобы, шаруа ұйымдарының делегаттары, жұмысшылардың бір бөлігі, мекеме қызметкерлерінің бәрі дерлік, банкілер, өнеркәсіп қызметкерлері қолдады.



Сөйтіп, IV Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі 26 қарашада Қокан қаласында өз жұмысын бастады. Тау-кен жұмысшылары, мұсылман солдаттар, мұсылман кәсіподақ мүшелерінен, барлығы 200-ден астам өкіл қатысқан бұл съезді кіріспе сөзбен М. Шақай ашты. Ол сөзінде: «Орталықта болып жатқан бүлікшілік шет аймақтардағы халықтарды өз басын арашалау және зор Ақпан төңкерісі берген жемістерді қорғау үшін өз беттерінше әрекет жасауға итермелеп отыр. Енді Октябрь қан төгісін басынан өткерген Ресей түгелдей және Түркістан өз келешегін өздері ойлауы керек. Өлкедегі ауыр жағдайды ашаршылыққа ұласуы ықтимал азық-түлік тапшылығы тереңдей түсуде. Ал енді осы жағдайдан қайтсек аман-есен шығамыз?»- деп сауал тастап, одан ары М. Шоқай өлкеде орнаған Кеңес билігіне жеткізген жолдың күнәсіз құрбандардың қанына боялғандығына және оған Ташкентте құрамында мұсылман өкілдері жоқ үкіметтің құрылуы себепші болғандығын, сондай-ақ төңкерістен кейін де жаңа билік басшыларының келісіп жұмыс жасауға ықылас танытпай отырғандығына тоқталады.

Съезд жұмысына Ташкенттегі өлкелік Халық Комиссарлары өкілі есебинде большевик П.Г.Полтарацкий қатынасып, Кеңес билігі атынан құттықтау сөз сөйлейді. М. Шоқай өзінің естелігінде: «Полтарацкий: Біз де Түркістан автономиясын қолдаймыз»,- діді. Оның сөзіне ешкім сенбеді. Бірақ оның Құрылтайға қатысуынан, Құрылтайды құттықтап сөйлеген сөзінен Түркістанда Кеңес өкіметінің ұлттық негізі жоқ екендігі айқын көрінді- деп жазды. Үш күнге созылған съездің 27 қараша күні қабылдаған қарарында мынадай жолдар бар еді: «IV жалпымұсылмандардың өлкелік төтенше съезі зор ресейлік төңкеріс жария еткен негізде Түркістан халықтарының өзін-өзі билеуіне ықылас білдіре отырып, Түркістанды Ресей Федеративтік Республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия жариялайды, автономия шарттарын белгілеп бекітуді таяу арада шақырылатын Түркістан Құрылтайы ырықна береді, сондай-ақ Түркістанда тұрып жатқан басқа да халықтардың құқығы толық сақталатындығын салтанатты түрде мәлімдейді».

Съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы (Туркистан мухтариат) деп жариялап, Түркістан Құрылтайын шақырғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылдайды. Түркістан Уақытша кеңесі құрамына барлығы 54 адам енсе, оның 32-сі Түркістаннан Бүкілресейлік Құрылтайға сайланған депутаттар еді. Бұлардың арасында негізгі тұрғындары қазақтар Сырдария және Жетісу облыстарынан 11 өкіл (9 және 2), Кеңес құрамында, сондай-ақ мұсылмандар съезі сайлаған өкілдермен бірге, қаланын өзін-өзі басқару ұйымдары съезінің 4 өкілі, түрлі өлкелік «еуропалық» ұйымдардың 18 өкілі бар болатын. Яғни Кеңестегі барлық орынның үштен бірі сол тұстағы Түркістан халқының 7 пайызын құрған еуропалық тұрғындардың үлесіне тиді. Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұрған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті.

Съезд Түркістандағы барлық халықтардың құқығын сыйлап, қорғайтындығын мәлімдеп, өлкенің барлық мұсылман, орыс, еврей, жұмысшы,



солдат және шаруалар тұрғындарының билігі төңірегіне топтасуға шақырды. Сонымен, қарашада Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдірген топтар кеңестік негізде құрылса, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық қоғамдарды негізде құрылды. Сонымен қатар, Түркістан автономиясын жариялаған мұсылмандар съезінен соң көп ұзамай Орынбор қаласында екінші жалпықазақ съезі өз жұмысын бастап, оған М.Шоқай, С.Аманжолов, Б.Маметов, И.Арабаев, Ж.Солтанаев сияқты және қазақ, қырғыз қайраткерлері бар Сырдария және Жетісу облыстарынан да өкілдер шақырылды. Алаш автономиясын құру және Алашорда өкіметі - Ұлт Кеңесін сайлауға ұмтылған жалпықазақ съезі, Қоқанда құрылған Түркістан автономиясына да өз қатынасын білдіруден тұрды. Съезге қатысқан өкілдер Қоқан автономиясының құрылғандығы туралы хабарды съездің барысында М.Шоқайдың өзінен естиді. Ол туралы М. Дулатов былай дейді: «Қоқанда Түркістан елінің де съезі болып, Түркістан ұлт автономиясы үкіметін құрған екен. Ол жөнінде біз съезде білдік. Съездің соңына қарай Қоқаннан Шоқайұлы Мұстафа келді. Шоқайұлы Қазақ автономиясының өз алдына жеке құрылуына қарсы болды, Түркістанмен қосылуды жақтады. Түркістан үкіметіне қазақтан өзі мен Тынышбайұлы Мұхаметжан кіргендігін сөйледі».

Оқиғалардың ағымы көрсетіп бергендей, бұл М.Шоқайдың біржола түйген шешімі еместін. Қазақ жұртшылығының бір мемлекетке бірігу мәселесіне байланысты съезде болған қызу айтыс Ә. Бөкейханов, М. Шоқай және басқа ұлт-азаттық қозғалыс басшыларына өздерінің соған дейін ұстанған бағыттарын анықтай түсті.

Осыған байланысты съезд мынадай қаулы қабылдайды:

1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді.
2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті.
3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді.
4. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін.

Дегенмен съезд құрған Алашорда - Ұлт Кеңесі өкіметі құрамы жағынан барлық қазақ облыстарын қамтыды. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің құрамында Сырдария мен Жетісу облыстарынан М.Шоқай, М.Тынышбаев, С.Аманжолов, Б. амытов және О.Әлжанов, ал оларға орынбасарлыққа сайланғандардың ішінде Жетісудан С.Сабатаға, Н.Бекімов және Ж.Солтанаев бар болатын. Съезд құрған өкімет жалпы-ұлттық сипат алып, халық милициясын жасақтау, ұлт қазынасын құру, оқу-ағарту ісін жолға қою сияқты жалпы-ұлттық мақсаттарды көздеді. Жаңа өмірге келген Алашорда өкіметінің ең алғашқы жасаған әрекеттері де қайткен күнде ұлттық бірлікке жетуге бағытталып, съезд өз жұмысын аяқталған кезде-ақ Сырдария қазақтарының съезін шақыру туралы тиісті мекен-жайларға жеделхаттар жолдайды. Өкімет



атынан Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай қол қойған бұл жеделхатта: «Екінші жалпықазақ съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп, өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алашорда гинуарда Түркістан шаһарында Сырдария облысының съезін шақырады. Съезге болыс басы бір өкіл келсін. Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Алашорда Бақтықерей Құлмановты, Мирякуб Дулатовты һәм Тұрағыл Құнанбаевты жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан шақырылған өкілдер съезге айтылған күннен қалмай келулері керек», - дейді. «Қазақ» газетінің осы санында М.Шоқайдың Сырдария қазақтарына үндеуі де жарияланды. Қазақтардың бірлігі үшін маңызды осы құжатта М. Шоқай «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарын, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз», - деп жазды. Нәтижесінде 1918 жылдың қаңтарында өткен Сырдария қазақтарының съезіне 72 өкіл қатынасты. Алаш автономиясына қосылу мәселесін үш күн ұдайы талқылаған съезд сол бір ауыр сәтте Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кету Түркістанның ұлт-азаттық қозғалысына соққы болып тиеді деген пікірді негізге ала отырып, мынадай қаулы қабылдайды:

«1. Сырдария облысы қазіргі уақытта тегіс Түркістан автономиясында болуы себепті әзірше Түркістан автономиясында далады.

2. Алашорда өз алдына автономия иғлан қылып болып, Түркістан автономиясымен союз (одақ) болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге қарар қылады.

3. Съездің осы қаулысы Сырдария облысынан Түркістан Учредительное собраниесіне сайланып баратын депутаттарына наказ.

4. Сырдария облысының халқы Алаш автономиясына қосылған уақытта осы облыстан Түркістан Учредительное собраниесіне сайланған депутаттары, Алаш автономиясының сайлау заңына қосылатын болса Алаш Учредительное собраниесіне депутат болсын.

5. Алашорда үкіметі Түркістан шаһарында болсын».

Сырдария қазақтарының съезі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты тура шешім қабылдағанымен, бірақ ол шешімнің іске асу мүмкіндігі күн өткен сайын тарыла түсті. Империяның езілген ұлттары ұлттық автономиясын ресми түрде бекітіп береді деп үміттенген Бүкілріесейлік Құрылтайды 1918 жылдың қаңтарының басында большевиктер таратып жіберді. Араға бір айдай уақыт салып Құрылтайдың кебін Қоқан автономиясы да киді. Қоқандағы үкіметті большевиктер қуып таратып, қаланың өзі талан-таражға түсірді. Осылайша Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясының қазақ тарихына да тікелей қатысы бар екені, оның басқа орталықазиялық туыс халықтармен бірге қазақ елінің де өзінің табиғи саяси тәуелсіздігіне ұмтылысының көрінісіне айналды.



## 5-БӨЛІМ

### **КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ**

#### ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

#### **ТҮРКІСТАН АКСР-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (1917-1925 ЖЖ).**

#### **§1. Алаш зиялыларының өлкедегі сауатсыздықты жою жолындағы күресі және оқу орындарын ашудағы үлесі**

Қазан төңкерісінің нәтижесінде мемлекеттік билікке қолы жеткен большевиктер партиясы қоғамды қайта құруда жаңа мәдениетті қалыптастырумен тығыз байланыста қарады. Бірақ ол уақытта Түркістан республикасының жағдайы өте ауыр күйінде қалды. Тіпті ең қажетті заттардың өзі тапшылыққа айналды. Бірқатар қалалар мен аудандарда аштық жайлады, елде әр түрлі жұқпалы аурулар етек алып, онан сан мыңдаған адамдар қаза тапты. Темір жол транспорты мүлде тоқтарлықтай халге жетіп, өнеркәсіп қатты күйзеліске ұшырады. Орын алған осындай жағдайға қарамастан Түркістан республикасында халық шаруашылығын қалпына келтіруге және мәдени құрылысты күшейтуге бағыт алады. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін ең бірінші кезекте халықтың сауатсыздығын жойып, республиканың шаруашылығын қалпына келтіретін мамандарды дайындайтын орта және жоғары оқу орындарын ашу қажет еді. Ал бұл шаралардың, яғни өлкедегі оқу орындарының ашылуы мен дамуы тікелей Ташкенттегі қазақ зиялы қауым өкілдерінің қажырлы еңбектеріне тікелей байланысты болды.

Ол кезде Түркістан Автономиялы Республикасының жоғарғы басшылық орындарында халқымыздан шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н.Төрекұлов, С.Қожанұлы, С.Асфендияров және тағы басқалар әр түрлі деңгейде қызметтер атқарды. Алаш зиялыларын Түркістандағы білім мен ғылым салаларын көтеру үшін қызметке тартуда Тұрар Рысқұлов сияқты қайраткерлер белсенділік танытты. Бұл қайраткерлер Түркістандағы оқу орындарын ашу және жергілікті халық арасында ағарту саласын тарату сияқты іс-шараларға большевиктер тарапынан қуғынкөрген Алаш зиялыларын араластыруда үлкен тәуекелге барды. Жалпы алғанда алаш зиялыларының бағдарламасында білім барша жұрттың игілігі болуға тиіс деген өте маңызды қағида бар. Бұл бағдарлама бойынша жалпы білім беру барша жұртқа: казактарға да, орыстарға да, жұмысшылар мен шаруаларға да, кәсіпкерлерге де және басқаларға да таратылатын. Сонымен қатар онда жоғары оқу орындарының автономиясы, оқу процессіне үкіметтің араласпауы ұсынылып, оқытушылар мен профессорлар сайланып қойылуға тиіс болды. Бұл идеялар қазіргі уақытта да өз құнын жойған жоқ. Кеңес үкіметі жеңіске жеткеннен кейін алаш мүшелері қуғындалды. Бірақ қазақ өлкесінің сауаттылық деңгейінің



төмендігі және оны көтеретін мамандардың аздығы большевиктер бастаған кеңестік орындар бастапқы кезде амалсыздан партияда жоқ ұлттық қазақ зиялыларын ағарту жұмысына тарта бастады. 1921 жылы мамыр және маусым айларында болған I жалпықазақтық партия конференциясында облыстық партия комитеті басшыларының бірі Авдеев алаш қозғалысына атсалысқан қазақ зиялыларын қызметке тартуға қарсы болғандарға жауап беріп, былай деген еді: «Қырғыз интеллигенциясының сегізінің жетісі алашордалықтар. Қырғызстанда сауатсыздық 97 пайыз, ал егер алашордалықтарды есептен шығарсақ, онда сауаттылардың үлесі  $\frac{1}{2}$  пайызға кеми түседі. Осындай қажеттілікке байланысты, бұрынғы партиялығы мен белсенділігін есепке ала отырып, көптеген оқығандарды жұмысқа тартуға тура келеді».

Жалпы бұл тарихи кезеңде алаш қозғалысына қатынасқан зиялы қауымның қоғамдық-саяси рөлін тура түсінген партия мүшелері аз болған жоқ. Солардың ортақ пікірін білдіре келіп Авдеев былай дейді: «...Конференция артта қалған, мәдениетсіз ұлттың арасында жұмыс істеу ерекшелігіне назар аударуы керек. Олардың өміріне араласуға немесе жақындасуға бағытталған кішкене ғана әрекетті қырғыздар бақылау ретінде қабылдап отыр; орыстарға сенімсіздік терең тамыр жайған ол ұзаққа дейін жойылмайды. Сондықтан да біз осы мәселе бойынша жүрдім бардым тұжырымдар жасап, бір жаққа бұра тарту дұрыс емес». Алаштық интеллигенцияға қатынастың сапалы өзгеріске ұшырауы 1920 жылдан басталып, еліміздегі мәдени құрылыс барысын жеделдетуге, мектеп құрылысы, орта және жоғары оқу орындарының ашылуына ұлттық зиялылар елеулі ықпал жасады. Олар қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға белсене араласты. Мысалы, А.Байтұрсынов суретті әліппе, Ж.Аймауытов ана тілін оқыту әдістемесі, сол кезде Томск университетінің студенті болған Қ.Сәтпаев алгебра оқулығын, Ә.Бөкейханов география оқулығын құрастырды. Мәселен, революциядан кейінгі алғашқы жылдары жоспарлар мен бағдарламаларды жергілікті жерлердегі мектептердің педагогикалық ұжымы дербес жасауға мәжбүр болса, 1918-1919 оқу жылының соңына қарай Алаш зиялысы Ж.Аймауытовтың жасаған бағдарламасы мен жұмыс жоспары жергілікті халыққа білім беру саласын толық қамтамасыз етті. Ж.Аймауытов жасаған жаңа бағдарлама кемшіліктерді жойып, барлық пәндерді ұйымдастырып, үндестіріп, барлық мектептердің оқу жүйесін бір арнаға келтіріп, кешен жүйесінің пән жүйесінен артықтығын, кешен тақырыптары қандай болу керек және неше күндік болғаны жөнінде жан-жақты мағлұматтар береді. Оның жұмыс жоспары бастауыш мектептердің бірінші сыныбына арналған кешенді жұмыс жоспары және күндік жоспар, сабақ кестесін жасау үлгілерінен тұрды. Жаңа бағдарлама бойынша түркістандық кеңес мектептері ғылым саласындағы негізгі білім берді және жастарды еңбекке және жоғарғы оқу орындарына түсуге әзірледі. Алайда, кейін коммунистік партияның идеологтары Ж.Аймауытовтың қазақ мектептері үшін арнап жазған бағдарламасы мен оқу жоспарына «қазақ халқын ұлыорыстық мәдениет пен ғылымға тарту үшін емес, керісінше одан жырақта ұстау үшін жазды», – деп баға берді.



Азамат соғысы Кеңестердің жеңісімен аяқталып, Кеңестік негіздегі Түркістан автономиялық республикасы құрылып, Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күшпен келтірілген жағдайда оның басында болған қазақ зиялылары кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды. Олар халықты күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші тәртіпке қарсы қарулы күреске шақыру қажетсіз, тіпті зиянды деп санады. Сондықтан да Кеңес өкіметінің білімді, оқыған ұлттық мамандарға зәру екендігін ескере отырып, олар өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа идеялық ықпал жасау, ұлттық мүдделерді қорғау құралдары ретінде оқу-ағарту, мезімді баспасөз, ғылыми орталықтар, әр түрлі салалардағы баспа орындарын кеңінен пайдаланудың ауқымды шараларын 20-жылдардың алғашқы сегіз жылында жүзеге асырды.

Осы кезде А.Байтұрсынұлы тікелей араласуымен халық ағарту, денсаулық сақтау, және халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне үлкен мән беріліп, қазақ еңбекшілеріне тегін білім алу құқығы заң жүзінде бекітіледі. Сондай-ақ ол мемлекеттік аппаратты, оның басқару жүйесін жергіліктендіру (коренизация) мәселесін ойластырып, осыған байланысты үкіметке енгізер ұсыныстарын дайындайды. Ақанның пайымдауынша Кеңес өкіметінің апаратын жоғарыдан төменге дейін жергіліктендірудің мәні – оның жұмысын қазақ тіліне аудару, билік пен басқару орындарының үлкенді-кішілі шенеуніктерінің қызмет етуі міндетті түрде қазақ тілін меңгеруіне тікелей байланысты болуы тиіс деді.

Осыған байланысты Түркістан Республикасының үкіметінде қызмет атқарған қазақ зиялылары, соның ішінде алаштықтар мектептерде оқытудың ана тілінде жүргізілуіне шешуші маңыз берді. Өйткені Түркістандағы жергілікті ұлт зиялылары ана тілді көтеру арқылы ұлттық мәдениетті көтеруге тырысты. Сол кезде қазақ мектептеріндегі сабақты өз ана тілінде жүргізу қажеттігі жөнінде пікір білдірген М.Жұмабаев «Бостандық туында» былай деп жазды: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізгі құрал деп білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт». Түркістан Коммунистік партиясының I-съезінде алға қойылған бүкіл республикада жергілікті халықтың тілі – түрік тілін мойындау жөніндегі шаралардың негізінде әзірленген «Түркістан автономиялық республикасының аумағында мемлекеттік тілді енгізу туралы» Ережеде, I саты мектептерінде оқыту орыс және мемлекеттік тілдерімен қатар, ана тілінде де жүргізілетіндігі көрсетілді. Осы Ережені басшылыққа ала отырып, 1918 жылы 12 желтоқсанда Халық Ағарту комиссариаты «Ұлт мектептерінде оқытын балаларға ана тілінде білім алу құқын беру туралы» қаулы шығарады. Онда сыныпта ең аз дегенде бір ұлттан 35 оқушы жиналса, оларға өз ана тілінде оқуға құқық берілді. Түркістан жағдайында білім беру ісіндегі ұлттық теңсіздікті жоюға жасалған бұл алғашқы қадам ұлттық саяси элитаның қолдауымен одан әрі пәрменді



шараларға ұласып, мектептерде ана тілі мен әдебиеті жоспар бойынша оқығыла бастады. Әсіресе, Алаштың келесі зиялылығы Халық Ағарту комиссары болған С.Қожанов оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін үнемі көтеріп, өз деңгейінде жүзеге асуын бақылауға алды.

1923 жылы 13 қаңтарда ТКП Орталық Комитеті атқару бюросының мәжілісінде С.Қожанов халық-ағарту жұмысы жөнінде баяндама жасап, соған сәйкес жиналысқа қатысқандар «орыс тілі оқыту тілі ретінде тек орта және жоғары оқу орындарында әрі ана тілінде оқыту мүмкіндігі жоқ болған жағдайда қолданылсын», «алғашқы үш жылда оқыту тек ана тілінде жүргізілсін» – деген қаулы қабылдатқызады. Алайда бұл саладағы жұмыстар көп кешікпей аяқсыз қалады. Большевиктердің қазақ даласы мен Түркістандағы кеңес өкіметінің жеңісі, іс жүзінде патшалық Ресейдегіден де күшті диктатураға, бюрократиялық жүйенің орнауына апарды. Мемлекеттік түрге оранған революциялық зорлық-зомбылық жаңа қоғамдық қарым-қатынасты енгізіп, қолдап отырды. «Бұрынғы патшалық Ресейдің отар халықтары өздерінің ұлттық өмірлерін тең және кедергісіз, өз қалауынша құру құқығына ие болады» деген көптеген декларацияларға карамастан, шын мәнінде ол формалды түрде жүзеге асырылды, ұлттық қалір-қасиеттер кемсітілді, «ұлттық шеткері» халықтарды, оның ішінде қазақтарды рухани мұраларынан ажырату саясаты жүргізілді. 1918 жылы 18 маусымда Түркістан Республикасының Халық Ағарту комиссариаты құрылып, соның жанынан комиссариаттың заң шығарушы және атқарушы органы Коллегия ашылады. Ол ағарту жүйесінің бұрынғы басқару органдарын жою жөніндегі шараларды қабылдап, білім берудің кеңестік үлгісін енгізуге күш салды. Оның ережесі РСФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 16 қазандағы декретімен бекітілді. Халық Ағарту комиссариаты жергілікті жерлерге бастауыш (жетіжылдық) мектептерді қайта ұйымдастыру ережесін жіберді, онда үш сатылы бірыңғай мектеп көрсетілді: бастауыш (жетіжылдық), орта (үш жылдық) және жоғары. Бастауыш мектепке жеті жасқа толған балалар қабылданды. Алдарына қойған мақсат-міндеттерінің ортақ болуына байланысты Түркістан Республикасының Халық Ағарту комиссариаты мен Қазақ бөлімі бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс атқарды. Халық Ағарту комиссариатын С.Қожанов басқарған уақытта Түркістан республикасындағы қазақ мектептерінің саны арта түседі. Мәселен, 1921 жылы Аулиеатада – 60, Қазалыда – 14, Жанақазалыда – 2, Перовскіде – 30, Ходжентте – 4, Қоралда – 17, Андижанда – 2, Түркістанда – 1, Ташкент уезінде – 9 мектеп ашылады. Осы уездердің ішінде Перовскіде мектеп саны ұлғайып отырған. Мәселен, 1921 жылдың аяғында уезде 32 мектеп болса, ал 1922 жылдың басында уездегі мектептің саны 34-ке жеткен. Сондай-ақ 1921 жылы Черняев уезінде төрт мектеп ашылса, оның біреуі жұмысшылардың балаларына арналса, ал қалған үш мектепке қазақтардың балалары оқыған. Осы қазақ мектептерінің ішінде 1918-1923 жылдары Қазақ ағарту институтындағы Алаш зиялыларының күшімен ашылған үлгілі мектеп ерекшеленіп, онда 3 оқытушы сабақ беріп, онда 110 оқушы білім алды. Үлгілі мектептің 1921-1922 оқу



жылында 5 сынып болып, онда 105 қазақ жастары оқыса, 1922 жылы тағы да 3 негізгі сыныптары ашылады.

Алайда үкіметтің орасан зор күш-жігер жұмсауына қарамай-ақ, республикада оқу-ағарту ісінің жағдайы аса ауыр халде еді. Мәселен, оқу құралдарының жетіспеушілігі жергілікті халық арасында, соның ішінде қазақ мектептеріндегі білім беру ісін едәуір тоқтатты. Мемлекеттік баспа 1921 жылы мектеп оқушыларының тек 10% ғана қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз ете алды, ал Москва мен Ленинградтан әкелінген оқулықтарды тек орыс мектептерінде ғана пайдалануға болатын еді. 1923 жылы 10 желтоқсанда Т.Рысқұловтың төрағалық етуімен өткен Халық ағарту ісіне көмектесу Бюросының жанындағы Мәдени кеңестің кеңейтілген мәжілісінде оның төралқасы сайланады. Мәдени кеңестің төралқасына: Х.Досмұхамедов, Бродский, Мунавар Кары, Гильдиев және Севастьянов кіреді. Үкіметті басқарған қазақ зиялылары жыл сайын мектептерді ана тіліндегі оқулықтар, оқу бағдарламалары, жоспарлар мен көмекші құралдармен қамтамасыз ету қорларын толықтырып отырды. Бөлінетін қағаз, баспа құралдары қоры ұлғая бастады, бұл қазақ мектептерін және басқа да оқу орындарын оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, дәптерлермен, кенсе-мектеп құралдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бірақ, қазақ тілінде шығарылған оқулықтар әлі де болса жеткіліксіз еді, бұл кемшілік қазақ тіліндегі авторлық, құрастыратын ұжымның аздығымен түсіндірілді. Мемлекеттік Ғылыми кеңестің алдында ұлттық оқулықтар құрастыру мен орталықтан алынған мектеп әдебиетін қазақ тіліне аударуда үлкен міндет қойылды. Осыған байланысты, Ағарту халық комиссариаты Түркістан АКСР Кеңесінің XII съезінің алдында Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жұмысын күшейту мақсатында оның жұмысына Алаш зиялы қауым өкілдерінен шыққан ғалымдарды тарта бастады. Алғашқы қазақ педагогика курстары 1918 жылы қыркүйекте ашылғанымен, оны ұйымдастыру жөніндегі шешім Түркістан Республикасы Ағарту халкомы алқасының 1918 жылдың 12 қарашасындағы мәжілісінде Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық курстарын ашу жөнінде қаулыда қабылдайды. Халел Досмұхамедұлы осы курста Ташкентте Тұрар Рысқұловтың шақыруымен Қазақ педагогикалық училищесінде дәрігер болып істейді. Қазақтарға арналған педагогикалық курста С.Өтегенов, Х.Болғанбаев, С.Қожанов, Ф.Лапина, Е.Табынбаев сабақ берген. 1919 жылы наурызда курста Гани Мұратбаев оқыған. Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылдың 15-22 қарашасында Кеңестердің Өлкелік III сиезі өтіп, онда Түркістанда жоғарғы оқу орындарын ашу туралы арнайы шешім қабылданады. 1918 жылы 11 наурызда Түркістан университетінің кеңесі құрылды, ал кеңестің 5 сәуірдегі отырысында оның басшылары сайланды. 1918 жылы 21 сәуірде Түркістан халық университетінің салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Кеңестік өкіметтің ықпалында жүріп, қазақ халқының ағарту саласын көтеруде Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, С.Сәдуақасов және тағы басқа да еліміздің белгілі мемлекет қайраткерлерінің орны ерекше. Әсіресе, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов пен



С.Қожанов Орта Азия Мемлекеттік университетінің қалыптасып, өркендеуіне көп еңбек сіңірген.

Олар Республикаға басшылық жасай жүріп, университеттің халыққа жоғары дәрежеде білім беруі үшін мүмкіндігінше оның барлық жағдайын жасауға тырысып, еш аянып қалмаған. Азамат соғысынан кейін Республиканың ауыр халде тұрғанына қарамастан Түркістан өлкесіндегі бірден-бір жоғары оқу орнына жеткілікті түрде қаржы бөліп қана қоймай, оған жан-жақтан білікті оқытушыларды шақырды, кітапханаларын керекті оқу әдебиеттерімен және зерттеу лабораториялары мен кабинеттерін керекті құрал-жабдықтармен жабдықтармен қамтамасыз етті. Сонымен қатар олар алдыңғы қатарлы студенттерге жоғары стипендиялар тағайындап, Ресейдің Москва, Ленинград және басқа да ірі қалаларындағы оқу орындарына білім алуын жалғастыруға жіберген. Оқу іздеген түркістандық жастарды шетелге, оның ішінде Германияға да аттандырып, оларға қаржылай көмек көрсетіп отырған. Азаматтық қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың басындағы ұлтының оянған шағымен тұспа-тұс келіп, алаштың жүгін, бар ауыртпалығын мойымай көтерген және Орта Азия Мемлекеттік университетінде өз ізін қалдырған қазақ зиялыларының бірі Иса Токтыбаев болды. Қоқан автономиясын құруға қатысқан Иса Токтыбаевтың еңбегі сонда, ол университеттің құрылған алғашқы жылында-ақ көзге түсіп, университет басшыларының біріне айналады. 1918 жылы мамырда Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалған ол жергілікті ұлт өкілдерін оқуға барынша тарту мақсатында С.Асфендияров екеуі «Мұсылмандар секциясын» құрады. «Бірлік туы» газетінің редакциясында мүше және «Ақ жолдың» редакторы болып, қазақтың тұңғыш Ағарту институтын ашуда белсенділік көрсетеді. Ташкендегі Орта Азия Мемлекеттік университеті мен халық ағарту қызметін биік жолға қойған алаш оқығандарының бірі С.Сәдуақасұлын атап өтуіміз қажет. 20 жылдары Қазақстан өкіметінде ірі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген ірі қоғам қайраткері С.Сәдуақасұлы қазақ жастарының тұңғыш ұйымы «Бірлік» пен оның бағытын дәйекті түрде жалғастырған «Жас азаматка» жетекшілік жасап, Кенестік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросында, Қазақ автономиялы республикасының Жастар одағында, Қазақ ОАК-і президумында, Бүкілресейлік ОАК-інде, Қазақ ОАК-нің Түркістан автономиялы республикасы өкілдегінде, Халық Ағарту комиссариатында жауапты және басшылық қызметтер атқарады. Орта Азия Мемлекеттік университетінде табиғаттану, жаратылыстану, физика пәндерінен дәріс бере жүріп, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Ағарту институтын ашуға күш салады. Орта Азия Мемлекеттік университетімен байланысты тұлғалардың бірі ұлы ойшыл, қоғам қайтаркері, Алаш зиялысы болған қазақ әдебиетінің классигі Мұқтар Әуезов еді.

Ол Р.Диваев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және тағы басқа көрнекті қайраткерлердің қолдауымен Ленинград университетінің әдеби-лингвистикалық бөліміне оқуға түседі. Сол кездегі құжаттар деректеріне қарасақ М.Әуезовті университетке қызметке алудан бұрын, оның бұған дейінгі тіршілігі мұқият тексеруден өткізілгеніне көз жеткіземіз. Университет ректоры,



профессор Б.Гордецкий 1929 жылдың 21 ақпанында БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекинге мынандай мазмұндама хат жолдайды: «Әуезов жолдас қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Оның оқулықтары қазақ мектептеріне қабылданды. Біздегі қазақ әдебиеті секторына маман жетіспейді. Сондықтан жолдас Әуезовты қабылдаудың университет үшін маңызы зор. Оның кандидатурасын қарастыра отырып анықтағанмыз, ол бұрын партияда болған екен. Бірақ, оның сөзіне қарағанда, белгілі себептермен шығып қалғанға ұқсайды. Сізден сұрайтынымыз жауабын тезірек жіберсеңіздер екен. Өйткені, мұның бәрі университеттің шығыс факультеті жанындағы қазақ әдебиет секторын ұйымдастыруға байланысты болып отыр». БК(б)П қазақ өлкелік комитеті бөлім бастығының орыбасары Мартыненконың жауап хатында М.Әуезовтың шынында да коммунистік партияның қатарында болғаны, партия мүшелігіне өткенге дейін Алаш Орда ұйымында болғаны, содан қалыпты жағдайда байшыл, ұлтшылдық бағыт ұстанғаны, кейінгі уақытта көзқарасының өзгергені туралы жайлар айтылады. Мұндай куәлік және қазақ әдебиеті мамандарының тапшылығына байланысты қазақ өлкелік комитетіне осындай мәлімдеме жасауына мәжбүр етеді. Бұл құжаттар М.Әуезовке рухани бостандық пен шығармашылық еркіндікке қол жеткізуіне оңай соқпаған тәрізді. Түркістан республикасында 20-жылдардың басында Орта Азия мемлекеттік университетімен қатар, арнайы ұлттық ағарту институттары құрылады. Яғни, Түркістан басшылығы уақыт талабына сәйкес, 20-жылдардың басында-ақ республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрларын дайындауға арналған ірі педагогикалық оқу орындарын ұйымдастыру мәселесіне баса назар аударуға кіріседі. Оқу орны басшыларының бастамасымен және үкіметтік мекемелердің қолдауымен оқытушылар құрамын толықтыру үнемі басты назарда болған. Атап көрсетсек, Қазақ ағарту институтына 1921 жылдың ортасын қарай 57 штаттық бірлік болса, олардың арасында 22 пән мұғалімдері құраған. Сонымен қатар шығармашылық элитаның көрнекті өкілі, алашшыл ақын М.Жұмабаевтың Орынборды тастап Ташкентке орнығуына осы шақыру негіз болған. Осындай шақырумен әр кезеңдерде Орынбордан А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Ф.Ғалымжанов, А.Байсейітов, Д.Сәрсенов, А.Байтасовтар да Ташкенттегі Ағарту институтының оқытушысы болып қызмет істеді және қаладағы саяси-мәдени жұмыстарға белсене араласты. Осы жерде Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының қызметіне қатысты есімі жиі аталатын 1923 жылы А.Байтасов ана тілінен, З.Иманжанов математикадан, М.Қасымова ана тілінен, Г.Байғорина орыс тілінен, Досмұхамедов жаратылыстану пәнінен және инженер Тынышпаев сабақ берген. М.Әуезов те Қазақ ағарту институтында қазақ және орыс әдебиетінен дәріс оқыған. Жоғары білікті мамандарды дайындауды мақсат еткен Қазақ ағарту институты 1920 жылы 1 қазанда ашылды. Оқу орны қаржы отын-су, киім-кешек, азық-түлік тапшылығынан және оқытушы мамандардың жетіспеуінен өз жұмысын бір ай кешігіп бастайды. Оған мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат өте аз болды. Олар институт қалыпты жағдайда өмір сүру қажет болатын керекті қаражатты жаба алмады. Сондықтан педагогикалық ұжым халықтан



көмек сұрауға шешім қабылдайды. Мысалы, қазақ халқы арасында кеңінен танымал М.Тынышпаев Шымкент және Әулиеата уездеріне Халықтан жиналатын қаржы және оның мөлшерін анықтау мәселесімен жіберіледі.

Институтты ұйымдастырушылардың бірі ретінде М.Тынышпаев оқу орнын қолдау мақсатында ел арасынан қаржылай көмек ұйымдастырып, қызмет бабымен өлке аудандарына іссапарға шыққанда қазақ жастарын білім алуға жинаған. Сондай-ақ ол өзінің жұмысбасты болғанына қарамастан оқу орнында дәріс беруін тоқтатпаған. Ол институт басшылығына тәңертеңгі 8-9 сағат аралығында, түстен кейін сағат 16-дан оқу орнына сабақ жүргізуге мүмкіндігі болатындығын айтып хат жазған. Бұл құжат М.Тынышпаевтың ұлт мүддесі жолындағы жан қиярлық қызметінің бір ғана көрінісі еді. Ұлт мүддесі жолындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің мұндай жанқиярлық еңбектері көптеп кездеседі. Осындай іссапарларға институттың басқа да оқытушылары Сырдария және Жетісу облыстарының әр түрлі аудандарына жіберілді. Бірақ, ол кезде қазақ халқының басым бөлігі кедейшілікте өмір сүрді. Сондықтан жиналған қаржы көлемі де мардымсыз болды.

## **§2. Түркістандағы Алаш зиялыларының ғылым саласына қосқан үлесі және Қазақ ғылыми комиссиясы**

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттік басқару және ғылыми кадрларды ұйымдастыру ісін Түрревком, кейін ТАКСР Халық ағарту комиссариаты жүзеге асырғанымен республикада ғылымның дамуы белгілі дәрежеде қиындықтарға да тап болды. Ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасы баяу қалыптасты. Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтардың болмауы жинақталған ғылыми мәліметтерді өңдеуге қиындық туғызды. Кейде ғылыми кадрлар тиімді пайдаланбады. Түрлі тақырыптарды орындауға санаулы ғана ғалымдар тартылды, соның нәтижесінде жұмыс жоспарлары орындалмады немесе жылдан-жылға шегеріліп отырды. Осындай қиыншылықтарға байланысты Өлкелік партия комитеті 1919 жылы 23 маусымдағы мәжілісінде Т.Рысқұловтың ұсынысы бойынша Алаш зиялыларын мемлекеттік басқару мен ғылыми жұмыстарға тарту мәселесін карап, оларды арнайы қызметке шақыруға және оларды өлкелік Мұсылман Бюросына келіп тіркелуін талап еткен арнайы бұйрық шығарады. 1919 жылы 23 шілдеде Түрікатком төралқасы Т.Рысқұлов дайындаған өзінің №213-ші бұйрығымен республиканың барлық жергілікті кеңес ұйымдарына орталықта да, жергілікті жерлерде де Алаш зиялы өкілдерінен маман қызметкерлер дайындап, оларды партия, кеңес және ғылыми мекемелердегі қызметке жоспарлы түрде қатынастыру үшін олардың тізімін екі аптаның ішінде жасап, тапсыруын міндеттейді. Сөйтіп, Т.Рысқұлов басқарған Мұсбюросы осы бағыттағы барлық жұмыстарды үйлестіруші болып табылады. Жалпы алғанда, XX ғасырдың 20-жылдарында Түркістан өлкесіндегі саяси жағдай өте күрделі қайшылықтарға толы кезең болғанына қарамастан



Т.Рысқұловтың саяси қайраткерлік және шығармашылық қызметі жандана түсті. Академик Манаш Қозыбаев аз ғана уақыт аралығында қазақ зиялы қауым ішінен ерекше қасиетімен көзге түскен Т.Рысқұловқа былай деп баға берген еді: «Егер ғасыр басында реформаторлық ұрпақтың бірден-бір танылған көсемі Әлихан Бөкейханов болса, ал кеңестік кезеңде дәстүр жалғастығын Т.Рысқұлов ұстады. Ол Ресейдің екі төңкерісін, қазақ халқының өзіндік төңкерісі 1916 жылды басынан өткізіп, күрес жолының ауыр тауқыметін бастан кешірді». Т.Рысқұлов Қазақстанды зерттеу қоғамына қатысты мәселелерге аса зер салып отырып, қоғамға қаржы бөлінуді қадағалап, оның еңбектерінің баспадан дер кезінде жарық көруіне септігін тигізді. Оның бастамасымен Түркістандағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өзгерістер жүзеге асырылды. 1922 жылы Т.Рысқұлов басқарған Түркістан үкіметі өзінің қаулысымен шығыс комиссиясының құрылуын заңдастырады және оның алдына «Түркістанмен шекаралас Орта Азия елдерін, яғни, Бұхараны, Хиуаны, Парсыны, Батыс Қытайды, Ауғанстанды, Үндістанды және олардың біріккен саяси және экономикалық жағдайларын анықтайтын әлеуметтік, шаруашылық, мәдени-тұрмыстық, ұлттық салалары бойынша зерттеу» міндетін қояды.

1921 жылдың бас кезінде құрылған үш ұлттық ғылыми комиссиялардың (өзбек, қазақ, түркмен) және үш арнайы ғылыми комиссиялардың (ғылыми-педагогикалық, театр-көркемдік, музыка-этнографиялық) алқаларынан жасақталды. 1921 жылы қазанда Қазақ Ғылым комиссиясының төрағасы болып Х.Досмұхамедов, комиссия мүшелігіне Ә.Диваев, У.Танашев және Омаров тағайындалады. Х.Досмұхамедовке зор жауапкершілік артылып, жұмысты жандандырып, жолға қою тапсырылады. Қазақ Ғылым комиссиясы мектеп кітаптарын даярлауға басты назарын аударып, 1921 жылы 30 шілдеде Қазақ ғылыми комиссиясы И.Тоқтыбаевтың «Жағрафия» атты оқулығын қарап, оны баспадан ешқандай кезексіз 50000 мың данамен шығару туралы қаулы қабылдайды. Сонымен қатар, Қазақ Ғылым комиссиясының 1921-1922 жылдары атқарған еңбегіне назар аударсақ, онда мектеп кітаптарын дайындаудағы жеткен табыстарын аңғаруға болады: «1921 жылы 50000 данамен «Үлкендерге арналған әліппе», 1920 жылы 10000, 1922 жылы 3500 данамен А.Байтұрсыновтың «Қазақ тілінің грамматикасы», 1922 жылы 50000 данамен М.Дулатовтың «І сатылы мектепке арналған тапсырмалар», 1922 жылы 40000 данамен «Әліппе» оқу құралы, 1922 жылы 7500 данамен А.Байтұрсыновтың «Маймыл және көзілдірік» атты кітабы, 1922 жылы Диваевтың «7 дастан қолжазбасын (Қобыланды батыр, Жарық ұлы Шор, Бекет батыр, Алпамыс батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Едіге мырза)» шығарып, М.Дулатовтың «Тапсырмалар» атты оқу құралы, Тоқтыбаевтың «Бастауыш жағрафиясы» мен «Түркістанның жағрафиясы», Досмұхамедовтың «Өлі табиғат» атты оқулығы мен «Зоологиясы» жарыққа шығару үшін баспаға жіберіліп, Х.Досмұхамедовтың «Анатомия мен физиологиясы», Диваевтың «Халық ауыз әдебиетінің Хрестоматиясы», Қожановтың «Арифметикасы» баспаға дайындалған. Мұғалімдерге арналып, 1921 жылы 10000 данамен Байтұрсыновтың «Ана тілінен әдістемелік жазба», 1921 жылы 10000 данамен



«Тұтас еңбек мектебінің бағдарламасы», Ф.Ғалымжановтың «Қабырға күнтізбесі» жарық көрген». Бұдан басқа, 1920 жылы қазанда РСФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылғаннан кейін, 1921 жылы Семейде Мемлекеттік баспа жанына жаңа оқу құралдарын басып шығару үшін жеке редакциялық алқа құрылды. Оларды жазуға ағарту институтының М.Жұмабаев (Қазақстан тарихы, Педагогика), Ж.Аймауытов (Дидактика), Б.Омарова (Алгебра) және т.б. оқытушылары тартылды. Осылардың барлығы Қырғыз Ағарту институты кітапхана қорының қазақ тіліндегі қажетті оқу әдебиеттерімен толықтырылуына мүмкіндік берді. «Қазақ ғалымдары дайындаған оқулықтарының саны өзбектерге карағанда аздау болғанымен, бірақ сапасы жағынан өте жоғары еді. Өйткені, қазақтардың арасында әдебиет қызметкерлерінің саны көпшілікті құрады. Ал, қазақ тілінде шығатын оқулықтарының аз шығып жатқанының себебі қаражат пен баспахананың жоқтығынан. Егерде осы мәселені шеше алса, онда қазақ тілінде шығатын оқулықтар бәрінен де асып түседі», - делінді Қазақ ғылым комиссиясының берген есебінде. Сонымен қатар, Ғылым комиссиясы мәдени-рухани өмірдегі жаңалықтарды насихаттауға, қазақ әндерін нотаға түсіруге, мектепте оқылатын пәндердің бағдарламаларын, қазақ тіліндегі тұңғыш жағрапиялық карталар, қазақша-орысша сөздіктер жасауға, әр түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастыруға бастамашы болды. Мысалы, Қазақ ғылыми комиссиясының жасаған бағдарламасы бойынша Сарыбаевтың төрағалық етуімен студенттердің экскурсиясы ұйымдастырылады. 2,5 айы бойы студенттер Әулие-Ата, Перовск, Шымкент, Түркістан, Қазалы уездерінен әдеби және этнографиялық материалдар жинастырады. Өз халқының фольклорлы-этнографиялық материалдарын жинақтау жұмыстарын жүргізген қазақ комиссиясы басқа ғылыми комиссиялармен салыстырғанда жақсы жағдайда қызмет атқарды. Оның құрамында атақты этнограф және фольклоршы А.А.Диваев бар еді, одан комиссия 40-жыл бойы жинақтаған материалдардың бағалы коллекциясын алды. Коллекцияның мазмұнын аңыздар, ертегілер, мақалдар, өлеңдер, сықақтар, үйлену және жерлеу рәсімдері, аурулардың сипаттамалары мен оларды емдеу тәсілдері, дуалау, жұмбақтар және т.б. құрады. Бұл комиссияның жұмысына университет студенті – қазақтың болашақ атақты жазушысы М.А.Әуезов тартылды. Ол акын Абайдың өмірбаяны мен оның жарық көрмеген қолжазбалары үшін материал жинауға Қазақ республикасының Жетісу губерниясына жіберілді.

Сонымен қатар, Ғылым комиссиясының төрағасы ретінде Х.Досмұхамедов мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалаы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын иесі еді. Ол саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, әдебиетші, табиғаттанушы, тілтанушы ғалым, аудармашы болды. Х.Досмұхамедов қазақ мектептерінде және жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жасау, оқулықтар, кітаптар, ғылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, бастыру жұмыстарын белсенді түрде жүргізе бастайды. Осы кезде оның ұйымдастырушылық және ғылыми-шығармашылық қабілеті жан-жақты



ашылып, жарқырай түскен кез еді. Х.Досмұхамедовтың тікелей атсалысуымен Орта Азиялық мемлекеттік баспаға бірнеше оқулықтар тапсырылады. Олардың ішінде «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края», «Табиғаттану», «Жануарлар», «Кенесары-Наурызбай», «Қазақтың халық әдебиеті» «Адамның тән тірлігі», «Қазақ тіліндегі үндестік заңы», «Адам анатомиясы және физиологиясы» және тағы басқа да оқу құралдары мен ғылыми-көпшілік еңбектері Х.Досмұхамедұлының қазақ ғылымындағы орнын айқындай түседі. Сол жылдары ТАКСР Денсаулық Сақтау Халық Комиссариатында жұмыс істеген тізімдегі 43 адамның арасында жалғыз қазақ Х.Досмұхамедұлы болған. Х.Досмұхамедұлы жоғарыда тоқталып өткен мемлекеттік және қоғамдық қызметтермен қатар, оба дертіне қарсы күресте Орталық Комиссиясының төрағасы қызметін қоса атқарады. Сонымен қатар, оба дертімен күрес жөнінде бірнеше еңбектерін жазады. 1924 жылы Ташкент қаласында екінші басылымнан жарық көрген «Қырғыз өлкесі халқының арасында обамен қалай күресуге болады» атты еңбегі оба дертімен күресетін дәрігерлерге үлкен көмегін тигізеді.

1924 жылы 5 қарашада Х.Досмұхамедұлы: «Ресей Ғылым Академиясы жанындағы Орталық Өлкетану Бюросының Президиумына корреспондент-мүше болып сайланады». Бұл үлкен жетістік еді, Халелді бүкіл Кеңестер Одағының ғалымдары таныды. 1921 жылы 12 тамызда Түркістан Орталық Аткару комитетінің жанынан Түркістандағы революциялық қозғалыстың тарихын зерттейтін комиссия құрылады. Бұл комиссия мұрағат істері Орталық басқармасының тарих-революциялық секциясында тарихи құжаттарды жинау жөнінде үлкен жұмыстар атқарады. 1920-1924 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы еңбектердің жеті басылымын шығарды, қоғам мүшелерінің саны 38-ден 80 адамға өсті. Осы қызметінің арқасында М.Дулатовтың, А.Ф.Рязановтың, М.Тынышпаевтың, А.П.Чулошниковтың әлі күнге дейін өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпаған ғылыми еңбектері жарияланды. 1925 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді араласуымен А.В.Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» атты кітабы халықаралық деңгейде марапатталды.

Қазақ ғылым комиссиясының атқарған жұмыстарын 1923 жылдың үш айға берілген есебінен көруге болады. Онда былай делінеді: «1923 жылы Қазақ ғылым комиссиясы 20 кітапты редакциядан өткізіп, қазақ кітапханасын ашты және ғылым мен мәдени-ағарту саласы бойынша бірлесіп қызмет атқару мақсатында Қазақ Автономиялық Республикасымен байланыс орнатылды. Комиссия 1924 жылға мына іс-шараларды орындауды жоспарлаған: 1. Арифметика 1-2 бөлімі, Арифметиканың әдістемесі (жауаптылар Дәулетбеков, Баймаханов), 2. Бастауыш жағрафиясы, КСРО жағрафиясы, Еуропа жағрафиясы, Еуропа емес елдердің жағрафиясы (Байтасов), 3. Бастауыш ботаника (Исхаков), 4. Еңбек мектебінің бағдарламасы (Сәрсенов), 5. Мұғалімдерге арналған бағдарлама, орыстарға арналған қазақ тілі, орфографияның әдістемесі (Сарыбаев), 6. Сингормонизм заңы (Досмұхамедов). Сонымен қатар, Қазақ ғылым комиссиясының күш салуымен 1924 жылы Москвада А.Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» атты кітабы шығады.



Оған алғысөзді А.Н.Бөкейханов пен профессор А.Д.Костельский жазады. Бұл еңбекке қазақтардың 1500-ге жуық әні сұрыпталып алынып, оны жинауға Ж.Б.Аймауытов, И.Алдоңғаров, А.Байтұрсынов, М.Жылқыбайдаров, А.Қостанов, Г.Медетов, М.Саматов, С.Сейфуллин, А.Оразбаева және тағы басқа да 300 адам қатысқан. Жинаққа әндермен қатар домбыра және қобызға арналған күйлер: «Ақсақ құлан», «Әжеші хан», «Бөгде», «Көне күй», «Абылай ханның сапары», «Аңшылық», Соқыр Есжан», «Қос алқа» және т.б. өнер туындылары қосылған. Жоғарыда көрсетілген жұмыстардан басқа Қазақ ғылым комиссиясы Қазақ ағарту институтымен бірлесе отырып, 1923 жылы шілдеде Қазақ ағарту институтының студенттер тобын Москва қаласында өткізілген Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қазақтардың тұрмысы мен этнографиясының жәдігерлерін таныстыруға жібереді. Олардың арасында әнші ретінде институт тыңдаушысы Құрманбек Жандарбеков пен оқытушы Мағжан Жұмабаев болды. Көрмеге Қазақ ағарту институты мен Қазақ ғылыми комиссиясы әр түрлі құжаттар, кітаптар, материалдар жинағын секілді барлығы 100-дей жәдігер апарды. Оның ішінде Темірдің Түркістан Әзірет Яссауи мешітіне берген грамотасы, Иса Тоқтыбаевтың «Түркістанның географиялық очеркі», Т.Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» кітаптары және т.б. болды. Жалпы алғанда қазақ зиялылары Түркістандағы ғылымды дамытуда ерекше рөл атқарды және алғаш рет қазақ ғылымының негізін қалады. Мәселен, 1920 жылы Ташкентке келіп, ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейін Міржақып Дулатовтың шығармашылығында аса бір жемісті уақыт басталды. Атап айтқанда, 1922 жылы ол екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» өңдеп, Ташкент қаласында бастырып шағарады. 1920 жылы Ташкентке келген М.Дулатов «Балқия» атты төрт перделі пьеса жазады. Сол кездегі зор табысқа ие болған бұл шығарманы қазақ-кеңес театрының алғашқы репертуарлық бастауларының бірі десе де болғандай еді. 1920-1924 жылдар аралығында газеттерде жарияланған М.Дулатовтың мақалаларында халықтар бірлігін қорғай отырып, қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен мәдениетін сақтау және қазақтарға толық еркіндік пен теңдік беру сияқты мәселелерді көтеріп отырды.

Әдебиеттану және тіл бөлімінің қалыптасуына ірі үлесті А.Байтұрсынұлы қосты. Осы жылы (1920 жылы) Халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынов ағарту саласының нақты міндеттерін атап, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А.Байтұрсынов алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін баса көрсетіп, оның екі жолын көрсетіп берді. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау болса, екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ, сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру мәселесін де көтерді. Оның «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы болып табылады. Бұл еңбек әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Сондай-ақ, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соңынан із салған жанашыл ағартушы



болды. А.Байтұрсыновтың әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа нұсқасын жазды. Ол жазған мектеп оқулықтары 1927-1928 жылдарға дейін мектептерде пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А.Байтұрсыновтың «Әліпбиімен» ашып, ана тілін оның «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді. А.Байтұрсынов араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924 жылы), Түрікстанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926 жыл), араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеуге тырысты.

Ағартушы-ғалым әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиет үлгілерін жинастырып, кітап ретінде шығарды. Оған «Ер сайын» жыры (1923 жыл) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926 жыл) жатқызамыз. А.Байтұрсыновтың әдебиеттанушылық тұжырыдамасы жас ғалым М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы» монографиясында әрі қарай дамытылды. Сонымен қатар М.Әуезовтың «Қилы заман» және «Қараш-қараш оқиғасы» атты еңбектері дүниеге келді. 20-шы жылдары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов педагогика және психология бойынша терең де мазмұнды жұмыстар мен зерттеулер жариялады. Қазақстандағы аграрлық экономикадағы қайта құрулар және салдары туралы ғалым экономист Телжан Шонановтың «Қазақ жер мәселесінің тарихы» монографиясы жарық көрді. Саналы ғұмырын халқының игілігіне адал қызмет етуге арнаған ірі тұлғалардың бірі – Мұхаметжан Тынышбаев болды. Ол қазақ даласында орын алған далалық өркениет пен қалалық тұрмыс-тіршіліктің, мал шаруашылығы мен егіншілік мәдениеттің ара қатынасын зерттеу объектісі ете білді. Осының нәтижесінде туындаған еңбектері инженер Мұхаметжан Тынышбаевты әрі тарихшы, әрі өлкетанушы ретінде көрсетеді. Өз өлкесін зерттеу барысында оның тарихи дүниетанымы қалыптасады, шынайы тұжырымдар жасайды.

XX ғасырдың басындағы үш революция тудырған аласапыран кезеңнің ауырталығына қарамастан, М.Тынышбаев 20-жылдары жүйелі түрде тарихи-зерттеушілік жұмыстар жүргізді. Ол 1920 жылы Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамын құрушылардың бірі болып, «Сана» журналының шығуына атсалысты. Осы журнал бетінде қазақ халқының қамын жеген, мүддесін көздеген зиялы қауымның шығармашылық еңбектері жарық көре бастайды. Солардың қатарында 1923 жылы М.Тынышбаевтың «Түрік-Моңғол тарихы» деген еңбегі жарық көреді. Онда XII ғасырдағы монғол шапқыншылығына дейінгі қазақ тайпаларының географиялық орналасуы, құрылымы, өзіне тән қоғамдық-діни мәдени дамуы туралы тың мәліметтер келтірді. Ғалымның қаламынан «Қазақ-қырғыз тарихына материалдар», «Көксу үйіндісі және Қойлық қаласы», «Қызылөзен үйіндісі және Баласағұн қаласы» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде Қазақстанның Жетісу өлкесіндегі орта ғасырларда мәдениеттің



ошағы болып, Жүсіп Баласағұн сияқты ойшылар еңбек еткен, монгол, жоңғар тапқышылығын беткеңсінілде үйіндіге арнаптан Қойлық, Қызылөзен, Баласағұн, Ілсбалық сияқты қалалардың тарихтағы оны бағидалады. М.Тынышбаев осы кезінде тарихшы-ғалым бетінде өзіндік зерттеу жолына не болды. Сонымен қатар, оған сол заманда өзмен қатар өмір сүрген ғалым-зерттеушілер де өз ықпалдарын тигізді. Қазақ халқының тарихына байланысты өз замандастары жарияланған еңбектерге ол дер кезінде пікір айттып отырды. 1925-1926 жылдары А.П.Чулошниковтың «Қазақ-қырғыз тарихының очерктері» атты еңбегіне оның сын ескертпесі жарық көрді.

Осы еңбекте қазақ халқы тарихының көп жағдайда бұрмаланған берілгендігіне төзе алмаған ол нақты деректер негізінде еңбектің кемшіліктерін көрсетті. Міне, сондықтан М.Тынышбаевтың бұл тарихи еңбектері қазақ тарихына деген қатынасын айқын білдірген, тарихтың керек екендігін халыққа жеткізе білген, ұлт тарихының кейбір күрделі мәселелері мен тарихнама туралы күндіз пікірлер айтқан ғалым туындылар болып табылады. М.Тынышбаев Орыс Географиялық қоғамының Жетісу бөлімшесінің мүшесі, Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінің мүшесі және 1920 жылғы Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі болды. Қазақ тарихының білімі М.Тынышбаевтың көзқарастары мен еңбектері жалпы қазақтың, оның мәдениеті мен тарихының дамуына елеулі үлес қосты. Ол қазақ халқының шығу тегін анықтау үшін оған қатысты деректерді ұзақ жылдар бойы жинақтады да, оны кейінірек қазақ шежіресін жазуға негіз етті және оның ізденістері Қазақстанды зерттеу қоғамының «Еңбектерінің» жарияланатын Түркістандағы ғылымның дамуына басқа ғалымдармен бірге С.Асфендияров та атсалысады. Ол өлкеде ғылыми және оқытушылық қызмет атқара жүріп, Түркістан АКСР-інде басшы партия, кеңес органдарында жұмыс істеп, Денсаулық сақтау халық комиссариатын басқарады және ғылым саласына елеулі үлес қосты. Ол Қазақстан тарихын дайындауға зор еңбек сінірдеп, Қазақстан тарихының көне дәуірінен 1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі аралығын қамтыған тұңғыш монографиясы мен басқа да онта тарта оқулықтары және жүзге жуық мақалалары оның ғылым саласында жоғары деңгейдегі және қотерілгенін көрсетеді. Ол Орта Азия Мемлекеттік университетінде басшылық қызмет атқарғанда факультеттер мен кафедраларды басқаруда суропалықтардың жергілікті ұлт өкілдерімен айналыса бөлісетіндік танытады. Өзінің ғылымның дамуында Көшкө Кеменгерұлы батыл түрде белгілі ғалымдармен ашық, жеңіл пікірталастарға түскен. Мәселен, 1929 жылы мамыр айында болған орфография арнаған конференцияда жана орфография мен термин жасау принциптері жөнінде К.Кеменгерұлы Е.Омаров және К.Жұбановтармен бірге орысқа пікір білдіріп, Юдахин, Поливанов және Шмидт тараптан талымдармен айтылған. Көшкө осы жоғары оқу орнында жүріп, қазақ тілі ғылымының мәселелері туралы бірқатар зерттеу еңбектерін жазды. Соның бірі 1927 жылы Г.В.Архангельскийдің құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген



«Қазақ тілінің грамматикасы» еді. Сондай-ақ, оның «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Егін салу турасында» деген зерттеулері қазақ ғылымында өзіне лайықты орнын алды. Түркістандағы ғылымның өрлеуіне жол ашқан Т.Жүргенов болды. 1924 жылы Жүргенов өзінің «Орта Азия республикасында тұратын қазақтардың хал-жағдайы» атты тарихи-демографиялық очерктерін жариялап, Орта Азиядағы қазақтардың тұрмыс-күйі мен мәдениетіне қатысты мәселелерді анықтауға арнайды. 1927 жылы ол университетті үздік бітірген соң, оның Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандыстыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н.Филатовтың алғыссөзімен жеке кітап болып басылып шығады. Сондай-ақ, өзі де мемлекеттік құқық пәні бойынша университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университетте оқып жүріп-ақ Т.Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Мемлекеттік жауапты жұмыстарда жүргенде де ғылыми қызметке қайта оралуды ойынан шығарған емес. 1928 жылы ол Қазақстанның алғашқы оқу орындарының студенттеріне арнап Михайловскийдің «Саяси экономия» деп аталатын оқулығын қазақшаға аударады. Аударманың сәтті шыққаны соншалықты, бұл оқулықты қазақ студенттерінің кең аудиториясы, ғылыми және творчестволық интелгенция өкілдері ондаған жылдар бойы үздіксіз пайдаланады.

Сонымен қатар, Жүргенов Орта Азия Мемлекеттік университетінде жүріп өзінің аудармалары, мақалалары және кітапшалары арқылы қазақтың әдеби тілін дамытуға, ғылыми терминология жасауға көп үлес қосып, аударма ісінің практикасы мен теориясын байытта түсуге септігін тигізді. Сонымен қатар С.Сәдуақасұлының көзі тірісінде жарық көрген алты кітапшасы белгілі. Оның ішінде «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» атты еңбегі сол кездегі Қазақстандағы халық ағарту ісіне жан-жақты баға берілген. Орта Азия Мемлекеттік университетінде табиғаттану, жарағылыстану, физика пәндерінен дәріс бере жүріп, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Ағарту институтын ашуға күш салады. Жалпы алғанда бұл кездегі ғылымның дамуының негізгі ерекшеліктеріне ғылымның гуманитарлық циклының – педагогиканың, тіл танудың, этнографияның, тарихтың, археологияның дамуы жатқызылады. Бұл жағдай кезек күттірмейтін мәселелерді, біріншіден халыққа білім беруді, екіншіден ұлттық өзін-өзі анықтауды шешу қажеттігіне де байланысты дамыды. Сондықтан әлеуметтік ғылымдар арқылы қоғамдық қатынастар мен қоғамдық санада қайта құруларды аз уақыт ішінде жүргізу мүмкін болды.

### **§3. Түркістан Республикасындағы қазақ баспасөзі мен мәдени-ағарту саласын дамытудағы Алаш зиялыларының орны**

Түркістандағы Алаш зиялыларының саяси және ағартушылық қызметі баспасөзден өз жалғасын тауып отырды. Олар қоғамда болып жатқан саяси және мәдени оқиғаларды жіті бақылап, оған өздерінің ой-пікірлерін білдіріп,



жан-жақты талдауларын жүргізді. Өкімет басына келген большевиктер партиясының стратегиялық жоспарына сәйкес, Ресейде жеңіске жеткен социалистік төңкеріс болашақта дүниежүзілік төңкеріске ұласуы керек еді. Ал, ескі Ресей империясының отарлы аймағы ретінде Түркістан өлкесінің бұл жолмен жүруі сөзсіз міндетті саналды. Міне, осы социалистік төңкерістің жолында мындаған адамдар құрбан болып, Түркістан сияқты өлкеге адам айтқысыз таптық зорлық-зомбылықты ала келгені сөзсіз. Осыған байланысты Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанов және тағы басқа да қазақ зиялылары мен қайраткерлері большевиктердің өзара дүрдараз берекесіздіктеріне төзімсіздік пен жиіркеніш сезіммен карап, жұртшылыққа большевиктердің жасаған қылмыстарын баспасөз беттерінде, соның ішінде «Бірлік туы» газетінде дәлелдеуге тырысты. 1917 жылдың тамызынан 1918 жылдың сәуіріне дейін 29 саны жарық көрген «Бірлік туы» газетіне М.Шоқай, С.Қожанов, Қ.Болғанбаевтар басшылық жасады. «Бірлік туының» бастапқы екі нөміріне – М.Шоқайұлы, мұнан кейінгі он төрт санына – Х.Болғанбайұлы, он алтыншы санына соңғы нөмірлеріне дейін – С.Қожанұлы редакторлық жасаған. Газетке М.Шоқайұлы, Х.Болғанбайұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, А.Мәметұлы, Н.Кұлжанұлы, Ш.Сарыбайұлы, Қ.Күлетұлы, Ж.Басығараұлы, Е.Шәрменұлы, Б.Майлыұлы сынды арыстар атсалысқан.

Жалпы алғанда «Бірлік туы» газетінің ұстанған бағыт-бағдары туралы мәліметті Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінен» кездестіруге болады. Онда былай делінген еді: «Бұл газеттер, «Тіршіліктен» басқасының бәрі, бір бетте болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отыратын болды. «Қазақтың» басындағылар Қазақстанның әр жеріндегі ниеттес адамдарына нұсқау беріп, хат жазып жағты. Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл болды. Ұлтшыл болған соң, әрине, байшыл болды. Бәрінің ортақ туы «Қазақ» газеті болды». «Бірлік туы» газетінде жарияланған мақалалардың сарыны «Қазақ» газетімен үндес болғанын және Алаш қайраткерлерінің көрсеткен бағытымен жүргенін мына дерек те растайды. «Бірлік туының» 1917 жылғы 12 қарашадағы 15-санында газетке Орынбордан жолданған Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бірімжанұлы, Ғұмарұлы, Досжанұлдарының «тілгірамы» басылған. Онда «Уақиғалар сүрені жаман. Егер біз қолымызды қусырып, кам қылмай отыра берсек, осы топырдың астында жаншылып қалатын түріміз бар. Біздің қазақ халқына қатер қалың. Соның үшін біздің жұрт осы қатерден мал-жанын қорғап қалудың қамына кірісу керек» - делініп, түркістандықтардан 5 желтоқсанда Орынборға «һәр уезден екі инабатты ақсақал һәм областной соуеттен екі зиялы адамды өкіл қылып жіберуін» өтінген. Бұл әйгілі жалпы қазақ-қырғыз сиезіне шақыру еді. Тарихи жиын өз дәрежесінде өтеді. Алайда, 1918 жылы қаңтарда Орынборды қайта большевиктер алып, ізгі максаттың бәрін тас-талқан етті. «Қазақтың» 260-саны 17 қаңтарда шықты да, мұнан соң басылуын амалсыз тоқтатты. Ал, 261-саны 23 шілдеде бір-ақ шықты. «Қазақ» 1918 жылы қыркүйек аяғында мүлде жабылды. Яғни, жеті айдай шықпай тұрды. «Бірлік туының» 1918 жылы 9 сәуірдегі 28-санында Ахмет пен



Міржақып: «Қазақты» уақытша тастап отырамыз. Тірі болсақ, алаш қызметінен беш уақыт бас тартпаймыз» - деп жазды. Яғни, осы деректерге назар сала отырып, газеттің Қоқан автономиясын, кейін Түркістан автономиясын да қолдап, түрік мұсылмандарының тұтастығы үшін күрескендігін көреміз. Сонымен қатар, бұл газет большевизмге қарсы шығу арқылы Алаш идеясын қабылдап, жалпы қазақ сиезінің шешімдерін орындауды мақсат еткен. Осыған байланысты 1918 жылы «Бірлік туы» газеті большевиктер тарапынан қысымға алынып, ақыры жабылады. 1918 жылы Түркістанда большевиктердің билігі баянды болғаннан кейін, Алаш зиялылары Кеңес өкіметін мойындай отырып, өздерінің баспасөздегі ағартушылық қызметін әрі қарай жалғастырып, қазақ қоғамына лайық газеттер мен журналдарын шығарады. Жалпы алғанда, өлкеде орнаған кеңестік биліктің алғашқы жылдарында қазақ тілінде мынадай ұлттық баспасөз органдары жарық көріп тұрды: 1. «Ақ жол» газеті, ТКП ОК органы, айына үш рет жарық көреді. Редакторы С.Қожанов; 2. «Шолпан» журналы, ТКП ОК бөлімінің органы, айына бір рет жарық көреді, редакторы И.Токтыбаев; 3. «Жас қайрат» ТКЖО ОК органы, айына үш рет шығады, редакторы Алянғаров; 4. «Сана» журналы, айына бір рет шығады, Мемлекеттік ғылыми кеңестік органы, редакторы Х.Досмұхамедов.

Осы баспасөздердің ішінде Түркістандағы кеңестік биліктің ресми газеті болған «Ақ жол» қазақ зиялыларының, соның ішінде алаштықтардың ағартушылық қызметін атқаруда ерекше рөл атқарады. Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы халықпен жүргізетін идеологиялық жұмыстар кешенінің бірі ретінде 1920 жылы 19 қазандағы мәжілісінде «Қырғыз газеті туралы» мәселе қарап, ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде «Ақ жол» газетін шығаруға; газеттің аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспа табақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа Сұлтанбек Қожановты, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатовты тағайындайды. Газеттің алғашқы саны 1920 жылы 7 желтоқсанда жарық көреді. Газеттің осы алғашқы санын шығарған редакция коллегиясына Иса Токтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Қоңырқожа Қожықов, Хади Илаев, Ғабит Алпаров кіріп, оның жауапты редакторлығын Иса Токтыбаев атқарған. «Ақ жол» газетінің баспасы Қазақ ағарту институтының жанында орналасады. Негізінде «Ақ жол» газетінің жарық көруіне тікелей бастамашыл болған Н.Төреқұлов еді. Ол ТКП ОК жауапты хатшысы ретінде уақыт талабына сай батыл әрекетке барады. Н.Төреқұловтың жасаған іс-әрекеті ерлікке пара-пар екенін С.Сейфуллиннің 1937 жылы Л.Мирзоянның атына жазған хатынан аңғаруға болады. Онда былай делінген: «1920 жылы Москвада өткен РСФСР Кеңестерінің VIII съезі тұсында мен бір жолдаспен Жангильдин жолдасың бөлмесіне кірген кезде, онда Рысқұлов пен Төреқұлов жолдастар отыр екен. Сол кезде Төреқұлов Түркістан АССР-нің астанасы Ташкентте қазақтардың «Ақ жол» атты газетін ұйымдастырғанын және оны Ташкентке шақыртылған белгілі жазушы Мыржақып Дулатов басқарып отырғаны жөнінде айтып мақтанды. Мен болсам оған шыдамай кетіп былай дедім: «Сенің газетінің аты ақгвардияшыл және «беделді» жазушы Дулатовта ақгвардияшыл.



Менің бұл айтқанымға Рысқұлов күлсе, Төреқұлов бозарып кетті». «Ақ жол» газеті Түркістан өлкесімен қатар Қазақ автономиясына да таралып отырған. М.Шоқайдың «Ақ жол» газетіне сілтеме жасауына қарағанда ол тіпті шетелге астыртын түрде жеткізілетін болған. Ресми түрде «Ақ жол» газетінің таралымы 12 мың болғанымен, сұранысқа сай газеттің таралымы өсіп тұрған. Мәселен, 1923 жылы 15 желтоқсан күні шыққан «Ақ жол» газетінің таралымы 21690 дананы құраған. Түркістан Орталық Атқару Комитетінің органы болған «Ақ жол» газеті сол кездегі барлық кеңестік мерзімді басылымдар сияқты «тұрғылықты халық арасында кеңестік билік шараларын ұйымдастыру, яғни Халық Комиссариаттарымен басқа да мемлекеттік мекемелердің қаулы еткен бұйрықтары мен ресми сипатты хабарламаларымен таныстырып тұру» және «ауылдағы қазақ кедейлері ішінде Кеңес өкіметінің негізгі идеяларын насихаттау» үшін шығарылған еді. Алайда, С.Қожановтың басшылық етуімен шыққан «Ақ жол» газетінде әйел, оқу, әдебиет және т.б. осы сияқты өзекті мәселелер турасында жалпыұлттық мүдде тұрғысында жазылған мақалалар авторлары, негізінен, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Б.Сүлеев, Т.Шонанов, И.Тоқтыбаев, А.Байтасов, Ж.Аймауытов сынды қазақ зиялылары болды. 1924 жылы 9-ші қазанда «Ақ жол» газетінің редакция мүшелері қазақ зиялыларымен толығырақ түседі. Атап көрсеткенде: И.Тоқтыбаев (жауапты редактор), Х.Әлиев (жауапты секретар), Б.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Илаев, З.Исаев, Ә.Бөкейханов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Өтегенов, Даулетбеков, Баймаханов болды. Сонымен Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ «Ақ жол» газеті негізінен ұлттық мүддеге қызмет етті. Қазақ зиялылары болса ұлттың мәдениетіне, тіліне, әдебиетіне байланысты мақалаларды жиі жариялап тұрды. Алайда газеттің ұстанған бұл бағыты большевиктердің Орталық Комитетіне ұнай қойған жоқ. Әсіресе, Қазақ Өлкелік комитеті мен алаш интеллигенциясы өкілері топтасқан «Ақжол» газетінің арасындағы жағдайды шиеленістіріп жіберген Сталиннің 1925 жылы 29 мамырда БКП (б) қазақ өлкелік комитеті бюро мүшелеріне газеттің бағытына қатысты жолдаған хаты болды. Хат екі бөлімнен тұрды. Оның алғашқы жартысында Сталин өзінің «Ақжол» материалдарымен танысқандығын, олардың ақгвардияшылдар басылымында жарық көрген М.Шоқайдың еңбектерімен рухани сабақтастықта екендігін, «Ақжол» сыны жай сын емес, кеңес шындығының Шоқаев сияқты оппоненттеріне көмектесетін зілі бар сын екендігін айтып, «мынадай сынға Кеңестер елінде орын болуға тиіс емес», -деп қорытады. Хаттың екінші бөлімінде Сталин партияда жоқ қазақ интеллигенттеріне партияның Қазақ Өлкелік комитетінің қатынасы қандай болу керектігіне кеңірек тоқталып: «Мен... партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдан ісіне жіберілуіне үзілді-кесілді қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарын саяси және идеологиялық тәрбиелеумен айналысуын қолдамаймын. Біз билікті жастармен саяси және идеологиялық жұмысты буржуазиялық партияда жоқ интеллигенттерге беріп қою үшін алғамыз жоқ. Боліп – жарусыз түгелімен коммунистердің үлесіне берілуіне тиіс. Ондай етпейінше Шоқаевтардың Қырғызстанда жеңуі ақиқатқа айналуы үмкін. Ал бұл



коммунизмнің Қырғызстандағы идеологиялық және саяси күйреуімен тең», - дейді. Сталиннің осы хатына байланысты сол жылы 2 наурызда РКП (б) Орталық Комитетінің Секретариаты «Қырғыз баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралары туралы мәселе қарап, қарарында «а) Киробком және жергілікті партия ұйымдары тарапынан мерзімді баспасөзді басқаруы жеткіліксіз болып отыр; б) қайсыбір мерзімді басылымдардың («Аюжол», «Сана», «Тілші») саяси бағытын анықтауда ұлтшыл партияда жоқ интеллигенцияның ықпалы бар», - деп көрсетілді. Осы талқылаудың артында большевиктер Орталық Комитетінің баспасөз бөлімі 1925 жылдың 7 сәуіріндегі Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз бөліміне, Сырдария обкомына жазған хаты келіп, газетті былайша айыптайды: «Оның бағыты, әсіресе соңғы айларда, мүлде төзуге болмайтындай болып кетті. ...партияның беделін түсіретін, жол беруге болмайтын және партияға қарсы пікірлер бас мақалаларда, фельетондарда және белдеу мақалалар да аз кездеспейді. Мұндай нәрселерге сөз жоқ жол беруге болмайды». Осы құжаттың өзі-ақ «Ақ жол» газетінің басынан ұстанған бағытының коммунистік партияның идеологиялық таптық қағидаларына қайшы болғандығын айқын етті. Сонымен қатар бұл нұсқау негізінен үш нәтижемен аяқталды: біріншіден, ұлттық мүдде ұстанған Алаш зиялыларының тобы осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметтерінен босатылды, екіншіден, сынға ұшыраған қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдардың біразы жабылды, үшіншіден, барлық дәрежедегі мерзімді басылым, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнаылды, газет-журналдар алдымен партиялық позицияны білдіруге, жүргізуге тиіс болды. Міне осындай жағдайлар Алаш зиялы қауым өкілдері мен қайраткерлерінің өте қиын уақытта өз халқының мүддесі үшін күрескенін көрсетеді. Осылайша жоғарыдан түскен нұсқауға байланысты газетке қысым көрсетілгеннен кейін оның таралымы күрт төмен түсіп кетеді. 1920-1925 жылдар аралығында қазақ халқының «Ақ жол» газетінен басқа 1923 жылы Х.Досмұхамедовтың бастамасымен ғылыми көпшілікке арналған әдеби альманах - «Сана» журналы шығады. «Сана» журналының мақсаты туралы Х.Досмұхамедұлы былай деп жазған еді: «Сана, шындығында, журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу қиын жұмыс, ұзаққа созылатын. Жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен, білім беретін уақ сөздерді жиіп, журнал ретінде шығарып тұруды ойладық». Осындай қиын істі басқара отырып, Х.Досмұхамедұлы баспасөздің көркемдік сапасына, ғылыми тереңдігіне, әдеби тартымдылығына, тақырыптың өзектілігіне, сауаттылығына көп көңіл бөлді. Осы тұрғыдан Х.Досмұхамедұлының білікті маман, баспагер, редактор және талғамы өте жоғары тұлға екенін көреміз. Алайда қаржының тапшылығы, маман қаламгерлердің аздығы тағы басқа жағдайларға байланысты «Сана» журналы 1924 жылы жабылып, небәрі он жеті-ақ саны жарық көреді. Т.Рысқұлов та Мұсбюроны басқарған кезден бастап-ақ баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына жағдай жасады. Мәселен, 1922-1923 жылдары Ташкент қаласында қазақ тілінде «Шолпан» атты журналдың шығып тұруына негіз



қалаған. Сол кезде, яғни, 1924 жылы республикада 46 газет және 22 журнал шығып тұрған. Түркістандағы мәдени-ағарту саласын дамытуда Алаш зиялыларының алғашқы кезекке оқу-білім саласындағы міндеттерді шешу мәселесін қояды. Аталған бағытта іс-шараларды жүзеге асыру үшін Түркістан үкіметі мен қазақ зиялылары ғылыми ағартушылық «Талап» қоғамын құрып, оған осы міндеттерді қолға алуды жүктейді. Осыған байланысты 1922 жылы 4 желтоқсанда Ташкент қаласында Х.Досмұхамедұлы оқыған зиялылардың басын қосып, Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің алдына «қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен» «Талап» қоғамын құру туралы мәселені қояды. Көп кешікпей қоғам құрылып, өз қызметін бастайды да, оның төрағалығын Х.Досмахамедұлы, орынбасарлыққа М.Есполов, қазынашысы болып М.Тынышбаев сайланады. М.Әуезов болса қоғамның хатшылық қызметін атқарады. Кейін осы қоғамға профессор А.Шмидт, этнограф Ә.Диваев, К.Жәленұлы, Н.Архангельский, И.Тоқтыбайұлы, студент Қ.Тыныстанұлы сынды азаматтар қабылданады. Негізінде Түркістан кеңестік автономиялық республикасы Халкомкеңесінің Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауына сүйенген «Талап» қоғамының негізін мемлекеттік биліктен шеттетілген Алаш қайраткерлері қалады. Оны бұрынғы Батыс Алашорда үкіметінің басшысы болған Халел Досмұхамедовтың ұйымның басшылық қызметін атқаруынан көруге болады. Әсіресе алаш қайраткерлері Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде ерекше орын қалдырды. 1922 жылы 13-ші желтоқсанда «Талап» қауымының бірінші жиналысы болып, басқармаға мына адамдар сайланады: Басқарманың төрағасы – Халел Досмұхамедов. Басқарманың мүшелері: профессор Александр Шмидт, Иса Тоқтыбаев, Мырзағазы Есболұлы, Мұкамеджан Тынышбайұлы, Мұқтар Әуезұлы, Қасым Тыныстанұлы. «Талаптың» жоғарыда айтқан мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырады, өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбаларды шығарып, кітапхана, оқу залын ашты. «Талап» қоғамын көздеген мақсатына толық жетпесе де, ұлт мәдениетін өркендетуге өзінің қомақты үлесін қосты және Кеңестік билік жағдайында Алаш зиялылары «Талап» қоғамының қызметі арқылы елдегі сауатсыздықты жойып, әдебиет пен тілі, ұлттың тарихын зерттеу, ұлт мәдениетін өркендетуге деңгейіне жеткізуді мақсат тұтты. Осындай шаралардың қатарында зиялылар арасында әр апта сайын тұрақты түрде әр түрлі өзекті тақырыптарды талқылаулар, дәрістер өткізілді. Мәселен, түрік-моңғол тарихы бойынша М.Тынышбаев екі рет дәріс оқыса, қазақ әдебиетінің дамуы жайында М.Әуезов, археология мәліметтеріне сүйене отырып, Түркістанды мекендеген халықтар туралы Х.Досмұхамедов, ауылдағы халық ағарту ісінің мәселелері бойынша С.Қожанов, Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметіне арнап М.Есболов, Абайдың шығармашылық мұрасына арнап М.Жұмабаев дәріс оқыды. Басқарма өлкедегі қазақтандыру ісін жолға қою үшін кітапқа байланысты зәрулікті оның қорын жинақтау мен сақтау, кітапқа көпшіліктің қолы жетерлік мүмкіндік туғызу екендігін жете түсінді. Сол үшін де Ташкент қаласында, кейін басқа қалаларда кітапханалар ашып, оларды оқу



залдарымен қамтамасыз ету қажеттігін айтып үкіметтің алдына мәселе қоя білді. Талап қоғамының ресми жарғысында қазақ әдеби тілін қалыптастыру, қазақ терминдерінің түсіндірме сөздігін жасау, қазақ тілінің орфографиясын жетілдіру және оларды баспаға дайындау, ғылым атауларын тексеру, дәстүр саттын, ұлттық өнерін, қазақ халқының тарихын-тұрмысын зерттеу, мектептегі оқыту мәселесін реттеп, жөнге салу, қазақ және қырғыз мәдениет-өнер қайраткерлеріне жәрдем беру арқылы қазақ, қырғыз халқының мәдени дамуына ықпал ету көзделген. Осы мақсатта қоғам мүшелері ғылыми конференцияларға қатысып, әртүрлі тақырыптағы пікір-таластарға араласады. Мәселен, А.Э.Шмидт, Э.А.Диваев, Х.Досмұхамедов, И.Тоқтыбаев, М.Есболов, М.Тынышпаев, М.Әуезов, Н.Архангельский, К.Жәленов, Қ.Тыныстанов сияқты қоғамның мүшелері 1922 жылы наурызда Ташкентте өткен жергілікті халықтың мәдени-ағарту қызметкерлерінің съезіне қатысып, оқу-ағарту барысына халықты сауаттандыру мәселесіне қатысты өз ұсыныстарын білдіреді. Ұйымның күш салуымен 50 дана «Үлкендерге арналған әліппе», 50 мың дана «Қазақ халқының грамматикасы» екі томдығы, 50 мың дана бірінші сатылы мектептерге арналған тапсырмалар шығады. С.Қожановтың «Есеп тану туралы» оқулығы де осы кезде жазылғаны белгілі, бірақ, белгісіз себептермен кейінірек 1924 жылы жарық көрді. Сонымен қатар, мектеп оқушылары Крыловтың мысалынан аударылған Ахмет Байтұрсыновтың түрлі түсті «Маймыл мен көзілдірік» атты еңбегін алды. Қ.Кемеңгерұлы да «Езілген ұлттар» атты деректі кітап шығарып, мектеп оқушылары үшін «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталатын сөздік, 2 кітаптан тұратын «Еуропалықтар үшін оқу құралын» жазды. Қоғамның төрағасы Х.Досмұхамедовтың өзі де Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, «Қарасай-Қази», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» сияқты кітаптардың кейбіреуіне өзі алғысөз жазып шығарады. Абай, Мағжан, Бернияз ақындардың шығармаларының баспа көруіне себепші болған. Баспагерлік қызметінің мақсатын ол «Кенесары-Наурызбай» кітабын шығарғанда «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу», -болды деп көрсетеді. Жалпы алғанда 1925 жылға дейін қазақ оқушыларына 10 оқулығы шығып, 30 мың данамен таратылған. Оқулықтар дүкендерде сатылмады және олар оқушыларға тегін берілді. Ұйымның міндеттеріне қазақ облыстарында мұражайлар мен кітапханаларға қажетті заттар мен жабдықтар жинау, түрлі тақырыптар мен бағыттар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруды іске асыру, көрмелер ұйымдастыру, кітаптар, көне ескерткіштер мен өнер туындыларын жинастыру шаралары да енді. Жарғыда кадрлар мәселесіне де баса мән берілді. Оны жүзеге асыру үшін халық ағарту саласында қажетті мамандар дайындайтын курстар ашу, ұлттық баспасөзді өркендету үшін қазақ тілін жақсы меңгерген тәржімашылар мен әріп терушілерді, журналистерді, редакторларды және тағы басқа да мамандарды дайындауды қолға алу міндеттері белгіленді. Мәселен, осыған байланысты қоғам мүшелерінің ұсынысы бойынша 1923 жылы 15 тамызда Түркістан үкіметі іс қағаздарын жергілікті тілдерге тәржімелейтін арнайы комиссия құрады. Комиссияның



құрамына Түрікаткомның, ТКП Орталық Комитетінің, «Талап» қоғамының, «Қосшы» одағының, кәсіподақтардың Еңбек және Ішкі істер халық комиссариатының өкілдері енгізілді. Сонымен қатар, осы комиссияның негізінде «Талап» қоғамы өкімет қаулылары мен жарлықтар, мекемелік және партиялық құжаттар мен әдебиеттерді бұқара халыққа қазақ тілінде жеткізу үшін аудармашылардың ерекше бюросын құрды. Бұл Бюроньн жұмысына сол кезде Х.Досмұхамедұлымен бірге Батыс Алашорданы құрған жақын досы, Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедұлы да Ташкент қаласында жұмыс істеп, Қорғаушылар алқасында қызмет атқара жүріп араласады. Жаһанша Досмұхамедұлы 1920 жылдың қыркүйегінде Бас тоқыма басқармасының жолдамасымен Түркістан Республикасы халық шаруашылығы Орталық кеңесінің жүн-жұрқа бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне тағайындалып, Ташкент қаласына жіберілген болатын. Ол бұл қызметпен қоса Түркістан Республикасы Орталық атқару комитеті қазақ бөлімінің хатшысы міндетін де атқарады. Х.Досмұхамедов басқарған «Талап» қоғамының тапсырмасымен Жаһанша қазақ тіліндегі алғашқы қылмыстық кодексті әзірлеп, қазақ халқының мәдениетін, тарихы мен салтын жастарға үйретуге қыруар жұмыстар жүргізді. Сондай-ақ, мұрағат құжаттарында ТАКСР Халық Комиссарлар кеңесінің 1922 жылғы 3 қазандағы бұйрығында ТАКСР заңын шығарып, жүйеге келтіру мақсатымен арнайы комиссия құрылады. Комиссия құрамына Ж.Досмұхамедов, Добромислов, Вишняков, Емельянов және Березин, төрағасы ретінде – Ж.Оразаев тағайындалады. Осы комиссияға заңды жергілікті тілге (қазақ) тіліне аудару және басып шығару тапсырылады. Қоғамның Жарғысында оның басқармасы Ташкент қаласында орналасқандығы, жалпы отырыстар сонда өткізілетіндігі айтылып, қоғам өз бөлімшелерін республиканың басқа жерлерінде ашуға құқылы делінді. Қоғам өзінің жұмысын 1925 жылы 21 карашада «ұлтшыл» деген айыппен тоқтатады. Оның кітапхана қоры мен қаржылары және іс қағаздары Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордадағы Қазақстан өлкетану қоғамына тапсырылады. Бұл қоғамның мүшелеріне Халық Ағарту комиссары С.Қожанов та қол ұшын беріп отырған. С.Қожанов халық ағарту комиссары қызметінде жүргенде ұлттық театрдың өркендеп дамуынан да ерекше көңіл бөлген. Ташкенттегі мемлекет театры «Коллизейде» 1921 жылы 9 қаңтарда қырғыз-қазақ оқытушылары мен оқушыларының күшімен сауық кеш ұйымдастырылады. Бұл кеште М.Дулатовтың «Балқия» пьесасы қойылады. С.Қожанов бұл жайында: «Жас балалардай көргенін қылып, ұйқасқан-ұйқаспағанына қарамай, жұрттың тұрмысына жанаспайтын оқиғалардың басын шатып, орыс пьесаларынан еліктеуге тырысатын осы күнге дейін көріп жүрген пьесалардың салтына кетпей, «Балқия» драмасы қазақ тұрмысында болуға лайық әр нәрсені көз алдымызға келтірді»– деп, әсіресе жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен таныс адамдарға әсерлі болатынын айтып, пьесаның реалистік сипатына ризашылығын білдіреді. Ол сонымен қатар осы мақалада өз ойын қорытып, мынадай нәтижені жеткізеді: «Мұнан былай басқа халық ағарту істерінің қатарында қазақша театр ісі де болуын лайық тауып, Ташкентте дейін театр



ойыншылары ұйымы ашылмақ». Түркістан Орталық Атқару Комитетінің жанынан құрылған қазақ-қырғыз бөлімі осы ата аталған М.Дулатовтың «Балқия» драмасын қаңтар айының екінші жартысында Түркістан өлкелік қазақтарының жалпы съезінде Әулиеата қаласында ойналады деп шешім қабылдады. Осы бөлімнің мүшелері С.Қожанов, Н.Төреқұлов, Г.Сафаров, С.Асфендияровтар болатын. 1924 жылы 24 қазанда институт сахнасында студенттердің орындауымен Ж.Аймауытовтың бір перделі «Рабиға» пьесасы қойылады. Бұл пьесаның тақырыбы - әйел теңсіздігі. Пьесаның оқиға желісі Рабиғаның теңдікке ұмтылу жолындағы күресінің негізінде құрылған (Ж.Аймауытовтың бұл пьесасы 1926 жылы жеке кітапша болып шығады). Осы кезде Ж.Аймауытов қазақ әйелдері жана жағдайда «қара танымауы салдарынан ... әлеумет жұмысына» қатыса алмай отырғанын айтып, әйелдерді мектепке алу және әйел мектептерін молайту мәселесін көтереді. Жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінде партиялық қағидалардың берік орнығуы қазақ зиялылары арасында идеялық күрестің шиеленісуіне соқтырады. 1923 жылы Ташкентте Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы басылып шыққан кезде, зиялылар арасында М.Жұмабаев шығармашылығы турасында карама-қайшылықты бағытта үлкен пікір талас жүргізіледі. Пікірталас, негізінен, екі жақты болды: бірі – Жұмабаевтың өлеңдері қазақ әдебиеті үшін маңызды деп бағаласа, екіншілері – ұлтшылдық рухта жазылған Жұмабаев өлеңдері кеңестік қазақ поэзиясы үшін мүлде жат деп табады. Мысалы, С.Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында С.Қожанов Кеңес өкіметіне қарсы өлең жыр жазудан тынбай келген алашордашыл акын – М.Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкентте бастырады және өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады деп айыптады. Дегенмен де, М.Жұмабаевтың өлеңдерін өз дәрежесіне қарай ғылыми тұрғыда бағалаған қазақ зиялылары да болды. Алайда, біз кезінде Кеңестік билік ұстанған «Ескіні түп-тамырымен жою» жолынан аулақ болып, әр істі тек объективті тұрғыда қарастыруымыз керек. 1937 жылы Г.Тоғжанов партия тарапынан «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» кітабын «ұлтшылдық» көзқарас тұрғысында жазды деп айыпталса, ал бүгінгі күні тарих Абайдан соңғы қазақ халқының дарынды ақындарының бірегейі – М.Жұмабаев шығармашылығы туралы жазылған Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы кеңестік авторлар көрсеткендей «көпірме мақала» емес, керісінше бұл мақала «біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну... керектігін көрсеткен, екіншіден әдебиет сынының қаншылықты биік көтерілгеніне көрсеткіш, сын тарихында белгілі бір кезең жасаған туынды» екендігін дәлелдеп көрсетті. Сонымен жоғарыда көрсетілген алаш қайраткері М.Жұмабаевтың еңбектері сол кездегі қазақ зиялыларының арасында үлкен дау тудыруы, қазақ зиялыларының екі лагерьге бөлінгенін көрсеткен еді.



## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

### **АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚУҒЫН СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ**

#### **§1. А.Байтұрсынов - Қырғыз (қазақ) Әскери төңкерістік комитетіндегі қызметінде**

1919 жылдың 24 шілдесінде А.Байтұрсынов Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкерістік комитетінің мүше болып кірген кезден бастап Кеңес үкіметі тұсындағы қызметі басталады. А.Байтұрсыновтың: «Менің идеалым қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғы шарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын», -деуі А.Байтұрсыновтың қандай жағдай туындаса да өз халқына адал қызмет жасаудан тұрғанын көрсетеді.

В.И.Лениннің нұсқауымен РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты 1919 жылдың маусымының аяғында Қазақ Өлкесін басқару мен Төңкерістік комитетінің Ережесін талқылауға арналған арнайы ведомстволық мәжілісі шақырылып, оған Қазақ Өлкесінен А.Байтұрсынов қатысады. Мәжіліске қатысушылар Қырғыз «қазақ» Өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитетін құру туралы уақытша Ережеге қажетті өзгерістерді енгізіп толықтырған соң, 1919 жылдың 10 шілдесінде құжатқа В.И.Ленин қол қояды. 1919 жылдың 24 шілдесінде А.Байтұрсынов В.И.Лениннің қабылдауында болып Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінің мүшелігіне қабылданғандығы туралы мандатын алғаннан кейін Кеңес үкіметіне адал қызмет етуге уәде береді. Жұмысқа кіріскен А.Байтұрсынов комитеттің шаруасымен В.И.Лениннің алдында 1919 жылдың 9 желтоқсанында екінші рет қабылдауында болып, Қазақ өлкесінің саяси-экономикалық жағдайын баяндайды.

1919 жылы 12 қыркүйекте Орталық Кеңес үкіметі Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінің құрамында жеті азамат болсын деп шешеді. Құрамға енген азаматтардың ішінен комитеттің төрағалығына С.Пестковскийді, оның бірінші жауапты орынбасары және ішкі істер бөлімінің менгерушісі етіп А.Байтұрсыновты сайлаған. Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінің мәжілістерінде А.Байтұрсынов баяндамалар жасайды, жарыссөздерге қатысып, ұсыныстар енгізеді, қабылданған қаулылар мен шешімдердің жобасын дайындап, жекелеген мәжіліс отырыстарында төрағалық жасағайды. А.Байтұрсыновтың Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінде жүріп атқарған сан-салалы қызметтерінің ең маңыздыларының бірі Ресей құрамында құрылуға тиісті болған Қазақ Автономдық Кеңестік республикасының шекараларын анықтауға, оның әкімшілік аймақтық құрылымын қалыптастыруға, оқу-ағарту, мерзімді баспасөз жүйесін қалыпқа келтіруге,



ұлттық демократиялық зиялылар тағдырын шешуге арналған мәселелерді талқылау ісінде қайсарлық көрсеткені белгілі. Соған байланысты ұлттық мақсат мүдделерге сай келетін қаулы-қарарлар мен заңдық мәні зор құжаттарды қабылдауда табандылық танытып отырған. Ол уақытта Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитетіне қазақ даласындағы әскери, азаматтық үкімет пен басқару ұйымдарының бәрі бағынған. Азамат соғысының нәтижесінде қазақ даласының көптеген жерлерінде аштық пен қатар сүзек ауруы кеңінен етек жайлап, өлке экономикалық жағынан дағдарысқа түсті. Осы қиын саяси жағдайда қалыптасқан Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитетінің қызметін А.Байтұрсыновтың жүргізген жұмысы екі бағыттан: саяси және ұйымдастырудан тұрды. Саяси бөлімінің негізгі бағыты - азамат соғысы кезіндегі қиыншылықтарға қарамастан уездер мен облыстарды бір орталықтан басқару жүйесін енгізіп, оны Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитетіне бағындырды, ал ұйымдастыру бөлімінің негізгі міндетіне - билік жүйесін қалыптастырып, жұмысқа жарамды жергілікті аппаратты Орынбор, Орал губком партиялары, облыстық атқару комитеті, облыстық төңкерістік комитеті мен сондай-ақ өлкенің қол астындағы ұйымдар мен қарым-қатынасты нығайтқан. Өлкеде жүріп жатқан азамат соғысы мен соның салдарынан пайда болған экономикалық құлдыраудан өлкені сақтап қалу үшін А.Байтұрсыновтың жергілікті жердегі барлық басқару ұйымдарын біріктіру іс-шарасын атқарады.

1919 жылы қазан айының аяғында Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитетінде ішкі істер басқару бөлімінің меңгерушілік қызметін қоса атқарған А.Байтұрсыновтың басшылығымен жалпы бөлім, канцелярия, хабарлама-нұсқаушылық, есеп-қисап, милиция бас басқарма бөлімі, азаматтар жағдайларының актілерін тіркеу бөлімшелері ашылып маңызды жұмыстар атқарған. А.Байтұрсынов кеңесу отырысын шақырып жергілікті кеңестер жұмысын бақылау үшін комиссия құрған. А.Байтұрсынов насихатшы-нұсқаушыларды жергілікті тұрғындарды керітартпалық пиғылдардан сақтандыру үшін іс-сапарларға жіберіп және жергілікті кеңес ұйымдарын нығайту үшін олардың іс-әдістерін кеңінен пайдаланады. Кеңес үкіметінің барлық қаулы-қарарларының орындалуын А.Байтұрсыновтың өзі қатаң қадағалаған. Бұл жөнінде Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінің хаттамалары баяндайды. Алайда А.Байтұрсыновтың Кеңес үкіметі жағына шығуын және оның Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитетінде жауапты қызметке тағайындалуын большевиктер үлкен саяси науқанға айналдырып жібереді. Большевиктер А.Байтұрсынов сынды аса ірі саясаткер қайраткердің Кеңес үкіметі жағына шығуын жоғары бағалаған және өздерінің саяси зор жеңістерінің бірі деп есептеді.

Әскери төңкерістік комитетінің кезекті отырысының бірінде Жалпықазақ съезін шақыруға байланысты халық арасында дайындық жұмысын жүргізуді А.Байтұрсыновтың басшылығымен Каралдин, және Лукашевқа тапсырылды. Қазақ халқының байырғы жерлерін республикаға біріктіру мақсатымен А.Байтұрсынов Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитеті жанынан арнайы комиссия



құрып, болашақ республиканың шекарасын анықтап белгілеумен айналысқан. Себебі сол кезеңде шекара мәселесі зор дау туғызған. Әсіресе Челябин губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін қазақ өлкесіне қайтару үшін А.Байтұрсынов пен М.Сералин тарихи дәйектермен дәлелдеп, бұл жерлердің қазақ шаруашылығына, экономикасына қаншалықты маңызды екенін айтып, 1919 жылы В.И.Лениннің атына арнайы хат жолдап қана қоймай, оны Кеңестердің Бүкілодақтық Атқару Комитетінде, РКП(б) Орталық комитетінде арнайы мәселе ретінде көтереді. Алаш зиялыларына осы мәселе бойынша Кирревкомның 1920 жылғы 16-мамырдағы қаулысы бойынша Ә.Ермековте қосылады. Ол да Қазақ өлкесінің жағдайы және оның шекарасын белгілеу жөнінде баяндама жасаса, 1920 жылдың 17-тамызында В.И.Лениннің төрағалық етуімен өткен Халық Комиссарлары Кеңесінің комиссия мәжілісінде Ә.Ермеков Қазақ өлкесінің, Қазақстанның жағдайы және оның шекарасы туралы тағы да баяндама оқиды. Комиссия мәжілісінде Ә.Ермеков қазақтардан тартып алынған жерлерді Қазақстанға қайтару жөнінде және жергілікті қазақ халқымен отырықшы орыс тұрғындарын жерге орналастырғанша ішкі Ресейден қоныс аударуды тоқтату, Каспий теңізінің солтүстігіндегі бір шақырымдық жағалауды Астрахань губерниясынан бөліп, Қазақстанға қосу туралы ұсынысы аса қатты қарсылыққа тап болғанымен, өзінің білімпаздығының арқасында қорғап шығады. Нәтижесінде 1920 жылы 26 тамызда Қостанай уезі ескі шекарасы шеңберінде қазақ автономиясы Торғай облысының құрамына қайта кіреді. Жер дауына байланысты Алаш зиялыларының талабын қабылдаған В.И.Ленин бастаған большевиктік үкімет орыс емес ұлттарды үркітпей Кеңес жағында ұстап тұруға және әзірше сенімге ену үшін ғана барған. Дегенмен даулы жер үшін өткен пікір-таластар барысында өз халқының тарихын терең, жан-жақты білетін А.Байтұрсынов басқа да ресми деректемелерге сүйене отырып, даулы жерлердің қазақтікі екендігін дәлделдейтін айғақтарды алға тартқан. Қазақ жерінің біртұтас Қазақ республикасы болып қалыптасуы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, М.Сералин қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалудағы қажырлықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынов 1919 жылы 12 қыркүйекте Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитеті жанынан Азық-түлік бөлімін ашқан. А.Байтұрсынов бұл бөлімді ашуына түрткі болған елдегі соғыспен бірге аштықтың, неше түрлі жұқпалы аурулардың меңдеп кету қаупі төніп тұрғаны мен ашаршылыққа ұшыраған халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болды. Ұлт зиялысы азық-түлік мәселесін шешуде Орынбор, Бөкей губерниялық атқару комитетінің және армияның азық-түлік бөлімдерін жұмылдырды. Бұл жайында төңкерістік комитетінің хаттамаларында Орынбор губерниялық атқару комитетімен біріге отырып қабылдаған шешімі:

1. Астықты барынша тездетіп жинап және оны станцияларға жеткізу үшін барлық коллегия мүшелерін, партия мүшелерін, партияда жоқ губерниялық азық-түлік комитеттерінің қызметкерлерін аудандарға жіберу;

2. Бірінші Армияның саяси бөлім қызметкерлерін пайдалана отырып Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитеті азық-түлік бөлімінің және арнайы комиссияның қызметкерлерін де аудандарға астық дайындау үшін жіберілісін.



Астық дайындау мәселесімен бірге ет дайындап көмекші күштерді соғыс қажеттілігіне жұмылдырған. А.Байтұрсыновтың атына Өлкенің көптеген шалғай орналасқан аудандарынан әскери және азаматтық мекемелер еш бір жоспарсыз халықтан мал жинап, ал малын өткізген халыққа орнына не ақша, не мануфактура бермегендерін айтқан шағым хаттар жиілей түскен. Хат авторлары былай дейді: «Қазақтарды індет кезінде және өте жаман санитарлық жағдайда медициналық көмектен айыру қисынсыз нәрсе. Тіпті, киер киіміміз де жоқ, сондықтан әйелдеріміз сыртқа шығудан да қалған. Аштықтың жайлағаны сондай, адамдар иттің етін жеп, балаларын сатуға дейін барған. Әйтеуір аштан өлмеудің амалын қарастырып далбасалауда. Кеңестің азық-түлік органдары казактардан тек алғанды ғана біледі, ал орнына ештеңе қайтармайды. Тірі қойдың бір пұтына 80 сом төлейді, қазақтарды осыған зорлап көндіруде. Ал казактар болса, бір қорап шырпыны 150 сомға сатып алуда», - деп Кеңес үкіметінің жергілікті жерлерде жүргізіп отырған өрескелдіктерін ашық айтқан. Осы дерек арқылы сол кездегі қазақ халқының әлеуметтік жағдайының құлдырап кеткенін көрсетеді. Осындай шағымдардан кейін 30 қарашада 1919 жылы комитет отырысында А.Байтұрсынов хатта көрсетілген мәселені талқылап, қаржы бөліміне Ырғыз, Торғай уездеріне несие ақша бөлуді, ал азық-түлік бөліміне Ырғыз және Торғай уездерінің уәкілдерімен бірлесе отырып бірінші сұраныстағы азық-түлікпен қамтамасыз етуді шұғыл шешуді тапсырған. Сондай-ақ Ырғыз, Торғай уездерінде аштық, жұт және қуаңшылық жағдайын ескере отырып А. Байтұрсынов Түркістан Орталық Атқару Комитетіне 1920 жылы екі дүркін - 20 қазанда бір және 21 қыркүйекте аштық пен жұтқа ұшыраған Ырғыз, Торғай тұрғындарына Қазалы, Перовск уездеріне кедергісіз өтулеріне жәрдемдесулерін сұрап жеделхаттар жіберген. Елдің төтенше ауыр жағдайын ескере отырып, азық-түлікті барынша тиімді пайдалану үшін 1919 жылы 15 қыркүйекте комитет жанынан ауыл шаруашылығы жөнінде Кеңес құру мәселесін қарастырғаннан кейін А.Байтұрсыновтың басшылығымен қабылдаған қаулысы бойынша Торғай, Ырғыз уездерін астықпен, малмен, жүнмен және де басқа да керек-жарақтармен қамтамасыз ету үшін қабылдау орындары ашылған және оның орнын белгілеу үшін Торғай, Ырғыз уездеріне арнайы уәкіл жіберген. Азық-түлік даярлау науқанына қазақ ауылдарының еңбекшілерін жұмылдырып зор шаруа тындырған. 1920 жылдың басында солтүстік-шығыс губернияларының казак шаруалары 50 миллион пұт астық өнімдері мен 30 миллионға жуық ауыл шаруашылық өнімдерін өткізген. Соғыстан күйзеліске ұшыраған халықтың жағдайын жақсарту мақсатымен отын өндіру мен кәсіпорындар жұмысын қалыпқа келтірген және отын даярлап оны тұтынушыларға дер кезінде жеткізіп, бақылайтын жергілікті жерлердегі кеңестер жанынан комиссия құрған. Көмір өндіретін шахталарды қалыпқа келтіріп, өңдеу үшін 1 миллион сом ақша қазынадан бөлуін сұраған. Бөлінген қаражаттың арқасында өндірілген көмірді бірінші кезекте ауруханалар мен балалар үйіне, мектептерге таратқан. Облыстарда ұйымдастыру жұмыстарын жылдамдағу үшін Кеңес үкіметіне қосымша ұйымдастырушылар қажет деп болыстарға ұйымдастырушыларды



тағайындап, әрбір жеке болысқа 20000 мың сом ақшалай несие босатқан. Қазақ Өлкесінің аудандарын азақ-түлікпен қамтамасыз ету үшін қаражат бөлу мәселесін өте мұқият қадағалап отырып әлеуметтік қамсыздандыруға 10 млн. сом ақшадан 6 млн сом ақшаны Шалқар аудандық азық-түлік бөліміне, бірінші мүмкіншілік бойынша содан 3 млн. сомды Ырғыз аудандық азық-түлік бөліміне бөліп және оны мұқтаждарға жетуін қадағалап отырған. Ақбұлақ аудандық емханасы мен дәріханасына, малдәрігерлік емханасына, бөлімдерге, басқа да дәріханаларға тек қыркүйек айында 66.734 мың сом ақша бөліп, ал Астрахань және Сазды болыстық атқару комитетіне мұнай мен диірмен сатып алу үшін көрсетілген болыстық атқару комитетінің әрқайсысына 25000 мың сом ақшадан бөлдірген. А.Байтұрсынов төрағалық жасаған Комитетет отырысының шешімімен 1919 жылы 30 қыркүйекте егін шаруашылығымен айналысатын бөлім ашылған. Ашылған егін шаруашылық бөлімінің жанынан аграрномдық, малшаруашылық, гидротехникалық, жер-техникалық бөлімдері ашып, іске қосты. Бұл бөлімді ашқандағы басты міндеті - көшпенді ауыл халықтарын отырықшылыққа өткізіп, отырықшы халыққа мал шаруашылығымен айналысу үшін жайылым жерлерден үлес беріп, қажетті шаруашылық құралдарын жалға пайдалануға беріп, ұстаханалар мен шеберханалар ашып, онда істейтін ұсталар мен шеберлер санын алып отырған. 1919 жылдың желтоқсанында Мәскеуде өткен жетінші Бүкілресейлік Кеңестер съезінде А.Байтұрсынов Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады. Бұл жолғы сапарында А.Байтұрсынов Ресей Федерациясының ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинның қабылдауында болып, кездесу барысында И.В.Сталин А.Байтұрсыновқа Коммунистік партия қатарына өтуді ұсынған. И.В. Сталиннің А. Байтұрсыновқа жасаған ұсынысы жөнінде башқұрт халқының қайраткері Заки Валиди Тоған кейінірек өзінің естелігінде былай дейді: «Ұсыныстың мәңжайы түсінікті: бостандықтан айырып, қатаң партиялық тәртіпке бағындырғысы келген». Көп кешікпей А.Байтұрсынов 1920 жылдың сәуірінде сол кездегі Кеңес үкіметінің әскери және саяси қызметкері М. Фрунзенің ұсынысымен коммунистік партияның мүшелігіне өтеді. Бұл жолы да большевиктік идеологтар Кеңес үкіметі үшін А.Байтұрсыновтай тұлғаның бұндай шешім қабылдауын үлкен саяси мәні зор оқиға деп қабылдап, «Известия Киргизского края» газеті арқылы ұлт зиялыларының арасында аса зор беделге ие, қазақ ұлтының рухани көсемі А.Байтұрсыновтың Коммунистік партия қатарына өтуге берген өтінішін жариялады. Өйткені олар мұның мәнін айқын сезініп, оны жарияламай тұра алмаған. А.Байтұрсынов газетке берген мақаласында сол кездегі саяси көзқарасын ашық білдіріп, ВКП(б) жоспарына байланысты ешқандай кереғар пиғылының жоқтығын айтқан. Алаш көсемінің алдына қойған мақсатын іске асырудағы бірден-бір дұрыс шешім екендігін ұлт зиялыларының бірі С.Сейфуллин «қазақ халқының қамы үшін Ахмет коммунистік партияға да өтті» деген. Бірақ, А.Байтұрсынов Коммунистік партия қатарында бір жылдай ғана мүше болған. Бұл жөнінде 1929 жылы 2 маусым күні Біріккен саяси Бас басқармасының тергеушісіне берген жауабында: «Мен, партиядан 1921 жылғы тазалау барысында енжарлытым



үшін шығып қалдым. Менің енжарлығым ғылыми жұмысқа тереңдей берілгендіктен және жалпы алғанда саясатқа аз көңіл аударғанымнан болды» деген. Алаш көсемінің расында сол кезде ғылыми жұмысқа көбірек ден қойып, өзі айтқандай «саясатқа аз көңіл аударғанын», өзінің көздеген нысанасы оқу-ағарту жұмысының ең өзекті мәселесі тіл мен қазақ әдебиетін дамытудан тұрған. 1921 жылдың 15 қарашасында губерния партиялық тазалау комиссиясына аудандық комиссия арқылы РКП(б) мүшесі А. Байтұрсыновтан деп берген өтінішінде: «Мен Халық Ағарту Комиссары, Қырғыз Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі және қырғыз тілінде оқулықтарды құрастыру редакциялық коллегияның төрағасы ретінде екі істің бірін таңдауға тап болдым: бірі қырғыз тілінде оқулықтар жазу; немесе партия жиналыстарына үзбей қатысып ештеңе істемеу. Екі істің пайдалысын көздегенде, мен қырғыз тілінде оқулықтарды жазуды пайдалы деп шештім. Мені партия жиналысына қатыспайды, мүшелік жарнасын төлемейді, сондай-ақ Алашорданы ұйымдастырушы деп айыптауда. Партия комитеті менің бұл ісімді бұрыннан біле тұра партия қатарына қабылдаған», -деп жазады.

А.Байтұрсыновтың партия қатарынан шығып қалу жөнінде С.Сейфуллин былай деп анықтама берген еді: «А.Байтұрсынов коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтаған жоқ, коммунистерше жалпы байларға оқ атын, жалпы кедейлердің таяғын соққан жоқ... Қанша ұлты үшін Коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай «қызыл бола алмады». Яғни, А.Байтұрсынов әскери төңкерістік комитетінің жауапты қызметкері ретінде қазақ ұлтының тәуелсіздігі жолында ымырысыз пікір таласқа түсіп, саяси үгіт-насихаттық күресін ашық жүргізді. Осы тұста ол қазақ елінің даму жолына байланысты В.И.Ленин бастаған большевиктердің қазақ халқының капиталистік жолға соқпай, бірден социализмге көшу жолына қарама-қарсы балама бағдарламасын ұсынады.

1920 жылдың 17 сәуірінде Қазақ әскери төңкерістік комитеті мен Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшесі А.Байтұрсынов В.И.Ленинге жолдаған хатында орыс пролетариатының қазақ еліне байланысты қандай саясат ұстанарын ашық жазады. Онда А.Байтұрсынов орыс пролетариаты билеп-төстеушінің кейпіне еніп, өз билігін күштеп таңып, бас идіруді талап етіп, барлық жерде де патша губернаторларының, генерал-губернаторларының орнына дәл сол сияқты диктаторларды тағайындайды немесе қазақ еңбекшіл елінің сеніміне ие болуды қалайды деп «ғасырлар бойы Ресей патша үкіметінің отарында болған қазақ халқы алдымен каналудан азат болуды қалайды. Қазақтар өз таңдауын неге жасамасқа» деген сауал қойып, Кеңес дәуірінде де қазақ елінің өзін-өзі билеу өзекті мәселе екенін алға тартады. Оны былайша тұжырымдайды: «біріншіден, қазақ өлкесін басқаруға халық толық сеніммен қарайтын қазақтан шыққан нағыз пікірлі коммунистерді және сыннан өткен пікірлі қызметкерлерді қою керек; екіншіден, қарауына аралас халықтардан тұратын аудандар кіретін барлық билік мекемелерінде каналған



халықтар үлесі 2/3-ден кем болмауы тиіс; үшіншіден, қазақ өлкесіндегі шаруашылық-экономикалық мекемелерді басқаруды орталықтандыруына немесе орталықсыздандыруына қарамастан қазақтың қолында болуы тиіс... орталығы Орынборда орналасқан жаңа әскери аймақ құру және қалалардағы әскер гарнизондарын міндетті түрде қазақтардан жасақтау керек».

1920 жылдың 16 маусымда «Түркістанның бұратана коммунистерінің өкілдері» деп Т.Рысқұлов, Ф.Ходжаев; Башқұртстаннан З.Валидов; Қазақстаннан А.Байтұрсынов қол қойған В.И.Лениннің «Отар және ұлт мәселесі туралы тезистеріне қосымшалар» деген атпен жазған хатты В.И.Ленинге жолдады. Бұл тарихи құжатта олар Ресейдің шығысында құрылған «қуыршақ республикаларға» мемлекеттік мәртебе беруді талап етіп, В.И.Лениннің тезисіндегі бұрынғы отарлаушы елдің пролетариатының жаңа кеңес үкіметі жағдайында бұрынғы отар ел еңбекшілерін азат ететіндігі, панисламизмге қарсы күрестің қажеттігі болатын тұстарымен келіспейді. А.Байтұрсынов бастап қол қойған бұл құжатта зиялылар тобы: «...жергілікті кедейлерді европалық қоныстанушылар көмегімен азат ету үшін коммунистерді жіберу дегеніміз, бұл коммунистерді бүлдіру болып шығады. Бұндай коммунистер, айтары жоқ, панисламизмге қарсы күрес жүргізіп, жергілікті кедейлерді өзара қырылыстырып, жергілікті коммунистердің арасына іріткі салатын болады, таптықтың орнына олар ұлттық алауыздықты қолдайтын болады, сондықтан коммунистік жұмыс үшін социал-миссионерлер қолайсыз», - деп пікірлерін ашық жазған. Ең алдымен отаршылдыққа қарсы шыққан А.Байтұрсынов В.И.Ленинге орыс отаршылдарына арқа сүйеген орыс коммунистерімен отаршыл жүйені құртуға болмайды деп санады. Мұның өзі деп көрсетті ол, «капиталистердің өз қолымен жұмысшы табына азаттықты бергенімен тең» деген. Алаш көсемі отаршыл жүйеден әлі азаттық алмаған халыққа төңкерісті күштеп тездеуге қарсылық білдіріп «бізге зорлық емес, бізге көмек керек» деді. Қалай болғанда да саяси шындықты бейнелейтін бұл көзқарас В.И.Ленинге ұнамады, кейін аталған ұлт зиялылары көп кешікпей қызметтерінен босатылған. Аласапыран заманында ұйымдастырылып жатқан жаңа мемлекеттің кемшілігі мен қиыншылықтары көп болған. Көп кемшіліктер мен қиыншылықтардың арасынан Халық Ағарту жұмыстарын қайта ұйымдастырып, жандандыруды өмірдің өзі талап еткен. Қыркүйек айының ішінде 1919 жылы оқу-ағарту бөлімін ашып, оның мектепке дейінгі, мектептік, мектептен тыс жұмыстар, кәсіптік-техникалық, ғылыми және қамтамасыз ету бөлімшелерін де іске қосқан. Бөлімнің басты міндеті етіп көшпенді және жартылай көшпенді қазақ халқын сауаттандыруды қойған.

1919 жылы 20 желтоқсанда Қырғыз (қазақ) әскери төңкерістік комитетінің Статистика бөлімін ашып, оған жүктеген басты міндеттері - алдымен Өлкедегі демографиялық қозғалысын, 1917 жылғы есеп санының қорытындысын анықтап, кәсіптік, ауылшаруашылық және өндірістік есеп санағын, көшпенді халықты зерттеумен қатар жергілікті статистикалық мекемелерді ашып, жоғарыда көрсетілген мәселелермен айналысуды талап еткен. Қырғыз (қазақ) әскери төңкеріс комитетінің жанынан 1920 жылы сәуір айында Еңбек бөлімін



ашып, оның - басқару және ұйымдастыру, жұмысшыларды бөлу және есепке алу; еңбекті камсыздандыру, тарифтік, есеп-қисап, шаруашылық, еңбек статистикасы бөлімшереріне бөлген. А.Байтұрсынов бұл бөлімнің басты міндеттерінің бірі етіп жас өспірімдер мен кәмелетке толмаған балалардың еңбектерін қауіпсіздендіру үшін комиссия құрған, тарифтік мәселелерді қалыпқа келтіріп, нұсқаушы бөлімдерін ашқан. Жасөспірімдер мен жасы кәмелетке толмаған балалардың ауыр еңбекке жалданып және оларға ең төменгі жалақы төленетінін білген. Жоғарыда аталған қаулыны басшылыққа алып, комитет жанынан еңбек бөлімін ашып, сол арқылы балалар мен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға алған. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, тұрмысын көтеру үшін А. Байтұрсынов 1919 жылы 16 қыркүйекте Әлеуметтік камсыздандыру бөлімін ашып, халыққа зейнет ақы төлеп, соғыста қаза тапқандардың отбасына жәрдем беріп, мүгедектерді есепке алып, оларға зейнет ақы тағайындап, аналар мен балаларды әлеуметтік қауіпсіздендіріп және есеп-қисап, нұсқаушылық бөлімдерін ашып зор еңбек еткен. Қолға алынған жұмыстар мен қағар жоспарды іске асыру үшін Қырғыз (қазақ) төңкеріс комитетіне қазақ әрпі бар баспахана ашып, жеке ана тілінде оқулықтар, әдеби кітаптар мен үгіт-насихат құралдарын басып шығару үшін Бірінші Армия штабындағы «Қазақ» газетінің баспаханасын өз қарамағына алдырған. Қырғыз (қазақ) төңкеріс комитетінің «Ұшқын» газетін ашу мақсатымен Қазан қаласына араб әрпін алдыру үшін арнайы өкіл жібереді. А. Байтұрсыновтың басты тілегінің бірі қазақ елінде радиоландыру ісін ашу болды. Осы ойы мен басқа да істерді өмірге енгізі мақсатымен 1919 жылдың желтоқсан айында төңкерістік комитетінің атынан Кеңестердің 7 съезіне Мәскеуге С.Пестковский мен бірге аттанған. Съезден соң А. Байтұрсынов В.И.Лениннің қабылдауында болғанда «...әлі күнге дейін өз тілінде не жазу, не оқи білмейтін» көшпенді қазақ ауылының арасында партиялық және ағарту жұмысын жүргізудің қиындығы жөнінде сөз қозғаған. В.И.Ленин А.Байтұрсыновқа берген тәжірибелік кеңесінде: «Кеңес Конституциясы, партияның бағыт-бағдары, ұлттық саясат туралы бірнеше баяндамалар ұйымдастырыңыз, сосын оларды граммафон күйтабағына түсіріп және оны ауылдан ауылға таратып үгіт-насихат жұмысын жүргізіңіз, ал граммафонға басылған күйтабақтарды көбейтуде көмектесуге уәде беремін». В.И. Ленин өз тарапынан қазақ халқының арасында Кеңестік үгіт-насихаттың кеңінен таралуына қолдау көрсететіндігін ашық айтқан. Сондай-ақ граммафон күйтабақтарына басылатын баяндамаларды қазақ тілінде жазып дайындауды В.И. Ленин А.Байтұрсыновтың өзіне тапсырған. А.Байтұрсыновтың осындай еңбектерінің нәтижесінде Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1921 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен республикалық радио дүниеге келген. Ал 1921 жылдың қазан айынан бастап Орынбордағы радиостанция арқылы күнсаиын 1600 сөзден тұратын А. Байтұрсыновтың басшылығымен дайындаған радио хабарды республикаға таратуға құқық алған. Осы құқықтың арқасында Астрахань, Саратов, Уфа, Самара, Челябинь, Ташкент, Ново-Николаевск және Царицинмен радио арқылы хабар алмасып тұрған.



А. Байтұрсыновтың Қырғыз (қазақ) төңкерістік комитеті құрамының әркелкілігіне карамастан, зор ыждағаттылықпен, терең білімділігімен, өмірден алған мол тәжірибесінің арқасында орасан зор қызмет атқарған. Сол тұста Қазақстандағы ұлт зиялыларының бірден-бір көсемі А. Байтұрсынов болды. Сондықтан да ол Кеңестік әкімшіл-әміршіл билікке қарсы рухани күресті ұйымдастыруға күш-жігерін аяған жоқ. А.Байтұрсынов 1920 жылы 4-12 қазан күндері Орынбор қаласында өткен кеңестердің Бүкілқазақстандық құрылтай съезін шақыруға және оның басты саяси құжаты «Қазақ АКССР еңбекшілері құқықтарының декларациясын» дайындауға қатысып, белсенді үлесін қосты. Бұл съезде Ресей Федерациясының құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасы құрылғаны белгілі. А. Байтұрсынов осы Республиканың үкіметі - Халық комиссарлар Кеңесінің құрамына еніп, Халық Ағарту комиссары болып сайланды. Аталмыш «Декларацияда» А. Байтұрсыновтың тікелей араласуымен халық ағарту, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне зор мән берілді, соның нәтижесінде қазақ халқының тегін білім алу құқығы заң жүзінде бекітілді.

## §2. Алаш зиялыларының Қазақ АКСР-інің оқу-ағарту және қоғамдық істеріне араласуы

Жиырмамыншы жылдардың басында ұлттық демократиялық зиялыларының жекелеген белгілі қайраткерлері Қазақстан мен Түркістан АКСР-ң мемлекеттік басқару жүйесінде жауапты қызметтер атқарды. Мәселен, А.Байтұрсынов Қазақ АКСР-ң алғашқы Халық Ағарту Комиссары болса, М.Әуезов Республиканың Орталық Атқару Комитетінде жауапты жұмыста болды. Алаш қозғалысының бұрынғы белсенділерінің айтарлықтай тобы ҚазАКСР мен Түркістан АКСР-ң республикалық, губерниялық және уездік деңгейлерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде жетекшілік етуге тиісті орындарда шешуші буынды басқарды. Алаш қайраткерлерінің Кеңес үкіметінің ағарту жүйесіне тартылуы большевиктердің мәдени саладағы қайта құруларын орындау қажеттілігінен туындаған. Кеңес үкіметінің жалпы ағарту мәселесіне байланысты алғашқы қадамы 1920 жылдың 26 тамызында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті және РКФСР Халық Комиссарлар Комитетінің В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған «Қазақ Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» қабылдаған декреті болды. Аталған декретті дайындауға А.Байтұрсынов қатысып, оның белсенді мүшелерінің бірі болды. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариаты 1920 жылдың қазан айында Қазақ әскери-төңкерістік комитеті халық ағарту бөлімінің негізінде құрылып, оның тұңғыш комиссары етіп Ахмет Байтұрсыновты тағайындаған. А.Байтұрсынов комиссариаттың барлық мәжілістерінің төрағасы болып, оған өзі тікелей басшылық етті. Комиссариаттың негізгі басты міндеті мен қызметі республикадағы



сауатсыздықпен күрескен. А.Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауында ұстаған. Қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру үшін жана мұғалімдерді дайындау мен қатар байырғы мұғалімдердің өздерін қайта дайындықтан өткізіп, білімдерін жетілдірген. Осы мақсатта уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарын ашты. Бұл курстарға қазақ жастарын көптеп тартып, оларға стипендия төлеп отырды. А.Байтұрсынов педагог мамандардың санын өсіріп республика бойынша 4824-ке жеткізген. Ауыл мәдениетінің кенжелеп қалғанын ескерген А.Байтұрсынов Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іс сапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберіп отырған. 1920 жылдың 8 қарашасында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі Халық Ағарту Комиссары А.Байтұрсыновқа қазақ тілінде оқулықтар шығаруды тапсырды. Осы тапсырманы орындау үшін қазақ тілінде оқулықтарды құрастырушылардың алғашқы тізімін жасағанда, тек Комиссариат қызметкерлері емес, басқа да білімді ұлт зиялыларын шақырды. А.Байтұрсынов Комиссариаттың алғашқы құрылған күнінен бастап мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етудің және қазақ тіліндегі оқулықтарды шығарудың басында болды. Халық Ағарту Комиссары және Қазақ АКСР Мемлекеттік баспасының редакция Коллегиясының мүшесі ретінде Ахаң бірінші және екінші басқыш мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару және құрастыру мәселесін көтерген кеңейтілген мәжілісін Орынборда өткізеді. Мәжіліске С.Айтхожин, Ж.Аймаутов, Ә.Бөкейханов, Х.Болғанбаев, Ф.Ғалымжанов, Е.Омаров, С.Садуақасов С.Сейфуллин, Б.Сарсенов қатысады. Мәжілісте А.Байтұрсынов әлі күнге дейін мектептің бірінші және екінші басқыштары үшін қазақ тілінде оқулықтардың жоқтығын, сондықтан қазақ тілінде оқулықтар жазу және құрастыруда шұғыл шаралар қолдану қажеттілігін айтады. Мәжіліс шешімі бойынша қазақ мектептеріне арнап Арифметиканы - Тұрғанбаевқа, Геометрияны - Б.Сәрсеновқа, Жаратылыстануды - Е.Омаров пен Кеменгеровке, Физиканы - Ғалымжановқа, Жағрапияны - Ә.Бөкейхановқа, Қазақстан тарихын - Болғанбаевқа, Мектеп тазалығын - Тілеулинге, Бастауыш алгебраны - Е.Омаровқа, Педагогиканы - М.Жұмабаевқа, Дидактиканы - Ж.Аймаутовқа жүктейді. Сонымен қатар, Ә.Бөкейхановқа, әлемдік озық ойлы демократ-жазушылар Л.Толстой, А.Чехов, В.Короленко, Еуропа жазушылары мен түркі тілдес қайраткерлердің шығармаларын қазақ тіліне аудару міндеттелді. Табиғатынан зерек, қайратты Ә.Бөкейханов кеңестік кезеңде қосымша түрде жерге орналастыру, мал шаруашылығын да ұйымдастырумен шұғылданды және әртүрлі мәселелер бойынша Қазақстанның Халық комиссариатына кеңес беріп отырды. XX ғасырдың басындағы зиялы қауым оқулық пен бағдарламалық әдістеменің негізін салушылар әрі педагогикалық әдіснаманың негізін қалаушылары болды. Бұл жауапты жұмысқа қатысушылардың бәрі дерлік Алаш қозғалысының белсенді мүшелері болған және бұл істі жұмыла зор ынтымақтықпен ұжымдасып бітірген. Ол туралы алаш қозғалысын зерттеушілердің бірі Хасен Оралтай Түркияда жарық көрген «Алаш-Түркістан



түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» атты еңбегінде: «Алашшылар өлкедегі маңызды қызмет орындарын өз қолдарына алып, ұлттық мақсаттары-түрік елінің тәуелсіздігі жолында адам шамасынан асатын күш-қайрат жұмсады. Мәселен, 1920 жылы қазан айында Орынборда өткен ҚазКСР кеңестерінің құрылтайына қатынасқан 700 делегаттың көбі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының жақтастары болды», - деп жазады. Әсіресе, А.Байтұрсыновтың қазақтың жаңа ғылым дамуына сіңірген еңбегі шексіз еді. Ғылыми зерттеу Академиялық Орталықтың төрағасы кезінде ол тіл мен қатар әдебиеттің дамуына да көп еңбек сіңірді. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, оларды жарыққа шығаруды игілікті іске айналдырды. 1923 жылы «Ерсайын» жырына алғы сөзін қосып Мәскеуден және 1926 жылы сол қаладан «23 жоқтауды» шығарды. Бұл еңбектерді Ахметтің өзі «ел аузындағы тіл» деп атаған. А.Байтұрсынов қазақ халқының этнографиясының тарихын зерттеумен де айналысқан. А.Байтұрсыновпен бірге өлкелік академиялық орталықтың қызметкері болған бұрынғы Қостанай уезі бойынша Алашорданың комиссары Елдес Омарұлы Тиесов кеңестік жүйеде 1920 жылдан бастап бастап Орынбордағы халыққа білім беру комиссариатының мектеп бөлімінде қызмет етуден бастайды. Елдес Омарұлы алғашқылардың бірі болып Мұхтар Әуезовтың ғылыми еңбектері туралы пікір жазып, оның еңбектеріне жоғары баға береді. Елдес Омарұлы көптеген оқулықтардың авторы ретінде математика, алгебра, физика, тригонометрия, геометрия оқулықтарын орыс және неміс тілдерінен аударып, өңдеп, өзі толықтырып отырған. Көптеген геометриялық терминдер Е.Омарұлының аудармасында мәнді де, мағыналы шыққан. Мысалы, геометрия - пішіндеме, теорема - түйін, трапеция - қостабан және тағы басқа да терминдерді айналымға кіргізген. Дегенмен ол ғылыми еңбектерінің басым көпшілігін орыс тілінде жазған. Оның ішінде «Упражнения по синтаксису», «О сочетании звуков казахского языка», «Новые правила о казахском шрифте», «Ученая деятельность Ахмета Байтурсынова» сияқты еңбектері орыс тілінде шықса да ғылыми тұрғыда құны жоғары тұрған. 1922-1926 жылдары Орынбордағы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықта қызмет атқарған келесі бір Алаш зиялыларының ірі өкілі Телжан Шонанов еді. Ол қазақ бастауыш мектебінің теоретикалық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеге, тіл дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді.

Шонановтың әдістемеге қатысты еңбектеріне «Жаңалыққа жетекші», «Диаграмдар, графиктер қандай болады» деген кітаптары, «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты көптеген мақалалары жатады. Т.Шонанов 1923 жылы 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды. 1924 жылы 12 - 18 маусымда өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне және сол жылы ҚазАКСР-і ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне делегат болып қатысады. Шонановтың қазақ әдебиеті саласындағы еңбектеріне «Сәкеннің тілі», «Халық



ауыз әдебиеті», «Евгений Онегиннің аудармасы», т.б. сын-мақалалары жатады. Аударма ісі бойынша ол А.Богдановтың «Курс политэкономий» атты кітабын қазақшаға аударып, орысша-қазақша термин сөздігін қоса берген. Бұдан басқа Каминскийдің, Н.Крупскаяның кітаптарын өз тілімізге аударды. 1926-1929 жылдары жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді. Осында жүріп ол 1926-1928 жылдар аралығында «Қазақ әлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы болады. 1926 жылы А.Байтұрсыновпен бірлесіп, қазақ мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырды. Сол жылы «Қазақ жер мәселелерінің тарихы» атты еңбегі жарық көріп, онда қазақтарды қоныстандыру, отырықшыландыру, жер бөлу мәселелері айтылды. 1926 жылы тамызда Бакуде өткізілген Бүкілодақтық түркологтар съезіне Байтұрсынов, Н.Төреқұлов, Е.Омаров, Б.Сүлеев, Ә.Байсейітовпен бірге Т.Шонанов та қатысып, латын әліпбиін насихаттайтын республикалық комитет құрамына енеді. Сол кезеңде ол О.Жандосовпен бірге барлық латын комитеттері мен латыншыларға арнап ашық хат жариялайды. 1927 жылы М.Жолдыбаевпен бірге қосылып «Жаңа арна» атты оқулығын шығарса, 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссариатында қызмет атқарады. 1934 жылға дейін КазПИ-де оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1929 жылы ол «Қазақстан жағрафиясы» атты кітап жазып, өлкетану жұмысына да белсене араласады. Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағын ұйғыр тілінен орыс тіліне аударды. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілінің доценті болып еңбек етеді. Т.Шонанов жалпы аралығында 32 оқулық, кітап, 72 мақала жазған.

Кеңес кезеңінде ағарту саласында қызмет атқарып ерекше із қалдырып кеткен Алаш қозғалысының қайраткері Бидахмет Сәрсенұлын атауға болады. Ол 1919 жылы Семей облыстық жер басқармасындағы халық ағарту бөлімінің қазақ бөлімшесіне басшы болып тағайындалады. Осы кезде Семейде жаңадан ашылған мұғалімдер курсына, өзі оқыған мұғалімдер семинариясында әр түрлі пәннен сабақ береді. Қаладағы мәдени ұйымдардың жұмысына атсалысады. «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне мақала жазып тұрады. Оның «Автономия кеңесі», «Біріккен елде береке бар», «Азық-түлік», «Русияда осы күнде зор мәселе - азық-түлік» т.б жарияланымдары сол шақта қазақ қоғамына үлгілі боларлықтай дүние болатын. 1920 жылы Орынборда Қазақ автономиялық республикасы жарияланғанда, оны жаңа астанаға қызметке шақырды. Алғаш Әскери комиссариатының саяси білім бөлімін басқарды. Сонан кейін Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлының шақыруымен білім саласына ауысып, комиссариат алқасының мүшесі, әлеуметтік тәрбие бөлімінің басшысы, мектеп істері бөлімінің меңгерушісі секілді сол уақыттың жауапты қызметтерін абыроймен атқарды. Осы уақытта Орынбордағы мұғалімдер курсына, Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етеді. Мұрағат деректерінде қайраткерге физика, математика пәндерінен мектеп оқулығын жазуға ұсыныс жасалғаны көрсетілген. Ғалым - ұйымдастырушы ретінде ол



Қазақ ғылым комиссиясының, Академиялық орталықтың негізін қалауға атсалысты. Сол кездегі мерзімді басылымдардан қайраткердің отандық мектеп жүйесін қалыптастыруға аянбай күш-жігер жұмсағанын, өлкеде алғашқы әскери және кәсіптік оқу орындарын ашуға бастамашы болғанын оқимыз. Қайраткер 1921 жылы 36 жасында халыққа тиген оба ауруынан қайтыс болды. Оның қазасына Алаш қайраткерлері «бір жұлдызымыз сөнді» деп қатты қайғырады.

1925 жылы Қазақстанның жаңа астанасы Қызылордаға ауысқан кезде оған кескін - келбет беру үшін құрылыс жұмыстарын жан - жақты жүргізу қолға алынады. 1925 жылдың 10 - маусымында сол үшін арнайы Құрылыс комитеті құрылады. Оның техникалық бөлімінің бастығына орынбасарлыққа және қаланың бас инженерлігіне М.Тынышпаев тағайындалады. 1926 жылдың 1 - қаңтарына дейін созылған бұл қызметінде, М.Тынышпаев тікелей жаңа астананың құрылыс жұмыстарын басқарған еді. Ол сондай-ақ Перовск станциясынан қалаға дейін темір жол желісін тартуға да бастамашы болды. Қазақ инженері астананы ауыз сумен қамтамасыз етуді де күні бұрын ойластырып, бұл мәселеге байланысты өз ұсынысын қабылдатады. Бұл үшін М.Тынышпаев қаладан 17 шақырым жерден көл тауып, Қызылорданың ортасымен арық, су құбырларын жүргізеді. М.Тынышпаев астананың архитектуралық - көркемдік келбеті жөніндегі өз ұсыныстарын, құрылысқа байланысты түрлі мәжілістерде айтты. М.Тынышпаев кейін астана Алматыға көшірілген кезде де, дәл осындай жұмыстарлы атқарды. Сонлықтан, Қазақстанның екі астанасының салыну тарихында М.Тынышпаевтың есімі ерекше. Мұхамеджан Тынышпаевтың атакты Түркістан - Сібір темір жолын салудағы еңбегі өлшеусіз. Кеңестік индустрияландырудың бастамасы болған - осы бір алып құрылыстың салынуы, тікелей М.Тынышпаев есімімен тығыз байланысты. М.Тынышпаев та осы құрылысты сала жүріп, өз халқының мүддесін қорғауды еш уақытта есінен шығарған жоқ. Келімсек жұмыс күшіне қарсы болған М.Тынышпаев тіліміздің сақталуына, оның аясының кеңеюіне сол кезден мән берген. Ұлттық болмыс жоғалуына тіл мен дін әсері күшті болатынын жете түсінеген ол, қазақтың жер-су атауларының бұрмаланбай дұрыс жазалауын қатты қадағалады. Ол бұрынғы жер-су атауларының тарихи - географиялық тұрғыдан қалпына келтіруін де айтты. Мәселен, ол Алматының орыс халқы өкілдері түсіндіргендей «Алма-Ата», «Отец яблок», «алманың атасы» деп аударудың жөнсіздігін дәлелдеді. Алматының қазақ халқының байырғы төл сөзі екендігін, оның алмалы жер деген мағынаны білдіретіндігін түсіндірді. Сол сияқты, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес бекет, разъезд аттары дұрыс жазылуын мәжілістерде үнемі ескертіп отырды. Мәселен, егер сөз басында «ж» әрпі кездесе, оларға «д» әрпін қоспауды, мынандай атаулардың «Узек-Өзек», «Куль-Көл», «Каракультас-Қаракөлтас», «Куш - кунгал - Көшкентал» және т.б. деп дұрыс жазылуын айтты. Мұның бәрі оң, мәдениеттіліктің, сол жердің халқын сыйлаудың, сауаттылықтың белгісі болып табылады деп айтқан еді. Сталин, Голощекиннің «ұлтшылдықпен күрес» саясатының алғашқы құрбандарының саны өсе бастаған 1927-1929



жылдардан-ақ М.Тынышбаев осылай қаймықпастан ойын еркін айтқан болатын. Мұның өзі, бүгінгі күні тіліміздің мүшкіл халінің куәсі болып отырған біздерге, нақты шешімдер қабылауға үлгі болғандай. Кеңестік билік кезінде өзінің туған халқына адал қызмет атқарған Алаш зиялыларының бірі Ә.Ермеков елі. 1925 жылы бала оқыту ісімен айналысып жүрген Ә.Ермековты Семей губерниясы басшыларының қайта-қайта шақыруын қабыл алып, губерниялық жоспарлау басқармасы төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Сонымен қатар Семей педагогика техникумында математика сабағынан дәріс береді. Өзінің іскерлігі, білімділігімен көзге түскен жас маман бір жыл өтпей жатып, Орынбордағы Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы қызметіне жоғарылатылады. Сол жылдары Әлімхан Ермеков Қазақ АКСР ауылшаруашылық банкісі басқармасының меңгерушісі қызметін де қоса атқарады. 1926–1929 жылдары 6-7 шақырылған Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне қатарынан екі рет сайланады. «Ұлы математика курсы» I-бөлім (1935), «қазақ тілінің математика терминдері» (1936) атты оқулық, кітаптарды жарыққа шығарады. Қазақ арасынан тұңғыш математика ғылымының профессоры атағын алады. Сонымен бірге нағыз білім мен біліктілікті қажет ететін сала - Халық шаруашылығын жоспарлау комитетінде және басқа да жауапты қызметтерде болады.

Кенес өкіметі кезінде басқа да алаш зиялылары сияқты Уәлитхан Танашевта Кеңес аппаратына жұмысқа тартылады. Алғашында Қазақ әскери ревкомының аппаратында, Мемлекеттік баспаның бөлімшесін құру жолында біраз жұмыстар атқарады. 1920 жылғы қазан айындағы Қазақ автономиясының Құрылтай жиналысына Бөкей Ордасынан делегат болып қатысып, Қазақ АКСР-ның Орталық Атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Сол жылғы қазан айында Қазақ АКСР Юстиция Халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Осы қызметте жүріп, жас Қазақ Республикасының көптеген заң актілерін дайындауға атсалысады. 1921 жылғы қазан айынан бастап Қазақ АКСР-нің Мәскеудегі өкілеттігінің коллегия төрағасының орынбасары және одан кейін Ұлттар Халық комиссариатының (Наркомнац) жанындағы Қазақстан өкілеттігінің орынбасары болып 1924 жылға шейін Мәскеуде әртүрлі жауапты қызметтер атқарады. 1924-1937 жылдары Қазанда Татар АКСР-інің Жоғарғы сотында адвокаттықпен айналысады.

Алаштың біртуар ұлы Халел Ғаббасовта қазақ елдігі үшін Кеңес тұсында саяси-қоғамдық істерден шет қалмаған. Семей облыстық кеңесі төрағасының орынбасары, Семей облыстық земство жанындағы Жер комитетінің төрағасы, Қазақ революциялық комитетінің мүшесі және оның Сейревлом жанындағы уақытша өкілі болады. 1921-1923 жылдары Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан қарамағына алу жөніндегі Қаз ОАК-нің төтенше комиссиясының мүшесі, Семейдегі педтехникум оқытушысы, қазақ АССР-ның Мемлекеттік жоспарлау комитетінде және басқа да орындарда қызметтер атқарды. «Алаш» партиясының Ақмола облысындағы комитеттің мүшесі, Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық еткен Мағжан Жұмабаев Алашорда үкіметі жеңілген соң



1918-1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919-1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады. 1923-1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып, онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жеті танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары большевиктік бағыттағы зиялылар тарапынан сынға ұшырайды. 1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Жұмабайұлының Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салып, ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінде басылады. Онда ақынды жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбадың, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемелің деген кінәмен деген айыппен Жұмабайұлы қатаң сынға алады. Осыдан кейін М.Жұмабаев 1927-1929 жылдары Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады.

Жалпы Алаш зиялыларының 20-шы жылдардағы оқу-ағарту саласындағы қызметі қым-қиғаш тартыс, «идеялық күрес» жағдайында өтті. Большевиктер мәдени революцияның міндеттерін шешу үшін ұлт зиялыларын пайдалануды теріске шығарған жоқ. Басқа жол да жоқ еді. Жұмысшы, шаруадан шыққан жаңа интеллигенция әлі қалыптаспаған болатын. Осы қалыптасқан жағдайға қарамастан қазақ зиялыларына сенімсіздік көрсету де орын алған құбылыс болды. Әсіресе, Орталықтан келген шовинистік пиғылдан арылмаған партия қызметкерлері, жергілікті әсіре «солшыл» белсенділер оларға жаппай «ұлтшылдар» деген айдар тағудан танбады. Қалай болғанда да, 20-шы жылдары ұлттық интеллигенция оқу-ағарту ісінде, әдебиет пен ғылымда шешуші рөл атқарғаны анық. Бір ғана мысал, 1922 жылы Орынборда ашылған қазақтың халық ағарту институтында сол кездегі ұлттың білімді азаматтары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев, Жұмабай Оразалин және басқалары сабақ берген. Ұлт зиялылары сонымен бірге, орыс ғалымдары мен мамандарын да мәдени өмірге тартып, әр түрлі «қоғамдар», «үйірмелер» ұйымдастырады. Ондағы мақсат - ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттау болатынды. Мәселен, Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында 1921-1923 жылдары онға жуық бірлестіктер: «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамы», «Қырғыз (қазақ) кооперативтік инженерлер ассоциациясы», «Агроном-дардың экономикалық қоғамы», «Ғылым мен еңбек қоғамы», «Кітап құмарлар үйірмесі», «Физика-медициналық қоғам», «Зангерлер қоғамы» т.б. жұмыс істеді. Бұл «қоғамдардың» кейбіреуінің Оралда, Семейде, Қостанайда, Оралда, Петропавлда т.б. қалаларда филиалдары болды. Осы бірлестіктердің мүшелері революцияға дейінгі жоғары «орта оқу орындарының оқытушылары, мамандар еді. Бұл қоғамдардың басты мақсаты: «өзінің мүшелерінің ғылыми,



педагогикалық қызметіне көмек көрсету..., өз мүшелерінің рухани және материалдық дәрежесін көтеру... белгілі жазушылардың шығармаларын талқылау, кітаптарын оқыту арқылы бұқараның ақыл-ойын дамыту» болды. Осы қоғамдар кезінде ақылы лекциялар, әңгімелер ұйымдастырды, өлкеде ғылыми-техникалық, көркем әдебиет-терді насихаттады және таратты. Бірақ, бұл ұйымдар кеңес өкіметі орнатқан «қыра-ғылықтың» нәтижесінде кейбір қоғамдардың мүшелерінің антимарксистік насихатты күшейтуге бағытталған қылықтары» байқалғандығы үшін облыстық партия Комитетінің шешімімен қызметтерін тоқтатты.

### §3. Алаш зиялыларының жаппай репрессияға ұшырауы

Қазақстандағы репрессиялау шаралары 1920 жылдардан басталды және ол толқынды сипатта болды. Орталықта жүргізілген репрессиялау саясаттары өз кезеңдерінде Қазақстанды тыс қалдырмады. 20-жылдары И.Сталиннің ұлттық зиялыларға қарсы ашық күреске шығуы басталды. Ол қуғындау арқылы «ұлтшылдықтың», ұлттық ауытқушылықтың» өмірде шынында бар екенін дәлелдеп бақты. Бұл оның 1925 жылғы 29 мамырда Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің идеялық бағытын айыптап жазған хатынан анық байқалды. Ол хатта газет бетіндегі жариялағанға мақалаларының бұл кезде шет елде эмиграцияда жүрген М.Шокайдың ойымен «үндес және пікірлес екенін, яғни Алашордашыл ұлтшыл идеяларды жаңғыртатыны» атап көрсетілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта осындай көзқарастағы партияда жоқ зиялы қауым өкілдерін жастарды тәрбелеуге жібермеу ескертілді. 1925 жылы Қазақстанды басқаруға Ф. Голощекин келгеннен кейін Алаш қозғалысына қатысқан адамдарды саяси тұрғыдан қудалаумен қатар оның тарихын бұрмалау науқаны басталды. Ф.Голощекиннің ұстанған саясаты ұлт зиялыларына қарсы бағытталған еді. Ол зиялыларды қудалауға салу үшін оларға жалған «топ құрушылықты» таңып, оны саяси науқанға айналдырды. Оларға байтұрсыновшылдық, рысқұловшылдық, мендешевшілдік, сейфуллиншылдық, садуақасовшылдық, кожановшылдық деген сияқты ұлтшылдық айыптар тағылды. «Баспасөз беттерінде ұлт зиялыларын «әшкерелеген» «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық» «Сәкеншілік және Сәкен туралы», «Мендешев туралы» т.б. осы сияқты мақалалар басылды. Бұл саяси науқанның аяғы ұлт зиялыларын тұтқындап, жер аударуға әкеліп соқты. Сталинизмнің идеологиялық аппаратының, тоталитарлық жүйенің орныға бастауымен бірге, ұлттық интеллигенциясының көрнекті өкілдері; Алаш партиясына мүше болғандарға, өлкедегі саяси-экономикалық қайта құрулардың әдістеріне және ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті халық мүдделерін көзге ілмеген орталықтың озбыр саясатына қарсылық білдірген республика басқару органдарының басшы қызметкерлеріне қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргін кең көлемде жүргізіле бастады. Көп кешікпей-ақ, 1927 жылы болған партия конференциясында Ф.Голощекин басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов,



М. Дулатов сияқты қазақ зиялылары тұрған ұлттық қозғалысты «реакцияшыл» тіптен, «контрреволюцияшыл» деп бағалады. 1927 жылы Қазақстанда 6-партия конференциясында жаппай жерге орналастыру мөлшерін белгілеуге байланысты орталықтан келген академиялық ғылыми экспедиция басшысы профессор Швецовты және егіншілік халық комиссары Сұлтанбековты «Ә. Бөкейханов басшылығымен» жұмыс істеді деп айыптайды. Осы конференцияда Байтұрсыновқа да «бізде социализм туралы айтудың қажеті шамалы деп ашықтан-ашық оқушыларды үгіттейді» деп шүйлігеді. Голощекин Алаш қозғалысы қайраткерлерін сынағанда осы қозғалыстың бас ақыны саналған, үлкен талант иесі М. Жұмабаевты тыс қалдырмады. Оның 1927 жылы 19 тамызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Тоқсанның тобы» деген өлеңіндегі ақынның азшылықпен емес, көпшілік халықпен бірге боламын деген пікірін, «Қазақстан еңбекшілері бұқарасының түбегейлі мүддесіне қарсы бұқара ішінде сөздерінің идеологиясын жүргізбекші» деп сынады. Осы конференцияда Голощекин өзінің қанды тырнағына Х. Досмұхамедовты да іліктірді. Қазақстандағы «негізгі марксист Голощекин» алашордашы Досмұхамедов өзін барлық қазақ зиялыларымен шатастырып отыр» деп айыптады. Кейбір қазақ партия қайраткерлері де алашордашыларды жөнсіз айыптаулармен шектелмей, партия қатарындағы ұлтжанды қайраткерлерді де қуғындауға жол берді. Олар тіпті «осы ұлтшылдардың жаңа өкілдері алашордашыларға қарағанда қауіпті. Олар қалаларда, жоғары оқу орындарында және ауылдарда өсіп келеді. Тек бұрынғы алашордашылармен алысып, мұны естен шығаруға болмайды» дейді. Мұның өзі тек Қазақстанда және Түркістанда ғана емес, бүкіл елде ұлт зиялыларына ашық қарсы күрес бағытталғанын байқатты. Қазақстанда осы мерзімде қудаланған 44 Алаш қозғалысы қайраткерлеріне де «Түркістандағы басмашылықпен З. Валидимен байланыс жасамақ болып, КСРО-ны құлату үшін контрреволюциялық ұйымдар құрды» деген жалалар жабылды. Өңін аударған большевиктік отаршылдардың саясатына ұлт зиялыларының ұстанған бағыты қарағар келді де, қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына, ұлттық сана-сезімінің оянуына қазақ зиялыларының қосқан үлесі еленбей, олардың қандай да бір қызметі партия қатарында болуы, «ұлтшылдық», «жікшілдігі» немесе «оңшылдық» бағытын жалғастыру ретінде түсіндірілді. Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған айыптаулардың ішінде большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы бағытталған күресі ең қатал және ымырасыз болды. Егерде 1920 жылдардың орта кезінде большевиктер Алаш зиялыларына қарсы күресте әр түрлі айыптаулармен ғана шектелсе, одан кейінгі кезеңде ол өте-өте қатал жаппай саяси қуғынға ұласты. Кеңес үкіметінің өлкедегі әр түрлі айыптау науқаны жаппай саяси қуғын-сүргінге ұласты. Қуғын-сүргінді ұйымдастыру кезеңі 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың ортасы болды. Большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы саяси қуғынды бастауының негізгі себебіне тоқталатын болсақ, ол мынадай жағдайға байланысты болды. Большевиктер ірі байларды тәрбиелеуге байланысты бас көтерулерді ұйымдастырушылар деп қазақ зиялыларын айыптап оларға қарсы шабуылды бастады. 1928 жылдардың орта шенінен бастап бұрынғы Алаш қозғалысына



қатысқан қайраткерлер жаппай тұтқындалып, аяғы ашықтан-ашық түрмелерге қамауларға ұласты. Соның нәтижесінде 1928 жылдың аяғында қазақтың ірі ағартушылары, әдебиетшілері әр түрлі саладағы зиялылары және Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Ғаббасов және тағы басқа барлығы 44 адам қуғындалып тұтқындалды. Алаш қозғалысы қайраткерлеріне Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4-сәуірдегі және 1920 жылғы 15-сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, түрлі әдіспен бүркемеленген қудалау ақыры, осылайша И.Сталиннің тікелей ұйымдастыруымен «Алашорда ісі» атты тергеу ісіне айналып, өмір бойы отарлық билікке қарсы күрескен екі ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынов пен Мұхамеджан Тынышбаев «тобы» деген атпен белгілі болды. Бұл зобалаңнан аман қалған зиялы қазақ саусақпен санарлық еді. 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында ұлттық зиялыларының екінші бір тобы (40-қа жуық адам), құрамында Х. және Ж.Досмұхамедовтар, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Ж.Күдерин, Қ.Кеменгеров және өзге де зиялы қауым өкілдері тұтқындалды. Алдыңғы легі 1928 жылдың аяғында ұсталып, 1930 жылы да жалғасын тапқан контрреволюциялық ұйым құрған бұл «буржуазиялық-ұлтшылдардың», кеңестік жүйе алдындағы «айыптары» төмендегідей болатын; «Ақпан төңкерісіне дейін ұлтшыл «Алаш» партиясының құрамына кірген, «Алашорда» үкіметінің мүшесі болған, сондай-ақ, орыстың ақ гвардияшыл казактарымен, контрреволюцияшыл генерал Колчактың армиясымен бірігі, кеңес үкіметіне қарсы күрескен, кейіннен контрреволюциялық армиямен Үкіметке кешірім жасалған соң да, контрреволюциялық ұйымның ұйытқысы болған қазақтың ұлтшыл-буржуазияшыл интеллигенциясының өкілдері кеңеске қарсы қылмысты әрекеттерін жалғастырып келді». Одан әрі ОГПУ құрастырған жаланың мазмұны да осы сарындас болып, қисыннан қиыстырылады. Яғни «...Қылмысты іс бойынша айыпқа тартылған бұрынғы алашордашыл Ә.Ермеков 1921 жылдың басында, Мәскеу қаласында әйгілі ұлтшыл Байтұрсыновпен бірге башқұрт ұлтшылы Валидовпен кездесіп, контрреволюциялық ұйым ашуға келіскен. Олар оның орталығына Орынбор қаласын тандап алған». Бұдан әрі ОГПУ тергеуіндегі материалдарға назар аударсақ: «... Мұның артын ала айыпқа тартылып отырған Досмұхамедов Халел мен Дулатов (ОГПУ коллегиясының шешімімен сотталған) Ташкент қаласында осы астыртын контрреволюциялық ұйымының бөлімшесін құрған, оның құрамына айыпталушылар болып отырған: Досмұхамедов Халел және Досмұхамедов Жағанша, М.Тынышбаев, А.Үмбетов, Ә.Мұнайтпасов кірген. Орынбормен тікелей байланыстары болған және айыпкерлер Досмұхамедов Халел мен Жағанша, Тынышбаев Мұхамеджан дайындаған бағдарламаны қабылдаған, оның негізіне «Алаш» партиясының бұрынғы бағдарламасының талаптары өзек етіп алынған, яғни олардың түпкі мақсаттары—кеңес үкіметін құлату, құрылтай жиналысын өткізу арқылы қазақтың ұлтшыл-демократиялық республикасын құру, бұл мақсаттарына жету үшін ұлтшылдарға сықап тұрған кеңес үкіметінің мекемелерін пайдаланып, мәдениет майданын қолға алып, жастарды көтеріліске дайындап, кеңестік саясатты» Алаштың «бағыт-



бағдарына сай бұрмалап отыруды көздеді». Сонымен қатар ОГПУ тергеушілерінің айыптауында: «... Маркстік қондырғысыз, бұрынғы «алашорданың» идеологиясының негізінде мектепке: Байтұрсынов, Аймауытов, Жұмабаев, Байтасов, Жәленов, Омаров Е., Омаров А., Байсейітов Ә., Әділов, Әуезов, Досмұхамедов Х., Досмұхамедов Ж., Тынышбаев оқулықтар жазды. Көпшіліктің алдында лекция оқып, баяндама жасағандар қазақтың мәдениеті мен тарихын, өмірін «Алашорданың» идеологиясы тұрғысынан түсіндіргендер: Досмұхамедов Х., Есполов, Қашқынбаев, Жұмабаев, Әуезов, Тынышбаев - бұлар Ташкенттегілер, Орынбордағыларды білмеймін. Қожанов та баяндама жасаған, Асфендияров пен И.Токтыбаев және басқалар да араласты... Осы кезде шыққан кітаптардың көпшілігі «Алашорданың» идеологиясы тұрғысынан жазылды, оқу орындарының түлектері сол идеямен қаруланып шықты. Осылайша социализм жеңістерін мойындай қоймаған «халық жауларының» әрқайсысы өздерінің «қылмыстарына» сай жазаға тартылды. 1932 жылы 20 сәуірде №2370 іс бойынша РКФСР Қылмыс Кодексінің 58/7, 58/11 және 58/3 баптарының тармақтарымен айыпталған М.Тынышбаев жазасын өтеу үшін, алғаш 1930 жылдан бастап бес жыл мерзімге концлагерге қамауға жіберілсе, кейіннен бұл жаза Ресейдің Орталық Қаратопырақты аймағына (Воронеж қаласына) жер аударумен алмастырылды. Мұндай жазаға сонымен бірге, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, Ж.Күдерин, М.Жұмабаев, М.Дулатов сотталып, жер аударылды, Ж.Аймауытов Мәскеудің түрмесінде атылды. М.Әуезов түрмеге қамалды. 1920-1930 жылдарда араб әрпімен шыққан басылымды пайдаланғандар «пантүркист», «панисламист», тіпті, «халық жауы» деп жарияланып, қудалауға ұшырайтын болды. Кітапхана қорларынан әкімшілдік-тәрешілдік жүйенің теориясы мен практикасына мазмұн мен қайшы басылымдар, ең алдымен олардың ішіндегі араб әрпімен басылғандары аластатылды. Мұндай іс-әрекеттердің барлығы большевиктердің өздеріне идеялық жағынан қарсылық көрсете алатын зиялылардан құтылу жолы екенін байқатады. Сондықтан да елдің санасында қорқыныш сезімін ұялату, сөйтіп қарсылық көрсету мүмкіндігінен толық айыру жолы ретінде осы қуғын-сүргін – репрессия саясатын жүргізді. Осылайша 1920 жылдан бастап әлеуметтік күштеудің мемлекеттік механизмі мен социалистік құрылымға қарсы пікір білдірушілерге қарсы террордың тәжірибесі негізделіп, оның жалғасы 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» ол заңды логикалық процесс механизмі болды. Бірақ кеңес халқына қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін бір дүркін түрде емес, толқынды сипатта жүрді. 1937-1938 жылғы жаппай саяси репрессия өзінің жүргізілу кезеңінде мемлекеттегі тоталитарлық-авторитарлық билік жүйесіне сәйкес келді. Тоталитарлық жүйе ол тек идеология мен этакратиядан ғана емес, жаңа қоғамды құру процесстері мен алғышарттар нәтижесінен пайда болды. Оның КСРО сияқты алып мемлекеттегі үлгісі биліктегілердің саяси репрессия шараларын өз халқына қарсы қаруы ретінде ұстап, қоғамдық өмірдің барлық саласына: экономика саласына, қоғамның әлеуметтік құрылымына, саяси институттарына толық бақылау жүргізіп отыру түрінде болды және ол заңды қарама-қайшылыққа әкелді. Осы қарама-



қайшылықтарды басып-жаншу мен тұншықтыру саяси қуғындау шараларымен жүзеге асты. Сондықтан пролетариат диктатурасы атанған сталиндік режимнің өз халқына қарсы жүргізген «үлкен терроры» әрине кездейсоқ жаңылыс құбылыс емес-тін. Яғни, 1937-1938 жылдардағы жүргізілген қуғын-сүргін науқандары кең ауқымды әлеуметтік топты қамтыды. 1935-1938 жылдар арасындағы И.Сталин бастаған шағын арандатушы саяси топтың өзінің туған халқына қарсы жасаған аса ауқымды қылмысы заң қорғау органдары саяси қуғын-сүргін жүйесін қалыптастырып, арнайы қабылданған қаулы-қарарлар, нормативтік актілер арқылы репрессияның заңдық негізі жасалды. Бұл арқылы белгіленген немесе жасырын дұшпандар нақты таңбаланған – «ұлтшыл», «алашордашыл», «троцкист-зиновьевшіл», - деген саяси атқа ие болды. Кейіннен «дүнгендер» тобына «фашистер», «шпиондар», «барлаушылар» мен «диверсанттар», сонымен қатар бүлікшілер де қосылды. Осымен бірге, «қайбаракат элементтердің», «ашық ауыздың» және «шіріген либералистердің» өмірін оқыту әдістері де анықталды. Бұдан кейінгі «дұшпандар» шеңберінің кеңейіп ішкі және сыртқы саяси факторлардың әсеріне байланыстырылып, 1937 жылдың өн бойында «троцкистер мен басқа екі жүзділер», «троцистік-зиновьевтік фашист-бандиттер», «азғырушылар» болып кете береді. Репрессияның тарихи салдарларының ауқымының көптігі сонша өмірдің барлық салаларында жекелеп қарастыруға болады. Оның саяси өмірге де экономика, әлеуметтік, мәдени салаларға әкелген зардабы орны толмас таңба болып қалды. Сталиндік репрессия зиялыларымыздың ғылыми қызметіне нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың шәкірттері мен жанұяларына да қасірет әкелді. Сталиндік қуғын-сүргін қоғамда ауыр із қалдырды. Түрмеге қамау, жер аудару, партия қатарынан шығару және қызметтен босату тәрізді жазалаулар қазақ зиялыларын жалтақ, жасқаншақ, тіптен екі жүзді етіп қалыптастырудың жана кезеңіне апарды. Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана ол жағдай бәсеңдей бастады. Алашорда зиялылары қазақ елін отарлық езгіден азат ету, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды мақсат етіп қойды. Олар біртұтас халықтық мүддені көздеді. Кеңестік кезеңдегі «ұлтшылдар» атанған ұлттық бағыттың заңды жалғастырушылары болды. Бұл үрдіс келе-келе эміршіл-жімшіл жүйенің туындауымен үзіліп, тәуелсіздігімізді жариялауға, дербестік ұмтылыс жасау тұрмақ, емеурін білдіруге де болмайтын, төрешіл де тегеурінді мемлекет ішінде «кіші іні» ретінде өмір сүруге алып келді. Бұл жағдай Қазақстанның өзін-өзі билеуіне бөгет қойды, ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ізгі арманы ХХ ғасырдың аяқ кезінде Одақтық мемлекеттің күйреуі нәтижесінде ғана ақиқатқа айналды. Кеңес үкіметінің орнаған алғашқы күніне бастап-ақ үзіліссіз жүргізіп отырған бұл шараның қанды шеңберіне қоғамның саяси өміріне белсенді түрде араласқан адамдардың барлығы да іліккен еді. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әртүрлі мөлшерде айтылады. Саяси жаламен «үлкен террор» кезінде репрессияланғандар – 16520 адам, 1937 жылы – 6329 адам, 1938 жылы – 7191 адамды құрады. Қазақстан облыстары бойынша репрессияланғандар санының көп бөлігі Батыс Қазақстан



облысына келеді. Оның мәні аймақ бойынша Орталыққа жақын орналасуында еді. Алайда Батысқа жақын аймақтар Қарағанды (23,2%), Ақтөбе (14,4%), Оңтүстік Қазақстан (20,0%) үлестері де аз емес. Дегенмен аймақтық фактор ғана емес, ол аймақтардың өндірістік және ауылшаруашылық деңгейіне де байланысты. Тұрғындары сирек және экономикалық қатынаста әлсіз аймақтарға репрессияға ұшырағандардың саны аз келеді. М.Тәгімов «Зұлматтың ауыр зардабы» атты еңбегінде 1937-1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмеде, ал оның 22 мыңы атылған деп айтады. 1936-1938 жылдар арлығында 29 әртүрлі «контрреволюциялық ұйымдар» ашылып, 1937-1938 жылдары 160 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал, 1937 жылы ақпан айында Алматыда күніне 37-39 адам, наурыздан бастап күніне 53-54 адам, 1937 жылы 700, 1938 жылы 980 адам атылған. Бұл келтірілген сандық фактілердің ар жағында мыңдаған-миллиондаған адамдардың қайғылы тағдыры, бірнеше буын ұрпақтардың, бүгін халықтардың өзгеріске деформациялауға ұшыраған рухани болмысы, мінезі жатқандығын айтып жеткізу әрине оңай емес. 20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, И.В.Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологияландырылған саясаты профессионалдық оқу орындарындағы істің жағдайына бәрінен де көп зиян келтірді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары 20-шы жылдарда басталып, Сталин өлгенге дейін жүргізілді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың ортасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Телжан Шонанов, Қошке Кеменгерев, Ғаббас Нұрымов және басқа аса көрнекті қоғам қайраткерлер, ғалым, педагогтердің өмірі қиылып кетті. Сол жылдары адамдар бойындағы тек қана адамзатқа ғана лайықты сапа-қасиеттерді азайту қуғын-сүргін саясатымен қатар жүрді. Жазылған «домалақ арыздар» сол кезеңнің ақиқатын қазіргі күні көрсеткендей. Қудалау, нақаттан жала жабу қоғамдық өмірдің барлық саласынан көрініс табатын, тіпті үйреншікті деп атауға болатын құбылысқа айналды. Халықтың жалған жауларымен күрес кеңейе келе өз мақсаттарын жүзеге асыра бастады. Оның қарқынды жүргені соншалық, еліміз лагерьлер торабымен шырмалып (Карлаг, Степлаг, Алжир), оның жан-жағы тікенекті темірлермен қоршалды.

Қорытындылап айтар болсақ, «Адамдар мемлекет үшін өмір сүреді» деген қағиданы ұстанған кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіп әлемге адам құқын аяққа басудың неше түрлі үлгілерін көрсетіп берді. Адамды жазықсыз айыптау, ал сотталғандарға адамдық өлшеммен қарамау секілді кері тартатын құбылыстар өмірден берік орын алып, адами қасиет-сапаларды төмендетті. Кеңестік тоталитарлық қоғам мемлекеттің ең басты капиталы адам екендігін естен шығарып, адамилық мәселесін мемлекеттен кейінгі екінші орынға қалдырылды.



## Алаш қозғалысының тарихи оқиғалар жылнамасы

- 1905 жыл, 26 маусым – Қоянды жәрмеңкесінде Ресей патша үкіметінің министрлер кабинетіне сөз бостандығы мен ана тілінде оқу, діни еркіндік т.б. мәселелерді көтерген 12.767 қазақ азаматы қол қойған петиция (құзырхат) жолданды.
- 1905 жыл, 15 тамыз – Нижний Новгород қаласында Бүкілресейлік мұсылмандардың I сиезі өтті.
- 1905 жыл, 17 қазан – Ресей патша үкіметі баспасөз бостандығына, мектепте ана тілде оқу еркіндігіне т.б. рұқсат берген манифест жариялады.
- 1905 жыл, 6-13 қараша – Мәскеуде жергілікті жер және қала қайраткерлерінің сиезі өтіп, мұнда Ә.Бөкейхан сөз сөйледі. Ресми үкімет «А.Байтұрсынұлының 46 мысалын бастыруға рұқсат бермей жатқанын» жеткізді.
- 1905 жыл, 19 қараша – I автономшылар сиезінде М.Тынышбаевтың «Киргизы и освободительное движение» атты баяндамасы оқылды.
- 1905 жыл, 25-27 қараша – «Семипалатинский листок» газетінде Ә.Бөкейханның «Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Некролог» атты еңбегі жарияланды.
- 1905 жыл, желтоқсан – Орал қаласында Қазақ облыстары өкілдерінің сиезі өтті. «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру туралы шешім алынды. Сиезге Ә.Бөкейхан, Ж.Сейдалиев, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ғ.Бердиев, М.Бақытгереев, И.Токбердиев, Н.Ипмағамбетов, М.Мұқанов, М.Рахымбердиев, Избасаров, Ү.Дүйсембин т.б. қатынасты. Мұнда «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» бағдарламасы қабылданды.
- 1906 жыл, 15-23 қаңтар – Санкт-Петербург қаласында Бүкілресейлік мұсылмандардың II сиезі өтті. Сиезге С.Жантөрин, Ү.Танашев, М.Оразаев, Ш.Қосшығұлұлы т.б. қазақтар қатынасты.
- 1906 жыл, 27 сәуір-10 шілде – Ресей Мемлекеттік I Думасы жұмыс істеді. Оған қазақтан Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, С.Жантөрин, А.Қалменов, Д.Тұндыт, Ш.Қосшығұлұлы, Б.Құлманов, М.Тайын мүше болды.
- 1906 жыл, маусым – Семейде қазақ сайлаушыларының сиезі өтті. Сиезде Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы т.б. сөз сөйледі.
- 1906 жыл, 16 тамыз – Нижний Новгородта Ресей Мұсылмандарының III сиезі өтті. Сиезге С.Жантөрин, Ш.Қосшығұлұлы, Ж.Алдонғаров т.б. қазақтар қатысты.
- 1906 жыл – Қазан қаласында Ресей мұсылмандары мұғалімдерінің сиезі өтті.
- 1906 жыл – «Русский Туркестан» журналында М.Тынышбаевтың «Киргизы и освободительное движение» атты мақаласы жарияланды.
- 1907 жыл, 20 ақпан-3 маусым – Ресей Мемлекеттік II Думасы жұмыс істеді. Оған қазақтан М.Тынышбаев, Т.Алдабергенов, Ш.Қосшығұлұлы, Б.Қаратаев, Б.Құлманов, А.Бірімжанов, Т.Нүрекенов мүше болды.



- 1907 жыл, 31 наурыз – Санкт-Петербуркте Оқу министрлігінде ұлт мектептерінің жайын қараған кеңес өтті. Оған қазақтан Ғ.Балғымбайұлы мен О.Әлжанов қатынасты.
- 1907 жыл, 3 маусым – Ресей патша үкіметі баспасөз бостандығына, мектепте ана тілде оқу еркіндігіне т.б. шектеу қою туралы Заң шығарды.
- 1907 жыл – II Мемлекеттік Дума таратылғанда, Ш.Қосшыұлы Ә.Бөкейханның ұсынысымен Ресейдегі түрік-мұсылмандарының, соның ішінде қазақтың нақты жағдайын баяндау үшін Түркияға барып қайтты.
- 1907 жыл – Қазанда М.Көпейұлының «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Сары Арқаның кімдікі екені» атты 3 кітабы бірдей жарық көрді.
- 1907 жыл, 18 желтоқсан – С-Петербур сот палатасының төтенше мәжілісі Ә.Бөкейханды «Выборг үндеуіне» қол қойғаны үшін 1908 жылдың 21 қаңтарынан 3 ай мерзімге Семей түрмесіне қамауға шешім шығарды.
- 1908 жыл – Париждың «La Revue du Monde Musulman» журналы ұлт, дін және әлемдік келісім мен татулыққа еңбек сіңіргені үшін Исмаил Гаспринскийді Нобель сыйлығына ұсынды.
- 1909 жыл – А.Байтұрсынұлы «Қарқаралыда өкіметке қарсы әрекеттер жасады» деген айыппен тұтқындалып, 2 жылға жер аударылды.
- 1909 жыл – Шәкәрім мен Кәкітай Ә.Бөкейханға хат жазып, «Қарауыл мұжыққа кетіп барады. 15 десятинадан жер алайық па?» деп сұраған. Әлихан: «Бұл жолсыз қокан-локқы. Құнанбай баласы Тобықтыға мұрындық болды деген атқа қаларсың. Не болса да жұртпен көр» деп ақыл қосқан.
- 1909 жыл – Петерборда Абайдың өлең кітабы басылып шықты.
- 1909 жыл – Петерборда А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы жарық көрді.
- 1909 жыл – Уфаның «Шарқ» баспасынан М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабы жарық көрді.
- 1910 жыл, 9 наурыз – А.Байтұрсынұлы Орынборға келді. Ағартушы өмірінің жаңа кезеңі басталды.
- 1910 жыл, 30 қыркүйек – сұлтан Б.Қаратаев Ә.Бөкейханға Қазақстандағы жер мәселесін шешу жолдары туралы хат жолдады.
- 1910 жыл, 21 қазан – Ұзынағашта Жетісу қазақтарының жер мәселесіне байланысты кеңесі өтті. Оны Б.Сыртанов ұйымдастырды.
- 1910 жыл – Қазанның Кәрімовтер баспасынан қазақтың тұңғыш романы М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» жарық көрді.
- 1910 жыл – Орынбордың «Вақт» газетінің баспаханасынан Ғ.Қараштың «Ойға келген пікірлерім» атты пәлсапалық-танымдық кітабы жарық көрді. Мұнда мұсылман әлемін оятуға себепші болған М.Абдуһу мен Ж.Ауғани пайымдары зерделенеді.
- 1911 жыл – Қазақтың тұңғыш журналы – «Айқап» шыға бастады. Бас редакторы – М.Сералин.
- 1911 жыл – Уфадағы «Ағайынды Кәрімовтер мен Хұсайыновтар баспаханасынан» Ғ.Қараштың «Өрнек» атты пәлсапалық-танымдық



- кітабы жарық көрді. Мұны «Ғалия» медресесінің шәкірттері бастыртты. Аталған еңбекте де мұсылман әлемін оятуға себепші болған М.Абдуһу мен Ж.Аугани ойлары біршама сараланған.
- 1911 жыл – М.Дулатов «Оян, қазақ!» кітабында өкіметке қарсы халықты көтерді» деген айыппен Семейде абақтыға жабылып, 103-129 статьялар бойынша 19 ай қаласта жатты.
- 1911 жыл – Орынборда Шәкәрім кажының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және «Мұсылмандық шарты» атты екі бірдей кітабы жарық көрді.
- 1911 жыл – Уфада «Ғалия» медресесінің шәкірттері И.Арабаев пен Х.Сәрсекеұлының қазақ-қырғыз балаларына арналған жәдитше әліппесі жарық көрді.
- 1912 жыл – Орынборда А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба» еңбегі жарық көрді.
- 1912 жыл – Қазанда М.Жұмабаевтың «Шолпан» атты өлеңдер жинағы басылып шықты.
- 1913 жыл, 2 ақпан – Орынбордағы Кәрімов-Хусаинов баспаханасынан «Қазақ» газетінің 1-саны шықты. Бас редакторы – А.Байтұрсынұлы.
- 1913 жыл, 23 мамыр – «Қазақ» газетінде Х.Досмұхамедұлының «Алаш» не сөз?» атты мақаласы жарияланды.
- 1913 жыл – «Айқап» журналында Ж.Сейдалиннің «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» атты мақаласы жарияланды.
- 1913 жыл, 18 маусым – «Айқап» журналында Ә.Бөкейханның Ж.Сейдалиннің хағына жауап ретінде «Ашық хат» деген мақаласы жарияланды.
- 1914 жыл, 18 сәуір – Омбыда қазақ жастарының бейресми «Бірлік» ұйымы құрылды.
- 1914 жыл – Петербордың «Речь» газетінде Ә.Бөкейханның қазақ халқын орыстандыру мен шоқындыруға қарсы мақаласы жарық көрді.
- 1914 жыл, қыркүйек – түркі жұртының даңқты қайраткері И.Гаспринский (1851-1914) қайтыс болды. Қазақ басылымдарында мұнақып берілді.
- 1914 жыл – Орынборда А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық» атты оқулығы жарық көрді.
- 1914 жыл, 6-10 желтоқсан – Петерборда Мұсылмандар сиезі өтіп, «ортақ тіл» мәселесі талқыланды. Биік мінбеден қазақ тілінің түрік тілдері ішінде айрықша орны бар екені айтылды.
- 1915 жыл – М.Тұрғанбаевтың «Пайғамбар заманы» атты кітабы жарық көрді.
- 1915 жыл – Н.Күзембайұлының «Құран құралы» атты еңбегі жарияланды.
- 1915 жыл – М.Шоқай Ташкентте зиялылар мен білікті шәкірттердің басын қосқан «Кенес» атты жасырын ұйым құрды.
- 1915 жыл, 4 қаңтар – «Қазақ» газетінде С.Дөнентаевтың «Ұлтшылға» атты өлеңі басылды.
- 1915 жыл, 21 қыркүйек – даңқты ғалым, қазақ халқының кең жүректі досы, Ертіс бойындағы Тұзқаланың тумасы Григорий Потанин 80-ге толды. Ол



- туралы Ә.Бөкейхан 1913 жылы, М.Дулатов 1915 жылы «Қазақ» газетінде мақала жазды. Мерейтойға А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов тағылымды жыр арнады. Қазақ шәкірттері арнайы жинақ шығаруды жоспарлады.
- 1915 жыл, 8 желтоқсан – түркі халықтарының атынан Венаға келген ресми делегация Австрия министр-президенті Шрюргк пен Сыртқы істер министрінің орынбасары граф Форгачка негізгі мәселелердің қатарында «Қазаққа саяси-әкімшілік тәуелсіздік әперу» ұсыныс-хатын тапсырды.
- 1915-1918 жылдар – Уфада «Ғалия» медресесінің шәкірттері «Садақ» атты қолжазба журнал шығарды.
- 1916 жыл – Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясы жанындағы бюроға Ә.Бөкейхан еніп, жұмыс істеді.
- 1916 жыл – Н.Төреқұлов жасырын бағыттағы «Еркін дала» ұйымын құрды.
- 1916 жыл – Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс басталды.
- 1916 жыл – Қарқара көтерілісі басталды.
- 1916 жыл – «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың «Алаштың азаматтарына» атты үндеуі жарық көрді.
- 1916 жыл, 8 қазан – «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Алашқа» атты өлеңі жарияланды.
- 1916 жыл, 26 қараша – «Алаш» газеті шыға бастады.
- 1916 жыл – Б.Қаратаев, Ж.Досмұхамедұлы, Ж.Сейдалиев Петроградқа арнайы барып, ІҮ Мемлекеттік Дума алдында қазақтарды оқоп жұмысына алу жөніндегі жарлықты тоқтатуды сұрады.
- 1916-1918 жылдар – Омбыда «Бірлік» ұйымы жастарының «Балапан» атты қолжазба журналы шығып тұрды. Редакторы – Қ.Кемеңгеров.
- 1916 жыл, 23 желтоқсан – 1917 жыл, 12 қаңтар – Ә.Бөкейхан бастаған қазақ қайраткерлері Күнбатыс майданының Земскі комитетінің рұқсатымен Земгордың дружиналарында әскери қызметтегі жерлестерімен (саны 12 мыңнан асады) кездесіп, жағдайларын білді.
- 1917 жыл – Б.Күлсеутін «Шын сүйіскендер», М.Дулатовтың «Тікбақайлар», «Қызыл кашар» пьесалары сахналанды.
- 1917 жыл – Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясы жанындағы бюроға М.Шоқай еніп, жұмыс істеді.
- 1917 жыл, наурыз – Оралда, Семейде, Омбыда, Алматыда, Торғайда қазақ комитеттері құрылды.
- 1917 жыл, 9 наурыз – «Алаш» газетінде Н.Күзембайұлының «Ұраным – Алаш!» атты өлеңі жарияланды.
- 1917 жыл, 15 наурыз – Минскіден Ә.Бөкейхан бастаған 15 қайраткер Алаштың 25 белгілі елді мекеніндегі нақты азаматтарға хат жолдады. Мұнда: «Жана құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Учредительное собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек» деп жазылған.
- 1917 жыл, 17 наурыз – «Қазақ» газетінде А.Мәметұлының «Алашқа сәлем» атты өлеңі басылды.



- 1917 жыл, 2-8 сәуір – Орынбор қаласында Торғай облыстық қазақ сиезі өтті. Сиез жалпықазақ сиезін шақыру жөнінде бюроның құрамын бекітті. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов т.б. мүше болып енді. Сиез төрағалығына А.Байтұрсынұлы сайланды.
- 1917 жыл, 12 сәуір – «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханның, М.Шоқайдың, М.Дулатовтың «Алаш ұлына» атты үндеу-мақаласы жарық көрді.
- 1917 жыл, 12 сәуір – «Қазақ» газетінде С.Дөнентаевтың «Азаттық күні» өлеңі жарияланды.
- 1917 жыл, 12-14 сәуір – Алматы қаласында Жетісу облыстық қазақ сиезі өтті. Сиез төрағалығына Ы.Жайнақов сайланды.
- 1917 жыл, сәуір – Түркістан комитеті құрылды.
- 1917 жыл, сәуір – Ә.Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болды.
- 1917 жыл, 16 сәуір – Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының I құрылтайы өтті.
- 1917 жыл, 21 сәуір – «Алаш» газетінде елді бірлікке, белсенділікке шақырған «Алаш балалары» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл, 19-22 сәуір – Орал қаласы Орал облыстық қазақ сиезі болды.
- 1917 жыл, 20-25 сәуір – Бөкей Ордасы облыстық қазақ сиезі өтті. Сиез төрағалығына У.Танашев сайланды.
- 1917 жыл, 25 сәуір - 7 мамыр – Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ сиезі өтті. Сиез төрағалығына А.Тұрлыбаев сайланды.
- 1917 жыл, 27 сәуір - 7 мамыр – Семей облыстық қазақ сиезі болды. Сиез төрағалығына Ж.Ақпаев сайланды.
- 1917 жыл, 1-11 мамыр – Мәскеу қаласында Бүкілресейлік мұсылмандар сиезі өтті. Сиезде құрылған мұсылман Кеңесінің атқару комитетіне Ж.Досмұхамедұлы, У.Танашев, Ж.Ақпаев, К.Тоғысов сайланды. Сиез шешімімен Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі, «Шура-и ислам» құрылды..
- 1917 жыл, 2 маусым – Верный қаласында Жетісу облыстық қазақ сиезі өтті.
- 1917 жыл, маусым – Ойыл қаласында Орал облыстық II қазақ сиезі өтті.
- 1917 жыл, маусым – «Сарыарқа» газеті шыға бастады. Шығарушылары – Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков.
- 1917 жыл, 24 маусым – «Бірлік туы» газеті шыға бастады. Шығарушысы – М.Шоқай.
- 1917 жыл, 21-26 шілде – Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиезде мемлекеттік құрылыс, Қазақ автономиясы, жер, оқу, дін, қазақ саяси партиясы, әйел, құрылтай жиналысына, мұсылмандар кеңесіне депутаттар сайлау, партия бағдарламасын дайындау мәселелері көтерілді.
- 1917 жыл, 2-5 тамыз – Ташкент-Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының сиезі өтті. Сиез төрағалығына М.Тынышбаев сайланды.
- 1917 жыл, тамыз – Верный қаласында Жетісу облыстық II қазақ-қырғыз сиезі өтті.



- 1917 жыл, 21 тамыз – «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Қайда едің?» атты терең пәлсапалы, елшіл өлеңі жарияланды.
- 1917 жыл, 20-25 тамыз – Ақтөбе қаласында Торғай облысы қазақтарының II сиезі өтті. Сиез төрағалығына М.Есполов сайланды.
- 1917 жыл, қыркүйек – Ақмола облысы қазақтарының II сиезі өтті.
- 1917 жыл, 8-11 қыркүйек – Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының II құрылтайы өтті.
- 1917 жыл, 10 қыркүйек – Бөкей Ордасы облыстық II қазақ сиезі болды.
- 1917 жыл, 12 қыркүйек – Семей облыстық II қазақ сиезі болды.
- 1917 жыл, 17-20 қыркүйек – Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының III құрылтайы өтті.
- 1917 жыл, 18 қыркүйек – Түркістан қаласында Орал облысы молдаларының сиезі өтті.
- 1917 жыл, 8-11 қазан – Түркістан қаласында Сырдария облыстық қазақ сиезі өтті.
- 1917 жыл, 8-15 қазан – Том қаласында Сібір автономиясын құру туралы жалпысібір сиезі өтті.
- 1917 жыл, 31 қазан – Омбы қаласында ұлттық Алаш партиясын құруға арналған Құрылтай өтті.
- 1917 жыл, қазан – Семей жұртшылығы қайраткер Ә.Бөкейханды құрметпен қарсы алды.
- 1917 жыл – «Сарыарқа» газетіне «Алаш» партиясына мүшелікке кірмек болған азаматтарға қойылатын талаптар мен партияның бағдарламасына енгізілетін мәселелер турасындағы «Алаш партиясы» мақаласы жарияланды.
- 1917 жыл, 14 қараша – «Қазақ» газетінде «Алаш партиясы» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл, 21 қараша – «Қазақ» газетінде «Алаш партиясының програмының жобасы» жарық көрді.
- 1917 жыл, 21 қараша – «Сарыарқа» газетінде С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңі жарияланды.
- 1917 жыл, 22-27 қараша – Торғай облыстық Кеңесінің сиезі өтті.
- 1917 жыл, 25 қараша – Петроградта Ресей боданындағы сансыз ұлттың тағдырын шиеленістірген, Азамат соғысына себепші төңкеріс болды.
- 1917 жыл, 26 қараша – «Қазақ» газетінде ұлт әскерін қалыптастыру туралы «Ел қорғау» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл, 26-28 қараша – Түркістан мұсылмандарының IV өлкелік төтенше құрылтайы. Құрылтайда «Түркістан автономиясы» жарияланды. Оның төрағасы болып М.Тынышбаев сайланды.
- 1917 жыл, 27 қараша – Қоқанда Түркістан автономиясы (мұхтарият) жарияланды.
- 1917 жыл, 5-13 желтоқсан – Екінші жалпықазақ сиезі болды. Сиезде Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы жарияланды. Алашорданың төрағасы болып баламалы негізде Ә.Бөкейхан сайланды.



- 1917 жыл, 23 желтоқсан – «Қазақ» газетінде «Жалпы қазақ съезінің қаулысы» атты Алаш Орда үкіметін жариялаған жиынның құжаты шықты.
- 1917 жыл, 23 желтоқсан – «Қазақ» газетінде «Түркістан автономиясы» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл – «Сарыарқа» газетінде С.Торайғыровтың «Ғалиханның Семейге келуі» атты мақаласы жарияланды.
- 1917 жыл, 23 желтоқсан – «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханның «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласы жарияланды.
- 1917 жыл, 26 желтоқсан – «Сарыарқа» газетінде Алашқа қарсы адамдар туралы «Қазақтан шыққан арамзалар» атты мақала басылды.
- 1917 жыл, 31 желтоқсан – «Қазақ» газетінде «Алаш бірлігі» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл – «Қазақ» газетінде жалпы қазақ сиезі бекіткен Алаш автономиясының таяудағы міндеттері туралы «Тығыз жұмыстар» атты мақала жарияланды.
- 1917 жыл, желтоқсан – 1918 жыл, ақпан – Алаш қайраткерлері туралы халыққа кең мағлұмат берген С.Торайғыровтың «Таныстыру» дастаны жазылды.
- 1918 жыл, 6-9 қаңтар – Түркістан қаласында Сырдария облысы қазақтарының сиезі өтті. Сиезге Алашорда атынан Б.Құлманов, М.Дулатов, Т.Құнанбаев қатысты.
- 1918 жыл, қаңтар – Алматы қаласында Жетісу облыстық қазақ сиезі өтті.
- 1918 жыл, қаңтар – «Абай» журналында Ж.Аймауытұлының «Алаш ұлдарына арналған ұран» атты өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл, 15 қаңтар – «Қазақ» газетінде Алаштың елдік рәмізін сипаттаған «Орда гербі (таңбасы)» атты мақала басылды.
- 1918 жыл, 22 қаңтар – «Сарыарқа» газетінде Ж.Аймауытұлының «Алашқа» атты өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл – «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханның «Саяси хал» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл, 22 қаңтар – «Сарыарқа» газетінде Ә.Ермековтің «Жасасын, Алаш, жасасын!» атты мақаласы басылды.
- 1918 жыл 22 қаңтар – алғаш «Ұран» газетінде, «Сарыарқа» газетінде Ғ.Қараштың «Алаш азаматы» атты өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл, 22 қаңтар – «Сарыарқа» газетінде Х.Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл, ақпан – Қаратөбе қаласында Орал облыстық VI казак сиезі өтті.
- 1918 жыл, наурыз – Х.Досмұхамедұлы және Ж.Досмұхамедұлы Мәскеуге барып, Алашорда атынан В.Ленинмен, И.Сталинмен кездесіп, II жалпықазақ сиезінің қаулысын табыс етті.
- 1918 жыл, 6 наурыз – Алаш қаласында (Семей) ұлт әскерінің басшысы Қ.Нұрмұхамедов большевиктер қолынан қаза тапты. Оны ел «тұңғыш құрбан» деп атап кетті.



- 1918 жыл, 15 наурыз – «Бірлік туы» газетінде большевиктердің Түркістан автономиясын талқандағанын айна-қатесіз сипаттаған Х.Болғанбаевтың «Тұла бойлары қан сасиды» атты мақала-естелігі жарық көрді.
- 1918 жыл, 19 наурыз – Совет үкіметінің мүшесі, ұлт жұмыстарын басқарушы комиссар Сталин Мәскеуден Семейдегі Алаш Ордасының бастығы Ә.Бөкейхан мен Х.Ғаббасовты телеграфқа шақырды. Онда Сталин: «...қазақ-қырғыз өкілдері жергілікті советтермен бірігіп, ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға сиез шақыратын комиссия құру керек» – деп, алашордашылардан осы мәселеге байланысты жауап қайтаруын өтінді.
- 1918 жыл, 21 наурыз – Алашордашылар кеңес үкіметін Россиядағы барлық автономиялы халықтардың кіндік үкіметі деуге қаулы қылды.
- 1918 жыл – «Сарыарқа» газетінде Сырдария сиезінде қаралған мәселелер туралы «Алаш һәм Түркістан» атты мақала жарияланды.
- 1918 жыл, 3 сәуір – Алашорда үкіметі атынан Алаш автономиясын жариялау жөнінде РСФСР министрлер кеңесіне жеделхат жіберілді.
- 1918 жыл, 3 сәуір – «Үш жүз» партиясы барлық жұмысшы табының мүдделерін қорғайтын үндеу тастады.
- 1918 жыл, 5-13 сәуір – Омбы қаласында қазақ жастарының тұңғыш сиезі өтті. Мұнда барлық жастар ұйымы «Жас Азамат» ұйымына топтасты.
- 1918 жыл, 5 мамыр – Омбы қаласында Алаш жастарының I сиезі өтті.
- 1918 жыл – Большевиктер қолынан Оралда – сардар Н.Сарбөпин, Мақаншыда – қайраткер О.Әлжанов опат болды.
- 1918 жыл, 10-13 мамыр – Алаш қаласында Семей облыстық III қазақ сиезі өтті.
- 1918 жыл, 18-21 мамыр – Жымпиты қаласында Орал облыстық IV қазақ сиезі өтті. Сиез төрағасы болып Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Сиезде «Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі» құрылды.
- 1918 жыл, 25 мамыр – Жетісу облыстық IV қазақ сиезі болды.
- 1918 жыл, 11-12 маусым – Алашорданың кеңес үкіметі декреттерінің күшін жою, уақытша жер пайдалану, әскери кеңес құру, облыстар мен уездерде Алашорда үкіметінің кеңестерін құру туралы қаулылары шықты.
- 1918 жыл, 30 маусым – «Қазақ» газетінде қаламгер Ж.Жәнібекұлының «Аттан, Алаш азаматы!» атты мақаласы жарық көрді.
- 1918 жыл, 3 шілде – «Сарыарқа» газетінде Б.Майлиннің «Алашордаға» өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл – «Қазақ» газетінде Н.Наушабаевтың «Алашордаға» өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл – «Абай» журналында М.Дулатовтың «Алашқа» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл – «Абай» журналында Ж.Аймауытұлының «Ұлтты сүю» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл, 15 шілде – Омбыда Сібір Уақытша үкіметінің министрлер кеңесі Ә.Ермековтің «Қазақ және Сібір қарым-қатынасы туралы» жобасын тыңдады.



- 1918 жыл, 30 шілде – Омбыдағы Алаш партиясының бас кеңесі Алашорда үкіметін қолдауға шақырған «Алаш азаматтарына» үндеуін жариялады.
- 1918 жыл, 30 шілде – «Қазақ» газетінде большевиктерге қарсы күресуге шақырған «Аттан, Алаш азаматы» атты үндеу жарияланды.
- 1918 жыл, 30 шілде – Петропавл қаласында Алаш жастарының тұңғыш газеті – «Жас Азамат» басылымының 1-саны жарық көрді.
- 1918 жыл, 30 шілде – «Жас Азамат» газетінің 1-санында большевизмнің имансыздығын меңзеген Қ.Кемеңгеровтің «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл, 29-30 шілде, 2-3 тамыз – Алашорда үкіметі Сібірдің Уақытша үкіметімен келісім жасады.
- 1918 жыл, 18 тамыз – «Жас Азамат» газетінде М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі жарияланды.
- 1918 жыл, 10-31 тамыз – Лепсі қаласында Жетісу облыстық V қазақ сиезі өтті.
- 1918 жыл – Түркістан тұлғасы, өзбек қайраткері А.Фитраттың «Әмір-Темір сағанасы» атты пьесасы жарық көрді. Мұнда жалпы түркі халқының ауыр тағдыры сипаттала келе «Тұранның ... қазағы аштан өлді» делінеді.
- 1918 жыл, ақпан-қазан – Семейде «Абай» журналы шығып тұрды. Ұйымдастырғандар – Ж.Аймауытов пен М.Әуезов.
- 1918 жыл, 10 қыркүйек – «Қазақ» газетінде «Үш жүз» партиясының серкесі К.Тоғысовтың Алаш Ордаға хаты және осы хатқа берілген жауап басылған.
- 1918 жыл, 11 қыркүйек – Батыс Алашорда үкіметі құрылды. Оның төрағалығына Ж.Досмұхамедұлы сайланды.
- 1918 жыл, 16 қыркүйек – «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Алаш Орда» атты мақаласы жарияланды.
- 1918 жыл, 8-23 қыркүйек – Уфа мемлекеттік мәжілісі өтті. Оған Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, А.Байтұрсынұлы т.б. қатысты.
- 1918 жыл, қазан – Түркістан қаласында Сырдария облыстық қазақ сиезі өтті.
- 1918 жыл, 14-17 қазан – Қостанай уезі қазақтарының төтенше сиезі.
- 1918 жыл – Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Р.Мәрсеков Қытайдың Шәуешек қаласына барды.
- 1918-1923 жылдар – Орталық Азияда түркі халықтарын большевизмнен азат ету қозғалысы (басмашы) жүрді.
- 1919 жыл – Омбыда шығатын «Трудовая Сибирь» журналында С.Сәдуақасұлының қазақ әдебиетіне кең талдау жасаған «Киргизская литература» атты очеркі жарияланды.
- 1919 жыл – М.Шоқай эмиграцияға кетер алдында Тифлиске аялдағанда, «Вольный горец», «Борьба» газеттерінде жұмыс істеді.
- 1919 жыл, 14-20 шілде – Ойыл қаласында Орал облыстық VI қазақ сиезі өтті.
- 1919 жыл, 3 тамыз – «Жизнь национальностей» газетінде А.Байтұрсынұлының «Революция и киргизы (казахи)» атты мақаласы жарияланды.



- 1920 жыл – Орынборда Қазақ халыққа білім беру институты ашылды. Директоры – М.Мырзаұлы. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, М.Дулатов, Т.Шонанов осында дәріс оқыды.
- 1920 жыл – Қазақстан баспасы ашылтып, мұнда қазақ кітаптарын сараптайтын алқа құрылды. Оның құрамына А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, Х.Болғанбаев кірді.
- 1920 жыл, 18 наурыз – Жетісу қазақтарының сиезі өтті. Сиезді М.Тынышбаев басқарды.
- 1920 жыл, наурыз – Ж.Досмұхамедұлы В.И.Ленинге, И.В.Сталинге, Л.Д.Троцкийге «Батыс Алашорда үкіметінің қызмет-әрекеті туралы баяндама хатты» тапсырды.
- 1920 жыл, 25 мамыр – Т.Рысқұлов ОК мен В.И. Ленинге «Түркістан республикасының жағдайы туралы» жоба тапсырды. Мұнда саяси, қаржылық, әскери, аумақтық тәуелсіздік мәселесі айтылған еді.
- 1921 жыл – Орынборда С.Сәдуақасұлының «Жастарға – жаңа жол» атты кітабы жарық көрді. Мұнда XX ғасыр басындағы жастар ұйымдары туралы деректер бар.
- 1922 жыл – Х.Досмұхамедұлының жетекшілігімен «Абай. Таңдамалы өлеңдері» атты жинақ жарық көрді.
- 1922 жыл – Қазақ АССР-нің Қазан қаласындағы баспа істері жөніндегі өкілі, ақын Б.Күлеевтің әзірлеуімен осы қалада Абайдың, С.Торайғыровтың, М.Жұмабаевтың кітаптары жарық көрді.
- 1922 жыл, 8 шілде – «Еңбекші қазақ» газетінде А.Байтұрсынұлының «Қалам қайраткерлері жайынан» атты мақаласы жарияланды.
- 1922 жыл, тамыз – Ташкентте Түркістан зиялылары А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын лайықты атап өтті.
- 1922 жыл, 19 тамыз – С.Садуақасұлы, Ә.Байділдин, Е.Алдоңғаров Қазақстан автономиялық республикасының басшылығы атына 30 қазақ азаматын білім және технология үйрену үшін Батыс Еуропаға жіберуді өтініп хат жазды.
- 1922 жыл – Түркістан зиялылары А.Байтұрсынұлына сыйлық-ескерткіш ретінде алтын жетон тапсырды. Оның бір жағына: «Түркістан зиялыларынан белгі. 1922 жыл, 2 ауғыст», екінші жағына: «Ақа! Күшті сенің қаламың. Халық ісі – сенің тамағың. Жаса, ұлт мектебінің жүрегі!» деп жазылыпты.
- 1922 жыл, қараша-желтоқсан – Орынборда білікті қазақ жастарының «Өртен» атты газеті шығып тұрды. Ол 29 желтоқсанда «ұлтшылдық әрекеті үшін» жабылды.
- 1922 жыл 4 желтоқсан – Түркістан автономиялық республикасы Білім комиссиясы жанынан «Талап» мәдениет көркейткіштерінің қауымы ашылды. Төрағасы – Х.Досмұхамедұлы.
- 1922 жыл – қазақтың тұңғыш киносценарийі – «Бекет батыр» жазылды. Оны Х.Досмұхамедұлы мен Ә.Диваев қарап пысықтап шықты.



- 1922-1927 жылдар – Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасының Шығыс бөлімінде қазақ секциясы (қарапайым тілде «Күншығыс» баспасы) жұмыс істеді. Мұнда Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, Н.Төрешұлы т.б қызмет атқарды.
- 1923 жыл, 6 қаңтар – Ташкентте «Талап» ұйымында С.Қожанов қазақ ағарту ісінің қазіргі қалпы мен болашағы туралы баяндама жасады.
- 1923 жыл, 26 қаңтар – Ташкентте Қазақ институтында «Талап» ұйымының кезекті жиыны өтіп, М.Тынышбайұлы «Түрік-моңғол тарихы туралы» атты дәріс оқыды.
- 1923 жыл, 29 қаңтар – Қазан қаласында ақын Б.Күлеев трагедиялық жағдайда қайтыс болды. Мағжан оны «таспықтан үзіліп түскен тас» деп бағалады.
- 1923 жыл, ақпан – Мәскеудегі «Күншығыс» баспасының жанынан Н.Төрешұлы редакторлық жасаған «Темірқазық» журналы шықты.
- 1923 жыл – Орынборда А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы ресми аталып өтіп, онда С.Садуақасұлы «Ақанның алдында» атты баяндама жасады.
- 1923 жыл, 16 наурыз – «Талап» ұйымында М.Жұмабаев «Абай өлеңдері туралы» атты дәріс оқыды.
- 1923 жыл, 17 наурыз – «Талап» ұйымы Алматыда бөлімшесін ашты. Оны Х.Басымұлы басқарды.
- 1923 жыл, шілде – Алаш тұлғасы Ә.Бөкейхан кейін театр директоры болған Д.Әділұлына «Алашқа қызмет» мәнін талдаған атақты хатын жазды.
- 1923 жыл – Ташкентте М.Есполовтың «Түркістанда келімсектер орын алған аудандарда жер мәселесі» атты кітабы жарияланды.
- 1924 жыл – Ташкентте «Сана» атты ғылыми-танымдық журнал шықты.
- 1924 жыл, желтоқсан – 1925 жыл, қаңтар – М.Жұмабаевтың ұйымдастыруымен Алаш қайраткерлері «Алқа» әдеби ұйымының бағдарламасын даярлап, белгілі қаламгерлер мен қайраткерлерге таратты.
- 1924 жыл – Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан Қ.Кемеңгеровтің «Қазақ тарихынан» зерттеуі жарық көрді.
- 1924-1927 жылдар – Уфада Бүкілресей және Сібір Орталық Діни басқармасы «Ислам мәжілісі» атты журнал шығарып тұрды. Осында қазақ қазі болып жұмыс істеген М.Мақұл Алаштың діни-рухани өмірі туралы бірнеше мақала жариялады.
- 1925 жыл – «Лениншіл жас» журналының №5 санында Ж.Аймауытұлының Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институты студенттерінің алдында оқыған «Мағжанның ақындығы туралы» атты дәрісі мақала ретінде жарияланды.
- 1925 жыл, 1 маусым – А.Байтұрсынұлы Мәскеудегі Ә.Бөкейханға хат жазды. Хатында елдегі жағдайды, шығармашылығының барысын, латын қарпіне байланысты пікірін жеткізген. Хатты НКВД тәркілеген. Мұрағатта сақталған.
- 1925 жыл, 23 маусым – Мәскеуден Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлына хат жазды. Хатта Әміренің Париж сапарының жауапкершілігін, Абай мен Ыбырай



- туралы зерттеуін жазып бітіруге әлі уақыт барын, коммунистердің біржақтылығын жазады. Хатты НКВД тәркілеген. Мұрағатта сақталған.
- 1925 жыл – Мәскеуде Қ.Кемеңгеровтің «Бұрынғы езілген ұлттар» атты кітабы жарық көрді.
- 1925 жыл – Ташкентте Х.Досмұхамедұлының жетекшілігімен «Исатай-Махамбет. 1-бөлім» жинағы жарық көрді. Осының алғысөзін М.Әуезов тарихи мағлұмат беретін маңызды еңбек деп бағалады.
- 1925 жыл, 22 қазан – Халық ағарту комиссары (министр) С.Садуақасұлы Қызылордада ұлт театрын ұйымдастыру туралы мәжіліс өткізді. Бұл Қазақстан кеңестерінің 15-19 сәуірде өткен V сиезінде қабылданған «ұлт театрын құру» қарарына сәйкес жүзеге асты. С.Мұқанов бұл сиезді «Алашордашылардың жиыны болды» дегені мәлім.
- 1926 жыл, 13 қаңтар – Қазақ ұлттық мемлекеттік театрының ресми ашылған күні. Тұңғыш сахналық қойылым – Қ.Кемеңгеровтің «Алтын сакина» пьесасы.
- 1926 жыл, 26 ақпан-6 наурыз – Баку қаласында I бүкілодақтық түркітану сиезі өтті. Оның жұмысына Қазақстаннан А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар қатысты.
- 1926 жыл, 29 қазан – Ташкентте Қазақ жоғары педагогика институты ашылды. Ашылу салтанатында қайраткер С.Садуақасұлы «Қазақстан үшін жоғары педагогика институттың маңызы» атты баяндама жасады.
- 1926 жыл – Ташкентте А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы жарық көрді.
- 1926 жыл – Т.Шонановтың «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты әйгілі кітабы жарық көрді (Қызылорда-Ташкент).
- 1927 жыл – Қызылордада М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабы жарық көрді.
- 1927 жыл – Алаш қозғалысына едәуір бөлігі арналған, большевиктік көзқараста жазылған С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы жарық көрді.
- 1927 жыл, 20 мамыр – жазушы Ж.Аймауытұлы Шымкенттен Баян жеріндегі діндар ақын М.Көпейұлына хат жазып, қарт қаламгерді жігерлендіреді.
- 1928 жыл – Мәдине медресесін, Арабстанның «Ишфха» медресесін, Каирдың «Жамие Асхари» медресесін бітіріп келіп, елде ислам тарихы мен діни құндылықтар туралы кітаптар жаза бастаған діндар ақмолалық А.Әділбайұлы тұтқындалды.
- 1928 жыл, ақпан-наурыз – ВКП (б) ОК «Большевик» журналының осы жылғы 1-санында С.Садуақасұлының кеңес үкіметін шошытқан «О национальностях и националах» атты мақаласы жарық көрді.
- 1928 жыл, 15 қазан – А.Байтұрсынұлы ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры болып жұмысқа қабылданды.
- 1928 жыл, 29 желтоқсан – Қызылордада М.Дулатовтың тұтқындалған күні.
- 1929 жыл, 14 мамыр – Қызылордада Ж.Аймауытұлының тұтқындалған күні.



1929 жыл, 29 маусым – Алматыда А.Байтұрсынұлының тұтқындалған күні. 5 шілдеде ҚазПИ басшылығы ағартушыны жұмыстан шығару туралы бұйрық шығарды.

1930 жыл, 1 қазан – М.Әуезов мен Қ.Кемеңгеров Ташкентте тұтқындалды. 24 карашада ұсталған күнінен бастап САГУ-дын аспирантурасынан шығарылғаны туралы бұйрық шықты.



## АЛАШ ҚОЗГАЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДЕР:

«Абай» - Семейде 1918 жылы ақпан-қазан айларында 12 саны жарық көрген ғылыми-әдеби, шаруашылық журналы. Шығарушысы – «Жанар» қйымы және «Уақ қарыз» серіктігі. Редакторы – Жүсіпбек Аймауытұлы. Жауапты шығарушыларының бірі – М.Әуезов. Журнал ақын, ойшыл Абайды – ұлттың биігі, кемеңгері деп есептеп, ел және руханият жайын осыған сай байыптауды көздеген. Мұнда Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, М.Тұрғанбайұлы, т.б. авторлардың мақалалары жарияланған.

**Автономияшылар одағы** – ХХ ғасырдың басында Ресей империясының қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді көздеген қоғамдық саяси ұғым. Бұл ұйым саяси күрескер, поляк ғалымы, профессор И.А.Бодуэн де Куртенэнің жетекшілігімен 1905 жылы қарашада Санкт-Петербургте құрылды. Оның құрылуы империядағы түз халықтарын азаттық күресте бір-біріне жақындастыра түскен ірі саяси оқиға болып табылады. Одақтың құрылуы мен қызметіне жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыстың А.Ибрагимов, А.Топчибашев, С.Жантөрин сияқты көрнекті қайраткерлері де атсалысты. Жантөрин одақ бюросының мүшесі болды. 1905 жылы 19 қарашада Санкт-Петербургте өткен автономияшылар сиезіне М.Тынышбаев қатысты. Оның міндеттері белгіленген бұл сиезге поляк, әзербайжан, армян, грузин, белорус, украин, еврей, латыш, татар, казак халықтары атынан 83 өкіл қатысты. Автономияшылар сиезі «Ресей империясындағы барлық ұлттар орыс мемлекетін республикалық негізде құруға атсалысты. Ресей мемлекеті бір орталыққа қатаң бағындырылмаған федеративтік түрде болып, әр ұлт өз істерін өздері басқаратын автономия алысын» деген қарар қабылдады. Автономияшылар оның мүшелері Столыпин өктемдігі тұсында қуғын-сүргінге ұшырап, Бодуэн де Куртенэ абақтыға жабылды. Сөйтіп, одақ өз жұмысын тоқтатты.

**«Азамат» серіктестігі** - Орынборда 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетіне құрылғайшы, демеуші болған серіктестік. Оны құрған, қалыптастырған – ұлт зиялылары. Серіктестік жарнасы 100 сом болып белгіленген. 1917 жылы оның мүшесі 106 адамға жеткен. Сол кездің заңдылығына сәйкес, мемлекет қаржыландырмайтын басылымдар осындай серіктіктің көмегімен жұмыс істеген. Тарихтан мәлім жайт, «Қазақ» патшалық саясатқа қарсы мақалалары үшін 4-5 мәрте үлкен айыппен жабылған. Сонда оның қайта ашылуы үшін төленетін мол қаржыны (бір деректе «әр кездері 50, 1500, 3000, 4550 сом айыппұл тағылғаны» айтылады) ұлт ауқатталыра берген. «Қазақ» газетінде «Азамат» серіктестігіне шамасына қарай жарналық қаржы аударып, мүше болған азаматтардың аты-жөні үзбей жарияланып тұрған.

**«Айқап» журналы** – 1911 жылдың қаңтары мен 1915 жылдың қыркүйегі аралығында Троицк қаласынан кейде айына бір рет, кейде екі рет шығып тұрған қазақтың алғашқы қоғамдық саяси және әдеби-мәдени журналы. Редакторы – көрнекті көсемсөзші, ақын, зерттеуші Мұхамеджан Сералин. Журналды шығару ісіне татар ұлтының зиялылары біршама қаржылай-рухани көмек



көрсеткен. Басылымның 88 саны жарық көрген. Журналда А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғырұлы, Б.Өтетілеуұлы, С.Дөнентайұлы, Қ.Кеменгерұлы, Ә.Ғалимұлы, т.б. қалам қайраткерлерінің еңбектері жарияланған. «Айқап» ұлт тарихы мен мәдениеті тақырыбын да біршама зерделеген. Қалайда журнал XX ғасыр басында қазақтың саяси, мәдени деңгейінің өсуіне айрықша ықпал еткен. Басылым атына келсек, қазақтың «әй, қап!» деген өкінішке толы сөзінен туған. Яғни, мақсаты – өкініштің орнын толтыру болған. Ал, «Айқапқа» айдын әрі пана Троицк Қостанай-Торғайға жақын, әрі сол кезде бұл өңір тұтасымен Орынборға қараған еді. Соңғысының кейін астана болып кетуінің де сыры осында.

**«Ақжол» газеті** – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. 1920-1925 жылдары Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен ТүркАКСР-і ОАК-нің органы, 1925-1926 жылдары Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – Сұлтанбек Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н.Төрөқұлов, С.Оспанов, И.Токтыбаев, т.б. болды. Оның жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынұлы, Б.Сүлеев, Т.Шонанов, т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласқан. Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына ұнамады. Оның жұмысына көп кедергілер жасады. Коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды алмай, газеттің «Ақ жол» атануының өзінен күдікті мән іздеді. Осыған орай, Қожанов «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді» деп жазды (1921, №115, 7 желтоқсан). 1925 жылы 29 мамырда И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «Ақ жол» мен «ақгвардияшыл эмигрант» Мұстафа Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 1920 жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялылық пен демократия атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. «Ақ жол» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтерген басылымдардың бірі болды.

**Ақмола облыстық қазақ съездері.** Бірінші сиез 1917 жылдың 25-сәуір – 7 мамыр аралығында Омбы қаласында өтті. Сиез төрағасына А.Тұрлыбаев, төраға орынбасарларына Е.Итбаев пен М.Дулатов сайланды. Сиездің күн тәртібіндегі негізгі мәселелер; білім беру, әйел мәселесі, сот, земство, баспасөз, азық-түлік, уақытша атқару комитеттерін құру, т.б. Ақмола облысы қазақтарының сиезі мазмұны жағынан Торғай сиезіне жақын қаулы-қарар қабылдады. Сиездің соңғы мәжілісінде Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды, оған төрағалыққа Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлыққа Сейілбек Жанайдаров, Асылбек



Сейітов, мүшелікке тағы жеті адам бекітілді. Олардың арасында Мағжан Жұмабаев, Байсейіт Әділов сияқты белсенді жастар да бар еді.

**«Алаш» газеті** – 1916 жылдың 26 қарашасынан 1917 жылдың ортасына дейін Ташкентте шығып тұрған апталық газет. Редакторы – Көлбай Төгісұлы, шығарушысы – Мәриям Төгісова-Қапсаламова. 1917 жылғы 22-санына бастап редакторы – Т.Жанбайұлы. Кейбір зерттеушілердің еңбегіне қарағанда, осы жылы күзде газет бастапқыда Омбыға, сонан соң Петропавлға көшсе де, К.Төгісұлының белсенді аясатқа кіруіне байланысты жабылып қалады. Бұл қайраткер «Алашты» шығарып жүргенде әлі де «Үш жүз» партиясын құрыса қоймаған еді. Сондықтан ол басқарған басылымға Т.Жомартбайұлы, А.Мәметұлы, Ж.Сейдалин, С.Дөненғайұлы, Ш.Аймашұлы, Б.Күлейұлы, Б.Майлин, І.Жансүгіров, А.Баржақсин, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов, Н.Кұлжанова, Ж.Бабатайұлы, т.б. қаламгерлер мақалаларын жариялап отырды. Мұнда XX ғасыр басындағы оянуларды сипаттайтын біршама еңбек бар. М.Төгісова театр туралы бірнеше мақала жазған. Саяси мәселеде К.Төгісұлы Алаш зиялыларымен ортақ пікірге келе алмаған. «Алаш» газеті – ұлт баспасөзінің бір ізденісі.

**«Алаш» журналы** – 2005 жылдың тамыз айынан бастап шығып келе жатқан тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. Құрылтайшысы «Алаш» қорының тарихи зерттеу орталығы. Журнал екі айда бір рет Алматы қаласынан шығып тұрады. Журналда қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар басылады. Басылымда Алаш қозғалысының тарихына байланысты бірқатар материалдар жарық көрген.

**«Алаш» қаласы** – Семей қаласының жанындағы Заречная слабочканы Алаштың орталығы ретінде жариялап, оны «Алаш» қаласы деп атаған. Бұл туралы 1917 жылдың 29 шілдесінде Заречная слабочка тұрғындары жиналысының «Алаш қаласы туралы» хаттамасынан оқимыз. Хаттама соңына төраға ретінде Р.Мәрсекөв қол қойған. Оны Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханның «Алашорда» үкіметінің іске кіріскендігі туралы Орынборға жіберген жедел хатынан да көреміз. Онда «Екінші қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша 24 июньде Алашорда «Алаш» қаласында іске кірісті» - деп жазылған. 1917 жылдың 19 қарашасында Алаш қаласының Лумасына депутаттар сайлауы өткізілген. 21-22 қарашада осы Думаның алғашқы отырысында оның төрағалығына Б.Сәрсенов сайланған.

**Алаш қозғалысы** – Ресей империясындағы қазақтың саяси-демократиялық қозғалысының атауы. Ғалымдар арасында мұның басталуы туралы қилы пікір бар. Бірі 1902 -1903 жылғы христиандандыруға қарсы қозғалыстың, екіншісі 1905 жылғы Қарқаралы «петициясынан», үшіншісі 1917 жылғы ақпан төікерісінен бастауды ұсынады. Біздіңше, оның тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталады. Мұны кешпенді түрде қарау қажет. Ресейлік түрлі партияда болған Алаш қайраткерлерінің қызметін де аталған қозғалыстан бөлек қарай алмаймыз. 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы мен Алаш Орданың жариялануы бұл қозғалысты рәсімдеді.



**«Алаш қозғалысы. Движение Алаш»** - құжаттар мен материалдар жинағы. Оны Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты дайындаған. Жинақ үш томнан тұрады. Бірінші томға 1901-1917 жылдың қараша айы аралығындағы құжаттар, екінші томға 1917 жылдың желтоқсаны – 1920 жылдың мамыры аралығындағы құжаттар, үшінші томның бірінші кітабына 1920-1928 жылдар аралығындағы құжаттар, екінші кітабына 1929-1932 жылдар аралығындағы құжаттар енгізілген. Жинақтың құрастырушылары: К.Нұрпейіс, Ш.Б.Тілеубай; Қ.С.Алдақұманов, Р.Қ.Қанғожиева, М.Қойгелдиев, С.К.Рүстемов, Е.Сайлаубай, У.Томахико (Жапония), Е.В.Чиликова, Е.М.Грибанова, Н.Р.Жағыпаров (жауаптылар), А.С.Зұлқашева, Ә.Т.Сүлейменова.

**Алаш милициясы**, халықтың милиция – 1917 жылы желтоқсанның 13 күндері орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтары. Негізінен, атты әскер түрінде жасақталатын халықтық милиция қатарына әскери қызметті атқаруға жарамды 20 мен 35 жастың арасындағы ер азаматтар алынатын болды. Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиция қызметкерлерінің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр облыс бойынша әскер қатарына шақырылғандар саны мына мөлшерде белгіленді: Бөкейде – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500 және Жетісу облысында – 2000 адам. Ә.Бөкейхановтың 1919 жылғы ақпанның 11-інде Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтеріне қарағанда сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы күреске қатысқан Алаш қарулы күштерінің саны 3000-нан асқан. Алашорданың таратылуымен бірге ол құрған «халықтық милиция» бөлімдері де таратылды.

**Алаш Орда** – 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезінің шешімімен құрылған қазақтың автономия бағытын ұстанған үкіметінің аты. Оның аталымы тарихи Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда нұсқаларымен ұқсас. Орда – ежелгі түрік-моңғол тілінде орталық, кіндік деген мағынаны берген атау. Тіпті кеңестік қазақтың кіндік қаласы атанған Қызылорда (Қызыл Орда) атауын да осы өреде қарастыруға болады. Алаш Орда – Ұлт кеңесінің құрамына мына қайраткерлер сайланды: төраға (қазіргіше премьер-министр) – Әлихан Бөкейхан, мүшелері (министрлер) – Уәлихан Танашов, Халел Досмұхамедұлы, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Бірімжанов, Халел Ғаббасов, Салық Аманжолов, Мұстафа Шоқай, Жаһанша Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақпаев, Базарбай Мәметов, Отыншы Әлжанов. Мүшелікке кандидаттар (министрлердің орынбасарлары): Иса Қашқынбаев, Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Ережеп Итбаев, Сатылған Сабатаев, Есенғали Қасаболатов, Батырқайыр Ниязов, Мұқыш Боштаев, Сейілбек Жанайдаров, Сәлімгерей Нұралыханұлы, Омар Алмаов, Сейдәзім Қалдырбаев, Аспандияр Кеңжин, Молданияз Бекімов, Есен Тұрмағамбетов, Жанеке Сұлтанайұлы (қырғызша аты – Жақып Солтанайұлы).



Оқу комиссиясының мүшелері: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы.

**Алашорданың Батыс бөлімі.** Күнбатыс Алашорда, Батыс Алашорда – XX ғасыр басында Батыс Қазақстан аймағында орнаған ұлттық-мемлекеттік «Алаш автономиясының бір канаты (немесе құрамдас бөлігі)». 1918 жылы қыркүйекте Уфа Директориясын құру мәжілісіне Алашорда үкіметі тарапынан 12 делегат қатысты. Олар 11 қыркүйекте автономиялық үкімет төрағасы Әлихан Бөкейхановтың және Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер (Орал), Бастыгерей Құлманов, Уәлитхан Танашов (Бөкей Ордасы), Сағындық Досжанов (Орынбор), Есенғали Тұрмұхамедов, Бижан Жанқадамов (Ақтөбе), сондай-ақ, Ахмет Бірімжанов (Торғай), Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев (Жетісу) сияқты үкімет мүшелерінің қатысуымен төтенше мәжіліс өткізді. Мәжілісте Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша Үкіметін тарату, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталды. Оның төрағалығына Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Алашорданың Батыс бөлімінің әкімшілік құзыретіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» жеріне қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Закаспий облысы) аумағы кірді. Яғни, Уфа мәжілісінің шешімінен кейін бұрын «облыстық қазақ комитеті», «Ойыл уәлаяты» атанған Күнбатыс Алашорданың жер аумағы 2 есе өсіп, тұрғын халқының жалпы саны 1,5 млн. адамға жетті.

**«Алаш» партиясы** – 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезінде құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Партия бағдарламасы осы жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Бағдарлама құрылымы «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйреті», «Жер мәселесі» атты 10 бөлімнен тұрады. Мұнда Алаштың демократиялық және құқықтық бағыт ұстанатыны анық жазылған. Партия мүшелері ел ісіне, халықаралық байланысқа адалдығын, жауапкершілігін танытты. Ұлт қайраткерлері 1930 және 1937 жылы жаппай тұтқындалып, саяси тұрғыдан репрессияланғанда, осы партияға кіргені айып ретінде тағылды.

**Алаш партиясына арналған өлеңдер** – «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуына байланысты, оны құттықтаған, ұлт тәуелсіздігіне үлкен сенім артқан бірқатар өлеңдер шамамен бір мезгілде жарық көрді. С.Торайғыровтың «Алаш ұраны», Ғ.Қарашұлының «Алашқа», «Алаштың азаматтарына», С.Дөнентаевтың «Азаттық күні», Н.Наушабаевтың «Алаш ордаға», Ә.Мәметовтың «Алашқа сәлем», ж.аймауытовтың «Әскер марсельезасы», Б.Майлиннің «Бұл дәуірді күн бар екен көретұғын...» деп басталатын, қырғыз ақыны Қ.Тыныстановтың «Алашқа» өлеңдері Алаш қозғалысының сипатын поэтикалық жағынан таныта аларлық тарихи туындылар болды. Бұл өлеңдердің барлығында халықты бостандыққа, бірлікке, теңдікке, азаттық үшін күреске шақыру идеясы басым. Бұл шығармалар сол



дәуірдің ұраны іспетті болып, халықтың еңсесін көтеруге, елдің ертеңіне сенімін арттыруға зор үлес қосты.

**«Алаш» партиясының бағдарламасы** – алғаш рет 1917 жылдың қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған. Оны жасаушылар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев және Ғ.Бірімжанов. Бағдарламамынадай тараулардан тұрды: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, Ғылым-білім үйреті, жер мәселесі. Бұл бағдарлама өзінің мақсаты мен мазмұны жағынан сол дәуірдегі саяси-қоғамдық қажеттіліктерді толық қанағаттандыра алатын құжат болып табылады. Алашорданың бұл маңызды әрі басты құжаты, оның демократиялық, гуманистік принциптерге негізделген саяси құрылым екендігін көрсетеді.

**«Алаш» партиясының облыстық комитеттері** – 1917 жылдың қазан-желтоқсан айларында ашылған жергілікті органдар. Семей облыстық комитеті Ә.Бөкейханның қатысуымен 12-13 қазанда ашылды. Оның құрамына Х.Ғаббасов (төраға), А.Қозыбағаров, С.Дүйсенбин, Ә.Ермеков, Р.Мәрсеков, И.Әлімбаев, Т.Құнанбаев, М.Малдыбаев, Ә.Молдабаев, Б.Сәрсенов, Ақмола облыстық комитеті құрамына А.Тұрлыбаев (төраға), А.Сейітов, Е.Итбаев, М.Жұмабаев, Қ.Кеменгеров, Б.Серкебаев, М.Самағов, Е.Мұқышев, Д.Әділов, Ж.Тілеулиев, Б.Айбасов, Қ.Қожамбердиев, Қ.Кәкенов, Торғай облыстық комитеті құрамына Ә.Бөкейхан (төраға), А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, А.Бірімжанов, Ж.Жәнібекұлы, Е.Омаров, Ж.Жәнібеков, Ғ.Жүндібаев, С.Досжанов, Ғ.Бірімжанов, Қ.Арынғазов, Ғ.Досжанов, Т.Шонанов, Е.Нұрмақамбетов, М.Есполов сайланды. «Алаштың» облыстық комитеттері сол кезеңде ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне, халық арасында үлкен беделге ие болуына зор үлес қосты. Облыстық комитет мүшелері Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметінің орнауында үлкен роль атқарды.

**«Алаш» партиясының шарты** 1917 жылғы қараша айында «Сарыарқа» газетінде жарияланды. Бұл «Алаш» партиясының жарғысы іспетті құжаттың басында: «Алаш партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды. Даяр болғанда жұртқа жарияланады. Қазіргі шарты – кіндік комитеттің бұл жасалған шарт уақытша областной комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын» деп келетін сөйлемдер бар. Яғни, ол партия бағдарламасы қабылданғанша жүретін құжат болған. Құжат төмендегідей баптардан тұрады: мемлекеттік билеу түрі, жер мәселесі, солдаттық мәселе, жергілікті мекемелер, сот мәселесі, дін мәселесі, жұмысшы мәселесі, оқу мәселесі, бас бостандығы, жиылыс бостандығы. Құжат «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті тарапынан қабылданған.

**«Алаш» серіктестігі** – Петропавлда 1918-1919 жылы «Жас Азамат» газетін шығаруға қаржы бөліп отырған серіктестік. Сірә, басында ол Омбыда құрылса керек. Серіктестік жарнасы 50 сом болып белгіленген. «Жас Азаматтың» жылдық бағасы – 20 сом, жарты жылдығы – 11 сом, үш айлығы – 6 сом болғанын басылым бетінен оқимыз. Дерек ретінде көрсетейік, 1919 жылы С.Сәдуақасұлы бастаған топ журнал шығаруды қалайды. Сонда қаржы сұраған



Батыс Сібір мекемесіне «Журналдың 1 жылғы шығыны – 200 мың сом, журнал құны – 100 сом, 1500 кісі жазылса, бөлген ақшаларыңыз ақталады және қайтарылады» дейді.

**«Алаш» ұғымы** – қазақ халқының байырғы сөзі. Мағынасы – елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымдарды жинақтайды. Қазақ ішінде «алаш алаш болып, Алаша хан болғанда», «алты алаш», «алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді тұрақты тіркестер ежелден айтылады. Сондай-ақ «Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш» деген нақыл-ұстаным да бар. Бұдан шығатын қорытынды, алаш – қазақ ұлтының өте бір аяулы сөзі. Мұны қазақ этнонимінің синонимі десек те болады. Жалпы тілдік негізі тұрғысынан келсек, алаштың түбіріндегі «ал» - от, қызыл, арай дегенді білдіретін ежелгі түркі сөзі. Мысалы, Алтай, алау, алқызыл, албырт, аластау, албар, аламан, алюкпе, алаң, алқап, т.б. сөздердің арғы түбі «от» ұғымына (қуат, күш, жігер, шапшаңдық, қызбалық, тегеурін, зор деген мағынадағы) барып тіреледі. Отандық зерттеушілер ішінде Шоқан Уәлиханнан бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен алаш ұғымдарын қатар қоя отырып («начало народа казахов или алач ...»), былай деп жазады: «У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех киргиз есть алач». Бұдан Алаштың – елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым екені көрінеді. XX ғасырдың басында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке (ұлт кеңесі) де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық. Азаматтық тарихымыз үшін аса маңызды Алаш қозғалысы кезеңінде Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. «Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш». Кереге – мемлекет құрылысы, Алаш – идеология. Токтам осындай болатын. Алаш – жаңа түрдегі елдігіміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі еді.

**«Алқа» ұйымы** – XX ғасырдың 20- жылдары Алаш қайраткерлері бейресми құрған әдеби-мәдени шығармашылық ұйым. 1920 жылы большевиктік диктатура толық орнағаннан кейін Алаш серкесі Әлихан Бөкейхан әріптестерімен: «Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп сырласты. Алаш қозғалысының жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңнің рәмізді атауы – Алқа. 1920-1924 жылдары идеясы пішіліп-сызылып, талқыланған, ал 1925 жылдың басында зиялылар арасына таратылған Алаш қаламгерлерінің ұйымдасқан шығармашылық жобасының аты – «Алқа» еді. Егер өкімет ресми түрде 1919 жылдан Алаштың іс-әрекеті түгіл атауына тиым салғанын білсек, бұл «Алқа» -Алаш ныспысымен үндес қана емес, оның идеясының жалғасы болып шығады. Сондықтан да қырағы НКВД 1929 жылы Алаш арыстарын бірінші мәрте жазалағанда, «Алқа» бағдарламасын шығармашылық ұйымның құжаты емес, саяси ұйымның құжаты деп тапты. Елшіл азаматтарға 1930-1937 жылдары үкім шығарарда, олардың «Алқаға» кіргені, ұйым мүшелерімен араласқаны басты айып ретінде тағылды.

**«Балапан» журналы** – Омбыдағы «Бірлік» жастар ұйымының 1916-1918 жылдары жариялап тұрған қолжазба әдеби журналы. Редакторы -



Қ.Кеменгерұлы. М.Жұмабайдың «Балапан» қанат қақты» атты аллегориялық әңгімесі осы басылым туралы. Бұл журнал жөнінде С.Сәдуақасұлы «бірыңғай беллетристика жариялайтын басылым» деп көрсетеді. Қ.Кем еңгерұлының «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде «Балапанның» 1917 жылғы 5-санынан үзінді келтірілген. Мұнда қоғамның ауыр халі ащы сыналады. Бұл журнал Алашқа тыныс болған жас толқынның қалам тәжірибесін шындаған мектеп болып тарихқа енді.

**Болыстық сиездер** – 1917-1918 жылдары Қазақстанның әр жерінде болған сиездер. Бұл сиездерде оқу, ел тыныштығы, азық-түлік, жер, шаруашылық, т.б. мәселелер көтерілді. Бұл сиездердің халықты біріктіру, оның құқықтық сауатын ашу, елдегі жаңалықтармен таныстыру сияқты маңызы болды.

**Бөкей Ордасы облыстық қазақ сиездері.** Бөкей Ордасы қазақтарының алғашқы бас қосуы 1917 жылдың 20-25 сәуірі аралығында өтті. Сиез төрағалығына У.Танашев, мүшелеріне И.Меңдіханов, С.Меңдешев, Ә.Мұсағалиев сайланды. Сиез жергілікті басқару жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты маңызды шешімдер қабылдады. Жергілікті басқару органдарын құру ісінде аймақтағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен өмір саттына мән берілді.

Бөкей Ордасында болған екінші сиез 1917 жылдың 10 қыркүйегінде зиялылар қауымының ұйымдастыруымен шақырылды. Сиездің күн тәртібіне Россияның саяси жағдайы, Бөкей Ордасындағы саяси жағдай, жер мәселесі, сауда-саттық, білім беру, денсаулық сақтау, т.б. мәселелер енгізілді.

Бөкей Ордасы зиялылары Кеңестермен ашық күресудің мүмкін еместігін түсініп, күрес тактикасын өзгертуге мәжбүр болды. Сондықтан да 17 пункттен тұратын сиез қаулысының негізінде Атқару комитетін құрып, сол арқылы ұлттық мәселелерді шешуге әрекеттер жасады.

**Бүкілресейлік құрылтай жиналысы** – 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешу және басқару шешімін айқындау мақсатында шақырылған халық өкілдерінің жиналысы. Оның нақты заңды мәртебесі 2 наурызда Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроградтағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде жасалды. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына партиялық тізім бойынша 730 делегат сайланатын болып белгіленді. Сайлау 17 қыркүйекте өтіп, жиналыс 30 қыркүйекте шақырылатын болды. Бірақ уақытша үкіметтің 9 тамыздағы шешімімен сайлау 28 қарашаға қалдырылды. Ресей империясы көлемінде 73 сайлау округі құрылды. Қазіргі Қазақстан жерінде Жетісу, Сырдария, Орал және Дала сайлау округтері ұйымдастырылды. 1917 жылы шілдеде өткен жалпықазақ сиезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дауысқа түсетін кандидаттар тізімі ұсынылды. Олар Алаш партиясы атынан ұсынылатындығын қазан айында мәлімдеді. Қазақ облыстарында Алаш партиясы көпшілік дауысқа ие болды. Қазан төңкерісі нәтижесінде орнаған кеңестер билігі 1918 жылы қаңтарда шақырылған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын мойындамады. 1918 жылғы 5 қаңтарда Петроградта «барлық билік Құрылтай жиналысына берілсін» деген



ұранмен көшеге шыққан халыққа большевиктер үкіметі қару қолданды. 6 қаңтарда ашылған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қатысуға келген депутаттарды кеңес өкіметі қуып таратты. Сөйтіп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының іске кірісіп, алдына қойған демократиялық мақсат-мүдделерді жүзеге асыруына мүмкіндік болмады.

**Бүкілресейлік мұсылман съездері** – 1905-1917 жылдар арасында өткізілген сиездер. Бірінші сиез 1905 жылы тамызда Нижний Новгород қаласында өткен. Оған Түркістан өлкесінен, Сібірден, Қазақстаннан, Кавказдан, Қырымнан 150-ге жуық делегат қатысты. Сиезде ресейдегі мұсылман халықтары өмірінің өзекті мәселелері талқыланды. Бұл тұңғыш сиез Ресей үкіметі рұқсат бермегендіктен жасырын түрде кемеде өткізілді. Сиезге И.Гаспиринский төрағалық етті. Екінші съезд 1906 жылы қаңтар айында Санкт-Петербург қаласында өтті. Оған У.Танашев, Ш.Қосшығұлұлы, т.б. қазақтар қатысты. Сиезде «Ресей мұсылмандарының одағы» (Иттифак ул-муслимин) құрылды. Ұйымның жарғысы қабылданды. Жарғы бойынша 16 қалада, соның ішінде Оралда, Семейде, Верныйда ұйымның бөлімшелері құрылатын болды. Бұл жинада Мемлекеттік Думаға сайлау, «Конституциялық-демократиялық партиямен» сайлау кезіндегі ынтымақтастық, т.б. мәселелер қарастырылды. Үшінші сиез 1906 жылы 10-21 тамызда Нижний Новгородта өтті. Оған Ш.Қосшығұлұлы, С.Жантөрин, Ж.Алдоңғаров, т.б. қазақ зиялылары қатысты. Сиезде мұсылман балаларының араб графикасының негізінде ана тілінде оқыту, мұсылмандардың бірлігі, Түркістанда жеке мүфтилік ашу, саяси мәселелер көтерілді. Сиезде «Ресей мұсылмандарының одағы» ұйымының бағдарламасы қабылданды және оның 15 адамнан тұратын Орталық комитеті сайланды. Оған Қазақстаннан С.Жантөрин, Ш.Қосшығұлұлы кірді. Мұсылмандардың келесі сиезі 1914 жылы 15-20 маусымда Санкт-Петербургда IV Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастырумен өткізілді. Оған Ә.Бөкейхан, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалиев, т.б. қатысты. Сиезде «Ресей мұсылмандарының діни істері» туралы заң жобасы дайындалды. Келесі сиез 1917 жылы 1-11 мамырда Мәскеуде өткізілді. Сиезге Ж.Досмұхамедұлы, У.Танашев, М.Жұмабаев, т.б. қатысты. Осы сиезде Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі – Шура – и – ислам құрылды.

**«Бірлік туы» газеті** – Ташкент қаласында 1917 жылдың 24 маусымына 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін шығып тұрған елшіл бағыттағы газет. Түркістандық қазақ басылымы. Негізін қалаған – М.Шоқай. Газеттің бастапқы екі нөмірінің редакторы – Мұстафа, одан кейінгі 14 санына Хайретдин Болғанбай басшылық еткен. 16- санына бастап редактор – Сұлтанбек Қожанұлы. Аталған басылымды қаржыландырған – «Бірлік туы» серіктігі. Газетте М.Шоқай, Х.Болғанбаев, С.Қожанов, М.Дулатов, А.Мәметов, Ш.Сарыбайұлы, Қ.Күлетұлы, Жұбасығарин, Е.Шәрменұлы, Б.Майлин, т.б. авторлардың мақалалары жарияланған. Басылым 1917 жылдың күрделі оқиғаларын, саяси текетіреттерді, әсіресе Түркістан автономиясын даярлау, жариялау, құру мәселесін және оның большевиктер тарапынан күшпен жабылғанын көз көрген деректермен жазып отырды.



**«Бірлік туы» серіктестігі** – Ташкентте 1917-1918 жылдары «Бірлік туы» газетіне құрылтайшы, демеуші болған серіктестік. Серіктестікті алғаш Садық Өтегенұлы басқарған. Серіктестік жарнасы 10 сом болып белгіленген. Дерек ретінде айтайық, осы апталық газеттің құны: үш айлығы – 1 сом 70 тиын, алты айлығы – 3 сом, бір жылдығы – 5 сом болған.

**«Бірлік» ұйымы** – 1914 жылы Омбы қаласында құрылған қазақ жастарының ұйымы. Оның мүшелері қатарына А.Сейітов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, А.Баржақсин, Ш.Әлжанов, Б.Байділдин, А.Сейдалин, Қ.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков, т.б. болған. «Бірлік» қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы оның ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат етті. Осы мақсатқа жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алды. 1916 жылы «Балапан» атты қолжазба журнал шығарды. 1917 жылы 1-4 қазан аралығында ұйымның жиналысы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, халық арасында оның бағдарламасын насихаттауды өз мойнына алды. «Бірлік» ұйымы мүшелері 1918 жылы барлық қазақ жастарын біріктіру үшін құрылған «Жас азамат» ұйымының құрамына енді.

**Бірінші жалпықазақ сиезі** – 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей Ордасынан 20-дан астам қазақ өкілдерінің қатысуымен Орынбор қаласында өткен сиез. Ол Х.Досмұхамедұлының төрағалығымен, А.Байтұрсынұлының, Ә.Көтібаровтың, М.Дулатовтың, А.Сейітовтың хатшылығымен өтті. Бірінші жалпықазақ сиезінің күн тәртібіне сол тарихи кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатысты төмендегідей 14 мәселе қойылды: 1. Мемлекеттік құрылыс. 2. Қазақ автономиясы. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земстов. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы. 11. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі. 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу оқиғасы. 14. Киевте өтетін Бүкілресейлік федералистер сиезіне және Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу. Сиез қабылдаған қаулы бойынша Ресей «демократиялық федеративтік республика болып, қазақ облыстары қоныс, ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Делегаттар жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен талқылап, 14 тармақтан тұратын шешім қабылдады. Онда: «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орналасып болғаша қазақ жері ешкімге берілмесін» деп көрсетіліп, бұрын қазақтардың пайдасынан алынып қойған жерлерді кері қайтару талап етілді. Делегаттар «жер туралы қазақ өз алдына заң жобасын жасасын» деген ұсыныс білдіріп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының болашақ депутаттарына жиналыста бұл мәселені талқылап, оған депутаттыққа кандидат етіп 81 адамнан тұратын тізімді бекітті. Олардың ішінде, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ж.Ақбаев, А.Тұрлыбаев, А.Сейітов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, С.Қадырбаев, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, Ы.Жайнақов,



С.Аманжолов, М.Шоқай, Ә.Кенесарин, К.Қожықов, Ғ.Оразаев, Б.Құлманов, У.Танашев секілді белгілі қазақ зиялылары болды. Сондай-ақ, депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылғандардың арасында Г.Н.Потанин, В.Чайкин, Т.нарботабеков, Ә.Диваев сияқты басқа ұлт өкілдері де бар еді.

Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне сиез шешімімен Ақмоладан А.Тұрлыбаев, Семейден Ә.Сәтбаев, Торғайдан Ә.Байғарин, Оралдан Досмұхамедұлы, Бөкей Ордасынан У.Танашев, Жетісудан Б.Мәметов, Сырдариядан М.Шоқай, Ферғанадан Ғ.Оразаев сайланды. Бірінші жалпықазақ сиезі қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуы тиіс деп есептеп, бұл партия бағдарламасының жобасын Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Сиездің шешімі бойынша, құрылатын партия парламенттік негізде демократиялық ұстанымдарды басшылыққа алған, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауды мақсат тұтқан саяси партия болуы тиіс еді. Сиез жұмысы барысында бір топ делегат партия құру ісіне байланысты сөйлеген Бөкейханұлынан ресейлік кадет партиясына қатынасын ашық мәлімдеуді талап етті. Соған байланысты болашақ партия басшысы кадет партиясынан шығатынын мәлімдеді. Сиез өз қаулыларында «осы күнгі тұрақты әскер орнына халық милициясы құрылсын» деп, ұлттық әскер жасақтауды, «көшпелі елдерде отырықшылардікі секілді тоқтаусыз болыстық земство ашылсын» деп, земстволық басқару жүйесінің қазақ тұрмысына бейімделген түрін ұйымдастыруды, «қазақтың народный сотын» жойып, оның орнына «қазақ тұрмысына лайық сот – айрықша сот» құруды жақтап шықты. Сиездің оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселелері бойынша қабылдаған шешімдері қазақ зиялыларының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп, шешуде өз заманындағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғандығын айғақтайды. Оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, ал әйел теңдігі жөнінде «әйелдер саяси құқыққа ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жойылсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп, ризалықтары ескеріліп отырсын» деп қаулы етті. Сиез Жетісу облысында туындап отырған жағдайды талқылап, Ресей ішкі істер министрі атына: «Жетісудағы қазақ-қырғызды атып-жаншып жатқан мұжықтардың және соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын жиып алып, халықты тыныштандырсаңыз екен», - деген мазмұндағы жеделхат жолдады. Сонымен бірге Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға «алаш баласының жәрдем беруін» өтініп, үндеу тастады. Киев қаласында тамыз айында өтуі тиіс федералшылар сиезіне Бөкейханды, Досмұхамедұлын және Танашевты жіберу жөнінде шешім қабылданды. Соанкт-Петербургтегі оқу комиссиясына С.Кенжеұлы баратын болып белгіленді. Сиездің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қабылданған қарарлар кейінірек, 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасында басшылыққа алынды. (Қосымшаны қараңыз).



Екінші жалпықазақ сиезі – 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралағында Орынбор қаласында XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлері Алашорда үкіметін жариялаған сиез. Бұл сиез Ресейде қазан төңкерісі болып, большевиктер билікке келгеннен кейінгі тарихи алмағайып кезеңде ұйымдастырылды. Сиез шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров оны ұйымдастыруда айрықша белсенділік танытты. Ұйымдастыру кадеті тарапынан әр уезден, әр облыстық қазақ кадеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақыру қазақтарды жіберіліп, «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен әртүрлі ұйымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Сиезге Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарынан және Бөкей Ордасынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Осының ішінде сиезге Б.Құлманов, Ж.Досмұхамедұлы, Ғ.Қараш, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, т.б. белгілі тұлғалар арнайы шақырылды. Сиездің төралқасына Б.Құлманов (төраға), Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Кенесарин, Ғ.Қараш сайланды. Сиездің күн тәртібіне Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңтүстік-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт Кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, муфтилік мәселесі, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік, т.б. мәселелер енгізіліп, маңызы зор шешімдер қабылданды. Сиез әр аймақтан келген өкілдердің өз елдерінде болып жатқан оқиғалар жайлы ақпарат берулерінен басталды. Одан соң Құрылтай жиналысына сайлау жөнінде айтылды. Сиез жұмысына Башқұртстаннан Ахмет Заки Уәлиди бастаған бірнеше қонақтар тілектестіктерін білдіріп, құттықтаулар айтты. Сиез Қазақ автономиясы мен милиция туралы Х.Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген қаулы шығарды. М.Дулатов оқу мәселесі туралы арнайы баяндама жасап, комиссия құруды ұсынды. Сиездегі ең басты мәселе автономия мәселесі жөнінде Х.Ғаббасовпен бірге Түркістан автономиясы жөнінде М.Шоқай сөз сөйледі. Осы негізгі мәселеге байланысты сиез аса маңызды тарихи қаулы қабылдады. Онда: «Қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын», «Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені – «Алаш» мүлкі болсын», «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктерден қорғау мақсатымен Уақытша Ұлт Кеңесін құруға, мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы – 25 болып, он орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алды» деген тарихи шешімдер болды. Бұдан соң Алаш автономиясын жариялау мәселесі көтерілді. Ол бойынша делегаттардың пікірінде келіспеушілік байқалды. Ресми жариялауды жақтаушылар: Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, А.Кенжин, У.Танашев, Ғ.Қараш, С.Досжанұлы және т.б., барлығы – 33 адам; ресми жариялауды тоқтата тұралық деушілер: Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, О.Алмасов, Х.Ғаббасов және т.б., барлығы – 42 адам, қалыс қалғандар – А.Шегіров, М.Шоқай, Ә.Кенесарин болды. Нәтижесінде, «ресми жариялауды сиез атынан



сайланған қазақ-қырғыз ісін басқарушы 15 кісіге тапсыралық. Олар біздің Уақытша үкіметіміз (Алашорда) болсын» деген тоқтамға келді. Сиез Сырдария облысы қазақтарының сиезін шақыруды қажет деп тауып, өз араларынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовты өкілдер ретінде жіберу туралы шешім қабылдады.

**Жалпы Сібір сиезі** – 1917 жылдың 8-15 қазанында Том қаласында өтті. Оған Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстарынан және Бөкей Ордасынан 9 адам қатысты. Қазақстаннан қатысушы өкілдер қазақтың Сібір автономиясына уақытша түрде кіргісі келетіндігін айтты. Сиездің шешімі бойынша Сібір Кеңесі сайланып, оған Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, Ғ.Ғаббасов, Е.Итбаев, С.Досжанов енді. Бұл автономияға енудің мақсатын Ә.Бөкейхан: «Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалған зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінелік деп».

**«Жас Азамат» газеті** – Петропавлда жарияланып тұрған алашшыл қазақ жастарының тұңғыш газеті. 1918 жылы 30 шілдеде 1-саны шыққан. Бізге белгілі 22-нөмірі 1919 жылы 8 ақпанда жарық көрген. Газетті шығарушы – «Алаш» серіктігі. Басылымның шығу тарихына келсек, 1918 жылы сәуірде Омбыда I жастар сиезі шақырылып, осында бүкіл қазақтың жастар ұйымы «Бірлік» ұйымының негізінде, «Жас Азамат» ұйымы болып қайта құрылды. Оның төрағасы – М.Мырзаұлы, басқарма мүшелері – С.Сәдуақасұлы, М.Сейітұлы, Ғ.Досымбекқызы, Ә.Байділдаұлы. Ұйым аттас газеттің редакторы – Қ.Кемеңгерұлы. «Жас Азаматтың» 1-11-нөмірлерінің редакторы осы Қошқе. Ал 12-16 нөмірлерінің редакторы – Біләл малдыбайұлы. 17-22 санының редакторы қайтадан Қ.Кемеңгерұлы. Газет Алаш қозғалысының тынысы ретінде елдік істі хаттауға, түсіндіруге, байыптауға көп жігер жұмсады. Мұнда Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы, А.Жантәліұлы, М.Әуезов, Б.Серкебайұлы, Х.Ибраһімұлы, т.б. айрықша бүркеншік атпен жазған авторлардың мақалалары жарияланған. Әр нөмірінде Алаш қозғалысының барысынан хабар беріп отырған.

**Жәдидшілдік** (араб – жана әдіс) – XIX ғасырдың басында Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтары арасында өріс алған қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қозғалыс. Алғаш 19 ғасырдың 80-жылдарында қырым, Еділ бойы татарларының арасында қалыптасты. Кейіннен Жәдидшілдік Орта Азиядағы барлық дерлік түркі халықтары арасында жалғасын тауып, өрістей түсті. Жәдидшілдіктің ірі өкілдері қатарында И.Гапралы, Ш.Маржани, А.Ибрагимов, М.Абдурашидханов, М.Бехбуди, А.Фитрат, Ф.Ходжаев, т.б. болды. Ағартушылық сипатта жүрген Жәдидшілдік қозғалыс қоғамдық өмірдегі рухани тоқыраушылықты сынға алып, оны жаңғыртуды көздеді. Жәдидшілдік патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусеинния», Қазандағы «Мұхаммедия», Қырғызстандағы «Шабдания» секілді мектеп-медреселер Жәдидшілдіктің ірі ошақтарына айналды. 1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде Жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет етті. Қазақстандағы



Жадидшілдік бағыттағы мектептердің ең ірілерінің бірі – «Мамания» мектебі болды.

**Жетісу облыстық қазақ сиездері.** Жетісу облыстық бірінші қазақ сиезі сәуірдің 12-сі мен 14-і аралығында Верный (Алматы) қаласында болды. Сиез төрағасы болып Жетісуға кеңінен белгілі қоғам қайраткері Ы.Жайнақов, оның орынбасарлары болып Ғ.Үдербаев пен А.Құдайбергенов сайланды. Сиездің хатшылық міндеттері Қ.Шегіров пен Н.Жақыпбаевқа жүктелді. Оған облыстың барлық уездерінен 81 делегат қатынасты, олардың үштен екісі – 54 адам Верный уезінің өкілдері еді. Жетісу сиезінің делегаттары мынадай мәселелерді талқылады. Олар: соғысқа, Уақытша үкіметке, жергілікті және өлкелік өкіметке, сонымен бірге атқару комитеттері мен басқа қоғамдық ұйымдарға көзқарас, рухани-діни іс, азық-түлік мәселесі, жергілікті басқару, сот, білім мен оқу ағарту, жер-су мәселесі, мал шаруашылығы, отырықшылыққа көшу, заттай салық, қырғыздар мен орыстардың қарым-қатынастарын реттеудің жолдары, босқандарды Қытайдан қайтару тәсілдері.

Мұнан кейінгі Жетісу облысы қазақтарының сиезі 1917 жылдың 2 маусым күні өткен. Бұл сиез жөнінде құжаттар кездеспейді. Келесі сиез осы жылдың тамыз айында болды. Зерттеушілердің айтуынша, онда талқыланған басты мәселе – орыс шаруаларының қазақ ауылдарын тонауы еді. Жетісу облысындағы келесі сиез 1918 жылдың қаңтар айында С.Сабатаевтың төрағалығымен өтті. Бұл сиездің күн тәртібіндегі негізгі мәселе қазақ әскерін жасақтау ісі еді. Жетісу облысындағы соңғы сиез 1918 жылдың 10-31 тамыз күндері аралығында өткен. Сиездің күн тәртібіне облыста басқару органдарын құру, ұлттық әскердің бөлімдерін жасақтау, киім-кешек, қару-жарак және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері енді. Осы сиезде Жетісу облыстық қазақ комитеті қайта сайланып, құрамына белгілі қайраткер М.Тынышбаев кірді.

**Зайсан уезі қазақтарының сиезі** 1917 жылдың 7-11 қыркүйек аралығында өтіп, онда 8 мәселе бойынша 18 пункттен тұратын қаулылар қабылданды. Олар: азық-түлік, керек-жарак туралы, қазақ халқын оқытып, тәрбие беру туралы, халықты ағарту жолына салық алу туралы, шаруашылық школдар туралы, земство туралы, жер туралы.

Екінші Зайсан уезі қазақ сиезі 1918 жылдың ақпан айында болды. Сиезде қазақ істерін қазақ өкілдері басқару керектігі айтылып, осы мақсатта «Алаш ұраны» атты ұйым ашылғаны, ұры мен ел бұзушыларға тиым салу қажеттігі туралы қаулы қабылданып, 28 баптан тұратын ереже жасалды.

**Земство** – Ресей империясында 1864 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін өзі басқару органы. Қазақстанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс бағдарламаларында өлкеде Земство мекемелерін құру басты мәселелерінің бірі ретінде қойылды. Әйгілі Қарқаралы құзырхатында Ресей үкіметінен қазақ даласына ішкі өлкелерден қоныс аудару саясатын доғару, қазақтарды Орынбор діни басқармасы құрамына алу, т.б. мәселелермен қатар, өлкеде земство мекемелерін құру да талап етілген еді. Сондай-ақ, 1905 жылы құрылған Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының бағдарламасында қазақ жеріне земство



мекемелерін құру қажеттігі аталып көрсетілді. Ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлері Қазақстанда земство мекемелерінің құрылуы, біріншіден, қазақтарды Ресей азаматтары ретінде құқықтық жағынан қорғауға мүмкіндік береді, екіншіден халыққа білім беруде, денсаулығын сақтауда және шаруашылығын жүргізуде тиімді, үшіншіден, қазақтардың қоғамдық өмірін жандандыра түсіп, өзін-өзі басқаруға әзірлейді деп ұқты. Қазақ жерінде земство мекемелері патша өкіметі құлағаннан кейін, Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 17 маусымдағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін ашу туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Осыған орай, Бірінші жалпықазақ сиезі земство мәселесін күн тәртібіне қойып, қазақтардың земство мекемелерін құруға белсенді түрде атсалысуына ерекше мән берді.

Қазақ жеріне алғашқы земство мекеме есі 1917 жылғы 16 қазанда Торғай уезінде ашылды. Оның басқармасының төрағасы болып А.Бірімжанов сайланды. Облыс деңгейіндегі земство басқармалары Қазақстанда 1918 жылғы қаңтарда құрылды. 1918 жылғы 17 қаңтарда ашылған Семей облысындағы земство басқармасының төрағасы Р.Мәрсеков болды. Орал облысындағы земство басқармасының төрағасы болып Х.Досмұхамедұлы сайланды. Қазақ жерінде облыстық және уездік деңгейде ашылған земство мекемелері халықтың шаруашылығын реттеуде, оқу ісін жолға қоюда елеулі жұмыстар атқарды. Мұғалімдер даярлайтын курстар, бастауыш мектептер ашты, оқушы жастарға стипендия тағайындады. Семей облысындағы земство басқармасы тағайындаған стипендияны сол кезде Семей мұғалімдер семинариясында оқыған Ж.Аймауытов пен М.Әуезов те алып тұрған.

**Кадет партиясы** – Ресейде 1905-1917 жылдары жұмыс істеген конституциялық-демократиялық партия. Бұл партия құрамында Ә.Бөкейхан болған. Оның «Мен Кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласы бар. Бұл мақаласында ол «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық» дей келеді де Кадет партиясының жолы ұлттық мемлекет жолымен қиыспайтынын айтып; «Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі Жалпықазақ сиезінде айтқан едім» деген болатын.

**Келіссөздер** – Алашорда үкіметінің, жетекшілерінің кеңес үкіметімен, Уақытша Сібір үкіметімен, Колчак үкіметімен, Қазақ революциялық комитетімен (Қазревком) келіссөздері. 1918 жылы Ә.Бөкейхан мен Х.Ғаббасов И.Сталинмен келіссөздер жүргізді. Мұнда И.Сталин Алашорда үкіметін мойындай отырып, оның кеңес үкіметін мойындауы қажеттілігін айтты. 1918 жылдың сәуір айының басында Ж.Досмұхамедов бастаған Алашорда делегациясы Мәскеуге келіп, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен келіссөздер жүргізді. Осы уақытта Х.Ғаббасұлы Семейден телеграф арқылы Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленинмен және ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен келіссөздер жүргізді. Алашорда делегациясы Халық комиссарлар кеңесінің кіші коллегиясында сәуір айының ортасына дейін жұмыс істеп, автономия жөнінен келісімге келе алмағанымен, шаруашылық



бағытында екіжақты келісімшартқа қол қойылды. Осы келіссөздер негізінде Алашорда жетекшілері «Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі» деп тануға мәжбүр болды. 1918 жылы жаз айларында Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Х.Токтамышев Уақытша Сібір үкіметімен Алашорда әскерін құруға көмектесу жөнінде келіссөздер жүргізді. Алаштың әскери құрамалары ак гвардияшылардың көмегімен қызыл армияға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Осындай келіссөздерді Жанша және Халел Досмұхамедовтер Комучпен де жүргізді. Осы келіссөздердің нәтижесінде олар Самарадағы Комуч үкіметінен едәуір көлемдегі қару-жарақ алды. 1919 жылы ақпан айында Ә.Бөкейхан қызыл армияға қарсы бірігіп соғысу мақсатында Колчак үкіметімен келіссөз жүргізді. А.Байтұрсынұлының ұсынысымен 1919 жылдың екінші жартысында Қазревком мен Батыс Алашорда арасында келіссөздер жүргізу мәселесі қаралды. Осы жылдың желтоқсан айында Қазревком өкілдері Жанша және Халел Досмұхамедовтермен келіссөздер жүргізуге барды. Бұл келіссөздер барысында Алашорда жағы Қазревком тарапынан қойылған ұсыныстарға нақты жауап айтпағанын байқаймыз.

**Комуч** – Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті. 1918 жылы маусым айында Самара қаласында өздерін «уақытша билік» деп жариялаған ак гвардияшылар мен эсерлердің үкіметі. Олар кеңес үкіметінің декреттерінің күшін жойып, өндіріс орындарын, банктерді, сауда орындарын иелеріне қайтарып беру жөнінде шешім шығарды. Комучтің билігі Самара, Саратов, Симбирск, Қазан, Уфа губернияларына тарады. Алашорда үкіметі Комучпен әскери-саяси одақ құрды. Уфа директориясы құрылған соң Комуч «Құрылтай жиналысы мүшелерінің сиезі» деп аталынды. Бұл 1918 жылдың желтоқсан айында таратылды.

**Көкшетау уездік молдалар мен мұғалімдер сиезі** 1917 жылдың тамыз айында өтіп, ол Көкшетау қаласында зиялылар ұйымын ашу, әр ауылнайда мектеп ашу, мұғалімдер курсың ұйымдастыру, білім серіктігін құру сияқты мәселелерді көтерді.

**«Қазақ» газеті** – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (№1 саны 1913 жылы 2 ақпанда шыққан). 1915 жылға дейін аптасына бір рет, онан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсекөв, Ж.Тілеулин,



Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

**Қазақ жастарының сиезі** – 1917 жылдың қазан айында Омбы қаласында өткізілген сиез. Сиезде Ақмола облысы жастарын «Бірлік» ұйымына біріктіру мәселесі қаралды. Аталған қоғамның кеңесі ай сайын Омбы қаласында өтетін болды. Кеңес құрамына Омбының оқу орындарынан, қаладан тыс ұйымдардан мүшелер енетін болды.

**Қазақ жастарының ұйымдары** – 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінде құрылған қазақ жастарының ұйымдары. Қазақ жастары, интеллигенциясы, ауыл мұғалімдері өкілдерінің бұл ұйымдары негізінен 1917 жылы көктем және жаз айларында құрылды. Олар «Демократиялық оқушы жастар Кеңесі» (Омбы), «Жас қазақ» (Ақмола), «Жас жүрек» (Спасск), «Қазақ жастарының революциялық одағы» (Мерке), «Жанар» (Семей), «Талап» (Петропавл), «Бірлік» (Омбы), т.б. ұйымдар болды. Бұл ұйымдардың көпшілік алдына халық арасына газет-журналдар тарату, халықтың сауатын ашуға көмектесу, әйел теңдігі үшін үгіт жүргізу міндеттерін қойды. Большевиктердің басшылығымен жұмыс істеген кейбір ұйымдар («Қазақ жастарының революциялық одағы», «Жас қазақ», «Демократиялық оқушы жастар кеңесі») ағартушылық мақсаттармен қатар, үстем таптарға, Уақытша үкіметке қарсы күрес жүргізу сияқты мәселелерді көтерді. Ал «Жанар», «Талап», «Бірлік» ұйымдары негізінен, ұлттық бағдарламаларды ұстанып, Алашорда өкіметімен тығыз байланыста жұмыс атқарды.

**Қазақ комитеттері** ұлт-азаттық қозғалыстың ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі, оның өзінің түпкі, негізгі мақсаты – мемлекеттік еркіндікке ұмтылысының табиғи көрінісі, ұлттық мемлекет болуға жасаған алғашқы қадамы-тын. 11 наурызда облыстық Қазақ комитеттері Семейде (төрағасы Р.Мәрсеков) және Омбыда (төрағасы Е.Итбаев), ал осы айдың соңына қарай Алматыда (төрағасы И.Жайнақов) жұмыс жасай бастады. Наурыз айының ортасына қарай Торғай облыстық Азаматтық комитеті құрылып, оның құрамына енгендердің арасында А.Байтұрсынұлы, Н.Бегімбетов, С.Кәдірбаев және М.Тұнғаншин бар еді.

Жаңа қалыптасқан саяси жағдайда қазақ қоғамының бастаушы саяси күшіне айналған қазақ демократиялық интеллигенциясына күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді жалпы ұлттық деңгейде жинақтап, белгілі бір тұжырымдарға келіп, бүкілресейлік Құрылтай жиналысына, келе жатқан түбегейлі өзгерістерге даярлық жасау керек еді. Мұндай жұмысты іске асырудың тиімді құралы түрлі деңгейде жиналыстар, сиездер өткізу болатын. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 9 наурыздағы санында жол қатынасының ауырлығы мен уақыттың тығыздығына байланысты тез арада жалпықазақ сиезін шақыру мүмкін еместігін айтып, «әуелі, қазіргі болған өзгерістердің мақсат, мағынасын түсіну үшін, екінші, учредительное собраниеге лайық адамдар» белгілеу мақсатында алдымен облыстық немесе облысаралық сиездер өткізуді ұсынып, оған болыс басына ең аз болғанда екі адамнан өкіл жіберу керектігін білдіреді.



Жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ ол сиездерді өткізуге дайындық жасай бастады.

**Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы** 1905 жылы желтоқсан айында Орал қаласында өткен сиезде құрылған. Оны ұйымдастырушылар қатарында Б.Қаратаев, Ғ.Бердиев, М.Бақыткереев, т.б. қазақ зиялылары болды. Осы сиезде «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» бағдарламасы және жарғысы қабылданды. Бұл құжаттар татар тіліндегі «Әл-ғаср-ул-жәдид» газетінде жарияланған. Мәтін соңында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» мүшелері мыналар: С.Қаратаев, Ғ.Бердиев, М.Бақыткереев, И.Токбердиев, Х.Досмұхамедұлы, Н.Ипмағанбетов, М.Мұқанов, Ғ.Рақымбердиев, Ізбасаров, Ү.Дүйсембин» делінген. Бағдарлама мынадай бөлімдерден тұрады: азаматтардың негізгі еркіндіктері, патшалықтың калпы, халықтың өзін-өзі билеуі, сот, дін, жер, алым-салық, жұмысшылар, мектептер, партия жұмысы. Бұл құжат – мерзімі жағынан Қазақстандағы партиялар тарихындағы ең алғашқы бағдарлама. Соған қарап, оны ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы кезеңіндегі маңызды оқиға деп қабылдауға болады.

**«Қазақстан» газеті** – 1911 жылдың 16 наурызынан 1913 жылдың шілде айына дейін бастапқыда Ордада, кейін Оралда шығып тұрған қоғамдық-саяси басылым. 18 саны жарияланған. Редакторы – Елеусін Бұйраұлы. Газет білім, мәдениет, отырықшылық мәселесін жиі қозғаған. Мұнда Е.Бұйраұлы, Б.Қаратаев, Ғ.Қараш, Ш.Бөкейұлы, Ғ.Мұсағалиев, А.Мәметов, Ғ.Көпжасаров, т.б. мақалалары жарияланған. Бұл газет те ұлттың оянуына, саяси қозғалыстарға жігі қарауына себепші болды.

**«Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы»** - «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылған көп томдық жинақ. Осы жинақтың төртінші томы «Қазақ сиездері» деп аталып, «Алаш» қозғалысына қатысты құжаттар мен материалдардан тұрады. Жинаққа 1917-1919 жылдары сиездерін шақыру қажеттілігін, күн тәртібіндегі өзекті мәселелерін, оларды шешудегі қазақ зиялыларының ұстанымдары мен қазақ қоғамын реформалау жолындағы еңбегін, сондай-ақ өзге ұлт өкілдерімен ара қатынасын жан-жақты ашып көрсететін құжаттар мен материалдар енгізілген. Жинаққа әр деңгейде өткен қазақ сиездерінің қаулылары мен қарарлары, Алашорда үкіметінің заңдары қазақ және орыс тілдерінде берілген. Жинақ профессор М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен және К.Лиясованың құрастыруымен 2007 жылы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген.

**Қарқаралы уездік жиылысы** 1917 жылдың ақпан айында өтіп, негізінен оқу мәселесін көтерді. Атап айтқанда, ауылнай басы бір мектеп ашу, бай мен кедей балалары аралас оқу, өз күшімен оқи алмайтын балаларға жәрдем еті, т.б.

**Қарқаралы хұзырхаты (петициясы)**, Қоянды хұзырхаты – Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан қойылған талап, тілек. 1905 жылы 22 маусымда Семей, Ақмола облыстарының қазақтары Қоянды жәрменкесінде бас қосып, Петербургке 16 мың адам қол қойған өздерінің арыз-тілектерін жіберген. Қарқаралы хұзырхаты мазмұны мен қол қойған адамдар саны жағынан бұған дейінгі жіберілген хұзырхаттардан әлдеқайда жоғары болды.



Патша үкіметі бұл акцияны барып тұрған саяси күрес деп тауып, жергілікті басқару орындарынан бақылауды күшейтуді талап етті. Дала генерал-губернаторы хұзырхатты ұйымдастырған адамдарды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде Қарқаралы уезінің бастығына нұсқау берді. Уез бастығы Оссовский өзінің тексеру жұмыстарының барысында хұзырхатты дайындағандардың басшылары Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпаев екендерін дәлелдеп, қазақ тілінен орыс тіліне аударған Т.Нұрекенов болғанын да анықтап, олардың үстінен іс қозғап, арттарынан андушылар қойды. Кейін мұндай хұзырхаттар Торғай, Орал облыстарында жаппай жазыла бастады. Орал облыстарында хұзырхатты дайындауда Бақытжан Қаратаев басты рөл атқарды. Хұзырхаттарда қазақтардың діни көзқарастарына еркіндік, бітімші сот институттарын енгізу, қазақ даласына орыс шаруаларын орналастыруды тоқтату, т.б. мәселелер көтерілген. Патша өкіметі бұл қозғалыстың басында жүрген қазақ зиялыларының іс-әрекеттерін қатаң бақылауға алған.

**Қойлық уездік мұсылмандар сиезі** 1918 жылдың қаңтарында болды. Сиезде Түркістан автономиясына қосылу, милиция жасақтау, азық-түлікпен қамтамасыз ету, т.б. мәселелер көтерілді. Сиезді Ә.Көтібаров басқарып, автономия туралы баяндама жасады.

**Қоқан автономиясы** – жалпы мұндай автономия тарихта болмаған. Тарихи аталу жөні – Қоқан қаласында жарияланған Түркістан автономиясы немесе түрік-мұсылманша ныспысы – Түркістан мұхтарияты. Қараның: Түркістан автономиясы.

**Қостанай уезі қазақтарының төтенше сиезі** – 1918 жылы қазанда 100-ден астам делегат қатысқан сиез... Сиезді Алашорданың жергілікті жетекшісі А.Алдияров ашып, «Алаш автономиясы туралы» арнайы баяндама жасады. Сиезде сонымен бірге Байғориннің баяндамасы тыңдалды. Сиез президиум сайлады. Оның төрағасы болып А.Бірімжанов, төрағаның серігі болып Е.Омаров, хатшылары болып Ғайсин мен Тұяқов сайланды. Сиезге Ырғыз, Торғай уездерінің өкілдері қатысты. Бұл төрт күнге созылған сиез Алаш автономиясы, қазақ полкі, Алашорданың жергілікті мүшелерін сайлау, уездік сот, жер мәселесі, қаржы, т.б. мәселелерді қарастырды. Сиез соңында Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылады және Алаш үкіметін ғана мойындайды деген қаулы қабылдады.

**Құрылтай жиналысы** – 1917 жылы Ресейде сайлау құқығы негізінде басқару түрі мен конституция жасау үшін ұйымдастырылған құрылым. Мұны сол кездегі саяси ағымдар мен партиялардың көпшілігі қолдаған. Құрылтай жиналысының сайлауы 1917 жылдың қараша айынан бастап 1918 жылдың басына дейін жалғасты. Құрылтай жиналысының Ресейдегі рөлін түсіне отырып, Алаш жетекшілері Бірінші жалпықазақ сиезінде Құрылтай жиналысына дайындықты және оған депутаттар сайлау мәселесін жеке мәселе ретінде көтерді. Осы жылдың қазан айында «Алаш» партиясы атынан Құрылтай жиналысына Торғай, Ақмола, Семей, Орал, Жетісу облыстарынан



және Бөкей ордасынан бірнеше тізім бойынша депутаттар сайланды. Олардың арасында Алаштың барлық дерлік қайраткерлері болды.

**Құрылтай жиналысына** «Алаш» партиясы атынан аталған депутаттар тізімі. Бұл тізім 1917 жылы күз айларында барлық облыстарда жасалған. Ол Бірінші жалпықазақ сиезінің қаулысы бойынша және облыстық сиездерінің шешімдері бойынша дайындалған. Облыстар бойынша толық тізім 1917 жылдың қазан айында «Қазақ» газетінде жарияланды. Мұнда Торғай, Ақмола, Семей, Орал, Жетісу, сырдария, Ферғана, Самарқанд облыстарынан және Бөкей ордасынан сайланатын депутаттардың тізімі берілген. Тізімге Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік енгенін байқауға болады. Қосымшаны қараңыз.

**Қызылжар уезінің мұғалімдер сиезі.** 1917 жылдың мамыр айында өткен бұл сиезде ана тілінде оқыту, орын тілін үш жылдан кейін оқыту, мектептерді алтыжылдық ету, мұғалімдер дайындау үшін курстар мен семинариялар ашу, мектептерді үкімет тарапынан қаржыландыру сияқты мәселелер қарастырылды.

**Мемлекеттік дума** – 1906-1917 жылдардағы Ресей империясындағы мемлекеттік басқарудың конституциялық-монархиялық бағыттағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы. Мемлекеттік дума Бірінші орыс революциясы нәтижесінде демократиялық даму жолындағы өзгерістерді енгізуге мәжбүр болған Ресей патшасының 1905 жылы 17 қазанда жариялаған манифесі негізінде құрылды. Мемлекеттік думаға Ресей мемлекетіндегі партиялар фракциялары мен ұлттық аймақтардың өкілдері сайланды. Мемлекеттік дума төрт рет шақырылды. Қазақ халқы оның тек екеуіне қатысты. Бірінші мемлекеттік думаға Қазақстаннан 13 депутат, оның ішінде қазақ халқынан 8 депутат: Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, А.Қалменов, Б.Құлманов, М.Тайынұлы, Ш.Қосшығұлов, С.Жантөрин, Д.Тұндыт. Бұл думада А.Бірімжанов пен А.Қалменов ерекше белсенділік танытты. Екінші мемлекеттік дума 1907 жылы 20 ақпан – 3 маусым аралығында жұмыс істеп, 2 сессия, 53 мәжіліс өткізді. Оның құрамы негізінен кадеттерден, социал-демократтар мен октябристерден тұрды. Бұл дума да аграрлық мәселені талқылады. Қазақстаннан 13 депутат, оның ішінде қазақ халқынан 6 депутат: Ш.Қосшығұлұлы, Х.Нүркенов, Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Т.Аллабергенев, М.Тынышбаев сайланды.

**Мұсылман фракциясы** – Ресей империясының Мемлекеттік думасындағы мұсылман халықтары өкілдерінің парламенттік фракциясы (1906-1917). 1906 жылы 27 сәуірде өз жұмысын бастаған 1-Мемлекеттік думаға 436 депутат сайланды. Оның 36-сы мұсылман депутаты еді. Осы мұсылман депутаттарының 24-і ғана Мемлекеттік дума жұмысына қатысып үлгерді. 1-Мемлекеттік думада мұсылман депутаттар бүкіл империя мұсылмандарының мүддесін қорғау мақсатында парламенттік фракция құрды. Ол Мұсылман фракциясы деп аталды. 21 маусымда мұсылман депутаттарының бас қосқан жиналысы өтіп, онда Мұсылман фракциясының төрағасы мен бюросының құрамы сайланды. Б.Қаратаев, Ы.Жаманшалов, С.Лапин, А.Жанталин, Е.Оразаев, А.Өтегенов секілді қазақ зиялылары мұсылмандардың дін істері



мен мекемелері жайлы заң жобасын әзірлеуге қатысты. Мемлекеттік дума мәжілістерінде Мұсылман фракциясы мүшелері Түркістан өлкесі мен дала облыстарына өз алдына діни басқрама құру қажеттігін, мұсылман дін иелерінің христиан-православие дін иелерімен тең құқыққа болу мәселесін де көтерді. Түркістан, қазақ өлкесі халықтарын Мемлекеттік думадан шеттеткен, «3 маусым заңын» жоюға күш салды. Бұл мәселені М.Мақсұдов 1912 жылы 9 маусымда өткен 3-Мемлекеттік думаның соңғы мәжілісінде қозғап, «3 маусым заңының» жойылуын талап етті. Алайда «3 маусым заңы» жойылмастан, 4-Мемлекеттік думаға сайлау Түркістан өлкесі мен қазақ облыстары халықтарының қатысуынсыз жүрді. 1912 жылы қараша айынан өз қызметіне кіріскен 4-Мемлекеттік думадағы 442 депутаттың ішінде 6 депутат қана мұсылман халықтарының өкілі болды. Осы 6 депутат 4-Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясын құрды. Мұсылман фракциясына Қ.Тевкелев қайтадан төраға болып сайланды. Мұсылман фракциясы 4-Мемлекеттік думада кадеттер партиясымен бірлесіп, «Мемлекеттік думаға сайлау тәртібін өзгерту туралы» заң жобасын әзірледі. 1912 жылы 1 желтоқсандағы Мемлекеттік дума мәжілісінде И.Ахтямов «3 маусым заңының» ескіргендігіін, заман талабына жауап бере алмайтындығын айтып, оны өзгерту қажеттігі жөнінде мәселе көтерді. Мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен 1914 жылы 15-20 маусым аралығында Бүкілресейлік мұсылман сиезі өтті. Бұл сиезге қатысқан 35 делегаттың құрамында Ә.Бөкейхан, Б.Қаратаев, С.Лапин, Ж.Сейдалиев секілді, т.б. қазақ зиялылары болды. Сиезде «Ресей мұсылмандарының діни істері туралы» заң жобасы әзірленіп, талқыланды. 1914 жылдан Мұсылман фракциясында М.Шоқай хатшылық қызмет атқарды. 4-Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясы мүшелерінің аз болуы себепті, 1916 жылы оған көмек көрсететін бюро құру қажеттігі туды. Мұндай бюро құру үшін 1916 жылы ақпанда Мұсылман фракциясы мәжіліс өткізді. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ф.Каримов және т.б. қайраткерлер шақырылды. Осы мәжілістің ұйғарымымен Мұсылман фракциясына көмек көрсететін бюро сәуір айында ашылды. Бұл бюроның құрамында А.Салихов, Ш.Мұхамедияров, С.Жантөрин, Н.құрманғалиев, С.Мақсұдов, Ә.Бөкейхан қызмет етті.

**«Ойыл уәлаяты»** Уақытша үкіметі – ХХ ғасыр басында Жайық өңірінде орнаған мемлекеттік-автономиялық құрылым. Ол 1918 жылы сәуір айының соңында Жымпитыда өткен 4-Орал облыстық қазақ сиезінің қарарымен құрылды. Үкімет құрамына 7 адам: Жанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Дәулетше Күсепқалиев, Өлеңгі болысының бұрынғы басқарушысы, С.Датұлының шөбересі Салық Омаров, Саратов университетінің түлегі, экономист Қалдыбай Асанов, Бағдат университетінің түлегі, Қуанай хазіреттің баласы Габдол Қосдәулетов мүше болды. Уәлаят бірнеше уезге бөлінді. Әзірге олардың үшеуі ғана белгілі: Жымпиты уезі (төрағасы – Бижан жанқадамов), Ойыл уезі (төрағасы – Жанқожа Мергенев), Сағыз уезі (төрағасы белгісіз). 1918 жылы 11 қыркүйекте Ә.Бөкейхан төрағалық еткен Ж.Досмұхамедұлы, Х.Досмұхамедұлы, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков,



М.Тынышбаев, У.Танашев қатысқан Алашорда үкіметінің шұғыл мәжілісінде «Ойыл уалаяты» үкіметі таратылды.

**Ойыл уездік сиезі** – 1917 жылдың наурыз айында Орал облысы қазақтары қатысқан сиез. Мұнда ақпан төңкерісінен кейінгі жағдайға сәйкес ел ішінде тыныштық сақтау, Құрылтай жиналысына байланысты сайлау өткізуге халықты үгіттеу, облыстық сиез ашу мәселелері көтерілді. Сиезде қазақ атқару комитеті сайланды. Оның төрағасы Х.Досмұхамедұлы болды.

**Орал облыстық қазақ комитеті** – 1917-1918 жылдары Жайық өңірінің сол жақ жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы. 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сырты қазақтарының бірінші сиезінде бұрынғы Жайық сырты бөлігін басқару жөніндегі уақытша комитеттің орнына құрылды. Комитетке мүше болып Ж.Досмұхамедұлы, Ы.Тоқберлиев, Х.Тасымов, Т.Сарыбөпиев, Е.Мұқанов, Д.Сәрсенбаев, Ғ.Әлібеков, Д.Күсепқалиев, Б.Жанқадамов, Р.Қаржаубаев, Е.Әбенев, Д.Жұлдызов, Х.Досмұхамедұлы, Ы.Топаев, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов, Б.Жұмағалиев, С.Омаров және Б.Тілепин сайланды. Комитет бірінші Орал облыстық қазақ сиезінің Жайық сырты бөлігіндегі бұрынғы төрашыл-бюрократтық басқару жүйесін коллегиялды халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімімен туындаған барлық қаулы-қарарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мүлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, елден ерікті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрмеңкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым-мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысты. **Орал облыстық қазақ сиездері.** Облыстық қазақ сиездерінің саяси бағытын, әлеуметтік сипатын 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық қазақ сиезінің шешімдерімен таныса отырып байқауға болады. Барлығы 800 адам қатысқан бұл сиезді өткізуге белсенді атсалысқандардың арасында І Мемлекеттік Дума мүшесі А.Қалменов, заңгер Ж.Досмұхамедұлы, дәрігер Х.Досмұхамедұлы, сондай-ақ, Ғ.Әлібеков, Х.Ахмедшин, Н.Арғыншиев және басқа интеллигенция өкілдері болды. Негізгі мәселе ретінде алдымен мемлекеттік басқару, Уақытша үкіметке және соғысқа қатынас мәселелеріне тоқталып, сиез «монархизмді құлдықтың символдық көрінісі, халықтар арасындағы өшпенділіктің көзі ретінде біржола жойылуы керек деп санайды, қазақ халқы демократиялық республика идеясын қызу қолдайды, ал ұлттық-территориялық немесе федеративтік-демократиялық республика мәселесін құрылтай жиналысы қарауына қалдырады» деп көрсетті. Екінші Орал облыстық қазақ сиезі 1917 жылдың маусым айында өтті. Мәліметтерге қарағанда, осы сиезде қазақтың тұңғыш басқару органы – Жайық сырты земство управасы сайланды. Төрағасы – Д.Күсепқалиев. 1917 жылдың 18 қыркүйегінде Жымпиты базарында Орал облысы молдаларының сиезі болады. Күн тәртібіне медреселерді ашу, дін жұмысының жүргізілуі жайы қойылады. Орал облысында болған келесі сиез 1918 жылдың 17 қаңтарында Қаратөбеде өтеді. Халел және Жанша Досмұхамедұлдары сиез төрағалығына сайланады.



Сиездін күн тәртібіндегі мәселелер әскер жасақтау және үкімет құру, әскерге ақша жинау болды. Ал, зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл сиезде екінші земство сайлауы өтіп, оның төрағалығына Х.Досмұхамедұлы сайланған. Келесі Орал облыстық қазақ сиезі 1918 жылғы 18-21 мамыр күндері болған. Делегаттардың саны – 450. Күн тәртібіне енгізілген 20 мәселенің негізгілері: Россия мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзқарас, земство делегациясының Москваға баруы жөніндегі есебі, земство мекемелерінің билігін кенейту, Орал облысының қазақ бөлігінде мықты өкімет құру, т.б. Осы мәселелерге байланысты мынадай ұсыныстар жасалды: Орал казачествосымен одактасу жөніндегі келісім-шартты заңдық негізде даярлау, казачествоға заттай және қаржылай көмек беру, Жымпитыдан алты айлық юнкерлік курс ашу, т.б. Сиезге қатысушылар бұл ұсыныстарды бірауыздан мақұлдады. Алтыншы Орал облыстық қазақ сиезі 1919 жылдың 14-20 шілде аралығында болды. Сиездін күн тәртібінде талқыланған мәселелер мен қабылданған шешімдер белгісіз.

**Павлодар уездік сиезі** 1918 жылдың ақпан айында өтті. Сиезде негізінен, ұлт қазынасы мәселесі қаралды. Сиезге қатысушылар Алаш қозғалысын қолдап, тілектестіктерін білдіріп, оған қаржылай көмектесуге бәтуаласты. Бірқатар қаржылы азаматтар Алаш қозғалысына ақшалай көмек беретіндіктерін білдірді.

**Партия құру және оның мәселелері туралы конституциялық-демократиялық партия бағдарламасы** – 1905 жылы желтоқсан айында Орал қаласында өткен «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» сиезінде қабылданған құжат. Ол татар тіліндегі «Әл-ғаср-ул-жәдид» газетінде татар тілінде жарияланған. Мәтін соңында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының мүшелері мыналар: С.Қаратаев, Ғ.Бердиев, М.Бақытгереев, И.Тоқбердиев, Х.Досмұхамедұлы, Н.Ипмағамбетов, М.Мұқанов, Ғ.Рақымбердиев, Избасаров, Ү.Дүйсембин» делінген. Бағдарлама мынадай бөлімдерден тұрады: азаматтардың негізгі еркіндіктері, патшалықтың қалпы, халықтың өзін-өзі билеу, сот, дін, жер, алым-салық, жұмысшылар, мектептер, партия жұмысы. Бұл құжат – мерзімі жағынан Қазақстандағы партиялар тарихындағы ең алғашқы бағдарлама. Соған қарап оны ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы кезеңіндегі маңызды оқиға деп қабылдауға болады.

**«Садақ» журналы** – 1915 жылдың 9 қарашасынан 1918 жылдың 10 ақпанына дейін Уфадағы «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері шығарған қолжазба әдеби журнал. Ұйымдастырушылар әрі шығарушылары – Б.Майлыұлы мен Ж.Тілепбергенұлы. Олар «шығарушы» - «Қазақ» ұйымы» деп көрсеткен. Аталған медресе шәкірттері «Қазақ» газетін, сондағы қайраткерлерді үлгі тұтқан. Деректерге қарағанда, олар Алаштың «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран» газеттерін де жаздыртып алып тұрған. Бұл басылым да «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттеріне тілектестігін білдіріп отырған. Журналда Б.Майлин, Ж.Тілепбергенұлы, Х.Сартәлиұлы, З.Имажанұлы, Ә.Мұстафаұлы, А.Әшкеұлы, Х.Басымұлы, т.б. авторлардың материалдары жарық көрген.



«Сарыарқа» газеті – Семей қаласында 1917 жылдың маусым айынан бастап (№2 17 маусымда басылған) 1919 жылдың ортасына дейін шыққан елшіл бағыттағы басылым. Жауапты шығарушылар – Халел Ғаббасов пен Райымжан Мәрсеков. Бастырушысы – «Тендік» серіктігі. С.Сәдуақасұлы бұл газетті «Алаш» партиясы Орталық комитетінің органы» деп жазады. Газетте Х.Ғаббасов, Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, М.Дулатов, Р.Мәрсеков, Б.Сәрсенұлы, И.Әлімбекұлы, М.Тұрғанбайұлы, М.Малдыбаев, Ғ.Қараш, С.Дөңентайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Т.Құнанбаев, Б.Майлин, т.б. авторлардың мақалалары жарияланған. Басылымда Алаш қозғалысының аса серпінді тұстарының жай-жапсары, маңызды елшілдік идеялар көрініс тапқан.

**Семей облыстық қазақ съездері.** Алғашқы Семей облыстық қазақ сиезі 1917 жылдың 27 сәуір және 7 мамыр аралығында болып өтті. Оның жұмысына Ж.Ақпаев, Р.Мәрсеков, Ш.Құдайбердиев, А.Қозыбағаров, Ә.Ермеков, Н.Құлжанова, С.Сабатаев, Б.Сәрсенов, Х.Ғаббасов, Ж.Аймауытұлы, М.Тұрғанбаев сияқты белсенді қазақ интеллигенттерінің үлкен тобының қатысқаны едәуір ықпал еткені сөзсіз. Ж.Ақпаев төрағалық жасаған сиездің күн тәртібінде, негізінен Торғай және басқа облыстық сиездер қараған мәселелер, сонымен бірге мұнда әйелдер теңдігі дербес мәселе ретінде қойылды. Сиез делегаттары бірауыздан тезірек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру қажеттігін, ең негізгі мәселелерді тек Құрылтай жиналысы ғана шешуге құқылы екендігін, ел арасына тыныштық пен татулықты сол ғана алып келе алатындығын айтып, оның жұмысына барлық халықтардың өкілдері қатысып, сайлау құқығы жалпыға бірдей, тең, төте және құпия болуын, ешқандай да білім, мүлік, жыныс және отырықшылық цензі болмауын жақтады. Семейдегі екінші облыстық қазақ сиезі 1917 жылдың 12 қыркүйегіндегі болды. Бұл сиезге өкілдер аз келгендіктен мұны сиез демеі, кеңес деп атады. Кеңестің төрағасы Р.Мәрсеков, орынбасары Ж.Ақпаев, қазынашылары И.Әлімбеков, М.Малдыбаев болды. Елдің тыныштығын сақтау мақсатында милиция сайлау мәселесі алған рет осы сиезде көтерілді. Кәсіби шеберханалар ашу мәселесінің күн тәртібіне қойылуы – халықтың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жасалған алғашқы қадамы еді. Семей облысының үшінші сиезі 1918 жылы 10-13 мамыр аралығында өтті. Оған 316 адам қатысты. Сиездің күн тәртібіне 8 мәселе енді. Олар: автономия туралы, заманның қазіргі халі, жергілікті мекемелер, облыстық сот, жер мәселесі, оқу-ағарту ісі, азық-түлік мәселесі, Түркістан өлкесіндегі қырғынға ұшыраған қазақ-қырғыз жайы. Сиезде Атқару комитеті мен қазақ комитетін біріктіру туралы қаулы қабылданды.

**Семей облыстық қазақ сиезінің қаулысы.** Бұл қаулы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 3 нөмірінде жарияланды. Қаулы бес бөліктен тұрады. Онда мемлекет түрі, қазақтың тәуелсіздігі, жергілікті басқару, Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау, Уақытша комитеттер ашу сияқты мәселелер көрсетілген. Бұл қаулы 1917 жылдың 9 қарашасында өткен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің қаулысына негіз болды. Осы



құжаттардың атап өтерлік ерекшелігі – оның бірқатар бағтары «Алаш» партиясының бағдарламасынан көрініс талқанын байқауға болады.

**«Серке» газеті** – 1907 жылы Петерборда татардың «Улфат» (қазақша мағынасы – бірлесу, келісім) атты газетіне қосымша шыққан газет. Ғылыми әдебиеттерде оның бір ғана саны шыққан делінеді. Сірә, ол «Улфаттың» 1907 жылғы №84 санының қосымшасы болса керек. Татар ғалымы И.Рәмидің зерттеуіне қарағанда, жалпы бұл газеттің 87 саны ғана шығып, патша цензурасының күшімен 1907 жылы 9 маусымда жабылып қалған. Өзі 1906 жылдан шыққан. Редакторы – Ғабдрашит Ибраһимов ныспылы татар қайраткері. Газет мақсаты – ислам дүниесін біріктіру, діни білікті көтеру, оқу-білімді насихаттау, ұлттық автономиялар құрудың негізін қалау болған. М.Сералин «Айқаптың» алғашқы санында «Серкені» «1907жылы II Мемлекеттік Думаның мүшесі Шаймерден Қосшығұлдың ыждаһатымен шықты деп көрсетеді.

**Сиез ашу мәселесі жөніндегі хаттар** – ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары көтерген мәселелердің бірі – сиез ашу мәселесі. Сиез ашу мәселесі жөнінде «Қазақ» газетінде, «Айқап» журналында бірқатар мақала сипатындағы хаттар жарық көрді. Олардың ішінде Ж.Сейдалиннің «Азып-тозып кетпеске не амал бар?», «Бас қосу. Бас қосуға рұқсат берілмеугі», «Тағы да сиез хақында», Ә.Бөкейханның «Жиһанша Әлмұхамедұлы Сейдалинге», «Жауап хат», «Ашық хат», А.Байтұрсынұлының «Жауап хат. Құрметті Жанша, Жиһанша мырза!», М.Дулатовтың «Бас қосу туралы», Б.Сырттановтың «Сүйікті Жаһанша Мырза!», Е.Қасаболатовтың «Бас қосу турасында бір-екі ауыз сөз» хаттарын айтуға болады. Бұл хаттарда қазақ оқығандарының басын қосып, ел камын ойлау мәселелері көтерілді. Сиез ашу мәселесінде сол тұстағы зиялы қауымға ой тастаған Ж.Сейдалиннің еңбегін арнайы атап өткен жөн. Бұл хаттар қазақ зиялыларының басын қосуға, сиез ашуды күн тәртібіне қоюға өзіндік үлкен ықпал жасады.

**Сырдария облыстық қазақ сиездері.** 1917 жылдың 2-5 тамызы аралығында Сырдария аймағына қатысты Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының сиезі өтті. Сиез төрағасы М.Тынышбаев болды. Сиезде көтерілген негізгі мәселелер – Ресейдің қазіргі жағдайы, жалпы қазақ сиезіне көзқарас, Ресейдегі мемлекет билеу түрі және келешектегі Түркістанды басқару мәселесі, жер, су және қоныстанушылар мәселесі, азық-түлік, мал шаруашылығы және отын мәселелері, земство, мектеп мәселесі, халық соты, рухани-діни іс, баспасөз, Бүкілресейлік Мұсылман Кеңесіне және оның атқару комитетіне көзқарас, Жетісудағы қырғыздардың жағдайы, «Бірлік туы» одағы, 2-ші Бүкілресейлік ауылшаруашылығы санағы, жер комитеттері, әйел мәселесі, Құрылтай жиналысы туралы, ұлттық қазына мәселелері. Сырдария облысына қатысты келесі сиез 8-11 қазан аралығында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз депутаттарын белгілеу мақсатымен өтті. Бұл сиезді С.Лапин және Садыққожа ишан ұйымдастырды.

**«Талап» ұйымы** – Түркістан республикасында (Ташкент) 1922 жылы 4 желтоқсанда ресми ашылған мәдени-ағарту ұйымы. Өз кезінде «қауым» деп



аталған. Төрағасы – Х.Досмұхамедұлы, мүшелері: А.Шмидт, И.Тоқтыбайұлы, М.Тынышбаев, М.Әуезов, Қ.Тыныстанұлы. Ұйым Жарғысын жасауға Х.Досмұхамедұлы, А.Шмидт, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, К.Жәленов, Н.Архангельский қатысқан. «Талап» Ташкентте қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, тарихына қатысты дәрістер, басқосулар, пікірталастар ұйымдастырып отырған. 1923 жылы 16 наурызда Алматыда ұйым бөлімшесін ашқан. Бұған да мынандай тарихи белгілі тұлғалар кірген: И.Арабаев, Б.Сүлеев, Қ.Басымұлы, Ж.Бәрібайұлы, Қ.Сармолдаев, Ш.Сарыбайұлы, А.Розыбақиев. Қиын жылдары «Талап» елшілік істі жалғап, дамытуға үлкен үлес қосты.

**«Теңдік» серіктестігі** - Семейде 1917-1918 жылдары «Сарыарқа» газетіне құрылтайшы, демеуші болған серіктестік. Бұл кезде серіктік қаржысы қайырымды байлардың, ұлт болашағын ойлаған оқығандардың, тіпті шәкірттердің ортаға салған ақшасынан да құралған. Газеттің жылдық бағасы – 6 сом, жарты жылдық бағасы – 3 сом 25 тиын болған.

**Торғай облыстық қазақ сиездері.** Облыстық қазақ сиездерін бастап берген 1917 жылдың 2-8 сәуірі аралығында Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының сиезі еді. Оған өкіл есебінде қатысқан 300 адамның арасында ақсақалдар мен ел адамдары, дін басы молдалар мен мұғалімдер, оқытушылар мен заңгерлер, дәрігерлер мен шығармашылық интеллигенция өкілдері бар болатын. Сиез үкімет орындары – ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу туралы қаулысында, оларды құру жолдарын көрсетіп, ескі биліктің өз өкілдігін жаңа сайланған атқару комитеттеріне өткізу тәртібін, сондай-ақ, жаңа билік орындарының жұмыс ретін белгілеп берді. Торғай облысы қазақтарының екінші сиезі 1917 жылдың 20-25 тамызы аралығында Ақтөбе қаласында болып өтті. Сиезге 150 делегат қатысты. Сиез төрағалығына М.Есболов, орынбасарларына С.Досжанов, А.Тұнғаншин сайланды. Сиезде қаралған ең өзекті мәселелер: мемлекет билеу түрі, жер мәселесі, земство, оқу мәселесі, сот ісі, рухани-діни іс, әйел мәселесі, Бүкілресейлік мұсылман кеңесі, т.б.

**Түркістан автономиясы (Түркістан мұхтарияты)** – 1917 жылы 27 қарашада Қоқан қаласында жарияланған автономия. 26 қарашаға шақырылған Түркістан мұсылмандарының IV құрылтайының делегаттары Түркістан автономиясының немесе Түркістан мұхтариятының «Халық кеңесін» сайлады. Халық кеңесінің төрағалығына – Серәлі Лапин, кеңес басшылығы құрамына – Мұстафа Шоқай, Абдолла Қожанов, Мазмұтқожа Бехбуди сайланады. Түркістан үкіметінің мүшелері мына тұлғалар: Мұхамеджан Тынышбаев – Үкімет төрағасы және ішкі істер министрі, Мұстафа Шоқай – Ұлттық кеңес төрағасы және сыртқы істер министрі, Шаһислам Шахиахметов – Үкімет төрағасының орынбасары және қаржы министрі, Әбдірахмен Оразайұлы – кейінгі ішкі істер министрі, Абдолла Қожанов – әскери істер министрі, Насырхан төре – халық ағарту министрі, Мірәділ Мырзахметов – әлеуметтік істер министрі, Хидаятбек Юргули Ағаев – ауылшаруашылығы министрі, Әбитжан Махмұт – азық-түлік министрі, Саломон Гердцфельд – азшылық ұлт өкілдерінің министрі. Түркістан автономиясы 1918 жылдың 11 ақпанына дейін



64 күн өмір сүрді. 10-11 ақпанда большевиктер тарапынан Қоқанда қанды қырғын болып, бұл мемлекеттік құрылым күшпен таратылды.

**Түркістан аймағы қазақ-қырғыздың жалпы жиналысы.** Бұл жиналыс 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен. Оған Сырдария облысының Әулиетат, Қазалы, Перовск уездеріне, Ташкент уезіне, Ферғана облысы Әндіжан, Наманган уездеріне, Жетісу облысы, Пішпек уезінен 84 адам қатысқан. Жиналыстың төрағасы М.Тынышбаев болған. Жиналыста қазіргі заман, осы күнгі саяси хал, Рүссияда болмақшы мемлекет түрі һәм келешектегі Түркістанды басқару, жер-су, переселен орыстар туралы, мектеп, дін, баспасөз, т.б. мәселелер талқыланып, қаулыдан көрініс тапқан.

**Түркістан және қазақ мұсылмандарының сиезі** 1917 жылы 17-20 қыркүйек аралығында Ташкент қаласында өтті. Сиезге Түркістан облыстарымен бірге Орал, Торғай облыстарынан делегаттар қатысты. Мұнда Түркістан және Қазақстан мұсылмандарының басын біріктіретін саяси партия құру туралы мәселе көтерілді. Ондай партия құруға шешім қабылданып, оны «Мұсылмандар одағы» - «Иттифок-и-Муслимуи» деп атау ұйғарылды.

**Түркістан мұсылмандарының IV төтенше сиезі** 1927 жылы 27 қарашада Қоқан қаласында ашылды. Оған Түркістан аймағының әр бөлігінен келген 300-дей өкіл қатысты. Мұнда «Түркістан территориялық автономиясы» (Түркістан мұхтарияты) жарияланды және оның Халық кеңесі сайланды. Түркістан автономиясының төрағалығына М.Тынышбаев, министрлер болып МүШоқай, Ш.Шахиахметов, А.Қожанов, Ә.Оразайұлы, Х.Агаев, т.б. сайланды. Халық кеңесі төрағалығына С.Лапин бекітілді.

**Уақытша Сібір үкіметі** 1918 жылы 27 қаңтарда кеңестік билікке қарсы облыстық дума жиналысында құрылған. Алашорда үкіметі Томскіде Вологодский басқарған Уақытша Сібір үкіметімен және оның Омбыдағы комиссариатымен байланыс орнатып, кеңестік билікке қарсы бірлесе күресуге әрекеттенді. Уақытша Сібір үкіметі Алашорда үкіметін өзіне бағындыруды көздеді. Бұл өз кезегінде екі үкімет арасындағы байланысты әлсірете түсті.

**Уфа мәжілісі және директориясы** – «Уфа мемлекеттік мәжілісі» деген атпен өткен. Бұл мәжіліс 1918 жылы 8 қыркүйекте ашылды. Оған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, С.Досжанов, Б.Жанқадамов, А.Байтұрсынұлы, Г.Әлімбеков, М.Тынышбаев, М.Шоқай, І.Тұрмұхамедовтер қатысты. Мұндағы басты мәселе бүкілресейлік жоғарғы үкімет құру болды. Ол «Уфа директориясы» деп аталды. Олар Ә.Бөкейхан көтерген мәселені талқылай келе, «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметін таратып, орнына Алашорданың Бағыс бөлігін құру туралы шешім шығарды. Директорияның 1918 жылғы 4 қарашадағы жарлығымен «Алашорда үкіметі таратылсын» деп жарияланды.

**«Ұран» газеті** – Ішкі Ордада (Бөкейлікте, Астрахань қаласында) 1917 жылы 14 мамырдан бастап шыға бастаған қоғамдық-саяси бағыттағы басылым. Редакторы – Ғабдолғазиз Мұсаұлы (Ғ.Мұсағалиұлы). Ол «Қазақ» газетінде басылған тарихи-танымдық мақалаларымен белгілі қаламгер. Қазандағы Апанаев медресесін, Мысырдағы әл-Азхар университетін бітірген, Жетісудағы Мамания медресесінде ұстаздық еткен.



**«Үш жүз» партиясы** – Қазақстанда 1917 жылы қазан-қараша айларында дүниеге келген ұлттық-саяси ұйым. Партия мүшелері кейде өздерін «қазақтың социалистік партиясы» деп те атады. «Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рольдерді Көлбай Тоғысов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Әлжанов, Әбілхайыр Досов, Ысқақ Кабеков, Мұқан Айтпенев атқарды. ОК-нің алғашқы төрағасы М.Айтпенев, орынбасары К.Тоғысов, хатшысы Ы.Көбеков болды. Орталық органы «Үш жүз» газеті, оған Тоғысов редакторлық етті. Қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты.

**«Шура-и-ислам», Ислам кеңесі** – 1917 жылғы мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылман сиезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым Уақытша үкімет жағдайында, мұсылмандардың және олардың қоғамдық ұйымдарының Құрылтай жиналысына дейінгі әс-әрекеттерін қадағалап, үйлестіріп отырды. Шура-и-исламның Петроград қаласында орналасқан 12 адамнан тұратын атқару комитетінің төрағалығына Ж.Салихов, орынбасары болып Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Атқару комитеті мүшелері қатарына алғашында У.Танашев, Ж.Ақбасев, Зәки Уәлиди Тоған, Ғ.Ходжаев, К.Тоғысов, Ш.Мұхамедияров, И.Лиманов секілді қайраткерлер болды. Шура-и-ислам Бүкілресейлік мұсылмандар сиезінің шешімдерін басшылыққа алды. 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ сиезі Шура-и-исламға мүшелікке қазақ өкілдерін: Ақмоладан А.Тұрлыбаевты, Семейден Ә.Сәтбаевты, Торғайдан Ә.Байғуринді, Ораддан У.Танашевты, Жетісудан Б.Мәмбетовты, Сырдариядан М.Шоқайды, Ферғанадан Ғ.Оразаевты сайлады. Шура-и-ислам 1917 жылы шілдеде Қазан қаласында Бүкілресейлік мұсылмандар сиезін өткізуді ұйымдастырды. Шура-и-ислам Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді.

**Ырғыз сиезі** 1917 жылдың желтоқсан айында өткен бұл сиездің негізгі мақсаты екінші жалпықазақ сиезін және оның қаулыларын халыққа таныстыру болды. Сиез «Алаш туы» астында қазақ автономиясын құруға қаулы етті. Негізгі баяндаманы Ғ.Теміров жасады. Ол баяндамасында «Алашорданың» автономия болуына күмән келтіріп, Түркістан автономиясына қосылуды жақтады. Оның бұл пікіріне жастар қарсы шығып, «Алашқа» қосылуды жақтады. Сиезде елдің бірлігі көбірек сөз болып, Алаш болып бірігу мәселесі басымдық алды.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995.
2. Айбасов Е.Б. Один из первых. Документальный повесть. Алматы: Арыс, 2005.
3. «Айқап». Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
4. Алаш ақиықтары. Құрастырған Т.Жұртбай. Алматы: Алаш, 2006.
5. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 1 том. Алматы: Алаш, 2004
6. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 2 том. Алматы: Алаш, 2005
7. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Бас ред. М.Қойгелдиев. 3 том, 1 кітап. Алматы: Ел шежіре, 2007.
8. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Бас ред. М.Қойгелдиев. 3 том, 2 кітап. Алматы: Ел шежіре, 2007.
9. Алаш және Әуезов. Құрастырғандар: Е.Тілешов, Ж.Тұрлыбекова, О.Сүлейменов. Алматы: Жазушы, 2007.
10. Алаш-Орда: Сборник документов. Сост. Н.Мартыненко. Алма-Ата: Малое издательство «Айқап», 1992.
11. Альжанова С., Тулемисова Г. Отыншы Альжанов – «Беркут Алаш-Орды». Алматы: Фонд Алтынбек Сарсенбайұлы, 2008.
12. Аманжолова Д.А. Алаш: история и историография. Учебное пособие. Семипалатинск, 1993.
13. Атырау облысының мемлекеттік мұрағаты. Мұрағат деректері – халық қазынасы. Алматы: Әсем-Систем, 2004.
14. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы, Жалын, 1996.
15. Әбдешев М. Қазақ порттерінің тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2008,
16. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. Алматы: Қазақстан, 1993.
17. Әбдіманов Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. Алматы, 2007.
18. Әлжанов А., Шокин Ә., Досаханов Ә. Алғашқы қазақ дәрігерлері. Алматы: Қазақстан, 1984.
19. Әуезов М. Таңдамалы. Избранное. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1997.
20. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
21. Бағыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002.
22. Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы. Құрастырған: Д.Қамзабекұлы. Астана: Парасат әлемі, 2005
23. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы, 1995.
24. Дәуір ақыны (Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады). Құрастырушы: Ф.Қ. Бектұрбекова. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002.



25. Дәуірдің жарық жұлдызы (Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады). Құрастырушы: М.М. Бегманова. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.
26. Досжанов Д. Абакты. Алматы: Қазақстан, 1992.
27. Дулатова Г. Шындық шырағы. Алматы, 1995.
28. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Құрастырушылар: Г.Дулатова, С.Иманбаева. Алматы: Мектеп, 2002-2004.
29. Елім деп соққан жүрек (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатұлына арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002.
30. Ескендірұлы М. «Алаш Орда» министрлері / Министры «Алаш Орды». Алматы: 2008.
31. Жетісу. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2004 ж.
32. Жұртбай Т. Талқы. Алматы: Қазақстан, 1997.
33. Кәкішұлы Т. Мағжан және Сәкен. Алматы, Қазақ университеті, 2000.
34. Кемеңгерұлы Қошке. Таңдамалы. Құрастырған: Д.Қамзабекұлы. Алматы: Қазақстан, 1996.
35. «Қазаю» газеті. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998.
36. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005.
37. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құрастырушы: Күрманбайұлы Ш. Алматы: Атамұра, 2005.
38. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Құрастырушы: Ілиясова К.М. Астана: Астана полиграфия, 2007. 4 том.
39. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998-2007. I-X томдар.
40. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2006.
41. Қайта оралған қаламгер (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003.
42. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Монография. Алматы, 2002.
43. Қамзабекұлы Д. Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер). Алматы: Білім, 1997.
44. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы: Арыс, 2004.
45. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995.
46. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Алматы: Жалын, 2004.
47. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. Алматы, 1990.
48. Құл-Мұхамед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. Алматы: Атамұра, 2000.
49. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана: Фолиант, 2007.
50. Мажитов Р. Жаханша Досмухамедов. Алматы: Арыс, 2007.
51. Маймаков Г. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-



- мемлекеттік межелеу*). Монография. Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2005.
52. Маңғыстау. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1997 ж.
  53. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 ж. – маусым 1918 ж.): Тар. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. авторефераты. Алматы, 1995.
  54. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I-бөлім. Ұлтшылдық-байшылық дәуірі. Алматы, 1932.
  55. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.
  56. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. Алматы, 1997.
  57. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана: Күлтегін, 2002.
  58. Нурмагамбетова Р.К. Проблема Алаш и Алаш-Орды в казахстанской историографии 20-90-х годов. Автореферат дис. на соиск. уч.ст. канд. ист.наук. Алматы, 1999.
  59. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.
  60. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007.
  61. Озганбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). Алматы, 1998.
  62. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 2001.
  63. Оралтай Х. ALAS TURKISTAN TURKLERININ MILLI ISTIKAL PAROLASI – АЛАШ Түркістан Түрклерінің Ұлт Азаттық Ұраны. Ыстанбұл, 1973.
  64. Оралтай Х. Ұлы Түрікшіл Мағжан Жұмабайұлы. Измир, 1965.
  65. Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. Алматы: Жеті жарғы, 1996.
  66. Рүстемов С. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тар. ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындаған қолжазба. Алматы, 1997.
  67. Сайлаубай Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі. Тар. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. авторефераты. Алматы.
  68. Сақов Қ. «Қазақ» газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы: филология ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған қолжазба. Алматы, 1998.
  69. Сатпаева Ш. Свет очага. Алматы: Қазақстан, 1999.
  70. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Тар жол тайғақ кешу. Роман-эссе. Алматы: Қазығұрт, 2004.
  71. Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2006.
  72. Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. Алматы: Арыс, 2007.
  73. Субханбердина Ү. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». Алматы: Ғылым, 1993.
  74. Тараз. Жамбыл облысы. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003.



75. Тасымбеков А. Жан дауысы: АЛЖИР архипелагі. Алматы: Жалын, 1994.
76. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан. Алматы: Қағанат, 2002.
77. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1993.
78. Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993.
79. Ұлттық поэзия падишасы (Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арналады). Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.
80. Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы А.Байтұрсыновқа арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.
81. Шаяхметова Н.У. Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі (1885-1935 жж.). Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. Авторефераты. Алматы, 2000.
82. Шоқай М. Алматы: Қайнар, 1998. 1-2 том.
83. Ілиясова К.М. 1917-1919 жж. Қазақ съездері. Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. Авторефераты. Алматы, 1999.



## МАЗМҰНЫ

	Алғы сөз .....	3
<b>1 - бөлім</b>	<b>1905-1907 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ</b>	
<b>Бірінші тарау</b>	<b>XIX ғасырдың соңы-xx ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы .....</b>	6
	§1. Патша өкіметінің қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясаты және ұлттық езгінің күшеюі .....	6
	§2. XX ғасыр басындағы азаттық қозғалыстың алғышарттары .....	12
<b>Екінші тарау</b>	<b>1905 жылғы Ресейдегі революцияның қазақ даласына тигізген әсері және ұлт-азаттық қозғалыстың ерекшеліктері .....</b>	21
	§1. Наразылықты арыз-тілек (петиция) арқылы білдіру науқаны .....	21
	§2. Қазақ саяси элитасының саяси партия құру әрекеті .....	28
	§3. Халық толқуларының ауқымы мен сипаты .....	32
<b>Үшінші тарау</b>	<b>Ұлт-азаттық күрестің жалпыресейлік азаттық қозғалысқа тартылуы .....</b>	39
	§1. Қазақ даласындағы жәдидшілдік қозғалыстың таралуы және оған жергілікті халықтың тартылуы .....	39
	§2. Қазақ зиялы өкілдерінің жалпыресейлік мұсылмандық және түрікшілдік қозғалысқа араласуы .....	46
<b>Төртінші тарау</b>	<b>Мемлекеттік Дума және ондағы қазақ зиялыларының атқарған рөлі .....</b>	50
	§1. Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттары және жер-су мәселесі .....	50
	§2. Қазақ саяси элитасының ресейлік Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының қызметіне атсалысуы .....	56
<b>2-бөлім</b>	<b>ПАТШАЛЫҚ РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>	
<b>Бесінші тарау</b>	<b>Реакция жылдарындағы қазақ зиялыларының күресі</b>	65
	§1. Қазақ даласындағы Столыпиндік реакция және қазақ зиялыларының қудалануы .....	65
	§2. «Қазақ» газетінің азаттық күрестегі орны және Алаш зиялылары .....	72
	§3. Баспа ісінің ұлт-азаттық күреске қызмет етуі және қазақ-татар зиялыларының ынтымақтастығы .....	81



<b>Алтыншы тарау</b>	<b>Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі алаш зиялыларының қызметі</b> .....	87
	§1. Бірінші дүниежүзілік және Алаш зиялыларының көзқарастары .....	87
	§2. Алаш зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұстанған бағыттары .....	91
	§3. Алаш зиялыларының майдандағы қазақ жұмысшыларының арасында .....	98
<b>3-бөлім Жетінші тарау</b>	<b>АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ КЕЗІДЕГІ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>	
	<b>1917 жылғы ресейдегі ақпан революциясы және ұлт-азаттық күрестің жаңа кезенге өтуі</b> .....	106
	§1. Ақпан революциясының қазақтардың азаттық күресіне тигізген әсері мен ықпалы .....	106
	§2. Алаш зиялыларының Уақытша үкіметтің билік орындарына тартылуы .....	112
	§3. Торғай облыстық комиссары Ә.Бөкейханов пен Түркістан комитетінің мүшесі М.Тынышпаевтың Уақытша үкіметі тұсындағы қызметі .....	120
	§4. Қазақ комитеттерінің құрылуы және олардың қызметі .....	128
<b>Сегізінші тарау</b>	<b>Бірінші Бүкілқазақтық съезінің тарихи маңызы және «Алаш» партиясы</b> .....	137
	§1. Облыстық қазақ съездері .....	137
	§2. Бірінші Бүкілқазақтық съезі және онда қаралған мәселелер .....	143
	§3. «Алаш» партиясының құрылуы .....	150
<b>4-бөлім</b>	<b>ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ТҰСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>	
<b>Тоғызыншы тарау</b>	<b>Ресейдегі Қазан төңкерісі және Алаш қозғалысы</b> .....	158
	§1. Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауы және оған Алаш зиялыларының көзқарасы .....	158
	§2. Екінші Бүкілқазақтық съезі және Алаш Орда үкіметінің құрылуы .....	165
<b>Оныншы тарау</b>	<b>Қазақстандағы азамат соғысы және Алаш Орда үкіметінің жүргізген сыртқы саясаты</b> .....	174
	§1. Қазақ даласындағы азамат соғысының барысы және саяси күштердің арасалмағы .....	174
	§2. Алаш Орда және Сібір автономиясы .....	179
	§3. Алаш Орда және Комуч .....	185



<b>Он бірінші тарау</b>	<b>Алашорданың Шығыс бөлімі</b> .....	190
	§1. Алашорда үкіметінің Шығыс бөлімі және оның қоғамдық-саяси қызметі .....	190
	§2. Алашорданың Шығыс бөлімі азамат соғысы жылдарында және жеңіліске ұшырауы .....	197
<b>Он екінші тарау</b>	<b>Алашорданың Батыс бөлімі</b> .....	206
	§1. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі.....	206
	§2. Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы және таратылуы .....	212
<b>Он үшінші тарау</b>	<b>Алаш Орда және Түркістан өлкесі</b> .....	218
	§1. Сырдария облысындағы азаттық күрестің Алаш қозғалысымен байланысы .....	218
	§2. 1917 жылғы саяси өзгерістер кезіндегі Жетісудағы Алаш қозғалысының ықпалы .....	228
	§3. Түркістан мұхтарияты және Алашорда үкіметінің өзара сабақтастығы .....	235
<b>5-бөлім</b>	<b>КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ</b>	
<b>Он төртінші тарау</b>	<b>Түркістан АКСР-дағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі (1917-1925 жж).</b> .....	241
	§1. Алаш зиялыларының өлкедегі сауатсыздықты жою жолындағы күресі және оқу орындарын ашудағы үлесі .....	241
	§2. Түркістандағы Алаш зиялыларының ғылым саласына қосқан үлесі және Қазақ ғылыми комиссиясы .....	248
	§3. Түркістан Республикасындағы қазақ баспасөзі мен мәдени-ағарту саласын дамытудағы Алаш зиялыларының орны .....	255
<b>Он бесінші тарау</b>	<b>Алаш зиялыларының кеңестік кезеңдегі қоғамдық және ағартушылық қызметі және қуғын сүргінге ұшырауы</b> .....	264
	§1. А.Байтұрсынов - Қырғыз (қазақ) Әскери төңкерістік комитетіндегі қызметінде .....	264
	§2. Алаш зиялыларының Қазақ АКСР-інің оқу-ағарту және қоғамдық істеріне араласуы .....	272
	§3. Алаш зиялыларының жаппай репрессияға ұшырауы .....	279
	Алаш қозғалысының тарихи оқиғалар жылнамасы .....	285
	Алаш қозғалысына қатысты түсіндірме сөздер .....	298
	Пайдаланған әдебиеттер .....	326